

Makac



Cellemeli



Celimek





Қырғыз халқының эпосы

Қазақша жырлаған
Баянғали Әлімжанов



НҰР – СҰЛТАН
2021



ӘОЖ 821.512.154

КБЖ 84 (5 Кир)

М 19

**Қазақстан және Қырғызстан Тәуелсіздігінің
отыз жылдығына тарту.**

Жауапты шығарушы

Баянғали Әлімжанов

М 19 Манас. Семетей. Сейтек. Қырғыз халқының эпосы. Қазақша жырлаған
Баянғали Әлімжанов. Нұр-Сұлтан: Гласир, 2021ж. - 396 б.

ISBN 978-601-7655-14-3

Бүкіл адамзаттық бағалы мәдени мұра, бауырлас қырғыз халқының «Манас» эпосын қазақ оқырмандарына түсінікті қылып айтып беру – заман қажеттілігі. Өйткені, жүз мыңдаған, миллиондаған жол жырды бүгінгі һәм келешек жастардың игеріп, оқып шығуы аса қиын.

Эпосты қазақшалаған Баянғали Әлімжанов қырғыз жырларының ырғақ, бояуын дәл жеткізіп, негізгі оқиға желісін, қуатты рухын, көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, арасында қара сөзбен баяндап, төрт есе ықшамдап, бір деммен оқылатын тартымды дүние жасаған.

«Манас», «Семетей», «Сейтек» деп аталатын аталы – балалы батырлар туралы ұланғайыр жыр бір кітапта, бір мұқабаның ішінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

ӘОЖ 821.512.154

КБЖ 84 (5 Кир)

ISBN 978-601-7655-14-3

© Баянғали Әлімжанов, 2021



Кіріспе сөз



Бауырлас қырғыз халқының әлемге әйгілі «Манас» жыры ұшан теңіз, сан тарау. Әйгілі Тыныбек, Балық, Назар, Шоюке, Сағымбай, Саяқбай сынды ұлы манасшылардың мұрасы әлденеше том кітап болады. Саяқбайдан эпостың үш бөлімі – Манас, Семетей, Сейтек 1930 жылдан бастап 1947 жылға дейін, 17 жылда толық жазылып алынған, көлемі 500553 жол. 20-25 үлкен кітап болып қалады! Қытайда өткен қырғыз манасшысы Жүсіп Мамай өз нұсқасын 18 кітап етіп шығарған. Бұған бұрынғы заманда өткен басқа да айтулы жомоқшылардан жазылып алынған мыңдаған жол жырды, кейінгі буын манасшылардың қағазға түскен, жарық көрген кітаптарын қосып көріңіз! Оның бәрін арнайы зерттеуші ғалымдар болмаса, көпшілік оқырманның, әсіресе, бүгінгі һәм келешек жастардың игеріп, оқып шығуы аса қиын. Осыны ойлаған қырғыз жазушысы Бексұлтан Жәкиев оқырманға ыңғайлы, түсінікті болсын деген ниетпен, Манас жырын ықшамдап, «қысқарған емес, қысылған нұсқасын» кітап етіп шығарды. Яғни, эпостың негізгі желісін толық сақтай отырып, ағыл-тегіл өлең жолдарын ықшамдап берген.

Қазақ оқырмандарына түсінікті болу үшін бір назар аударатын мәселе: Манасты айтқанда, әр манасшы жырдың түп негізін, ортақ желісін сақтай отырып, өзінше таратып айтады. Бейнелеп айтқанда, өзеннің бастауы бір, құяр жері бір, ал арнасы сан салаға бөлініп, бірде қосылып, бірде бөлініп, ойдан ойды қуалап, бірде тасқындап, бірде кеңінен жайылып, ортақ теңізге құйғанша тоқтаусыз аға береді.

*Көбі өтірік, көбі шын,
Көпшіліктің көңілі үшін,
Күпілдетіп айтамыз,
Көкжал ердің жөні үшін.
Жармы өтірік, жармы шын,
Жарандардың көңілі үшін.
Жанында болған кісі жоқ,*

Жалғаныменен ісі жоқ! – деп, бұрынғының манасшылары өздері айтып кеткендей, талай-талай заманның қатпар, қатпар тарихи жағдайларының сәулесі мен шығармашылық қиялдың шарықтаған шабытты шағында туған әдеби образдардың, көркем оқиғалардың жарасым тауып, жалғаса беретіні бар. Оның бәрін армансыз кезіп көремін деген кісінің

өз еркі өзінде, бірақ, ол көп уақытты, үлкен еңбекті талап етеді. Біздің ойымызша, бүкіл адамзаттық бағалы мәдени мұра саналатын, түрік халықтарының ортақ мақтанышы, бір туған қырғыз елінің дарынды жыршылары сан ғасырлар бойы жаратып, бір арнаға қосып, бір биікке шығарған Манас эпосының негізгі мазмұнын қазақ оқырмандарына түсінікті қылып айтып беру де қазіргі заманда өте қажет сияқты. Өйткені, эпостың біріктірілген нұсқасы қырғызша 4 том болып 1958 жылы жарыққа шыққаннан кейін, іле-шала, 1961 жылы, қазақ тіліне аударылып, Мұхтар Әуезовтың алғысөзімен 4 кітап болып басылды. Бұл аудармаға қазақтың көрнекті ақындары ат салысты. Одан бері алпыс жылдай уақыт өтті. Ол кітаптар бұл күнде сирек дүниелердің қатарында, қолға түсе бермейді. Өзі жүз мың жолдай өлең. Қазіргі оқырманның үңіліп, бәрін оқып шығуы екіталай. Және ұланғайыр дүниенің ұшығына жетіп, түсіне қоюы да оңай емес.

Ал, Шоқан Уәлиханов 1856 жылы қырғыз манасшысынан жазып алған «Көкөтайдың асы» деп аталатын бөлігін академик Әлкей Марғұлан архивтен тауып, зерттеп, қазақшалап шығарған болатын. Бұл кітап та қолға түсе бермейді және ол эпостың толық нұсқасы емес, бір тарауы ғана. Демек, «Манас» жырын толық оқып, білгісі келетін қазіргі қазақ оқырманы үшін бірталай қиындықтар барлығы рас. Сондықтан, телегей теңіз, жойқын жырды түсінікті қылып жинақтап, жұмырлап аударып, түйіндеп айтып беруді жөн көрдім. Яғни, көркемдік бояуын, табиғи қалпын, рухын, поэтикалық қуатын сол қалпында сақтай отырып, кей тұстарын қысқа-нұсқа қара сөзбен баяндап, ықшамдап, еркін аударуды көздедім. Бұл бір.

Екіншіден, әр манасшы эпосты тек жаттап қана айтпайды, негізгі оқиға желісін сақтай отырып, өзінше жырлайды. Қажет болса жайылтып, яғни кеңінен айтады. \Мысалы: Жайсаң ырчы дегені, Жолум үйдің борумын, Жарым күнге ырдаған!\ Немесе, чоғултуп айтады, яғни, ықшамдап, қысқаша қайырады. Мен де эпостың кей тұстарын, шығармашылық көңіл күйге, ыңғайына қарай, өзімше айтып шықтым. Бұл менің Манас жырғына қосқан салымым – үлесім деп қабыл алыңыздар.

«Манастың» алғашқы бөлігін 2020 жылы Халықаралық Түрк Академиясы «Ғылым» баспасынан 1000 дана таралыммен жеке кітап етіп жарыққа шығарды.

* * *

«Манас» жырғы негізінен үш бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі Манас батыр туралы, екінші бөлігі – баласы Семетей батыр, үшінші бөлігі – немересі Сейтек батыр жайында. Бұл үш бөлігінің де көптеген варианттары бар. Соның ішінде эпостың біріктірілген нұсқасы өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында төрт кітап болып Қырғызстанда басылып шыққанын жоғарыда айттық. Іле-шала осы басылым түгелдей қазақ тіліне аударылып, Алматыдан, Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасынан төрт кітап болып жарық көрген.

Эпостың бірінші бөлігі «Манас» екі кітап болып, бірінші кітабы 1961 жылы 47 000 дана, екінші кітабы 1962 жылы 31 000 дана таралыммен басылған. Алғы сөзін Мұхтар Әуезов жазып, жырды қазақтың көрнекті ақындары аударған. Атап айтқанда, кітаптың басынан бастап аяғына дейінгі рет бойынша, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қалижан Бекхожин, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілев, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Хамит Ерғалиев ат салысқан.

Екінші бөлігі «Семетей» аталмыш баспадан бір кітап болып, 1962 жылы 31 000 дана таралыммен жарық көрген. Алғы сөзін қырғыз ғалымы Бибі Керімжанова жазып, Қалжан Нұрмаханов пен Әлихан Қазтаев қазақшалаған. Жырды ақындар Қажым Жұмалиев, Жұбан Молдағалиев, Жаппар Өмірбеков, Құланбай Көпішев, Ғаббас Жұмабаев, Қапан Сатыбалдин аударған.

Үшінші бөлігі «Сейтек» аталмыш баспадан бір кітап болып, 1962 жылы 31 000 дана таралыммен жарық көрген. «Сейтек» жырын ақындар Тұманбай Молдағалиев, Шәміл Мұхамеджанов, Қайрат Жұмағалиев, Айтбай Хангелдин, Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Аманжол Шамкенов, Сәду Машақов аударған. Соңғы сөзін қырғыз ғалымы Кеңесбек Асаналиев жазып, Қайрат Жұмағалиев қазақшалаған.

Бұл – үлкен еңбек, әдеби ескерткіш, тарихи мұра.

Ал кітап оқуға уақыт табыла бермейтін, жұртышылық қысқа да нұсқа дүниелерге ден қойған қазіргі заманда «Манас» эпосының үш бөлігін де қазақшалап, қазақ оқырмандарына жыр жауһарының асыл қасиетін сақтай отырып, оқып шығуға ыңғайлы, түсінуге жеңіл ықшамдалған нұсқасын тартуды жөн көрдім. Жырдың поэтикалық қуатын, көркемдік ерекшелігін, ерлік рухын сақтай отырып, арасында қара сөзбен баяндап бердім.

Қырғыз манасшыларының мұрасын қазақшалаған тұстар кәдімгі әріппен, ал өзіміше баяндап айтқан жерлер курсивпен берілді.

* * *

1958 жылы қырғыз тілінде жарық көрген «Манастың» екі кітабы мен басқа да қырғыз нұсқаларынан теріп алынған тұстарын қазақшалауды 2019 жылдың 1-желтоқсанында бастап, 2020 жылдың 5-ақпанында, 67 күнде;

1959-60 жылдары қырғыз тілінде шыққан екі кітап – «Семетей» мен «Сейтекті» қазақшалауды 2021 жылдың 17-наурызында бастап, 28-сәуірде, 43 күнде аяқтап;

Жалпы көлемін төрт есе ықшамдап, эпостың негізгі желісін осы бір томға сыйғызып, шүкіршілік қылып отырған жайымыз бар!

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

Ақын, жазушы, драматург, жыршы, манасшы.
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Қырғызстанның «Достық» орденінің,
Халықаралық «Саяқбай манасшы» медалінің иегері.



МАНАС



Жыр басы

Е-ей! Байырғының жомоғы,
Бастаса келер оралы.
Ежелгінің жомоғы,
Ескерсе келер оралы.
Жармы өтірік, жармы шын,
Жарандардың көңілі үшін,
Жабыратып айтамыз,
Жолбарыс ердің жөні үшін.
Көбі өтірік, көбі шын,
Көпшіліктің көңілі үшін,
Күпілдетіп айтамыз,
Көкжал ердің жөні үшін.
Бабалардың жомоғы,
Бастамасақ бола ма?
Аталардың жомоғы,
Айтпай қойсақ бола ма?
Қарылардан алған сөз,
Халық ішінде қалған сөз,
Арсыздарға тоқталмай,
Азамат ерге қонған сөз.
Қызыл боран қырменен,
Қиқырық шу, сүрменен,
Бұлыт шашқан желменен,
Арқар басқан белменен,
Қарлықпаған үнменен,
Сүрдікпеген тілменен,
Қоса жасап келген сөз.

Баласына атасы,
Енші қылып берген сөз!

*Е-ей! Бұлдыр, бұлдыр күн өткен,
Бұлдырықтай бұлдырап,
Бұрынғыда кім өткен?
Дүлділ өткен, дүр өткен,
Жауды көрсе дүр еткен,
Дүркіреген дүбірден,
Дүние шіркін дір еткен.
Шырқыраған ер намыс,
Бұрқыраған жалындап,
Жұдырықтай жүректен,
Қайсар болса ер жігіт,
Қайтпас қайрат білектен,
Сүрең қосқан ұранға,
Елім деген тілекпен.*

*Баяғының ерлері,
Баябан дала, құла дүз,
Құмдауытта ай кезіп,
Алмауыты арқырап,
Аймауыты жарқырап,
Алты малта ас қылған,
Адастырмас ата жол,
Ақылманын бас қылған,
Айбатын айға асырып,*

Оймауыттың он сан қол,
Торғауыттың тоқсан қол,
Ойрат, қалмақ, манжуды,
Ойран салып, састырған.
Бұйрат, бұйрат шағылдан,
Бұрқырата қуғанда,
Дауылпазын қақтырып,
Дырқырата қуғанда,
Алты қырдан астырған,
Ақ найзаның ұшына,
Алдаспанның жүзіне,
Тұяғына тұлпардың,
Қияғына сұңқардың,
Тағдырларын тапсырған!

Ғасырлардың белесі,
Асылдардың елесі,
Зерлі сөздің зергері,
Шерлі сөздің шегесі,
Қызықтыра береді,
Әлі күнге неге осы?
Кешегі өткен көп елдің,
Көмілсе де төбесі,
Сөгілсе де көбесі.
Оза алмаған бұл сөзден,
Уақыттың ұшқыр жебесі!

Жеті көктен жеткен сөз,
Жеті атаға кеткен сөз,
Жеті қабат жеріңді,
Жеті айналып өткен сөз,
Жеті суды кешкен сөз,
Жеті жұртқа жеткенше
Жеті еселеп өскен сөз,
Желмен бірге ескен сөз,
Елмен бірге көшкен сөз.

Атадан қалған асыл сөз,
Аманат болған ғасыр сөз,
Заман ұқсын, заң ұқсын,
Тұтқа болып ұлтына,
Тақта отырған хан ұқсын,
Нұсқа болып жұртына,
Тапта отырған би ұқсын,

Егін баптап алқапта,
Қапқа басқан диқаның,
Бақта жүрген бағбаның,
Бұқа мойын балуаның,
Найқала басқан нән ұқсын,
Маңдай тері сорғалап,
Мақта терген жан ұқсын,
Маң-маң басқан, маң басқан,
Малын жайған мыңғыртып,
Мың сан жұртым және ұқсын,
Базарлы жерде балпаңдап,
Пұл қармаса бұлданған,
Батпансыған бай ұқсын,
Назарлы жерде талтаңдап,
Ту қармаса тұлданған,
Астамсыған дөй ұқсын,
Таяқ ұстап қалтаңдап,
Суалғанмен жанары,
Жаны нұрлы кәрі ұқсын,
Атаның жырын ардақтап,
Ананың тілін сүйетін,
Халайықтың бәрі ұқсын,
Бұра тартып бүлдірмей,
Сөз мәйегін дәл ұқсын!
Ел-жұртына жаны ашып,
Қарасып жүрген ұл ұқсын,
Үкілеген үмітің,
Салтын сақтап халқының,
Жарасып жүрген қыз ұқсын,
Ана тілін ұмытып,
Ата тегін таба алмай,
Адасып жүрген сор ұқсын,
Бақ пен таққа таласқан,
Сойқан ұқсын, сой ұқсын,
Қара таудан жүк тартып,
Қайқаңдаған нар ұқсын,
Керуен басы керауыз,
Қойқаңдаған зор ұқсын,
Жаһанданып, жан-жақтан,
Жын қаптаған заманда,
Санасы ояу жас бала,
Ата жырға жолықсын,
Ақыл-ойы толықсын,
Жан қуаты молықсын.

Теңіз жырын көненің,
Терең білім іздеген,
Тегеурінді ер ұқсын,
Шындық іздеп шырылдап,
Шерменде болған шер ұқсын,
Адамзаттың анасы,
Қасиетті жер ұқсын,
Байтақ жерде жайылған,
Тайпа, тайпа ел ұқсын,
Бал құрағы жайқалған,
Толқып аққан дария,
Жағаны ұрып шайқалған,
Шалқып жатқан көл ұқсын.
Алқаракөк аспанда,
Жымың қағып құбылған,
Жұлдыз ұқсын, түн ұқсын,
Ақ қалпағы қайқайып,
Алатауды айналған,
Қырғыз ұқсын, күн ұқсын,
Егер қырғыз ұқпаса,
Манастың жырын кім ұқсын!?

Ортекедей ойнақтап,
Орғып, орғып өткен күн,
Өр оғланның оғындай,
Зырғып, зулап кеткен күн,
Оғыз, қыпшақ ұрығы,
Ордалы он сан жұрт болып,
Тарам-тарам таралған,
Бір тамырдан жаралған,
Жарты әлемді жайлаған,
Жанартаудай қайнаған,
Қаһарына мінгенде,
Қара тасты шайнаған,
Бірі кеткен Ұрымға,
Бірі кеткен Қырымға,
Бірі кеткен тау жайлап,
Бірі кеткен су бойлап,
Бірі кеткен ну бойлап,
Түбі бірге түріктің,
Текті ұлдары таңырқап,
Байырғының жырына,
Байқап құлақ салсын де,
Байыбына барсын де!

Дархандығы даладай,
Аңқаулығы баладай,
Саржайлауда дүркіреп,
Сан мың жылқы айдаған,
Сары қымыз сапырып,
Қазы – қарта шайнаған,
Домбыра көкке көтеріп,
Күн астында күмбірлеп,
Ай астында сайраған,
Бірге туған қазағың,
О да құлақ салсын де,
Ойға тоқып алсын де.
Қазақ ұқса, шын ұқсын,
Егер қазақ ұқпаса,
Қырғыздың жырын кім ұқсын?!

Жер ортасын жайлаған,
Ыстамбұлдан жайнаған,
Ту көтерген түрігің,
Бұ да құлақ салсын де,
Бұлағынан бұрынғы
Бір сусындап қансын де!

Кең жайылған Хазарда,
Әзірбайжан назарда,
Таудай болған қарасы,
Оғыз ханнан тараған,
Ешкімнің жоқ таласы,
Тоқсан баулы өзбекпен,
Ұйғыр, ногай, түркімен,
Қарақалпақ, қарашай,
Қырым, саха, балқарың,
Бәрі түрік баласы,
Тегіс құлақ салсын де,
Тегін ұғып алсын де!
Атадан қалған кеп ұқсын,
Аруағын ардақтап,
Арғы жағын дөп ұқсын,
Қаптап шыққан молдасы,
Татар ұқсын, тас ұқсын,
Қатар ұқсын, қас ұқсын,
Жақын ұқсын, жат ұқсын,
Басты қасқыр атанған,
Башқұрт ұқсын, бас ұқсын,

Басқа ұлт ұқсын, дат ұқсын,
Бастық ұқсын, жас ұқсын,
Ақ тілеулі дос ұқсын,
Тіл білмесе білмесін,
Көңілдері қош ұқсын!
Ол да түріп құлағын,
Бұл да түріп құлағын,
Бұла жырды тыңдасын,
Шамырқанып, ширығып,
Тоқ көңілін бір шайқап,
Шындық сөзбен шыңдасын!

Айдын шалқар мұхиттың,
Арғы бетін жайлаған,
Бер жағында сайраған,
Ағылшын мен АҚШ-ың,
Шығысың мен Батысың,
Күнгейің мен терісің,
Ормандай қалың орысың,
Француз, испан, немісің,
Қытайың мен кәрісің,
Жақының мен алысың,
Таға бермей тағы сын,
Тыңдар болса ден қойып,
Табар жанның дәрісін.
Оңдап құлақ салсын де,
Керегін теріп алсын де.
Түгел құлақ салсын де,
Тұнық жырға қансын де!
Бәрі көрсін төбеден,
Мөлдір жырдың жауғанын,
Арқаланып байқасын,
Аталардың аруағын,
Байқап басын шайқасын,
Байтақ жырдың салмағын!

Ақыл, естен аумаса,
Аниша-мұниша болмайды,
Адамзатта айырым,
Бәріне ыстық өлең, жыр,
Бәріне ортақ қайырым!
Шөлде сусын бергендей,
Жыр кесені толтырып,

Ортасына қосқаным,
Көптен бері менің де,
Осы еді зой тосқаным,
Тыңдай берсін тамсанып,
Тау мен дала дастанын.
Бәрі көңіл қойсын де,
Мейірі қанып тойсын де,
Ізгілікке ілесіп,
Жаман ойды жойсын де!

Атадан қалған аңызым,
Жоғалтпаған маңызын,
Боздалада боздаған,
Қобыз үнді абызым,
Әр сөзіне тұндырған,
Сәулесі бар сананың,
Ақылы бар дананың,
Суарылған құрыштай,
Суырылған қылыштай,
Көрген сайын шыңдалған,
Сан ұлттардың сарабын,
Таразылап, талқылап,
Үнді, парсы, арабың,
Төрткүл дүние тарабың,
Түгел құлақ салсын де,
Тілін ұқпай қалса да,
Түбін ұғып алсын де!

Теңдесі жоқ ғаламда,
Телегей теңіз жырың бар,
Қағазға жазып қаттаған,
Тексеріп түбін таппаған,
Таңдайын қаққан ғылым бар,
Ежелден қалған есті сөз,
Төгіліп тұрған тілің бар,
Тілің барда құның бар,
Түгел сөзді түгесіп,
Түп көтерген кімің бар?
Теңіздің дәмі тамшыдан,
Негізін біліп ұғыңдар,
Негізін біліп ұқсаңдар,
Манас пен асыл ерлерге,
Бір фатиха қылыңдар!



Манастың ата тегі

Манастың ата-тегін әр манасшы өзінше таратып айтқанымен, түп негізі бір. Айырмасы сол, бірінде айтылған кейбір аталар екіншісінде айтылмай қалады, енді бірінде тағы біраз аталарының аттары қосып айтылады. Басты желісі бойынша, түпкі атасы Қырғыз, одан Қарахан – Оғыз – Аланча – Байғұр – Бабыр – Төбей – Көгей-Ноғай – Жақып – Манас – Семетей – Сейтек болып жалғасады. Кейде: «Бойұн, Бойұн, Бойұн хан, Бойұн ханнан Шаян хан, Шаян ханнан Қарахан» – деп те айтылады.

Басқы атасы бәрі хан,
Басынан құдай қолдаған,
Басып өткен жеріне,
Базарлы қала орнаған,
Түп атасы түгел хан,
Түбінен қыдыр дарыған,
Түнеп өткен жеріне,
Түпті мазар орнаған! – деп, Манас батырдың арғы аталарының аруақты, текті, қасиетті адамдар болғанын айтады.

Көгейден 4 ұл болған: **Ноғай**, Нойғұт, Шығай, Шыйыр. Төртеуінің дәулеті көлдей толған. Ноғайдың балалары – Оразды, Үсен, Бай және **Жақып**. Жақыптың баласы **Манас**.

Ораздының он ұлы болған, бірақ даңқы шыққан атақтысы болмаған.

Үсен – Қақанға тұтқын болып айдалып кеткеннен кейін, қалмаққа сіңіп, **Көзқаман** атанады. Оның балаларының атағы шықпаған, содан Көзқаманның көп қаман деген жалпы атқа ие болған.

Байдың ұлы – атақты ер **Бақай**.

Нойғұттан – ақылман **Ақбалта**, одан атақты ер **Шуақ** тарайды.

Жақыптың ағайыны **Ұлақ ханның** баласы – атақты ер **Сырғақ**.

Бұлар Манастың аталас, жақын туыстары. Кейде бір-екі атаның орны ауысып айтылғанымен, эпос бойынша негізгі жүйесі осы.



Әлеуке ханның шапқыны

Ноғай хан болып тұрған заманда, қырғыздар дәуірлеп, өркендейді. Ноғай хан өлгеннен кейін, Әлеуке хан қырғыздарды шауып, тоз – тоз қылады.

Атасы Ноғай өлгенде,
Қара қытай, манжудан,
Әлеуке деген хан шығып,
Айбатынан жан шығып,
Қалың жатқан қырғыздың,
Кереге – уығын қиратып,

Келін – қызын жылатып,
Талдың бәрін сұлатып,
Тамның бәрін құлатып,
Ақыр – тақыр заманды,
Ел басына салғаны,
Алақандай қырғызды,
Тақыр шауып алғаны.

Жайнап жатқан қырғыздың,
Жаққан отын өшіріп,

Жалпы бәрін көшіріп,
Тозғындатып айдады,
Қайраттысын байлады,
Қарсы шыққан қайсарын,
Қанын төгіп жайғады,
Қара ормандай қырғыздың,
Қайдағы соры қайнады!

Әлеуке қылды зорлықты,
Жаздың күні болғанда,
Жалды байтал мінгізбей,
Күздің күні болғанда,
Құйрықты қозы жегізбей,
Үш үйліге бір қазан,
Жалғыз үйге қаратты,
Қарсы сөйлеп қойғанның,
Қолына шеге қадатты.
Қыстың күні болғанда,
Қыздан алым бастады,
Қызды қайтіп бердік деп,
Қанды жасы төгіліп,
Ата – ана жылап жатқаны.
Қорлығына шыдамай,
Қалтылдаған шал жылап,
Қайың жылап, тал жылап,
Қайраны жоқ ел жылап,
Қайыры жоқ бел жылап,
Күні – түні көп жылап,
Амалы жоқ қайран жұрт,
Өлейін десе өле алмай,
Өз жанын өзі қия алмай,
Қалды осылай қор болып,
Дұшпаны қалың, зор болып!

Қорлыққа шыдамай, қырғыздар бас құрап, көтеріліске шығады, қапысын тауып, жауға қатты соққы береді. Бірақ, қытайдан қалың әскер келіп, көтерілісті басып, қырғыздарды бұрынғыдан ары езіп, жанши түседі.

Басшылары Ақбалта,
Қара тілін қайрады,
Хан Әлеуке алдында,
Қайран абаң сайрады:

- Менің сізбен шарпысып,
Шабысуға шамам жоқ,
Алысуға айлам жоқ,
Айдап кетсең, мал міне,
Ағызар болсаң, қан міне,
Күтіп алсаң бұқара,
Арғын, ноғай ел міне!

Балта мындай дегенде,
Әлеуке қату сөйледі:
- Не дейсің, бурут, не дейсің ?
Саған жан сақтауға жер керек,
Алым алып тұруға,
Қазынаны жиюға,
Маған қалың қара ел керек!
Бұл Ораздының он ұлы,
Шатқалға жиған малы бар,
Шамасы келсе менімен,
Шабысам деген шағы бар.
Саған жер бермеймін қонысқа,
Біріңді айдап орысқа,
Біріңді айдап қазаққа,
Саламын сөйтіп азапқа!

Әлі жетіп қырғызға,
Әлеуке қорлық қылғаны,
Қорлығына шыдамай,
Алды кетті Бапанға,
Бірі кетті Алтайға,
Бірі қаңғып Қаңғайға,
Бірі қашты Еренге,
Біреуі түсіп кетті тереңге...

Айбаты күшті Әлеуке,
Тоз – тоз қылып қырғызды,
Тұс – тұсына айдады,
Олардан қалған балдарды,
Құлдыққа түгел салғаны.
Ноғай ханның ұлдары,
Үсеннің қолын байлады,
Орхонды көздей айдады,
Байдың қолын байлады,
Желпініс көздей айдады,

Ақбалта мен Жақыпты,
Ауылымен көшіріп,
Алтайды көздей айдады.

Ақбалта мен Жақыптың,
Екі қолы байлауда,
Екі көзі жайнауда,
Күресерге дәрмен жоқ,
Іш қазандай қайнауда,
Алпыс жайсаң, сан қалдай,
Жан – жағынан анталап,
Алдына сап айдауда.

*Осылайша тоқтаусыз жүріп отырып,
талай белден асып, талай суды кешіп,
ақырында Ақдалаға жетеді.*

Ай, жарықтық Ақдала,
Бабамыз басқан жер емес.
Жәдігер, шибей, көп қалмақ,
Атамыз көрген ел емес.
Жатқан екен Ақдала,
Талының басы иіліп,
Құмының үсті жиылып,
Жемісі жерде түйіліп.
Алмасы пісіп мол болған,
Жаңғағы пісіп сай толған,
Қызғалдақ шөбі қылқылдап,
Қымыздық пісіп былқылдап,
Орғыған бұлақ суы бар,
Көлшігі бар, сазы бар,
Бөлінген үйрек, қазы бар.
Басып адам келмеген,
Еркін екен жерлері,
Иен жатқан төрлері.
Шыбықтары шынардай,
Шынарлары мұнардай.
Шымшықтарын қарасаң,
Тау басында ұлардай.
Жыландарын қарасаң,
Тоғыз құлаш арқандай.
Кісі киік, түйе киік,
Адырында көп екен,
Ақдаланың аяғы,
Алтай деген жер екен.

Қара қалмақ, манжу жұрт,
Қайнап жатқан ел екен.

*Міне, сөйтіп қырғыздар Алтайға
жетеді. Осындағы қалмақ, манжумен қатар
қонып, малын бағып, күндерін көреді. Бірте,
бірте тілдерін үйреніп, шалдыр – бұлдыр
сөйлесіп, араласып, құраласа бастайды.*

Алтайдағы қырғыздың,
Ақылманы Ақбалта,
Қырғыздың бәрін жиғызып,
Көк бұқаны сойғызып,
Етіне жұртын тойғызып,
Көңілдерін торлаған,
Көп қапаны жойғызып,
Бала қаздай барқылдап,
Абаң Балта сөйлейді,
Ақ сақалы жарқылдап:
«О, балдар, қапаның бәрін қояйық,
Қайғырсақ та, күйсек те,
Қайра қырғыз табылмас,
Енді алтынның кенін ояйық,
Қайран жан өліп кеткенше,
Кенеліп әбден тояйық!
О, балдар, бел байлар бізде бел де жоқ,
Белге медет қылуға,
Белгілі қырғыз ел де жоқ,
Қалқа қылар ноғай жоқ,
Қашып кірер тоғай жоқ.
Қара қалмақ, манжудың,
Ортасында қалыппыз,
Қөркейіп тұрған бақ та жоқ,
Керіліп жатар шақ та жоқ,
Бұл жерді жерлеп, тұрысып,
Ғарып жанды бағайық,
Қара жерменен ұрысып.
Қара қалмақ, манжу жұрт,
Бұл аштық білмес ел екен,
Қырсықты шешсе жаратқан,
Дардайысып жатасың,
Алып қойған еңбектің,
Табағын тайға сатасың.
Еңбек қыл, балдар, еңбек қыл,
Ақынды еңбек қайырар,



Арығаның семіріп,
Ашқан қарның тойынар!»
Балтаның зор ақылы бар екен,
Әулие тектес жан екен,
Осы сөзге көпшілік,
Ұйып қалған шағы екен.

Оған Жақып қосылып,
Сөйлеп кетті жосылып:
«Азып келген қырғыздар,
Ақбалта тілін алайық,
Ағызып терді маңдайдан,
Астықты мол ғып салайық,
Қайратты мықтап қылайық,
Қайғының бәрін қояйық,
Қара жерді біз биыл,
Кетпенменен ояйық.
Қылжиып бекер жатқанша,

Кенеліп биыл тояйық».
Осылайша барлығы,
Қызметке кірді жабылып,
Соқаларын сайласып,
Қос өгізін байласып,
Жердің бетін ашқызып,
Уыстап тұқым шашқызып,
Ақ бидай нанын шайнасып,
Есігінің алдына,
Алтыдан тұлпар байласып,
Атаны алты сан болды,
Сандығына сары алтын,
Толып көңілі жай болды,
Алтайда тұрып Жақыптың,
Алтыны жеті там болды,
Атағы шықты бай болып.
Қайғырып жүрді бірақ – та,
Бір балаға зар болып!



Таңғажайып түс

Бай Жақып баласы болмаған соң, ауық, ауық уайымға батады. Өзі қырық сегіз жасқа, бәйбішесі Шиырды елу жасқа келіп қалыпты. Тоқалы Бақдәулет Шаян деген қалмақтың қызы екен. Бір күні Жақып үйіне келіп, күңіреніп, мұңын шағады.

- Бермесе тәңір, шарам жоқ,
Жабдық салып, ат мініп,
Жаға салып, тон киіп,
Жанымда жүрер қарам жоқ.
Ажал анық, шара жоқ,
Аман жүрер сана жоқ.
Ақыретке бет алсам,
Атекелеп артымда,
Жылап қалар бала жоқ.
Алтын, күміс, пұл қалар,
Айдаған малға ие боп,

Алтайдағы құл қалар.
Әуелеп ұшқан ақ сұңқар,
Баптап салар кісім жоқ.
Жас күнімнен мал жидым,
Баламенен ісім жоқ.
Мал жиған ісім шала екен,
Дүние иесі бала екен.
Артында бала жоқ болса,
Дүниесі құрысын,
Бұзылып қалған қала екен.
Айтады бізді бар халық,
Бай Жақып болды кубас деп,
Қатыны мұның тумас деп!

Бай Жақыптың бұл сөзі,
Бәйбішені мұңайтты:
- Мендей құрған кемпірді,

Бейнетке құдай жаратты.
Елуге жасым жеткені,
Қашаннан бері түңілдім,
Есімнен бала кеткелі.
Еркелеткен тоқалың,
Ендігі тумай неткені?!

Ашуланды Бақдәулет:
- Неге бүйтіп тілдейсіз,
Мені сорлыны «нетті» деп!
Ежеке, сенің артыңнан,
Етегімнен қан шықпай,
Жолыңды қуып кеттім! – деп,
Бақдәулет шығып кеткені.

Мұны ұққанда бәйбіше,
Көзінің жасы төгіліп,
Буыны босап жығылды,
Жүк түбіне бүгіліп:
«Ұға көр, Құдай, зарымды,
Аман қылып шалымды,
Жасарта көр жанымды?!
Алла, берсең тілегім,
Аяман сенен барымды,
Төрт түлікті малымды!»

Жылап жатып бәйбіше,
Ұйқыға көзі батқанда,
Ақ сақалды бір адам
Пайда болды жанында:
- Паруардигар тәңірім,
«Жылама» – деді сіздерді,
Бұйырып мені жіберді.
Аяқтай мына ақ алма,
Әуелден шырын бал алма,
Алғын қолға, қарма деп,
Нәпсің өлсін, жалма деп,
Айтқанымды біл деді, –
Алпыс құлаш айдаһар,
Ат орнына мін, – деді.

Түсінде жеген ақ алма,
Құрсағына толыпты,

Алдындағы мінгені,
Айдаһар өзі болыпты,
Ашуланып оп тартса,
Ай – әлемді сорыпты.
*Жақып та сол түні түс көреді. Оянған
соң, бір – біріне түсін айтып береді.*

- Түсімде бір құс алыппын,
Түменді жерге салыппын,
Қуқылықтап үн шықса,
Құстан басқа үні бар,
Құйрық, басы жалтылдап,
Қудан аппақ жүні бар,
Айбаттанып қараса,
Алып қарақұс сүрі бар,
Мамық жүні сары алтын,
Балақ жүні бәрі алтын,
Тамақ жүні тағы алтын,
Тегеуріні болат темір дейт,
Серпкені өлген себіл дейт,
Тұмсығы болат тұнжыр дейт,
Тырнағы болат қанжар дейт.
Жұпарменен жуылған,
Алпыс құлаш жібек бау,
Аяғына тағыппын,
Ай мұнарын жем қылып,
Аямай сыйлап бағыппын.
Күмістен бауды тағыппын,
Мәпелеп жүріп бағыппын.
Аспандағы қанатты,
Айбатынан ұша алмай,
Жерде жүрген аяқты,
Жылыстап одан қаша алмай,
Қонарға тұғыр жайладым,
Алаша мойын ақсұңқар,
Оған қоса байладым,
Білдім бір жақсылық боларын,
Бірақ қашан боларын,
Біле алмай сорым қайнадым!»

*Сол уақытта Жақыптың тоқалы
Бақдәулет те түс көрген екен. Ол да түсін
айтады.*

- Байқасам, байым, түс көрдім,
Бір тамаша іс көрдім.

Бозала тұйғын, бауы жез,
Бауыры қара, мойны кез,
Оң қолыңа алыпсың,
Әуелете салыпсың.
Бопыладың, үндедің,
Талпынып қонды қолыңа,
Салғаныңның барлығы,
Далдайып жатты жолыңа.
Бәйбішенің үйінде,
Балдағы алтын тұғырда,
Басса қонбай талпынат.
Қанатының лебіне,
Қанша жандар шарпылат.
Құп айтамын, жалған жоқ,
Қу кемпір құры қалған жоқ.
Мұным қандай түс екен?!

Барқырады бай Жақып:

«Көрген болсаң түсінді,
Оңдасын алла ісінді.
Бүгінгі түнім қандай түн?
Кешегі күнім қандай күн?
Тақатым қалмай бойымда,
Әр неме кірді түсіме,
Айран – асыр боп тұрмын,
Кемпірдің айтқан ісіне.
Біразырақ мал сойып,
Жорытсақ деймін бұл түсті,
Жаратқан өзі жар болып,
Көңілге келген жұмысты!»

Содан біраз мал сойып, ел – жұртты жиып, түсін жорытады. «Түсің жақсы екен. Көрген құсың бала болу керек! Құдай сендерді жарылқап, ерекше жақсы бала береді екен!» – десіп, көпшілік жақсыға жорып, батасын беріп тарайды.



Батырдың дүниеге келуі

Одан кейін екі жыл өтеді. Шиырдының аяғы ауырлап, үш ай толған кезінде жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Бір күні Бадалбай деген жылқышы: «Қаңғайдың қара мергені жолбарыс атып, терісін сытырып алды, еті зыңқиып қатып, далада қалды!» – деген әңгіме айтады. Шиырды оған қарақұлақ үлкен жамбы әкеліп сыйлап: «Жолбарыстың жүрегін әкеліп бер!» – дейді. Бадалбай барып қараса, далада бір бие өліп қалған екен, «бәйбіше білер ме екен?» – деп, жолбарыстың жүрегіне қосып, оның да жүрегін алып келеді. Жылқышы әкелген бойда, Шиырды екі жүректі де шала – пұла пісіріп жеп, талғағы басылады.

Күннен күн өтіп, тоғыз ай он күн толғанда толғағы басталады.

Ақ боздан бие сойылды,

Алтыннан бақан қойылды,
Қоңсының бәрі жиылды,
Қозғалған сайын бәйбіше,
Айғайын салып, сиынды.
Бала қойса шіреніп,
Бәйбіше бойы терледі,
Бала тулап кеткенде,
Бәйбіше көзі сүзілді,
Белдемшенің жақасы,
Бес жерінен үзілді.
Алып келіп ер Жақып,
Ақсарбас деп қой шалды,
Ай тұяққа бие шалды,
Ай мүйізге сиыр шалды,
Айыр өркешке түйе шалды,
Сөйткен сайын бәйбіше,
Айғайға басып, үн салды:
«Менің жанымды жеуші бала ма?»

Жә, жарып іштен ала ма?
Бұл басымды жеуші бала ма?
Бай Жақып жесір қала ма?»
Бақанды қармап бақырды,
Бақсы менен бүбіден
Бірін қоймай шақырды,
Түндікті қарап түйілді,
Көргендер жаннан түңілді,
Алты күн тартты толғағы,
Ауылы шаршап болғаны,
Жеті күн тартты толғағы,
Жерлесі шаршап болғаны.

Сонда, бай Жақып: «Балам туғанда, қуанғаннан жүрегім жарылып кетіп жүрер. Хабарын алыстан ұғайын! – деп, атқа мініп, адырға шығып кетеді. – Ер бала болса, сүйіншілеп шабыңдар, қыз болса, үйде қалыңдар!» – деп, шегелеп тапсырады.

Толғағы сегіз күн болған,
Толғатқан мұндай кім болған?
Тартқандардың барлығы,
Талықсып қолы қыл болған.
Енді он екі қатын бек тартты,
«Бере гөр, құдай!» – деп тартты.
Қағанақ суы шар етті,
Баланың үні бар етті.

Бала жерде тулады,
Бар – бар етіп жылады.
«Еркек пе екен, қыз ба екен?
Маған қашан айтат?» – деп,
Енесі жасын тыймады.
«Еркек! Еркек!» – дескенде,
Талықсып кетіп Шиырды,
Бойын жиып қайтадан:
«Қалтандамай қатындар,
Жерден алғын тез, – деді,
Ақбалтаның зайыбы,
Кіндігін өзің кес!» – деді.

Орамалын қолға алып,
Орайын десе баланы,
Оң қолын суырып алғаны.

- Ойбай көтек, нетті! – деп, –
Отыздағы жігіттей,
Қолын суырып кетті! – деп,
Қанымжан айта салғаны.
- Сөзің қандай жаман! – деп,
Ұстауға әлің келмесе,
Сен қашып жоғал аман! – деп,
Бақырып жатқан баланы,
Бақдәулет қолға алғаны.
Он бестегі баладай,
Көтергенде салмағы.

Алдына алып Шиырды,
Оң емшегін салғаны,
Әуелгісі сүт шықты,
Екіншісі су шықты,
Үшіншісі қан шықты.
Шыдай алмай шырқырап,
Бәйбішеден жан шықты.

- Сандық тола май, – деді,
Ауызына сал деді.
Бақдәулет қолға алғаны,
Үш қарын майды уыстап,
Ауызына салғаны.
Жаңа туған жас бала,
Соның бәрін жалмады,
Жылауын сонда қойғаны!

Бұл кезде Жақып далада келе жатса, өзінің бір үйір жылқысы алдынан шыға келеді. Жорғабоз айғырдың үйірі екен, бір Құла бие құлындайын деп тұр екен. «Қатыным ұл туса, Жорғабоз айғырды бұдан былай Қамбарбоз атқа қояйын!» – дейді ішінен. Құла бие бір ақсұр құлын туады. Соған қарайлап, қара судың жиегінде тұрған кезінде, сүйіншілеп Ақбалта шауып келеді.

- Арыстаным Жақып, сүйінші!
Қарығанда бәйбіше,
Қабылан тапты, сүйінші!
Жадағанда бәйбіше,
Жолбарыс тапты, сүйінші!

Жоғаларда бәйбіше,
Жолдас тапты, сүйінші!
Егілгенде бәйбіше,
Ермек тапты, сүйінші!
Қайғырғанда бәйбіше,
Қабылан тапты, сүйінші!»

Қатты толқыған Жақып талып қалады. Ақбалта оның бетіне су бүркіп, есін жигызады. Сүйіншіге Қамбарбоздың үйірінен тоғыз атайды. Қуанып, үйіне келеді. Баласын қолына алғанда, жылап жібереді. Өзіне өзі келген соң, сәбиге сынай қарайды.

- Маңдайы жазық, басы үлкен,
Ерекше туған бала екен,
Қошқар тұмсық, келбетті,
Көркі суық, көзі тік,
Жалаяқ ауыз, жар қабақ,
Жағы жазық, иегі ұзын,
Ерні қалың, көзі үңгір,
Ер мінезі көрінген.
Алақан жазық, қол ашық,
Атганып шықса, жол ашық,
Алып мінезі көрінген.
Кең көкірек, жайық төс,
Арқасы кең, белі түз,
Айбаты қатты, зәрі күш,
Піл мүшесі көрінген.
Жолбарыс мойын, жуан білек,
Бөрі құлақ, жолбарыс төс,
Бөлекше түрі бар екен.
Құт қылған болса құдайым,
Құдайдан жасын сұрайын.
Кеткеннен алар кегімді,
Кек алғанын көрермін,
Кетіргесе ебімді.
Өткеннен алар өшімді,
Бар құдайым берген!» – деп,
Баланы өпті бетінен.

Көргеннің көңілі бөлінді,
Арт жағында баланың,
Қара көк жалы көрінді,

Қара шұбар қабылан,
Қапталында шабынды,
Көсеу құйрық көк арыстан,
Оң жағында қамынды.
Нұр төгіліп жолына,
Баланың «Манас» деп аты табылды.
Ақыл жетпес ойланып,
Жаңа туған Манастың,
Оң иығынан бір иіскеп,
Сол иығынан бір иіскеп,
Күр – күр етіп толғанып,
Берен менен арыстаны,
Қоса жатты қомданып.

Саратандай қиғаштап,
Ағаң Балта кеп бастап,
Ақырын айтып, бек бастап:
«Сарғайып жүріп, сабырмен,
Бел табады екенбіз,
Кіндік кесіп, кір жуған,
Жер табады екенбіз,
Пана беріп жаратқан,
Ел табады екенбіз.
Білсең қадыр түн келді,
Ойлап көрсең сен Жақып,
Бізге бір жақсылық тиер күн келді.

Туылғанда қара жер
Тоқтала алмай тербелді,
Аты Манас бұл бала,
Байқасаң бізге шер келді.
Кеше салысарға шама жоқ,
Алысарға айла жоқ
Қара қалмақ, көп манжу,
Төбемізден басқанда,
Кеше быт – шыт қылып тұс – тұсқа,
Бәрімізді шашқанда,
Амалсыздан көнгенбіз,
Басқа түскен қорлыққа!
Осы бір бала ер жетсе,
Бекіте тұрған бел болар.
Керісе келген дұшпаннан,
Кегінді алар ер болар!

Ағарып таңың атты ма?
Қызарып күнің келді ме?
Аты бір Манас қабылан,
Айкөлдi құдай бердi ме?

Қуанған Ақбалта ары қарай сөзін сабақтап: «Қытайдың Есен ханына қазыналық аярлары: «Қырғыздан Манас шығады, еліңе ойран салады!» – деп бал ашыпты. Олар баланы зынданға салуға,

тіпті, көзін жоюға тырысып, іздетіп жатыр екен. Сондықтан, әзірге баланың Манас екенін ешкімге білдірмейік. Шоң Жынды деп лақап атпен атайық. Он екі жасқа келгенде қанаты қатайып, атқа қонар, сол кезде күніміз туар!»– дейді.

Сөйтіп, барлық қырғыздар уағдаласып, Манасты жаудан жасырып, келешегінен үміттеніп жүре береді.



Манастың балалық шағы

Күннен күннен күн өтіп,
Күн мезгілі келіпті,
Айдан айдан ай өтіп,
Ай мезгілі келіпті.
Болпиган осы баланың,
Шер екенін кім білді?
Балаша шырқап, сасқан жоқ,
Беске шыға келгенше,
Беренің Манас басқан жоқ.
Шақырған аты Шоң жынды,
Шын Манас атын кім білді?
Сегізге жасы келгенде,
Күйіп тұрған шоқ болды,
Күллі қырғыз ішінде,
Мұндай тентек жоқ болды.
Қаһарланып қысқанда,
Шулайды балдар шырқырап,
Жанына батып жылайды,
Көзінің жасы бұрқырап.

Қырық баланы қырық үйден,
Манас бір күні жинап алыпты.
Кең Алтайдың далаға,
Жиналып ойын салыпты.
Қара қытай, манжуудан,
Сексен бала барыпты.
Сес көрсетіп қырқына,

Сестендесіп қалыпты.

«Қаңғып келген бурут», – деп,
Бұрқыраған қалмақтар,
Шырқыратып сабайды,
Деп: «Буруттар, құрып кет!»
Қорққан қырғыз балдардың,
Жүрегінен қап кетіп,
Білегінен сап кетіп,
Шырқырап қашып жүгірді,
Шыбын жаннан түңілді.
Құтырған қалмақ, манжулар,
Қуалап жүріп ұрады.
Манас түсіп ортаға,
Қойындар деп тұрады.
Арашаға болмастан,
Желіккен балдар жеткені,
Жеті шоқпар, жұдырық,
Басына тиіп кеткені.

Сонда Манас ақырды,
«Қырғыздап!» ұран шақырды.
Өрттей көзі бек жайнап,
Қаһарланып, қан қайнап,
Қара шоқпар алғаны,
Қарсылдата салғаны.
Сексен бала дырқырап,

Быт – шыт болды бырқырап.

Талайдың көзі шығыпты.

Талайдың қолы сыныпты.

*Бала болса да Манастың қаһары қатты,
күші көп екенін көрген қырғыздың қырық
баласы да қиқулап қол салып, озбырлық
қылған сексен манжу, қалмақты аямай
сабап, құып бара жатқанда, бай Жақып
боз айғырменен тура төбелестің үстіне
келіп қалады. Манас пен барлық балаларды
тоқтатып, әбден ұрсады.*

- Тентектігің сында жоқ,

Сен теңдесіп сойыл соғарға,

Теңіз қырғыз мында жоқ.

Балам, біз тентіреп келдік Алтайға,

Сенің тентегің жетер талайға!

Тентектігің қоймасаң,

Қозғалаң салар ұйқыма.

Көп манжу ертең шаппай ма,

Өрістегі жылқыма?!

Шашасың жиған малымды,

Төктірмек болдың, шұнақ ұл,

Бұл қалмаққа қанымды.

Қойшы, қимақ болдың жанымды!

Ұлың бала қырды деп,

Ұятты қалмақ қылмай ма?

Осы тұрған қырғызды,

Тақыр қырып салмай ма?»

*Бұл сөзді естіп қалған Ақбалта қария
Жақыпқа батыра сөйлейді:*

- Жақып, жылқыңменен жерге кір,

Бізге бел болатын ұл осы.

Еркек бала шоқ болсын,

Мал бағар ұл болғанша,

Бар болғанша, жоқ болсын.

Артыңа қолың байланып,

Бері қарай айдалып,

Шыққан күні өлгенбіз.

Өлген емей, немене,

Еңіреп, өксіп жүргенбіз.

Аман болса бұл балаң,

Даладан жинар көшінді,

Алып берер Манасым,

Қай – қайдағы өшінді.

Малға сенген оңа ма?

Малың бала бола ма?

Қара адырлы қайқайған,

Қара – Өзен қайда, бел қайда?

Аталас қырғыз ел қайда?

Айланы мындай табайық,

Оқ өтпес тон кигізіп,

Оқ жетпес ат мінгізіп,

Манасты жауға сақтап бағайық.

Білмегенін білгізіп,

Түймегенін түйгізіп,

Тура жолға салайық.

Өрге шықсақ Манасты,

Тірек қылып алайық,

Ылди түссек Манасты,

Тілек қылып алайық.

Бұл тентек Манас баланы,

Қырғыз біткен жиылып,

Еркелетіп көрейік.

Осы Манас бала үшін,

Ажал жетсе, өлейік!»

*Ақбалта бұлай деген соң, бай Жақып
ренжіп, үйіне келіп, бәйбішесі Шиырдыға
мұңын шағады. «Бұл тентектігін қоймаса,
қалмақ, қытайлар не зынданға салып, не
өлтіріп тастар ма екен?» – деп, қорқады
екеуі. Сол кезде қойшылардың басшысы
қалмақ Ошпыр келіп қалады. Жақып Шоң
Жындыны ұстап алып, Ошпырға қой бағуға
жібереді.*

Шиырды жылап, шырқырап,

Мойнына құрын салынып:

- Ошпыр, бізде дүние талай, бала жоқ,

Өлгенде көрген бұл бала,

Тентегін тияр шара жоқ.

Төбесіне қалмақтың тасын таға көр,

Аманат қойдым қолыңа,

Тағы бір төрт жыл баға көр!»

Ошпырға Манас барғанда,

Қызарып күйген шоқ болды,

Қара қытай, манжуда,

Мындай тентек жоқ болды.
Қолатта жүріп ой қылды,
Қырық бала жинап далаға,
Қойды сойып той қылды.
Торпақ мініп, топандап,
Толған бала жиылды.
«Шоң Жындыға» көп үйір,
Болған бала жиылды.

Қайтарғаны көп қозы,
Қозыны балдар жайыпты.
Қолына шыбық алыпты.
Тауды көздей жамырап,
Бара жатса маңырап,
Қарсы алдына қапыда,
Қасқыр шыға қалыпты.
Қыран бала ер Манас:
- Мұны бөрі дей ме? – деп, –
Адамды бөрі жей ме? – деп, –
Құлағынан алам! – деп, –
Өлтіре соғып салам! –деп, –
Жанына шырқап барыпты.

Көтеріп алып бір қозы,
Қасқыр қашып кеткені.
Қозының қанын қуалап,
Бала Манас жеткені.

Жетіп барып қараса,
Аттары бар қанатты,
Арғымақ бедеу мініскен,
Әсемді тонды киіскен,
Қырық кісі тұр алдында.
Жандарында солардың
Қозысы маңырап тұрады.
- Көрдіндер ме бөріні,
Бөрі қайда кетті? – деп,
Бала Манас сұрады.

Адамдар күліп, бүйдейді:
- Бөрі болған біз дейді,
Қызыр, Илияс деген бар,
Қырық күн сені іздеді.

Қозыңа тісті біз салдық,
Қырық шілтен деген біз! – деді.

Сонда Манас кеп сұрайт,
- Қандайлықтан адамдар,
Қасқыр болдың? – деп сұрайт.
- Қане, көкбөрі болшы, көрейін,
Көрген соң ғана сенейін!

Қырық шілтеннің біреуі,
Бір сілкініп сол мезет,
Көкбөрі бола қалғаны.
Тағы да бір сілкініп,
Адам болып алғаны.

Сол уақытта қараса,
Белестен шықты бес кісі.
Ақ сәлдесі қазандай,
Шақырса үні аздай,
Зорлығы таудың теңіндей,
Айбаты жанды жегендей,
Қызыр атаның өзі екен.
Қыраның Манас көкжалға,
Жолығатын кезі екен.
Қол алысып тұрады.
«Қолдадым!» – деп, Манасқа,
Ерекше күрме тон берді.
Қырық шілтеннің барлығы,
Жағалай келіп қол берді.

- Тартуға берген көк күрме,
Оқ өтпейтін бек күрме,
Кисең жауға ылайық,
Тобылғы жақсаң, шоқ өтпес,
Ошағар атса оқ өтпес,
Жағадан тартса, қол өтпес.
Жағасы алтын, жеңі жез,
Қос бадана, торғай көз,
Керіске кисең ылайық.
«Қызыр атам берді – деп,
Алты шердің кенжесі,
Арыстаным, кигін бұл тонды.
Балуандығың басқаша.

Алла тағалам жаратты,
Сенің батырлығың бір қанша.
Отқа салса күймейсің,
Сел қаптаса ақпайсың,
Аруағың артық, зәрің күш,
Ұрынғанның барлығын,
Аллам ынсап бермесе,
Қиратасың қылып түз.
Алла тағала жалғыздың,
Пендесі болып жаралдың,
Алты шердің артықша,
Кенжесі болып жаралдың.
Зайыппұрыш көкжалдың,
Берені болып жаралдың,
Халық басшысы қабылан,
Ерені болып жаралдың.
Сұлтансың және хансың сен,
Жаратқан шындап жаратқан,
Аруағың биік, атың зор,
Айкөл Манас өзің зор,
Бел байлаған белімсің,
Белгілі көк жал шерімсің.
Еңкейтіп дұшпан жеңе алмас,
Саған ешкім тура келе алмас.
Айқасқан жауға кіргенде,
Оң жолыңды төтелеп,
Ауыздықтан алып, құлыным,
Жүремін өзім жетелеп.
Жаратқан жалғыз құдайым,
«Болжас бол – деп жіберді,
Көкжал Манас өзіне,
Жолдас бол!» – деп жіберді.
Жалаңаяқ, жалаң бас,
Қызыр ата өзімін,
Құлыным, Манас, көзіңді аш!
Мына тұрған қырық кісі,
Қырық шілтеннің өзі бұл,
Қол бергелі, дос болып,
Келіп қалған кезі бұл.
Белестегі бес кісі,
Белгілі әулие өзі бұл,
«Беренге жолдас болам» – деп,
Бет алып келген кезі бұл!»

Түсе қалып бес кісі,
Құшақтасып қалады,
Сонда Манас қабылан,
«Шер» атағын алады.
- Дін тірегі зор хансың,
Шындап құдай жаратқан,
Артық ұлық адамсың,
Қара дін болмай, ақ болғын,
Барлығын біліп құдайдың,
Шын мұсылман шат болғын.
Балам, бүгін көрген ертең жоқ –
Жеті күннің бірі өлім,
Жетік дінді білмесең,
Ұят болар мұныңыз,
Басыңа таудай іс келсе,
Сабыр қылып тұрыңыз.
Ақырет жолы тақыл – ды,
Ақыры иман жақын – ды,
Ал иманды білмеген,
Дін білмеген кәпір – ді.
«Бісіміллә» деген тілге кел,
Құдай – жалғыз, құран – шын,
Пайғамбар хақ, дінің ақ,
Қалағын жалғыз иманды!»
Қызыр мындай деген соң,
Қызырлы Манас көкжалың,
Аспаннан жұлдыз қозғалып,
Қызыр менен хан Манас,
Қырық екі сапар дос болып:
«Өзің ұлық шерсің» – деп,
Қырық шілтен мен Шай атаң,
Қонып қалған жері бұл,
Шын мұсылман Манас хан,
Болып қалған жері бұл.
Қалағаны қадырдай,
Түнге келді зор Манас,
Қара діннен ақ болып,
Дінге келді зор Манас.
Зайыппұрыш қайран шер,
Болған екен зор Манас.
Көкірекке көп иман,
Толған екен зор Манас!

Осы кезде қалмақ Оштырдың ұлы Шеге

келіп қалады. Оны да мұсылман дініне кіргізіп, Құттыби деп ат беріп, Манаспен ақыреттік дос қылады. «Тағы отыз тоғыз жолдасың, оларды да құдай қолдасын» – деп, шілтендер ғайып болады.

Сөйтіп жүріп Шоң Жынды,
Он екі жасқа келіпті,
Оқ өтпестен тон киіп,
Жылқыдан Аймаңбоз ат мініп,
Енді ер жетер шағы келіпті.
«Төрем деп айт мені», – деп,
Өзін – өзі білдіріп,
Білгендерді күлдіріп,
Ошпыр баққан көп қойдан,
Жүз қозысын сойыпты,
Батыр деп айт мені деп,
Бағлан қозы, шырын бас,
Қайнатып бәрін қойыпты.
Кең Алтайдың шатқалда,
Күн қылқылдап батқанда,
Жан – жануар мақұлық,
Қимылдамай жатқанда,
Бала ішінде көкжалың,
Шынтақтап жатып ұйқы алып,
Балбырап бойы, тынышталып,
Ақ қаңқы ерді жастанып,
Құбыланы бастанып,
Алып ұйқыны салыпты.
Күн сәске болған кезінде,
Ұйқыдан Манас тұрғанша,
Жылқышы алып Қанжарқол,
Жынданып келіп қалыпты.
Астындағы ала айғыр,
Атырылтып келіпті.
Құстай ұшып кетер деп,
Құм салынып мініпті.
Жан қазандай басы бар,
Жатқан иттей қасы бар,
Қара келтек шоқпарды,
Қармап үйіріп алғаны,
Қырық балаға ұмтылып,
Қиқулап қолды салғаны.

Ұйқыдан Манас оянып,
Бас көтеріп қараса,
Балдардың бәрі қашыпты.
Айғырдан түсіп әлгі дәу,
Төрт баланы басыпты.
Төртеуін қатар сойыпты,
Азық еттің барлығын,
Сыпырып алып қойыпты.
Көре салып зор Манас,
Қаһарланып, көз жайнап,
Қайраты бойды бек қармап,
Қара келтек шоқпарын,
Үйіре қармап алыпты.

Аймаңбоз аузын бұрады.
Балуанға тура келгенде,
Бұл сөзді айтып тұрады:
«Атаңның көрі, Қанжарқол,
Сен жылқышы, мен қойшы,
Төрт баланы сойғандай,
Сенің биене тиіп қашты ма?
Өлтірдің неге бұларды,
Сенің алтының талап шашты ма?»
Осыны айтып ақырып,
Қырғыздап ұран шақырып,
Үйдей қара шоқпарды,
Үйіре қармап алғаны,
Қашырып кіріп Қанжарды,
Қақ төбеге салғаны.

Манастан шоқпар жегенде,
Басы кетті бырқырап,
Жатты жерге жығылып,
Жаны кетті шырқырап.
Балуанды сойып жайлады,
Балдарды жиып алады.

Сол кезде қой басшысы Ошпыр келіп қалады. Қараса – көгеріп түтін бөлінеді. Балалар қозының етін отқа қақтап жеп, құнан мініп, «Манастан» ұран шақырып, шапқылап жүр. Манастың қапталында қара шұбар қабылан мен шолақ көк жал арыстан Ошпырға қарап шабынады.

Ошпырдың зәресі ұшып, білегінен сап кетіп, жүрегінен қап кетіп, бауыр ішегі солқылдап, бұзана сүйегі болқылдап Жақыптың үйіне қарай тартады. Келіп, көрген – баққанын айтады. «Ұлыңның аты Шоң Жынды, Манас атын кім білді?!» – деп, оның істеген тентектігін, Қанжарқолды өлтіріп тастағанын түгел айтады. «Балаңды өз қолыңа алмасаң болмас!» – дейді.

Мұны естіген бәйбішесі Шиырды Жақыпқа ақырын ғана былай дейді:

- Зарлап көрдік Манасты,
Аман жүрсе жалғызың,
Үзілгенің жалғанып,
Шашылғаның жиналар.
Ұлым тентек болды деп,
Қайғырмағын малыңа,
Адалға бұр пейліңді.
Алтайды айттың жерім деп,
Қалмақты жүрсің елім деп!
Бұл Алтай бізге жер емес,
Бұл қалмақ бізге ел емес.
У шылап ыдыс күбіңе,
Бұл қалмақ жетер түбіңе!
Бұза бермей санамды,
Алып келгін баламды!

Содан Жақып Ошпырға барып, қойда жүрген баласын ауылына алып қайтады. Жолда келе жатса, қалың жылқыны он шақты қалмақ қуып, жылқышыны сабап жатыр екен. Манас таңырқап, мұның жөнін сұраған соң, бай Жақып: «Бұл біздің жылқы!» – деп, шынын айтады:

- Алты зубун қалмаққа,
Жайылым ақы, су ақы,
Отыз байтал, бес аттан,
От майына беремін.
Осыны да азсынып,
Қорыған ғой бұл жерін!

«Мал біздікі» дегенге,
- Малсызбыз деп өткенде, –
Айтқан ба деп өгірік?

Таңырқап Манас қалғаны.
- Жылқыны қызыл май қылып,
Неге бұлай қудың? – деп,
Жер қорыған қалмаққа,
Желдіріп Жақып барғаны.
Бай Жақыпты қалмақтар,
Қамаласып қалғаны,
Өңмендеген бір қалмақ,
Жақыпқа қамшы салғаны.
Оны көріп жас Манас,
Құрықты қолға алғаны.
Манжулық Қортық басшысын,
Құйғытып келіп жас Манас,
Қақ төбеге салғаны.
Қақырап басы жарылды,
Бырқырап миы шашылды.
«Қармап алып баланы,
Басына сірі салсақ!» – деп,
Қарап тұрған Манасқа
Қалмақтың бәрі шабынды.

Бірақ, Манастың ұрғаны ұзынынан түсіп, қалмақтың бәрі қашып құтылады. Қуа жөнелген баласын бай Жақып ойбайлап тоқтатып алады: «Енді бәле болады – ау! Қалмақтар көнсе, құнын беріп құтылайық! Малға көнбесе, құрыдық, қырғызды шауып, талап кетеді!» – деп күңіренеді. Манас:

Қорқып жүріп біреуден,
Қораға малды жимадым,
Жалынып жүріп біреуге,
Жайлауға малды жимадым! – дейді.

Алтайдағы алты зубун қалмақ жиылып: «Қырғыздан құн алу үшін жылқысын түгел айдап алайық, жаманат, жазығын, өлген Қортық манжулық болғандықтан, манжуларға жаба салайық!» – деп аттанады. Әуелі манжудың жылқысын қуып алады. Өлген Қортықтың баласы:

Аты Шәкім бұл бала,
Ақылы дана қу бала:
«Өзімнен қорлық көргенше,
Жат қорлығын көрейін.
Жақыпқа хабар берейін,

Жасөспірім Манастың,
Жай – жапсарын көрейін!» – деп,
Жақыпқа келіп, жағдайды айтып жылайды.

- Қалмақтар түпке жетті! – деп,
Аулымды талап кетті! – деп, –
Еңсеріп жылқың тартқаны,
Манжуға жала жапқаны.
Манасқа нөкер болайын,
Атаке, Жақып, мен келдім,
Аулыңа көшіп қонайын,
Аралас туған болайын.
Сендерден өлген атамның,
Кешіріп құнын қояйын!

Қырғыз, қазақ жиналды,
Тезінен қолды құрады.
Бұл қосынның ішінде,
Ортақтас жүрген нойғұт бар,
Қызыр шалған Жақыптың,
Қызметін көрген найман бар,
Қоңсылас жүрген қоңырат,
Үйірлес жүрген үйсін бар,
Араласқан алшын бар,
Арғыннан Қарақожа бар,
Ата ұлынан қоса бар.
Оңдап атын мінісіп,
Жарасып жарақ киісіп,
Ұрыспақ болып қалмақпен:
- Ұранды кім деп саламыз? –
Сұрады жұрт салмақпен.

Міне сонда жас Манас,
Көк найза қолға алғаны,
Аймаңбозды орғытып,
«Манастап!» ұран салғаны.
«Манас, Манас, Манас!» – деп,
Алдыға жөнep қалғаны.
Бәрі кірді бақырып,
Қылқандай найза жапырып,
Басқа сөз түспей аузына,
«Манастап!» ұран шақырып.

Қаптап келген қалмақтар,

Айбатына шыдамай,
Қарсы тұра алмады,
Бұра салып аттарын,
Қайра қашып қалғаны.

Манас, Жақып кенесіп,
Қырғызға келіп қосылған,
Атасы өлген баланы,
Манжулықтың халқына,
Би көтеріп алады.
Қаратоқа Мәжік деп,
Манасқа шора болады.

Бір кезде айқай – шу, дүркіреген дүбір шығып, Есенханның жер қорушысы Қошқы бастаған қол келіп қалады. Оларға қырғыз Жақыптың көп малы жердің отын жеп қойды, баласы Манас – бұзық, Қортықты өлтірді деген хабар жеткен екен. Қошқы қаһарланып:

Жеті асаба ту алып,
Жеті жүздей қол алып,
Дауылпазы қағылып,
Дауылдатып келіпті.
Қырғызға қатты төніпті.
Кереге – уығын қиратып,
Келін – қызын жылатып,
Кермедегі жылқыны,
Бәрін айдап шулатып.
Жақыпты қысты қуратып:
- Қызыталақ қу бурут,
Дегеніме көн, бурут!
Балаң тентек Шоң Жынды,
Қазір бізге бер, бурут!
«Баламның аты Жынды» деп,
Падышамыз Есенхан,
Алдап жүрген екенсің.
Манасыңды бермесей,
Айтқаныма көнбесей,
Қазір табам жайыңды,
Шығарамын етіңнен,
Сүйектегі майыңды!

Андай – мұндай дегенше,

Он екіде жас Манас,
Мінген аты Аймаңбоз,
Жау – жарағын сайланып,
Қынсыз қылыш байланып,
Сырнайзаны қолға алып,
Қашырып кірді бақырып.
Арт жағында қырық бала,
«Манастап!» ұран шақырып.
Найзасын қанға шықтады,
Алыса келген балуанды,
Қояндай жерге нықтады.
Бұзықтың бәрі тиылып,
Жылқының бәрі жиылып.
Ойып Манас өткенде,
Он екі балуан сырайып,
Бет алғанның барлығы,
Аттан түсті тырайып.
Бастап келген Қошқының,
Мұрты етекке шыққан шалқандай,
Мұрынының танауы,
Бұрылыс жылға бытқылдай,
Кезіккенді бұл Қошқы,
Аты менен жұтқандай.
«Сексен Манас болсаң да,
Түбіңе сенің жетемін,
Атаң Жақып шалды бас қылып,
Түгел байлап кетемін!»
Қаһарланып, күшілдеп,
Дауылдатып, дүпілдеп,
Жекеге шықты ер Қошқы.
Жетік Манас көкжалың,
Жебеден бұрын жетеді,
Жеткен жерден Қошқыны,
Көме қойып өтеді.
Үзеңгіден тайып аяғы,
Ерден тайып құйрығы,
Адырайған зор Қошқы,
Атынан құлап түседі.
Ақбалта, Жақып жақын кеп,
Араға түсіп қалғаны,
Алдында Манас тұрғаны.

Атасы Жақып мұны айтат:
«Жалғыз ұлым, Манасым,
Қатерлі жұмыс бастадың,
Қараң түн, мүшкіл күй салып,
Қошқыны сойып тастадың.
Терең қаздың орымды,
Қайнатпақ болдың сорымды.
Ордалы жұртқа ұрынып,
Шештірмек болдың тонымды!»

Абаң Балта сөйлейді,
Ашуланып бүй дейді:
«Кейіме, Жақып, жөні жоқ,
Кейіген адам оңа ма?
Осы сенің кейісің жақсы бола ма?!
Аман болса бұл бала,
Өлгенінді тірілтіп,
Өшкен отың жағады.
Енді малдың бәрін шашайық,
Медет қылып Манасты,
Қырғызды көздей қашайық.
Бұл Алтайда тұрғанда,
Не мұратқа жетелік?
Құрған жан аман тұрғанда,
Қырғызға кіріп кетелік!»

Ақбалтаның айтқанын,
Көңіліне еп қылып,
Азғантай ғана қырғыздар,
Кету жайын кеп қылып.
Қошқарын пішіп, сек қылып,
Қойының бәрін семіртіп,
Бұқасын пішіп, өгіз қып,
Айғырын пішіп, ат қылып.

*Бурасын пішіп, атан ғып, қашуға
қамдана бастайды. Ал, соғыс кезінде
Тағылық деген бір қалмақ көзге түспей
сытылып кеткен екен. Сол Есенханға барып,
хабар жеткізеді.*



Есен ханның алыптары

Қақан ханның балалары Қарыхан, Әлеуке хан, Әзизхан және Есенхан. Ағайынды төртеуінің үлкені Қарыхан қырық дарбаза Бейжінде қырық ханның елі қытайды билеп тұрған екен. Бұл –Түп Бейжін, негізгі қаласы. Ал қырғызға жақын тараптағы Шет Бейжінде Есенхан хандық құрады. Міне, осында қашып келген Тағылық көргенін түгел айтып береді.

Есен хан қаһарына мініп, Манасты ұстап алып келіңдер деп, Жолай мен Дөңге, шоң Дәудүр,қайшы құлақ Қабан алып бастаған бірнеше батырларын қалың әскермен Алтайға аттандырады.

Бұлардың бәрі де талай жауды жеңген,соғыста әбден сыналған батырлар. Ішіндегі мықтысы Жолайға Есенхан ерекше сенім артып, үлкен міндет жүктейді.

Бұлар Алтайға жетіп, Манасты іздеп табады. Алғаш беттесіп, шайқасқан шоң Дәудүрдің екі жүз балуанын Манас қырып тастайды. Шоң Дәудүрдің өзі жетпіс жерден жараланып, Жолайға қашып барып, болған жағдайды баяндайды. Батыр Жолай: «Он екідегі бала екен, Манасты тірі байлап алайық, атасын құрбандыққа шалайық, бурутқа қырғын салайық!» – деп, қаптаған қолымен аттанады. Жау келгенде қарсы шапқан Манас алдындағы таудай Дөңге батырын найзамен бір – ақ ұрып, атынан құлатып, басын кесіп алады. Сол кезде Жолай батыр келіп жетеді

Айдай сары далада,
Таудың шеті – ұршықта,
Дүмірейген тұмсықта,
Орғып тұман бөлінді,

Он екі жайсаң соңында,
Ойран Жолай көрінді.
Жетік Жолай зор балуан,
Қайшы құлақ Қабан алып,
Жолдасқа бекем сайлапты.
Қара болат ауыздық,
Көмекейде қарсылдап,
Жолым үйдей сом тұяқ,
Сілтесе жерге тарсылдап,
Ашбуданға қамшы ұрып.
Батыр Жолай алқынып,
Төбе шашы сүксиіп,
Жеп қоярдай түксиіп,
Қашырған қабан төстеніп,
Алушы аю көзденіп,
Көрсе, көңіл бөлініп,
Ақырып сұнған найзасы,
Қарағайдай көрініп,
Таңырайған танауы,
Сеңгір таудың шатқалдай.
Бір бетіне Жолайдың,
Он екі шибей, қырық манжу,
Орда атысып жатқандай.
Бір көзіне қарасаң,
Бақалы көл – бытқылдай,
Қасы өртенген тоғайдай,
Қалбайыңқы еріні,
Жылқышы киген шоқайдай.
Мұздай темір құрсанып,
Жекеге шығып қалыпты,
Қаһарынан кәпірдің,
Жер майысып алыпты.
Қол тоқпақтай қара шаш,
Арқасында селкілдеп,
Тебінгісі телпілдеп,
Майданға шыға қалады,

Қыран Манас жас бала,
Бет алып шұғыл барады.

Манас жақын келгенде,
Жолай батыр бүй дейді:
- Атыңның аузын бұра тұр,
Антаңдамай сен, бурут,
Андағы жерде тұра тұр.
Манас, Манас дегенде,
Барбая түседі екенсің,
Суға салған шанаштай,
Дардая түседі екенсің.
Бұл Алтайда туғансың,
Кіндік қан тамған бұл жаққа,
Сенің кішілігің қай жақта?
Дегеніме көн, Манас,
Буруттығың шын болса,
Кезегінді бер, Манас!

Жалмаңдаған Жолайдың,
Дегеніне көнгені,
Қалағаның болсын деп,
Кезегін Манас бергені:
- Аямай найза сал, Жолай,
Аяп қалсаң егерде,
Тақ енеңді алып қал, Жолай!
Бар күшінді сал, Жолай,
Жыға сайып қал, Жолай.
Жыға алмасаң, ер Жолай,
Басыңа балта шабамын,
Желігіп туып жетілдім,
Өшімді сенен аламын!

Кезегін беріп Жолайдың,
Аймаңбоз аузын бұрады,
Қызыр шалған қабылан,
Қылт етпей қарап тұрады.

Ашбудан мінген зор Жолай,
Жетік ердің бірі екен,
Өзі сыншы сұм екен.
Манасты көріп күйінді.
Өлшеп, сынға толтырып,

Өз жанынан түңілді.
Таудай Жолай қиқулап,
Мықтап найза сайғанда,
Манас елең қылмады.
Жолай мінген Ашбудан,
Тізесі жерге орнады.
Қалталаңдап ер Жолай,
Қашар жағын ойлады.

«Сайса Манас оңдырмас,
Ерегессе сау қоймас!»
Ыңғыр – дыңғыр кеп ойлап,
Жолай бүйтіп тұрғанда,
Аймаңбоз санға бір салып,
Найзасын оңдап қолға алып,
Аш арыстан төстеніп,
Алғыр бүркіт көзденіп,
Атылып Манас жеткені,
Қалмақы ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Қайқайта сайып өткені.
Қытайлардың хан Жолай,
Ерден құйрық қылтайып,
Үзеңгіден тайып аяғы,
Екі өңірі далақтап,
Екі көзі алақтап,
Құйысқанын қармады,
Көзі кетті мұнартып,
Өңі кетті қуарып,
Тырп етер әлі қалмады.
Қайырылып Манас келгенше,
Қабан алыпты шақырып,
«Жуан алып!» – деп, бақырып,
Алпыс жайсаң, қырық алып,
Қорған болып Жолайға,
Жан – жағынан жеткені,
Сүйеп, таяп Жолайды,
Оңдап жүріп кеткені.

Беренің Манас бет алып,
Бұларға бұзық жол салып,
Күрме киген қалмақтың,
Күштісіне қол салып.

Маңдайласып тұрысып,
Найзаласып көкжалдар,
Аянбастан ұрысып.
Найза сынып түскенде,
Айбалта қолға алысып,
Айқайласып салысып,
Жағаласып тартысып,
Астындағы тұлпарлар,
Тізеден жерге батысып,
Маңдайласып ұрысты,
Басқасынан айла жоқ,
Шоқпарменен ұрысты.

Сонда Жолай кеп айтат,
Берендер ұққын деп айтат:
- Ашбуданды мінгелі,
Жапырып жауға тигелі,
Жолыққанның бәріне,
Зобалаңды салушы ем,
Кезіккенді талқандап,
Кейітіп байлап алушы ем.
Өзім Жолай болғалы,
Осы болды жазғаным.
Бұл буруттың қолынан,
Өліп қала жаздадым.
Ербендеген екі қол,
Әлі кетіп, сал болды,
Шелектей болған қайран бас,
Жарылып, қара қан болды.
Омыртқамның қоспасы,
Бурут найза сайғанда,
Бөлек – бөлек бөлінді,
Қызыталақ қырғыздың,
Қиындық жайы көрінді.
Көз жұмылып өлмедім,
Хан Жолай атқа қонғалы,
Қаһарды мұндай көрмедім.
Алты қырдан асайық,
Өлмей –жітпей тұрғанда,
Есен хан көздей қашайық.
Қағыса кетсек оқыстан,
Қорлықты бізге салмасын,

Қоймай қармап алмасын,
Қойдай басты кеспесін,
Қауындай қарын жармасын!»

Осылай деп ер Жолай,
Бұғана сүйегі болқылдап,
Бауыр, ішегі солқылдап,
Жолға түсіп айламен,
Қашып берді тоңқылдап.

Зыта қашқан Жолайды,
Қабылан Манас көреді,
Қазір саған жетем деп,
Алмай қайтіп кетем деп,
Аймаңбоз аузын бұрады.
Қабыланың найза сұнады.
Астында тұлпар Аймаңбоз,
Басын жерге салыпты,
Ырғытып алыс алыпты,
Еті қызып, еліріп,
Желмен ойнап желігіп,
Қамыстай құлақ жапырып,
Құйындай жерді сапырып,
Тынбай шырқап қылыпты.
Айыр белес тайпаңнан,
Айкөл Манас батырың,
Алты айналта қуады,
Жеті қайқаң төбеге,
Жеті айналта қуады.
Шөбі жоқ шөлді жиектеп,
Асып Жолай барады,
Аманат жаннан түңіліп,
Қашып Жолай барады.

Көңілі кетті бөлініп,
Арт жағына қараса,
Айкөл Манас қабылан,
Қан ішер түрі көрініп.
Астындағы Аймаңбоз,
Бұлттай ұшып зуылдап,
Қалған екен қараса,
Ашбуданға жақындап.

Қиқулап Манас қуғанда,
Былқылдақтың Сары – Саз,
Тоғай, шілік аралас,
Айласын таппай сасады.
Көсел екен ер Жолай,
Тоғайға кіре қашады.
Өзі жайшы хан Жолай,
Тоғайға кіріп барғаны,
Күн жаудырар жай тасты,
Көтеріп суға салғаны.
Алдынан бір бұлт табылды,
Жер жүзіне көгеріп,
Тұман түсіп жабылды.
Тұс – тұсынан зырқырап,
Мұздақ самал ұрғаны,
Тау басында түйіліп,
Қап – қара бұлт тұрады.
Бұлт ұшады бұрылып,
Аспаннан бұршақ құйылып,
Тау – таудың басы жабылды,
Шұңқырдан тұман табылды.

Жердің жүзі бұзылып,
Көктің беті тұтылып,
Қызық қылып күн жайлап,
Жолай кетті құтылып.
Жаздың күні қыс болып,
Араның бәрі бұзылды,
Тұйғын Манас бетіне,
Төрт елідей мұз тұрды.

Құбыладан мұздақ жел жүріп зырқырап,
Жап – жарық болып алланың күні
ашылып,

Жер үстінен қара бу шығып бұрқырап,
Жолайды таппай қайғырып,
Айласы бітіп Манастың,
Алтайға кетті қайрылып.

*Манас ұзын жолда келе жатса,
алдынан көп жылқыны айдап, Қабан алып
шыға келеді. Бұл Қабан алып Шибей деген
елден шыққан асқан батыр болыпты. Суық*

*– Төрдің жеріндегі Жалғыз көз еліне жеті
Бейжін жеті жыл ұрыс салып, жеңе алмай,
қалың қытай қиналған кезде, Қабан алып
Жалғыз көз елін қиратып, қырып – жойып,
жеңіп алыпты. Сол Қабан алыппен Манас
бетпе – бет келіп, екеуі аянбай соғысады.
Бірін бірі ала алмай, қару – жарағы сынғанша
шабысып, салысады. Бір кезде Манас Қабан
алыптың қол тоқпақтай қара шашынан
ұстай алып, үзеңінің баулығына үш орай
шалып, атына қамшы басады. Аймақбоз
опал тауда Шибейді дырқырата сүйретіп
ала жөнелгенде, ер Манас қылышпен Қабан
алыптың басын кесіп алады.*

Алпыс будан тұлпарды,
Айдап Манас келеді.
Қырық жолдасқа бір – бір ат,
Үлестіріп береді.

Жолбарысыңның алдына,
Жолап адам бармады.
Жолығыса келгенде,
Жауы тірі қалмады.
«Қара қытай, манжудан,
Құтылып енді қалдық» – деп,
Қайран қырғыз той қылып,
Мойнына белдік салынып,
Жаратқанға жалынып,
Үзілгені жалғанды,
Өстіп қырғыз қуанды.
Манас – Манас болды енді,
Манас атқа конды енді.
Ақ қалпақты киеді,
Алшайып атқа мінеді.
Екі тізгін, бір шылбыр,
Өз қолына алады.
Орынтықты ер болды,
Он екі мүше тең болды.
Күйікті қырғыз бірігіп,
Күтіп алар шер болды.
Толқыған қара қытайға,
Тауды бұзар сел болды.



Байдың Алтайға келгені

Манастың атасы Ноғай ханның төрт ұлының тұңғышы Ораздының он баласы бар екен. Бірақ, Кең Қашқардың ар жағы, Кебез таудың бер жағы Біраңдыны жайлаған олардың бәрі де оңбаған, қара бауыр, қор екен.

Ноғайдың тағы бір баласы Бай ақ ала сақал шал болғанша:

Жіпсіз қолы байланып,
Жер түбінде зарланып,
Қайырылып жолды шала алмай,
Халқынан хабар ала алмай.

Шексіз қайғыға батып жүріп, екі баласының үлкені, ақылы кенен Бақайға мұңын шағады.

- Жаркен тақыр жер екен,
Бәрі дұшпан, елі қас.
Он сегізге сен келдің,
Басыңды алып, мұнан қаш.
Ат дайында, мінейін,
Жеке кеткен Жақыптан,
Жетіп хабар білейін.
Бар болса, басым қосылсын,
Бар құдайдан тілейін.
Өлген болса көрейін,
Өксір дүние өксітсе,
Өкіріп қайра жөнейін.
Алтайдың тауын айналып,
Армансыз болып келейін.

Баласы Бақай кеп айтат:

- Барыңыз, ата, – деп айтат. –
Биыл он үш жыл болды,
Бір хабарын ұққанбыз,
«Шиырды бір ұл туды – деп,
Осы жаққа барғаннан. –

Барып келдік онда» – деп,
Сөз сапырған шалдардан.

Сонымен, Бай қария алыс жолға шығады. Үшінші күні түс кезінде бір жапан шөлге келеді. Мың адам арық қазып жатыр екен. Сөйтсе, Несқара деген дәу өткен, кеткеннің атын тартып алып, сойып, ал өзіне арық қаздырады екен. Байдың да атын сойып алып, қолына кетпен беріп, арық қаздырып қояды.

Екі жарым күн өткен соң, шал шаршап, құлап қалады. Оны арықтың шетіне шала – пұла көме салады. Кеуде жағы сәл – пәл ашық қалған Бай есін жиып, сығалап қарап, тыңдап жата береді. Несқара ел – жұртына: «Алтайда, Шоң – Дабраның шетінде Манас деген бала бар деп зұламалардан естідім. Биыл он үш жаста, еліне қосылса, бізге бәлекет болады. Оны қазір сою керек, көзін ою керек! Мен соған барамын!» – дейді. Көмулі жатқан Бай мұның бәрін ұғып алып, жаулар кеткен соң арықтан шығады. Қалып қойған бір қашырды ұстап мініп, Алтайға тартады.

Сол уақытта Жақып Тушұнақ атымен аралдан шығып келе жатып, Несқараның әскерін көреді. Бой тасалап, жасырынып қалады. Қосын кеткен соң қараса, арт жақта бір жалғыз қара келе жатыр екен. «Бұл кім болды екен?» – деп, алдынан шығып, амандасады. Бай Жақыптан жән сұрайды. Жақып:

- Түп атамыз Қарахан,
Бергі атамыз Төбей хан,
Төбейден кейін Көгей хан,
Өз атамыз Ноғай хан,

Атым Жақып! – дегенде,
Бай бақырып «баа!» деді.
- Өткен екен дүние – ай,
Өмірдің бәрі, аа! – деді. –
Бала бауыр сен едің,
Бай деген ағаң мен едім.
Құйрығы болсам, жал едің,
Құрып қалсын, дүние,
Онда сен жап – жас бала едің.
Сенен қалып айрылып,
Күйікке батқан жан едім!

*Сөйтін, айдалада ағайынды екеуі ағыл
– тегіл жылап табысады. Бай Жақыпқа
Несқараның Манасты өлтіруге келе
жатқанын айтады. Зәресі кеткен Жақып
жақын жердегі қырғыздарға жетіп, хабар
береді.*

*Жақыптан хабар жеткен соң Манас
төрт жүз әскер қолменен Несқараның
алдынан шығады. Несқара маңғұлдың
Жайсаңбай деген байының ауылын, тағы
біраз ауылдарды шауып, қыз – келінді
тұтқындап, желдей есіп келе жатыр екен.*

Ала байрақ, қу найза,
Саудыраған көйқасқа.
Алмалы қия жолменен,
Қылқылдаған қолменен,
Айбаттанып, ақырып,
Әскердің алдын жапырып,
Жазайылды жатқызып,
Күлдір мамай мылтықты,
Күркірете атқызып,
Күллі қолын жапырып,
Күлден бетер сапырып,
Несқараның қолының,
Жолын бөгеп алыпты,
Арыстан Манас батырың,
Ақырып айқай салыпты.

Жарым күндей болғанда,
Қамбардың ұлы Айдархан,
Алтай қазақ халқынан,
Айтулы батыр бұл бір жан,

Айдарханның Көкшесі,
Қырық жігіттің басы екен,
Он алтыда жас екен.
Аты Көкше қойылған,
Ақ таспадай тартылған,
Көргеннің көңілі тойынған.
«Жеке! Жеке! Жеке!» – деп,
Жекпе – жекке шығыпты,
Беттеп ешкім келе алмай,
Қаңғайды құдай ұрыпты.

Намыстанған Несқара,
Шабдарға қамшы салғаны.
Қырғызды көздей бет алып,
Қиқулап кіріп барғаны.
Бала Манас тұйғының,
Оған қарсы шауыпты.
Аруағы басып Манастың,
Беттесе алмай Несқара,
Айнала қашып қалыпты.
Ақ найзасын зыңқитып,
Аймаңбозын зулатып,
Манас артынан түсіп алыпты.

Несқараның Шабдар ат,
Шайтандай ұшқан мал екен.
Қанатты құстай сызылып,
Жөнep қалған шағы екен.
Қаражолтай Несқара,
Он тоғызда жас екен,
Түрік ұлына қас екен.
Қашып жүріп мұны айтты,
Халқының бәрін мұңайтты:
- Жолбарыс жолға жатар ма,
Жолығарға жолықпай,
Жолым мұндай қатар ма! –
Бұркырап, қорқып Несқара,
Бұл сөзді айтып салыпты.
Қолына түскен қыз – келін,
«Құтылсақ екен бұдан,» – деп,
Құжылдасып қалыпты.

Аймаңбозбен жетерде,

Манас ырғыта қойып кетерде,
Несқара елге кеп айтат,
«Есен бол халқым!» – деп айтат.
Шабдарға қамшы салғаны,
Қақаншыға қашпаққа,
Шындап ойлап қалғаны.
Аймаңбозын ұшыртып,
Артынан Манас жеткені.
Алтын кемер шеті деп,
Айдалының беті деп,
Сыр найза сайып өткені.
Есі кетіп Несқара:
- Аман болғын, елім! – деп, –
Талқан болды белім! – деп, –
Азап айдап бұл жерге,
Осыны іздеп келдім! – деп,
Оқтай ұшқан Шабдардың,
Басын бұрып алыпты.
Киік баспас жерменен,
Өрге қарай салыпты.
Амалы құрып Аймаңбоз,
Өрде өксіп қалыпты.

Несқара қашып кеткен соң,
Қосыны тұрды қалтырап.
Жан сауғалап бұрқырап:
- Ұрынбаймыз енді! – деп,
Қойдай бәрі шырқырап.

Бала Манас сөйлейді:
- Алты мың ашық сандарың,
Қашып кетті хандарың.
Айтқан сөзім еп болса,
Маған қара, нарларым!
Не табамын сендердің,
Өміріңді тозақ қып,
Көзіңнің жасын тиыңдар,
Басыңа бердім азаттық!

Досқа айналып дұшпаны,
Қуанып тарқап кеткені.
Қырғызда Манас батырдың,
Даңқы көпке жеткені.



Манасты хан көтеру

Қамбарбоздың үйірінен,
Қармап келіп тоғызды,
Бәрін бірдей сойдырып,
Жер ошағын ойдырып,
Алтайлықтың елінен,
Ата ұлынан түк қоймай,
Алды Манас шақырып:
- Алтайда жатқан ел, – деді, –
Бас – аяғың жиналып,
Есебің қанша, бер, – деді.

Алтайлықты санаса,
Аяқ – басын қараса,
Тоқсан алты мың болды.

Манас айтты мындай кеп:
- Берендер, ойла ақыл, – деп, –
Тұс – тұсымыз жау болды,
Дұшпандық қылар кәпір, –деп,
Көптігіне мастанып,
Басынып бәле салмасын.
Қамданғаның мақұл! – деп.

Ағасы Бай сөйлейді:
- Төңіректің бәрінен,
Түгел келдің, халайық.
Есен ханнан қол келіп,
Неше түрлі мол келіп,
Ерегесіп жау болдық,

Егер қамаса, қайдан сау болдық!
Тұқым қалмай қырылып,
Тұмсығымыз бұзылып,
Түгел құрып кетпейік.
Ұрғашыңды күң қылып,
Таң атпаған түн қылып,
Еркегіңді Есен хан,
Табанға басып, жүн қылып,
Саудаға салып, құл қылып,
Сандыққа салып, пұл қылып,
Санамай малың айдатып,
Сайқасқанды жайлатып,
Айдап жүріп қырмасын.
Әр тарапқа сорлатып.
Балдар, басшысы жоқ ел оңбас,
Басты жұрт жауға қор болмас,
Жақты кісі зар болмас,
Жабылса дұшпан жан қоймас.
Сақтаймын десең жаныңды,
Сақадай сай болайық.
Санатты жұртым, бірігіп,
Қайраты бар біріңді,
Хан көтеріп алайық.
Хандыққа бірің шығындар,
Жалған айтпас шыншылық,
Жорыққа шығар төзімді,
Беттескен жауға белдіңіз,
Белдескен дауға демдіңіз,
Өткір сөзбен тілгенің,
Өкімет жөнін білгенің!

Бай аға мындай дегенде,
«Хан боламын халыққа,
Қандай да болса шыдаймын,
Халық басқарған нарыққа!»
Деген кісі болған жоқ,
«Бәленше болсын басшы!» – деп,
Басқаға қолқа салған жоқ.
Бозбалалар кеп айтат,
Болған істі бек айтат:
- Аң аулап жүріп бәріміз,
Бір бестісін Манастың,

Айдалада сойғанбыз.
Манастың өзін бәріміз,
Хан көтеріп қойғанбыз.
Манас – біздің ханымыз,
Не дейсіздер бәріңіз?
Саламат ұлы Айнақұл,
Сан жұртқа айтқан сөзі бұл.
- Ханымыз Манас болсын! – деп,
Елдің бәрі дүркіреп,
Жабыла айта салғаны.

Ақбалта тағы кеп айтат:
- Хан қылмаймыз дегенің,
Қазір айтқын сөзіңді.
Атап қойып хандыққа,
Артынан бәле салмасын,
Қоймайтын едік оны деп,
Арманың іште қалмасын!

Арыстан Манас жас бала,
Жиынға басып барғаны:
- Алдымда үлкен аға жоқ,
Ажал жетсе, дауа жоқ.
Артымда інім жас әлі,
Басыма мүшкіл іс түссе,
Суырып алар азаптан,
Туғанымда шама жоқ.
Қартайып қалған Жақыпта,
Қайрат қылар амал жоқ.
Далада тайды сойдым деп,
Хан көтеріп қойдың, – деп,
Өз нәпсіме тартпаймын.
Таудай ауыр міндетті,
Өз мойныма артпаймын.
Қазақ, қырғыз бір туған,
Қалмағың бар, маңғұл бар,
Қаңғай менен торғауыт,
Хан болушы жандар бар,
Біреу шығып бел буып,
Босатып мені қойсын, – деп,
Бала Манас айтты кеп.

Жиылған елдің барлығы,
Қаумаласып қалысты:
«Жастық қылса баласы,
Қартайса да Жақыпты,
Хан көтеріп алайық.
Не болса да Жақып бай,
Дүниесі қолда бар.
Қабылан Манас баланы,
Қарсы тұрар дұшпанға,
Батыр қылып қояйық!»

- Көтердік онда ханды, – деп, –
Хан болушы жанды! – деп,
Алты құлаш ақ киіз,
Астына жая салысып,
Ақ ала сақал Жақыпты,
Ақбалта менен Бердіке,
Жетелесіп алысып,
Көпшілік оны сүйреді.
- Көтермендер мені! – деп, –
Көсел Жақып сөйледі.
- Көргенсіңдер, халайық,
Көп зарладым бала деп.
Қарағым тұрса қасымда,
Обалыма қалмаңдар,
Қартайып қалған жасымда. –
Мұны айтып бай Жақып,
Бұрқырады, жылады,
Бұршақтап жасын тимады.
Қорлықта жүрген құрған шал,
Қуанғаннан жылады.

Қазақ, қырғыз жиналып,
Қалмақ, маңғұл жабылып,
Ақ киіздің үстіне,
Бай Жақыпты салғаны.
Баласы Манас батырды,
Атасының жанына,
Отырғызып алғаны.
Жеті қадам басқанда:
- Болды, балдар, болды! – деп,
Жеткілең Жақып қария,
Жерге түсіп қалғаны.
Көтеріп алып көпшілік,
Жеке Манас баланы,
Әлгі тұрған жиынды,
Жеті айналып барғаны.
«Ханның тәжі осы деп!» деп,
Ер Манастың басына,
Жығалы бөрік кигізді,
«Мұратымызға жеттік!» деп,
Халайық құрмет білгізді.

Тойды Жақып бастады,
Ноғайдан қалған көк туды,
Әуелете ұстады.
Токсан бие сойдырып,
Сараңдығын тастады.

Тоғыз күнде той тарқап,
«Ханды жұрт болып қалдық, – деп,
Қабылан Манас балаға,
Билікті беріп салдық!» – деп,
Келгендер кетті жайына.



Манастың Қосай алыпқа барғаны

Алтайдағы қырғыздың,
Ақылманы Ақбалта,
Ақырын сөйлеп, бек бастап:
- Жұрт басшысы өлгенде,

Қызық қылып біздерді,
Қытай, қалмақ бөлгенде,
Біріміз кеттік еренге,
Біріміз түстік тереңге,

Біріміз кеттік Қаңғайға,
Біріміз келіп тығылдық,
Мына қара қалмақ Алтайға.
Білгендерден сұрасақ,
Алатауды жер қылып,
Жүрген қырғыз бар дейді.
Әлеукемен алысып,
Сүрген қырғыз бар дейді.
Қатағанның хан Қосай,
Белгілі балуан ер осы.
Бекіп қалған Бейжіңнің,
Бетін ашқан ер Қосай.
Тұрып қалған Тұрпанның,
Тұсын ашқан ер Қосай.
Таудай темір гүрзі алған,
Тауды Қосай бір салған,
Тауды Қосай бір салса,
Тауды қылған тас – талқан.
Қорғанды тастан салған дейт,
Азған – тозған қырғызға,
Абам Қосай қария,
Басшы болып қалған дейт.

Келгендерден кеп ұққам,
Ер Үрбі аман деп ұққам.
Үрбінің жайын айтайын:
Екі Кемин жайлаған,
Егіз қара ат байлаған.
Күрішін күздік айдаған,
Күлігіне күріштің,
Күрмегін беріп байлаған.
Таздың ұлы ер Үрбі,
Ол дағы қырғыздан шығып ер болып,
Қайрат қылып, бел байлап,
Халқын баққан кезі дейт.
Айналайын Манасым,
Алатау жолын шалып кел,
Туғаннан хабар алып кел.
Сапарың болсын оңынан,
Жау шықпасын жолыңнан.

*Ақбалтаның сөзіне құлақ асқан Манас
қырық баланы ертіп, жолға шығады. Ұзақ*

*жол жүріп, Үш Қарқараға жетіп, одан ары
Қызыл – Қиядан асып, Ыстықкөлге келеді.
«Береке екен, бел екен, бітпейтін ырыс, кен
екен!» – деп, сүйсінеді. Ыстықкөл бойлап
жол жүріп, ат аямай мол жүріп, Шеш –
Төбеге жетеді.*

*Алыстан дарбазалы орданы,
айналдырған қорғанды көреді. Қарауылшысы
қу байталды Құтынай Манасты байқай
сала, асып – асып Қосайға шауып келіп:
«Түрі суық жан келе жатыр, жау болса,
тас қорғаныңды талқандап, түбімізге
жетер ме екен?!» – дейді. Қосай батыр
ерендерін жиып, жау – жарағын сайланып,
алдынан шығады. Манасты көрген
бойда бірден танып, жұртын қуантады.
Қырғыздар сүйініп, шаттанып, Манасты
аттарынан түсіп, айрықша құрметпен
қарсы алады. Ақсақал Қосай айкөлмен
құшақтасып көріседі, құрдастары Жақып
пен Ақбалтаның амандығын сұрап, арқа –
жарқа болып, Манасты ордасына, қорғанға
алып келеді. Тоқсан қара бұқаны садақаға
шалып, қонақ қылып күтеді. Мән – жайды
айтып, әңгімеге қаныққан соң, Манас Қосай
қариядан ақыл сұрайды.*

- Абам Қосай, қариям,
Айла тапқыш дариям,
Маңдайға шықсам, баран бол!
Қазатқа шықсам, қаран бол!
Қытай түмен, қырғыз аз,
Айыл қандай қонушы?
Қара қылам мен кімді,
Айла қандай болушы?!

Көсіліп Қосай сөйлейді:
- Талайға біткен жан болсаң,
Тауып ал Талас жеріңді.
Күтіп алғын, құлыным,
Киелі қырғыз еліңді!
Менің жайым сұрасаң,
Орай да белім буынып,

Жер жайнаған манжуға,
Жеке кіргем қол салып.
Манжу қаптап келгенде,
«Қалмайын – деп, – тұтылып»,
Көйқаптың тауын бетке алып,
Қашып кеттім құтылып.
Жетпіс күні аралап,
Жетпіс жерден жара жеп,
Толқыған қалмақ, мен жалғыз,
Тобықты жарып оқ тиіп,
Толғана алмай қалғанбыз.
Ол күннің несін айталық,
Секіріп мінер будан жок,
Серпіліп кіріп, қол салсам,
Қара болар туған жок.
Кеше қара қалмақ, манжу жұрт,
Кешуден шапты көшімді,
Ала алмай келем өшімді.
Бұдырды тіктеп, белді іздеп,
Буданым, сендей ерді іздеп.
Алатауды жағалап,
Қас буданның барлығын,
Қайра бастан тағалап,
Бекерге жатып алмадым.
«Қыраным қашан келер?» деп,
Құлағымды салғамын.
«Туған үшін, жұрт үшін
Қиратып қырғын салсам – деп,
Ақбалта, Жақып, ер Манас,
Дерегін тауып алсам» деп,
Осыны ойлап жүргемін.
«Шер екені шын болса,
Келеді» деп білгемін.
Келмесең, іздеп баруға,
Ерлерді жиып алғамын,
Тұйғыным Манас, сен үшін,
Батырларды қамдадым.
Арыстаным Манас, тілімді ал,
Қозғалып манжу, қалмағың,
Қолын жиып алмасын.
Еліңе қорлық салмасын,
Балам, қайра тартып сен кеткін,

Асып – сасып Алтайға.
Орқанның тауын таянып,
Бері көшіп қалғанда,
Кешікпей жолың шалармын,
Кәрі ағаң Қосай өлмесем,
Алты айдан кейін барамын.
Қабылан Манас, құлыным,
Сенің туғаныңды білгенмін,
Азғантай ғана еліңе,
Ту болар деп жүргенмін.
Жылқымнан қалап берейін,
Керқабыланды мініп кет,
Келіпсің Қосай ағаң,
Торқа тон жабам, киіп кет.
Қапсыра келген жау болса,
Қасқайып найза сайып бер,
Алтайда қалың туғанды,
Айналтып аман алып кел.
Жылғынды Кең – Қол, Талас бар,
Мекен қылып, қонып бер,
Шер болып тудың ер Манас,
Қырғызға пана болып бер.
Бабаңнан қалған жерің тап,
Шоң атаң өткен Ноғай хан,
Осыдан қалған елің тап.
Тура пейілім ақ екен,
Тұйғыным, саған кезіктім,
Қолыма менің сен тисең,
Токсанға жасым барса да,
Топалаңдап жау келсе,
Топтап найза сұнармын,
Табанымды тайдырмай,
Ту түбінде түнеріп,
О, балам, туынды қармап тұрармын.
Үзілгенді жалғайық,
Шашылғанды жинайық,
Жоғалған жоқты табайық,
Жұрт айласын қылайық!
- Жолыңды құдай ашсын! – деп,
Батасын ағаң бек айтты. –
Айдауда жүрген қырғыздар.
Балам, аманат саған! – деп айтты.



Манас пен Бақайдың табысқаны

Хан Қосайдан бата алып,
Қыран Манас көкжалың,
Қайраттанып аттанып,
Астындағы Аймаңбоз,
Құландай құлақ жапырып,
Құйындай жерді сапырып,
Желгеніне жел жетпей,
Желдей ұшты Алтайға.
Басқанына мал жетпей,
Құстай ұшты Алтайға.

Жұлдыздың белін асқанда,
Көк тұлпар сынды ат мінген,
Көк сілеусін бөрік киген,
Қынсыз қылыш байланған,
Белестен шықты бір адам.
«Мұның ұраны кім, тегі кім,
Тұқымы кім, елі кім?
Қақандағы туылған,
Қалмақтан келген сұм ба екен?
Батырлығы бір басқа,
Балуандығы бір басқа,
Пендеден артық шер екен,
Шоңдығы таудай ер екен.
Алдыда жүрсе ақжолтай,
Көкжалдығы көрінет,
Ақыреттік дос болып,
Туғаным болып қалса» – деп,
Батыр Манас сырттан ер,
Астындағы Аймаңбоз,
Тартып аузын бұрады,
Иір белдей мойнақта,
Беренді күтіп тұрады.

Бұл келген Байдың ұлы Бақай екен. Бай мен Жақып бірге туған, ағайынды.

*Ағасын көрген соң, Манас шаттанып:
Алдымда жүрсе ақжолтай,
Арқамда тұрса сан қолдай,
Тұйғыным Бақай абеке,
Ел билігін алыңыз,
Епті жолға салыңыз! – деп, ағынан жарылады. Бақай Манасты іздеп келе жатыр екен. Ауылға ауыл, бауырға бауыр қосылып, бірлесіп ел болуды ойлаған дана Бақай інісіне аузынан от шапқан, ұшқан оғы тігінен тисе, жсаудың тұтам сүйегін қалдырмайтын Ақкелте мылтықты сыйға тартады. Пышақпен шыбық қырқып, қолдарын қанға малып, ақыреттік дос болады. Екеуі Алтайға келіп, күллі жұртты жиып, кеңес өткізеді. Манас халқына қарата былай дейді:*

- Аға – іні жұртым, сөзімді ұқ,
Қырғыз, қазақ, жалпы жұрт.
Қолынан келсе қақаншын,
Аяйтұғын ойы жоқ,
Алмайтұғын кегі жоқ.
Қайнап жатқан қақанның,
Текес хан деген дулысы:
«Бас жақты бурут алды, – деп, –
Осы бастан оңдырмай,
Ойрандайық оны! – деп, –
Қырғыз, қыпшақ, қазағын,
Қолына беріп азабын,
Қиратайық бәрін!» – деп,
Жіберіпті хабарын.
Орғо деген ханына,
Шіреніп Шуды билеген,
Ақунбешім пашаға.
Әлеуке бастап барлығы,

Кетіріп тұр кебiмдi,
Оларға берiп қоям ба,
Атамекен жерiмдi?
Жабылып кiрсе көп қалмақ,
Жалынып жаның қала ма?
Адам болып туған соң,
Жолын ұста бабаңның,
Жаудан қашып қалмағын,
Қарын төккен қалмақтан,
Құтылар жағын қарағын.
Бұл Алтайда жерiң жоқ,
Бет алысып салыссақ,
Арқа сүйер елiң жоқ.
Қаптап қалың қол келсе,
Қырғын салып, мол келсе,
Қандай айла табамыз?
Алатауға жетпесек,
Кете бере шамамыз!
Тағдыр, Алла бұйырса,
Қазат қылмай тынбаймын,
Атамекен жерiмдi,
Азат қылмай тынбаймын!
Аруағы биiк Алатау,
Бармай қайтiп тұрайын,
Атамнан қалған жерiмдi,
Алмай қайтiп тұрайын!
Бабамнан қалған Түркiстан,
Бармай қайтiп қояйын.
Оралға шейiн жерiмiз,
Алпыс рулы алашты,
Алдырған екен қаңғайға,
Бұрынғы өткен елiмiз.
Едiл, Жайық – екi су,
Ұзын – Тау менен Кер – Көлдi,
Баласағұн қалаңды,
Тәшкен менен Қоқанды,
Самарқан мен Алайды,
Басып жатқан иелеп,
Қытайды қуып салайық,

Қайтарып жердi алайық.
Қызықты жерден айырылып,
Қияметте жүргенше,
Қырғыз ұлы болғаның,
Қырылып өлiп қалайық!

Атқа мiнiп ербейген,
Найза қармап сербейген,
Адаммын деп дердейген,
Азаматтан қалмасын!
Балтыры жуан балуандар,
Жұлқысқанын алғандар,
Қиқулап найза сайғандар,
Қылышпенен бiр тартса,
Қара тасты жарғандар,
Сойыл шабар камбылдар,
Сөзге жүйрiк даңғылдар,
Тартынып бiрi қалмасын!
Айбалта шабар ықтылар,
Айбаты артық мықтылар,
Ауылда жатып алмасын!
Алысқа сапар жүреміз,
Азығын мол ғып қамдасын!

Қару соққан ұсталар,
Бейхабар жатып алмасын,
Бабамнан қалған жердi алам,
Бар жарағын сайласын!
Келгендi қосып алармын,
Керi тартып қалғанды,
Қашанғы күтiп тұрармын?
Жүргендi жолға алармын,
Жүрегi майсыз, жүнi бос,
Жаманды не қылармын?
Ойратқа айтам мен Манас,
Ойнайды екен Манас деп,
Ойламасын кәрi, жас.
Қылымға айтам мен Манас,
Қисаңдамай жолға бас!



Атамекенді жаудан тазарту

Екі ай бұрын ер Манас,
Елге хабар салады,
Шуақ пенен Ажыбай
Шақыруға барады.

Қосынын алып жайнатып,
Жер қайысқан қол алып,
Ақ асаба, қызыл ту,
Айғайлаған ызы – шу,
Көк асаба, көпкөк ту,
Көк жаңғырған ұлы шу,
Қырғыз топ – топ, мол келді.
Желек тудан бөлінбей,
Жердің жүзі көрінбей,
Алтайдың Арал даласы,
Адам менен лық толды.
Арыстаның жүрді аралап,
Осы келген көп қолды.

*Сөйтіп, қалың әскер шеру тартып,
атамекенге қарай жөнеледі.*

*Өйткені, қалың ел көшіп келгенде қауіпсіз
болу үшін, әуелі жерді жаудан тазалап алу
керек. Ал, екінші жағынан, әскер кеткенде,
артта қалған елді жау шауып алмауы үшін,
бүкіл ел бірге көшуі керек. Осыны ойлаған
Манас барлық қырғыздардың басын қосып,
бір тудың астына жиып, дүрк көтеріліп,
Алтайдан Алатауға бір – ақ аттанады.*

*Күзет, қарауылы бар ауыл – ауылдар
бірлесіп, қолдың соңынан жүріп отырады.*

*Осылай келе жатқанда, ертесінде
кешке қарай Бай ақсақал өмірден озады. Ел
– жұрт жаназасын оқып, қадірлі қарияны
құрметтеп жерлеп, ары қарай аттанып
кете береді.*

Жер көшкендей дүңгіреп,
Асу асып, тас басып,
Аш қайқалаң бел басып,
Арқыраған су кешіп,
Аспандаған тау асып,
Түн тоғайлы жер көріп,
Түнеріңкі ел көріп,
Арада қанша күн өтіп,
Аттанатын шақ жетіп,
Оқтай болған Аймаңбоз,
Оңдап ерді салғаны.
Ойды көздей бет алып,
Ойон Манас аттанып,
Жеті бұғы, үш арқар,
Киік атып алғаны.
Мүйіздерін байланып,
Ұлар тауды айналып,
Алты қырдан қарғытып,
Асып кетіп барады,
Шиыршықты кара адыр,
Басып кетіп барады.





Текес ханды жеңгені

Үш – Тұрпанды жерлеген,
Ұрысып адам жеңбеген,
Қарасуда қаласы,
Қаһар аярдың баласы,
Құтырған Құлтаң қашыпты,
Теріс Маяда Текес хан,
Теңселіп соған барыпты.
Манасты айтып майысып,
Қосайды айтып қайысып,
Аяғын құшып Текестің,
Жылады Құлтаң жабысып:
- Бұл Манастың білсеңіз,
Ұлы атасы Ноғай хан,
Оңбай тұрған бұл бір жан.
Ұрығы қырғыз әу бастан,
Ұйғырлықтың барлығы,
Ұрысып өлдік Манастан.
Алтайдан шықты қырғыздар,
Алатауды бетке алып,
Қамданбасаң құрыдың,
Үстіңнен қарар ұлығың,
Ақунбешім ер деді,
Соған хабар бер деді.
Суң қытайдан хан қойған,
Орға батыр ханың бар,
Оған да хабар бер деді.

Мұны ұққанда қалтырап, қорқып кеткен Текес хан Құяс деген сиқыршы аярын шақыртады. Құяс ханына: «Қорқатын түк те жоқ!» – деп, тал, терек, қамыс, ши, құрай, шөптің бәрін дуалап, сиқырлап тастайды. Әлгінің бәрі сансыз әскерге айналып шыға келеді. Құястың өнерінен пайда болған сансыз әскерді көріп, қуанған Текес хан ешкімге де хабар бермей, алаңсыз жата береді. Төртінші күні Манастың әскері келеді. Текестің жер қайысқан қолын

көріп, батырлар: «Мұнша қосын қайдан келген?» – деп, таңырқап қалады. «Мына қолдан қорқып, қашып құтылмақсыңдар ма?» – деп, Манастың ашуы келіп, жауға шаппақшы болады. Алайда ақылгөй Бақай оны тоқтатып: «Мен барып, байқайын. Оларға көрініп, қашқан болайын, олар құса, тосып алып, тоз – тоз қыларсыңдар!» – дейді. Көкшолақ атын ұшыртып, шаңын бұрқыратып, жау әскеріне жетіп барады. Қол тым – тырыс. «Бұлар неге маған ұмтылмайды?» – деп, Бақай аң – таң. Бұта бойы жақындап, жанына барады – аналар қозғалар емес. Бақай байқап, найзасын сұнса, олар да найза сұнады. Мылтығын кезенсе, олар да мылтық кезейді. Бақай қылышын суырса, қалың қол да қылыш суырады. Бақай үндемей тұрса, олар да үндемей тұра береді. «Бұл сиқырлы амал болды ғой!» – деп, Бақай күліп жібереді. Қалың әскер де күледі. Мұның сырын түсінген Бақай Манасқа келіп: «Атсақ – бұлар да атады, әскерімізді қырады. Айласын таппасақ болмас!» – деп, оқ – дәріден алдырып, сиқырлы қосынды айнала төктіреді. Өздері аулақ кетіп, от береді. Сонда, сиқырланған тал, терек, қамыс, құрайдың бәрі жанып кетеді. Сиқырлы әскерінен айырылған қалмақтарды Манастың батырлары күйрете шауып алады. Бізаланған Текес хан аяр Құясты жарып тастайды. Манастың әскері ордасына басып кіргенде, құтылар жері қалмаған Текес хан өзіне өзі қанжар салып өледі.

Қыран Манас сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- Қылыш шаппай, оқ атпай,

Қиынсынып жақ тартпай,
Алдырып қойған кім дейсің?
Алмаңдар жарты инесін!
Не қыламыз қалмақтың,
Ежелден жиған дүниесін!

Одан соң Манас қалмақ халқына қарап: «Хандарың өлді. Бассыз дененің тірлігі болмас. Өздерің хандарыңды сайлап алыңдар!» – дейді. Сонда:

Қараша деген бар екен,
Нәсілі қырғыз руынан,
Бір кездері Әлеуке,
Қырғызды шауып алғанда,
Ол дағы елден қуылған.
Тоқсан мың үйлі жан екен.
Бұған дейін бұл шалда,
Даутайлық мансап бар екен.

Осы Қарашаға қалмақтар: «Хан бол!» – деп, әрі – сәрі болып тұрғанда, Сайқал атты баласы жанына келеді. Бұл – еркекше өскен қызы екен, қалмақтың балаларымен қастасып, басына бәле болмасын деп, атасы оған қырғыз екенін жасырып, айтпай өсіріпті.

Талшыбықтай иілген,
Ерлерше киім киінген,
Ақ, қызылы бөлінген,

Әйнектей көзі көрінген,
Нұрлы қызыл беті бар,
Уыздан аппақ еті бар,
Қыз Сайқал келіп сөйлейді:
- Қайтесің, ата, хандықты,
Өкімнен жұтап қалғандай,
Өліп қалған Текестің,
Тонын тонап алғандай,
Жақсы болмас мұныңыз,
Жайыңызға тұрыңыз!
Текес хан алты ағайын,
Ішіндегі данасы,
Он сегізде шамасы,
Кенжесі Тейіш деген бар,
Осыны байқап қарашы!

- Хан сайлайық Тейішті! –
Деп Қараша жар салды,
Құптап жұрты қарсы алды.
- Алып кел, – деп, – ханыңды, –
Арыстан Манас, Айдархан,
Оларға айтып қалғаны.
Текес ханның інісі,
Тейіш атты баланы,
Ақ киізге салғаны,
Қомпаңдасып қалмақтар,
Үш айналтты қаланы.



Қыз Сайқалмен жекпе – жек

Жаңадан хан сайлаған қалмақтар той жасайды. Ат жарыс, күрес, жамбы атыс өткен соң: «Енді батыр сайыс болсын!» – деп, жаршылар жар салады. Сайысқа өзін қалмақпын деп ойлап жүрген батыр қыз Сайқал шығады.

Он жетіде жасы бар,
Басында тұлым шашы бар,
Сарыбуырыл аты бар,
Сайыстан қайтпас қарқыбар.

Қарашаның қыз Сайқал,
Тоғыз құлаш найзасын,
Толғап алып жіберіп,
Тоқталмай шықты майданға.

Жау жарағын сайланып,
Сауыт, сайман саудырап.
Сайысқа Сайқал шығады.
Қазақ, қалмақ төрт жүз мың,
Қамаласып тұрады.

Сарт, қырғызы төрт жүз мың,
Сайысуға жан шықпай,
Сабыр сақтап ығады.

Бердіке мен Ақбалта:
- Бердіңдер, – деп, – намысты! –
Бекем айтты халқына.
Байдың ұлы Бақай да,
Бақылдады күйленіп:
- Қатыннан қашқан не жорық,
Бірің шық! – деп, сөйленіп,
Қанша айтса кісі ұқпады,
Қамалды, қорықты, шықпады.
Ешкім шықпай қойған соң,
Қазақ пенен қалмағы,
Бәйгені алып мазақтап,
Кететұғын болған соң,
Көкжалың Манас арланды:
- Батыр дейміз бәріңді,
Сайыстырып қатынмен,
Төктіңдер – ау арымды! –
Сырттан Манас аттанды,
Аймаңбоз мініп болқайып,
Сырнайза қолда қойқайып.
Жанышпақ болып төрені,
Қыз Сайқал қатты көгерді:
«Алтайдан келіп біздерді,
Атыспай жүдеп – жадатқан,
Қияс пенен Текесті,
Ақыретке қаратқан.
Өлтіріп Манас ханыңды,
Тыншытайын жаныңды!
Ойыннан оқыс қылайын,
Қырғыздың жұртын қырайын!»
Мұны ойланып қыз Сайқал,
Сарыбуырыл тұлпардың,
Санына қамшы салғаны,
Сарала байрақ найзаны,
Үйіріп қолға алғаны.

Алдын тосып, Сайқалды,
Қарап көрсе, қыз екен,
Нақ сұлудың өзі екен.
Сонда Манас ойланды:

«Өзім алар қыз екен,
Қатты сайсам нетер деп,
Оқыс өліп кетер деп,
Өліп кетсе бекер» – деп,
Талмау жерін көздемей,
Оңдап найза салады.
Оңалмаған Сайқал қыз,
Қағып тастап найзаны,
Қабылан Манас батырға,
Найза сілтеп қалғаны.
Оңбай тиіп төсіне,
Осы кезде көкжалдың,
От шағылды көзіне.

Қайра тартып қалысты,
Қиқырған бойда қыз Сайқал,
Қайнатып қайрат, намысты,
«Қаңғайлап!» ұран шақырып,
Арыстан Манас баланың,
«Өлер жерін тапсам» деп,
Оңдап найза сайғаны.
Оң қолтығын жырылтып,
Арқасынан Манастың,
Орқайып шығып қалғаны.
Ұстасқан бойда қыз, жігіт,
Жанасалап жарысып,
Тай шабым жерге барысып,
Қалмақтың Сайқал балуаны,
Қабылан Манас баланы,
Оң жауырыннан алғаны,
Ат күшіне салғаны,
Аудара тартып алуға,
Оңтайлатып қалғаны.

Оншалықты болмады,
Ақбалтаның Шуағы,
Оқтай атын ұшыртып,
Ортаға жетіп барғаны:
- Тартыс емес, сайыс! – деп,
Сайқал мінген сары атты,
Басқа қағып өткені.
Сайқалдың Сарыбурылы,
Жалт етіп үркіп кеткені.
Ерден ауған төрені,

Ақбалтаның Шуағы,
Иығынан сүйеді.

Айдархан, Бақай екеуі,
Сайқалдың сайған найзасын,
Ептеп суырып алыпты.
Суырған жерден қан кетті,
Елемей тұрған ер Манас,
Іші күйіп қалыпты.
Оржеміл деген дәрісін,
Жұтып алды бәрісін.
Аққан қаны басылып,
Әйнектей көзі ашылып,
Аймаңбоз атын ұшыртып,
Майданға жетіп барыпты.
Оны көріп ақырып,
«Зубундап!» ұран шақырып,
Сайқал жөнөп қалыпты.

Әйел жанды қу Манас,
Сұлуына сұқтанып,
Сұнған найза бос ұстап,
«Жараламай алсам» деп,
Аяп жүрген ер Манас,
Ашуы келді сұрланып.

Сайқал, Манас қиқулап,
Бір – біріне жетісті,
Мықтап сайып өтісті.
Қаһарланған ер Манас,
Төске найза неткені,
Дөкейсіген Сайқал қыз,
Таудай болған Сары аттың,
Сауырына кеткені.

Төсіне найза қағылып,
Көзінің оты шағылып,
Есінен Сайқал жаңылып,
Бұрып басын Сары аттың,
Бұлғап қамшы салғаны,
Бұлғақтаған батыр қыз,
Еліне қашып барғаны.

*Ашуланған Манас оны қуып барып, ат
ойнатып ақырып, сайысқа шақырып тұрып*

*алады. Манастың қаһарынан шошыған
Сайқал қыз: «Өлтірсе де бармаймын!» –
деп, атынан түседі. Тейіш пен Қараша
майданда тұрған Манасқа келіп: «Қалмақ
жығылды, намысты алдың!» – десіп, ызасы
басылмаған батырға Сайқалдың атын
тартады. Анда Манас жолына разы болып,
Сайқалдың атын өзіне қайтарып береді.*

*Ал, Қараша қызына оңашада: «Қалмаққа
қаның қосылмайды! Сен қырғызсың!» – деп,
шынын айтады.*

Одан кейін қыз Сайқал,
Арыстан Манас батырдың,
Көрінбеді көзіне.
«Нақ осыны алсам» деп,
Манастың жүрді көңлінде.
«Ақыры Манас мендік» деп,
Арман менен күн санап,
Қыран сұлу Сайқал қыз,
Манасқа жар болуға,
Құпия сыры болыпты.
Атасына жан – жақтан,
Жаушы түсіп, жан келсе,
Тұс – тұсынан хан келсе,
Жасыл ала сұп көйлек,
Кимей қойған емес пе,
«Көнбеймін – деп, – өлсем де!»
Тимей қойған емес пе?!
«Ер Манас!» деп зарланып,
Күйіп жүрген ол қандай?
Манас Манас болса да,
Арманды жарды ала алмай,
Жаратқан жанды әр қандай!
Қызармастан бозарып,
Қапаға іші толыпты,
«Қайырылмай Манас кетті» деп,
Қараша ханның қыз Сайқал,
Күдерін үзіп қойыпты.
Аты Қызыр диуана,
Қыз Сайқалдай байғұсты,
Қабылан Манас батырға,
Түсінде неке қиған дейт.
«Қияметтік жарсындар,
Ақыретте бас қос!» деп,
Көксеулерін тиған дейт!



Орға хан, Ақунбешім және Панус ханды жеңу

Мұны былай тастайық,
Алатаудағы қырғыздан,
Азырақ хабар бастайық.
Манжу, қалмақ, қаңғайдан,
Ойран болған қаласы,
Естиді қырғыз баласы,
Қалмақты сүріп келет, – деп,
Қырғыздың қыран Манасы.

*Тезірек келсе екен деп, іштерінен тілеп,
зарыға күтіп жүрген елге қарай Манас қолы
аттанады.*

Көптігінен әскердің,
Жер шайқалып дүңгірлеп,
Дауыл соғып күңгірлеп,
Керней тартып бапылдап,
Зурнайдың үні тақылдап,
Жарақтың бәрі жарқылдап,
Асаба тулар қалқылдап,
Желекті найза солқылдап,
Будан аттар болқылдап,
Туды туға ұрысып,
Тозаңды таудай бұрысып,
Шудан құлақ тұнысып,
Бөліне тартты қолдары,
Үш қанат болып жолдары.

*Сол уақытта Керкөлдегі қалмақтың
Орға ханы Көктөбеде ту тігіп бекініп,
Манастың қолын күтіп жатыр екен. Орға
хан мықты төре екен, дөң басында дабыл
қағып, бүй дейді:*

- Ақыл қашып басымнан,
Әлсіреп тұрмын мен қазір.
Қылым қырғыз ел деген,
Түпкі атасы бұлардың,
Түркстанды жерлеген.
Азып – тозып әр жаққа,

Қаңғып кетіп, келмеген,
Білмейміз қайда жүргенін,
Қазіргісін ұғамыз,
Алтай тауды жерлеген.
Аты Манас дегенін,
Адам ұлы жеңбеген.
Айласын қандай қыламыз,
Сұрадым қайрат сендерден!

*Орға хан осылай деп, амалы таусылып,
дауылпазды қақтырып, қалың әскерін қарсы
шаптырып, қырғын соғыс басталады. Қан
майданның үстінде қаһарланған Орға батыр
хан қашырына қамшы ұрып, найзасын
кезеніп, Манасқа қарсы шабады. Манас
онымен бетпе – бет келіп, сырнайзамен бір
– ақ ұрып, жүрегін жарып жібереді. Ханы
өліп, туы жығылып, қырғынға ұшыраған
қалмақ әскері бытырай қашып, Ақунбешім
пашаға бас сауғалап барады.*

Ат – тонынан айрылып,
Өзі барды біреудің.
Құлағынан айрылып,
Көзі барды біреудің.
Сол қолынан айрылып,
Оңы барды біреудің,
Оң қолынан айрылып,
Солы барды біреудің.
Басын буып құрменен,
Бөріксіз барды біреуі,
Мұрынынан айрылып,
Көріксіз барды біреуі.
Екі аяқтың бірі жоқ,
Шолақ барды кей біреу.
Басы – көзі қызыл қан,
Жасып барды кейбіреу.
«Бәлекетке қалдық!» – деп,

Сасып барды кейбіреу.
Аузына келген сөзді айтып,
Оттап барды біреулер,
Төрттен, бестен қосылып,
Топтап барды біреулер.
Төресінен айрылып,
Жоқтап барды біреулер.
«Бір туғаным өлді!» – деп,
Боздап барды біреулер.

Көріп тұрып Ақбешім,
Көлдей төкті көз жасын.
Қыжылдап барған қаңғайдың,
Талайынан кеп сұрайт:
- Қиын ба екен қырғыздар?
Қылғанын айтқын, – деп сұрайт.

Сары Қыяр аяры,
Көргенін айтып жылады:
- Ағып, тасып қаптаған,
Ажалдан басын тартпаған,
Айғайласып ұрысқан,
Ел көрдік, қалың сел көрдік.
Қайтпайтұғын ер көрдік!
Арқамыздан аз күнде,
Келе ме деп қорқамын,
Сазайыңды қолыңа,
Бере ме деп қорқамын!

Мұны ұққанда Ақун ша,
Ақылы кеткен кезегі.
Қайраттанып аздан соң,
Халқына тілін безеді:
- Тұлпар мініп, ту ұстап,
Тұрысқанда көрерміз.
Түп көтере сап түзеп,
Ұрысқанда көрерміз.
Қаза жетіп, күн бітсе,
Қайда да болса өлерміз!
Қаптап қырғыз қол келсе,
Өрттей лаулап мол келсе,
Өршеленіп ұрысып,
Ажал жетсе өлерміз!

Осыны айтып Ақун ша,
Хатшыға хатын жаздырды.
Хандық мөрін бастырды.
Тау мен ойға аямай,
Токсан жігіт шаптырды:

- Қаптап қырғыз қол келсе,
Хабарды жылдам салыңдар,
Он екі мың қол алып,
Ала – Белге барыңдар.
Шамың ша, өте балуансың,
Салысқанның бәріне,
Ақыр заман салғансың.
Қызыл Суда Бауыңды,
Жолдас қылып алғайсың.
Он алты мың қол алып,
Көтмалдыға барғайсың.
Қапшығай шыққан қойнынан,
Қызыл – Омпол тауынан,
Қарауылды мықтап қоярсың.
Қателесіп оқыстан,
Өткізіп қойсаң бурутты,
Бурут бізді жояр шын!

*Шамың ша Бауың батырды қосып алып,
Қызыл – Омпол төбеге қарауылға шығып
отырады. Бірақ Манастың қалың қолын
көргенде, қорқып, қашып кетеді. Манастың
әскері Ақунбешімнің қаласына жақындап
келеді. Сол кезде Тағылық деген батыр көп
әскермен жолын тосып шығады. Қырғын
соғыс басталады.*

Қалмақтан батыр Тағылық,
Шыға келді шабынып.
Сыр құндақты көк мылтық,
Тарс дегізіп бір қойып,
Елден шықты бөлініп.
Көк түпекті көк найза,
Көтеріп алып қолына,
Көсемсіген қу қалмақ,
Қыран Манас көкжалдың,
Келіп қалды оңына.
Оңы болмай неткені,
Аймаңбоз оқтай жеткені,

Манастың сайған найзасы,
Тесіп өтіп қалмақты,
Сыртынан шығып кеткені.

Ту түбінде қалмақтар,
Жаңбырдай қылып жақ тартты,
Бұршақтай қылып оқ атты.
Қыран Манас қабылан,
Елу мың әскер қолменен,
«Мөндүлөтүп» қалмақты,
Көк адырдан шұбатты,
Тіккен туын құлатты.

Қабылан Манас батырдың,
Тұс – тұсқа кеткен қолы бар,
Айдархан ұлы ер Көкше,
Айбаты жұрттан бөлекше,
Ол қосылды Манасқа.
Қыпшақтардың Үрбі хан,
Бұл қосылды Манасқа.
Жортуылға шықса, ақжолтай,
Жауға тисе, сан қолдай,
Ағекесі хан Бақай,
Ол қосылды Манасқа.
Ымалайдың Қайып даң,
Қарабөрік қызын тартулап,
Қайын ата болған Манасқа,
Күлдірдің ұлы Ажыбай,
Күлдіргіші Шалыбай,
Қаратоқа Мәжігі,
Қамбардың ұлы Шәлігі,
Ақбалтаның Шуағы,
Айнақұл батыр бұ дағы.
Ұлақ ханның Бердібек,
Сыны – сырғақ, өзі шер,
Атағы қалған Сырғақ деп.
Алтайдан келген қырандар,
Қырдағы қақан әскерін,
Ойды көздей сүріпті.
Ойдағысын оңдырмай,
«Ойбайлатып» түріпті.

*Алты күн соғысып, жауды жеңе
бастайды. Ақунбешім падыша қырық бес*

*жыл хан болған екен, соғысқа мықтап
дайындалған екен. Ақ жалды қара ат мініп,
алтын тәж бен алтын айшықты тон киіп,
көмкере қалқан тартынып, көпкөк темір
артынып, ұлықтарын ертіп, майданның
шетіне барады. Ұрыстың бір шеті
Шағардың қара қуысында, басы Маран
тауында, ортасы Ой – Далада, көп қаланы
қамтып, аяғы Қара – Қыршында, Қара
– Қасат сыртына кетіпті. Сары – Өзен
Шудың даласы қырғынға батып, қызыл
қанмен жуылған екен.*

«Елім қандай болды? – деп,
Жаратқанға жалынып,
Ер Манас ойлап, мұңайды. –
Падышамсың, бір Құдай,
Барлығыңа сыйындым!
Басымды байлап өлімге,
Барша жұртым жыйылдым.
Аспан – жердің иесі,
Ұлы Тәңір, бір өзің.
Көрінбей тұрып қолдадың,
Жырақ тұрып жақынсың,
Кішіге – кіші, шоңға – шоң,
Ырыс беріп жатырсың.
Өзіңе өзім шын сеніп,
Майдан құрып жатырмын.
Бас байладым өлімге,
Бабамнан қалған жер үшін!
Су орнына қан төктім,
Бөрік орнына бас кестім,
Жаратқан, өзің кешіргін!
Жүрек беріп біреуге,
Батыр қылған өзіңсің.
Дүние бермей біреуге,
Пақыр қылған өзіңсің.
Аяғымен бастырып,
Адам қылған өзіңсің.
Ақыл бермей біреуге,
Надан қылған өзіңсің.
Жарқыратып жайнатып,
Күн жаратқан өзіңсің.
Қара зұлмат қараңғы,

Түн жаратқан өзіңсің,
Бірді қылып пайғамбар,
Біліндірген өзіңсің.
Бүйтіп біздей құлыңды,
Бүліндірген өзіңсің.
Ақыл жетпес атыңа,
Жалынам жалғыз атыңа,
Жападан жалғыз Құдайым,
Жеткергейсің датыма!
Атамның жерін таластым,
Қытай көп те, қырғыз аз,
Аянбай жәрдем бергін!» – деп,
Аймаңбоз тұлпар атына,
Қамшы басып ер Манас,
Қылышын алып қолына,
Қиқулап жөнөп қалғаны,
Ақунбешім пашаға.

Қашып берді құрған ша,
Манастың түсіп алдына,
Сүрі қатты ер Манас,
Аймаңбозбен жетіпті,
Арқаға найза салғанда,
Ақ жал қара атынан,
Ақун ша құлап кетіпті.
Арт жағынан ақырып,
Айнақұл жетті бақырып,
Ақун шаның сол жерде,
Қылышпен басын кесіпті.
Қырғын түскен далада,
«Қырғын шалым болғын» – деп,
Ер Манас айтып өтіпті.
Содан былай шораның,
Айнақұл аты өшіпті,
Қырғылшал атқа көшіпті.

*Ханы өлген соң, қалың жау жеңіліп,
қырылғаны қырылып, тұтқыннан аман
қалғаны тоз – тоз болып қашып кетеді.
Меркіш, Мерке, Шамың ша және Дабаға
деген қаңғайдың төрт ұлығы бас біріктіріп,
қалың қолмен қырғыз, қазаққа қырғын
салуды ойластырып, даярлана бастайды.
Олармен бірге талай жыл қырғыздың жерін*

*билеп – төстеген Тәшкендегі Панус хан да:
«Ақунбешім пашаның құнын аламын!» – деп,
көп әскермен Шу тарабына аттанады.*

*Шыршықтың тауында Алаштың
қалың елі бар екен, Баймырза деген бегі
бар екен. Ол Шалабай деген балуанын
шақыртып алып, барлығы шапқылап
Көкетайға барады. Жанаділдің Көкетай
көп жасаған кәрі екен, көк ала сақал шал
екен. Бұл елдердің барлығы қытайға қарап
тұрған заманда Көкетай хандық шен алған
екен. Байлығымен Түркістан жұртына
мәлім болыпты. Қырғыз, қазақ оған келіп:
«Тәшкендегі Панус хан қытай, қалмақтан
көп әскер жиып, жорыққа аттанды,
қырғыздан тірі жанды қоспады. Бұл қалай?
Осының жай – жапсарын білдіңіз бе?» – деп
сұрайды.*

Көкетай сонда сөйлейді:
- Аз күннен бері ұғамын,
«Отыз ұлды қырғыздың,
Ойығынан шықты деп,
Он бір шаһар төбетті,
Ойран қылып жықты деп,
Алтайдағы қырғыздан,
Аты Манас мықты» деп.
Шу бойында қырғызды,
Қытайлар қазір жиды дейт,
Манастан көрген қорлықтың,
Өшін содан алуға,
Қырғыз, қазақ тұқымын,
Тұтас қырып салуға,
Кеңесін қатты қылды дейт.
Әуелден құрған қорғаның,
Он екі қақпа Тәшкенді,
Қанша заман жыл болған,
Қытай бізден алғалы,
Қырғызға қорлық салғалы.
Бұқара болдық қаңғайға,
Бұйрығын тұттық әр заман.
Басқа түсіп қалмасын,
Басқаша қиын тар заман.
Қанша күннен бер жаққа,

Қытайдың пейілі бұзылды.
Хан ордасы жағына,
Жолатпайды қырғызды,
Панус деген ханына,
Баста жақын болғандар,
Бара алмай қалдық маңына.
Сақтықта қорлық жоқ деген,
Өзенді Тәшкен шәріне,
Өрт күйдіріп салмасын,
Манастан көрген қорлықтың,
Өшін бізден алмасын.
Таудағы елдің барлығы,
Сақ болып, жолды барласын.
Басқы атамыз Қарахан,
Ер Тұраннан тараған,
Он бірінші атамыз,
Аруағы биік Алаш хан.
Хабарласқын жер – жерге,
Ұрығы алаш елдерге!

Көкетай қарияның бұл сөзін бәрі мақұлдасып, қырғыз, қазақ – алаш елі қалың қол жиып, жауынгер батырларын атқа мінгізіп, Панус хан әскерінің артынан жөнеледі.

Оны тастай салыңдар,
Манастан хабар алыңдар.
Буданды мініп бұлқыntyп,
Бұлт көшкендей бұрқырап,
Бара жатыр батырлар,
Қазақ, қырғыз халқы бар.
Манжурия, маңғұттан
Қырғызға өткен қаншалар,
Өңкей батыр қарқыбар.
Түн болса, жұлдыз санасып,
Күндіз жолды қарасып,
Желек тудан бөлінбей,
Жердің жүзі көрінбей.
Бара жатыр батысқа,
Беттеп келген дұшпанға,
Заманақыр салмаққа,
Қырғын салып қалмаққа,
Суң қытайдың қолынан
Тәшкенді қайтып алмаққа.

Басшы Манас жолбарысы,
Өңшең шерлер – жолдасы.

Панус ханның әскеріне Ақунбешімнің қашқан қолы қосылып, өте көп әскер болған екен. Манастың қолы үш күн, үш түн соғысып, қызыл қанды кешіп жүріп, жауды тықсыра бастайды. Сол кезде Көкетайдың көп қолы жаудың артынан тиіп, шегінер жолын бөгеп тастайды. Қыспақта қалған жау қырғынға ұшырап, қашқаны қашып, быт – шыт болып жеңіледі.

Көпкөк желек туменен,
Қиқырық, ызы – шуменен,
«Қырғыздаған!» думенен,
Қыран Манас жөнелді.
Ала байрақ туменен,
«Қазақтаған!» шуменен,
Көкше батыр жөнелді.
Ақ асаба туменен,
Айғайлаған шуменен,
Қыпшақ Үрбі жөнелді.
Батыр Бақай, Баймырза,
Басшы болып қолына,
Бастап алып жөнелді,
Кең Тәшкеннің жолына.

Қалаға кірді қаптасып,
Он екі қақпа Тәшкенге.
Тиіс емес ежелден,
Түрк ұлынан басқа елге.
Түбін түптеп таспенен,
Түрк баласы салдырған.
Түбі тастан болған соң,
Тәшкен атқа қалдырған.
Қастық қылып қалмақтар,
Қақандағы қытайға,
Екі жүз жыл алдырған.

Суң қытайдың Панус хан,
Алтын тақта отырған.
Ол бейхабар тұрғанда,
Айғай салып көп алаш,
Қалаға кірген шағында,

Кернейдің үні бапылдап,
Зурнайдың үні тақылдап,
«Манастап!» ұран шақырып,
Көшенің ішін көшіріп,
Көкке шаңын сапырып,
Әскер кіріп алыпты.
Тақта отырған Панус хан,
Талып құлап қалыпты.
Тәшкеннің іші ду болып,
Дабыр – дүбір шу толып,
Таң атырды көпшілік,
Даңқы биік көп түрік.

Ер Манастың қосыны,
Неше күн еру болады,
Шыршық, Тәшкен жеріне,
Ондағы қырғыз еліне,
Қарт Көкетай батырды,
Хан көтеріп қояды.

Көкетайдың көк туы,
Көтерілді қалқылдап.
Манастың қолы жол тартты,
Алтайды көздей сартылдап,
«Енді Алатауға көшсек!» – деп,
Тілейді ерлер жарқылдап.



Қырғыздардың Алатауға келуі

Абаң Қосай қария,
«Қаза жетсе, өлем, – деп, –
Қабылан Манас батырға,
Қаран болып берем!» – деп,
Көк темірдей қол алып,
Манасқа келіп қосылған.

Қапасын жанның кетіріп,
Жалпы қырғыз біткенді,
Жайбарақат көшіріп,
Қайран абаң ер Қосай,
Ағала желек, көк туды,
Ырғап көшіп келеді,
Бәрінің шері жазылып,
Жырғап көшіп келеді.
Жақыпта бар сан қара,
Ақбалтада түмен мал.
Аңсағаны Алатау,
Ерекше тонын киісіп,
Желмеген жорға мінісіп,
Тынбай көшіп өгісіп,
Кіші – Жұлдыз, Шоң – Жұлдыз,
Ағын суын кешеді,

Өгіз – Асу, Тай – Асу,
Қатар асып келеді.
Іленің басы Үш – Арал,
Еру бола береді,
Үш – Жырғалаң, Қоңызды,
Бойлай көшіп жүреді.
Ат терлетіп сыдырып,
Тегіс көшіп қыдырып,
Ылди қарай бет алса,
Қарқылдаған қарға жоқ,
Құрқылдаған құзғын жоқ,
Сары – Өзен – Ата дер екен,
Кең Іленің жиегі екен.
Аққан судың бойына,
Шоң өзеннің бойына,
Жағалай жұрт қонады.
Елін бастап осында,
Жеті күн Манас жатады.
Көш тоқтатып, жұрт жиып,
Үш күн жиын ашады.
Көкке аунасып жатысып,
Құмарға әбден батысып,
Сөзді ортаға салысты,

Кеңес қылып қалысты.

Алағар көзі шолпандай,
Ай құлағы қалқандай,
Абаң Қосай қария,
Ақ сақалы жарқылдап,
Ақ самалдай аңқылдап,
Кеп бастады Манасқа,
Ақ сұңқардай саңқылдап:
- Айналайын құлыным,
Кеше келдік Алтайдан,
Өбектеген кәрі бар,
Еңбектеген бала бар,
Ауыл қандай қонбақшы?
Қиырында қалмақ бар,
Қирасып ұрыс салмақ бар,
Маңдайында маңғұл бар,
Майдандасар жерің тар,
Айла қандай болмақшы?
Өзенге малды салайық,
Өрлей жатып қонайық.
Қапшағай аузын алайық,
Қатарлас жатып қонайық.
Тірі болсақ құлыным,
Бір төбеге қонайық,
Өле қалсақ оқыстан,
Бір молада болайық.
Өзегі қара дау келсе,
Төр таласа жүрейік,
Өкімсіген жау келсе,
Өр таласа жүрейік.
Дауды бірге даулайық,
Жауды бірге жаулайық.
Қарағай найза баулайық,
Мылтықты бірге оқтайық,
Білтені бірге шоқтайық.
Азған, тозған қырғыздың,
Намысын бірге жоқтайық.
Біздер болсақ кәріміз,
Кеміп барат әліміз,
Азғана қырғыз еліңді,
Өз қолыңа алыңыз.

Сенсің біздің ханымыз.
Қырғыз біткен түгелдей,
Дегеніңе көнеміз,
Хандықты саған береміз.
Қара болат айбалта,
Қайқайтып көкке ұстай бер,
Қамауда қалған халқыңды,
Қапа қылмай бастай бер!
Қаптап дұшпан келгенде,
Керқабылан аузын бұрамын,
Арқа болып өзіңе,
Қалқа болып халқыма,
Таудай болып томсарып,
Ту түбінде тұрамын!

Өзіңді қашан келет деп,
Күтіп жатқан жұртың бар,
Қазына қамдап, қол жина,
Қайратты мықтап мол жина,
Бекінетін жерді тап,
Белі мықты ерді тап.
Кемел ойла басынан,
Кемімес болсын қазынаң.
Қалың боран, қатты күн,
Қаншалық өтер басыңнан.
Қыр – қырда қырғыз еліңе,
Қызыққан жандар тағы бар.
Буданын демдеп, суытып,
Байлап жатыр Әлеуке,
Қалмақ пенен маңғұлын,
Сайлап жатыр Әлеуке.
Семіріп, сергіп оңғанда,
Секіге шығып қонғанда,
Еліңді түгел басқарып,
Өз еркіңше тұрғанда.
Ол сені қоймас жайыңа,
Сұраудан ұғар жөнiңді,
Күтiнбестен сен жатсаң,
Айналтып шабар еліңді.

Осыған мойын бермеске,
Оқ өтпеген тон қамда,



Қусан жетпей қалмасқа,
Оқ жетпеген ат қамда.
Қызыр шалған Манасым,
Саған мықтының бәрі жолығар,
Қызметінде болсам деп,
Қаншаның көңлі толығар.
Ат семіртіп, мық қылғын,
Азаматты қырық қылғын.
Жөндеп алғын жоранды,
Таңдап алғын шораңды.

Бұдан ары көшкенде,
Сары – Өзеннің аяғы,
Белестен бейхабар адам желмеген,
Беттеп дұшпан келмеген,
Кәдімгі Талас, Кең – Қол бар,
Халыққа жеткен хабары.
Жайлай көр осы жерінді,
Күте көр қырғыз елінді.

Құлыным, көшіп келіп Алтайдан,
Халық құрапсың әр жайдан.
Кәрі де болса көмекпін,
Әлі де саған керекпін,
Қара жанға күш келсе,
Таянар болсаң терекпін.
Арық едім, семірдім,
Ашығып едім, тойындым.
Жарлы жүріп байыдым,
Жалғыз едім, көбейдім.
Алтайдан Манас табылды,
Абиырым бүйтіп жабылды!

Одан кейін ақылман Ақбалта кеңінен
толғап, арыдан қозғап, Алтайға қуылған
кезден бастап, көрген күндерді бір шолып
келіп, елдің бағына туған Манасқа алғысын
жаудырып, енді өз елі – Нойғұтқа баруға
рұқсат сұрайды. «Құттыбиді бізбен бірге
жібер, нойғұтқа хан қылып, Манасқа
тете ұлым деп сыйлап тұрайын!» – дейді.
Құрдасын қимай Жақып сөйлеп, Алтайда
бір – біріне таяныш болғандарын айтып,

ризашылығын береді. «Манасқа тілеулес
пана бол, халқыңа қаран бол!» – деп,
құшақтасып, жылап қоштасады.

Айкөл Манас кеп айтат,
«Туғандар ұққын! – деп айтат. –
Ұрынатын тау жатыр,
Ұрысатын жау жатыр,
Асатұғын бел жатыр,
Қапталыңда тіс қайрап,
Хан Әлеуке бұл жатыр.
Ажал жетсе өлерміз,
Келген екен кезегі,
Қылымның ханы Әлеуке,
Қарсылдасып көрерміз.
Аққулар жүзген көл таптым,
Тұлпарым тоқтар төр таптым.
Қалмақты көрсе қайысқан,
Маңғұлды көрсе майысқан,
Туғаным қырғыз ел таптым.
Қапшағай таптым, төр таптым,
Айдаған малым толарға,
Айдынды Талас жер таптым,
Ауылым көшіп қонарға.
Халқым, қабыл болсын тілегің,
Орнына келсін жүрегің,
Ажал жетпей, күн бітпей,
Мұнша неге жүдедің!
Жанына жанның бара алмай,
Жұртым, жалтақ болған екенсің,
Жабыласа көп қалмақ,
Қорқақ болған екенсің.
Тұқымнан тұқым иеленген,
Тау сенікі емес пе,
Тұнып аққан өзенде,
Су сенікі емес пе?
Қалдайып қалмақ басыпты,
Кеше атамыз өткен бұл жайды.
Адам болып сөз біліп,
Еркек болып ат мініп,
Ер атанып жүрген соң,
Атадан қалған жерімді,
Атасы басқа дұшпанға,

Алдырсақ құдай ұрмай ма?
Кімге қаран болайын?
Кереге жайып, уық сайып,
Қатарласа қонайын!
Өкімсіген жау келсе,
Өр таласа жүрейін,
Өзегі қара дау келсе,
Төр таласа жүрейін.
Ұрынса қалмақ қол салып,
Айқасып бір көрейін.
Сандалып қырғыз қалыпсың,
Өттең дүние, не дейін!

Алты сан аман тұрғанда,
Ыйық қырғыз жерімді,
Басқаның бұты басқанша,
Асыл қырғыз халқымды,
Төбелетіп бөтенге,
Құр қарап босқа жатқанша,
Тумай туа шөгейін,
Тірі жүрмей өлейін!
Атқармасам антымды,
Ақкелтенің оғы ұрсын,
Көк білтенің шоғы ұрсын.
Төсі түкті жер ұрсын,
Төбесі ашық көк ұрсын.
Атқармасам антымды,
Көк тәңірім өзі ұрсын!»

Манас мындай дегенде,
Келгендер ұйып сөзіне,
Көздеріне жас толып,
Қырғыз біткен кеп айтат,
Бейілденіп бек айтат:
«Үйір сағынып ат келет,
Ел сағынып ер келет,
Ел басына күн туса,
Ел жаратқан ер келет.
Қара боран күн жауса,
Бұл Манас қалқа болады екен ғой.
Қалдайған қалың ел құрап,
Бұл Манас арқа болады екен ғой.
Ер тоқынып ат мініп,

Белеске шығып үй тігіп,
Адам болады екенбіз.
Қол жиса қоса барысып,
Қос қолдап найза сайысып,
Бала Манас қыранға,
Енді қаран болады екенбіз.
Түгел қырғыз баласы,
Көретұғын күн бар ғой,
Ішетұғын су бар ғой.
Басымызды қорғаушы,
Байғұс болған бұл жұртта,
Енді бала Манас ту бар ғой!»
*Сөйтіп, Қосай, Ақбалта қариялар өз
елдеріне аттанады.*

Бер жақта қалған қырғыздар,
Ілесіп айкөл Манасқа,
Бет ала көшіп бөгелмей,
Аман жетті Таласқа.
Келісімді кең Талас,
Тұрған екен жайқалып,
Төрі жатыр шалқайып.
Тоғайы бар, талы бар,
Ол тоғайдың ішінде,
Жан – жануар бәрі бар.
Ана жағын қарасаң,
Қан – Жайлаудың қайқысы,
Осы жерден айрылған,
Қайран қырғыз жұртының,
Тұмсығының тайқысы!
Мына жағын қарасаң,
Үш – Қосайдың бөкесі,
Мұны жайлап тұрғанның,
Болар ма екен өкпесі!
Тура жағын қарасаң,
Қарабура, Шатқалы,
Көз жетпеген асқағы,
Көкті тіреп жатқаны.
Ай, жарықтық кең Талас,
Ер Манасқа жер болып,
Жергелей келіп ел қонып,
Төрткүлдің төмен жағына,
Ту тікті қырғыз жаңадан,
Тұйғын Манас тағына!





Әлеуке ханның қашқаны

Арыстан Манас батыры,
Айбатын қара ақыры:
Астыңғы ерні албайып,
Үстіңгі ерні далбайып,
Мұрыны таудың қырындай,
Мұрты таудың ағаштай.
Кірпігіне қарасаң,
Көлге біткен қамыстай,
Көзі көлдің орнындай,
Қаһарланып қараса,
Көрінгенді жұтқандай.
Әр мінезін қарасаң,
Аждаһа болса тұтқандай.

Көркі қалша, көзі тік,
Көбіне айтса, сөзі тік.
Жолбарыс жүрек, тас білек,
Жаурыны қалың, жар қабақ,
Жорығына қарап бақ.

Атасы Жақып болса да,
Мойнына қойса қылмысын,
Қара қылды қақ жарып,
Қадаған сұрақ қылышын.
Қылая қарап күлмеген,
Күлгеннің сырын білмеген.
Күңірене сөйлеген,
Күші артылған дүниеден.
Жаны қалмай аянып,
Жатпай шықты үш күні,
Жалаң қылыш таянып.
Шынтағын жерге салмады,
Көз шырымын алмады.
Сырын білген шоралар,

Қорқып жаны қалмады.
Анда Манас қабылан:
«Тілімді білген жұрт болса,
Тілімменен келсін, – деп, –
Тіл білмеген жұрт болса,
Тілімәші жауап берсін, –деп –
Өзімді білген жұрт болса,
Өзімді біліп келсін, –деп, –
Өзімді білмей қалғаны,
Сөзімді біліп келсін!» – деп,
Хабар салды халқына,
Қалың қырғыз жалпыға.

Атасы Жақып кәрі бар,
Ақылманның бәрі бар.
Ақбалта, Ошпыр тағы бар.
Айдархан ұлы Ер Көкше,
Бәрі келген шағы бар.
Өлімнен қорқпас көп жандар.
Пілдің жүгін кигендер,
Бірі мыңға тигендер,
Жарағын темір кигендер,
Жалғызы санға тигендер.
Басшысы Бақай дағы бар,
Батырлардың бәрі бар.

Күлдірдің ұлы Шалыбай,
Күлдіргіші Ажыбай,
Қыранның бірі Құтынай,
Сары үйсіннің Сатайы,
Алшындардың Атайы,
Үйсіндердің Үметі,
Үмет ұлы Жайсаңы,
Арғын Қарақожасы,

Баубек, Шаубек, Шүкірі,
Болған іште пікірі,
Арбандардың Алтайы,
Алдына келіп жиылды,
Ақылманның талайы.

Дөрбөндөрдің Тортайы,
Дөп сөйлеген сөз жайы,
Төлгеші қара Төлегі,
Тегін емес өнері,
Ағыбай жауырын көруші,
Анығын айтып беруші,
Топтың басы Тоқатай,
Ел билеген Еламан,
Халық басшысы Қалқаман –
Қабылан Манас батырға,
Қашып келген арқадан.
Сырттан Сырғақ, Серегі,
Сырттан Манас батырға,
Қысылса тиген керегі.
Көш бастаған Ыбышы,
Мүлт кетпеген қылышы.
Әлімнің ұлы Алакен,
Манжурия қалмақтан,
Манжуына бек қойған
Батырдан қанша бар екен.
Түмен қырғыз жол жүрсе,
Түлкінің ізін жаңылмас,
Қараңғыда қол жүрсе,
Қалқылдап жырақ жол жүрсе,
Қарсақтың ізін жаңылмас
Қадыр, Жайнақ, Шуты бар,
Халықтан шыққан қуы бар.
Қазақтардың жауырыншы,
Қайғуыл, Бөгеуіл, Торуылшы,
Шыңғының ұлы Кербені,
Сыптай қасқа Дөрбені,
Бөрі жалды Бөгелі,
Жауды алыстан көрері.
Ыраман ұлы ықтысы,
Ер Тазбаймат мықтысы,

Қазат десе қамданып,
Қасқайып жауға шығары.
Ақбалтаның Шуағы,
Арыстанның бірі бұ дағы,
Қырықтың басы Қырғылы,
Қылымды жеңген дыңғылы.
Набаттардың Қалдары,
Қаптап келді жиынға,
Барлық қырғыз балдары.
Себілдісі сексен төрт,
Серп алған жағы қызыл өрт.

Батыр Манас кеп айтат:
«Кеңесіме келгенің,
Кенен ұққын, – деп айтат. –
Атамнан қалған жер үшін,
Аттанғалы тұрамын.
Ақылманның бәрінен,
Бабалардың жорығын,
Бастан – аяқ сұрадым.
Қалмаққа қаһар салмасам,
Қара жаным тыншымас,
Әнжиянда Әлеуке,
Қаласын бұзып алмасам!
Атамнан қалған жер екен,
Намысты қырғыз санай ма?
Ынтызар болдым алуға,
Аспара менен Алайды.
Көрмегенді көріпсің,
Көріне көбің өліпсің.
Алдырып қойып қалмаққа,
Намысың жоқтан жүріпсің.
Шапқан балта өте ме,
Шақырлаудың тасына,
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына.
Өлім жайлы ойлама,
Өмір тіле басыңа,
Өмір берсе басыңа,
Кеткен дұшпан дос болып,
Қайра келер қасыңа.

Жатқан қалмақ елін көр,
Көптігімен күшенген,
Абайлап жүрсең бұл күнде,
Аяғың шығар кісеннен.
«Қонған жерден көшкін, – деп,
Алысырақ кеткін, – деп,
Не болмаса кешікпей,
Қол қусырып, бел бүгіп,
Қасыма менің жеткін!» – деп,
Әлеуке елші жіберді.
Жұртым, бұған не дейсің?
Әуелден бермен білесің,
Әлеукенің қорлығын.
Көтерем қайтіп мен өзім,
Оның қырғызға қылған зорлығын.
Күйленсе, күшін көрейін,
Күнім бітсе, өлейін.
Жүр, жүрге салып көшіріп,
Жүдетпесін майдасын,
Атасы үлкен, малдылар,
Алайға барып жайласын!»
Қабыланың кепті салғаны,
Қалың жұрт ұйып қалғаны.

Айдархан ұлы ер Көкше,
Айбаты жұрттан бөлекше,
Орнынан тұрып кеп бастап,
«Ой, халайық! – деп бастап. –
Біріншісі жер пайда,
Білім керек мындайда.
Екіншісі ел пайда,
Еңбек қылып, бас байлап,
Ел табушы ер қайда?
Қазақ, қырғыз шашылып,
Қашанғы жүрмек әр жайда?
Есірген екен Әлеуке,
Иесін жерден көшкін деп,
Қасына барсақ қайтеді,
Қай жерден көшіп сен келсең,
Әлеуке, қайырылып тұрмай кеткін!» –

деп.

Көкше мындай деген соң,
Көпшілік қамын жеген соң,
Мақұл көрді бәрісі,
Жасы менен кәрісі.

Сонда Манас батырың,
Әсемін елден арттырды,
Алтын ауыз кернейді,
Арылдата тарттырды.
Алтындатқан абайын,
Арғымаққа жаптырды.
Қоңыраулы қара нар,
Қолға күші барабар.
Қозғалғанда төреңнің,
Салтанатын қараңдар.
Қайратын көрсең – Қаратау,
Қатылған пенде қалмайт сау.
Айбатын көрсең – Алатау,
Асылған қалмас аман – сау.
Болжалына қараса, –
Болат өтпес қара тас.
Гүрзі тисе ойылмас,
Тұйық сүйек, шойын бас,
Аз кигенім дегені –
Атан түйенің жүгі бар.
Адам ұлы тік келмес,
Айдаһардың түрі бар.
Ызғарлы айтқан сөзі бар,
Шырқыраған шіркіннің,
Қызыл жалын көзі бар.
Жүзінің кәрі жайылып,
Күркіресе күн болып,
Күндіз күні түн болып,
Бетіне шығып қаһары,
Арыстаның жауға аттанды!

Марғалаңда тақта отырып, Алтышар мен Қоқанды билеп, айналадан алым алып тұрған қаһарлы Әлеуке ханның тізесі елге әбден батқан кезі екен. Манас қалың қолмен келе жатқанда, сексен аяқ сиқыршысы Әлеуке ханға: «Манас келсе,



аман қалмаймыз. Қақанға қашып кетейік!»
– деп, кеңес береді. Шындап қорыққан
Әлеуке соғыспай, қашып құтылмақшы
болады. Бірақ, бірер күннен кейін артынан
Манас қалың қолымен қуып жетеді. Әлеуке
ханның Түкірік деген бір мықты батыры:
«Мен оны өзім – ақ жайғап тастайын!» –
деп, ерсініп, Манасқа бетпе – бет барады.
Бірақ, Манастың түрін көріп, сүрінен үрейі
ұшып, «жүрегiнен қап кетiп, бiлегiнен сап
кетiп», өлiп қалады. Әлеуке айлалы, аяр кісі
екен, Манасты сынай қарап:

- Кірпігі жалын, көзі шоқ,
Кісiде мұндай келбет жоқ.
Алып қарақұс арбайып,
Аспаннан шеңгел салғандай,
Көсеу құйрық көкбөрі,
Қорғаушысы болғандай,
Қара шұбар жолбарыс,
Қарсы алдында тұрғандай!» – деп, зәресі
кетеді. Соғыспай құтылуды ойлайды.

Ойран болып Әлеуке,
Амандығын тіледі,
Айласы түгел таусылып,
Енді ер Манасқа келгені:
- Дұшпаныңмын мен, – деді,
Дұшпан да болсам, жан сауға!
Амандық бергін сен, – деді.
Ұрынбадым, қарадым,
Тыныштықты қаладым.
Қанатым сынды, қол шықты,
Әзір мені қамадың.
Өршін Қоқан, Әнжиян,
Түп атаңның жері еді.
Иелеп алып бермедім.
Шырай берсең, тұрайын,
Жауласпай мойын сұнайын,
Жол берсең, кетіп тынайын.
Рұқсат сізден жоқ болса,
Қайтіп мында тұрайын?
Өкініш жоқ сөзімде,

Өлім жақын өзімде.
Арыстан Манас екенсің,
Ажал оғы кезеніп,
Тұрады екен көзіңде.
Алтайдан бергі жерді алдың,
Алуан түрлі елді алдың.
Аяғыңда келдің де,
Әлеукеге қол салдың.
Қорықтым салған қолыңнан,
Рұқсат болса өтейін,
Өзіңнің басқан жолыңнан.
Құс құтылмас әуеде,
Қылымға жайған торыңнан.
Жайдары Манас төресің,
Жамандық келмес қолыңнан!
Мүлт жібермес мергенім,
Үлкен ұлым Баукені,
Өзіне тарту берейін,
Ақ үйліге алғаның,
Уағда сөзде тұрмасам,
Менің қара басыма,
Заман ақыр салғаның!»

Қиын екен Әлеуке,
Құйын сөзбен ағылды,
Аяр екен Әлеуке,
Жанын тілеп жалынды.

Қыран Манас кеп айтат:
«Мұнша неге қыстадың,
Ей, Әлеуке!? – деп айтат.
Жалынып жаның сұрадың,
Жайыңды көріп тұрамын.
Шақырсам шындап жынымды,
Кең Әнжиян баурынан,
Кетірсем едім бірінді.
Түмен қытай еліңіз,
Шет Бейжінде жеріңіз,
Қытайға Манас тимеді,
Қырғыздың жерін жерлеуге,
Тізгінді саған кім берді?»

Қай, қайда жатыр жеріңіз,
Қалмақ, маңғұл еліңіз,
Қалмаққа Манас тимеді.
Атамның жерін алуға,
Ерікті саған кім берді?
Көп шұқыма жарамды,
Көш те қазір тез жоғал,
Көргізбей қайтып қараңды!»

Осылай келіскен соң, Әлеуке хан халқына: «Ұрыспай, соғыспай, Орқонды көздей тарайық!» – деп, түнделетіп жолға шығады. Екі жарым ай жол жүріп, жеріне жетеді.

Алдынан шықты жолығып,
Әлеуке ханның баласы,
Батыр туған Қоңырбай,
Атаған оны Қоң төре,
Қытайда қиын шоң төре.
Бейжінде жақын туғаны,
Бес жыл сонда кетіпті,
Оқуын оқып қытайдың,
Он сегіз жасқа жетіпті.
Бейжіннен бері қайтқанда,
Көшкен елді көріпті.
Білген соң көшкен себебін,
Жыны қатты келіпті.
«Кенже балам келді!» – деп,
Өбейін десе атасы,
«Өппей өліп қалғын!» – деп,
Қағып тастап, бүй дейді:
- Әнжиян еді тұрағың,
Мына қылған ісіңе,
Қайран болып тұрамын!
Манжу менен торғауыт,
Бәрін қайда жоғалттың?
Қырғызға қырғын салмапсың,
Ферғанадан қашқанша,
Қытайға қарай асқанша,
Қырылып бәрің қалмапсың?
Бейжінде қытай ұрығың,
Ферғанада атеке,

Кімнен қорқып құрыдың?
Өңкей қытай кетті ме,
Бейжінге қашып сен барсаң,
Өлмеске көзің жетті ме?
Қызылдай дүние шашар ма,
Қырғыздан қытай қашар ма!?

Қоңырбай налып біткенде,
Әлеуке сонда сөйлейді:
- Айтасың, балам, ерсініп,
Қастасқанын сау қоймас,
Манас оңай көрінбейт!
Қылайтып қырып салардай,
Қырғыз оңай көрінбейт!
«Атамның жерін бергін!» – деп,
Алтайлық келіп қамады.
Зәрі қатты Манасы,
Кетірді менің шамамды.
Кепкенсің бе, балам сен,
Бейжін де бұдан сау қалмас!
Қара күшке есірме,
Қақан да бұдан сау қалмас!
Бедеудің жалын өріп ал,
Бетімен маған кіжінбей,
Беттесем десең Манаспен,
Бейжініңнен көріп ал!
Әліңе қарап ойнағын,
Ақылыңмен ойлағын!
Айбатына, сүріне,
Ақылмен ойлап жетпедім,
Құрысын жалған дүние,
Құтылар жағын ептедім.
Қашу керек, амал жоқ,
Бекерге айтпа сөзіңді,
Бейжінге жеткіз өзімді.
Ақыры Манас бір барар,
Көрермін сонда күшіңді,
Бітірген сенің ісіңді!

Бұл сөзді естіп ойланды,
Қоң төре тілі байланды.



Саурық ханмен соғыс

Алайдың түстік жағында, ар жағы Тағарма, басы Даң – Дуң тауында Маймундық деген ел бар екен. Оның ханы Саурық қырғыздардың жақын келгеніне күйініп, кәріне мінеді. «Қырғызды қырайын, Алайдан асыра қуайын!» – деп, соғысқа қамданады. Үш ұл, екі қызы бар екен, үлкен қызы Ақылай ақылды, сұлу екен. Сол қызы түс көріп, атасына келіп айтады.

- Ата сізге кеп айтам,
Алысты көздеп жорыққа,
Аттанбаңыз деп айтам!
Жетіген жақтан сел келді,
Селмен көшіп жер келді,
Сел батпаққа қалыппын,
Сенделіп қашып алыппын.
Ағып суға өлерде,
Алтын берік шынарға,
Тырмысып шығып барыппын.
Ашасында отырсам,
Атеке, келдің қасыма.
Терекке қалдық тербелмей,
Керіде қалдық еленбей.
Су қаптады, сел болды,
Қиян менен қыжылдап,
Ағып жүрген ел болды.
Жорушыңыз бар ма еді,
Атеке, бұл түс не болды?
Жүрегім шошып айырылып,
Жүдедім жаман қайғырып,
Алтайдан келген қырғызға,
Асылып алып, атеке,
Жүрмеңіз тақтан айрылып!

Хан Саурық оған болмады,
Түсін жорып толғады:

- Қиян, сел қаптап келгені,
Қырғыз деген ел келді.
Шыққан шынар терегің,
Шындап құдай бергені.
Шауып алып қырғызды,
Тағына мінген өзім ғой,
Осы түс сенің көргенің!

Осылай жорып Саурық хан,
Дауылпазы қағылып,
Туға байрақ тағылып,
Алайда жатқан қырғызға
Қосыны келіп қол салып,
Нойғұттың жерін шалыпты,
Ошпырдың аулын оңдырмай,
Оқшыны шауып алыпты.
Оқшы қырғыз ұрығы,
Ойбай салып құрыды.
Жеті мыңдай жылқыны,
Желіден Саурық айдады.
Топалаңға түсіріп,
Қалаба қылды қалшасы,
Қырға шығып құтылды,
Қырғыздардың қаншасы.

*Бұл сұмдықты көріп, асып – сасып,
есі шыққан Ақбалта ақсақал осы жаққа,
Күлішменің тауына киік атып, аң аулап,
келген Манасқа мына қырғынның хабарын
ойбайлап жеткізеді.*

Әне, міне дегенше,
Алпыс мың қосын әскерін,
«Артымнан келе берсін» – деп,
Арыстан Манас көкжал ер,
Киік аспас тауменен,
Бастырып қия белменен,
«Шайқасам, – деп, – өлгенше,

Өзі тиген жауменен!»
Асып түсті Алайға.

Ақкелте мылтық асынып,
Байланды албарс қылышын.
Шарайна төске тартынып,
Қару – жарақ артынып,
Белдемше темір байланып,
Жауар бұлттай айналып,
Қосынымен ер Манас,
Майданға барып тұрғаны.

«Ажалайлап» ұрандап,
Саурықты құдай ұрғаны.
Дөгеші атты балуаны,
Төрт мың қосын алғаны,
Тұйғынды көздей ат қойып,
Бәрі жөнөп қалғаны.

Аймаңбозбен құйғытып,
Манас жетіп барғаны.
Дөгеші батыр созылып,
Манасқа найза салғаны.
Дөгешінің найзасы,
Сауытқа батпай қалғаны.
Найзасы сынып, Дөгеші,
Сынығына ілініп,
Шалқасынан кеткені.
Жығылып қалған дұшпанға,
Сырттан Манас беттеді,
Сыпырма қара құрышпен,
Басын сылып өткені.

Қаптап қырғыз күңгірлеп,
Алдына қарай дүңгірлеп,
Манас бастап бәрісі,
Ақбалта, Жақып кәрісі,
Алпыс мың қосын ат қойып,
Алды – артына қарай ма?
Қызыл қырғын, қан қасап,
Соғыс болды Алайда,
Ажал жетті талайға.
Саурық ханның соры екен,

Алып келген қосыны,
Үш жүз мыңдай қол екен.
Өлді көбі теңделіп,
Жаны тірі қалғаны,
Жарадар болды сенделіп.
Жасанып келген айкөлдін,
Қаһарына шыдамай,
Саурық ханы бас болып,
Екі күн, бір түн қашыпты,
Ентелеп жаман сасыпты.
Саурық хан жетті жеріне,
Анықтап хабар сала алмай,
Өзі білген еліне.
Басты жұрты Саурықтың,
Тарса, қалша, маңғыты,
Барып сөзді ағытты:
- Түбің түскен қырғыздан,
Бірі мыңнан қорқпаған,
Батырды көріп келдім деп,
Қарасын көрсең өлесің,
Қаша көргін елім! – деп. –
Өкімсіп тұрып, өртендім,
Мықтымсып тұрып, қырылдым,
Ұрынбасқа ұрынып,
Жолықпасқа жолығып,
Олжасы болдым қылымның.
Қырғыздар асып, болды зор,
Қайнаған екен біздің сор!
Өзіне барып жығылып,
Өлтірме деп сиынып,
Қыл деген ісін қылайын.
Қабылан Манас батырға,
Бағынып барып тынайын!

Көсемсіген хан Саурық,
Келді осылай ақылға.
Бармақ болды тарту ап,
Ер Манастың өзіне.
Ордада жүрген отыз қыз,
Қымбат киім кигізіп,
Қылтылдақ жорға мінгізіп.
Жасандырып қыздың бәрісін,
Тастады Саурық намысын:

- Ақылай балам! – деп айтып, –
Тілінді, балам, алмадым,
Тігілді қапқа арманым.
Дәрменім тіпті қалмады,
Жаным тірі қалса деп,
Тіледім де зарладым.
Алсаң, балам, тілімді,
Атекеңді ажалдан,
Ажыратып ала көр,
Отыз сұлу алдына,
Тарту қылып барайын,
Бастап өзің бара көр.
Осы болсын сөзіміз,
Аман қалсын еліміз!
Саурық мындай дегенде,
Сонда қызы сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- Бар істі құдай қылғызды,
Қүдіретін білгізді.
Мейлі, өзімді апарып,
Тарту қылсаң ханына,
Болармын мүмкін мен дауа,
Талайлардың жанына!

Алтынай мындай деген соң,
Саурықтың жаны жай тауып,
Қымбат, қымбат бұйыммен,
Қызыл қамқа, зер алып.
Қырық бір қызыл нарменен,
Бұрқыраған шаңменен,
Отыз бір сұлу қызбенен,
Нан көтеріп, тұзбенен,
Алдына барды Манастың.
Алпыс нөкер қасында,
Алтынды тәжі басында,
Шыққан екен хан Саурық,
Елу сегіз жасына.
Бота құры мойнында,
Екі қолы баурында:
- Болдым дұшпан сізге, – деп, –
Қаһар қылдың бізге деп,
Арыстан Манас, баламсың,
Ата жолын ізде деп,

Тартып келдім қызымды.
Жайыңды білмей ұрынып,
Талай елім қырылды.
Жалынып жаным сұрайын,
Жалпы жұртым қысылды.
Қосын алып үш жүз мың,
Алайыңа жабылдым.
Алдырып қойып өзіңе,
Жан сауғалап сабылдым.
Арыстанға ұрынып,
Ақылым жоқтан жаңылдым.
Ажалым жоқтан өлмедім.
Амалым ақыр біткен соң,
Ақылай қызым бас қылып,
Тарту алып келгенім!

Айтты Саурық бұл сөзін,
Айыпты деп бір өзін.
Арыстан Манас батырдың,
Адам білмес мінезін.
Қылая қарап күлмеген,
Күлгеннің сырын білмеген,
Күңірене сөйлеген,
Көкжал Манас беренің,
Ағекесі Бақайға,
Мына сөзді салыпты:
- Ағеке, бұл сөз қандай ? – деп, –
Арсандап күліп алыпты. –
Алдыңа келді ханыңыз,
Өзіңізге сый тартып,
Өтініп келген жан екен,
Сыйын қабыл алыңыз,
Ақылмен жайын табыңыз!

Жиылған қалың көпшілік:
- Оң сөз! – десіп қалғаны.
Ордаңызға кіргін, – деп,
Манас бастап барғаны,
Саурық кірді сарайға.
Қырғыздар тұрды күлісіп:
- Бейбақ қыздар, көзіңді аш,
Осындағы кәрі – жас,
Аңдап тұрған сендерді,

Қарақырғыз ел болар,
Кімің кімді таңдасаң,
Осы саған ер болар!

Сақал – мұртын тарасып,
Қыздарды байқап қарасып,
Қоқырайтып бөрікті,
Қыз үшін оңдап көрікті,
Қалаған бар ма бізді деп,
Қанша түрлі жан тұрды,
Қыздарға беріп ерікті!

Қыздың бәрі қысылды,
Көз тайдырып, сызылды.
Саурықтың қызы Ақылай,
Топ ішінен бөлініп,

Қырғауыл мойны көрініп,
Су шыбықтай бұралып,
Сырттан ерге бет алып,
Батырдың барды қасына,
Манасты таңдап ерім деп,
Саурықтың қызы Ақылай,
Қонды дәулет басына.

Қалған отыз қыз да батырлардың ішінен қалағанын таңдайды. Қыз тимей қалғандарға қырық түйедегі алтынды бөліп береді. Маймундықтың ханы Саурықты тағына қайта отырғызып, отыз күн ойын ойнап, қырық күн тойын тойлап, қабылан Манас қырғыздарды бастап Әнжиянды бетке алып, аттанып кетеді.



Аққұла тұлпар

Keң Таласта тұрғанда,
Oқ өтпеген тон киген,
Oқ жетпеген ат мінген,
Ноян келді Манасқа.
Мыңды көрсе саспаған,
Мыңнан жүдеп қашпаған,
Жолбарыс келді Манасқа.
Балақтан мықтап алысқан,
Балтырдан шапшып шалысқан,
Жан аямай шабысқан,
Бұқа мойын, бура сан,
Балуан келді Манасқа.

Азамат келсе алқынған,
Ат күлігін мінгізді,
Батыр шорам менің деп,
Манас тон мықтысын кигізді.
Жылқыдан таңдап бие сойып,
Батырың сияпатын арттырды.
Сары қазы, қима жал,
Манас қонағына тарттырды.

Алатауды айналып,
Арқар атып байланып,
Көңілі бүйтіп жайланып,
Күнде күлік баптатып,
Күнде жарақ шаптатып,
Балуандары шалысып,
Батырларын қарасаң,
Ат үстінен алысып.
Қара күші нық толып,
Қабыланның шорасы,
Өңкей батыр қырық болып,
Жатқан екен ер Манас,
Ата қоныс жер болып,
Жылғынды Кең –Қол, кең Талас.

Осылай шалқып жатқан батыр Манастың үйіне бір күні атасы Жақып кіріп келіп, ашуға булығып, ұрсып береді.

- Менің кетірді құдай әлімді,
Ішіп – жеумен жоғалттың,
Менің жер жайнаған малымды.
Ұқпай қойдың сөзімді,

Сорып, шауып көрінген,
Басты күнде өзіңді.
Ажал жетпей, күн бітпей,
Адырлардың құланын,
Мен қумақ болған екенмін,
Балалы болдым деп жүрсем,
Кубас болған екенмін.
Санамнан кетпес шыр қылдың, Манас,
Сан қараны мың қылдың, Манас.
Аты жоққа ат беріп,
Тоны жоққа тон беріп,
Қартайып қалған кезімде,
Мүшкілді маған сен қылдың, Манас!

Қайнаған түмен мал қайда,
Өндірілі Алтай жер қайда?
Қабырғалас тұрушы ек,
Қара қалмақ ел қайда, Манас!
Қармап сойдың биемді,
Шығардың қай – қайдағы киемді.
Кетірдің жаман әлімді,
Алтайдан күткен сан қара,
Манас, сен далаға шаштың малымды.
Бәйгеге тарттың малымды,
Қос қолдап шаштың далаға,
Қу балам, қолымдағы барымды!
Қалың малдан айрылып,
Өлгелі келген екенмін,
Бұл Манастың қорлығын,
Көргелі келген екенмін.
Осы ма сенің қылғаның,
Атаңды сыйлап тұрғаның?!
Атаңның көрі, қу дүние,
Талатып Манас әркімге,
Далаға кетті жиғаным!»

Мұндай сөзді естіген соң, Манас қатты ренжіп, ызаланады, бірақ атасына қарсы бір ауыз сөз айтпайды. Үйінен безіп, жер жүзін аралап шығуға бел байлайды. Ел ұйқыға кеткенде, түн ішінде ешкімге көрінбей, Таластан жасырын кетіп қалады.

Бес – Тастың басы Бек – Жайлау,
Бек – Жайлаудан асады,

Ар жағында Әнжиян,
Әнжиянды басады.
Әнжиянның Боз – Дала,
Боз – Далаға кіреді.
Бір ақсақал қария,
Бет алдынан келеді.

Ақсақал қария Манастың аталарынан бастап сөз қозғап, оның батырлығын сипаттай келіп, астындағы атының батырға сай емес екендігін айтады.

Дегеніңе көнемін,
Аман болсаң көкжалым,
Мен саған ата болып беремін.
Балам, Манас, тілімді ал,
Ақылға артық батайық,
Әнжиянның боз дала,
Күн мезгілі алты айға,
Қос құрасып жатайық.
Ат семіріп мық болып,
Алты ай мезгіл толғанша,
Ай дала бетін жайлайық,
Астықты мықтап айдайық.
Кетпендеп жерді ашайық,
Қос уыстап тұқым шашайық.
Толқытып астық алайық,
Толықсып жатып қалайық.

Манас ақсақалдың тілін алып, келіседі.

Қария қыр астынан екі өгіз алып келеді. Айкөл батыр кәдімгі диқан болып, қариямен бірге маңдай терін төгіп, астық егеді.

Арада айлар өтіп, күз келіп, астық піседі. Қырманды дайындап болған соң, Манас демалып, шынтақтап жатып, ұйқтап кетеді. Оянса, ақсақал бидайды орып, қырманды толтыра үйіп қойыпты. Бұған қайран қалған батырға қария сырын ашады. «Мен саған қария болып көрінген Диқан Бабаның өзімін! Сенің шер екеніңді білгенмін, Алтайдан келгеніңді естіп, бір жолықсам деп жүргенмін. Міне, жолдас болдық, бидай өсірдік. Енді мені жақсылап тыңдап ал. Көне Тұрпан бетінде, кең Барбардың күн батыс жақ шетінде, Лоп



дарияның бойында Нойғұттың ханы Қараша тұрады. Оның жылқысына Ғайыптан келіп бір қу байтал қосылған екен. Сол байтал құлындап, бір құла құлын туыпты. Білгіш сыншылары оны сындап, бір керемет мал екен, бір күні сені қарық қылады дейді.

Бұл жануар Құлатай,
Тұлпарлық сыны көрінген,
Кетпен тұяқ, кең сауыр,
Керіске мінер мал екен,
Салғыласқан жау келсе,
Сайысқа мінер мал екен.
Басына нөқта тағыңыз,
Парқын білген адамға,
Бағын ашып сатыңыз.
Қызыл найза, қылышқа,
Қинап мінер мал екен,
Айлап, жылдап соғысқа,
Сынап мінер мал екен.
Жал, құйрығы мол екен,
Төрт аяқты жылқыда,
Бұдан асқан жоқ екен!

Байтал бие құлыны,
Қара жылқы дүлділі.
Қасқа тісі болаттай,
Шатқаяғы кең екен,
Тобылғылы қолаттай.
Тұлпар екен, толығат,
Қырық арқан бойы зынданға,
Қазір салып қойсаң да,
Талайлы ерге жолығат!
Бұл жануар Құлатай,
Бел байлаған белдікі,
Пендеден артық туылған,
Медет болар шердікі,
Деген сөзге көніңіз,
Иесін тауып беріңіз!

Қараша бұл сөзге құлақ асып, сәтін тосады. Жыл өткенде, шыққан егінін шегіртке талап, ел – жұрты нанға зәру болып қалды!» – деп, әңгімесін аяқтаған Диқан Баба Манасқа ақыл айтады. «Мына

астықты түгелімен Қарашаға беріп, Аққұланы алыңыз! Ғайыптан келген тұлпардың иесі сенсің, қабылан Манас!

Саған қармасқан адам оңбасын,
Ұрынған аман болмасын,
Жолың шыдыр, шар болсын,
Жолдасың Қызыр, ер болсын.
Аққұла семіз ық болсын,
Жалғыз басың көкжалым,

Өзіңе тете қырық болсын!» – деп, батасын беріп, Баба Диқан ғайып болып кетеді. Оның сөзіне құлақ асқан Манас атының ерін жастанып, алаңсыз ұйқтап қалады.

Бұл уақытта Лоп дария бойындағы Қарашаның елі астықтан таршылық көріп, қалың жұрты дән іздеп, жан – жаққа жол тартады. Тоқсан түйесін жетелеп, Баабединге сиынып, астық іздеп келе жатқан Қараша айдалада таудай қызыл ақ бидайды көреді. Жақындап келіп, алып Манасты көріп шошып кетеді. «Сыншылар Аққұланы сыйға берсең, талай дүние болады, – деп еді, осы дәуге берейін де, ар жағын көрейін!» – деп ойлап, Аққұланы жетелеп, қанқорға тартады. Манас оянып, атты қараса, өңі құла, жалы қара, өзгеше бір мал екен!

Шатқаяғы шатқалдай,
Жүріп кетсе шатына,
Жүкті түйе батқандай,
Желіп кетсе, жүрісі,
Жебенің оғын атқандай,
Балтыры өгіз беліндей,
Басқаны Сырттың желіндей.
Тартуға келген Аққұла,
Атадан жақын немедей,
Найза қармап, топ бұзып,
Дуға мінер мал екен.
Қызыл желек байланып,
Қырғынға мінер мал екен.

Сүйінген Манас Аққұланы алып, сыйға сый деп, бүкіл бидайын Қарашаға береді.

Қырман толы қызыл астықты тоқсан түйеге жүктеп алып, риза болған Қараша Манасқа:

Телегейің тең болсын,
Тепсініскен дұшпаның,
Тегі сенен кем болсын! – деп, батасын беріп, аттанып кетеді. Манас Аққұланы мініп, Аймаңбозды жетелеп, жолға шығады. Бір таудың тұмсығына жеткен кезде, бет алдынан ақ сақалды диуана жолығып, сөйлеп қоя береді:

- Алланың сүйген пендесі,
Келеріңді білгемін,
Алла Тағала Тәңірден,
Аманат бұйым беремін.
Құдай сүйген алты құрыш,
Аспаннан түсті аталып,
Арыстан, сенің өзіңе,
Берейін деп келемін.
Қынға салсаң алты құрыш,
Жаныңа жақын жолдасың.
Суырсаң қыннан, алты құрыш,
Шапқанды жарар жолбарысың.
Қазатқа кірсең, алты құрыш,
Сан қолдан артық жолдасың.
Алты құрыштың мықтысы,
Айкөлім, саған арналған,
Зұлпықар деп аталған,
«Айкөл Манас алсын» – деп,
Қүдіреттің өзінен,
Сызылып қойған жазу бар.
Ақыр түбі бұларды,
Иесін тауып беріңіз.
Халқыңа қайра барыңыз,
Семіріп, сергіп алыңыз! –

Аспаннан түскен алты құрыш,
Айкөлдiң берiп қолына,
Аты Қызыр диуана,
Қайта салды жолына.

Айкөл Манас батырың,
Аққұла мініп балпайып,

Аяқта етік шойқайып,
Сыр найза қолда қайқайып,
Ат үстінде золқайып,
Алатаудай шалқайып,
Мандайынан қарасаң,
Ақ жолбарыстың түрі бар,
Арқасынан қарасаң,
Аждаһаның сүрі бар.
Ақырғанда Манаста,
Қырық мың шердің үні бар,
Бейжінің түгіл Көйқапты,
Көшіретін түрі бар.
Қараса көзі шоқ болып,
Аузынан шыққан лебі,
Садақтан ұшқан оқ болып.
Алыс, жуықтан айнымас,
Атылған жағын таңдамас,
Ортасы болат, аузы албарыс,
Асынып алған Ақкелте,
Асықпаса – Қойшағыр,
Ашуланса – зеңбірек,
Ақкелте үні шыққанда,
Оған қандай қару тең келет?!

Тас көмірге таптаған,
Қақ ырғайға саптаған,
Суарып құрыш сомдаған,
Шапқан жауы оңбаған.
Есік енді айбалта,
Қыстырды Манас беліне.

Көміріне шыдамай,
Қалың тоғай жойылған,
Көрігіне шыдамай
Көк бұқалар сойылған,
Барысқан соққан ұстаның,
Балтырлары шойылған.
Ұшын қайқы шығарған,
Уға аямай суарған.
Түн ішінде суырса
Өрттей лаулап қызарған,
Ұрысты күні ұзарған,
Тауға салса тас кескен,

Жауға салса бас кескен,
Қылышын қия байлады.

Қамыс қиып қаптаған,
Тарамысқа шаптаған,
Темірін сегіз қырлаған,
Он екі түрлі сырлаған,
Ұшын уға суарған,
Бөрі тіл жүзін шығарған,
Самалға тисе жырлаған,
Тиген жері жыртылған,
Найзасын алды қолына.

Боранды күні суық өтпес,
Жауынды күні су өтпес,
Шыбыршық алты, шымшық көз,
Шын бадана торғай көз,
Батырыңның кигені,
Аймаңбозды жетелеп,
Қамданып тұрған кезі екен,
Таласқа қайта жүргелі.

*Міне, сол кезде боз адырды алқымдап,
бір топ жан келіп қалады.*

Манастан жауды көп сайған,
Батырым сайды деп сайған,
Арыстаннан жауды көп сайған,
Айкөлім сайды деп сайған.
Аждаһадай жүректі,
Ақ жолбарыстай білекті,
Сапырылтып дұшпанға,
Салып жүрген дүмекті.
Көк рапыс тон киген,
Көк ала тұлпар ат мінген,
Жеті түмен қол келсе,
Желіккен бойда бір тиген.
Ащы айқай мен қу сүрен,
Қуса, қашқан кетпеген,
Қашса, қуған жетпеген,
Қырғыздардың қыраны,
Ақбалтаның Шуағы,
Қара мылтық қарс етсе,
Қашпайтұғын еренің,
Шұғыл мылтық шарт етсе,

Шошымайтын беренің.
Арыстан Манас батырдың,
Алдында жүрсе, ақжолтай,
Ақ асаба ту ұстап,
Артында жүрсе, сан қолдай.
Ер Шуақ келіп қалғаны,
Ырғып түсіп атынан,
Құшақтасып, көрісіп,
Батырдың бет алдында тұрғаны.

Шынтағын жерге салмаған,
Ұйқысы жоқ, жолға сақ,
Атқа жеңіл – тайға шақ,
Сұндырса найза тартпаған,
Сүмпип жаудан қашпаған,
Аталас жақын туғаны,
Ұлақ ханның Сырғағы,
Төртпақ келген, бойы пәс,
Түлкі бойы қара тас,
Өкімсіген жау келсе,
Өлімнен жанын аямас.
Алпысының артығы,
Қырық шораның қиыны,
Қиқырған жауға беттеген,
Ер Сырғақ келген кезі екен,
Шоралардың ішінде,
Бәрінен де кіші екен.

*Сырғақ ағасы Манасты құшақтап
амандасады. Іле – шала қырық шора да
келіп, қуанысып қалады.*

Ар жағына қараса,
Ақылға терең данышпан,
Кеңесін құрған алыстан,
Сан жиынға сөз айтып,
Жалғыз шыққан жарыстан.
Маңдайында бағы бар,
Батырлығы тағы бар,
Барлық жұртты тексеріп,
Байқап тұрар шағы бар.
Кемтігі жоқ кебінде,
Кебі кетпейт тегінге,
Жалған айтып көрмеген,
Жаралып ағаң өмірде.



Қараңғыда көз тапқан,
Қапыл жерде сөз тапқан.
Жердің түбі Желпініс,
Желпіністе туылған,
Жет – қайт пенен ойратқа,
Сала жүрген шулыған.
Күллі жұрттың қамы үшін,
Көшіп келген Таласқа.
Жолдас болған Манасқа.
Жақыптың ұлы Манасты,
Сайып жүріп тал қылған,
Салып жүріп там қылған,
Адамзаттың пендеде,
Тендесі жоқ жан қылған.
Ақ сұңқардай жарқылдап,
Алға сөйлеп барқылдап,
Боз жорғасы шайқалып,
Өзі боз тұйғын құстай шалқайып,
Айтулы Бақай келіпті,

Келгенін батыр көріпті.

Манас ағасының алдынан шығып, күліп амандасады. Сонда Бақай:

«Жөніңді айтып аттансаң, жаныңда болар едік қой, батыр, мұның қалай? Ал, енді өкпеңді таста, елге қайт!» – деп, інісіне ағалық بازیнасын айтады. Сағынысып көріскен батырлар жарасып, Таласқа бірге қайтады. Аспаннан түскен алты құрыш қылышты ең жақын батырларына береді. Бақайға – Қылболат, Ажыбайға – Ашболат, ер Шуаққа – Ашалбарыс, Сырғаққа – Наркескен, кейін келген Алмамбетке – Жойқыма тиеді. Ал, Зұлпықарды Құдай әуелден Манасқа еншілеген екен.

Қызыр шалған қыран Манас Таласта тұрып, қырғызды жиып ел қылып, дәуірлен тұрады.



Алмамбет батыр

Қытайлардың Қарыхан, Әлеуке хан, Әзизхан және Есенханы Қақан ханның балалары, төртеуі бірге туған ағайынды екен. Қақанның Қарыханы қырық дарбаза Бейжінде қырық ханның елі қытайды билеп тұрыпты.

Әзизхан қанша қатын алса да, бір бала сүйе алмай, «тұяқсыз өтем бе?» – деп, зар болып жүріпті. Сол елде жасы сексенге келген Саурандық деген бір шал бар екен, түбі қырғыз екен. Әзизхан күндердің күнінде Саурандықтың кенже қызы Алтынайды алыпты. Алтынайға түсінде ақсақалды диуана аян беріп, аяғы ауыр болып, айы – күні жеткен соң толғатып, алты күн қиналады. Сиыршы Мәжікке: «Көк – Бұлың тоғайға барып, қасиетті мазардан таяқ кесіп, тез маған әкеліп бер!» – дейді. Сиыр бағып

жүрген бұл Мәжіктің әкесі бір заманда алтыс кісімен Бейжінге сауда қыла келгенде, Қоңырбай бәрін өлтірген екен. Алты жастағы Мәжікті Қоңырбай Әзизханға құлдыққа беріпті. Міне, сол Мәжік енді он жеті жасқа келіпті. Ол Алтынайға таяқ кесіп әкеп береді. Түн ішінде Алмамбет дүниеге келеді. Ол туғанда жаңбыр жауып, жер тітірейді.

*Алты жасқа келгенде,
Суық – Төр деген жерінде,
Жалғыз көздің елінде,
Айдаһардан оқуға,
Күндіз бүркеу, түні ашық,
Қарлы жаңбыр жаудырып,
Құбылтып күнді бұзуға,
Атысқа кірсе алдырмас,
Соғыстың жайын оқуға,*

Жөнөп кетті Алмамбет.

Алты мың бала бір жолы,
Аждаһаға барғанда,
Бір жақ басын көтерсе,
Қаптап жалын шоқ шығат.
Алты мың бала ішінен,
Өңгесі түгел қырылып,
Алты бала бір қалған.
Екінші жылы болғанда,
Жеті мың бала бір барған,
Өңгесі түгел қырылып,
Жеті бала бір қалған.
Осылайша жыл сайын,
Мындап бала қырылып,
Бесінші жыл болғанда,
Он мың бала бір барған,
Он мыңы түгел қырылып,
Он бала тірі бір қалған.
Соның бірі Алмамбет,
Айрықша мықты ер болған.

Қаражой ұлы Шыпшайдар,
Өнерін шындап тоқыды,
Айдаһардың оқуын,
Артық біліп Алмаңнан,
Алты ай асып оқыды.

Оқуын бітіп Алмамбет,
Алтын қылыш, айбалта,
Білегіне шалулы,
Әзиз ханның ақ болат,
Қынабында салулы,
Толып тұрған кезі екен,
Жазғы күндей жадырап,
Болып тұрған кезі екен.

Бір күні тұрып Әзиз хан:
- Ақсақал болдым мен деді,
Арызданған адам көп,
Ақ – қарасын айырып,
Сұрақ жүргіз сен деді.

Ата сөзін қайтармай,
Алмамбет таққа ілінді.
Әр ісінен баланың,
Адалдығы білінді.

Бірде Кірешті деген шаһарға арыз – шағымдарды тексере келсе, алдына жеті адамды мойнына шынжыр салып әкеледі. Жөнін сұраса, Кірешті шаһарының басшы – баң – баңы: «Бұлар өлім жазасына кесілген, қолға түскен, арызданған арамдар! Сіздей ұлықтарға құрмет көрсетіп, жолына садақа шалу – бұрыннан бергі әдетіміз!» – дейді. Алмамбет аң – таң болып: «Бұларды менің жолыма сойғанша, қолыма сыйға беріңдер!» – деп, әлгілерді ажалдан алып қалады. Мұндай жағдай Бақбұршын шаһарында да қайталанды.

Осылайша, Алмамбеттің әділдігімен даңқы шығады. Талай жазықсыз жазаға ұшыраған жандарды ақтап, ажалдан құтқарады. Таңшаң түгілі Қақан жұртын басқарады. Ұлықтар одан қорқа бастайды.

Бір күні Әзизхан Алмамбетке: «Атамыздың Қан – Жайлақ деген жайлауын Қоңырбай иеленіп алды. Соған бар да, жайлауды қайтып ал!» – деп, шегелеп тапсырады.

Алмамбет Қылжирен атын желдіртіп, Қоңырбайға келіп: «Атакемнің Қан – Жайлағын қайтарып бер! Зорлығыңды қойып, атыңның басын тарта жүр!» – дейді. Қоңырбайдың хан болып, күшейіп келе жатқан кезі екен, есе бермек түгілі, ерегесеп: «Жер дегенің немене, ел дегенің немене, ербеңдейсің сен неге? Қане бері келші, қара көзіңді ойып, өлігіңді Есенханға тарту қылып қояйын!» – дейді. Екі батыр айқаса кетеді. Алмамбеттің ақырған үніне, айбатты сүріне шыдай алмай, Қоңырбай қашады. Алмамбет найза салғанда, қисайып барып, әрең қалған Қоңырбай қапталында қанаты бар Алғара атымен зу етіп болат қақпалы қорғанға кіріп кетеді. Сол бойында

Есенханның ордасына барып, Алмамбетті жамандап, арыз айтады.

- Қоламтадан қор шықты,
Әзизханның арамы,
Сауап іздеп зор шықты!
Тас қорғаның талқандап,
Құм қорғаның құлатып,
Көңілі бұзық зәнталақ,
Екеумізді сұлатып,
Қиям деп сенің бағыңды,
Қиратпақ алтын тағыңды.
Қолыңнан өкім алам деп,
Заң, жобанды төңкеріп,
Басқа жолға салам деп,
Айтқан суық сөзі бар,
Ниеті бұзық жері бар.
Көңіліне келсе арам ит,
Күн батыс көздей бурутқа,
Кіріп кетер жөні бар.
Бұл өзі кісі ойнайтын ит емес,
Менің сөзіме ханым, құлақ сал!»

Қоңырбайдың артынан жете келген Алмамбет те ордаға кіріп, Есенханнан әділдік іздеп, бұй дейді:

- Кешілдің ханы Қоңырбай,
Азапқа жұртты салғаны,
Қойдай басын кескені,
Қояндай ішін жарғаны!
Жұрттың бәрі сандалды,
Салады күнде жанжалды,
Бұл Қоңырбай заңғарға,
Қой дейтін бір жан бар ма?!»

Ұқпаса да, ұқса да,
Ерні, мұрны былқ етіп,
Қабағын түйіп, шырт етіп,
Үндеместен Есенхан,
Шығып кетті ордадан,
Бақ – майсалы қорғанға.

«Есенхан емес, есер ғой,
Ел билеуі бекер ғой?!
Әділ кісі деп жүрсем,

Елді құртқан кесел ғой!?»
Мұны ойланып Алмамбет,
Есіктен шықса Есенхан,
Алмадай басын алсам деп.
Ордадағы қақпадан,
Жеті күні күткені,
Жетінші күні болғанда,
Әйнектей болған сұлу қыз,
Алмаңа бұрала басып жеткені.
Қыздың аты Бурылша,
Есенханның еркесі.
Бурылша сұлу кеп айтат:
- Алмамбет, байқа! – деп айтат. –
Есенхан бүгін сені айтты,
Әзизхан өзі көрер деп,
Баласының аласын.
Аласын байқап алған соң,
Өзінен өлсін баласы.
Атакеңе көп сенбе,
Сені өзі салар кісенге.
Баратұғын жер қамда,
Паналайтын ел қамда,
Сенемін деп атаңа,
Арқан – жіпсіз байланба.
Балтырың сияр жер тапсаң,
Бас қалқалар ел тапсаң,
Өлгенше тұрам сөзімде,
Менің үмітім болар өзінде!
Уәдемді берген ақтармын,
Кемінде алты жыл жолың сақтармын.
Жүйелеп жібек түйермін,
Алмамбет келмей қоймас деп,
Жеті жыл күтіп күйермін.»

Алмамбет Бурылшамен қимай қоштасып, атасының ордасына келеді. Көрген, білгенін айтып: «Есенхан мен Қоңырбай бұзық екен, оларға сенбе! Қол алып, оларды шабамын!» – дейді. Әзизхан бұл сөзден шошып, аюдай ақырады:

- Ұқпаймын мұндай зарыңды,
Шыбындай қиям жаныңды!
Айтқызбай кесем тіліңді,
Ағытып кәрі жынымды!

Жайлауды қайырып бер десем,
Күш көрсетіп Қоңырға,
Қаңғайдың түпкі ханына,
Ұлым, қаралық бар ғой ойыңда?!
Бұл жолыңнан қайт балам,
Бұзылсаң, шының айт балам!»

Алмамбет ашуға булығып, қатты қаһарланады. Оны көрген Әзизхан налып, тоқталады, айтар сөзі жоқ болады. Алмамбет ақылға келіп: «Бұрқанның жазғанын көрермін, енді бурутқа кіріп кетейін!» – деген ойға тоқтайды. Бұл әңгімені естіген анасы Алтынай қатты қайғырып: «Ұядан жалғыз едің, ұлықтың қаһарына ұшырадың, енді олар сені оңдырмайды.

Қағылайын қаралдым,
Қиясы қымбат бел тапқын,
Қиындық түссе басыңа,

Қиыспай тұрар ел тапқын. – деп жылайды. Алмамбет анасымен қимай – қимай қоштасып: «Қош, енеке, аман бол, күн батыс кетті біздің жол!» – деп, Қылжиренге мініп, аттанып кете барады. Сонда Есенханның жансыздары оны біліп қойып, «Алмамбет бізден қашты!» – деп, құс тіліндей хат жазып, қаргадан беріп жіберген екен. Қарға Есенханның ордасына қайырылып тастап кетеді.

Хабарды естіген Есенхан бұлқан – талқан болып: «Алмамбет бурутқа қосылса пәле болады, бес – алты жылда Бейжінге шабады! Оны байлап – матап әкелген кісіге алтын тәжді кигізіп, алтын таққа мінгізіп, қақанға қанша жыл хан қыламын!» – деп, Қоңырбай, Несқара, Жолай, Бөрікөз, Қанжарқол сияқты алып батырларын қалың қолмен қуғынға аттандырады. Олар батырды Ит –– Өлмес шөлінде қуып жетіп, жан – жағынан қаумалап, ұстамақшы болады. Алмамбет жалғыз өзі оларға алдырмай, аямай шайқасады. Несқара, Жолай бастаған жеті балуанды қатар

сайып құлатып, өзі де оңбай жараланып, атынан құлап, қайта мінуге қиналып, айбалтасын ала алмай, жаны қысылып тұрғанда, Алғарамен ағызып, найзасын кезеніп Қоңырбай төніп келе жатады. Қол ұшын берер кісі жоқ, Алмамбет шыбын жаннан түңіледі. Сол кезде ақ бәйбіше анасы Алтынай жалғызыма жәрдем беремін деп, торы биені мініп, жанұшырып жеткен екен.

Көк құрыштан соқтырған,
Қызыл түпек сыр найза,
Енекең қолға алғаны,
Алмамбетке жеткізбей,
Әлеукеңнің қалшасын,
Бүйірден тосып қалғаны.
Шаңға аралас енесі,
Қоңырбайдың қара атын,
Жауға мінер қанатын,
Өкпе бауыр беті деп,
Жүректің төмен шеті деп,
Атын сайсам жедім деп,
Содан өлсем мейлің деп,
Қысқа қармап найзасын,
Көздеп енең қалғаны.
Алғараны саярда,
Көзін жұмып алғаны.
Кере қарыс сыр найза,
Төмен тиіп қалғаны.
Қар жіліктің бұлшық ет,
Жара сайып салғаны.

Алғарасы ақсаңдап,
Үш аяқтап жүгірсе,
Есі кетіп шоң қалша,
«Есіл жаным өлме» – деп,
Сасып қалған кезі екен,
Қаңғайды қарай бет алып,
Қашып қалған кезі екен.

Алмамбет Қоңырбайды қуа жөнеледі. Қылжиренді ұшыртып, Шет Бейжіннің бері шетінде қуып жетіп, найзамен сайып өтеді. Соққының күштілігі сондай, таудау болған Қоңырбай сырғып барып, атының

жалына шығып кетеді. Енді Алмамбет қайта оралып соғып, қалшаны атынан құлатпақшы болып, қуа береді. Сол кезде сиыршы Мәжік Алмамбетті тосып жүрген кезі екен, алдынан шығып, ат тізгініне жармасып, ары қарай жібермей қояды.

Мәжік сонда бүй дейді:

- Қоңырбайдың қара аты,
Қапталда бар қанаты.

Алғара шындап шырқаса,
Төрт аяқты мал жетпес.

Қанатты құс болмаса,
Одан басқа жан жетпес!

Әлеукенің қалшасы,
Дұшпанын алдап алады,

Қақпаға қарай қашқаны,
Оның айла, амалы.

Артынан қуып сен кірсең,
Қақпаның аузын жаппай ма,

Балуандары жабылып,

Басыңды жара шаппай ма! – деп, Алмамбетті ақылға келтіріп, кері қайтарады. Сол кезде Алмамбет төмен жаққа көз салса, анасы мінген торы бие жалғыз тұр екен. Дереу биеге жетіп, қараса, қалың қаңғай анасының өлігін бір қашырға артып, әкетіп бара жатыр екен. Алмамбет қиқулап жауға шауып, қырғын салып, Алтынайдың сүйегін тартып алып кетеді. Торы биеге жүктеп, Көк – Бұлыңның тоғайына апарып, анасын аманат қылып жерлейді. Таң атқан соң кетейін деп ойласа, қаңғайдың қолы жолын тосып, қоршап алыпты. Алмамбет батыр қайраттанып, айбарланып, Мәжікке былай дейді:

- Басқа келген жамандық,
Осы жерде көрдік пе?

Ажалдан бұрын екеуміз,
Бұл тоғайда өлдік пе?

Қара кытай, манжудың,
Қамауында жүргенше,

Қара түн түсіп басыма,
Айдауында жүргенше,

Әкел, Мәжік, шылбырды! –
Шылбырды қолға алғаны,
Бауырына баса салғаны:
- Бек қарма, Мәжік,өзінді,
Жұмғын екі көзінді!
Кідірместен жүрелік,
Анау биік дуалға,
Беттеп барып тиелік,
Өтсек, өттік, өтпесек,
Ұрынып соған өлелік!

Осыны айтып Алмамбет,
Қылжирен санға салғаны,
Дуалға қарай бет алып,
Сүйреткені ер Мәжік,
Құйындап жөнep қалғаны.
Дуалға жақын барғанда,
Бұл жалғанда мал тәтті,
Кеудеңдегі жан тәтті,
Жалғыз жаннан түңіліп,
Екі көзін жұмғаны.
Қылжирен қайран тұлпары,
Қарғып кетті құйғытып,
Алдындағы дуалдан,
Алыс кетті түйіліп.
Одан өтіп алған соң,
Алмамбет, Мәжік сүйініп,
Жығылар десе Қылжирен,
Төрт аяқтап тік түсті.
Тіпті нығыз, нық түсті.
Дуалдан қарғып түскенде,
Енді ажалым жетті деп,
Астымдағы Қылжирен,
Аяғы сынып кетті деп,
Қағып қойса ауызын,
Орғып, орғып ойнайды,
Қылжирен тұлпар мал аман,
Қимылдаса теңселіп,
Үстіндегі жан аман.
Қайырылып қайта қараса,
Көк ала, Мәжік дін аман.

Иір белдей мұздақты,

Аса қашып жөнелді,
Жанындағы Мәжігі
Қоса қашып жөнелді.
Бөксеге бұршақ жаудырып,
Жағаға самал салдырды,
Түзу жердің барлығын,

Жаяу тұманға алдырды.
Дария тасып, көл толқып,
Талай қия бұзылды,
Жаудың бәрін жауратып,
Жайшылық қылып құтылды.



Алмамбет пен Ер Көкше

Қылқылдап аққан қыл Ертіс,
Ертіске жетіп келгені
Аяқ, басын көргені.
Қыл Ертістің ойында,
Қылқылдаған қалың ел,
Қайнаған топтың шетінде –
Көк ала ат мінген бір кісі,
Алмамбет байқап қараса,
Айбаты артық ер кісі.
Бастырып келіп Алмамбет,
Сәлем беріп қалмақша,
Қарсы алдында тұрғаны,
Ер Көкше әлік алғаны.
Алмамбетті ер Көкше,
Қараса түрі бөлекше,
Қыл тақия, қызыл шоқ,
Қылымда мұндай батыр жоқ.
Айбаты арыстан, жолбарыстай,
Алысқан аман қалмастай.
Сонда Көкше кеп сұрайт,
«Жолың болсын, батырым,
Қайдан келдің?» – деп сұрайт.
Алмамбет сонда сөйлейді:
«Ұрығым қытай ел, – дейді.
Көңілім сондай қапалы,
Ұққанның басы қатады.
Қиындар менен қағыстым,
Қарсылдасып салыстым.
Өлеңді жерді өртедім,
Қара суға қан құйдым,

Аспаннан бұлт тұтылып,
Артымнан жеткен қуғыннан,
Аман келдім құтылып»

Сонда Көкше бұйырып,
Бір сары лақты алдырды,
Алмамбет пен Мәжіктің,
Садақасын шалдырды.
Қалың қазақ қамынып,
Көрісуге Алмаңа,
Кәрі демей, жас демей, –
Бәрі келді жабылып.
Керней тартып бапылдап,
Зурнай үні тақылдап,
Жыршылар сайрап саңқылдап,
Аспандаған түменен,
Алмамбет, Мәжік келеді,
Айғайлаған шуменен.
Айдарханның ер Көкше,
Ақбоз биені сойдырып,
Келгендердің барлығын,
Аямай етке тойдырып,
Тараған соң көпшілік,
Кеп айтады Айдархан,
Көкшеменен кеңесіп,
Ақылдарын теңесіп:
«Балдарды өзім алам» – деп,
Кіргізіп алды үйіне,
Алмамбет барды сүйіне.

Қазақтардың кәрісі,
Халық ішінде бір қатар,
Ақылманның бәрісі:
«Елінен азған батыр, – деп, –
Айдарханның үйінде,
Ерігіп ақыр жатыр,» – деп,
Шақырып қонақ қылысты,
Арыстан Алмаң батырдың,
Қапасын іштен жоюға,
Жалпы жұрты тырысты.
Алдына аппақ нан қойып,
Қазы кертіп, жал қойып,
Қабылан Алмам жесін деп,
Қаймақ пенен май қойып,
Құрметке әбден бөленді,
Көргені мындай сый болып...

Осылайша арада алты ай өтеді.
Алмамбет батыр ойға қалады: «Қой, мен бүйтіп жалпайып жатып ішіп – жей бермейін, қампайып атқа мінейін, қақанға қарай жүрейін!» – деп, жанына жсауынгер жігіттерді алып, Қоңырбай мен Жолайдың жылқысын қуып әкеледі. Қазақ арасында батырдың абыройы артып, оның әділдігін көрген жұрт ағайын арасының дау – шары бола қалса, Алмамбеттің билігіне жүгінеді. Оның адалдығын, қара қылды қақ жарған туралығын білген соң, Айдархан мен Ер Көкше де разы болып, қолдап отырады. Бұл ел билеп үйреніп қалған бекзадаларға ұнамайды. Іштарлық қылып, көре алмай, батырдың беделін қызғана бастайды. Бұрын ағайын арасына төрелік айтса, ақысын алып, пара жеп жүрген алтыс атқамінер бірігіп, Алмамбет пен Көкшені шағыстырып, араларын бұзбақшы болады.

- Аға – ініден шыр шықса,
Анау – мынау деуші едік,
Анша – мұнша дүние алып,
Ауыз майлап жеуші едік.
Қазақты құдай ұра ма,
Қаңғып келген бір қытай,

Халықты билеп тұра ма?!
Көкше батыр ер еді,
Дүниесін бүлдірсең,
Елемеген кең еді.
Қатын десе қызғаншақ,
Есебі жоқ тар еді.
Қатынына біреу қараса,
Қасаптап сояр неме еді.
Бәлеге басың қалды деп,
Ақеркеш пен Алмамбет,
Ойнас болып алды деп,
Өсек – аяң таратсақ,
Қапысыз құлақ салмай ма,
Қалтқысыз сеніп, нанбай ма?
Алмамбет, Көкше – қос көкжал,
Арылдасып аяусыз,
Азулары айқасып,
Қан жоса боп қалмай ма!?

Осындай сұмдыққа бел байлаған алпысы жан – жақтан, Ер Көкше қай жаққа барса да, алдынан шыққаны: «Батыр, байқашы, Ақеркеш қатының мен Алмамбет досың жақын болып жүр!» – деп ызыңдай береді. Көкше ызаланып, үйіне келіп әйеліне ұрсып, тергей бастайды. Мұндай жала сөзге күйінген Ақеркеш: «Адамның парқын білмейсің, Алмамбет қайынатам сияқты, бетіме тік қарап көрген емес!» – дейді. Алмамбеттің әділдігін, адалдығын дұшпандар көре алмай, әдейі қастық қылып отырғанын айтады.

- Сенсең, Көкше, мұны қой,
Сенбесең егер сөзіме,
Оны қой да, мені сой!
Өліп қалар бір қатын,
Өксімесін қазағың!
Алмамбет тұрса қолыңда,
Алтыннан болар шарбағың,
Әлемді басар салмағың.
Алмамбеттен айрылсаң,
Арылмай қалар арманың!
Кетсе дағы Алмамбет,

Өлсе дағы Алмамбет,
Өзің өшіп қаларсың!

Ер Көкше бұл сөзге тоқтап, ақылға келеді. Бірақ, жалақор, пәлеқор жандар көрген сайын өсекті бықсытып: «Ақеркеш жеңгей үйде ме? Жанында қытай жүре ме?» – деп, Көкшені мазақтауға айналады. Ақырында қаны қайнаған Көкше шыдай алмайды.

- Азып келген бір құлдан,
Арманда болып өлмейін.
Аға – інімді жинайын,
Аңғарып сөзін көрейін.
Арамдығы бар болса,
Ант ұрған құлды көмейін!

Сөйтіп, Көкше ағайын жұртын жиып, бұл сөзді ортаға салады. Баяғы алпыс атқамінерден басқасы үйге симай сыртта қалады. Әлгі арам ойлы алпысы арақ күштірек болсын деп, күшәлә қосып ішкізеді. Масайған Көкше бір кезде әңгімені бастап: «Бұл істің анығына жетейік, егер де адал болса, бықсыған сөзді қояйық, арам болса, сояйық!» – дейді. Сөз байласып алған алпыс атқамінер айтқандарынан қайтпайды.

- Бір кісіні көре алмай,
Білмей айтсақ, жамандап,
Бізді құдай ұрмай ма!
Біріміз емес, бәріміз,
Жасымыз емес, кәріміз,

Ақты бүйтіп былғай ма? – деп отырып алады. «Бізге сенбесеңіз, тоқалыңыздан сұраңыз!» – дейді. Батырдың тоқалы сұлу болғанымен, ақылы аз екен, өзі ішіп алған мас екен, әлгілердің азғырғанына еріп, бір жағы бәйбішеге күндестік қызғанышы бар, жалған куәлік береді. «Бәйбішең бұзық болса да, менен артық жақсы көресің! Ал оның бұзылғандығын күнде көріп жүрмін!» – дейді. Аңғал батырдың енді сенбеске амалы қалмайды. Досынан да, жан жарынан да көңілі қалып, қаны қарайған әрі араққа әбден

қызған Көкше Алмамбетті шақыртады. Алмамбет келгенде барлығы бас салып, қанжар салып өлтірмек болады.

Екі жігіт шақырғанда, Алмамбет, әлденені сезгендей жүрегі атқақтай соқса да, қазақтан қауіп күтпей, үйге сәлем беріп кіріп келеді. Әлгі батырсынып отырғандар оны көргенде орындарынан ұшып тұрып сәлемін алады.

Бақырды Көкше бектерге:
- Айдаһар басын салды ма?!
Арыстан кіре қалды ма?!
Орныңды беріп қалмаққа,
Батыр қазақ, бәріңді,
Аруақ соғып салды ма?!
Қытай құл үйге кіргенде,
Қырыла жаздап қалдың ба?!

Мұндай суық сөзге айран – асыр болған Алмамбет ортада тұрып, қараса, бос орын жоқ екен, төрдегі Көкшенің сол тізесін таянып, отыра кетіп: «Кімге ашуландың?» – деп сұрайды. Ер Көкше: «Қаңғырған бұзық құл, сені айтамын! Келген кісі кетпей ме, қаңғырған кісі қайтпай ма?» – деп, аяғымен Алмамбетті түртіп қалады. «Ойыны ма, шыны ма?» – деп, әуелде түк түсінбеген Алмамбет: «Мұндайыңыз жоқ еді, есірік сөзді басыңыз! Бізді көре алмай жүргендер аз емес, ақылға келіңіз. Айыбым болса, ашып айтыңыз!» – дейді. Көкше ашумен әрі мастықпен: «Мені аға жан деп алдап қойып, Ақеркешпен көңілдес болып жүр екенсің!» – деп, батыр досына ащы сөздер айтады. Алмамбет оны әлі де болса ақылға шақырады:

- Төрем, Көкше, сен тұрсың,
Төсегің бассам, оңам ба?
Ағам Көкше деп қойып,
Арамдық қылсам оңам ба?!

Алдырған екен асына,
Көк сілеусін, құндыз бөрік,

Көкше ырғады басына.
Көй қасқаға қарады,
Көтеріле қалғаны.
Және есіне бір келіп,
Сөз айтуға жарады:
«Ашығып келген аруақсың,
Бұзылып қалған шарбақсың.
Бұзық салып халқыма,
Қайдан келген қалмақсың? –
Ашумен көзін алайтып,
Алмамбетке қарады:
- Қаңғайдан келген қалмақты,
Қайт десеңдер болмай ма?
Арыз, амалы бар болса,
Айт десеңдер болмай ма?
Кекірейтпей Көкшеден,
Кет десеңдер болмай ма?
Қалмағының жеріне,
Жет десеңдер болмай ма?»

*Көкшенің ащы сөздерін естіген соң,
Алмамбеттің де ашу – ызасы келіп, ол да
оңдырмай жауап қайтарады. Әзәзілдер
азғырып, арасына от жаққан екі дос
бір – біріне қатты – қатты сөз айтып,
жауласуға айналады. «Қалағаныңды ал да,
кет!» – дейді Көкше. «Онда Көкала атыңды
бер!» – дейді Алмамбет.*

Бастырып Көкше кеп айтат:
- Алмұрт шыққан жерлерге,
Итмұрын шығат деуші еді,
Ит ішпей тұрған асынан,
Үміт етет деуші еді.
Арыстан басқан жерлерде,
Аю жайлап тұрар ма?
Атымды сұрап бұл қалмақ,
Ата, мындай құдай ұрар ма?!

Ашуы келіп Алмамбет,
Жалын шықты көзінен:
- Алмұрт Көкше сен болсаң,
Итмұрын ағаш мен болсам,
Онда құрып қалайын,

Ит Көкше, сенен кем болсам!
Арыстан Көкше сен болсаң,
Балпайған аю мен болсам,
Адам болмай өлейін,
Айуаным, сенен кем болсам!-
*Батырлар енді шайқасуға шақ қалғанда,
айқай – шуды естіген Ақеркеш келіп
қалады. Ақылды әйел батырларды сабырға
шақырып, басу айтады, жалған жалаға,
дұшпанның тіліне еріп, жауласып, бір –
біріңнен айырылмаңдар дейді. Бірақ мас
Көкше оны тыңдамайды, қатты ренжіген
Алмамбет үйден шығып кетеді.*

Қазатқа мінер Қылжирен,
Атына Алмаң барғаны,
«Енді қайда барам?» – деп,
Атына мініп алғаны.

Уылжи басып Ақеркеш,
Ордадан шығып қалғаны.
Алмамбеттің жанына,
Сыпайылап барғаны.
Ақеркеш налып, кеп айтат:
- Аярла, аяш, – деп айтат. –
Ата – бала ұрысат,
Аға –іні жұлысат,
Әйткенменен кете ме?
Айналысып тұрысат.
Қандай жұмыс болса да,
Ертесі бетін көрісет,
Өліп қалса, бір – бірін,
Өкіріп, жылап көмісет.
Келмес пе екен ебіңіз,
Бір жолғы өкпе, ашуды,
Маған қиып беріңіз!
Қастықтан Көкше мас болған,
Жаманға сені қия алмас,
Ертең есін жиған соң,
Жасын көзден тия алмас.

Ақеркеш тосып, мұны айтты,
Алмамбетті мұңайтты.

Көзіне жас кеп Алмамбет,
Ақеркешке енді айтты:
- Аяшым, ұққын! – деп айтты.
Шашылған достық құралмас,
Шаттыққа көңіл бұра алмас.
Қайтадан болмас өнімім,
Қайрылсам, болар өлімім!
Аман болғын, жеңге! – деп,
Бұрылмасы білініп,
Кетпекші болған беренге,
Ақеркеш жөнді кеп айтат:
- Жарасып қалған жерің жоқ,
Жақсы айтысқан ерің жоқ.
Жайнаған қытай елің жоқ.
Қайырылар жоқ туғаның,
Көрген, білген ел болса,
Хабарың алып тұрайын,
Қай жерде болар тұрағың?

Анда Алмамбет кеп айтат:
- Аяш, терек көрсем қонармын,
Тербелместен көтерсе,
Соған жолдас болармын.
Қайың көрсем қонармын,
Қайыспай мені көтерсе,
Осы жерде болармын.
Не түссе басқа көрермін,
Аяш, ажалым жетсе өлермін!

Мұны ұғып Ақеркеш,
Қара жасы төгіліп,
Қайысып көңлі бөлініп:
- Аяш, андай болса мен де айтам,
Ардақтап күтер ерді айтам!
Көңілің қалса Көкшеден,
Жетпей қайтпа Таласқа,
Қайырылмай өгіп кетпегін,
Көкжал төре Манасқа.
Қадырың білер хан осы,
Пейліңді білер бек осы,
Еркінді білер ер осы!

Бұл сөзден кейін боздасып,
«Аман болғын, жеңге!» – деп,
Ақеркешпен қоштасып,
Аттанып кетті Алмамбет.

Мастығы тарқап ертесі,
Қазақтың ханы ер Көкше,
Қылығына күйінді,
Көзінің жасы төгіліп,
Етегіне құйылды:
- Сынған екен таяғым,
Сыздаған екен аяғым!
Кетілген екен тұяғым,
Кеміген екен сияғым!
Үзілген екен қанатым,
Тоқталған екен санатым!

Осылайша қатты өкінген Ер Көкше жанындағы билерге ұрсып, Алмамбетті іздеп шығады. Бірақ, зұлым билер оның атын басқа жаққа бұрады. «Кеткелі екі күн болды, ендігі алысқа ұзап кетіп қалған зой!» – десіп, Алмамбетпен жолықтырмауды көздейді. Алмамбет те Көкшені қимай: «Мастығынан айыққан соң, ағам іздеп келіп қалар!» – деп, сәскелік жерде қарайлап тосып жатады. Екі күн күтіп, ешкім келмеген соң, торығып, Ер Көкшеден біржола күдер үзеді.

Ер есігі тоң темір,
Ерітпекке ер керек.
Ер Көкше деп сағалап,
Енді жүріс не керек?
Жақсылық көрер жайым жоқ,
Жарығы тиер айым жоқ.
Саялайтын жерім жоқ,
Аялайтын елім жоқ!
Қолдасаң, құдай, қолдадың,
Қолдамасаң, оңбадым,
Жебесең, құдай, жебедің,
Жебемесең, ерте өліп,
О дүниеге жөнөдім! – деп, қайраттанып,
қара жолмен қиянға аттанып кетеді.



Манас пен Алмамбет

Бір күні Манас түс көрді,
Түсінде қызық іс көрді:
Айдалада баратып,
Аш албарыс қылыш тауыпты,
Берен Манас қылышты,
Беліне бекем тағыпты.
Жолда бара жатқанда,
Жанындағы қылышы,
Жолбарыс бола қалғаны,
Соңынан еріп Манастың,
Жолдас болып алғаны.
Одан кейін жолбарыс,
Ақ түйғын болып құбылды.
Әуелеп ұшса аспанға,
Алып қарақұс сүрі бар,
Қайра қонып қолына,
Қуантып қойған түрі бар.
Қондырған бойда қолына,
Түсінен Манас оянып,
Жақсыға жорып ойланып,
Қабағы күндей ашылып,
Қалың жұртын шақырып,
Ақбоз биені алдырып,
Баабединге шалдырып:
- Жоры, – дейт, – көрген түсімді,
Оңдасын, жұртым, ісіңді.
Қоңыр шешен Ажыбай,
Сөз бастады жайма – жай:
- Мен жориын түсіңді,
Оңдапты Құдай ісіңді.
Береді екен қолыңа,
Күтіп жүрген кісіңді.
Бұл дүниеде жолдасың,
О дүниеде колдасың,
Қосылады екен өзіңе,
Хан Алмамбет жолбарысың! –

Бұл сөзді айтып Ажысы,
Бата қылды бәрісі.

Манастың көңілі көтеріліп: «Ешқайда шықпай, ауылда бес ай жаттық. Далаға, сейілге шығайық!» – деп, төрт жүз жігітпен қырға шығып кетеді. Арқар, құлжа, құлан, киік аулап, медиен шөлді кезіп, айдалада бір жырғап қалады. Құм – Бұлақтың белінен, дәрет алған жерінен жаңа туған, әлі көзін ашпаған қол басындай сұр күшік тауып алады. Бақай айтады:

- Құтты болсын күшігің,
Алақан жайып бәріміз,
Құмайық деп атайық!
Шымды жарып, шөп шыққан,
Жерде мұндай табылмас,
Құлақ естіп, көз көрген,
Елде мұндай табылмас.
Бұл Құмайық өскен соң,
Жолдас болар өзіңе.
Жолыққан ырыс – Құмайық,
Жолбарыстан беті қайтпайды!
Асыл туған Құмайық,
Үш күн жатса далада,
Ғайып бағады деуші еді.
Еркек адам жоламай,
Ұрғашының тазасы,
Зайып бағады деуші еді.
Өйтіп бағып алмаса,
Мұратына бір күні,
Жетіп қалады деуші еді.
Дым білдірмей ешкімге,
Кетіп қалады деуші еді.
Қабылан Манас, кез болар,
Құдаласып, некелеп,
Қадырлы жарды алатын,

Алғаның болар ақылды,

Құмайықты бағатын.

*Аң аулап, құмары басылған әрі
Құмайыққа қуанып қалған Манас үйге
қайтпақшы болады. Бота – Мойнақ
жазықтан кең далаға керіле қарап тұрғанда,
Шу жаққа көзі түседі.*

Қазақтан шыққан қайғырып,

Қадірлесі Көкшеден,

Қарғадай болып айрылып,

Ұзақ – ұзақ жол басып,

Шынтағын жерге салмастан,

Көз шырымын алмастан,

Жалғыздық түсіп басына,

Тілі кеуіп таңдайда,

Кезеріп ерні жарылып,

Аштықтан бауыры ауырып,

Келеді жолда Алмамбет,

Әйнектей көзі сүзіліп,

Ақыр жалған дүниеден,

Күдері әбден үзіліп:

- Қаңғып қалды сұм басым,

Қандай жолды басамын?

Жалындым, Құдай, өзіңе,

Жайлы жерден бір ажал,

Жеткізе көр өзіме!»

*Бота – Мойнақ белінде оны байқап
тұрған Манас толқып кетеді.*

- Түсімде тапқан қылышым,

Қылышымды кез қылған,

Күдірет сенің жұмысың.

Түсімде көрген жолбарысым,

Алмамбет өзі болмасын! – деп, қуанады.

*Сол кезде падишадай көркі бар, айбатты
Алмамбет жиырма сегіз жаста екен,
жақындап келе жатады. Бұл Талас, Шудың
арасы, Түз – Бұлақтың тұсы екен. Манас
батырларынан сүйінші сұрап: «Ал, енді
Алмамбеттен айырылып қалмайық! Шуақ,
Сырғақ, Ажыбай, Шалыбай, Құтынай
бесеуің қолатты бойлап, ылдилап, көрінбей
барыңдар да, қарақшы болып тұтқиылдан
бас алыңдар! Ақылы мен жүрегін сынап*

біліңдер!» – дейді.

*Бес көйқасқа жетіп барып, тасадан
шыға келіп, тарсылдатып мылтық атып,
қарсылдатып дауылпаз қағып, бақырып,
шақырып Алмамбетке тап береді.*

*Сонда Алмамбет қырғыздың бетке
ұстар атақты, ең мықты бес батырын шіл
ұшқандай көрмей, селт етіп бір көз салмай,
өз жолымен жүре береді. Қиқырып барған
бес батыр амалсыз соңынан ере береді.*

Байқап көрсе айбатын,

Манасыңнан кем емес,

Адам өлшер неме емес.

«Құдай берген екен!» – деп,

Батыр Сырғақ жол бастап,

Алдыға түсті тепеңдеп.

Төрт төбелі көк шатыр,

Қырғыл, Бақай кәрі бар,

Төре Манас жанында,

Қиындардың бәрі бар.

Манасқа Алмаң барғанда,

Сәлем берді саңқ етіп,

Арыстан Манас, ер Бақай,

Алды сәлем барқ етіп.

Ағекесі Бақайға,

Қол ұсынды иіліп.

Бақай қолын алады,

Манас та қолын алады,

Ортадан орын береді.

Шарт жарылған ерінін,

Байқап қойып ер Манас,

Ашыққанын біліпті:

- Алып кел жылдам тамақ! – деп,

Аспазға бұйрық беріпті.

*Әуелі бал шайқаған қымыз береді. Аз
ғана жұтқан бойда, өзегіне түсіп кетіп,
Алмамбет сылқ ете түсіп, кірпікке кірпік
ілініп, өліп барып тіріліп, есін жияды. Тамақ
ішіп, рахаттана терлеп, ақылы орнына
келгенде, Манас: «Еліңіз кім, жеріңіз қайда?»
– деп, жөн сұрайды. Алмамбет айтады:*

- Ой жетпеген іс іздеп,
Оң қараған кісі іздеп,
Ауып жүрген бір жанмын.
Ат жетпейтін жер іздеп,
Азып жүрген бір жанмын.
Баратұғын елім жоқ,
Қаңғып жүрген бір жанмын.
Қарсақ жүрмес қалыңда,
Қарайлаған бір жанмын.
Қара басын өлімге,
Даярлаған бір жанмын.
Безіп жүрген елінен
Алмамбет деген пақырмын!
Жолда жатсам, көрер жоқ,
Өліп жатсам, көмер жоқ,
Бір Құдай деп бел будым,
Мендей ғаріп байғұста,
Одан басқа тірек жоқ!

Сонда Манас сөйлейді:
- Арқайған биік Алатау,
Ақмарал қуып, кім аспас?
Айқын дала, ұзын жол,
Адасса, жолын кім баспас?
Шақырса келмес Шын ханы,
Шиырыма келіп тұрғаны,
Қаласаң келмес қақаншың,
Қасыма келіп қалғаны.
Құтпан келіп, құт келіп,
Құдайдың беріп салғаны!
Алладан әр жан күшті емес,
Хан тартусыз қош емес!
Айбаты күшті қырық батыр,
Қамдаңдар жылдам тартуын!
Аяулы мүлкім Ақкелте,
Асайық ердің жонына,
Албарыстан ұшты Сырнайза,
Оны беріп қолына,
Кигізіңдер Ақкөбе,
Киетін киттің орнына,
Алтын сапты Зұлпықар,
Оны байла беліне,
Қосылмаса қырғызға,

Ала кетсін барлығын,
Баратұғын жеріне!

Азаматтың барлығы,
Атасы келген немедей,
Әлек болып ентелеп,
Айкөлдің аты Аққұла,
Бас ат қылып жетелеп,
Алтын ердің басына,
Ақкелте іліп қасына,
Сырнайзаны сайылтып,
Асабасын жайылтып,
Қылышын іліп еріне.
Есік енді айбалта,
Қанжығаға байлапты,
Садағын салып еріне,
Алмамбет ерге беруге,
Аққұланың артынан
Ай тигендей жарқырап,
Құлжадай төсі керілген,
Сарала менен тоғыз ат –
Сай күлікті тарттырып,
Сандырғалы Алмаңның,
Салтанатын арттырып,
Сары лақты таптырып,
Садағасын шаптырып,
Алмамбеттің басына,
Қырық мың ділда шаштырып,
Әскеріне талатып,
Тай семізін сойдырып,
Тамашаға кірісті.

*Алмамбет: «Қас тұлпарын мінгізген,
асыл құрыш қару – жарағын қиып берген
Манас асқан мәрт екен. Мен оны ат –
тонынан айырып, айласын кетірмейін.
Маған осы Сарала ат лайық!» – деп, алғысын
айтып, Сарала аттан басқасын Манасқа
қайтып береді. Сөйтіп, былай дейді:*

- Туған қылсаң, қырық батыр,
Тұруға келдім мен ақыр,
Құдай берсе ынтымақ,
Қусаң кетпес ырыс – бақ!
Қырық батыр қолдап, қол жайып,

бата береді. Алмамбет кетпейтін болған соң, Манастың көңілі көлдей толып, ата – анасына хабар береді. Самарқанның сыртында, Белсаз, Қыршында бие байлап жатқан бай Жақыптан төрт шора: «Алмамбет балаң келді!» – деп, сүйінші сұрап барады. Шиырды: «Манасым он бес жасқа келгенде, жұманың түнінде көрген түсімде Алмамбет қасында жүр еді,» – деп, түйе бастаған төрт тоғыз бөлдіреді. Бай Жақып алпыс шалды, Шиырды он екі кемпірді бастап, батырлардың алдынан шығады. Алмамбет ақсақалдарды көргенде атынан түсіп, жаяу келіп сәлем береді. Жақып: «Қаралдым балам, келдің, Қадыр Аллам, бердің!» – деп, онымен жылап көріседі.

Оның артынан Боз жорғамен жеткен бәйбішенің емшегі Алмамбетті көрген бойда, ат үстінде иіп қоя береді. Шиырды Манас пен Алмамбетті шақырып алып, оң

емшегін Манасқа, сол емшегін Алмамбетке емізеді. «Отыздағы баласы емшек емді!» – деп, бай Жақып күледі.

- Енеден екеу болдым! – деп,
Ер Манас айтып мындай кеп. –
Атадан төртеу болдым, –деп, –
Дариядай тасып толдым! – деп,
Арыстан Манас айтса кеп,
Қуанбаған бір жан жоқ.

Жақыптың тоқалы Бақдәулет те бұл хабарды естіп, он екі қатын ертіп, келіп жетеді. Манас тоғызға толғанда Абыке, одан кейін Көбеш – екі ұлды туған екен. Олар да қоса келеді.

Бай Жақып бар басында,
Бақайы бар қасында,
Қырық жігіттің бәрісі,
Қырғыл басшы кәрісі,
Бәйбішенің сарайда,
Ұлан – асыр той қылды,
Сегіз хан қырғыз жұртына.



Қаныкей

Қырғыздардың қыраны, Ақбалтаның Шуағы, қандайын байқап көрмекке, қиынын сындап білмекке кең Бұқардың түбіне келіп тұрды дейді. Қаһары жүзіне айналған, жолым үйдей шойынбас, бір жағына байланған батырды көргенде бұқарлықтардың зәресі ұшады. Сонда:

Он екі қыздың кенжесі,
Темірханның еркесі,
Құдайдың сүйген пендесі,
Қара сұрдың сұлуы,
Әйел заттың нұрлысы,

Қыз Қаныкей әкесіне келіп: – Мына келген батырмен жекпе – жек соғысып көрейін, ажалым жетсе өлейін, әлім жетсе

енді қайтып келмейтіндей қылайын! – деп, сауыт – сайманын киіп, жау – жарағын қамданып, аттанып шықты дейді. Бұқардың қорғанының түбіндегі сайыс майданына келіп, Шуаққа сөйлеп тұрған жері екен.

- Алыстан келген еренім,
Көп жерді көрген беренім.
Жөн сұрасып алайық.
Одан кейін беттесіп,
Аямай найза салайық.
Уағдамызды бек қылып,
Бұзбайтұғын серт қылып,
Мені сайып сен алсаң,
Дегеніңе көнейін,

Тілегенің берейін.
Сені сайып мен алсам,
Ерлікті епсіз салайын.
Еңкейтіп аттан түсірсем,
Басыңды кесіп алайын.
Көк рапыс тон киген,
Көк ала тұлпар ат мінген,
Қайдан келген батырсың?
Менің жайым сұрасаң,
Еріш бұзып, ер сайған,
Еңбекті жанның өзімін.
Қараханның қызымын,
Қаныкей долы өзімін!

Енді құдай ұрды Шуақты,
Қылым жұртты шу қылған,
Қыран туған шұнақты.
Көк ала санға бір салып,
Көк найзаны қолға алып,
Саярына қамдады.
Қасына келген көп елде,
Кенедей ақыл қалмады.
Ақбалтаның Шуағы,
Ашуы келген уағы.
Тегерете қарамай,
Тегі жанын аямай,
Қыдырата қарамай,
Қылша жанын аямай,
Қызға жетіп барғанда,
Емшектің анық тұсы деп,
Өлер жері осы деп,
Қикырып найза сайғанда.
Белі кетті бүкшиіп,
Көзі кетті шекшиіп.
Нақ сауытқа тигенде,
Найзасы кетті бөлініп,
Ат басындай ақ болат,
Найзаның ұшынан ұшып көрініп.
Міне, сонда Қаныкей,
Өлімнен қайғы жеген жоқ.
Ер Шуақтың найзасын,
Қабағым, қасым деген жоқ!

Ақбалтаның Шуағы,
Көк ала аузын бұрады,
Қыз Қаныкей шұнақтың,
Кезегін беріп тұрады.

Қара қасқа арғымақ,
Қаныкей қармап аузын бұрады.
Ұшын уға улатқан,
Темірге сайса өтсін деп,
Тоқталмай кіріп кетсін деп,
Бөрі тіл қылып болатты,
Бөлек – бөлек сулатқан,
Қырғағы темір сыр найза,
Қия тартып сұнады.
Ақ қаңқы ердің қасы деп,
Жүрегіннің басы деп,
Қикырып келіп ұрады.
Қаныкей найза сайғанда,
Көк ала тұлпар тулады.
Қаныкейдің найзасы,
Сексен бөлек қирады.

Қыз Қаныкей шұнағың,
Ер Шуақты сайғанда,
Тасты сайған сияқты,
Қабырға сүйегі бүктеліп,
Жанына зор күш келіп,
Аңтарылып тұрады.

Қаныкей найза сайғанда,
Қайдағы жыны қозғаны,
Арыстан Шуақ батырды,
Көк аланың үстінен,
Аударып кете жаздады.
Шай қайнамша ер Шуақ,
Шарқы кетіп тұрғаны,
Ас пісімге ер Шуақ,
Әлі кетіп тұрғаны.
Өзінен – өзі күйленіп,
Есі шығып, сөйленіп:
- Қызыталақ Бұқардың,
Қызы мұндай болған соң,
Қиыны келсе сау қылмайт,

Қаражолтай Бұқардың,
Қатыны мұндай болған соң,
Қамбылы келсе сау қылмайт!
Мен Таласқа қайра барайын,
Қалың қосын алайын,
Содан кейін Бұқарға,
Аямай соғыс салайын!

Мұны ойланып ер Шуақ,
Көк ала аузын бұрды дейт,
Таласты көздей батырың,
Құйындап жөнep қалды дейт.
Құлын жалды көк ала,
Басқан жері бырқырап,
Бара жатад зуылдап,
Бұлттай ұшып зырқырап.
Шу шықса күшеп бөлінет,
Тұяғы тиген жерлері,
Қыртысынан сөгілет!

Мұны көріп Қаныкей,
Өзінен – өзі ойланып:
- Шолғынға шығып, жол жүріп,
Желмейтіндей қылайын,
Қайра бастап қол алып,
Хан атамның шәріне,
Келмейтіндей қылайын!
Деп осылай Қаныкей,
- Еркек болсаң қашпа деп,
Шуақты қуып қалғаны.
Айтқанға Шуақ бола ма?
Айналып тұрса оңа ма?
Бұдыр – бұдыр жер келсе,
Ер Шуақтың көкала,
Бұқадай мойны бұлтылдайт,
Адырмақ жерге келгенде,
Қаныкейдің қара қасқа арғымақ,
Ай қасқасы жылтылдайт.
Қашат Шуақ тақымдап,
Қаныкей барат жақындап.

Сонда белес жаққа қараса,
Бес кісі шықты жаңаша,

Ең алдында бір кісі,
Алыс – жуықты байқаған,
Ақ сақалын жайқаған,
Күлімсіреп сөйлеген,
Кебетесі, келбеті,
Күллі жұртты билеген.
Оның артқы жағында,
Аққұла мініп болқайған,
Аяқта етік қайқайған,
Жондап ылди қараған,
Алыптық түрі көрінет,
Мұны ала – алмай дұшпан жадаған.
Алтын менен күмістің,
Құймасынан біткендей,
Аспан менен жеріңнің,
Тіреуінен біткендей,
Аспандағы ай – күннің,
Бір өзінен біткендей.
Алды қалың қара жер,
Бұған қалыңынан түткендей.
Әуедегі бұлыттың,
Салқынынан біткендей,
Ай алдында дария,
Толқынынан біткендей,
Аспандағы ай – күннің,
Жарқылынан біткендей,
Ат бастырған жерлері,
Бұған қалыңынан түткендей!

Мұны көріп Қаныкей,
Тоқтай қалды толғанып,
Өзінен – өзі ойланып:
- Е – е, келушілер келіп қалған ғой,
Жаратқан беріп салған ғой.
Аттың түрі бір басқа,
Көргенде жүрек толқиды,
Ердің түрі бір басқа.
Күйеу қылсам төрені,
Күптіні жазар шер екен,
Үзілгенін жалғасам,
Шашылғанын жинасам,
Шарпысқанның бәріне,
Шарқы жетер ер екен!

Манастың Манас екенін,
Мен басынан ұғып білгемін,
Манастығы шын болса,
Әдейі іздеп келер деп,
Жаратқанның өзінен,
Осыны тілеп жүргенмін!

Міне осылай Қаныкей,
Жақыптың ұлы Манастың,
Келгендігін біледі,
Сыртынан шерге көз салып,
Сынына толып сұқтанып,
Жолы болған жандай бір,
Жәудіреп қарап күледі!

Ал Шуақ батыр сол қашқаннан тоқтамай, екі көзі алақтап, екі етегі далақтап, зулай береді. Самарқанның бер жағында аң аулап, шолғын шолып, Шуақты тосып жүрген батырлар оның алдынан шығады, еті қызып алған Көк аланы Бақай ағасы Көк тұлпармен көлденеңнен келіп, тізгіннен алып, зорға тоқтатады. Өз тобына қосылған Шуақ Манасқа қарап, ағыла сөйлейді. «О, батыр, мен қыздан шыққан шер көрдім, қылымға татыр ер көрдім!» – деп, көрген – баққанын, Қаныкейдің жайын баян етеді.

- Ұрғашының мықтысы,
Артық туған бала екен,
Арыстаным, өзіңе лайық жан екен!
Төрем, сөзіме құлақ салсаңыз,
Темірхан қызы Қаныкей,
Адал жар қылып алсаңыз,
Артады екен дәулетің,
Түгесіліп бейнетің.

Аямай жырғап жаныңыз,
Ашылады екен бағыңыз! – деп, ағынан жарылады. «Қаныкей алмай жол болмайды, әсте бір ісің оң болмайды!» – дейді. Манас батыр ерінің басын қаққылап, ойланып тұрып қалады. Оның қабағын байқаған ақылман Бақай: «Олай болса, Бұқарға құда болып баруды ойлайық, Жақыпқа ақыл

салайық!» – деп, барлығы ауылға аттанады.

Ал Қаныкей: «Көзіне көрінсем, өзім іздеп келгендей болармын, ұятқа қалармын. Жеріме келді зой, жөнiмдi бiлмей кетпес. Манастығы шын болса, Темірханның ордасына бір айналып соқпай қоймас!» – деп, арғымағын бұрып, Бұқарға қарай жортып кете береді.

Күннен, күннен күн өтіп,
Күптіні жазар кез жетіп,
Шоң Таластың ойында,
Кең – Қол – Ата бойында,
Қайнардың кара көзінде,
Қақ шынардың өзінде,
Тай семізін сойдырып,
Сары қазы, қима жал,
Қия кесіп қойдырып,
Өңкей қырғыз мықтысы,
Жасы менен кәрісі,
Ауылына Жақыптың,
Жалпы келген бәрісі.

Жиында Айкөл Манас бір сөзді ортаға салады. «Кеше халық үшін намыс қуып, Қайып даңды қаратқанда, қызын алдым. Өзі келіп ұрынып, соғыста жеңілген Саурық ханның қызын алдым. Бірақ, ата, құда болып, той жасап, ақ некелеп қатын алып бермедің! Қалмақтан Қарабөрікті, қалшадан Ақылайды алдым, екеуі де тумай қойды, тұяқсыз өтем бе деп, көңілім жай табар емес!» – дейді. Бай Жақып та, батырлар да, жиылған жұрт та сілтідей тынып, Манастың сөзін мұқият тыңдайды. Манас сөзін ары жалғайды.

- Оймақтыдан узды алам,
Ойымдағы қызды алам.
Кереметі кеңді алам,
Ақыл – есі өзінің,
Меніменен теңді алам.
Алты жылдық зиянды,
Білетұғын қызды алам,
Ақыл қосып жанымда,
Жүретұғын қызды алам.

Жан жолдасқа жаман сөз,
Айтпайтұғын қызды алам.
Жаман жерге жамбастап,
Жатпайтұғын қызды алам.
Бейбастақтың үйіне,
Кірмейтұғын қызды алам.
Бейжайлық пенен кесірді,
Білмейтұғын қызды алам.

Ақылға диқан айлалы,
Әлемге толық пайдалы,
Көңілі дархан, пейілі кең,
Төрт тарабы болған тең,
Жұлдызы ыстық, жылы сөз,
Шырағы жарық, жәудір көз,
Ақылменен ер баққан,
Иманменен ел баққан,
Ашығын сөздің айтайын,
Қаныкей атты қызды алам!
Шоң Бұқардың Темірхан,
Лақап аты Қарахан,
Қараханның қызы осы,
Манасыңа жараған!

Бұл сөзді естіп бай Жақып Бақаймен ақылдасып, Манастың айтқанын құп көріп, құда түсуге қамданады. Төлгеші Төлек бастаған алты жігіт қосшы алып, алты атқа ақ шатырын, ақ кілемін, алтын – күмісін арттырып, алыстағы Бұқарға сапар шегеді.

Күндердің күнінде бай Жақып Бұқарға келіп, Қараханның ордасына түседі. Манастың даңқын білетін Қарахан мен баласы Ысмайыл құрметтеп қарсы алып, қонақ қылып, жөн сұрайды. Жақып: «Ырысы тайқы адамға, күн сайын даушы келмей ме? Ырысы толған адамға, күн сайын жаушы келмей ме?!» – деп, алыстан толған келіп, тоқ етерін айтады: «Сізде бір жақсы қыз бар екен, құлдық ұрып, мал беріп, құда болғалы келдім!» – дейді. Қарақан сақалын салалап тарап, шай қайнатым уақыт үндемей ойланып отырады да: «Қызым әлі

жас еді. Ал, күйеу болатын кісің кім?» – деп сұрайды. Жақып: «Ақылымның тұнығы, ақ қалпақтың ұлығы, Құдайдан сұрап алғаным, қуатты Манас балуаным!» – дейді. Қарахан шошып кетеді:

- Сенің Манас балаңның,
Бар дейді екі қатыны,
Күніге балам күйе ме?
Қызым ойын баласы, жас болса,
Оған екі жауыз қатын қас болса,
Ауқаттың жайын білмесе,
Омыраулап баланы,
Әркімі бір тілдесе,
Елдің жайын білмесе,
Әкірендеп қатындар,
Әңгі болып тілдесе,
Елге қайтіп жағады,
Ерін қайтіп бағады?
Қан шеңгелдеп туылған,
Қанішер дейді Манасың,
Балама қорлық қылмасын.
Бір ұрғанда баламның,
Қол – аяғы сынбасын.
Қырық шора қырқа мас болса,
Қызметін қылып беруге,
Қыз балам менің жас болса,
Әңгі айғырдай кісінеп,
Екі қатын қас болса!
Қой, Жақып бай, сөзіңді!
Құрмет қылып, қонақ қып,
Мен шығарып салайын өзінді!
Қой, Жақып бай, кебінді,
Басқа жерден аларсың,
Ылайықты келінді!»
Осы кезде Қаныкей,
Есіктен кірді қылт етіп,
Тік қарамай Жақыпқа,
Шығып кетті жылт етіп.
Артынан бір қыз еркелеп,
Есіктен шығып кетісті,
Бірін – бірі жетелеп.

Баланы байқап қалған бай Жақып: «Бүгін мен қонақпын, осында қонамын!» –

дейді. Қасына Төлегін ертіп, Бұқар шаһарын көрмекке қыдырып шығады. Келе жатса, алгі екі қыз тағы ұшырасады. Сынап қараса, ақылына көркі сай екі ару да сынына толады, Қаныкейдің жанындағы қыз – сіңлісі Аруке екенін біледі. Ол да көңіліне жағып, Алмамбетке алып бергісі келеді. Осы ойын Төлекке айтып, ақылдасады. Сол кезде төлгеші Төлегі құмалағын салып жіберіп: «Басы түсті тоғыз, аяғы түсті сегіз, бәрекелді бай Жақып, қайда барсаң жол ашық! Құмалақ жақсы бұрылды, босағаға хан Темір, өзі келіп ұрынды! Қаныкейдің үстіне Арукені де береді!» – деп, қуанып сөйлейді. Оны көріп, естіп тұрған бұқарлықтың ішінен алты кісі Қараханға келіп, Жақыптың сөзін тағы ортаға салады.

- Бұл сырттан туған Манасқа,
Ұрынған аман қалмаған.
Ойлап қара, Қарахан,
Бұл дүниенің жүзінен,
Манас қызынды сенің таңдаған.

Жаушыға Жақып келген соң,
Қызың іске жараған.

Бермеймін деген еп емес,
Бермей қояр сен емес.

Манас бүйтіп тұрғанда,

Сенің бұлдануың жөн емес!

Амалы құрыған Қарахан ойланып
отырып, мынадай ақылға келеді:

«Бай Жақып келді асылып,
Біз оған мал салайық қашырып.

Алты жүз қызыл нар болсын,
Артылған арбын зер болсын.

Адырым толған мал болсын.

Екі мың аппақ қой болсын,

Елу күні той болсын,

Маңдайында ағы бар,

Екі жүз қара сиыр болсын.

Мал айдаған қыз болсын,

Сұңқардан тоқсан құс болсын.

Бүркіттің жүзі тұс болсын.

Күліктен берсін екі жүз,

Жорғадан берсін жеті жүз,
Түйеден берсін екі жүз.

Жолбарыстан берсін жетіні.

Шерден берсін екіні.

Бұқадан берсін мұншаны,

Бурадан берсін соншаны!

Қарахан: «Бермейміз деп тура айтсақ айып болар, мұнша малды тапса – қызды алар, таппаса – құры қалар!» – деп ойлап, бай Жақыпқа келіп, қалың малдың есебін айтады, мұртынан күліп қояды. Бай Жақып: «Ыразымын өзіңе, салған қалың малыңды, жеті күнде көрсетемін көзіңе!» – деп, аттай алтын зер мен екі тоғыз малды: «Қалың малдан тыс, құлдық ұрған ырымым!» – деп, тартуға беріп, Қараханға: «Кіші қызың Арукені Алмамбет балама бер! Оған да құлдық ұрайын!» – дейді. Қарахан ашуланып қалады, бірақ сол жерде тұрған елдің ішінен Қараханның қадірлі жігіті Қалматай: «Құлдықты ұра берсін, мақұл деп, алтынын ала беріңіз! Сонша малды тауып келе алмайды!» – дейді. Қарахан амалсыздан: «Мақұл, құда болсақ, болайық!» – дейді. Осы сөзге тоқтасып, бай Жақып үйіне қайтады.

Келген соң Манас пен Алмамбетке болған жайды баяндап: «Ал, енді айтқан малын айдап барып, келіндерді алып келейік!» – деп, қамдана бастайды. Жақып жанына Бақай мен Төлегі бар, қырық кісі қосшы алып, бәйбішесі Шиырды Боз жорғаны мініп, алты қатын, төрт келінді ертіп, жолға шығады. Манас пен Алмамбет қосшыларымен қалың малды айдап, артынан жүреді. Айтқан малына қосымша деп, шоралар жүздеп жылқы айдап, малдың көптігінен жердің беті шаң болып, аспанды бүркеп, дүбірлете шұбырған малға дала мен тоғайлардағы жан – жануарлар да, қашар жерін таппай, амалсыз қосылып кетеді. Сөйтіп, Қараханның еліне жетіп, Бұқарға кіреді.

Есікке шықса Қарахан,
Мал толыпты жеріне.
Санын малдың ала алмай,
Айласын тұрды таба алмай.
Қайбереннен қосылып,
Құлан жүрет ішінде,
Қолға ұстатпас шу асау,
Будан жүрет ішінде.
Арқар, құлжа, тау теке,
Толып жүрет ішінде.
Малға аралас қорсылдап,
Доңыз жүрет ішінде.

Күрең сиырға қатарлас,
Құлжа кірді Бұқарға.
Арғымаққа аралас,
Арқар кірді Бұқарға.
Бурыл жылқы ішінде,
Бұғы кірді Бұқарға.
Маңқаң – маңқаң басатын,
Марал кірді Бұқарға.
Текілдесе шұрқырап,
Теке кірді Бұқарға.
Еңкең – еңкең басатын,
Тау ешкі кірді Бұқарға.
Елу қодас, жүз қашыр,
Желіп кірді Бұқарға.
Қалың малға қосылып,
Арыстан келді, шер келді,
Ежелгі Бұқар сескеніп,
Ебі кетіп, тербелді.

Толған малдан топалаң тигендей болып тұрған Қарахан бай Жақыпты көргенде қуанып кетеді. Ақ сарайға кіргізіп, сый – құрметін білгізіп: «Малыңды алдым, ризамын, біттім! Енді мына малыңды қалай айдап келсең, солай айдап кетіп, бізді құтқар!» – дейді. Сөйтіп, келген мал мен жан – жануарлар Бұқарға бір түнемей, қайтадан қырға тарап кетеді.

Мұны бұлай тастайық, күйеу болып келген батырлардан сөзді бастайық. Манас пен Алмамбетті қыз – келіндер құрметтеп,

бұқарлық үйде күтіп, қызмет қылады. Кеш батып, түн болғанда, күйеу балаларды сол үйге қондырады.

Ел ұйқыға кіргенде,
Күйеу болып көрмеген,
Мындай іске көнбеген,
Қызын алып келмейт деп,
Кім екенім білмейт деп,
Ызалық түсіп мойнына,
Бозуыл, Ыршуыл басшы алып,
Екі келін қосшы алып,
Басып келді ер Манас,
Қалыңдықтың қойнына.

Алтыннан қылған тақтада,
Қаныкей жатқан керіліп,
Ұйқы қашып, ой шырмап,
Кірпік қақпай ерігіп.
Манастың жүзін көргені,
Қаныштың жыны келгені:
«Кіріп келет шоңсынып,
Сөзге келмей бұл қанқор,
Төсегіме қол салып.
Қыздың жайын білет, – деп, –
Жесір қатын алғансып,
Маған жетіп келет!» – деп,
Ызаланып қалғаны,
Еңкейе түсіп қабылан,
Емшегінен қармады.

Міне сонда Қаныкей:
«Сөзге келмек зинат, – деп, –
Қыздың жайын білмейсің,
Қыз жосыны қымбат, – деп –
Күйеу болсаң сен, Манас,
Жатпайсың ба еркелеп,
Қараңғыда келесің,
Жас баладай ентелеп.
Жесір қатын мен емес,
Сен алардай жетелеп.
Ата – анамның төрінде,
Көзіме бүгін көрінбе,
Келуші болма темселеп.

Қадыр – көңіл жетіссе,
Құрмет қылып қыз – келін,
Мені алып барар жетелеп.
Батыр Манас сен болсаң,
Бала қиял мен болсам,
Хан басыңменен қарқайып,
Ұрыша басып жүресің,
Ұялмай түнде келесің.
Адамға жақпайт, ер Манас,
Сенің осы мінезің!»

Қара торы, керме қас,
Келісімді ұзын шаш,
Қаныкейдің сөзіне құлақ салмады,
Жанына жетіп ер Манас,
Енді білегінен қармады.

Болат қанжар басында,
Қаныкей қынынан суырып алғаны,
Қисаңдамай жөн тұрып,
Қанжар менен Манасты,
Нақ білекке сайғаны.
Білекке қанжар ұрылып,
Қызыл қан кетті шұбырып,
Манас қалды бұрылып,
Ашуы келіп батырдың,
Қызыл өңі құбылып:
«Алам деп қатын жақтырып,
Қаншыққа алдым қаптырып!»
Қаһарлана қалыпты,
Қабырғасын Қаныштың,
Қирата теуіп салыпты...

Арада екі күн өтіп, күбір – сыбыр сөз шыға бастағанда, Қаныкей Арукені ертіп, Манастың қасына келіп тұрды дейді.

«Батыр, айып менің мойнымда,
Қылыш алып жатушы ем,
Қыз болғалы қойным.
Қылыш тиіп қалыпты,
Оқыстан сенің қолыңа.
Айкөл төре, батыр, – деп, –
Айтса, қойшы кешіріп,
Атаның құнын ақыр, – деп,

Кейімей жаным қоймас, – деп,
Кешірмесең болмас, –деп –
Айкөл Манас жолбарыс, –деп», батырға
құлдық қылып, бүгіліп тұрғанда,

Бақай келіп қалады. Қаныкей ол кісіге ізет қылып, жүгінеді. «Келінім кегі жоқ кісі болады!» – деп сүйінген Бақай жайына кетеді. Бұл жайды білгендер Қаныкейдің сөзіне разы болып қалады.

Жиылған елдің алдында Қарахан сөз бастап, Алмамбет батырға Арукені беретінін айтады, оған ешкім қарсы болмайды.

Аппақ келін, ару қыз,
Арукені жетелеп,
Ардақтап алып келеді,
Әзизханның Алмамбет,
Ақыреттік құрбым деп,
Самайынан бір сипап,
Ақырын ғана күледі.

Содан отыз күн ойын қылып, молдаларды жидырып, некелерін қидырып, екі келін алған Жақып Бұқардан Таласқа қуанып аттанады. Таласқа сүйіншілеп шабарман кетеді. Ер Манасты желпіне тосқан кең Таласта Манас пен Қаныкей бір үй, Алмамбет пен Аруке бір үй болып, бай Жақып ұлан – асыр той жасайды.

Өзеннен тоғай қидырып,
Отынды таудай жидырып,
Жер ошақты қаздырып,
Ас қазанын астырып,
Елге хабар салысып,
Жыршы менен қомызшы,
Бәрін жиып алысып,
Жомоқшы жомоқ айтысып,
Бергенін алып қайтысып,
Зурнайшылар жан – жақтан,
Осы тойға жиылды
Өнерпаздың бәрісі,
Өбектеген кәрісі.

Ат, құнан таңдап шаптырып,



Зурнай менен кернейін,
Аспандата тарттырып,
Әр кім мұны жақтырып,
Марғалаңның Малабек,
Қоқаннан келді Қозыбек,
Қашқардан келді Алабек,
Әнжиянның айыр сақал Санжыбек.
Мергендер жамбы атысып,
Шабандоз ылақ тартысып,
Көк бөрідей жұлысып,

Көк буы шығып қайтысып,
Өкпе қармап таз шабыс,
Одан кейін жаяу жарыс,
Балуан күрес, ер сайыс,
Атала бас, ит тартыс,
Ойын күлкі тамаша.
Жамандар қалып адасып,
Жақсыға жақсы жанасып,
Қырық күн қызық көрісіп,
Келгендер кетті тарасып.



Жаудың айласы

Манас батыр Қаныкейді, Алмамбет батыр Арукені алғаннан кейін ұзақ жылдар Таласта тыныш өмір сүреді. Қырғыз елі өз жеріне түгел ие болып, Алайда батыр Төстік, Әнжиян өлкесінде Санжыбек, Тәшкен тарабында Көкетай, Кемінде ер Үрбі, Ат – Басында Қосай дәу болып, барлығы бірдей Манасқа тілектес, қанаттас жасайды. Манас Орта Азиядағы барлық елдермен ынтымақта болады. Манастың қосынында Алмамбет, Шуақ, Сырғақ, Әжібай сияқты батырлар, ақылман Бақай және мықты шоралары ұрынған жауға қан жұтқызып тұрады. Оларды жомықшылар кейде:

Себілдісі сексен төрт,

Серп алған жағы қызыл өрт», – деп, сексен төртке де жеткізіп қояды.

Сарыарқадағы Көкше батырдың

әйелі Ақеркеш, Манастың әйелі Қаныкей, Алмамбеттің әйелі Аруке сұлу – үшеуі де Бұқардың ханы Темір ханның\ Қараханның\ қыздары болғандықтан, олар бір – бірімен бажа болып, туысқандық байланыстары да нығая түседі. Ер Көкше Манастың өз адамы болып, Сарыарқа жақтан қырғыздарға еш қатер төнбейді.

Манастың басшылығындағы қырғыз рулары бас қосып, жеңілмейтін үлкен күшке айнала бастайды.

Қырғыздардың ескі дұшпаны – Қаңғайдағы Есен ханға қырғыз руларының күшеюі қатты қауіп туғызады.

Манастың қолына тыңшы, сатқын жіберу арқылы ірітіп бұзу және оның батырларын амалын тауып өлтіру мақсатында, сөйтіп қырғыздардың қосынын әлсіретіп барып, шабуыл жасауды ойластырады.



Көзқаман

Шет Бейжіндегі Есен хан айтулы мықтыларын жинап: «Манастың көзін жоймасақ, түбі біздің елімізге пәле болады!» – дейді.

Уағданы бек қылам,
Адам өлер серт қылам:
Қара жолтай Манасты,
Қармап сойып келгенге,
Алтын тәжім кигізем,
Алтын таққа мінгізем,
Қалмақ пенен маңғұлдың,

Бір шоң хандығын білгізем!» – деп, ант ішеді. Алайда, Манастан беті қайтқан батыр, балуандардың бір де бірі бұл іске тәуекел ете алмайды. «Манасқа ұрынаған кісі тірі қайтпайды!» – деседі. Сол уақытта Көзқаман мен оның үлкен ұлы Көкшекөз, Желтимес пен Шаңдаяқ, Оразан деген бес балуан, жұртынан безген бес айуан белсеніп шығады. Бұлар баяғыда манжулар қырғызды қырғанда қара қытай Қақанға қолға түсіп, қалмақ болып кеткен қырғыздар екен. Бәрінің де Манасқа туыстығы бар, ал Көзқаманның шын аты – Үсен. Бұл Үсен Бай мен Жақыптың бірге туған бауыры. Қалмақтың дініне кіріп, тілін үйреніп, қалмақша Көзқаман атанып, балаларының да атын қалмақша қойған екен.

Манасты барып союға,
Қанына мықтап тоюға,
Басын кесіп жеткізіп,
Есен ханның алдына,
Тарту қылып қоюға,
Аянбастан ант қылып,
Өліп кетер у жалап,
Шошқадан төртті сойысып,

Қалмақтың діни кітабы,
Бишікті төске қойысып,
Жендетті жетік құрасып,
Есен ханның алдынан,
Тисе өлтірер у алып,
Бұра тартпай сайрасып,
Манасты сойып беруге,
Қоладан қылған бұрқанды,
Қайрадан қайра қармасып,
Айды хатқа салысып,
Күнін күрмеп алысып,
Қалмақтардың Қақандағы су құдық,
Сиынысып барысып,
Жау – жарағын сайлатып,
Жолға мінер қашырдан,
Қырық шақты ылау байлатып,
Шет Бейжіден шығып жол жүріп,
Ат аямай мол жүріп,
Қырық күншілік шөл көріп,
Қиын жолды көл көріп,
Томпайған неше тау көріп,
Томырайған қау көріп,
Келеді жүріп бес балуан –
Жұртына бұзық бес айуан.

Бөлектен барса ол жерге,
Бақан ауыз шығып ішінен,
Түбіне түгел жетер деп,
Бес балуанның барлығын,
Ер Манас қырып кетер, – деп,
Жабыла байқап болжасты.
Бұл Көзқаманның айласы,
Қаншан көрген сұрқия,
Қабат екен шалмасы,
Тысында адал, іші арам,
Манасты көздей бет алып,

Барады кетіп қанша адам.

Ара жерге келгенде,
Арам ойлы Көзқаман.
Ер Манасқа хат жазған.
Жылап, боздап бек жазған:
«Қабылан Манас батырым,
Түбіміз туған, – деп жазған. –
Шоң атаң Ноғай өлгенде,
Қытай, қалмақ қырғызды,
Малдай айдап бөлгенде,
Әлі құрып қырғыз жұрт,
Әр жақта қаңғып қалғанда,
Алатауды көре алмай,
Атаңның көрі, дүние – ай,
Қайран бас болды арманда!
Бейжінді көздей бет алып,
Тентіреп кеттік, түн көрдік,
Қара қытай, манжудың,
Падасын бағып күн көрдік.
Падышам Манас, байқап ал,
Бордай тоздық, көзің сал.
Ақыл, есті жия алмай,
Сасып қаңғып келеміз,
Құс ұшпаған шөлменен,
Ит баспаған белменен,
Азып қаңғып келеміз.
Бел тұтып сені, арымас,
Будан деп қаңғып келеміз,
Атамыз бірге имандас,
Туған деп қаңғып келеміз.
Балтырдың бәрін қанаттық,
Бұғана сүйекті ауырттық,
Батыр, жүзінді қашан көреміз?!
Қалмақ шапты көшімді,
Қара қытай, шибейден,
Ала алмай келем өшімді.
Майым кетіп, сүйек қалып,
Арып кетіп барамын,
Манасым қашан көрем деп,
Қарып кетіп барамын.
Бұ дүниенің тозағын,
Көріп кетіп барамын,

Ақыл қашып, әл кетіп,
Падышам, сені көре алмай,
Өліп кетіп барамын.
Жиған – терген мүлкімді,
Шашып кетіп барамын.
Манас інім күтіп ал,
Мен саған қашып кетіп барамын!»

Бұл хат қолына тиген соң, Манас көзіне жас алып: «Туғандарым азып – тозып келеді екен, алыстан тосып алу керек!» – деп, алдынан шығады.

Күліктен ылау байлатып,
Бағлан қозы, шырын бас,
Келістіріп қайнатып,
Қантты қардай томырып,
Сары майдан омырып,
Топырлаған толған ел,
Тербелгендей кара жер,
Туған екен маған, – деп,
Тосып алды Манас шер.

Кебі шырын, сөзі бал,
Келген дұшпан жағынар:
«Атамыз бірге туғаным,
Айкөл Манас, аман ба?
Қашып келдік Қақаннан,
Бұл қылғаным жаман ба?
Жылғынды Кең – Қол жер бар, – деп,
Қашып, қаңғып келеміз,
Қадірді білер қабылан,
Туғаным Манас сен бар, – деп.
Қақанда жүрдік сор қайнап,
Көре алмай жұртты көз жайнап,
Қайырылып келіп тұрамыз,
Жақыптың жалғызына дем байлап.
Қалың манжу,көп қалмақ,
Тартып алды шайымды.
Талап алып маңғұлдар,
Далада сойды тайымды.
Туғаным деп ойласаң,
Тауып бергін, қабылан,
Менің тұратұғын жайымды.
Серпіліп қашқан біз болдық,

Себебін тапқан сен болшы.
Томсарып келдік, бел болшы,
Тоңып келдік, тон болшы,
Жаяулық өтті, тай берші!
О, Манас, сусап кеттік, шай берші!
Арыдық, жанды семіртші,
Ашығып келдік, тойғызшы.
Қақандағы Қоңырбай,
Манжудан көрдік қорлықты,
Қара қытай, көп шибей,
Халқынан көрдік зорлықты.
Қабылан Манас, басынан,
Халықты күткен салтың бар,
Қалмақтан келген туғандар,
Қағыса кетсек жауменен,
Сенің көтеріп ұшар қанатың,
Қылышың болар жарқылдар!»

Көзқаман сөзін ұққанда,
Батыр алып келді Таласқа,
Аталас туған болған соң,
Ауылдас қонды Манасқа.

Көкжал Манас батырың,
Қазына аузын аштырды.
Көзқаман туған келді деп,
Күрей – күрей шаштырды.

*Батыр Манас бұйырып,
Ақсақалдар жиылып,
Кеңес салған кезінде,
Тілге келді Көзқаман,
Көзінің жасы тиылып.*

*Ақсақалдар кеп бастап,
Ақырын айтып, бек тастап:
- Адамдарда айып жоқ,
Қайтып үйір тапқан соң,
Қалың қырғыз халқыңыз,
Құшақ жайып жатқан соң,
Қайғы, шерді қойғын деп,
Көп қапаны жойғын деп,
Жан туганым болғын деп.*

*Жақын тартып, жан – жақтан,
Жылы, жылы кеп айтат,
Ақсақалдар бек айтат:
Қаны бірге Қаманым,
Қиын болды заманың,
Оған бар ма амалың,
Қаңғып жүрген қырғыз деп,
Қорлықтың көрдің жаманын,
Қандай бәле төнсе де,
Өлімге қарай асықпа,
Ойла бастың аманын,
Ақыл, айлаң болған соң,
Ақыры тауып амалын,
Қарғып өттің арқардай,
Қара қытай қамалын,
Елді таптың, есті жи,
Жан туганым келді деп,
Қамқорыма аламын!*

*Алыстан келді туған деп,
Бетін жаспен жуған деп,
Туған елге кетем деп,
Тірі болсам жетем деп,
Белін бекем бұған деп.
Сағыныштан сарғайып,
Ел деп келді емес пе,
Қанша жылдар зарланып,
Мейірім мен мерейге,
Шөлдеп келді емес пе,
Хан Манасқа ой келді,
Ұлан – асыр той берді.*

Той болған соң ат шабыс, күрессіз бола ма? Бірақ, Көзқаманның көп қаман бәйгеден оза алмай, күрестен жеңе алмай, құр қалады. Қандары қызып, көкпар тартуға білегін сыбанып Көзқаманның тұңғыш ұлы Көкшекөз батырдың өзі шығады.

*Көкпар тарту дегенде,
Шоқпарларын тастасып,
Қызық ойын бастасып,
Қаны қызған қасқалар,
Тырысқақпен тартысып,
Ұрысқақпен ұрысып,*

Қас – қағымда қастасып,
Қас – қағымда достасып,
Қиқулаған дауысы,
Аспанменен астасып,
Көп ішінен бір еркек,
Көк серкені көтеріп,
Іліп жерден алғанда,
Ат жалына салғанда,
Жан – жағынан жармасып,,
Көк серкені қармасып,
Жанталасып шатысқан,
Үзеңіні үзердей,
Шіреп тұра қалысып,
Қасық қанын қасқайып,
Таралғыға тапсырып,
Табан тіреп тартысқан,
Тарамыстай тас білек,
Тарта, тарта қарысқан,
Тақасып келіп таласып,
Тартысып жүріп жарысқан,
Табаны жалпақ тарланды,
Тарғыл тастан қарғытып,
Қара жермен табысқан,
Аттан құлап жатса да,
Арқа – жарқа болысқан,
Орғып тұрып орнынан,
Ырғып мініп атына,
Тасырлатып шапқанда,
Табанынан шашырап,
Тарсылдаған тарғыл тас,
Қарша борап жатқанда,
Ұран, сүрең салысып,
Дуылдасып, додаға,
Дойман ерлер кірісіп,
Жұрт қызыққа батқанда,
Көзқаманның тоғыз ұл,
Барын салып баққанда,
Ең үлкені Көкшекөз,
Бір амалын тапқанда,
Жұлқып, жұлқып көкпарды,
Тартып алып қашиқанда,
Атан түйе арқалап,
Алишаң басып жүретін,

Артық туған Ақаяр,
Артынан тура тартқанда,
Жеткен бойда қойсын ба,
Қолын салды көкпарға,
Көзқаманның Көкшекөз,
Ол да балуан білекті,
Оңайлықпен болсын ба,
Екеуі екі сирақтан,
Қармап алып көкпарды,
Екі жаққа жұлқысып,
Қатарласа шабысып,
Иығымен қағысып,
Қаны бойда қайнаған,
Қамшыларын шайнаған,
Қаһарланған ерлердің,
Екі көзі қызарып,
Мұрты кетті ұзарып,
Қалың жиын дүркіреп,
Ақаярлап бір жағы,
Көкшекөз деп бір жағы,
Ұран салды күркіреп,
Қосылғанда көп дауыс,
Қысылғандай қос тұлпар,
Қос танауы делдиіп,
Қос өкпесі сырылдап,
Алқынып шауып барады,
Бірін – бірі баса алмай,
Тартынып шауып барады.
Қаһарланған Ақаяр,
Қайрат қысып қалшылдап,
Ақия қарап алды да,
Қақия тартып қалғанда,
Қапияда Көкшекөз,
Тақия кетіп бір жаққа,
Тақымы кетіп бір жаққа,
Сытырылып атынан,
Серкемен бірге құлады,
Құласа да айырылмай,
Саусақтары қарысып,
Қарсы қайрат қылады,
Таңғалдырып көп елді,
Артық балуан Ақаяр,
Көкшекөзді көкпармен,

Бірге сүйрей жөнелді,
Қарысқан қолы талады,
Шөптің шаңы бұрқырап,
Сытырылып Көкшекөз,
Аунап жерде қалады.
Көкпарды көкке көтеріп,
Ақаярдай балбаның,
Атаға олжа салам деп,
Атойлап шауып барады!

Ызасына шыдамай
Көкшекөз қалды тарынып,
Көпке келіп кеп айтат,
Ашуменен жарылып:
- Серкедей сүйреп жықтыңдар,
Бәрің бірдей жабылып,
Көргеніміз осы ма,
Арып – ашып келгенде,
Ел, жұртым деп зарығып?!.
Жеті жұртты айналып,
Жерім бар деп келгенбіз,
Еркелетер ебімен,
Елім бар деп келгенбіз.
Қабағына жат жұрттың,
Жалтақтаумен жүргенбіз,
Өкіміне өзгенің,
Өлмеген соң көнгенбіз.
Кімге күліп тұрсыңдар,
Бұл сияқты мазақты,
Күнде, күнде көргенбіз!

Жаңа гана жарқылдап отырған жұрт
тым – тырыс болып, үндей алмай қалады.
Көкшекөздің өкпесі орынсыз болса да,
алыстан келген бауыр зой деп, көпшілік оның
көңіліне қарайды, кейбіреулері: «Бәйгені елге
оралған қандастарымызға беру керек еді?»
– деп, күңкіл шығара бастайды. Сол кезде
ақылман Бақай сөз тізгінін батыл қолға
алып, ағайындарға қаратып байсалды сөз
айтады: «Ау, ағайын! Елге ел қосылса құт
деген! Шынымен елім деп, шынымен жерім
деп келсеңдер, міндетсімей, бұлданбай
келіңдер! Өкпелескенді қойыңдар, кінәмишл

болсаңдар, көңіл қалар! Болмашыдан
пәле іздеп, өзімізге өзіміз өкпелей берсек,
бірімізден біріміз түңіліп, жат болып,
жауласып кетерміз! Осы елдің қиындығы да,
қызығы да бәрімізге бірдей, азамат ерлері де
бірдей, бөле – жаратын, бөлінетін жөніміз
жоқ! Қарқараның қара тас, кейбіреуге
маржан тас, кейбіреуге арзан тас!» – дейді.
Бақайдың сөзіне жұрт ұйып тұрғанда, оны
бірініші болып Көзқаман қолдап шыға келеді.

Ақылгөйсін ақырын,
Көкшекөзге бұрылып,
Батырып айтты Көзқаман,
Елдің тұрды бәрі ұғып:
- Данышпан Бақай тура айтты,
Аталы сөзбен ағылып!
Ұғасың ба, Көкшекөз,
Не боп қалды соншалық,
Тулаққа бола тарылып?
Той ғып жатыр көп қырғыз,
Келді зой деп біздерді,
Жүдеп, жадап, жабығып,
Жер көтерер жеңілсең,
Бұзық кептен қозғама,
Өз – өзіңнен қағынып.
Көкпар деген ылақ па,
Кепкен тері тулақ па,
Тыныш жатқан халықты,
Тулаққа бола шулатпа!
Жат қылығың байқасам,
Туған ұлым болсаң да,
Қуармын сені аулаққа!
Атасының сөзіне,
Көне қалды Көкшекөз,
Ашуы оттай лаулаған,
Сөне қалды Көкшекөз.
Тиым салды Көзқаман,
Болды сөйтіп сөз тәмам.

Көрген елдің бәрісі,
Жасы менен кәрісі,
Көзқаманды дана деп,
Айтқан сөзін екі етпей,

Тоқтай қалған Көкшекөз,
Қандай жақсы бала деп,
Разы болып қалғаны.
Арғы жағын кім білген,
Көңілі харам, қараңғы,
Ағызбасын сораңды.

Содан, жұрт тарқап, Көзқамандар
Манастың ауылына қатар қонып жата
береді. Көзқаман өзге жұртқа сездірмей,
өзінің сенімді адамдарына үгіт –насихатын
жүргізіп, оларды астыртын қастық істеуге
үйрете береді.

- Шын сырыңды білдірмей,
Қызыл тілмен қыздырып,
Өтірікпен сөз байлап,
Масқараны қылайық,
Жылтыраған мүлікпен,
Қызықтырып, көз байлап
Тасқараңғы қылайық,
Ақыл сөзді ұқпайтын,
Таскереңдей қылайық,
Бойға баяу сіңетін,
Аярлар ғана білетін,
Улы бояу, дәріні,
Тамағына қоса бер,
Шөп пен малын бүлдіріп,
Даласына шаша бер.
Тәтті, тәтті сөздермен,
Көңілін майдай ерітіп,
Сеніміне кіре бер,
Шын сырыңды білдірмей,
Алдап, сулап жүре бер,
Қаңқу, күмән ойларды,
Құлағыңа іле бер,
Көрген, баққан жайларды,
Есебіңе тізе бер!
Даңғаза мен дақпыртқа,
Жаны құмар бұл жұрттың,
Қашан көрсең жүргені,
Басын қосса қауқылдап,
Қаздар құсап қаңқылдап,
Азан – қазан болады,
Қуыс кеуде таңқылдақ.

Даңғырадай даңғырлап,
Ашық күні жаңбырлап,
Аталарын мадақтап,
Көр ақтарып, тас қойып,
Сүйектерін сүйресін,
Бірін бірі қаралап,
Аиы тілмен түйресін.
Төр таласып жүргендер,
Ертең көрге өздері,
Кіретінін білмесін,
Ас пен тойға алданып,
Ақыл – есі майланып,
Желдей есіп, гүлесін,
Күнде жиын, күнде той,
Дүңкілдетіп кеудесін,
Дүрмек күйін күйлесін.
Мақтағанға мәз болып,,
Күні біткен көкжалдар,
Аждаһаның аузында,
Ажал биін билесін!
Бітеу жұтпай қоймаймыз,
Бір шетінен ілгесін.
Түгел алмай қоймаймыз,
Бір бетінен кіргесін!

Көзқамандардың мұндай қара ниетін
сезе бастаған, ниеті түзу, туған елін
шынымен сағынып келген адал қырғыздар
не істерін білмей дал болады. Бір жағынан,
Көзқаманның қоластында, солардың
уысында болғандықтан, аттап шыға алмай,
әрекет қыла алмай, бір – біріне мұңдарын
шағып, сыр шертеді:

- Бойын намыс кернеген
Жауға жолын бермеген,
Ұсақ сөзді термеген,
Құлашын кеңге сермеген,
Аспанға бөркін лақтырған,
Аты келсе кермеден.
Арсылдаған төбетті,
Қасқырдай жұртты талаған,
Тарсылдатып қамшымен,
Қарсылдатып сабаған.
Егескенмен егескен,

*Теңескенмен теңескен,
Шын достыққа жараған,
Адал жанға әділ боп,
Қайырымын аямай,
Мейіріммен қараған.
Қырғыз біздің атамыз,*

*Атамызды қытайға,
Қалай ғана сатамыз? – деп қиналады.
Көзқамандардың қараниетін Манастың
ауылына айтайын десе, айғақтары жоқ,
амалдары құрып, әліптің артын бағып,
іштен тынады.*



Көзқаманның қастығы

*Көзқамандар күніге,
Тел құлын сойып жей берді,
«Манасым менің» дей берді.*

*Осылайшәтәтті тілмен алдап, батырға
балдай жаққан Көзқаман мен Көкшекөздің
қоладан құйған бұрханға жасырын сиынып
жүретінін әлгі адал қырғыздар күңкілдеп
сөз қылып, ол қаңқу Қаныкейге жетеді.
Ақылды Қаныкей бұлардан күдіктеніп:
«Жау болып шығып, түбімізге жетпесін?!»
– деп, қауіптеніп қалады. Сөйтіп жүргенде,
Көзқаман мен Көкшекөз ебін тауып Манасқа
елеусіз жолығады. Жылы – жылы сөзбенен
аңғал батырдың көңілін тауып, ауылына
шақырып әкетеді. Орда атысып ойнап,
дуылдасып жатқан қырық шораның да,
үйде іс тігіп отырған Қаныкейдің де бұдан
хабары болмай қалады.*

*Үйіне Манас кіргенде,
Көзқаманның айтқаны:
- Манасым саған келгелі,
Арық едік, семірдік,
Ашыққан едік, тойындық.
Жалаңаш едік, киіндік,
Кенеліп пейіл, шешілдік,
Кетіліп келіп, жетілдік.
Азат қылдың, айкөлім,
Қалмақтан қашқан басымды.
Анда – санда бір келіп,
Ішпедің менің асымды.*

*Ханым Манас келгенде,
Менде де арман бар ма екен?
Көкшекөз, келтір тезірек,
Сақтап қойған сырттанның,
Сыбағасы қайда екен?*

*Көзқаман былай дегенде,
Көкшекөз ұшып тұрады.
Қылт етсе, өліп кетуші,
Иіскесе ажал жетуші,
Қырық жылдық удан қостырған,
Қалмақша тартқан арақтан,
Мөлдірете құяды.
Көкжал Манас батырға,
Көзқаман алып сұнады.
- Түбіміз бір туған! – деп,
Ерлікпен белін буган, – деп,
- Аспандағы күн де сен,
Жұлдыз да сен, ай да сен.
Қате болмас оншалық,
Жер тұтқасы сен десем.
Бір өзіңсің тірегі,
Елден сұра сенбесең!
Бауырлығың қанеки,
Қонақ болып келмесең,
Құрметімді көрмесең!
Еліміздің бағы үшін,
Ханымыздың тағы үшін,
Қанеки, қызық бастайық,
Бір көтеріп тастайық!*

Көзқаманның майда тіл,
Майдай жағып жанына,
Айкөл Манас қабылан,
Аңқаулығын көрдің бе,
Алып уды қолына.
Тоқталмай тартып жіберіп,
Ішкенде батыр бүк түсті,
Төбесімен тік түсті.
Қайырылмай кетер немедей,
Алағар көзі алайып,
Қылдай мұрты жылмайып,
Ұйпалғырдың сұм дүние,
У ішті Манас, сүйеу жоқ,
Өлім ортақ, жан бірге,
Баяғы қырандардан біреу жоқ.
Ажыбай, Бақай егіз жоқ.
Алмамбет, Шуақ теңіз жоқ,
Сырғақ, Серек ерен жоқ,
Ыршуыл, Шуты берен жоқ.
Айла табар амалғөй,
Ақсақал Қосай ханы жоқ,
Айғай ұқса қашпаған,
Ажалдан қайра тартпаған,
Баяғы қырық шораның бәрі жоқ.

Сұры қашып, іш күйіп,
Сүзіліп көзі жұмылды,
Көзқаман дұшпан болған соң,
Қайраның көріне жаннан түңілді.

Көзқаманның тоғыз ұл,
Көкшекөздің тоғыз ұл,
Желтиместің тоғыз ұл,
Бұрқанына жалынып,
Уланған Манас көкжалға,
Қылыш алып шабынып:
«Қоршап қармап алсақ, – деп,
Құрмандыққа шалсақ, – деп,
Басын кесіп, байланып,
Есенханның алдына,
Сүйіншілеп барсақ! – деп,
Алтынды тәжді кисек! – деп,
Алтын таққа мінсек! – деп.

Бұл Манастың аулына,
Бұзықты мықтап салсақ, – деп,
Батырлардың барлығын,
Құрбандыққа шалсақ! – деп
Қара сұрдың сұлуы,
Әйел заттың нұрлысы,
Ерке қатын Қаныкей,
Олжа қылып алсақ!» – деп.
Қалмақ қаптап кетерде,
Басына қылыш жетерде,
Қара шұбар қабылан,
Манастың қапталында шабынып,
Шолақ көкжал арыстан,
Манасты қорғап тұрды қабынып.
Қыжылдаған қалмақтар,
Қарсы алдынан қараса,
Ақ жолбарыстай түрленіп,
Ер Манастың келбеті,
Мың кісідей көрініп.
Майлаған бидай жүзденіп,
Көгім тұман көзденіп,
Әрі батыр, әрі шер,
Арыстанға батып бара алмай
Әлек болған осы жер.

Ер Манас көзін жұмғанда,
Жақындайды қалмақтар,
Шаппақ болып қағынып,
Арыстан көзін ашқанда,
Көзқаманның көп қаман,
Қашады қайра жабылып.
Аспанның күні бүркеліп,
Арыстаныңның басына,
Алпыс мүшкіл бір келіп,
Көңілі жаман бөлініп,
Ажалы жақын көрініп,
Асыл бір жаннан түңіліп,
Есіне алды қайран ер,
Қырық шорасын егіліп:
«Қара ниет қалмақтан,
Е – е, құдай, өлгелі келген екенмін,
Туғаным деп қалмақты,
Тура алдатып қайран бас,

Тіршіліктің қорлығын,
Көргелі келген екенмін!
Тегіс бір қондың Таласқа,
Тентіреген зұлымдар,
Ақыры сенің қыларың,
Осы ма еді Манасқа?

Қара найза желегім,
Қайран Алмам, арыстаным,
Жеткілең белін құрсанған,
Жеті бөлек жау келсе,
Желбегей кіріп қол салған,
Бұл дүниеде жиғандас,
О дүние кетсем имандас,
Қайда бір кеткен көрінбей,
Менің қабылан Алмам, құрмалдас?!

Көк сілеусін бөрік киіп,
Көкала қалқан ойнатқан,
Кенесін ұққан жан сүйіп,
Кебіне адам тоймастан,
Қапілетте сөз тапқан,
Қараңғыда көз тапқан,
Ақылы менен жайқаған,
Алты айлық болар азапты,
Ашып көзді жұмғанша,
Ой жүгіртіп байқаған.
Адамзаттың түйғыны,
Әулиенің құлыны,
Маңдайымда барааным,
Бәйтерек Бақай қарааным.
Алмамбет, Бақай артық шер,
Бұл екеуі қарап тұрсайшы,
Қаңғып келген шіріктер,
Сонда мұны қылсайшы!

Көк рапыс тон киген,
Көкала сынды ат мінген,
Алысса, адамның әлі жетпеген,
Арыстанның тісі өтпеген,
Аш айқырық, қу сүрен,
Ақбалта ұлы туғаным,
Қайда кеттің, дүние – ай,

Арманда Манас тұрғаным,
Мен Таласта тұрғанда,
Қазыны кесіп жеуші едім,
Қабылан Шуақ бар болса,
Менің қайратым қабат деуші едім!
Қайран Шуақ көкжалым,
Қасымда қарап тұрсайшы,
Қалмақтан келген қарақшы,
Сонда бұл қорлықты қылсайшы!

Ақыреттік дос болған,
Қара тілін қайраған,
Қалың топта сайраған.
Жетпіс түрлі тіл білген,
Жетпіс түрлі ел көрген,
Атасқан досым Әжібай,
Артығым қарап тұрсайшы,
Қалмақтан келген арамдар,
Сонда бұл қорлықты қылсайшы!

Атқа жеңіл, тайға шақ,
Ұйқысы жоқ жолға сақ,
Қылышын қынға жөлеген,
Қызыққан қилы жау шықса,
Қызыл қанға бөлеген.
Теке жомарт ат мінген,
Темірдей көпкөк тон киген.
Сыртымнан Сырғақ ұялас,
Қабыланым қарап тұрсайшы,
Қаңғайдан келген қабандар,
Қорлықты сонда қылсайшы!

*Осылайша уланып, жаны қиналып,
жаудың қоршауында жанталасып жатқан
Манас барлық шораларын, аяулы жары
Қаныкейді есіне алып, «аһ» ұрады. Ең
соңында «Тау құлатқан Ақаяр балуаным,
сенен ажырап, далада қалғаным!» – дейді.*

Батыр Манас қайран шер,
Барлығын жоқтап тұрғанда,
Көкжалдарды шұбатып,
Көңіліне алғанда,
Арыстан қайрат Ақаяр,
Жарап тұрған кезі екен.

Қылыш алып қымпайып,
Санап тұрған кезі екен:
«Қымбатым Манас санға алса,
Қызметімді ойға алса,
Қиқырып қылыш шабам, –деп, –
Ажыратып алам!» – деп,
Ақаяр келіп тұрған кезі екен.
Қымбат Манас көкжалға,
Құрбан болып кетсем деп,
Өліп тұрған кезі екен.

Санды кебін ұққанда,
Айкөл Манас батырың,
Ақаярлап шыққанда,
Өрттей көзі жайнады.
Қасқа тісін күректей,
Қашырлатып қайран ер,
Тарыдайын шайнады
Ақаярдай балуанның,
Қан ішері қармады,
Қан төк десе, жын төккен,
Қайраты бар ер еді,
Су іш десе, у ішкен,
Омбыл – домбыл ер еді.
Өлгенше кіріп болысып,
Өлерменмен салысып,
Қайран жеңгең Қанышқа,
Хабар берген ер еді.
Түбіне енді жетерде,
Тұйғын Манас батырдың,
Енді басын кесерде,
Қаһарланып, бақырып,
Опырып кірді Ақаяр,
Манаптап ұран шақырып.

*Сол уақытта Манасты ойлап мазасы
кеткен Қаныкей де Аққұланы мініп
Көзқаманның ордасына келіп қалады.
Ақаяр балуан түйе көтерген алып екен,
Көзқаманның үйіне ақырып кіріп, қаптаған
жауды жапырып жіберіп, Алатаудай
Манасты жас баладай көтеріп алып,
сыртқа беттейді. Арқасындағы Манас
есікке турасынан ілініп қалғанына қарамай*

*тарта береді, үйдің керегесі бырқырап
кетеді. Сол бетінде сыртқа алып шығады.*

Батыр Манас беренің,
Ақаярдың қолында,
Өлген жандай көрініп,
Оны көріп Қаныштың,
Көзінің жасы төгіліп,
Аққұла санға бір салып,
Алдыңғы топ қалмаққа,
Аралап кіріп, қол салып,
Мандайласа келгенді,
Балтаменен жайратып,
Қыр жағынан келгенді,
Қылышпенен ойнатып,
Әлек болып салысып,
Қиқу салып қағысып,
Арпалысып тұрғанда,
Бұл Қаныкей бейбаққа,
Оқ зардабы көп тиіп,
Басы шелек қан болып,
Ербеңдеген екі қол,
Әлі кетіп, сал болып,
Тұла бойы дал болып,
Шыбындай қу жан шырқырап,
Жау – жарактың бәрісі,
Айбалта тиіп бырқырап,
Қабылан Манас хан үшін,
Қатын басы қағысып,
Қайран жеңгең Қаныкей,
Қалмақтар менен салысып,
Қарайып күйіп, оқ жайнап,
Қаран таппай, сор қайнап,
Қазулы шұңқыр, ор болып,
Қайнатқан мынша сор болып,
Қамандар қамап тұрғанда,
Тау көтерген Ақаяр,
Тарпылдап ұшып жеткені,
Айкөл Манас батырды,
Өңгерте салып өткені!

*Ақаяр балуан: «Қабыланды бердім
аманат, қадірлі жеңгем аман бол!» – деп
қоштасып, жаудың ортасында жалғыз
қалып, шайқаса береді. Айкөл Манастың есі*

кіресілі – шығасы, қиналып жатыр екен.

Асып – сасып Қаныкей,
Айкөлді қармап, қапсырып,
Алғанда тура өңгеріп,
Аққаңқыға тапсырып,
Астында тұлпар Аққұла,
Бабына келген буданды,
Оңды – солды қамшы ұрып,
Ақылдан артық сасады.
Бес – Тастың басы Бек – Жайлау,
Бек – Жайлау көздей қашады.
Қашып шыға бергенде,
Көзқаманның көп қаман,
Жаңбыр қылып жақ тартып,
Бұршақтай қылып оқ атты.
Он екі дүрмөт ошағар,
Ойран жеңгең Қанышты,
Он екі қатар тағы атты.
Оқ келгенде сорлатып,
Емшегін жара бір атып,
Зырқырап, қақсап тұрған кез,
Жеңгеніздің жарасы.
Қабыланның түрін қарасаң,
Өлі – тірі арасы.
Барады қашып Қаныкей,
Бұлшығын оққа бүлдіріп,
Емшек етін жұлдырып.
Жер бөлініп, шаң болып,
Қайран жеңгең Қаныкей,
Шанаштай қызыл қан болып.
Кең дүние тар болып,
Шекерден тәтті сілекей,
Бір жұтуға зар болып.
Ақ қарлы тауға қашқанда:
«Манасты тастап жіберсем,
Түбіме түгел жетер, – деп, –
Басын кесіп, байланып,
Қақанның Есен ханына,
Тарту қылып кетер,» – деп.
Намысы қайнап тырысты.
Ақ жаулық басын ту қылды.
Әйел басын ер қылды,
Арыстанды алды құтқарып,

Мұндай ерлік кім қылды!

*Осылайша жанұшырған Қаныкей
Қайыпшының тауына қашып барып, бір
ұңгірді паналайды. Көзқаманның араққа
қосып, айкөлге берген уы қырық жыл
ашытқан, адам ішпек түгілі, сыртынан
жаза салса, іштегі өті жарылып кетердей
күшті у екен. Қаныкей елден іздетіп, емге
себеп болар дәрінің мың түрлісін алдырып,
батырға ішкізеді. Батырдың денесі удың
күштілігінен қырық жерінен тесіліп, жанын
әбден қинайды. Қаныкей қысырақтың
қырық байталын күнде біреуден сойғызып,
жарасына қазы тартып, қырық бір күнде
Манасты жазып, атқа мінгізеді.*

*Ал осы кезде Көзқаман мен Көкшекөз:
«Манас өлді!» – деп масаттанып, жалғанға
жар салып, батырдың ауылын шауып,
қазына, мүлкін тонап алады. Жаралы,
байлаулы Ақаяр балуанды қамандардың
ішіндегі адал қырғыздар қамандарға өтірік
өлді деп, жасыру үшін өлімші күйінде қырық
арқан бойы зынданға тастай салады.
Өздері біраз жүрген соң, ебін тауып,
жолда адасқан болып, Көзқаман қолынан
сытылып шығып, қырғыз ауылдарына барып
қосылады. Ал қамандар Қаңғайға қарай
қашып, Көтермеден асып, Сусамыр бойлай
басып мол жүріп, Қапсалаңды жағалап жол
жүріп, Ешкі – Өлместің Екі – Шатының
ортасына жетіп қонады.*

*Сол уақытта қырық шораның басы
Қырғылшал Манастың ауылына келіп
қалады. Қираған ауылды, Қаныкейдің
Ақсарайын көреді, жау шапқанын біледі.
Алпыс қарауылды қырып кетіпті. Ешкімді
таппай, есі шыққан Қырғылшал жан –
жазына алақтап жүріп, терең қазылған
орды көреді. Орда жатқан Ақаярды тауып
алады. Қырғылшалдың асауға шалма
салатын сексен құлаш қыл арқаны бар екен,
соны тастап жіберіп, Ақаяр балуанды ордан
суырып шығарады. Аузына сутамызады. Есін*

жизан Ақаяр болған жайдың бәрін айтып береді. Мән – жайды білген соң Қырғылшал ойбайын салып, аттандап батырларға жетіп, суық хабарды жеткізеді. Батырлар жау – жарағын сайланып, атқа қонып, Көзқамандардың соңынан қуа жөнеледі. Суыт жүріп, Бақай, Алмамбет, Шуақ, Сырғақ бастаған қол Ешкі – Өлместің Екі – Шатына жетеді. Сол жерде төлгеші қара Төлегі бал ашып жіберіп, қаиқындардың осында қонып жатқанын айтады. Және де: «Тұйғының Манас келе жатыр!» – деп жар салады. Батырлар қуанып, садаға – айтұяққа ат айтып, Айкөл Манаспен құшақтасып табысады. Сол кезде:

Қайран Бақай із қуып,
Жиекпенен сыдырып,

Жерді шола қыдырып,
Мойнақшыны асады,
Үш – Аралды басады,
Өгіз – Асу, Тай – Асу,
Екеуінен қатар өтеді,
Күнес, Жұлдыз, Қош – Дала,
Одан да ары кетеді.
Көзқаман көші шұбалып,
Амбал тауды етектеп,
Құтылдық деп қуанып,
Қаңғайға хабар салуға,
Қақаншының ханына,
Есен ханның алдына,
Сүйіншілеп баруға,
Жатқан екен қамданып,
Амбалдың тауын жамылып.



Көзқаманның қырғыны

Із шалған Бақай белеске шығып, жан – жағын шолып тұрғанда, қарауылда тұрған Желдейбоз оны көріп қалып, қамандарға хабар береді.

Қазып қойған ор келді,
Қайран жанға сор келді.
Күн – түн қатып, жол тартып,
Қашайық десем болмайсың,
Қамшыланар кез келді,
Әй, Көзқаман, оңбайсың!
Шоралар шешер жүгінді,
Өлді деген шер Манас,
Көрсен, бүгін тірілді.
Әй, Көкшекөз, Көзқаман,
Олжа қыз алмай, ойран бол,
Епті қыз алмай, енеңді ал!
Батырына қырғыздың,
Бәрімізді қырғыздың! – деп, екілене,
өкіне сөйлеп, Манастың өзі бастап,

барлық батырлары келіп қалғанын айтады.
Қамандар:

Асып – сасып шамданып,
Жау – жарағын қамданып,
Қаңғайдан келген қылышты,
Қынынан суырып, сайланып.
Көзқаман осал жау емес,
Алмас қылыш байланған,
Алысқанды жайлаған,
Жетік мықты жәдігөй,
Жазбай атар мергенін,
Жан – жағына қамдады.
Қағысып жатып өлуге,
Белін буып тұрғаны.
Он кісіге бір басшы,
Отыз жанға бір жақсы,
Алпысына бір ықты,
Жүз кісіге бір мықты,
Басшыларын дайындап,

Көзқаман мен Көкшекөз,
Аузынан оты жалындап, *соғысқа*
дайындалып тұрады. Манастың шоралары
келіп қалып, қырғын соғыс басталып кетеді.

Қаһарланып бақырып,
Қақандап ұран шақырып,
Көкшекөз бен Көзқаман,
Қаңғайдан келген көйқасқа,
Белсенісіп шабысса,
Пендеден түрі бір басқа.
Ай төбеден батысты,
Аянбастан атысты,
Күн төбелеп батысты,
Күні – түні атысты.
Айғайлаған барсылдақ,
Аспан жарған тарсылдақ,
Боз мұнарлы, қызыл шок,
Бозарып күйген, жанған оқ.
Көз ілместен ұрысты,
Қалмақ,қырғыз қағысып,
Алыса алмай тұрысты.

Жалмауыздай Көзқаман,
Жетік белін буынған,
Бейжіндегі су құдық,
Алты ай барып жуынған.
Көзқаманның түрінен,
Көрген адам шошыған.
Қалмақтардың ілімін,
Қалдырмастан оқыған.
Бұл ғажайыптан дуа оқып,
Атағын ұққан тітіреп,
Қармаса алмай жан бағып,
Қаншалар қашқан бытырап.
Жар шақырып, жөн айтып,
Жақындап келді Көзқаман.
Тура қара тасқа ұқсап,
Тұрпатын көрсең ең жаман.

«Хан Манастың қырық шора,
Атыңның аузын бұрып бер,
Жекпе – жекке сайысқа,
Жетігің шығып тұрып бер!

Мені сайып сен алсаң,
Қайра Таласқа жетіп қонайын,
Түн бұқараң болайын.
Ақ бидай ұнын шайнайын,
Бұдан кейін бұлай иттік қылмасқа,
Айтып антым қармайын.
Сені сайып мен алсам,
Қақанға барып қонасың,
Менің түбегейлі құлым боласың!
Белгі қылып бір жерді,
Жер мөлшерлеп алайық,
Қырық шораға қырық төрем,
Жеке соғыс салайық!»

Қабылан Бақай мұны ұғып,
Қырық батырға бүй дейді:
«Айналайын қырық шора,
Қара мылтық қарс етсе,
Қашып сорым қайнатпа.
Шұғыл мылтық шарт етсе,
Шошып сорым қайнатпа!
Жетік ойлы қырық шора,
Жекеге кімің барасың?
Жаралы Манас батырдың,
Обалы, сауабы бола ма –
Міндетін кімің аласың?
Қырық жерден келген қымбатым,
Сайысқа кімің барасың?
Шаңды кімің саласың,
Шабысқа кімің барасың?»

Айтып аузын жиғанша,
Алпысының артығы,
Қырық шораның қиыны,
Ажалдан аяқ тартпаған,
Атысқа салса,қайтпаған,
Өлуге шапса, сүйінген,
Ер екені білінген.
Қара болат қырғағы,
Қабылан Манас Сырғағы.
Орта бойлы, кең жауырын,
Ойран салар уағы.

Ер Сырғақ Көкшыбыш аузын бұрады,
Мойнына боз кісесін салынып,
Бата сұрап, қол жайып,
Бақайға қарап тұрады.
Алмамбет, Бақай Сырғаққа,
Ақ батасын бергенше,
Көкшекөз шықты жекеге.
Қаһарланып бақырып,
Аузынан оты шашылып.
«Сырттан қырғыз, ер бурут,
Сенің бүгін сұрағың бітер кезі екен,
Алдыңғы жерге кел бурут!» –
Деп осылай Көкшекөз,
Кертөры аузын бұрады,
Көк темірден найзасын,
Бала Сырғақ байғұсқа,
Күркірете сұнады.

Бала Сырғақ көкжалға,
Алмамбет, Бақай, Шуақтар,
«Әумиін!» – деп қол жайып,
Жаратқанға қылып зар:
«Он алтыда бала едің,
Алдырып қойсаң – жаманат,
Сенің жаның бір құдайға аманат!»
Асылдар бата береді.
Айырылысып кетердей,
Арыстандар Сырғаққа көңіл бөледі.

Бала Сырғақ көйқасқа,
Қайран жеңген Қаныкей,
Жасап берген оқ өтпес,
Тесігі жоқ сауыт киініп,
Манастап ұран салады,
Жоғары, төмен қарамай,
Өлемін деп санамай,
Қалмақты көздей барады.

Опол таудай Көкшекөз,
Қаһарынан шаң шығып,
Қайратынан жан шығып,
Айбалтадан алтау бар,
Кебез құрда байлаулы.

Найзасынан үшеу бар,
Екеуі тақымында жайлаулы.
Сырғақ жебеден бұрын жетеді,
Қалмақты соғып өтеді.
Көкшыбыш аузын тартқанша,
Оңданып Сырғақ қайтқанша,
Қамбыл екен Көкшекөз,
Қырық құлаш бойы көк найза,
Қиқырып кіріп сұнғаны,
Қыңқайлап қалған Сырғақты,
Қуып жетіп ұрғаны.
Зардабы күшті найзаның,
Тайып түсіп жоғалды,
«О,күдірет, сақта!» – деп,
Көкшыбыштың қалың жал,
Сырғақ әрең қармап оналды.

Аран ауыз сұр жебе,
Ала қойып Көкшекөз,
Оныменен қырық атты.
Болат оқты сұр жебе,
Мұныменен төрт атты.
Бала Сырғақ көйқасқа,
Көзі кетті алақтап,
Аяғы кетті салақтап.
Ажыбай, Бақай, Алмамбет,
Көріп тұрды күйініп.
Көкшекөз батыр сүйініп:
«Тірі қармап алам» – деп,
Қақанның сыншы ханына,
Қырық қақпалы шаһардың,
Қырық арқан бойы зынданға,
Алып барып салам!» – деп,
Уылжып тұрған Сырғаққа,
Алтын жиек айбалта,
Ала қойып Көкшекөз,
Оныменен төрт салды.
Қара болат нар кескен,
Енді Сырғақ қолға алды,
Көкшекөздің найзасын,
Екеуін қатар сындырды.
Қайратына келгенде,
Ақырып құлақ тұндырды.

Жекелесіп тұрысты,
Жолбарыстай Сырғақ күркіреп,
Жер таянбай ұрысты.

Көкжал Алмаң көйқасқа,
Сырттандығы бір басқа,
Сарала санға бір салып,
«Сырғақ жан!» – деп үн салып,
Жақындап келіп тұрады.
Қайра Сырғақ жетеді,
Көкшекөзді ер Сырғақ,
Қиқырып сайып қалады,
Қисаймай қойды бұл қалмақ.
Шоқыға шыға бергенде,
Шүйіліп сайды Көкшекөз,
Шошымай қойды ер Сырғақ.
Сонда Көкшекөздің тоғыз ұл,
Қаптай шауып жеткені,
Алмамбет пен Сырғақты,
Қоршауға ала кеткені.

*Мұны көрген қырық шора, Бақай
мен Шуақ бас болып, жсауға лап қояды.
Қырғын соғыс басталады. Бұл кезде
Манастың жарасы қайта тесіліп,
қара қошқыл қан мен ірің ағып, қатты
ауырады. Қиналған батырды Қаныкей
Таласқа алып кете береді. Қырық шора
Көзқаманның сексен батырымен күні –
түні аянбай шайқасады. Сол уақытта
сайыпқыран Алмамбет:*

Ғайыптан алған жай тасты,
Дуалап суға малады,
Жыланнан алған жай тасты,
Бір жан аяқ қара су,
Тиер – тимес қылады.
Бұлыт атты бурақан,
Мұның атын шақырып,
Күнді жайлап тұрады.
Ердің қасын қаққылап,
Үзеңгіні шапқылап,
Аспанға қарап Алакең,
Үш қиқырып, үш үрлеп,
Қалмағынша қалдырап,

Қытайынша балдырап,
Үш жол мөңкіп алады.
Аямай жайды салады.
Аспаннан бұлыт сабалап,
Жерді бұлыт қамалап,
Аспаннан бұлыт біріндеп,
Жер бетін көздей зірілдеп,
Бүркіп, бүркіп жаңбырлап,
Дүркін, дүркін бұршақтап,
Қараса көзге ілінбей,
Дүние жүзі көк тұман,
Қайсы екені білінбей,
Жердің жүзі бұзылып,
Қоқты – қолаң жер менен,
Су сарқырап, сел қаптап,
Жаздың күні мұздап, қыс болып,
Киімі жұқа Көкшекөз,
Қалтыраған қыз болып,
Қабылан Алмаң күн жайлап,
Қайтер айла таба алмай,
Қалмақтарда сор қайнап.
Қырғыздың көзі от жайнап,
Мінісіп тұлпар алабас,
Қиқырып қолды салады,
Қырық шора бәрі аралас.

Осы кезде Көзқаман,
Қайнап көзі тұнады,
Сырғаққа найза сұнады.
Жалмауыздай жұтынып,
Келіп қалған кезінде,
Сырттан Алмаң ақырып,
Манастап ұран шақырып,
Құстай ұшып жетеді,
Көзқамандай балуанды,
Көме қойып өтеді.
Көк тұлпарды бір салып,
Ойқыманы қолға алып,
Қайран Бақай ағакең,
Көзқаманға жеткені,
Басын кесіп өткені.

Сонда Көккерікке қамшы ұрып,

Көңілі жаман бұзылып,
Көкшекөз шықты бақырып:
«Шала маңғұл ит еді,
Бұл бурутқа жетейін,
Азып келген Қақаннан,
Алмамбет басын кесейін.
Шуақ, Бақай, Алмамбет,
Шу түсіріп бәрісін,
Тақыр қырып кетейін!»
Жан аямай қайғырып,
Көзқаманнан айырылып,
Кектеніп, қаны қарайып,
Алмамбетке жетерде,
Бұта бойы жақындап,
Найза шаншып өтерде,
Ақбалтаның Шуағы,
Айқырып найза көтерді,
Көкала санға бір салып,

Көкшекөзге жетеді,
Көк керіктің үстінен,
Көме қойып өтеді.
Көкшекөз құлап қалады,
Қайырылып келіп ер Шуақ,
Басын кесіп алады.

Сөйтіп, Манастың батырлары туған халқына дұшпандық қылған сатқындардың сазайын беріп, жер жастандырады. Өз еліне өзі жау болып шапқан Көзқаман мен Көкшекөздердің көзі жойылғанын, жеңіс хабарын жеткізу үшін Таластағы Манасқа ер Шуты сүйіншілеп келеді. Манас жеңіске жеткеніне және қырғын соғыстан қырық жайсаңының бәрі аман қалғанына аса қуанып, ауруынан айығып, аямай малды сойғызып, ұлан – асыр той қылып, арыстандарын алғысқа бөлейді.



Ер Көкше мен Несқара

*Айкөл Манас батырмен
Қазақтың ханы Ер Көкше
Қаршадайдан қанаттас,
Қойы болған қоралас
Тойы болған аралас,
Жолы болған жоралас
Антқа берік дос болған,
Байтақ жатқан қазақтың
Ғажабы да көп болған
Азабы да көп болған,
Жақтағанда бір – бірін
Жаннан асқан бауырмал
Бал ауызы бір бөлек,
Жақпағанда іші тар
Алауызы бір бөлек,
Қызғаныштан ішіне
Қарап жүріп кек қонған
Бір – бірін мүжіп жеп болған,
Жігерлері мұқалып*

*Жіліктері жұқарып
Жүдеп тұрған кезінде
Аңысын тауып жаулары
Аңтара шапқан шақ болған,
Даланың беті өрт болған,
Жұмыртқадай ақ үйлер
Отқа оранып жоқ болған,
Осы көрген қорлығы
Мәңгі – бақи қазаққа
Ұмытылмас дерт болған,
Ондай күнді құдайым
Бермесін деп ұрпаққа
Тілек қылып күндіз – түн
Сол үшін күрес – серт болған!*

*Ай, жарықтық кең дала
Бір шетінен дүркіреп
Құстай ұшқан киігі
Бір шетіне зырқырап*

Қырық күнде жетпеген,
Бір жағының қар, мұзы
Сереленіп жатқанда
Бір жағында құлпырып
Жемістері көктеген,
Көк бөрідей ұлдары
Көк сұңгісін көлбетіп
Көлденеңдеп шапқанда
Тұз тағысы қылт етіп
Алдын кесіп өтпеген,
Сертке берік ерендер
Семсердің тұрып жүзінде
Дәмнен аттап кетпеген,
Асылық қылып асқақтап
Қырсығып табақ теппеген.
Арулар күлсе күймеден,
Үміттеніп түймеден
Көрінгенді сүймеген,
Дүниені тербетіп
Домбырасын күйлеген,
Аузыменен алдамай
Төбіреніп, толғанып
Жүрегімен сөйлеген,
Сүрінгенге күлмеген,
Жығылғанға тимеген,
Арқада қосы қисайса
Дос түгіл қасын сүйеген,
Атойлап алға атылып
Ұрандап ұрыс салғанда
Найзасының ұшында
Тоқсан қалша билеген,
Кердеңдеген кәуірді
Кәуаптай қылып түйреген!

Қазақтың қайран ерлері
Найзаларын саптасып,
Тұлпарларын баптасып,
Қылыштың жүзін таптасып,
Бірін бірі қомпитып
Батырсың деп мақтасып,
Қандай заман болад деп
Алты малта, бес құртын
Қоржын түпке сақтасып,

Даланы жауға бастырмай
Ел шетіне сақ болған,
Қазақ, қырғыз баласы
Астарында тақ болған,
Бастарына бақ қонған,
Мұсылман түрік баласы
Мызғымастай тұтасып
Тұранның байтақ жерінде
Қырандай ұшқан шақ болған!

Кешілдің ханы Қоңырбай,
Қаһары қатты шоң Жолай,
Манжудың ханы Несқара,
Айкөл Манас батырды
Айқасып та ала алмай
Айтысып та ала алмай,
Құрыштай берік тұтасқан
Ынтымақты ерлердің
Қапысын аңдып таба алмай
Жиылып кеңес салғаны,
Қара жолтай Несқара
Сұмдықты ойға алғаны:
“Айқаймен алмас қамалды
Айламен алсақ болмай ма,
Бір болатқа бір болат
Қайрап салсақ болмай ма,
Бір бауырға бір бауыр
Айдап салсақ болмай ма,
Қырғыннан аман қалғанын
Байлап алсақ болмай ма?
Біреудің тілін ойланбай
Алғыш халық емес пе?
Не десең де бас шұлғып
Нанғыш халық емес пе?
Ұйып тұрған жерінен
Іріген сүттей қылайық,
Ұяласынан айырып
Ұлыған иттей қылайық,
Еге болған көсемін,
Шеге болған шешенін
Оқтан қайтпас батырын
Сөзден қайтпас ақынын
Бір – біріне сыртынан

Анау сенен асты деп
Жамандап қойсақ ақырын,
Алдап – сулап азғырып,
Мансаппенен мәз қылып,
Қызганышын қоздырып,
Аранын ашып аздырып,
Алтыннан күрек ұстатып
Бірінің көрін біріне
Лақат қылып қаздырып
Шоң даңсаға аттарын
Лақап қылып жаздырып
Көтеріп қойсақ кейбірін
Шекпен менен шен беріп,
Кеудесіне дем беріп,
Қолтығына жел беріп,
Ай мезгілі өткенде
Күн мезгілі жеткенде
Далада қалар сенделіп!”

Несқараның сөзіне
Қалғандары тақ тұрып,
Салтанатпен сап құрып,
Несқара келді Көкшеге
Атанға жүгін арттырып,
Көзді алдаған құмар зат,
Инжу, маржан, зұбаржат,
Жиһаздары жарқылдап,
Сандықтары сартылдап,
Алмақ болды қазақты
Аузы – басын алтындап,
Сөйлей берді Несқара,
Сарыарқада саңқылдап:
“Байрақты қазақ елісің
Байтақ жатқан жерің бар
Жоқ ешкімнен кемісің,
Талайдан артық өрісің,
Алтын, күміс артынып
Әдейі келдім сен үшін,
Қанаттассаң бізбенен
Көктеп өсер жемісің,
Ежелгі біздің жауымыз
Іргелесің қырғыздар
Күндіз – түні өздерін

Қырғыздан артық ел жоқ деп
Мақтайтұғын көрінет,
Қазақ пенен өзбекті
Бізден шыққан ел зой деп
Даттайтұғын көрінет,
Білесің бұның терісін,
Терісін білсең несіне
Терлейсің босқа сол үшін?
Біз қырғызды шапқанда
Төбесінен басқанда
Жалғастыр бізбен жең ұшын,
Қол алысып осыған
Жасайық бүгін келісім!”

Анда Көкше кеп айтат,
Кеп айтқанда деп айтат:
“Үретұғын айға да,
Үретұғын сайға да
Иттер бар зой қайда да,
Қатын сөзді қоздырып
Қазақ пенен өзбекті
Қырғызға қарсы қайрама!
Бір халықты бір халық
Басынбаса болмай ма,
Бұғалық боп мойнына
Асылмаса болмай ма?!
Көптігіне мастанып
Әлі жеткен аздарды
Билемесе болмай ма?
Тамырын езіп таптайлап
Илемесе болмай ма?
Өз жерінде әр халық
Өз бетініше ел болып
Тұра берсе болмай ма?
Өз еркімен тірлігін
Қыла берсе болмай ма?
Жақсылықпен жарқырап
Күндей күліп көктегі
Шыға берсе болмай ма?
Бірімізді қазақ қып,
Бірімізді қырғыз ғып,
Бірімізді орыс қып,
Өзбек, қытай, қалмақ қып

Бір тәңірім әу бастан
Бірдей тең зып жаратқан,
Жайлайтын бөлек жер беріп,
Сайрайтын ерек тіл беріп,
Ай – әлемге таратқан!

Екі мың жыл жасап өлмеген
Ежелгі тұқым сен болсаң,
Қазақ, қырғыз, өзбекті
Жаңа туды деп не едің?
Тұрағы жоқ, түбі жоқ
Жыннан шықты деп не едің,
Құрағы жоқ, түгі жоқ
Құмнан шықты деп не едің?
Кеше атамыз қуғанда.
Қабырғаны жағалап,
Қорғаныңды паналап
Жөңкіле қашқан жоқ па едің?
Кеңесем десең сөз басқа
Теңесем десең сөз басқа
Егесем десең өзің біл!
Үйіңе сенің бардым ба,
Үркітіп бүлік салдым ба?
Ат ойнатып аулыңа
Атойлап бүлік салдым ба?
Шаһарыңды талқандап
Ширатылған шылбырдай
Шашыңды кесіп алдым ба?
Төріңе шығып тайраңдап
Тыныш жатқан жұртыңды
Табаныма салдым ба?
Қаруыңды көтеріп
Басқа елге неге барасың?
Қырғынды неге саласың?
Билігіңе көнбейді
Алашым мен Манасым,
Жерін тартып алам деп
Қорлық, зорлық қылсаңдар,
Халықтардың қаһарлы
Қарғысына ұшырап
Айдалада қаңғырып
Көмүсіз бір күн қаларсың!”

Телегейдей сөздерін
Толғап – толғап алғаны,
Мықтысынған манжуды
Ырғап – ырғап алғаны,
Ерен Көкше, ер Көкше,
Заңғар ойлы зор Көкше,
Қырандай болып самғады,
Оқуы күшті Несқара
Айла таппай қалғаны,
Майлы шектей жылпылдап,
Сабындай болып сылпылдап,
Тағы да кептен салғаны:
“Сынап едім Ер Көкше
Жақынын жауға бермес деп,
Сөз қонған қазақ баласын
Дауласып ешкім жеңбес деп,
Айдарханның Ер Көкше
Ерлігіңе сенейін,
Осы әкелген байлықты
Сұраусыз саған берейін,
Орайына тек қана
Біз қырғызды шапқанда
Аулақ тұрсаң болғаны,
Арамызға кіріспе
Ата жауым қырғызбен
Амандық – саулық біліспе
Қатарласып жүріспе!”

Көкше сонда сөйлейді
Сөйлегенде бүй дейді:
“Бөліп – бөліп бұтарлап,
Тіліп – тіліп тұтамдап,
Жұмырыңа жұқ қылмай
Отырмысың жұтам деп?»
Көкшенің қаны қайнады,
Ту биенің тоқпақтай
Тұтамдап тоқпан жілігін,
Бұтар – бұтар шайнады.
Алдына тастап көлденең,
Жылқының тоқпан жілігін,
Жұдырықпен жалаңаш,
Бір салғанда қақ бөлді,
Ер Көкшенің қайратын,

Жақын көрді, жат көрді,
Жілігін соғу жылқының
Сарыарқада қазақтың
Байырғыдан салты еді.
Оны бұрын білмеген,
Сасып қалды Несқара,
Басымнан соғып қалар деп,
Шошып қалды Несқара.
Бірақ оған қарамай,
Ер Көкше сөзін жалғады:
“Жылтыраған байлыққа
Сатылатын халқым жоқ,
Достарын сатып кететін
Ол халқымның салты жоқ,
Әсемдеткен мүліктің
Бояуына білдірмей
Бойға баяу сіңетін
Улы дәрі қоспасын,
Жылтыраққа алданып
Бізді қара баспасын!
Өз көлімді қорсынып
Теңізді қайдан табамын?
Өз малымды қомсынып
Семізді қайдан табамын!
Қырғызымды жамандап,
Егізді қайдан табамын?!
Қырғызсыз қазақ бола ма,
Қазақсыз қырғыз оңа ма?!
Айкөл Манас дауысы
Алатаудан ақырса
Түп Бейжінге жеткендей.
Алтыныңды алмасын,
Қазынама салмасын,
Сары алтынға сатылып
Санатты жұрттың алдында
Қарабет боп қалмасын,
Тұқымымыз Тұранның
Түлегіміз қыранның,
Түлкілікке бармасын,
Сыйыңды көріп құрметпен,
Аттаныңыз дүрмекпен!”

Есіле сөйлеп Ер Көкше

Шешімін кесіп бергені,
Манжудың ханы Несқара
Амалсыз бұған көнгені,
Ақылы асқан Ер Көкше
Атасы басқа манжуды
Алтынына алданбай
Қаңқуына малданбай
Айқаспай – ақ жеңгені!

Көкше мындай деген соң,
Сыртқа сырын білдірмей,
Амал етті Несқара,
Айдай сары даладан,
Аман кетті Несқара,
Сандығына сарпайын,
Сала кетті Несқара,
Ыза кегін ішінде,
Ала кетті Несқара,
Араздық отын бықсытып,
Жаға кетті Несқара,
Азғырғанға алданып,
Қызыл сөзге қызатын,
Қазақ пенен қырғыздан,
Қызбабасты қан бұзық,
Шола кетті Несқара,
Жылтыраған бұйымға,
Ары мен жанын сататын,
Қарабетті масқара,
Жансыздарды ақырын,
Таба кетті Несқара.
Болам деп қайдан олжалы,
Алдағы күнін Несқара,
Арам оймен болжады,
Қолайына жағады,
Қазақтардың қалжыңы,
Қырғыздардың қылжағы.
-- Бірін – бірі кемсітіп,
Мазақтаса қылжақтап,
Бұзық сөзбен кетпей ме,
Жан – жағынан жып қаптап.
Бақастығын күшейтіп,
Араздығын қоздырсақ,
Боталарын боздатып,

Бураларын саздатып,
Қобыз беріп қолына,
Қайдағы зарын қозғатып,
Абыздарын алжытып,
Мадақпенен мәз қылсақ,
Даңғазалап даңсаға,
Дақпырттарын жаздырсақ,
Асқар таудай тұлғалы,
Тұтқа болар ұлдарын,
Мансаппенен мас қылып,
Бір – бірімен қас қылып,
Ақылдарын аз қылсақ,
Алдап, сулап, сиқырлап,
Сұлу қызға арбатып,
Азаматын аздырсақ,
Оңбай кетер өздері – ақ,
Аздырып елін тоздырсақ!

Мырс – мырс күліп Несқара,
Мысқылдады мыстан боп,
Қырғыз, қазақ дұшпан деп,
Бір – бірінің қолынан
Талайы ажал құшқан деп,
Бәле, жала тыстан кеп,
Шағыстырып, от тастап,
Бүлдіргенде арасын,
Басынан бағы ұшқан деп.

Сөйтіп, сыртқы жаулар қазақ,
қырғыздың арасын бүлдіріп, алауыз,
араз қылып, бір – бірімен жауластырып,
бөлшектеп құртуды ойластырып, неше
түрлі айла, шарғыны жасап бағады.
Қаңқу сөзді гулетіп, жаман ойды өршітіп,
бауырлас екі елді бір – біріне өшіктіре беруді
ойлайды.

Ғайбат сөзге елігіп,
Жақынын оққа байлаған,
Қараптан қарап еліріп,
Қарайып қаны қайнаған,
Азғырғанға еретін,
Ақылымен ойламай,
Аузыменен сайраған,
Аңғал – саңғал қызбас,

Қазақтан да табылды,
Қырғыздан да табылды.

Айлакер Несқараның зымиян қулығына
алданған, ел таразысын аңдамайтын, жер
тағдырына алаңдамайтын, ақылынан ашуы
бұрын жүретін аусар тентектер бұзық
сөзді боратып, қазақ – қырғыздың арасын
бүлдіре жаздайды.

Ақылман Бақай абасы,
Алтынды тонның жағасы,
Әрбір іске ерекше,
Есепті болған бағасы,
Тереңінен толғады,
Тыңдамауға ағасын,
Тентектердің тепсінген
Амалдары қалмады:
- Дертте шаниу жаман деп,
Кепте қаңқу жаман деп,
Текке айтпаған бабаң кеп.
Тексеріп алмай анығын,
Тектен текке кектесіп,
Текетірес болар деп,
Аңғал елді айламен,
Арандатып, азғырып,
Бір бауырға бір бауыр
Айдап салар ма екен деп,
Бір болатқа бір болат,
Қайрап салар ма екен деп,
Көңілімде алаң көп.

Алды, артыңды бек ойлап,
Байыбына барып ал,
Ақ, қарасын айырып,
Ақиқатын танып ал,
Арамдығы шын болса,
Амалын сонда табарсың,
Анығын білмей, іс қылма,
Азғырғанға алданып,
Ашуменен күш қылма,
Көз жүгіртіп жан – жаққа,
Бер жағына алданбай,
Ой жүгіртіп ар жаққа,
Әр қашан да бір қашан,

*Ақылға салып салмақта,
Сенбегенде қазаққа,
Сенесің бе шынымен,
Қытай, манжу, қалмаққа?*

*Абакең сөзбен самғады,
Ақылмен бәрін баурады.
Аңғал, саңғал ерлердің,
Тыңдамауға Бақайды,
Амалдары қалмады.
Анығын байқап көрмекке,*

Алды – артын барлады.

*Ақырында ақылман Бақай әңгіменің
анық – қанығын Ер Көкшеден сұрап біледі.
Ашық сөйлесіп, мән – жайына қаныққан
соң, қазақ,қырғызға: «Қаңқу сөзге ермеңдер,
ел арасын бүлдірмеңдер. Қырғыздың жауы
қазақ емес, қазақтың жауы қырғыз емес.
Біз жерімізге қатер төндіретін сырт
жаулардан бірге қорғанып, елдігімізді
сақтап қалуымыз керек!» – деп, жар салып,
аманат қылады.*



Көкетайдың асы

*Жанәділдің баласы Көкетай хан
қырғыздарға қадірлі қария болыпты. Манас
Алтайдан келіп, туған жерді жаудан
тазарту үшін қаптаған дұшпанмен, соның
ішінде Тәшкендегі Панус ханмен соғысқанда,
Көкетай сол жақтағы қырғыздардың
әскерін бастап шығып, жауды жеңуге
көп көмек көрсеткен екен. Манас ақсақал
қарияны қадірлеп, Тәшкенге хан қойыпты.*

*Көкетай хан жетпіс беске келгенше бала
көрмей зар болған екен. Бір күні салбырынға
барып, аң қуып келе жатқанда, бір кішкентай
сәбиді айдаладан тауып алады. Бауырына
салып, бала қылады, Боқмұрын деп ат
қояды. Басына үкі тағып, әр күні аман түнеп
шыққан сайын алты ешкі, төрт лақ садаға
шалып, жеті жасқа келгенше жеті қатын
жетелеп жүріп бағып өсіреді. Боқмұрын
ер жетіп, ел аралап қыз іздеп кеткенде,
қартайған Көкетай хан қатты ауырып, ел –
жұртымен қоштасуды ойлайды.*

*Алтын ердің қасы екен,
Ата жұрттың басы екен,
Күміс ердің қасы екен,
Түн түскен қалың көп ноғай,
Жұртының басы екен.*

*Көкетайдай хандарың,
Алдыңнан өтпек болыпты:
- Сары ноғай баласы,
Жайма кекіл жас Айдар шорам,
Мәникерді міне көр, шорам.
Қалың бір қара көп ноғай, шорам,
Басынан елге кіре көр, шорам.
Үйсіндерге Әметке айт,
Әмет ұлы Жайсаңға айт.
Қарны салқы биіне айт,
Үлкен құрсақ байына айт.
Сары сақал, тік мұрт,
Айыр сақал, кіші мұрт,
Бәріне бірдей айта гөр.
Батпан аяқ бал ішкен,
Батпансыған мырзаға айт,
Аяқ – аяқ бал ішіп,
Алшаңдаған мырзаға айт.
Түн түскен қалың ноғайға айт.
Көкетай жаман болды деп,
Байдың ұлы Баймырза,
Бар ноғайға, қарыға айт,
Мен байтал бие байлаттым,
Бал қымызды шайқаттым.
Құнан бие байлаттым,
Қорлы қымыз түнеттім.*

Қабырғасы жазық қартаңнан,
Сойысын тартып қойғанмын,
Сары жiлiк байталдан,
Ту биемдi сойғанмын,
Турап нарын қойғанмын.
Бәрiн бiр жиып келе гәр,
Уа, мен керез асым беремiн,
Керез сөзiн айтамын,
Қалың бiр қара көп ноғай,
Басынан елге кiре көр!

Күндердiң күнi болғанда, күңiренген көп
ноғай Көкетайдың ордасына жиылды дейдi.
Етті төбедей үйгiзiп, тұздығын көлдей
ағызып, асты берiп, хан Көкетай керезiн –
халқымен арыздасу, қоштасу сөзiн айтады.

- Уа, күн түскен қалың көп ноғай
жұртым!

Көкiрегiмдi дерт алды,
Көңiлiм жаман босады,
Мен алдыңнан өтпек болғанмын,
жұртым!

Уа, мен жүз тоқсан тоғыз жасадым,
Жақ сүйегiм босады, жұртым.
Менiң көзiм өткен соң, жұртым,
Қылышпенен қырдырып,
Қымызбенен жудырып,
Шарайнамен шаптатып,
Былғарымен қаптатып,
Ақ қазаным жастатып,
Құбылаға қаратып,
Қызыл мақпал бүктетiп,
Қызыл нарға жүктетiп,
Қара мақпал бүктетiп,
Қара нарға жүктетiп,
Алпыс ноғай, қырық керуен,
Алып келiп түсе гәр.
Топтан келген қатынға,
Топтап мақпал бере гәр.
Керуен басы қара сарт,
Сексен серкеш майына,
Қыш құйдырып ала гәр.
Астыңғы жолдың үстiне,
Үстiңгi жолдың астына,
Айға баққан ақ сарай,

Ақ сарайлап қоя гәр,
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қоя гәр.
Қобы салып қопсатып,
Жол бойына ұқсатып,
Кешенiмнiң басына,
Тай – түйенi сойдырып,
Тоқымын қайыра байлатып,
Құнан да бәйге қыла көр.
Уа, жұртым, қарашы болып тұра көр.
Мұнан бөлек сөзiм жоқ, жұртым,
Уа, аман – есен бола көр, жұртым!

Уа, Байдың ұлы Баймырза батыр,
Берi қарап құлақ сал, батыр,
Телi түктi құс алдым, батыр,
Тентектi жиып ел қылдым, батыр.
Құладың салып құс қылдым, батыр,
Құрама жиып жұрт қылдым, батыр.
Менiң бiр көзiм өткен соң,
Телi құс көзiн қаратпай,
Тентектердiң бәрiсiн,
Ел – елiне таратпай,
Құладың көзiн қаратпай,
Құраманың бәрiсiн,
Ел – елiне таратпай,
Жақсы бағып ала көр.
Менiң көзiм өткен соң,
Жаяу бiр жүрген шығайға,
Шобыр бiр қармап бере көр,
Жалаңаш жүрген шығайға,
Шапан бiр шешiп бере көр.
Қымызды судай ағызып,
Жазы – қысың болғанда,
Толып жатқан мына құраманы,
Тел қозыдай жағызып,
Айраныңды судай ағызып,
Толып жатқан тентектi,
Жақсы күтiп ала көр!
Уа, менiң бiр көзiм өткен соң, батыр,
Тауып алған Боқмұрын,
Ала күшiк демеңдер,
Жетiм бiр атын мiнгiзбей,
Жетiм бiр асын iшкiзбей,

Жетім бір тонын кигізбей,
Әрі болса үш жылда,
Бері болса екі жылда,
Ер – жай тартып ер болар,
Ер ұлымен тең болар,
Уа, сонда қалы бір кілем сала көр,
Орныма менің сол ұлды,
Хан көтеріп ала көр, батыр!

Уа, Байдың ұлы Баймырза, батыр,
Бері қарап құлақ сал, батыр,
Менің қырық асымды берерде,
Қытайлардың қыр мұрынды Қоңырбай,
Қоңырбай аты Үңірбай,
Созан бір жетіп бара көр,
Уа, жұртым, менің қырқымнан,
Құтылып сонда қала көр.
Менің ұлы асымды берерде, батыр,
Уа, мынау Әнжиянда тойынған,
Шики бір нанға семірген,
Әнжиянның тоң алмасын кемірген,
Он екісінде оқ атқан,
Он үшін жеткенде,
Орда бұзып, үй шапқан,
Уа, мына Жақып ұлы жас Манас,
Жаңа ауызданған Ер Манас,
Үңгір жерде үй шапқан,
Жылға бір жерде жылқы алған,
Қабағы биік, өңі саз,
Еңсегей бойлы Ер Манас,
Қаны бір қара, беті көк,
Бауыры шұбар, сырты көк,
Жоталы жон, сұрғылт бет,
Батыр Манас сұрасаң,
Көкжал бір сырттан бөрі еді,
Сол Ер Манасқа бара көр,
Қарызымнан бір құтылып қала көр!

Және Көкөтай хан айтады: «Менің көзім өткен соң, атама ас берем деп, балам Боқмұрын дүниеге жар салып, қалмақ, маңғұл, қытайды шақырып алмасын, қырғыздың обалына қалмасын! Саны көп жұрттардың әскері қаптап келіп, халқымызға азап салмасын! Арыстан

Манас ініме арызымды жеткізсін!» – деп, Баймырзаға тапсырады.

Аманат, өсиетін айтып, Көкөтай хан өмірден озады. Ел – жұрты айтқанындай қылып жөнелтеді. Кешенінің басына құнан бәйге қылады.

Ылдап құйған ыл бейіт,
Сырлап құйған сыр бейіт,
Қобылатып, қопсатып,
Жол бойына ұқсатып
Айға баққан ақ сарай,
Ақ сарайлап қойды дейт,
Күнге баққан көк сарай,
Көк сарайлап қойды дейт.
Әрі болса алты мың,
Бері болса бес мыңдай,
Ала шабырт жазбенен,
Шапқан екен құнанды,
Құнан келіп тұрған – ды,
Қоңыр салқын күзбенен,
Жемдеген екен жеті қоржын дәнменен,
Тауда туып, таста өскен,
Текеменен бірге өскен,
Құмда туып, шөлде өскен,
Құланменен бірге өскен,
Темір тұяқ, жез білек,
Тер шықпайтын ырғай мойын көк ала,
Шығып бір келді даңменен.
Қамбар бір Қамбар, Қамбар хан,
Қамбар бір ханнан Айдар хан,
Айдар ханның баласы,
Елестен туған Ер Көкше
Көк аладай беренді
Қарсы алады даңменен,
Боталы түйе нарменен,
Балалы ноғай күңменен,
Манаттан жапқан үйменен,
Текшенің темір тұяқ, жез білек,
Көк аладай беренді
Жетелеп алып кетеді.

\\Бұл бөлімді Шоқан Уәлиханов жазып алған, Әлкей Марғұлан аударған «Көкөтайдың ертегісінен» алдым. Б.Әлімжанов\



Асқа дайындық

Күндердің күнінде Көкөтай ханның асын қалай, қай жерде беру керектігін Боқмұрын ел ақсақалы, сексен бес жастағы Қатаганның хан Қосайымен, Байдың ұлы Баймырзамен ақылдасады. Қатаганның хан Қосай: «Ас берген кісі айыпкер, той қылған кісі күнәһар, ботам. Біздің қырғыз аз, қара қытай, қалмақтар бізге қас, ертең асқа қаптап келіп, еліңді шауып кетпесін!» – деп сақтандырады. Бірақ, Боқмұрын оның тілін алмайды.

Көкөтайдың Боқмұрын,
Сілкінгеннен бұлқынды,
Көрдің бе ақылының жоқтығын!
- Атекем жиған сан дүние,
Түгін қоймай шашамын.
Халайықтың барлығын,
Дүнімменен басамын.
Байлығымды көрсетіп,
Алтынды тастай бөлдіріп,
Жалғыз бұқам қалғанша,
Төрт түлігім шашамын.
Жердің жүзін шаң қылам,

Көкөтайдың тойы деп,
Ай – әлемге даң қылам.
Топандаған қалмақты,
Тоң ет беріп, буй қылам.
Шабуылдан жаман ой қылам,
Шашылып жұртым кетсе де,
Көкөтайға той қылам!

Осылай өзеуреген Боқмұрынға Қосай мен Баймырза бір емес, бірнеше рет: «Көп халықты жиямын деп, ел басына бәле тілеп алып жүрмегін!» – деп басу айтады, бірақ танаураған жас жігіт олардың сөзіне құлақ аспайды. «Ас беретін болсаң, арқа сүйейтін Манасқа хабар бер ! Манассыз ас берем деп, ақылыңнан адаспа!» – деген Қосай мен Баймырзаны мүлде тыңдамайды. «Атамның асын Манассыз – ақ өзім өткіземін! Оған айтпаймын!» – деп, екіленіп тұрып алады. «Ас беретін жердің жайын айтып беріңіз!» – деп қоймаған соң, қария Қосай ойша талай жерді иолып шығып, Қарқара дұрыс деп табады. Содан Боқмұрын Көкөтайдың көшіні бастап, Қарқараға келіп қонады.



Хабар беру

Қарқараға келген соң, алыс – жақын жұрттарға хабар бермекші болып, Боқмұрын Жайма кекіл жас Айдар шорасына:

Ел – елге барып, астың хабарын бересің! – дейді. Онда жас Айдар: Мен

жер жүзін аралап келгенше, қартайған ата – анам азып – тозып, жетімсіреп қалмай ма? Мен бармаймын! – дейді. Сонда Боқмұрын: «Сен бармасаң, мен өзім барып, алыпты шақырып келермін. Содан кейін, сенің өзіңді бас бәйгеге, ата – анаңды аяқ

бәйгеге тартармын!» – дейді. Есі шыққан жас Айдар: «Ойнап айтып едім, хабаршыға барайын. Ат пен тон белгісін айт!» – дейді. Оған Боқмұрын:

Алпыс атым арғымақ,
Токсан атым тобыршақ,
Жетпіс атым жел тимес,
Сүйсең сонан мініп бар!
Топ – топ жатқан топ сарғыл,
Алтын басты ақ сарғыл,
Сүйсең соны мініп бар, шорам!
Жылқы ішінде ерні салпы боз айғыр,
Алты ай мінсе арымас,
Арқасын кесіп алса, жауырмас,
Әсте де көңілің ауырмас,
Шапсаң, құстай қанатты,

Сүйсең соны мініп бар! – деп, жүйрік аттарын тізіп, санайды. Оған Жайма кекіл жас Айдар айтады. – Ой, болбық туған Боқмұрын төрем! Сенің ала атыңды мінгенше, алыпқа барып өлгенше, өзіңнен өлсем болмай ма? Астыңдағы Мәникерді мінгізсең, үстіңдегі ақкөбені кигізсең, хабаршыға барсам барайын!» – дейді.

Ай, жануар Мәникер,
Сыны малдан бір басқа,
Жылқыдан шыққан көйқасқа,
Ұшқан құспен жарысқан,
Қазы алушы бауыр ет,
Қайра тартып сымпыып,
Сүйегіне жабысқан.
Айғай шықса саспаған.
Айдың қараңғысында,
Бір ізін жаза баспаған.
Шу шықса күштеп елірген,
Аяғы бар демесең,
Ұшқан құстай көрінген.
Құрған қырсық шалмаса,
Қып – қызыл өртке шалдырмас,
Оқ жаңылып өтпесе,
Омырау сынып кетпесе,
Мінгенін жауға алдырмас.
Тайған емес биіктен,

Кем түсетін жері жоқ,
Тасқа басқан киіктен.

Сонымен, Боқмұрын Көкөтайдың тұлпары, бүкіл қырғыздың ең жүйрік аты Мәникерді мінгізіп, Ақкөбе тонды кигізіп, жайма кекіл жас Айдарды жер жүзіндегі елдерге хабар беруге аттандырғалы тұрып айтқаны.

- Астыңдағы Мәникер,
Белес – белес жер келсе,
Орғып аттап кетуші ед,
Сауырынан түсіп қалмаған,
Ылди – ылди жер келсе,
Еңкейе аттап кетуші ед,
Мойнынан түсіп қалмағын!
Мәникер жайын сұрасаң,
Кеше Балғары суы басқанда,
Кеше Талғардың суы тасқанда,
Кең Меженің көп суы,
Қалыбынан асқанда,
Өңге аттардың барлығы,
Кемеге түсіп жатқанда,
Бұт көтермей тез кештім.
Мәникер жайын сұрасаң,
Кеше Самарқанды керей шапқанда,
Сан кісіден бір шыққан,
Сан атта жоқ Мәникер,
Кеше Көркүл керей шапқанда,
Көп кісіден бір шыққан,
Ғайыптан туған Мәникер,
Кеше Түрксітанға керей шапқанда,
Түмен қолдан бір шыққан,
Астыңдағы Мәникер.
Еш өнерін көрмедім,
Онан бөлек ешбір сырын алмадым.
Алақандай хат алғын,
Ат бауыры сыдырғын,
Ай – әлемнің барлығын,
Хабар беріп қыдырғын.
Ат мәнісін мен айттым,
Ел мәнісін айтайын.
Е, жас Айдар, бері кел!

Мына тоңқайған таудың шетінен,
Күн қараған бетінен,
Көне Тұрпан бер жағы,
Кең Барбардың ар жағы,
Лоп дария жердеген,
Құмға түйесі төлдеген,
Өнгенін жауға бермеген,
Қызыл желек, көк найза,
Қырғыздың бөлек теңі бар,
Атақты Нойғұт елі бар.
Ол Нойғұтты сұраған,
Қараша балуан ері бар.
Қарашаға сәлем айт,
Көкетайдың Бокмұрын,
Үш Қарқара қонды де,
Көкетайдың ұлы асын,
Берер кезі болды де.
Бұл асыма келсін де,
Бұл қызықты көрсін де,
Бұл асыма келмесе,
Бұл қызықты көрмесе,
Көкетайдың көк туын,
Төбесінен көрсін де,
Қыздарының шаштарын,
Бокмұрынға олжа деп,
Бес кекілдеп өрсін де!

Одан ары жол жүрсең,
Ат аямай мол жүрсең,
Атақты Қотан шәрі бар,
Суында құдай кәрі бар,
Жүгері деген ханы бар.
Суын ішіп босама,
Жүгеріге сәлем де,
Көкетайдың асында,
Келіп күрес салуға,
Балуандарын қамдасын,
Шауып бәйге алуға,
Күлік атын байласын.
Елінен біреу қалмасын.
Бұл асыма келмесе,
Төгіліп тұрған гүл бағын,
Көміп тастап кетпесем,

Түп – түбіне жетпесем,
Түбіршегін қазбасам,
Бокмұрын атым құрысын!
Оны ондай қорқыт сен,
Ыстық көлдей толқыт сен!

Одан ары сен барсаң,
Екі де тізгін тең барсаң,
Атақты Жаркен шәрі бар,
Ал Жаркенді сұраған,
Жортуылшы балуан ері бар.
Көкетайдың асына,
Халқыменен жиылып,
Хан Жортуылшы келсін де.
Тастамасын шалдарын,
Кәдімгідей шомына,
Мінгізе келсін балдарын.
Бұл асыма келмес,
Елін шауып, құрытам,
Есегін сайға ұлытам!

Андан ары сен барсаң,
Кең Ауғанның ауылына,
Ахун хандай ханына,
Көп айттырам сәлемді,
Қадыр қылып хабар бер,
Бұл асыма келсін де,
Бұл асыма келмесе,
Айқайлаған атысты,
Айықпаған тартысты,
Үй үстінен көрсін де!
Ары бармай кері қайт,
Тап осы жерден қайра қайт.
Қызыл желек, көк найза,
Қырғыздан біреу қалмасын,
Ала қолдап кетті деп,
Артымнан күбір қылмасын.

Былай қарап жол жүрсең,
Ат аямай мол жүрсең.
Шамбыл – Бел деген жер келет,
Жаналы, Қараш екі дәу,
Аямаған ер келет.

Белендінің беліне,
Тұлпарларын байлаған.
Жаналы, Қараш екі дәу,
Бұл асыма келмесе,
Ел жайлауға тартқанда,
Ат қара тіл болғанда,
Төбесінен басамын,
Төрт түлігін шашамын!

Боқмұрын осылайша жан – жақтағы ел – жұрттың бәрін санамалап, бас – басына мінездеме бере суреттеп, келмегенін шауып аламын деп қорқытып хабар айтады. Үрімнің ұлы Көкбөрі, Алтышардың Алабек, Марғалаңның Малабек, Қоқан ханның Қозыбек, Самарқанның Сынжыбек, Әнжиянның айыр сақал Санжыбек, Текеші хан, Шығай хан, естектердің Жаңбыршы, Жетіөзенді жайлаған жәдігердің ер Бағыш, біткен бойы тарамыс, шынтақтай ғана Ер Ағыс пен Қожас, Әлеке мен Баубек, Бекіш пен Шекіш, Сайқал мен Болат, үзеңгісін үзе шіреген, найзасын көкке тіреген, іштен туған Едіге, сасық қайың сауып ішкен, осырақ шалдың баласы Алтай – Мамет, Көк – қоян – бірін де қалдырмайды.

Бұл асыма келсін де,
Бұл қызықты көрсін де,
Бұл асыма келмесе,
Бұл қызықты көрмесе,
Көкетайдың көк туын,
Төбесінен көрсін де,
Оны ондай қорқыт сен,
Ыстықкөлдей толқыт сен! – деп, асқа шақырып тұрып, бәріне де күш көрсетіп қояды.

Онан әрі сен барсаң,
Екі де тізгін тең барсаң,
Атақты Бұқар шәрі бар,
Ол Бұқарды билеген,
Темірхан атты ханы бар.
Көк кебісін тепейткен,
Көк есегін кекейткен.
Төрт бұрыш келген тамы бар,

Төгerek піскен наны бар.
Бұл асыма келсін де,
Бұл асыма келмесе,
Зорлықтап соям биесін,
Сорайтып соям иесін,
Шығарамын Бұқардың,
Қай – қайдағы киесін!

Онан әрі сен барсаң,
Екі тізгін тең барсаң,
Саймалы садақ байланған,
Самарқан тауын айналған,
Былғары садақ байланған,
Бұқардың тауын айналған.
Ақ сәлдесі қазандай,
Шақырған үні азандай.
Аса да таяқ қолында,
Өзі құдайдың жолында.
Ұлы да жолдың бойында,
Күннің де батқан жерінде,
Алтын сақал Айқожа,
Сол Айқожаға барып айт,
Айбан боздай күлік ат,
Алып бәйгеге шапсын де,
Ортаға және келсін де,
Оң батасын берсін де.

Одан ары жол жүрсең,
Ат аямай мол жүрсең,
Бидайық ханның Мұзбұршақ,
Жарағы бойда бір құшақ.
Аямаған ер келет.
Атадан артық туылған,
Қызықтап белін буынған.
Кежіріне тигенде,
Дұшпанға салған шулыған.
Бет алып бенде келмеген,
Егесіп дұшпан жеңбеген.
Найзасын қанға шықтаған,
Бастасып қалған дұшпанын,
Қара жерге ықтаған.
Күрішін күздік айдаған,
Күрескенде дұшпанның,

Кәлләсын кесіп шайнаған.
Бұл асыма келсін де,
Үш Қарқара бойында,
Батырлар атпен құйғытып,
Сайысқанын көрсін де,
Бақандар қолда қарысып,
Майысқанын көрсін де.
Бұл асыма келмесе,
Көкетайдың қызыл құйрық қара нар,
Оқ дәріні жүктетем,
Үй үстінен атысып,
Мүзбұршақты бүктетем!

Одан ары сен жүрсен,
Екі де тізгін тең жүрсен,
Екі Кемін жайлаған,
Егіз қара ат байлаған.
Ейбіт таздың ер Үрбі,
Қара тоғай мал еткен,
Қара үнгірді үй еткен,
Жарлы жүріп байыған,
Жалғыз жүріп, көбейген.
Қара тілін қайраған,
Хан алдында сайраған.
Байталдыға бой бермес,
Аяқтыға жол бермес,
Жағы барды сөйлетпес,
Жетпіс ру тіл білген,
Жетік шешен ер еді.
Ақтар – Таздың баласы,
Аты Мөңке төресі,
Бұл асыма келсін де,
Бұласыма келмесе,
Көкетайдың көк туын,
Төбесінен көрсін де!

Одан әрі жол жүрсен,
Ат аямай мол жүрсен,
Топ әулие жиылып,
Тобасымен бітірген,
Бар әулие жиылып,
Батасымен бітірген.
Еламанның еркесі,

Тоғыз ұлдың кенжесі,
Құдайдың сүйген бендесі.
Еламанның Ер Төстік,
Бұл асыма келсін де,
Бұл асыма келмесе,
*Аман – есен шағында,
Жеті жыл жүрген мекені,
Жер астына кірсін де!*

Тағы барсаң көрерсің,
Кең Сарыарқа даласын,
Керіліп жатқан көйқасқа,
Қазақтардың панасын.
Айдарханның Көкшесі,
Сарыарқаны жайлаған,
Сандатып қазақ жинаған,
Келістіріп кермеге,
Кертөбелді байлаған,
Күрпілдетіп қымызды,
Қазы – қарта шайнаған.
Тарысын тастай ақтаған,
Қатынын қыздай мақтаған.
Көп айттырам сәлемді,
Қадыр қылып хабар бер.
Көкетайдың тойына,
Қарқараның бойына,
Халық жиылат қыжылдап,
Қара құрттай быжылдап.
Бұл асыма келсін де,
Бұл асыма келмесе,
Басына бәле саламын,
Жылқысы түгіл қазақтың,
Сиырын айдап аламын!

Одан ары сен барсаң,
Екі де тізгін тең барсаң,
Қытайлардың зор Жолай,
Қазандай қара бөркі бар,
Қан шыққанның бәрін де,
Сорамын деген еркі бар.
Көкетайдың асына,
Келіп бәйге алуға,
Ашбуданды байласын.

Өзінің қылсын пайдасын,
Көкетайдың тойына,
Елі – жұртын айдасын.
Бұл асыма келмесе,
Бір айласын табамын,
Хан Жолайды шабамын!

Одан ары Боқмұрын: «Мінгені ыйық ат болған, қатын алмай ылама, ұрғашы менен жат болған» Шибей жұртына, Солонның ханы Ораққырға, Манжудың ханы атақты Несқараға, Торғауыттың қатын ханы Ораңқы балуанға хабар беріп, бәрін де шақыр, бұл асыма келмесе түгін қоймай қырамын деп, атасы басқа, діні бөлек, саны көп елдерге де күш көрсетіп қояды.

Ары қарай жол жүрсең,
Ат аямай мол жүрсең,
Сарысудың жиегінде,
Алтын қазған кенінде,
Осында дейді кешілді,
Серкесін сетер көтерген,
Өгізі қарып, өзі өлген,
Кешілдердің әдеті,
Өлгеннің малын тең бөлген.
Асау атқа отырған,
Аса байлап құдай деп,
Тақ осыған шоқынған.
Кебез белбеу, кең етік,
Кешілдің ханы Қоңырбай,
Найзакердің ықтысы,
Жаудың айласын білген мықтысы.
Қоңырбайға сәлем де,
Бұл асыма келсін де,
Бұл қызықты көрсін де.
Бұл асыма келмесе,
Бұл қызықты көрмесе,
Көкетайдың көк туын,
Төбесінен көрсін де!

*Осы жерден қайра қайт,
Ат аямай, елге қайт.
Барған елдің бәріне,
Мәникерді қаратып,*

Алақандай ақ қағаз,
Хат сыздырып ала кел,
Шоқтығына тақтырып.
Алыптың санын аламын,
Аттың санын аламын.
Шойын құлақ Шойын алып,
Шойын алыпқа айта көр,
Дойым құлақ Дойым алып,
Дойым алыпқа айта көр.
Дүмір құлақ Дүмір алып,
Дүмір алыпқа айта көр.
Айдың бұрышы алты сан,
Алты айналып қайта көр,
Жердің бұрышы жеті сан,
Жеті айналып қайта көр.
Айдың бұрышы алты сан,
Алқынып бір қайта көр,
Жердің бұрышы жеті сан,
Желпініп бір қайта көр.
Көк алыптар онан көп,
Қайсы бірін айтайын.
Атыңның басын бұра тұр, шорам,
Бәйгемді айтам, тұра тұр, шорам.
Бәйгемнің басын айтайын, шорам.
Тоғыз да торқа тон тартам,
Токсан қалша құл тартам,
Сан сауыншы күң тартам,
Сан сарыша түйе тартам,
Сан сарыбас бие тартам.
Ортасын қайдан айтайын,
Үйіме қашан қайтайын, шорам.
Аяғын айтып берейін, шорам,
Ала бас жорға ат тартам,
Алпыс атқа мінгізіп,
Алпыс қалша құл тартам,
Боталы түйе нар тартам,
Балалы ноғай күң тартам,
Манаттан жапқан үй тартам.
Сау – сәләмат бар шорам,
Сағындырмай тез қайт, шорам!
Деп осылай Боқмұрын,
Қорасан оттық жақтырды,
Мәникерді мінгізіп,

Бадана тонды кигізіп,
Жас Айдарды шаптырды.
Төрт бұрышын дүниенің,
Көкетайдың асына,
Түк қоймастан шақырды.

*Шақыратын елдің жайын білген соң,
жасайма кекіл жас Айдар Мәникер тұлпармен
құйғытып, жөнеледі.*

Мәникердей тұлпар ат,
Қатыра салмас қара сан,
Қатыра қамшы салды дейт,
Тайдай етін тарады,

Тұйғындай жүнін түзеді,
Қойдай еті қатады,
Қояндай жүнін түзеді.
Арандай аузын ашады,
Қанды көбік екі етекке шашады.
Көрінген жерде көрінді,
Көрінбеген жерлерде,
Көк түгін болып созылды.
Омбыл, омбыл ойылтты,
Омбылдан алыс тойылтты.

*Сөйтіп, аталған елдің бәріне хабар
беріп келеді.*



Несқараның шатағы

*Ас беретін кезі жақындағанда,
шақырған алыптар бірінен соң бірі қалың
қолмен келіп, түсе бастайды. Батырсынған
Боқмұрын қалбалақтап, есі шығады. Бір
кезде ащы айғай – шу естіледі. Абайлап
қараса, қара шаңды бұрқыратып, қаптаған
қалың қол келіп түседі. Бұл Несқара
бастаған манжудың әскері екен.*

Манжудың ханы Несқара,
Найзакердің ықтысы,
Жаудың аяласын білген мықтысы.
Арғы жағы Бақбұршын,
Ұланды, Кентуң, Дуңшаны,
Несқара білген мұншаны.
Ажайыптан оқыған,
Қытайлардың алпыс бұрқы ілімін,
Алты жыл жатқа тоқыған.
Береленіп, белсеніп,
Белгілі берен Несқара,
Бет алып келді бұл асқа,
Пері ұрғандай теңселіп.
Қаражолтай Несқара,
Қырғызда бітпес кегі бар.
Алтайдың арғы шетінде,

Менменсіп ауыл шабам деп,
Мың түйенің бұлын Манасқа,
Алдырып қойған жері бар.
Көк айман жұлдыз тұтылған,
Есенханның алдына,
Көріне қашып құтылған.
Есенханға барғанда,
Басқан жерін табандап,
Ер Манасты жамандап:
- Арыдағы Алтайдан,
Буруттан Манас шықты деп,
Мың балуанды талқандап,
Өлтіріп жерге тықты деп.
Манасты қармап тимасаң,
Қисығын қазір қылмасаң,
Бәрінен қиын болды деп!
Түз кіріп айтқан кебі бар,
Ашуы келіп Есен хан:
- Сен көріндің ғой қиын боп,
Манасқа әлің келмесе,
Бәрің түгел қырыл деп!
Несқараны алдынан,
Айдап шыққан жері бар.
Ұят болып Несқара,

Манасқа сүйек өшті болған жері бар.
Көкөтайдың асына,
Келіп шатақ салуға,
Алақандай қырғызды,
Тақыр шауып алуға,
Жиып жүрген ішіне,
Несқараның кегі бар.
Көк алалы көп жылқы,
Көмкере айдап Боқмұрын,
Сойысына тартқаны,
Қаһарланып бақырып,
Боқмұрынды шақырып,
Несқара шатақ салғаны.

Боқмұрын келсе жүгініп,
Тізесі жерге бүгіліп.
Несқара анда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- Асыңа тойып алармын, бурут,
Ауылыңды шауып тынармын, бурут,
Керімсал тисе өшерсің,бурут,
Кең Таластан көшерсің, бурут!
Ой мен қырын түз қылам,
Ас берген мына жерінді, бурут,
Қаһарлансам мен қазір,
Қаптатамын қолымды,бурут.
Ас үстінен қазармын,бурут,
Түсіп кетер орыңды, бурут.
Қазанға қолым маламын, бурут,
Етіңді талап аламын, бурут.
Дегеніме көн,бурут,
Мәникерді бер, бурут,
Дегеніме көнбесең,
Мәникерді бермесен,
Андай – мындай демеймін, бурут,
Тартқан етің жемеймін, бурут.
Кіш – мішінді жемеймін,бурут,
Кісі, місі демеймін, бурут!

Қаһарына мінген Несқара асты аралап, Қоңырбай мен Жолайға келіп: «Бұл қырғыздың алыптарын сынап көрейін, күші аз болса, бәрін сабап, асын талап, қарсы шыққанын қырып,жойып, момындарын

Қақанға апарып, құлдыққа салайық!» – дейді. Батыр Манастың жоқ екенін білген соң, батырларды алдынан өткізіп, сынай бастайды.

Аста жүрген қырғыздың,
Алыбын жиып састырды,
Дәу Қосайды бас қылып,
Шұбатуға бастырды.
Ат басының Шештөбе,
Ебіменен жер қылған,
Есі кеткен қырғызды,
Ептеп жүріп ел қылған.
Бекіп қалған Бейжіннің,
Бетін ашқан Ер Қосай,
Тұрып қалған Тұрпанның,
Тұсын ашқан Ер Қосай.
Байланып қалған базардың
Бағын ашқан Ер Қосай.
Сексен беске жетіпті,
Бар қайраттың барлығы,
Бойынан қашып кетіпті.
Екі көзі іріңдеп,
Біткен бойы дірілдеп,
Қарып қалған жан екен,
Буруттардың Қосайы,
Қанша айласы бар екен?
Қаһарлансам қоймаймын,
Бұл секілді шалдардың,
Сексеніне тоймаймын!

Осылайша, өзі сынышы, айлакер Несқара қырғыз жағының батырларын бір – бірлеп сынап, бірін андай, бірін мындай деп мазақ қылады.

Шынтақтай ғана Ағысты,
Аз жақтырып қалғаны,
Өзгесін еске алмады.
Алтышардың Алабек,
Қалбаңдаған деп қойды.
Қоқан ханның Қозыбек,
Еркек қара қарғадай,
Қодаңдаған деп қойды.
Марғалаңның Малабек,
Желідегі құлындай,

Шолтаңдаған деп қойды.
Самарқанның Сынжыбек,
Салпаңдаған деп қойды.
Әнжиянның айыр сақал Санжыбек,
Талтаңдаған деп қойды.

*Өздеріне қарсы тұруға жарайтын
күш жоғын білген соң, бұрынғыдан да
құтырынып: «Мәникер тұлпарды бізге
бересің!» – деп, Боқмұрынды қорқытады.*

- Жетік күлік Мәникер,
Күрме киген манжудың,
Күштісі мінер мал екен,
Тас тағынған қытайдың,
Тазасы мінер мал екен.
Беренжі тонын жамылып,
Бейжінді бес жол айналып,
Берендер мінер мал екен.
Қарыпшысын байланып,
Қақаншыңды айналып,
Қалдай мінер мал екен.

Дегеніме көн,бурут,
Мәникерді бер, бурут.
Дегеніме көнбесең,
Бурут, сені шабуға,
Мен іш күпті болып жүргенмін,
Шыры жоқ жерден шыр шығып,
Қағыссам деп келгенмін,
Шындап жыным ағытып,
Салыссам деп келгенмін.
Тікіреңдеп сілкінсең,
Түгел кармап аламын,
Қырық арқан бойы зынданға,
Алып барып саламын,
Атаңның көрі бурут құл,
Бүйтіп кегім аламын!
Мәникердің үстіне,
Жалаң алтын артыңдар,
Қазір маған тартыңдар,
Айтқаныма көнбесең,
Қаныңды ішер салтым бар!

Несқара мындай дегенде,

Мұндай күшті қылғанда,
Пана болар Манас жоқ,
Құдай бүйтіп ұрғанда.
Жылғынды Кең – Қол,кең Талас,
Жер есіне бір түсті.
Жырғалды Манас қабылан,
Ер есіне бір түсті.
Несқара зорлық бастады,
Көкетайдың мырзасы,
Көк жорғаның үстінен,
Ұшып кете жаздады.
Жауап сөзін айта алмай,
Елден шыға қашқаны,
Абекесі Қосайға,
Келіп жылап тұрғаны!

*Қарт Қосай Боқмұрынның сөзін тыңдап
алып, былай дейді:*

- Ас берген кісі айыпкер, ботам,
Той қылған кісі күнәһар, ботам!
Хабар жібер Таласқа,
Кешікпестен тез жібер,
Айкөл төре Манасқа!
Тездетіп Манас келсін де,
Көзіменен көрсін де,
Халқым десе қырғызды,
Қара қытай, манжудан,
Ажыратып алсын де!

*Содан, Мәникерді мінгізіп, жас Айдарды
Таласқа жібереді. Көкетай ханның асына
шақырмаған Боқмұрынға қаһарланған
Манас хабаршы болып келген жайма
кекіл жас Айдарды шораларына атынан
жұлғызып алып, басын кеспек болады. Сол
кезде жаны көзіне көрінген Жас Айдар
батырға жалынады:*

- Асу едің, асыршы,
Терең едің, өткерші,
Теңіз едің, кешірші,
Дария едің, өткізші.
Жаңғырықты қиядан,
Жалғыз едім ұядан,
Мені өлтіріп нетесің,
Не мұратқа жетесің?

Өлтіре қалсаң өзімді,
Обалым тиер көзіңе.
Жұмыртқадан ақ едім,
Бір ұядан тақ едім!» – дейді.
Сонда батыр туған Ер Манас:
- Ала байрақ, қу найза,
Жаудыраған қырық шора,
Кеше Орыс ханның он ұлы,
Олжаға зорлық қылғанда,
Жаңғыздық басқа келгенде
Қорлықты сонда көргенмін.
Жаңғыздың өлтіре көрме өздерін,

Өшіре көрме оттарын.
Жалғызды шапқан бола ма,
Жетілер ісің оңа ма? – деп, Манас оны
босатып жібереді. Содан, қырық шораны
қалың қолға бас қылып, жорыққа қамданады.
Манастың ақылды жары Қаныкей осындай
күннің келерін біліп, батырлардың бәріне
оқ өтпес сауыт – сайман, қару – жарақ
жасатып қойған екен. Мұздай қаруланып,
сақадай сай болған батырдың қолы дүркіреп
Қарқараға аттанады.



Манастың асқа келуі

Қызыл қия кезеңнен,
Қымбат Манас қымпайып,
Көрініп қалған кезі екен,
Қинауды көріп қырғыздар,
Бөлініп қалған кезі екен,
Қайнаған қалың қытайға,
Қаматып қойған кезі екен,
Көкетайдың кемеге,
Талатып қойған кезі екен,
Асып – сасып атына,
Жүгіріп қалған кезі екен,
Қара жаннан қиналып,
Түңіліп қалған кезі екен.
Ер Манастап шуылдап,
Қырық шора кіріп барғанда,
Абаң Қосай орнынан,
Тұрмағанын қарашы,
Арыстан Манас барғанда,
Атасын көрген баладай,
Жылағанын қарашы,
Кәне, Манас, кәне, – деп,
Сақалына сүрініп,
Сасқан жерін қарашы!
Қара қытай, көп манжу,

Несқара, Жолай бас болып,
Келін болып дырқырап,
Қашқан жерін қарашы!

Қабылан Манас келді деп,
Қырғыз жұрты сүйініп,
Қайраттанып тұрғанда,
Әулиедей аруақты,
Ата жұртқа ардақты,
Абаң Қосай кеп айтат,
Кеп айтқанда деп айтат:
Қайраным Манас қабылан,
Көрдің бе, егескен жерде шеп екен,
Қалмақтың халқы көп екен,
Бұлқынған Жолай, Қоңырбай,
Бұзықты бізге салмақ па,
Буланды бұлап алмақ па?
Мында қақаншының халқы бар,
Қаһарлы қалша қарқыбар,
Қарсы шыққан адамның,
Қанын ішкен салты бар.
Шын – Машынның халқы бар,
Шылбыр шашты қалмақтар,
Шамасы келсе бізбенен,

Шабысатын шарқы бар.
Тәшкеннен көшіп топырлап,
Боқмұрын малын айдады,
Ас берем деп атаға,
Азапқа жаман байланды.
Сақалым құдай ағымда,
Қарып қалған шағымда,
Көкетайдың тойы деп,
Асқа келген екенбіз,
Шатаққа бүйтіп қалатын,
Басқа келге екенбіз,
Көкетайдың қызық ас,
Көргелі келген екенбіз,
Таланып қара қытайға,
Өлгелі келген екенбіз,
Көріне мына қу жанды,
Көмгелі келген екенбіз.
Бекем келді көп қалмақ,
Бекітіп қойған белі бар,
Бәлекет салып бұл аста,
Бет жыртисар жері бар.
Албан түрлі ері бар,
Атасының кегі бар,
Айласа келсе бізбенен,
Алыса кетер жөні бар!
Азуын жұртқа тигізбей,
Ақылмен амал табайық,
Шатақтаспай, шарпыспай,
Атпенен алдап салайық,
Дегеніне көнейік,
Мәникер тарту берейік!

Қосай мындай дегенде,
Ар жағынан Боқмұрын,
Қоса сөйлеп қалғаны:
- Дегеніне көнбесек,
Сұрағанын бермесек,
Түбімізге жетпекші,
Асты қайдан беріп ем,
Түгел талап кетпекші.
Қызығын көрсең, ас міне,
Қисық іс қылдың деп мені,
Қиып кетсең, бас міне!

Атамнан қалған мал еді,
Мәникер тұлпар күлікті,
Сұрап жатыр Несқара,
Мәникерді бермесем,
Салғалы тұр бүлікті!

Мұны ұғып Манастың,
Кәрі шығып жүзіне,
Зәрі шығып көзіне,
Қосайға айтып қалғаны:
- Қара қалмақ қыстаса,
Оңбай қалған екенсің,
Қуат кетіп бойыңнан,
Болмай қалған екенсің.
Асыл болып өмірің,
Налып қалған екенсің,
Қайрат кетіп бойыңнан,
Қажып қалған екенсің.
Қара қытай, көп манжу,
Мәникер алса бүгінде,
Көрешекті көрерсің,
Қырыңа шықса түбінде,
Ертеңгі күні есіріп,
Аққұла қоса алмай ма,
Арғы күні дардайып,
Керқабылан күлікке,
Суық құрық салмай ма,
Және қалмақ тарынса,
Және салып бүлікті,
Және сұрап алмай ма,
Шалқұйрықтай күлікті?
Күшейсе қалмақ күйленіп,
Күлікті түгел алмай ма,
Қадырлы Қосай ағамыз,
Сүмпііп жаяу қалмай ма?
Және қытай тарынса,
Және жұлып алмай ма,
Қырыңа шықса, түбінде,
Күнде тозақ салмай ма?
Тұлпардан тура айрылсақ,
Бұл қырғыздың алыптары,
Ерді жонға артпай ма,
Бейнетті қатты тартпай ма,

Білгенін Қоңыр қылмай ма,
Жаяулатып жүріп қырмай ма?
Қайнап жатқан көп қытай,
Төріңе құдық қазбай ма,
Төрт түлігің шашпай ма,
Төбенді тіліп қамшымен,
Мойныңа қылыш шаппай ма?

Өкімдік қылса бұл қалмақ,
Өтінетін шағым жоқ,
Өкіргенмен бұл қытай,
Өлімнен аяр жаным жоқ,
Қалмаққа тартар малым жоқ,
Мәникер берер шағым жоқ!
Күрделі күшім барында,
Күлігім қайтіп берейін,
Күшеніп келген қалмаққа,
Күшімді салып көрейін,
Тұйғын басым барында,
Тұлпарым қайтіп берейін,
Тура зорлық іс қылса,
Тұтамдасып көрейін.
Айдыным аман тұрғанда,
Арғымақ қайтіп берейін,
Арбыған екен арамдар,
Арпалысып көрейін,
Аққұланы мінейін,
Атаңның көрі Жолайдың,
Құйқасын енді тілейін,
Азап салса қалмақты,
Алтайға айдап сүрейін.
Асқа тойып манжулар,
Жұтынып қалған екен ғой,
Оңай жерден олжаға,
Қызығып қалған екен ғой,
Бүйтер болса манжудың,
Тығынын суырып алайын,
Қамауда қалған халық үшін,
Қайтіп жаным аяйын.
Сағынып келсе соғысты,
Саулатып қырып салайын,
Өкімдік қылса бұл қалмақ,
Өлтіре қырып салайын.

Қонаққа келдің, қойғын деп,
Жылы сөз айтып алайын,
Айтпады бір жол демесін,
Алдына өзім барайын,
Жүйе сөзге көнбесе,
Талқан қылып салайын!

Осыны айтып ер Манас,
Кәрі жүзден төгіліп,
Көк жолбарыстай шабынып,
Жау – жарағын қамданып,
Аққұланы орғытып,
Қайнап жатқан қалмақтың,
Тақ ортасын қақ жарып,
Жолай менен Несқара,
Зобалаңды зорларға,
Аттың басын бұрады,
Қасына кеп бұлардың,
Қаһарланып тұрады:
- Жиылғаның қалың жұрт,
Хан Көкетай асы екен,
Басы жоқ қырғыз ел емес,
Қария Қосай басы екен.
Ақсақал болсаң сый көріп,
Алдыңда қойдың басын же, қалмақ,
Кәдеңді бұзбай отырып,
Қонақ деп тартқан асың же, қалмақ,
Қорқытар қалмақ сен емес,
Қорқар қырғыз мен емес,
Шабушы дұшпан сен емес,
Шаптырушы Манас мен емес,
Алушы дұшпан сен емес,
Алдырушы қырғыз мен емес!
Күшінді қойып, асың же,
Күрпілдесең, болмасаң,
Өлмеген жерде қалысам,
Былқылдақ қурай піскенше,
Мизамның гүлі түскенше,
Мықтап алты ай салысам!

Кеше жасым он екіге толғанда,
Қытайлардың хан Жолай,
Алтайға бүлік салғанда,

Көргенмін сенің күшінді,
Ашып қара көзінді,
Алдыңда тұрған кісінді.
Үкіршінің ойында,
Үш қақпақтың бойында,
Өзің тиген күнінде,
Үкірің айдап алғанмын, Жолай,
Бұл қолыңнан сенің келді ме, Жолай,
Ербиіп атқа міндің бе, Жолай,
Енді кісі болдың ба, Жолай?
Шақыртып едім асыма,
Шаптырмақ болдың басыма.
Қонақ қылдым тойыма,
Қорлықты салдың ойыма.
Оқ өтпейтін тоның бар,
Қоңырбай қалша зорың бар.
Қағыссақ шындап көрейік,
Қағысқа жарар қаншаң бар?
Жеріңнен жетік қол алып,
Желігіп қалған екенсің,
Шығарамын желінді,
Суытамын демінді,
Көріне кепкен кеселдер,
Шұрқыратпа елімді!

Осы кезде жанына,
Баймырза келді қан болып,
Шат – шәлекей шаң болып:
- Көкетай шалға ас бердік, Манас,
Асқа аралас бас бердік, Манас.
Қара қалмақ, көп манжу,
Аяққа басып сөзімді,
Соймақ бір болды өзімді,
Еттің бәрін талады,
Көсеуменен сабады,
Қалмақтар неден құтырды?
Қорлық, зорлық көрген бас,
Бұлардан қалай құтылды?

Мұны көріп ер Манас,
Қаһарланып, қамшыны,
Қармап алып жіберіп,
Несқарадай батырды,

Төбеге тартып жіберді.
Таққан тасы бұрқырап,
Қара қытай, көп манжу,
Қашып берді дырқырап,
Аста жүрген қырғыздар,
Манасты құдай сақта деп,
Тілек қылды шұрқырап.

Қиқулап Манас қабылын,
Қыжылдаған манжуды,
Қызық сабап қалғаны,
Арт жағынан ер Бақай,
Ақырып қолды салғаны,
Екі шетін Алмамбет,
Есіп айдап бергені,
Топ ортасын ер Шуақ,
Тесіп айдап бергені.
Манасқа тете балуаны,
Ұлақ ханның Сырғағы,
Салды бүлік аралап,
Қиырынан қырық шора,
Қиратып кірді сабалап,
Ақкелте үні жаңғырып,
Айғай – сүрең жер жарып,
Топырақ ұшып, шаң басып,
Топалаң болып қалғаны.

Арыстан Манас батырың,
Түп – түбіне жетерде,
Түгел қырып кетерде,
Ораққыр мен Мүзкіндік,
Ер Қоңырбай, Несқара,
Атынан түсе қалғаны,
Тізесі жерге бүгіліп,
Ер Манасқа жүгініп,
Қоңырбай кептен салғаны:
- Біздің жайды сұрасаң,
Әрқайсымыз зор ұлық,
Хан Көкетай асы деп,
Қақаннан келдік торылып.
Тойыңа тозақ салыппыз,
Айыпкер болып қалыппыз.
Бұл айыпты кешіңіз,

Кешпес болсаң айыпты,
Мінекей басты кесіңіз!

Тас тағынған қытайдың,
Төрелері мұны айтып,
Күрме киген манжудың,
Күштілері мны айтып,
Алдына келіп тұрған соң,
Анда Манас мұны ойлап:
Тойға келген манжуға,
Топалаң сап нетейін,
Ас үстінде қиратып,
Не мұратқа жетейін?
Деп кешіріп салғаны.

Қалмақ, қырғыз теңдесіп,
Қайра бастан елдесіп,
Қауқылдасып жиылып,
Қарсыластар тиылып,
Бұрылысып жиылып,
Бұзықтың бәрі тиылып.
Көкетайдың Бокмұрын,
Күйге келіп қалыпты,
Қайра бастан тіріліп,
Тілге келіп қалыпты.
Керней – зурнай тарттырып,
Жаршыға хабар айттырып,
Асты бастап жіберді,
Салтанатын арттырып!



Ат шабыс

Көкетайдың асында ата дәстүрімен ат шабыс, жамбы атыс, сайыс, күрес және басқа да дала салтындағы түрлі жарыстар өтеді. Ежелден дұшпан болып, соғысып, тартысып келе жатқан түрік тектес елдер мен қытай, манжу, қалмақ, маңғұл, солон, торғауыт, кешіл, шибей сияқты жат жұрттардың арасындағы жарыстың өзі намысқа шапқан қақтығысқа, бақталастыққа айналады.

Көкетайдың көк туы көтеріліп, Ыраманның жырышы ұлы – Ыршуыл мен жайма кекіл Жас Айдар: «Ат шұбату басталды!» – деп, жар салады.

- Ат шұбатқын! – дегенде,
Адамның бәрі дүр етті.
Қытай жұрты бір дүркін,
Қырғыз жұрты бір дүркін,
Қырым жұрты бір дүркін,
Ауған жұрты бір дүркін,
Дүркін – дүркін болысып,
Дүние жүзі толысып,

Қалың қара қол болды,
Ортасы көше жол болды.

Содан, «ұрғашы жолы ұлық деп, өзі қаңғай ұрық деп», Ораңғының Құла биесі бастап шұбатуға шығады. Одан кейін Манастың Аққұласы шығады, оны Қаныкей әбден бабына келтіре жаратыпты. Оның артынан Жолайдың Ашбуданы келеді, Аққұламен екеуі қояндай ұқсас мал екен. Бұдан кейін Бозкертіктің Бойторысы, Мұраділдің Қылжирені, Мұзбұршақтың Телкүреңі, Ер Төстіктің Шалқұйрығы, Ер Қосайдың Дәусарысы, Үрбінің қос қара аты, Ер Көкшенің Көкаласы шығады. Сонда кебез белбеу, кең етік, кешілдің ханы Қоңырбай: «Манас Аққұланы бәйгеге қосса көрейін, сайыста қанын төгейін!» – деп, айла қылып, Алғараны алып қалып, орнына тура сондай бір қара атты қосқан екен. Ат шұбатып, санаса, бір мың ат болыпты. «Ат қай жерге барады? Қай жерден кері шабады?» – деп, барша халық сұрайды. Манас:

- Атадан қалған салтымыз,
Алпыс кісі ат айдап,
Шабдардың белін асырып,
Алты күн ары барыңдар.
Аттың келер жолына,
Шырақ алып қолыңа,

Алты мың адам барыңдар.
Адастырмай түнінде,
Атты жолға салыңдар! – дейді.
*Атты айдатып жіберген соң, жиылған
қалың жұрт бай дастарханға жайғасып, ағыл
– тегіл ас – суын ішіп, той тойлауға кіріседі.*



Жамбы атыс

*Ат сегіз күнде келеді, оған дейін ел ерігіп,
ер зерігіп қалмасын деп, астың тамашасын
жамбы атыстан бастайды.*

Қарқараның қарағай,
Ұзынынан қидырған,
Ұстыннан мыңды жидырған.
Түбіне тірек бұратып,
Алты жүз ұзын сырғауыл,
Біріне бірін жалғатып,
Бойлатқан биік аспанға.
Қырық екі танап жамбыға,
Болат сым бауын жалғатып,
Бүктеп, бүктеп кілемді,
Қабаттап биік зау қылған,
Сары алтынды бау қылған.
Көргеннің көзін жайнатты,
Сырғауылдың ұшына,
Алтын, гәуһар байлатты.

*Жиылған жұрттың ішінен жамбы
атамыз деп, садақ, мылтығын сайлап
шыққандар көп болады. Кешілдің ханы
Қоңырбай, торғауыттың қатын балуан
Ораңқы, сібе – шибейлердің Мұзкіндік,
манжудың ханы Несқара, солонның ханы
Ораққыр, бидайық ханы Мұзбұршақ,
Еламанның Ер Төстік, қазақтардың Ер
Көкше, қоқан ханы Қозыбек, әнжиянның
айыр сақал Санжыбек, самарқанның
Сынжыбек, алтышардың Алабек, ауған ханы*

*Ақұн, Жаналы, Қараиш екі дәу, Үрімханның
Көкбөрі – әрқайсысы бір – бір мыңнан мерген
шығарып, жамбыны ата бастайды. Бірақ
ешқайсысы алты жүз сырғауыл жалғанған,
зау биікке байланған алтын жамбыны атып
түсіре алмайды. Олардан кейін Манастың
батырлары атады.*

Жасы менен кәрі атты,
Шоралардың бәрі атты,
Бір танабын қия атты.
Түспейтіндей бұл жамбы,
Тұрған елді қажытты.

Аруағы биік ер Манас,
Аймаңбозбен жетеді,
Ақкелтемен бір атты,
Танабын түгел қия атты,
Зау биіктен жамбыны,
Бір атқаннан құлатты!
Көктен түскен жамбыны,
Іліп алып кеткені,
Алып ағасы Қосайға,
Тарту қылып жеткені.
Қатағанның хан Қосай,
Разы болып қалғаны:
- Тырнақ алды олжанды,
Балам, өзің алғын! – деп,
Ырымдап оны алмады.



Қосай дәу мен Жолай дәудің күресі

Көкетайдың көк туы қалқылдап көтеріліп, Біраманның Біршуылы жұртты аралап жүріп: «Қабылан Манас бастаған ұлықтар күреске екі жақтан екі балуан шықсын, жыққаны бәйгені алсын, жығылған құры қалсын дейді! Темірді талдай сындырған, қара тасты топырақтай уыстап, тозаң қылып уатқан, ат көтермес алыптан бір – бір балуан шықсын!» – деп жар салады.

Сол кезде көрді көпшілік,
Оңбаған Жолай батырды,
Балуанға оны балапты,
Барлық жұрты қалапты.
Балуанға Жолай бекініп,
Басып шыға келеді,
Байқаған дұшпан шегініп.

Амурдың басын жайлаған,
Сақардай күші қайнаған,
Алты батпан бидай жеп,
Дән сасыған зор Жолай,
Алты жылы жау қуып,
Алпыс ерді жайлаған,
Қан сасыған зор Жолай,
Жеті жылы жау қуып,
Жетпіс ерді жайлаған,
Жын сасыған зор Жолай.
Тырнағына қарасың,
Ақ жолбарыстың саладай.
Көз шұңқыры Жолайдың,
Терең қазған ұрадай,
Екі емшектің еттері,
Екі жасар танадай,
Арқасына қарасаң,
Ат шабушы даладай.

Шабынып жатқан жолбарыстай,
Мандайында қасы бар,
Артына түскен айдары,
Қыл шылбырдай шашы бар,
Қозғалушы жан емес,
Дәу қазандай басы бар.
Қырық – елудің ішінде,
Қызталақтың жасы бар.
Қытайдан шыққан зор батыр,
Майданға басып келатыр.
Құлақтың көркі қалқандай,
Кірпігіне қарасаң,
Етекке шыққан шалқандай,
Қолына түссе тауды да,
Тастай салмақ талқандай.
Екі иініне қарасаң,
Екі кісі қонғандай,
Екі бетін қарасаң,
Екі даңғыт тойғандай.
Төс жайығын қарасаң,
Төбелі таудың өріндей,
Өр мінезі Жолайдың,
Ашыққан көкжал бөрідей.
Өгіз кеуде, өкім сөз,
Өрлік жайы тағы бар,
Өткір қылыш, сыр найза,
Шердік жайы тағы бар,
Өз білгенін бермеген,
Бектік жайы тағы бар.
Бұлшығы бұқа беліндей,
Балуандық жайы тағы бар,
Бұлқысқанды сау қоймай,
Алғандық жайы тағы бар.
Өлерін өзі білмеген,
Айуандық жайы тағы бар.
Кекірсе қызыл өңеші,

Кірген судай күркіреп,
Көрген жанның еріксіз,
Тұла бойы дүркіреп,
Майданға келіп отырды,
Мас болған пілдей күркіреп.
Науадай үлкен қанжасы,
Қоя берсе түтіні,
Будак, будак бұрқырап.
Көзінен шыққан ызғары,
От – жалын болып шырқырап.
Қуанды қалың қаңғайлар,
Құлақты жара барқырап.
Өз дінінше оқынып,
Күн шығысқа бет алып,
Көке тәңір қолда деп,
Тілек қылды шоқынып.

Мынадай алыпты көргенде, қарт Қосай: «Балдар, бірің шығыңдар да, мақтантпай мұны жығыңдар!» – деп жар салды. Бірақ, қырғыз, қазақ жағынан ешкім шықпады. Мықты деп жүргендердің бәрі қалқаланып, ықтады. Қосай ашуланып, ерлерге бетпе – бет айтып, күреске түсірмек болып, жиылған жұртты аралай бастады. Бірталай ерлерге келіп, қайрап сөйлесе де, олардың бәрі таудаы балуанмен күресуге батпай, бас тартты. Бір кезде Ақтар таздың баласы, жетпіс ру тіл білген, жеткілең шешен Ер Үрбіге келіп сөйледі.

- Жолай шықты балуанға,
Айналайын Ер Үрбі,
Сен қандайсың балуанға,
Жығып мерей алғанға?
Анда Үрбі бүй дейді:
- Анау тұрған Жолайдың,
Көбік еті көнектей,
Шекенің еті шелектей,
Қолдарына қарасаң
Қырық жыл кепкен теректей!
Жоламаймын Жолайға,
Жолаған кісі оңар ма?
Бұл қытаймен қармасып,

Шақ келе алмас біздің жай,
Қолына түссем оқыста,
Кетермін түгім табылмай!
Қосай одан өтіп, қазақтың ханы Ер Көкшеге келеді.

- Сарыарқаны жайлаған,
Сандатып қазақ жинаған,
Келістіріп кермеге,
Кертөбелді байлаған,
Ерегескен дұшпанның,
Кәлләсін кесіп шайнаған.
Ноян Көкше, Ер Көкше,
Сен қандайсың балуанға,
Жығып намыс алғанға?
Қытай қалмақ қамданды,
Балуаны жықса біржола,
Басырықты салғанға.
Анда Көкше сөйлейді,
Құтылар жағын көздейді:
- Жоламаймын Жолайға,
Жолаған кісі оңар ма?
Бұл күреске бармаймын,
Қазақтан Көкше барды деп,
Қытайлардың хан Жолай,
Қапсырып жерге салды деп,
Жаман атты болмаймын!

Қосай одан ары барып, Еламанның кенжесі, құдайдың сүйген пендесі Ер Төстікке келеді. Жын – перілермен соғысып, жеті жыл жер астында жүрген Төстіктің жер бетіне шыққанына жеті – ақ күн болған екен. Қосайдың сөзін естіп: «Жын – перілерді жеңгенде, Жолайдың қашамын ба? Қырғыздың қызметіне жарасам, ризамын! Шығамын балуанға!» – дейді. Қария Қосай оған сынап қарап, басын шайқайды. «Жеті жыл жер астында жүріп, азап тартып, арып – ашып, азып – тозып келген екенсің, мына дәуге күшің жетпес!» – деп, одан ары кетеді. Жарға ойнаған лақтай орғыған, жанары жалт – жұлт еткен он алты жасар алып денелі Ақбайды көріп, жанына келеді. «Сен қандайсың балуанға?» – десе,

жаудан беті қайтпаған жас бала: «Барсам бара салайын, түссем түсе қалайын!» – дейді. Қария Қосай баланы байқайды, басын шайқайды.

Айналайын, Ақбайжан,
Үйрек мойын, он бес жас,
Қарақат көз, керме қас,
Қолаң шашты, түйме бас,
Тоғанас қызы Зияндаш,
Сұлу қатын алыпсың,
Көп асылам деп жүріп,
Көтерем болып қалыпсың.
Етің қалған көк жасық,
Қаның қалған бір қасық,
Қаруың келмес, Ақбайжан,
Жолайменен қармасып.
Балтыр етің толады,
Балуан шағың болады.
Жүрек етің толады,
Жетілер шағың болады!

Мұны айтып, қарт Қосай қалың топты түгел аралап шығады. Не бір мықты деген батырлардан қайран болмай, күдерін үзіп келе жатса, алдынан Манас шыға келеді. Абаң Қосай Айкөлге мұңын шағады.

- Қаншалық айтсам ұқпады,
Қырғыз, қазақ, басқа елден,
Бет алып бенде шықпады.
Қасарған дәуді жықпады.
Қарысам да қартаңдап,
Қарт бурадай тартаңдап,
Мен түспесем балуанға.
Кәдімгі Манас шырағым,
Сен түспесең балуанға,
Қандай адам беттейді,
Дардайған Жолай айуанға!
Анда Манас кеп айтат:
- Аққұланың үстінде,
Ақ дәу келсе аңтарам,
Көк дәу келсе көмкерем.
Аяқ – қолын шалысып,
Жаяулап жерде алысып,
Күресуге жоқ едім.

Сайыс пенен соғыста,
Екеуін бірдей алармын,
Олжасына қызығып,
Балуанға өзі түсті деп,
Ұсақ сөзге қалармын!
Мұны ұғып Қосайдың,
Әр нәрсе түсіп ойына,
Қайраты толды бойына.
Алдыңғы қасын ерінің,
Қалдырата қағыпты,
Қара жерге бағыпты.
Арыстан Манас батырың,
Қайратын байқап абаңның,
Жандай түсіп ақырын,
Айтты тауып ақылын:
- Қарысаң да қартаңдап,
Қарт бурадай тартаңдап,
Балуанға түсіп көріңіз.
Балуаныңыз жоқ болса,
Иіріп қоймай халықты,
Бәйгесін айдап беріңіз!

Сонда қарт Қосай басын шайқап, ойланып: «Әттең дүние – ай! Кеше отыз бес, қырық бес, тіпті, елу бес жасымда кездесе, бұл дәудің басы тастан болса да, сығып тастар едім зой! Қайтейін, сексен беске келіп, қартайғанда кез болып, қор қылғанын қарашы! Бірақ, не болса да тәуекел! Қабыланым, сөзіңді жерде қалдырмайын, бұл майданға барайын!» – дейді. «Бірақ, маған бір қандағай – теріден жасалған мықты шалбар тауып беріңдер! Өз шалбарым нашарлау. Күресіп жүргенде, дәу Жолай тартып қалғанда, айырылып кетіп, абыройым ашылып қалмасын!» – дейді. Ал, енді Манас бас болып, қандағай іздейді. Не бір батырлардың тәуір деген шалбарын өлшеп көрсе, біреуі де сексен бестегі қарт Қосайға симайды! Бүкіл қырғыз жабылып, шалға шалбар таппай салбырап тұрғанда, Ажыбай Шалыбайға айтады. «Қаныкей Манасқа арнап бір жаңа қандағай тіктіріп еді, батырдан ептеп

сұрап алып көрсек қайтеді?

Әнжиянның ар жағы,
Айым – Мүнсек бер жағы,
Дандуңбастың тау теке,
Аң аулап адам көрмеген,
Үсті қара зау теке.

Абыкені бас қылып,
Алпыс мерген жатқызып,
Теріге залал қылдырмай,
Көзінен көздеп атқызып.
Алма қабық алғызып,
Алты ай малма салғызып,
Ішін әбден ыстаған,
Перизада Аруке,
Тоқсан қызға бас болып,
Тоғыз күні тыстаған! – дейді.

Екі шора ақырын Манасқа келіп, шалбарды сұрап алады. Қосайға келіп, кигізіп көреді. Оң аяғын салса, балтыры батпай қалады, сол аяғын салса, сирағы батпай қалады. Қосай: «Екеуің мұны ептеп маған кигізіңдер. Шалбарының симай жатқанын Манасқа білдірмейік!» – дейді.

- Өкімі екі болмаған,
Екі қылған оңбаған,
Жарлығы екі болмаған,
Жаратқаны қолдаған,
Жайыл Манас көрмесін.
Жаңа түскен келіннің
Жақсылығын көмбесін.
Оң бетінен тілдіріп,
Нұр сипатын бүлдіріп,
Оң шашынан қырқпасын,
Ордадан сүйреп шықпасын.
Кер байталға мінгізіп,
Кементайды кигізіп,
Қараханның қолына,
Қайра бере салмасын.
Қалың қырғыз, оңба деп,
Қаныкей айтып қалмасын.
Қайсы түрлі іс қылса,
Қадыр аллам ептеген,

Тамағында сүйелі бар,
Таңдайында мөрі бар,
Қарғысы қата кетпеген,
Қаныштан қарғыс алмасын,
Қалың қырғыз баласы,
Қайғылы күнге қалмасын! – дейді дана қария.

Ажыбай мен Шалыбай шалбарды сизгызбақ болып, тартқылап жатқанда, жиынның арғы шетінде тұрған Манастың қыран көзі шалып қалып, жандарына жетіп келеді. Ашуға булығып тұрғанда, ақырын басып Қаныкей келеді.

«Осындай күннің туарын сезіп едім. Әу басынан бұл қандағайды абекеме атап жасап едім – риза болса, батасын берер деп едім! Май құйрықтың тұсынан бүктеп, көктеп, тарылтып қойып едім! Бүктеуін сөгіп жіберіп, кигізіп көріңдер!» – дейді. Ажыбай мен Шалыбай шалбарды екі жаққа керіп тұрады, Манас қамшымен бір тартқанда, көктеп қойған жері дар етіп айырылады. Қосай қария енді киіп көрсе, шап – шақ болып шыға келеді. Сонда Қаныкей қолын жайып, атасынан бата тілейді – Манас екеуінің балалары жоқ екен! Қосай қария басын шайқап, күрсінеді .

Әй, Қаныкей байғұсым,
Телегейің тең екен,
Он екі мүшең кең екен.
Қайраты қатты, сұрапыл,
Шерді туар неме екен.
Ұрғашыда болмайтын,
Өзі әулие кісі екен.
Қасиетті Манасқа,
Қадыр түннің өзі екен.
Мандай сүйегі қайқы екен,
Батырдың көзі өткен соң,
Көрген күні тайқы екен!»

Сонда, зарығып жүрген қайран Қаныкей баланы құдайдан тілеп, батаны Қосай қариядан тілеп, қарақаттай көзінен қамшы

бойы жас кетіп, бөденедей көзінен бөлек – бөлек жас кетіп, тізерлеп отыра кетеді. Келініне риза болып, ықыласы түскен әулие Қосай қария шын ниетімен: «Жаратқан өзі жар болсын, сендерге бір ұл берсін, аты Семетей болсын!»

Телегейің тең болсын,
Бұл Семетей ер болсын,
Теңіз Манас тұқымы,
Атасындай шер болсын!»
Тәңірден тілеп, қол жайып,
Қосай бата бергені.
Қытай, қалмақ, көп манжу,
Қоса бата бергені!

Бұдан кейін майданға қарай беттей берген Қосай тағыз бөгеліп, былай дейді: «Жас күнімнен қырғыздың елі мен жері үшін терімді төктім, қанымды аямадым. Ақ дәуменен алыстым, көк дәуменен қағыстым. Басыма балта тиді. Қыр арқама, жауырыныма, тұла бойыма сары су жиылып, ұйып қалды. Бес – алты бала келіп, белімді басып беріңдер! – деп, сұлап жата кетеді. Бес – алты жігіттің басқанын елең қылмаған соң, тағыз біраз жігіт жабылады. Оны Қосай елең қылмайды, арқасының құрыс – тырысы жазылмайды. Сол кезде бір қалмақ келіп, мұны көріп: «Буруттар өз аталарын өздері тепкілеп құртып жатыр! Мұндай шалды біздің Жолай сау қоя ма?!» – деп күледі. Қосайдың ашуы келіп, атып тұрады. Белін басып жүрген он алты жігіт домалап қала береді. Қаһарына мінген қарт Қосай жолбарыстай көзі тұтанып, Жолайға келеді. Екеуі егесіп, сөзбен қағысады да, қол салысады. Жолай Қосайдың білегінен ұстап, сығымдай қысып жібереді. Қосай қолын жұлып алғанда, Жолай оның қол терісін сытырып алып қалады. Кезегі келгенде Қосай да Жолайдың білегінен мықтап ұстайды, бірақ, Жолай да қолын жұлып алады, білегінің терісі

Қосайдың қолында қалып қояды. Екі алып жан алысып, жан берісіп, аянбай алысады. Бір – бірін аспанға лақтырып, құр бұқадай сіресіп, табандарын тіресіп, бірін – бірі ала алмай, екі күн, екі түн күреседі. Түн болғанда қалың жұрт «панардың бәрін алдырып, барпырата жандырып» жарық қылып тұрады. Соңғы күні таң алдында Қосай қарттың барқ еткен даусы шығады. Қырғыз, қазақ қорқып кетеді. Сөйтсе, Жолай жауырынынан қатты қысып жібергенде қарт Қосайдың арқасына ұйыған баяғы сары судың бәрі бойына тарап кетіпті. Сүйсінген қария дауыстап жіберіп, бойы балқып, рахаттанып, көзі ілініп кетіпті. Алыптығын қараңыз – күресіп жүріп, қарсыласына сүйеніп, ұйқтап кеткен зой! . Оның ұйқтап кеткенін сезген Жолай ішінен қуанып, тік көтеріп алады.

Басқы күні бәлекет,
Бәлелі жұмыс бастаған,
Барбекелер жиылып,
Алашықтай бір тасты,
Балуан тас қылып тастаған.
Енді бурут өлді деп,
Ажалдың бетін көрді деп,
Күштісіңген бұл қалмақ,
Күрсе – күрсе жөтеліп,
Қатағанның Қосайын,
Күйпейтіп алып көтеріп,
Ажалға мойнын бұрмаққа,
Апарып тасқа ұрмаққа,
Ақырын басып келеді.
Айжаңжұңның алдынан,
Бір көтеріп өтеді,
Күнжаңжұңның алдынан,
Бір көтеріп өтеді.
Несқараның алдынан,
Бір көтеріп өтеді.
Қоңырбайдың алдынан,
Бір көтеріп өтерде,
Қатағанның Қосайын,

Тасқа соғып кетерде,
Қабылан Манас ақырды,
Абекелеп шақырды:
- Қабанға қашпай шалдырдың,
Қаңғайға намыс алдырдың.
Абеке Қосай неттің деп,
Нәпсің түпке жетті деп,
Намысты қолдан бердің деп,
Қапыда қор боп өлдің деп! –
Қиқуды Манас салғаны,
Айкөліңнің айғайы,
Ұйқыдағы абаңның,
Құлағына барғаны.
Оянып Қосай кеткені,
Аяғы жерге жеткені.
Ашуланып қарт Қосай,
Барлық күшін салғаны,
Таудай болған Жолайдың,
Арт жағынан сымының,
Қасаттан қармап алғаны.
Жолайды құдай ұрғаны,
Халайық қарап тұрғаны,
Қаһарланған қарт Қосай,
Көтеріп алып ақырып,
Томқорып жерге ұрғаны.
Таудай Жолай балуаның,
Тонқайып жатып қалғаны!

Арманды бойдан қалдым деп,
Бұғып жатып қалдым деп,
Қаны қайнап зор Жолай,
Манастан алған қандағай,
Балағынан аларда,
Абекеңіз Қосайды,
Жерге соғып саларда,
Сылай, сылай қамшы алған,
Сырттан қара бөркі бар,
Адамнан бөлек көркі бар.
Арыстан Манас батырың
Ақырып келді қасына:
- Атаңның көрі қаңғайым,
Албаңдаған айуаным.
Бір жығылып қалдым деп,

Немене үшін ағама,
Қол ұзатып салдың деп.
Он екіден өрген бүлдүрсін,
Ұрса құлақ тұндырсын,
Дөнен аттың терісін,
Өрім қылған бүлдүрсін,
Құнан өгіз терісін,
Өзек қылған бүлдүрсін,
Тел бұзаудың терісін,
Бүлдірге қылған бүлдүрсін,
Қонақ қылмас сараңды,
Қайқаңдатқан бүлдүрсін,
Көз салмаған қатынды,
Көзелім дегізген бүлдүрсін,
Тіл алмаған қатынды,
Тілінен сүйдірген бүлдүрсін,
Қол бермеген қатынды,
Құшақтатқан бүлдүрсін.
Шоқысында шоғы бар,
Өзегінің ішінде,
Көк қорғасын оғы бар.
Қара сапты қамшыны,
Қармап қолға алғаны,
Қиқулатып Жолайды,
Жоңқылдата салғаны.
Жонына қамшы батқанда,
Ер Қосайдан зор Жолай,
Қолын тартып алғаны.
Қабылан Манас батырдың,
Қайраты халыққа көрініп,
Бір тартқанда қамшымен,
Дәу Жолайдың қолынан,
Қарт Қосай кетті бөлініп.
Қалың қырғыз жеткені,
Ақ сақалды Қосайды,
Көтеріп алып кеткені.
Бәйгесін айдап бергені,
Ол бәйгені алмастан,
Қатағанның хан Қосай,
Жетім менен жесірге,
Түгін қоймай бөлгені,
Жиналған елдің барлығы,
Жомарттығын көргені!



Түкібай мен Ер Ағыстың күресі

Бұдан кейін майданға Қаңғай жағынан келген түкті табан Түкібай деген балуан шығады. Алысқанды қоймаған, бір қабанның етіне, бір жегенде тоймаған сұмдық алып екен. Күреске шығып, күрсілдеп қарап тұрғанда, оған қарсы шығатын балуан таппай, батыр Манас бас болып, қырғыздар қиналып тұрғанда, топтың ішіне Қаныкей келіп, бір әңгіме қозғайды. Манас Бұқарға барып, өзінің некесін қиып, Таласқа алып келе жатқанда, жолда көргенін баяндайды.

Адыр – күдір ұршықта,
Аңырайған тұмсықта,
Оралма таудың бүркітін,
Балдақсыз – ақ кондырып,
Ұрынарға тау таппай,
Ұрысарға жау таппай,
Шайнарына тас таппай,
Үзеріне бас таппай,
Қайраты сыймай бойына,
Орғып шыққан белестен,
Ағыстай ерді көргенмін.
Мен көргенде Ер Ағыс,
Біткен бойы тарамыс,
Қайраты қалың ер еді,
Қара қытай, көп манжу,
Қарсыласып келгенде,
Намыс алар бел еді.
Жығып намыс алғанға,
Ағыс жарайт халайық,
Жайдары төрем қабылан,
Ағысты салғын майданға!

Қаһарланған қабылан,
Қаныштың тілін алғаны,
Он екі шора, Қырғылшал,

Бұйрық алып батырдан,
Ағысты көздей барғаны.
Тау, тоғайды сыдырса,
Аннан Ағыс табылмайт,
Толған елді қыдырса,
Мыннан Ағыс табылмайт.
Шатырын алтын салдырған,
Тәшкеннен бері көшкенде,
Көкетайдың Бокмұрын,
Зыйнатқа тұрып берсін деп,
Орда қыздың алпысын,
Осы жерге алдырған.
Хан Көкетай тойында,
Қарқараның бойында,
Ойнап жатқан орда қыз,
Арсалаңдап Ағысың,
Орда қызға барыпты,
Ойынды мықтап салыпты.
Қызды үйде қияқшы,
Қымызды үйде аяқшы,
Ағыс жайы осындай.
Қызды көрсе қымпылдап,
Қиын жомоқ бастаған,
Қатын көрсе бәлекет,
Өліп кете жаздаған.

Орда қызға ер Ағыс,
Қонып жатқан кезі екен,
Таң – тамаша үстінде,
Болып жатқан кезі екен.
Көк сілеусін қара бөрік,
Ырғап тұрған кезі екен,
Ойын салып осында,
Жырғап тұрған кезі екен.
Он екі шора Қырғылшал,
Хабарға бұлар барғаны,

Ер Ағыстың үстіне,
Қырғын тиген немедей,
Қирап түсе қалғаны.
Ер Ағысқа барғанда,
Ал Қырғылшал кеп бастап,
Ақырын айтып,бек бастап:

- Батыр Ағыс, сөзімді ұқ,
Түкібай шықты майданға,
Алақандай қырғызда,
Оған қарсы шығатын,
Жігіт құрып қалған ба?
Шынашақтай ер Ағыс,
Қандай едің балуанға,
Жығып, намыс алғанға?
Қалмақтың түкті табан балуаны,
Заманақыр салғаны.
Көзі көлдің орнындай,
Көрінгенді сорғандай,
Қиын екен Түкібай.
Айкөл Манас батырдың,
Алты күлік аты бар,
Сені іздетіп жіберген,
Алақандай хаты бар.
Жігіттікті сүресің,
Тұлпардан таңдап мінесің.
Балуан болсаң ер Ағыс,
Бұл күреске барып көр,
Бар күшінді салып көр.
Алақандай қырғызға,
Бір намысты алып бер!
Барыңды сап күреске,
Қиналсаң қорлық көріп бер,
Намыс кетіп қалғанда,
Жығылды Ағыс дегізбей,
Тірі жүрмей өліп бер,
Батыр болсаң ер Ағыс,
Күштісінген арамның,
Қабырғасын сөгіп бер!

*Осылай Ағыстың жігерін қайрап, хан
Манастың ордасына алып келеді. Қосай,
Төстік алыптар батасын береді. Намысы*

*қайнап, майданға беттей берген ер Ағыс
Манасқа: Күресіп жүргенде, қамшыңмен
май құйрығымнан бір тартып жібер.
Етім ашынып, қаным шашылып кетсін.
Ашуым келсе алармын, әйтпесе күліп жүріп
қалармын !» – дейді.*

Осыны айтып ер Ағыс,
Басып барды майданға.
Ер Ағысты көргенде,
Таудай болған Түкібай,
Орнынан тұрды гүр етіп,
Көрген жанның шыдамай,
Тұла бойы дір етіп.
Шынашақтай Ағысты,
Ұстай алып қолынан,
Айналдыра лақтырды,
Жығылмады ер Ағыс,
Аяғынан тақ тұрды.
Буырқанып жұлқысты,
Құр бұқадай бұлқысты.
Итерісіп тұрысты,
Ойға таман сүрісті,
Ойдағы тоғай жойылды.
Қырға таман сүрісті,
Қырдағы тоғай жойылды.
Ой жерлері дөң болды,
Дөң жерлері ой болды.
Екеуіне қан майдан,
Халайыққа той болды!

*Осылайша, екеуі екі күн күреседі.
Сөйтсе, Ағыс күліп жүр екен. Мұны көріп
Манас қаһарланып, қамшымен Ағысты
тобыққа тартып жібереді.*

Тобыққа қамшы өткені,
Ашуы енді жеткені,
Таудай болған Түкібай,
Амалы жаман кеткені.
Біткен бойы тарамыс,
Ерен екен ер Ағыс.
Екі аяғын балақтан,
Еңкейіп ұстап алғаны,
Таудай болған қалмақты,

Жерден суырып тұрғаны.
Түкібай қолы байланды,
Ер Ағыстың басында,
Қалақтай болып айналды.
Екі беттен жүн шықты,
Етегінен үн шықты.
Таудай болған қара тас,
Ықшам Ағыс жеткені.
Таудай болған қалмақты,

Тасқа періп өткені!
Шынашақтай Ағыстың,
Күштілігі көрінді,
Түкібайдай зор балуан,
Екі бөлек бөлінді!

*Ағысты жұрт төбесіне көтереді.
Бірақ, Ағыс бәйгені алмай, шашып кетеді,
орда қызға қашып кетеді. Ағыстың бәйгесін
ақсақалдар ата ұлына бөліп береді.*



Түйе мен жалаңаш қатын

*Хан Көкетай асына
Жер – жаһаннан жиылған
Халайықтың бәрісі,
Жасы менен кәрісі.
Жалпы жұртқа жар салған
Жаршыға қарай бұрылды,
Ыраманның Ыршуыл
Ылашындай жарқылдап
Ақ сұңқардай саңқылдап,
Қыздыра түсті дүбірді:
«Хан Көкетай асында
Қайнатып ой мен қырыңды,
Қай – қайдағы жыныңды,
Байырғының салтымен,
Бабадан қалған бұрынғы,
Жалаңаш қатын түйені
Көпшіліктің алдында
Қолын қойып төбеге,
Тісіменен шешеді,
Шығармай қара дымыңды!»
Жалаулаған жаршының
Алаулаған сөзінің
Тоқетерін тобықтай
Толқыған тобыр ұғынды.
«Қуырдақтың көкесін
Көресің түйе сойғанда»*

*Дегеннің кері келді деп,
Майданға қарай шұбырды.
Санатты елден сескенбей,
Сытырып тастап киімін,
Сымпып шығар сылқымдар
Шыныменен бар ма деп,
Ауыздары аңқиып,
Таңдайлары тақылдап,
Демдерін алып ішінен,
Тоқтатты қыбыр – жыбырды.
Күл сабаған көкайыл,
Қамшыдан қайтпас көкдолы,
Ымды баққан ырыңды,
Жымды баққан жырынды,
Небір қасқыр қатындар
Қаниа бетпақ болса да,
Тыр жалаңаш тоңқайып,
Топ алдында түйенің
Бұйдасын тіспен шешуге
Дәттері бармай тығылды.
Қаймықпайтын кім бар деп,
Қоздатып тұрды күбірді!*

*Айкөл Манас бас болып,
Батырлар тұрды топтанып,
Бітер деп қалай бұл істі?*

Түзге отырған жерінде
Байы түгіл, үстіне
Бөтен келіп қалса да,
Бетінің қаны қашпаған,
Етегін жиып саспаған,
Сазбет қатын бұл елде
Қалмапты – ау деп күлісті.
Осы кезде ортаға
Орғып шықты оқтаудай
Қатын балуан Ораңқы,
Ерлерге салып жұмысты.
Анасынан туғандай
Айдай ашық әйелге
Қарауға тіктеп қалың жұрт
Бір – бірінен қымсынып,
Бетін басып тұрысты.
Біраздан соң емініп,
Көздерімен ішіп – жеп,
Қадалса да қыңған жоқ,
Қатын балуан Ораңқы
Құшақтап өскен қылышты,
Қаптап келген ерлермен
Қайқайтып салған ұрысты!

Сансыраған сан қолмен
Сайысқалы шыққандай,
Айбарланып алыпты,
Марғасқаны майдалап,
Майысқалы шыққандай
Жайраң қағып алыпты.
Қалмақ, манжу, қытайды,
Қырғыз, қазақ, ауганды
Бөксесіне қаратып,
Майданды сызып келеді.
Өкшесіне қаратып,
Мойын қандай, төс қандай,
Жота қандай, жон қандай,
Жоннан арғы жол қандай,
Жан рахаты жалғанның
Осы жолға қонғандай.
Оны көрген ерлердің
Естері ауып қалғандай,

Ессіздік оты жанғандай.
Сөйткен елді Ораңқы
Нар екенсің деген жоқ,
Шал екенсің деген жоқ,
Өзінен басқа адамды
Бар екенсің деген жоқ,
Бурабайдай тұлғасы,
Ақша бұлттай көктегі
Желп – желп еткен шудасы,
Алтын, күміс бұйдасы,
Қалы кілем жабуы,
Жампоздың жанға қимасы
Түйеге жетіп барғаны,
Екі қолы төбеде
Шиелеп төмен байлаған
Түйініне бұйданың
Еңкейіп тісті салғаны,
Абайлап тұрған қалың жұрт
Ойран – асыр қалғаны!

Ескіден қалған бұл бір жол
Көрмеген әзір ел тиып,
Түйені шешіп алам деп,
Тартса қатын тоңқиып,
Сақалдары шошаңдап,
Шалдар отыр шоңқиып.
Атаңның көрі дүние
Қалай өтіп кетті деп,
Ойға батып омпыып.
Батырлар тұр тықыршып,
Қандары қызып қомпыып.
Оның бәрін Ораңқы
Ойына да алған жоқ,
Көз қиығын салған жоқ,
Қас – қағымда қайқайып,
Жетелеп алып түйені,
Қалың топты қақ жарып,
Бұраң белі былқылдап,
Бура саны бұлтылдап,
Тоқпақтай қара бұрымы
Тоқ балтырға сартылдап,
Қарыс түкті құндызы

Күн сәулесі шағылып,
Құбылып ойнап жалтылдап,
Келе жатқан кезінде
Қарылар қалды қалтылдап.
Қаһармандар қасқайды,
Қайрат қысып қалшылдап,
Назар салмай біріне,
Өте шықты Ораңқы
Қара көзі жарқылдап,
Қатын – қалаиш, қыз – қырқын
Қиқулады қуанып
Аққу – қаздай қаңқылдап!

Анда Манас қабылан
Қатқырып күліп алғаны,
Қайырып кетпен салғаны:
«Ой, атаңның көрі, Ораңқы,
Жалаңаш топқа барғандай,
Түйені шешіп алғандай,
Не күн туды басыңа?
Адыр тола жылқың бар,
Аңғар тола түйең бар,
Қора толы қойың бар,
Жетпеді ме асыңа?
Үңірейтіп бәтеңді,
Көрсетердей не болды
Досың менен қасыңа?
Бәтеңе сенің қарасам,
Қарауытқан үңгірдің
Сұлбасындай көрінед,
Үш Меркенің үрейлі
Жылғасындай көрінед!»

Анда Ораңқы кеп айтад,
Кеп айтқанда деп айтад:
«Жұрт алдына жалаңаш
Бармайтұғын несі бар?
Қарааша қаймал, ту інген
Алмайтұғын несі бар!

Жауды жеңген батырлар
Ауда қандай өшің бар?
Өшің болса бәтемді,
Қолыңнан келсе, кесіп ал!

Малың үшін шыққам жоқ,
Баю үшін шыққам жоқ,
Ерде намыс болғанда
Қатында намыс болмай ма?»
Жарқ – жұрқ етіп Ораңқы
Жалтылдатып бөксесін
Шапаттап тұрып бәтесін,
Деді: «Ерлерім, мұнымен
Ерегесіп нетесің,
Манас пенен Алмамбет,
Шуақ пенен Сырғазым,
Сені де тапқан бұ көтім.
Ер Көкше мен Қосайым,
Ағыш пенен Қырғылшал
Аузы – мұрныңды қан қылып,
Сені де тапқан бұ көтім.
Бақай менен Төстігім,
Мұзбұршақ пен ер Үрбі,
Сені де тапқан бұ көтім.
Осы көтім болмаса,
Найза ұстаған ерлерім,
Көктен түстім деймісің,
Жерден шықтым деймісің?!»

Келтіріп сөздің жүйесін,
Жетелеп алып түйесін,
Қатын балуан Ораңқы
Жайына кете барғаны.
Айкөл Манас бас болып,
Батырлардың бәрісі
Әбден күліп алғаны.
Қайтпас қайсар қатынның
Сөзі менен ісіне
Разы болып қалғаны!



Манас пен Қоңырбайдың сайысы

Астың қызған кезінде батырлардың сайысы басталады. Қытайлар жағынан найзагер, айлакер Қоңырбай батырдың өзі шығады. Ол Манастың Аққұланы бәйгеге қосқанын біліп, өзінің ерен жүйрік Алғара атын әдейі бәйгеге қоспай алып қалады. Алғараның орнына тура сондай бір қара атты қосып жіберіп, қырғыздардың көзін алдаған екен. Өйткені, оның аңдығаны Манас болатын. Тұлпарын бәйгеге қосып, жаяу қалған Манасты сайыста жеңіп алуды көздеген Қоңырбай көк найзасын көтеріп майданға шығады.

Алғараны бұлқынтып,
Алтыннан шылбыр жұлқынтып,
Нар бурадай кеңгіреп,
Намыс үшін зеңгіреп,
Тұрған екен Қоң төре,
Сайысқа шығып еңгіреп.

«Алып болмақтан дәу келсін,
Ат көтермес жау келсін.
Піл мінгені келсе де,
Білгенімді қылам деп,
Мың келсе де қырам деп,
Келтіріп керік мінсе де,
Кез келгенін соям деп».
Кекірейген өзі бар,
Кесірленген сөзі бар.

Қоңырбайды көргенде,
Әзиз ханның Алмамбет,
Мойнына белбеу салынып,
Манасқа тұрды жалынып:
- Бала күннен қастасып,
Кектесіп жүрген Қоңырбай,

Өзі келген екен ғой,
Кергілесер итпенен,
Кезім келген екен ғой!
Алақан жайып, батаң бер,
Сайысқа мені сала көр.
Қойқаңдаған қалшаға,
Қайқайтып найза салайын,
Қашанғы кегім алайын!
Қабылан Манас, жан досым,
Дегеніме көнсеңші,
Бұл сайысты берсеңші!
Анда Манас кеп айтат:
- Әй, Алеке, көкжалым,
Қара қытай, көп манжу,
Өсек қылып жемей ме,
Әзиз ханның жалғызын,
Қашып барса қырғызға,
Аямастан өлімге,
Айдап салды демей ме!
Қытай күбір қылмай ма,
Қырғызды құдай ұрмай ма,
Берен Алмаң батырдың,
Бағы бұдан сынбай ма!
Байлап беріп Алмаңды,
Қолындағы сырнайза,
Таяп қалды демей ме,
Жалпы қырғыз жабылып,
Қоңырбайдан Манасты,
Аяп қалды демей ме?

Манас бетінің түгі шығып: «Бұл сайысқа Қоңырбайдың шығарын білсем, Аққұланы бәйгеге қоспайтын едім!» – деп, өкініп тұрғанда, Қаныкей Ақолтоқты Ақаярға көтертіп келеді. Керіске кісе, оқ өтпейтін, найза теспейтін, қылыш кеспейтін ақ сауыт – Ақолтоқты Қаныкей

алты жыл әдейілеп жасаған екен, сол жерде айкөлге кигізеді. Манас Қалқаманның қара атына мініп, он екі хан қырғыздан сайысқа мінер ат таңдайды.

Алмамбеттің Сарала,
Тұлпарлық сыны бар екен,
Кетпен тұяқ, кең сауыр,
Керіске мінер мал екен.
Шара тұяқ, қоян жон,
Шабысқа мінер мал екен.
Нар көкірек, тайқы жал,
Алысқа мінер мал екен.

Мұны байқаған Манас Алмамбеттен сайысқа мінуге Сараланы сұрап алады. Қосай, Бақай бастап, барша жұрты: «Манасты қолдай көр!» – деп, құдіретке жалынып, батасын береді. Қалқаманның қара атын мініп, Сараланы қосарына алып, майданға шыққан Манастан Қоңырбай ер кезегін сұрайды.

Анда Манас мұны ойлап:
- Қытайдың ханы бұл еді,
Қырғыздың ханы мен едім.
Кезегін мұның бермесем,
Кемсінгендей болармын,
Бұйырғанын көрермін!»
Кезегінді алғын, деп,
Күшінің барын салғын деп,
Қызыр шалған қабылан,
Қасқайып қарап тұрады.
Қиқырып сайды Қоңырбай,
Қабылан оны елемейт,
Қоңырбайдың сырнайза,
Сирағына теңемейт.
- Кезегінді алғын, бурут! – деп,
Керіліп тұрды Қоңырбай,
Ерлердің салты осындай.
Манас сайып өткені,
Былқ етпеді Қоңырбай,
Найзасы қирап кеткені.
Екі батыр егесіп,
Кезек, кезек сайысып,
Айқайлап найза ұрады,

Сайғанына шыдамай,
Алпыс найза сынады.

Қоңырбай анда кеп айтат:
- *Жеңе алмайсың сен мені,
Ер болсаң да қаниама,
Жеңем деп босқа шаршама.
Жер жаһанға жар сала
Жамандатып бәріңді
Жаздырамын даңсаға!*

*Таудан түссе – тасқындай,
Тасқа шықса – қасқырдай,
Айға атылса – арыстан,
Ойға батса – данышпан.
Айкөл Манас кеп айтат,
Шегедей қағып, дөп айтат:*
*«Жазғаныңды хат қылам,
Жақсылығың жақтырам,
Жаманыңды жат қылам,
Жеңе алмайсың сен мені,
Айтар сөзді аңыз ғып
Өзім сүйген балдардың
Ауызына сап тұрам!»*

*Манас мындай дегенде,
Қоңырбай қылды айланы,
Көтеріп алып найзаны,
Қаһарланып, бақырып,
«Мөңділеп!» ұран шақырып,
Манасқа келіп жеткені,
Бар күшімен батырды,
Тура соғып өткені.
Екпінінен ереннің,
Қалқаманның қара аты,
Шатқаяқтап қалғаны.
Енді құлап кетерде,
Жерге Манас жетерде,
Ашып көзді жұмғанша,
Ырғып кетіп ер Манас,
Тастай салып қара атты,
Сараладай тұлпарға,
Қарғып мініп алғаны.*

Шүү деп қамшы салғаны,
Көтеріп найза ер Манас,
Саярына қамдады,
Ала қашып Алғара,
Қоңырбай аман қалғаны,
Атылды оқтай Сарала,
Алғара желдей заулады,
Сарала құстай самғады.

Опал таудай күркіреп,
Қоңырбайға жеткені.
Қарасы таудай қалшаны,
Қаһарланған қабылан,
Қатты сайып өткені.
Алғараның үстінен,
Әлеукеңің Қоңырбай,
Көлпілдеп ұшып кеткені!
Жетік Манас көйқасқа,
Жебеден бұрын жеткені,
Алғарадай тұлпарды,
Жетіп қармап шылбырдан,
Олжа қылып дұшпаннан,
Жетектеп алып кеткені.

Жанталасып Қоңырбай,
Ұшып тұрып, жүгіріп,
Манастың келіп алдына,
Келін болып жүгініп:
- Батыр болсаң, мәрт болсаң,
Алғараны өзіме,
Қалдырып кет, Манас! – деп,

Тілек қылды төреден,
Тізесі жерге бүгіліп.
Қоңырбай бүйтіп тұрғанда:
- Сауға, Манас, сауға! – деп,
Арғы жақтан Алмамбет,
Жүгірді тура далбақтап,
Екі етегі қалдақтап,
Жетіп келем дегенше,
Ақыл ойлап ер Манас:
- Біреудің тоны тон болмас,
Біреудің аты ат болмас,
Батыр еді Қоңырбай,
Атын тартып алғанда,
Не мұратқа жетейін?
Одан гөрі бұл жерде,
Өзіне беріп кетейін!»
- Міне, Қоңыр, атың! – деп,
Лақтырды оған шылбырын.

Шырқырап кетті Алмамбет:
- Қолға тиген қоянды,
Қоя берген оңар ма?
Адам сендей болар ма?
Алғараны маған берсең,
Салмас па едім қалшаға,
Қашаннан бергі қызықты!
Бұл Қоңырбай өлмесе,
Қиямет жүзін көрмесе,
Қырғыздың ісі оңалмайт,
Сенің де ісің оң болмайт!



Бәйге. Қоңырбайдың қорлығы

Бәйгенің алтыншы, ат келетін күні
ақылгөй Бақай батырларға: «Байқаңдар,
жұртым! Қырғыздың аты озып келе
жатса, дұшпандар қастық қылып, қиратып
жықпасын. Алмамбетке түпкі атасы

Шылабаның тонын кигізіп, жасырын
алға жіберейік. Қаңғай, қалмақты алдап,
Аққұланы Ашбуданмен шатастырып алмай,
солардың тілінде шүлдірлеп, сүрендетіп
алып шық! Бер жағынан қырық шора сүрен

салып, Аққұла озып келсе, бас бәйгесін алыңдар!» – деп ақыл береді.

Кебез белбеу, кең етік,
Кешілдердің Қоң төре,
Қыжырланды шоң төре:
- Бәйгеден тақыр құр қалып,
Бізді құдай ұрды ғой!
Қырғыздардан ат келсе,
Алдынан қарсы шығыңдар,
Атын тосып жығыңдар!
Асын бұзып, шыр қылып,
Осы бастан ұрысып,
Шулатпасақ болмайды,
Тіккен туын түбінен,
Құлатпасақ болмайды!
Ұлық қойып қытайдан,
Сұратпасақ болмайды!
Асына азап қылалық,
Жұртын сабап, қыралық! –
Деп кіжініп Қоңырбай,
Күліктен атын мінісіп,
Кіреуке тонын киісіп,
Шуылдасып, шырқырап,
Шаң аспанға бұрқырап,
Тұлпарлары тулады,
Шабуылға шығардай,
Қаңғайдың қолы шулады.

Сараланы Алакең,
Абайы менен жабулап,
Қытайша тәжді киіпті.
Қақаншыңның қалың жұрт,
Алмамбетті танымай:
«Қайсы біздің хан бұл?» – деп,
Аң – таң болып қалады.
Иір белдей белестен,
Алакең кетіп барады.
Сән киінген қайран ер,
Дүрбі салып тұрады.
Түнерген шөлдің шетінде,
Бұзылған құмның бетінде,
Орғып – орғып шаң шығып,
Орғыған шаңды қараса,

Аққұланың шаңы екен,
Құйындай ұшқан шағы екен.
Басын жерге салыпты,
Батырыңның Аққұла,
Арындап қызып алыпты.

Ер Жолайдың Ашбудан,
Құландай құлақ жапырып,
Құйындай жерді сапырып,
Келеді ұшып дырқырап,
Басқан тасы бырқырап.
Аққұланың артында,
Келе жатқан сол екен,
Артықша туған мал екен.
Аққұла мен Ашбудан,
Айнымай ұқсас мал екен.

Қара қытай, манжуға,
Енді ілініп қаларда,
Хан Қоңырбай келерде,
Аққұланы көрерде,
Қалайманды қыларда,
Ырғыта теуіп саларда,
Қабылан Алмаң қайран шер,
Қытайынша қыжылдап,
Ашбудан сүреп алғансып,
«Қақандап!» ұран шақырып,
Қабыланның Аққұла,
Артылта сүреп алыпты.

Қалың қытай бәрісі,
Алакеңді көргенде,
«Атақты қытай ханы» деп,
Қоса сүреп қалыпты.

Қыран Алмаң қабылан,
Сауырға атты салады,
«Мөнді – мөнді – мөнді» деп,
Манжуша сүреп қалады.
«Жағы – жағы – жағы» деп,
Қалмақша сүрен салады.
Жайнап жатқан көп қалмақ,
Жабыла сүреп қалады.

Берен Алмаң көкжалдың,
Білгірлігі білінді,
Ары бара түскенде,
Қырғыз жұртқа ілінді.
Қыран ердің қырық шора,
Қикырып сүреп алады,
Жануарың Аққұла,
Бәйгеден шығып барады.

Қатынын қара басқандай,
Қаһарланды Қоңырбай:
- Жұрт жиылған көп бәйге,
Алмай кетсек бола ма?
Қызыталақ бурутқа,
Қызыл қасап қырғынды,
Салмай кетсек бола ма?!

Көкетайдың сан бәйге,
Қалмақ, қытай, манжу жұрт,
Жүргенде қырғыз ат сүреп,
Қаптап талап алады.
Бәйгесіне ие болмай,
Қырғыздар құры қалады.
Кешілдің ханы Қоңырбай,
Қалмақтардың хан Жолай,
Солондардың Ылама,
Қыжылдаған дұшпанның,
Бұл зорлығын сұрама!

Қаптаған жат жұрттық жауынгерлер жаулыққа басып, қиқуды салып, Көкетайдың бәйгесіне қоса, қырғыздардың жылқысынан таңдағанын қосып алып, құған бойда елдеріне қарай тартады. Қарсыласқанды қылышпен шауып, керегесін қиратып, қырғызға қырғын салып, Текестің суын

кешіп, Жұлдызға қарай кетеді.

Бұған қаны қайнаған Манас Қоңырбайдың соңынан қуып барып, соғыспақ болады. Ұран салып, қалың қолы Кегенге симай, дүркіреп аттанады. Бірақ оған ақылгөй Бақай тоқтау салады: «Жауды қазір қуып барамын деп, артыңдағы елден ажырап қалып жүрме. Қоңырбай қытайдан қол жиып келіп, қайра шабады. Алты ханды қосып, қарсы аттанайық. Арамызда ынтымақ, бірлігіміз болса, ел мен жерді сонда қорғап қаламыз! Бөлек, бөлек болсақ, Қоңырбай алты елдің бәрін қырмай ма?!» – деп, ақыл береді. Ол алты хан – Еламанның ер Төстік, Айдарханның ер Көкше, Таздың ұлы ер Үрбі, бидайық ханы Мұзбұршақ, естектердің Жаңбыршы, әнжиянның айыр сақал Санжыбек. Олардың да ішінде алауыздығы, Манасқа реніші, араздығы бар екен. Манас өзінің күш, қайратымен, ақыл, айбатымен бәрін жеңіп, хандар араздықты тастап, барлығы бірігіп, ортақ жауға қарсы аттанады.

Ал бұл кезде Қоңырбай Несқара мен Жолайға: «Бұл тойдан кейін Манас бізге әбден кектеніп қалды. Елге барып, Есенханды бас қылып, әскер жинап алайық та, қызыталақ бурутты қырып – жойып шабайық!» – дейді. Есенхан бұлардың айтқанын жөн көріп, өңкей мықты жауынгерлерден қалың қол жинауға кіріседі. «Айдап шығып әскерді, Чанту жаққа баралық, Қапыда басып Манасын, Халқын түгел қыралық!» – деп ұйғарады.

Міне, осылайша көп елге даңқы кеткен Көкетайдың асы көп шатақтың басы болады.



Үлкен қазат

Қоңырбай қол жинап жатқанда, айкөл Манас та қарап қалмай, алты ханмен күш біріктіріп, оған қарсы үлкен қазат – жорыққа аттануға дайындалады. Ақылгөй Бақайды бүкіл әскерге хан көтереді, яғни қолбасшы қылып қояды. Аттанарда Қаныкей жол болсын айтып, шоралардың бас – басына жорыққа ыңғайлы киім кигізеді. Әр батырдың мінген атына аумай ұқсайтын бір – бір бедеуді қосар ат қылып баптатып, құранды ерін ерттетіп, үстіне сауыт бөктертіп қойған екен. Оны көріп батырлар әбден риза болады.

Қайран жеңген Қаныкей,
Нұсқа сөзін бастады:
- Қастасып дұшпан жеңбеген,
Барса келмес жер деген,
Ұрығы қытай ұлы жұрт.
Қиын жолға бет алып,
Қырандар, шықтың аттанып...
Жазғы шілде қырық күн,
Қысқы шілде қырық күн,
Екі қырық сексен – ді,
Көнбеген адам жексен – ді.
Бейжін ыстық жер деген,
Ыстығы маза бермеген.
Сайса найза теспеген,
Шапса қылыш кеспеген,
Қырық шораға қырық қалпақ,
Ыстық күні киіп бақ.
Қыс киерге тымағын,
Дулығаның сыртынан,
Тұмшаланып кисін деп,
Ішін сусар істеттім,
Бұлыммен сыртын тыстаттым.

«Ақ қалпақ қырғыз елмін» деп,
Атағыңды өшірмей,
Көркейтіп басқа киерсің,
Жеңгеніңді сыйлығын,
Намысым деп білерсің, –
Қаныкей көзін жастады,
Қайғылы сөзін бастады: –
Ұға көр, Алмам, сөзімді,
Арыстандардың барлығы,
Алысқа сапар жөнелді,
Әр кім де ойлар өлерді.
Аттанған жандар аманат,
Алла білет сіздерді,
Аман қайтып көрерді.
Таянар жалғыз төремді,
Жаман жолға жөнелді,
Жанын тірі көрем бе?
Айырылып қалып айкөлден,
Арманды бойдан өлем бе?
Қаптаған қалың жау болса,
Қабылан төрең толғанса,
Қасында кісі жоқ болса,
Қамауда төрең тоқталса,
Жалғыздық жайын білесің,
Қайырылысар сіз деймін.
Қамалап дұшпан қыстаса,
Қайратты сізден іздеймін!

Ер Алмамбет сол жерде,
Ескісі түсіп есіне,
Сөйлейді бір есіле:
- Әттегене, жеңеше,
Айкөлді «жалғыз» дедің, ә!
Пенденің бәрі бейдәрмен,
Бек тапсырма айттыңыз,
«Жалғыз» дейсің батырды,

Жайнап жатқан көп қырғыз,
Кімге туған ақыры?!
Енесі бөлек болса да,
Артында айкөл батырдың,
Абыке, Көбеш іні бар.
Алдыңда мендей сорлының,
Өзінен басқа кімі бар?!
Сүйектес қытай елім жоқ,
Өз елімді өртедім,
Аңсап бара жерім жоқ,
Қадірім білер халқым жоқ,
Кәдімгідей парқым жоқ,
Қарсылдасып жау келсе,
Қашатұғын салтым жоқ.
Өштесіп жүрген доңыздан,
Өліп қалсам оқыстан,
Аруағым сыйлап, кім жылар?!
Артымнан қарар інім жоқ,
Айналар туған бірі жоқ!... –
Дегенде босап көңілі,

Алмамбет арман қылады,
Арыстандай қырық шора,
Қосылып бірге жылады.
*Жауға аттанып бара жатқан
батырлар мен ел – жұрт бір – біріне ыстық
ықыласты сөздерін айтып, аман – сау
көрісуді тілеп, қимай, қимай қоштасады.
Қырықтың басы Қырғылшал дауылпазды
қағып, батырлар аттана береді.*

«Бейжін шаһар оңай ма,
Бұл қозғалыс оңар ма?!
Аттанғаны алыс жол,
Отыз түмен ауыр қол,
Он кісідей көрінбес,
Сапарға шықты оң мен сол!
Жаратқан, өзің жәрдем бер!»
Бұл сөзді айтып бұрқырап,
Амандық тілеп шырқырап,
Қатын, бала, шал, кемпір,
Қалды қойдай шұрқырап.



Алмамбетті хан көтеру

*Алдыңғы кеткен қолдың артынан
батырлар да келіп жетеді. Сөйтсе, әскердің
бәрі көк майсаның үстінде, шапандарын
шатыр қылып, аттарды жайып жіберіп,
жайланып ұйқыны соғып жатыр екен.
Мұны көріп ашуланған Алмамбет батыр
Манастың шатырына келсе, одан бұрын
қолды аралап көріп келген айкөлің шай
қайнатып, нан малып, сары аяққа бал салып,
шатыраш ойнап, даң салып отыр екен.*

*Алмамбет оған: «Жиганың отыз түмен
қол, адамыңның бәрі қаперсіз. Бейжіннің
жолы алыс, қиын жол, мынадай бейжай
күйімен әскер әскер бола ма, қырғында аман
қала ма? Шатырашың шашылсын, ұйқыдан*

*көзің ашылсын, төрем!» – дейді. Қырғылшал
бастаған қырық шора қысылып, үндей
алмай қалады.*

Әрі – бері бір қарап,
Айкөл Манас бүй дейді:
- Қартайып өзі қалған ба,
Хан Бақайға не болды?
Қоя бермей бетімен,
Басқармай ма көп қолды?
Ажыбай, Серек екеуің,
Барып сәлем беріндер,
Хандығын сұрап келіндер,
Айтқаным мақұл көрсін де,
Әскер басы хандығын,
Алмамбетке берсін де!

Екі шора Бақайға келіп, Манастың сәлемін жеткізеді. Бір жағынан ренжіп қала ма деп, азаларынан ұялып: «Бізді жіберген қанқорың, агеке, екеуімізге айып қылма!» – деп ақталады.

Айтқанын ұғып ер Бақай,
Мырс етіп күліп алғаны:
- Атым Бақай болғалы,
Аруағым басқа қонғалы,
Жаман атым шыққан жоқ,
Жалғыз пенде ұққан жоқ.
Неше жерде хан болдым,
Қарандаршы, балдарым,
Басыма мүйіз шыққан жоқ.
Жарлығын жалған кім қылсын,
Жайдары Манас төремнің!
Алмамбет батыр сырттанды
Манаспен бірдей көремін.
Бір сұраса ол үшін,
Мың қайтара беремін.

Содан Манас Алмамбетті әскер басы қылып, жаршылар жұртқа жар салады.

Бұрынғыдай еркімен
Қол жайылып жатқанда,
Тоқсан нөкер оңында,
Тоқсан нөкер солында,
Алпыс сақшы соңында,
Алмамбет кірді қолына,
Ата ұлының тобына:
- Қайра бастан қараймын,
Бәріңді, халқым, санаймын,
Бұл санаттан қалғанды,
Қатарыма алмаймын.
Қайра бастан келгін деп,
Есебіңді бергін деп,
Алмамбет берді жарлықты.

Ол әскерді тәртіпке келтіріп, онбасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындап, есебін алады. «Егер қолыңнан бір адам жоғалса, онбасы, жүзбасы, мыңбасылар, басың алынады!» – деп, алмабасмылтық аттырды, тәртіпті қолға айттырып, алпыс жендет шаптырды. Етек – жеңін жиып, алға

аттанған Манастың қолы сол жүргеннен мол жүріп, Өткермелі, Дарқаннан, Өгіз – Кешу, Қалқаннан, Жүгіріктің Жүген – Тас, Жүйірменің Қара – Саз, Сары – Қиядан өтеді.

Қалдайған әскер қол менен,
Айдалып жолға кіргені,
Қырық күн болып қалыпты.
Қырықтың басы Қырғылға,
Қылығы шатақ Бозуыл,
Онбасы болып алыпты.
Қырық бірінші күнінде,
Қырғылшал жүдеп қалыпты.
Жүре алмай атпен, сөйлейді,
Бозуылға бүйдейді:
- Болмады жайым, сөзімді ұқ,
Есі жоқ тура Манастың,
Қалмаққа беріп өкімді,
Өлтірмек болған секілді!
Жолы қатқан бұл қытай,
Тыныс алып қондырмай,
Жолда қыратын секілді!

Бозуыл сонда кеп айтат,
Ашуланып бек айтат:
- Қолды санға салғанда,
Есебін елдің алғанда,
«Тірі қалды тоғыз – деп, –
Қырғылменен он еді,
Өлді Қырғыл доңыз» – деп,
Есебіңді беремін.
Егер ондай қылмасам,
Манастан бәле көремін.
Қаһарына қалып кім жүрсін,
Хан Алмамбет төренің.
Қойғын, батыр Қырғылым,
Қалжырамай жөнегін!

Қырғылшал ашуланып, Манасқа келіп арыз айтады.

- Манас, сенің қорлығың,
Бас жұтушы зорлығың!
Еліріп келген қытайды,
Ел билетіп, зор қылдың,

Ел – жұртыңның бәріне,
Ерімеген сор қылдың!
Ұйқтап ұйқы қанбастан,
Уысты қолды жазбастан,
Ұзаққа сапар қылуға,
Ұрысқан бетте қытаймен,
Ұйғарып түгел қыруға
Қалаған екен қалмақ құл!
Қара ниет қытайдың,
Қарсылық ісі мына бұл!
Қарсылық болмай не болды,
Халықтан қайрат жоғалды.
Қалжыраған қосынға,
Қойғыласып жау шықса,
Қол қырылып кетпей ме?
Қолды қырып салған соң,
Қырылып қырғыз қалған соң,
Обалы кімге оның?! – деп,
Қиқырып айтты қилы кеп.

Қыран Манас бұл жерде,
Қырықтың басы Қырғылдың,
Қиналғанын біледі,
Қыл мұрты бір солқ етіп,
Миығынан күледі:
- Орайын ойла, Қырғылшал,
Осы жолы қоя сал.
Алмамбет мықты – ханымыз,
Бағынамыз бәріміз!

*Осыны айтып, Манас Аққұланы
маңқаң,маңқаң бастырып, кете береді.
Қырғылшал түңіліп:*

- Манасыңмен құрып қал,
Қазатыңмен шіріп қал!
Қалмағыңмен қосылып,
Бәрің жерге кіріп қал!
Бейжініңмен берен бол,
Қытайыңмен қырғын бол!
Далаға кетті сөзім, – деп,
Бұл секілді қорлықты,
Көрмеп еді көзім! – деп,
Баяғыдан шапқылап,
Ауып қалды есім, – деп, көңілі суып

қалады.

*Елдің есебін алатын кезі келіп,
Алмамбет жар салдырады. Онбасы,
жүзбасы, мыңбасылар есебін өткізеді.
Отыз түмен қолдың бәрі түгел. Ең соңында
Манастың қосы қалады. Онбасы Тазбаймат
екен, санап көрсе, бір кісі кем болып шығады.
Тазбаймат аң – таң: «Жадау, Чулын
бойында, Қорағаты ойында, тоғызы тиді
қолыма. Өзім оныншы болып, соңында жүріп,
алдыңа аман алып келіп едім зой?!» – дейді.
Алмамбет қаһарланып: «Өкім екі болмас!»
– деп, алты жендет Тазбайматтың басын
шабуға қамданады. Сол кезде хан Серек:
«Қателік болмасын, қағазын тағы бір
оқып тексерейік!» – дейді. Қадырсейіт
молда қағазды қараса, Манастың аты
Тазбайматтың он адамының есебінде
екен! Ал, есеп алғанда айкөлдi қосып санау
ешкімнің ойына келмеген!*

- Байқамай кара басты, – деп, –
Батырым Манас сен үшін,
Қытайдан келген құлыңа,
Бермекші болдым басты! – деп,
Қиқырып Баймат қалғаны,
Қырғыздың бәрі қарқылдап,
Әбден күліп алғаны.

Манас оған бүй дейді:
- Ұрып кеткен Тазбаймат,
Ұлық кісім сен болсаң,
Ұмытқан кісің мен болсам,
Серекке айтпай қойғызып,
Керек еді бұл жерде,
Тастауым сені сойғызып?! –
Батыр Манас болқылдап,
Басқаша күлді солқылдап.

*Бір кезде Алмамбет Манасқа келіп:
«Алдымызда шатақ іс көп, алдыңғы жаққа
– Бейжіңге қарай шолғыншы жіберу
керек!» – дейді. Бұл жолды бұрын көрмеген,
ой – шұңқырын білмейтін болған соң,
барамын деп ешкім белсеніп шықпайды.*

Манас: «Өзіңнен басқа ол жақтың жайын білетін адам жоқ. Қалаған адамыңды ал да, шолып қайт!» – дейді. Алмамбет Манастың сөзін екі қылмай, қасына бір

өзі мыңға татитын ер Сырғақты алып, қосар атқа Ажсыбайдың Қарткүреңін алып, қытайдың жерін шолуға аттанып кетеді.



Алмамбет пен Шуақтың ерегесі

Қырықтың басы Қырғылшал,
Қырқында көпкен қызық шал,
Ертелі – кеш жамандық,
Ойлағаны бұзық шал.
Аралда жатқан Шуаққа,
Аңдып барып кеп айтат:
- Ой, Ақбалта ханның Шуағы,
Шуақ болмай құрып қал,
Нойғұттан қыран сен болсаң,
Қытайдан келген қызталақ,
Алмамбеттен кем болсаң!
Таластан Кеңқол кем емес,
Манастан Шуақ кем емес!
Аракқа тойып алғанда,
Алакеуде ақымағым,
Әлемді бұзам деуші едің...
Алмамбет шалғын шалар ма?
Кеңесте жоқ, кепте жоқ,
Келберсіген ер Шуақ,
Артта жатып қалар ма?!

*Нойғұттардың Шуағын,
Алдырмастан кеңеске,
Шалғын шалып алдыға,
Барған жері емес пе?
Қалың қолдың билігін,
Алған жері емес пе?
Шаңын жұтып ер Шуақ,
Алмамбеттің артында,
Қалған жері емес пе?*

Құт, қуатың Шуағым,

*Қашты деген осы ма?
Алмамбеттің аруағы,
Асты деген осы ма?
Аяғына Шуақты,
Басты деген осы ма?»*

*Қызыл тілмен қыздырып,
Қырғылшалың сайрады,
Қылышдаттып қылыштай
Намысын ердің қайрады.
От шашырап көзінен,
Шуақтың қаны қайнады.*

Дауылпазын қақтырып,
Қарғып мініп атына.
- Нойғұттар, атқа қонғын, – деп,
Алмамбетті соям деп,
Қанын ішіп тоям деп,
Қаһарланған ер Шуақ,
Найзасын қолға алғаны,
Қалың қолға бас болып,
Қиқулап жөнеп қалғаны.

Қарауылға шыққан ер Бақай,
Қаһарланған Шуақтың,
Қарасын көріп қалғаны.
«Қол бұзылған екен, – деп,
Қойдырмасам бекер,» – деп,
Арыстан Манас батырға,
Сасқалақтап барғаны.
- Бұзакылар Шуаққа,
Бұзық сөз айтып салыпты.

Алмамбеттің артынан,
Нойғұттар қуып қалыпты.
Алмамбет, Шуақ, екі шер,
Манас, сенен басқаны,
Тұяғына теңемейт.
Артынан барып сен өзін,
Ақыл сөзің айтып кел,
Жарастырып қайтып кел!

Мұны Манас ұққан соң,
Аққұланы бұлқынттып,
Екі шердің артынан,
Жөнөп берді жұлқынттып.

Бұл уақытта ер Шуақ Алмамбетті қуып жетеді. Артынан келе жатқан қатерді сезген Алмамбет тәуекел деп тосып тұрады, досын көргенде: «Не болды?» – деп таңырқап қарсы алады. Шуақ: «Кеше кең Таластың ойында,

Жылғынды өзен бойында берген антың қайда? Бейжінге менсіз қалай сапар қыласың? Сен шолғын шолып, алға кеткенде, мен неге артта қалуым керек? Не мені ала кетесің, не менің қолымнан қазір өлесің!» – дейді ызамен. Алмамбет ренжіп: «Бердім жолды, ал да, бара бер!» – дейді. Оған да басылмаған Шуақ егесе түседі, бірақ қандыкөйлек достар бірін – бірі қия алмай, қол салыспай, сөзбен қажаса береді. Сол кезде Манас қуып келіп қалады. Оны көрген батырлар төбенің басында томсарып отырады.

Арыстан Манас батырың,
Екеуінің мінезін,
Аңдап тұрса ақырын,
Ашу басып кетіпті,
Алмамбеттің ақылын.
Қаалғадай қасқа тіс,
Халайықтан басқа тіс,
Қасқайып шығып алғаны,
Қара күшке батырың,
Қатқырығын салғаны:
«Екі батыр нетті деп,
Немене болып кетті деп,

Енді келіп отырмыз,
Айтыңдаршы, ақыры,
Бүлініп қалған кепті!» – деп,
Ақырын сұрап қалғаны.

Ақбалтаның Шуағы,
Андай – мындай сөзі жоқ,
Төмен қарап бұ дағы,
Төбедегі төрт батыр,
Жергелесіп алғаны.
Осы жерге келгенде,
Не болдыңдар дегенде,
Ноян Алмаң кеп айтат:
- Ой – хой, Манас, ой Манас,
Аңқаусымай, қой Манас!
Елдінің бәрі ер екен,
Е деген сөзі еп екен,
Елінен азған жігітке,
Ертелеп өлім еп екен.
Халықтының бәрі зор екен,
Халқынан азған қор екен,
Халқынан безген жігітке,
Қайырылып ажал еп екен.

Ерегестен ер өлсін,
Ерегес ісі болмаса,
Еліңнің шетін кім көрсін?
Алтын тақ сынсын, хан өлсін,
Намыстың ісі болмаса,
Аулыңның шетін кім көрсін!
Айуанды қостай шауыпсың,
Айтулы қандай төресің?

Ақбалтаның Шуағы,
Арбығасың кім үшін?
Қосынға қызмет қылдырмай,
Қуып келген қай күшің?
Елге қызмет қылдырмай,
Еліріп келдің нем үшін?
Хан қылғын дедім кіміңді,
Қаладым келдім дініңді,
Ханың екеуің бірікші,
Қағайын ба жыныңды?

Ұлық қыл дедім кімінді,
Ұлығың екеуің бірікші,
Ұрайын ба жыныңды!
Шақырсам шындап жынымды,
Біліпсің қытай зілімді.
Көрейін бе күшінді?
Жалым келді бұл кезде,
Жарайын ба өтіңді?
Асып – таспай кеп айтам,
Насат, ақыл мен айтам,
Әр қашанда бір қашан,
Апылдама деп айтам.
Аға, іні болған қырық шора,
Айрықша Шуақ сені айтам.
Балта дәудің баласы,
Бастасқаның қоймайсың.
Қазір саған теңелсем,
Міне, осы жерде сайрайсың!

Алмамбет бұлай дегенде, Шуақ та қаһарлана жауап береді:

- Бір сұмдықты қытай құл,
Бастайын деген екенсің,
Өтірік шолғын шолам деп,
Ордалы жұртым қырғызды,
Өрт ішіне өкінтіп,
Тастайын деген екенсің!
Кетіrmек болсаң ебiмдi,
Көрсетейiн жөнiндi,
Сындырайын белiңдi,
Алайын қазір кегiмдi!

Ерегескен екі батыр ашуға булығып, аттарына қарғып мініп,қиқулап, соғыспақ болады. Сол кезде Айкөл Манас орталарына түсіп, екеуін тоқтатып тұрып, былай дейді:

- Бөлінсек бөрі жеп кетет,
Бөлініп қалды қырғыз деп,
Бөлек елге кеп кетет.
Шу көтермей бұл күнде,
Сұлтандық қылар кездерің.
Ынтымақты ұмытып,
Қайда кетті естерің?
Алдыға салсам, ақ жолым,

Артымда тұрса, сан қолым,
Алмамбет, Шуақ егізім,
Телегейім, теңізім.
Бір – біріңе қол салып,
Бүтін елді бүлдірме!
Сонда Шуақ Манасқа өкпесін айтады:

- Кірмедім,батыр, ойыңа,
Анты – сертің мойныңа,
Он үш жасар шағымда,
Алтайдың Арал көлінде,
Қосылысқан жерімде,
Анттасқан сонда сөз қайда!
Қыл болат жүзін жаластым,
Намысың бірге таластым!
Жауды сайса, кім сайды,
Аты қалды Манасқа!
Теңемедің ешқашан,
Қаңғып келген қалмаққа!
Әрқашан жұмыс қыласың,
Алмамбетпен кеңесіп,
Алмамбет тізгін алғалы,
Кеңесте жоқ, кепте жоқ,
Есептен Шуақ қалғаны.
Қызметің қылған қырық батыр,
Қыңқ ете алмай тап – тақыр,
Қиын ғой мұндай болғаны!

Осылай деп, Шуақ пен Алмамбет бір—біріне ұмтылып – ұмтылып қояды. Сонда Манас:

- Ойда жоқта егесіп,
Алмамбет, Шуақ, күйдірдің,
Ақылы жоққа не дейін?
Сендерсіз – ақ Бейжінге,
Өзім жеке бармасам,
Манас болмай кетейін!
Жеке барып Бейжінге,
Ажал жетсе өлейін,
Арандаған екі арам,
Өлісе берші, көрейін!

Бұл сөзді айтып айкөлің,
Сарала атты оң қолдап,
Ауыздықтан алды да,

Оңға сілкіп жіберді,
Көк аланы сол қолдап,
Тізгінінен алды да
Солға сілкіп жіберді,
Түгі шығып бетінен,
Қапа болып бұларға,
Жеке барып отырды,
Қара белес қыраңға.

Манастың қатты күйініп, ренжігенін көргенде, екі батыр есін жиып, ақылға келеді. Өзінің ашумен артық кеткенін түсінген ер Шуақ атынан түсіп, екі қолын бауырына қойып, Алмамбеттен басын иіп, кешірім сұрайды. Оған разы болған Алмамбет те: «Сен де мені кешір!» – деп, жан аямас досымен құшақтаса кетеді. Екеуінің жарасып, татуласқанын көргенде, Айкөл жадырап, күліп жібереді. Сөйтіп, Алмамбет пен Шуақтың шатағы бітіп, Манас, Сырғақ төртеуі бірге жол жүріп, Талшоқыға жетеді.

Аспандаған Талшоқы,
Асуы биік бел екен.
Екі басқа көп елдің,
Ортасында шеп екен.
Талшоқының үстінен,
Мұнары кетіп шашылып,
Бұлты кетті ашылып.

Манас үлкен дүрбісін алып, бұрамасын келтіріп, көзін салады.

Мұнарланып бөлінген,
Бұрышын көрді Бейжіннің,
Құмырсқадай қайнаған,
Жұртын көрді Бейжіннің.
Әйнектей сұлу сыланған,
Даласын көрді Бейжіннің.
Дүмпиіп түтін қаптаған,
Қаласын көрді Бейжіннің.

Алмамбет жанындағы батырларға бұл жерді таныстырады:

- Шет – Бейжін деген жер осы,
Шерігі түмен ел осы.
Көрініп тұрған Шет – Бейжін,

Көйлегім шешіп, жуған жер,
Енекем мені туған жер.
Күн шығыс жақ шетінде,
Орқайып тұрған қара тау,
Алтын алар кен осы.
Есенханның елі осы.
Қарсыласып келгенде,
Қаптап кетер сел осы.
Оның бергі жағында,
Әлеукеңің Қоңырбай,
Қылымды бұзған зор осы.
Жетіген тарап жағында,
Қатыннан шыққан Ораңқы,
Балуан ханның жері осы.
Оның бергі жағында,
Манжулардың елі осы,
Несқараның жері осы.
Одан бергі жағында
Солондардың елі бар,
Бораншы ханның жері бар.
Одан бергі жағында
Торғауыт, шибей елі бар,
Ораққыр мен Мүзкіндік,
Екі ханның жері бар.
Қаспан таудың артында,
Көке – Науыр көлі бар,
Көке – Науыр жерлеген,
Шоң Жолайдың елі бар.
Көке – Науыр көлдің ар жағы,
Қырық күншілік шөлі бар.
Сонау шөлден өткенде,
Түпті қытай елі бар.
Түртісем деген дұшпанға,
Азапты салар жері бар.
Түп Бейжінде Қарыхан,
Түгел ханның зоры сол.
Топан су қаптап кірмеген,
Сүлеймен сұрақ алмаған,
Рүстем Дастан, Ескендір,
Бұлар да ізін салмаған
Толқып жатқан Бейжінге,
Әзірет Әлі бармаған.
Төрт түлігі тең келген,

Байдың көбі қытайда.
Шөптей шыққан жердегі,
Шайдың көбі қытайда.
Өштескен жауын жайлаған,
Өжет батыр ел осы.
Қытайдың жұрты қайырымды,
Қытайдың жұрты бауырмал.
Біз ол Қытайға жетпейміз,
Қаңғайды көздей беттейміз.
Қармасарың зор Қоңыр,
Қарайған тауда оңбағыр!

- Батырлар, болсын жолың! – деп,
Орынды болсын ойың! – деп,
Қош айтысып, құшақтап,

Арыстан Манас, ер Шуак,
Қайра тартып қалған шақ.
Жанында Сырғақ қаракөк,
Арыстан туған Алмамбет,
Өзі білген жолменен,
Өзенді бұлақ суменен,
Асуы биік тауменен,
Асқар жатқан зауменен,
Іліп алар шөбі жоқ,
Шық етерге суы жоқ,
Үстінен ыстық кетпеген,
Төбесінен айналып,
Қанатты ұшып өтпеген,
Қиыр – қиыр жерменен,
Қисаймай жолға салған кез.



Шолғында

Тесік – Тастың ойына жеткенде, туған жерін көріп, Алмамбеттің көңілі бұзылады, көзінің жасы төгіліп, балалық шағын, ата – анасын, ғашық болған Бұрылша сұлуды есіне алып, Сырғаққа сыр шертеді.

- Анау ақ – ала мойнақ көрінген,
Алтын қазар кен осы.
Мынау сарала құм, қызыл шат,
«Алмамбет ойнап жүрсін» деп,
Сорлы атам тапқан төр осы.
Ойласам, ішім шоқ болды,
Санамды қайтіп жоямын, Сырғақ!
Еңбегім қалған қайран жер,

Еске алмай қайтіп қоямын, Сырғақ!
Қырқа тіккен сары тал,
Алмамбет сайған тал осы.
Қарайып тұрған қара там,
Атакем тұлпар байлаған,
Ат ақыры жер осы.

Қурап қалған арбайып,
Ортада тұрған шоң шынар,
Асыл анам Алтынай
Мені туған жер осы.
Менің туған шынарым,
Түгел шіріп тамыры,
Тақыр қурап қалыпты.
Төбесінде шашырап,
Жапырағы қалыпты.
Сорлы анам айтқан сөз еді:
«Бәлкім, қайра сен келсең,
Тұқым қалса өзіннен,
Шынарыңның түбінен,
Шыбық шығар» – деп еді, Сырғақ!
Анашымның айтқаны анық келіпті,
Түбінен шыққан шыбығы,
Шынарға шалыс болыпты.
Е – е, қайсы бірін айтайын,
Бұзылып кетер сана бар, Сырғақ!
Тілеймін еркек болса деп,

Құрсақта қалған бала бар, Сырғақ!
Жаңғағым жарым болыпты, Сырғақ!
Не сұмдықтың нышаны,
Шынарым судан қалыпты, Сырғақ?!

Осылай шерін тарқатқан батыр Алмамбет одан кейін Сырғаққа осы маңайда алты айшылық жерге алты күнде баратын хабаршы қызыл түлкінің барын айтады. «Егер оны ұстасақ, жолымызды ашармыз, ал сытылып кетсе, пәлеге қалармыз. Мен барып алдыма салып қуайын, сен тосып ал!» – деп, Сырбараң мылтығын қолына алып, күн жайлап, сасық тұман түсіріп, бұршақ жаудырып, қыраңға шығады. Сол кезде қу түлкі тұмсығын көтеріп, иіскелеп, тастан қарғып бір – ақ тартады. Алмамбет атқанда, бір жақ қолына тиеді. Үш аяқтап қашқан түлкі қараған, бадал қалыңға кіріп кетерде Сырғақ Көкшыбышпен қарсы шауып, қапталынан найзамен бір – ақ ұрады.

Түлкінің көзін жойған соң, Алмамбет қоржынынан атасы Әзизханның сейілге киетін тонын алып киеді. Бұл жарқылдаған алтын тон – жарым хандық дәрежені білдіретін тон екен. Сырғаққа зумбул тон – шенді шекпен кигізеді. Екеуі Күрпілдек дариясын кешіп өтіп, иір – бүйір суменен, ит жайламас жолменен Қыр – қайың деген төрге жетеді. Сол төрден қараса, қырғыздардың жау қуып әкеткен көп жылқысы жайылып жүр екен. Шаты – Кешу, Тас – Кешуді кешіп, жылқыға жетеді. Жылқышы Қарағұл алдарынан шығып, алыстау тұрып: «Қарағұлды ұстамақ болған сен кімсің?!» – деп, жөн сұрайды. Алмамбет қытайшалап: «Шынмашын шаһарынанмын, қанғур халқынанмын, Бақбұршын патшасының жалғызымын», – дейді. Қарағұл мінген Торайғыр алыпқашпа жүйрік екен, құйғытып кете бермес үшін жүгін ауырлатып, құм салынған қоржын артып алған екен. Арлы – берлі орғытып

жүріп, Қарағұл Сырғаққа сынай қарап: «Жаныңдағы жолдасың көзіме жау көрінді, мұның кім?» – деп, күдіктенеді. Алмамбет: «Бұл қақаннан келген зор ұлықтың баласы, мақау», – дейді. Қарағұл: «Қосақтағы күрең атың да бейжіндіктің малы емес!» – дейді. Оған Алмамбет: «Бұл буруттардан сауғаға келген ат. Мен Қапсаң, Тұңша қалаларындағы қолға хабар беруге келіп едім, бұл атты жылқыға қосып жіберейін, қайтарда алып кетермін» – деп, Қарткүреңнің жүгенін сытырып алып, қоя береді. Арам ойлы Қарағұл қанша айлалы болса да, амалы құрып, аттың алдынан қайтармақ болады, бірақ Қарткүрең жалт беріп, қалың жылқыға кіріп кетеді. Оқыранып, иіскелесіп, өз малына араласып, бәріне жол басшы болады.

Қарағұл бір сұмдықты сезе қойып, құм салған қоржынды ерден сытырып тастап, Құлайғырмен бұрқыратып Кентунға зулап жөнеледі. Оған жете алмасын білген батырлар қиқу салып, дүркіретіп жылқыны қуады. Қарткүрең қалың жылқының алдына түсіп алып, елге тартады.

Ал Қарағұл Қоңырбайға бақырып келіп: «Буруттан қуғын жетті, жылқысын айырып әкетті!» – дейді.

Бұл кезде қырғыздың қалың қосыны Қаңғайдың шегіне жетеді.

Оларды тастап салындар,
Манас пенен Шуақтың
Хабарын ұғып алындар.
Базартаудың ойында,
Маралды – Судың бойында,
Батыр Манас, ер Шуақ
Алмамбет пен Сырғақты,
Күтіп жатқан жолында:
- Алмамбет, Сырғақ нетті? – деп,
Не кешігіп кетті?! – деп, –
Батыр Манас кеп айтып, –
Қаңғай жаққа тезірек,
Барғын, Шуақ! – деп айтып, –

Соларды біліп келгін, – деп, –
Жау көрсен қайра келерсің,
Жауабын маған берерсің.
Жылдамырақ келе көр,
Хабарын маған бере көр!

*Шуақты аттандырып жіберіп, неше
күн тыным көрмеген ер Манас атынан
түсіп, ерін жастанып, алаңсыз алып ұйқыға
кетеді.*



Ұрыстың басталғаны

*Солуақытта ер Қоңырбай нардай болған
Алгараны орғытып, қосынын қаптатып,
Алмамбет пен Шуақты өкшелей қуады. Екі
батыр қалың жаумен жан аямай айқасып,
неше түрлі айла – амалмен қаша соғысады.
Алмамбет көзіне бір көрініп, әдейі қашқанда,
Қоңырбай қуа жөнеледі. Алмамбеттің
ақылымен тосқауылда тұрған Сырғақ оны
оңдырмай найзамен сайып, жаралайды.
Қоңырбайды құстан жүйрік Алгара ала
қашып, зор қалша аман қалады. Қырмыз
шаның Мұраділ Алмамбетке бет алып
барып, найзасын кезене бергенде, Алмамбет
оның найзасын қағып тастап, төсіне
найза салады. Мұраділ жығылып, шаңға
басы тығылып қалады. Ал жараланған
Қоңырбайды жеті емші жарасына дәрі
жағып, дереу емдеп шығарады. Зор қалша
қайтадан атына мініп, қосынның артынан
жөнеледі.*

*Сол кезде ер Шуақ та келіп жетіп,
қалмақтың дәу батыры Ұшаңды қапталдан
найзамен бір – ақ ұрып, қаңбақтай ұшырып
жібереді. Бірақ Борауын деген бір дәу
Шуаққа найза салады. Алмамбет құйғытып
келіп, Борауынға қапталдан найза салады.
Ер Шуақ найзадан құтылып, жылқының
артынан жөнеледі. Қаңғайдың қолы
садақтың оғын жаудырып, соңынан қуады.*

Алмамбет пен Шуақтың,
Қаңғайлар түсіп соңынан,
Кетірген кезде жайларын,

Сырттан Сырғақ батырың,
Жиырмадағы жас берен,
Ащы айқайға салады,
Қойшағармен атады,
Ащы даусы мылтықтың,
Құлағын жаудың жарады.
Оған қоса Алакен,
Сырбараң мылтық оқтады,
Гүрс еткізіп ұрғанда,
Қуғынның алды тоқтады.
Қабылан Алмаң батырың,
Айналасы шаң болып,
Сауыт, шоқпыт, жағасы,
Қызыл ала қан болып,
Көріп басын шайқады.
Қырағы Сырғақ таң болып.

*Ал ер Шуақ қашқан бойда екеуінен озып
барып, манағы тоқтаған төбенің басында
ұйқыны соғып жатқан Манасқа жетеді.
Айғайды салып, оятпақ болады, оған Манас
былқ етпей, ұйқтай береді. Арлы – берлі
жұлқылап, жұлмалап бағады, күшпен
көтеріп тұрғызып, қоя берсе, қайтадан сылқ
ете түсіп, қорылдай береді. Амалы құрғыған
ер Шуақ: «Хан Манас жаудың қолына түсіп,
қор болып өлгенше, өзім өлтіріп кетейін!» –
деп, сауырына найзамен бір ұрады. Сонда
ғана Манас көзін ашып: «Не боп қалды, ей?»
– деп, жәткірініп қояды. Шуақ аптығып,
болған жайды айтып: «Қаңғайлар қаптан
келіп қалды! Кең Таласты бойында,
Қаныкейдің қойында жатқан жоқсың,*

тұр, батыр!» – деп, қиқуды салады. Сөйтсе Манас: «Саспа, Шуақ, саспа! Ұрынбай жүрген тау бар ма, ұрыспай жүрген жау бар ма?!» – деп, атына мініп, Алмамбет пен Сырғақтың алдынан шығады.

Айбатын салып ақырып,
Аймаңбоз мініп бақырып,
Қарауылы дажал, оғы ажал,
Ақкелтеменен күр қойды,
Аламан келген көп қаңғай,
Қайра тартып, дыр қойды.
Ақкелте үні жаңғырды,
Арыстан Манас батырдың
Ащы айғайы жер жарып,
Жаудың жолын тар қылды.

Алмамбет, Шуақ, ер Сырғақ,
Сырттандар ұрыс салғаны,
Салысып жүріп ақыры,
Арыстан Алмаң Сырғаққа:
- Жөней көр! – деп ақырды. –
Хабар бер деп қол жаққа! –
Бармаймын деп айта алмай,
Алмамбет сөзін қайтармай,
Ер Сырғақ жөнөп қалғаны.

Алмамбет, Шуақ, Манастың,
Алдынан тосып қалмағы,
Айналта қоршап алғаны.
Қаңғайды санап білуге,
Адамзат пен пенденің,
Жетер емес дарманы.

Батырлар жаумен қаша соғысады. Қарткүрең тұлпар Көкөтайдың асында қаңғайлар қуып әкеткен жылқыны бастап, елге қарай тарта береді. Оны қуғанмен жаулар жете алмайды, жеткендерін батырлар найзалап аттан құлатып тастайды. Сол уақытта ер Сырғақ арттағы қырғыз қосынына жетіп, Бақайға болған істі айтып, хабар береді. Ер Бақай қалың қолды бастап, жаумен соғысуға аттанады.

Оларды тастай салыңдар,
Манас, Шуақ, Алмамбет,
Хабарын ұғып алыңдар.
Қаңғайдың қолы аттанып,
Қиқулап қаптап, шаттанып,
Қоңырбайдың Алғара,
Қайып түрлі көркі бар,
Қазандай сауыры даңқайып,
Құланды қуса құтқармас,
Салысқан жауға болған мәш,
Қаз мойынды қара атқа,
Хан Қоңыр қамшы салыпты.
Қоң төрені көргенде,
Томаға тартқан бүркіттей,
Жылмайып Манас алыпты:
«Тілегенім келді! – деп, –
Секеңдеген сұм қалша,
Сау қылмаспын сені! – деп,
Астындағы Аймаңбоз,
Атқа қамшы салыпты,
Арыстан Манас Қоңырға,
Мандайласып қалыпты.
Қалмақ ер қасына,
Қақ жүректің басына
Ақырып Манас сайғанда,
Найза төске тақ етіп,
Шарайнаға шақ етіп,
Алақтаған Қоң төре,
Нардай болған қара аттың,
Сауырына сылқ етіп,
Жерге құлап қалыпты.
Кәрі күшті хан Манас,
Қылышты алып қолына,
Қоңырбайды шабуға,
Бұра тартып қалғанда,
Қиын болды Манасқа,
Қытайдың қылған шатағы:
Жаңбырдай қылып жақ тартып,
Бұршақтай қылып оқ атып,
Қаптады қаңғай қалың қол,
Қайнады дұшпан оңды – сол.

Аймаңбоз менен болқылдап,

Ақ найза қолда солқылдап,
Алғы жағы –Итішпес,
Итішпес деген Қарасу,
Тереңдігі бұл судың,
Найза салса бойламас,
Аймаңбоз атты қалқытып,
Көкжал Манас батырың,
Көлді кешіп шыға алмай,
Су ішінде қалыпты.
Астындағы Аймаңбоз,
Мұрны терлеп алыпты.
Тоңып қалып зонқайып,
Еті жасып қалыпты.
Көл кешуде Аймаңбоз,
Ағып кетіп барады.
Арт жағында Қоң төре,
Кезеуілдеп батырды,
Бағып кетіп барады.
Қуыс жерге қыран ер,
Аққан бойда жеткені.
«Сұлтан Манас батырды,
Су ішінде соям» – деп,
Екі көздің ортасын,
Өлшеп тұрып Қоңырбай
Еңкейіп найза салғаны.
Тас жүректі көкжал ер,
Ирмеп көзін алмады,
Өлшеген көзге найзаның,
Ұшынан мықтап қармады.
Темірі Манас қолында,
Сабы батыр Қоңырда.
Алғара атпен Қоңырбай,
Құрғақта тұрып алғаны.
Аймаңбозбен ер Манас,
Суда жүзіп қалғаны.
Ақырған бойдан Алмамбет,
Сайғалы жетіп барғаны.
Қайра тартып ала алмай,
Найзасын тастап Қоңырбай,
Астындағы Алғара,
Бұра тартып алыпты,
Жұлдырған соң найзасын,
Жұртына қашып барыпты.

Манас судан шығып, жан – жағына қараса, әскерінің алды келе жатыр екен. Абасы Бақай Аққұланы жетелеп келіп, алдына тарта береді. Батыр атына мінгенде, Қырғылшал бастаған қырық шорасы қалың әскермен жетеді. Мылтықтың бәрі тарсылдап, қылыштың бәрі жарқылдап, асаба желек жалпылдап, қара қырғыз қосыны қаптап шабуылға шығып, жауды түре қуады. Майданда тағы да кешілдің ханы Қоңырбайды көрген Манас тұра қуып, қалаға қарай қаша жөнелген қалшаның арқасынан найза салады.

Арқадан аққан қызыл қан,
Жаба қойып шырқырап,
Әлі кеткен кезінде,
Шәрге Қоңыр жеткені.
Аузынан көбік бұрқырап.
Алғарадай тұлпарды,
Тай кезінен үйреткен,
Батпақ, батпақ дуалдан,
Мың аттатып ырғытып.
Қатпар, қатпар камалдан,
Қайра – қайра қарғытып.
Артық тұлпар Алғара,
Алпыс батпақ дуалдан,
Қарыштап қарғып өткені.
Жетіп қалған Аққұла,
Секіріп бұрын көрмеген,
Серпіліп кейін кеткені.

Есінен танған Қоңырдың,
Қан болмаған жері жоқ.
Отыз алты тәуіпті,
Жылдам алып келіпті.
Қытайда тәуір тәуіп көп,
Қан тоқтатар дәрісін,
Алып келіп жараға,
Аямай тартты бәрісін.
Екі жарым күн жатып,
Ер Қоңыр көзі ашылып,
Есін жиып, кеп айтат:
- Қара қырғыз Манастың,

Қазіргі адам баласы,
Табар емес айласын!
Айдаһары, жыланы,
Артынан сайлап алыпты,
Көсеу құйрық көк бөрі –
Көкжал ердің жөкері,
Соңынан еріп алыпты.
Алып қарақұс арбайтып,
Аспаннан шеңгел салыпты.
Қара шұбар жолбарыс,
Ғайып ерен, қырық шілтен,
Қанқор ердің жолдасы.
Ұрынған дұшпан сау қалмас,
Қабыланның бірі екен.
Халықты бекер қырғызбай,
Қара қырғыз жұртының,
Малмен көңілін жайлайық,
Андадым, қытай, әліңді!
Аямай бергін малыңды,
Алтын, күміс, барыңды!
Қызметке бергін құлыңды,
Қызыл ақша пұлыңды!

Қиын қырғын тиылмай,
Қаңғайлық пен қырғызда,
Күндіз тыным қалған жоқ,
Күн мезгілін алған жоқ.
Түнде тыным қалған жоқ,
Түн мезгілін алған жоқ.

Өлік таудай үйілді,
Таудай болып жиылды.
Қаңғай менен қырғыздар,
Қан ағызып қырылды.
Қызыл қырғын соғыста,
Қылыш тиіп мойнына,
Қан төгіліп қойнына,
Көтере алмай бастарын,
Көзінің төгіп жастарын,
Сылқиғаны жаман көп.
Жаны шығып, дем суып,
Зыңқиғаны одан көп.
Екі аяғы тең сынып,
Салақтаған бұдан көп.
Есі шығып ұрыстан,
Алақтаған одан көп.

Жалпақ өркеш Желмая,
Хан Манастың қара нар,
Басында алтын нөқта бар,
Қара жанын аямай,
Күштеп келген Желмая,
Қаныкей берген көп азық,
Жүктеп келген Желмая.

*Сонда ер Манастың қырық шорасы
ұрыс арасында осы келген азықтан ішіп,
жеп, әлденіп алып, қызыл қырғын соғысқа
қайта кіреді.*



Жалғыз көзді Мадықан

Қырғыз,қытай екі жұрт,
Қырғын соғыс салады,
Маңдайда жалғыз көзі бар,
Көк бұқалы Мадықан,
Майданға келіп қалады.
Қалың қаңғай ішінде,
Бұл Мадықан артық ер,

Оқ өтпес темір қалқанды,
Киіп алған кезі екен.
Басында жалғыз мүйізі,
Таудай дөкей Көкбұқа,
Мініп алған кезі екен.
Астындағы бұқаның,
Басқанына мал жетпес,

Желгеніне жел жетпес.
Үстіндегі Мадыға,
Алысқанмен әл жетпес.
Адам ұлы түсінбес,
Күнгірлеген сөзі бар.
Кейде кісі үніндей,
Аузын ашып сөйлесе,
Күркіреген күніндей.
Тұла бойын түк басқан,
Апсиған аю жүніндей.
Бұқа мініп күйленіп,
Адырайған Мадықан,
Кез келгенін талқандап,
Қол салып кірді ұрысқа.
Қысталаң туып қырғызға.
Қалды қиын жұмысқа.
«Еркіне қойсақ Мадықан,
Түбімізге жетердей,
Түгел қырып кетердей!»
Деп ойланып ер Манас,
Мадықанмен беттесіп,
Араласпай шеттесіп,
Өлмеген жерде қалысып,
Екеуі жүрді салысып.
Көкбұқа мен Аққұла,
Қатар жүрді жарысып.

Бұл ұрысты көргенде,
Алмамбет, Шуақ, ер Бақай,
Сырғақ, Серек, Ажыбай,
Жалпы берен қырық шора,
Мадықандай балуанды,
Қоршап ұрыс бастады,
Көзге ілмейді Мадықан,
Бір Манастан басқаны.

Қоршап алып Мадыны,
Қайраттанып шабынып,
Қырық шораның барлығы,
Тегіс кірді жабылып.

Алты мың қытай, сан қалдай,
Қыстауда қалған Мадыны,

Ажыратып алуға,
Олар да кірді қамынып.

Мадықан асқан ер екен,
Қабылан Манас болмаса,
Тақыр қырып қырғызды,
Таптап кетер неме екен.

Ер Манас пен Мадықан,
Тіктесе түсіп екі шер,
Бірін бірі аямай,
Бірдей найза салғанда,
Тігірей түсті қара жер.
Бірін бірі ала алмай,
Арпалысып тұрғанын,
Алыстан Қоңыр көреді.
«Қараң болып берсін» – деп,
Қосынын айдап кіреді.
Қытай, қалмақ мол келді,
Қақаншыға бет алып,
Қайнаған қырғыз ол келді.
Тірескенде екі жақ,
Сардала беті тербелді.

Ажалы жетіп майданда,
Өмірден қанша өткені.
Қабандай болған Жолайға,
Қабылан Шуақ жеткені.
Жеткен жерде Жолайдың,
Басын кесіп кеткені.
Жабыла қашты қырғыздан,
Жалпы қаңғай қосыны,
Сонда дағы қашпастан,
Қаңғай қашып кетсе де,
Жалғызсырап саспастан,
Жеке қалды Мадықан.
Жеке қалған Мадыны,
Батыр Манас бас болып,
Төңіректен алысты,
Алмамбет жетіп тістеліп,
Аямай келіп бір сайды,
Ажыбай менен Сырғағы,
Ақбалтаның Шуағы,

Үшеуі қатар дыр сайды.
Абекесі ер Бақай,
Бұл да келіп бір сайды.
Жабыла бәрі сайғанда,
Қаңғайлардың Мадықан,
Мұрындықтан қол кетті,
Үзеңгіден аяғы,
Тайып түсіп ол кетті.

Қабылан Манас батырың,
Аққұламен зырғытып,
Мадықанға жетеді,
Көкбұқаның үстінен,
Көме сайып өтеді.
Ұлақ ханның ер Сырғақ,
Таудай болған бұқаның
Басын кесіп кетеді.

Бұқадан Мады түскенде,
Әлеукенің Қоңырбай,
Шыбын жанын аямай:
«Қаңғайдың дәуі өлгенде,
Мен немене болам? – деп, –
Қара қытай жұртымды,
Қай бетіммен көрем! – деп, –
Одан дағы аянбай,
Мадықанға жетейін,
Қалың бурут ішінен,

Ажыратып кетейін!»
Деп осылай Қоңырбай,
Жан аямай бақырып,
Ұраны екен қаңғайдың:
- Мөнді, мөнді, мөнді! – деп,
Мөнділеп ұран шақырып.
Қосыны түгел айдаса,
Бөрікөз бенен Мүзкіндік,
Қоса кірді қамынып,
Шоң Ылама балуаны,
Қытай, манжу, қалмағы,
Түгел кірді жабылып.
Мадықанға жетерде,
Ажыратып кетерде,
Қақаншыға бет алып,
Қырғыздың қолы жабылды.
Әзиз ханның Алмамбет,
Ақбалтаның Шуағы,
Қашан болсын жолға сақ,
Ұлақ ханның Сырғағы,
Қапатап келген қаңғайдың,
Алдын тосқан уағы.

Осы кезде зор Бақай,
Қанболат қылыш қолға алып,
Ақырып бұрын жеткені,
Жеткен жерден Мадының,
Басын кесіп өткені.



Қақаншының айласы

Мадықан қаза тапқаннан кейін, қаңғайдың қалың қолы қаптап кетеді.

Сол кезде Алмамбет батыр «қытай болып түйіліп, қалмақша киініп», қытай, қалмақша ұрандап, Шет Бейжінге қарай қаша жөнеледі. Оның соңынан қалмақ, қытай, манжулар қосыла кетеді. Қырғыз қолы аруақтанып, қашқан жауды түре

қуып, қырғын салады. Қан майдан үстінде Қоңырбай Манастың алдынан шыға келеді де, сүрінен қорқып, қалаға қарай тұра қашады.

Артына қалша қараса,
Қабыланның Аққұла,
Омбыл – домбыл түйіліп,
Арандай аузы ашылып,

Қан аралас ақ көбік,
Омырауға шашылып,
Еті қызып алыпты,
Жақын келіп қалыпты.
Үстіндегі Манастың,
Өрттей көзі жайнапты,
Ашуы қатты қайнапты:
«Оң жауырын шеті – деп,
Өкпе – бауыр беті» – деп,
Найзаны қатты сайғанда,
Қоңырбай нағыз ер екен,
Денеге найза тигізбей,
Қылышын қия шабады,
Айкөліңнің найзасын,
Екі бөліп салады.

*Сол бойында Қоңырбай Алғарамен
ағызып, қалаға қарай қаша береді.
Қаһарланған Манас оны қуып бара
жатқанын көзі шалып қалған Алмамбет
құйғытып келіп, дарбазаға кіруге шақ қалған
Аққұланың шылбырынан ұстай алып, кері
бұрып әкетеді.*

- Қарайып жатқан қара бел,
Адам асар бел емес.
Әлеукеңі Қоңырбай,
Адам ойнар ер емес.
Ашылып тұрған дарбаза,
Есен ханның есігі.
Өп – өтірік сұм қалша,
Қашқан болып қалмай ма?
Қақпасынан кіргізіп,
Қараң күн басқа салмай ма?
Қамданып тұрған балуандар,
Есікті бекем жаппай ма,
Есебінді таппай ма!
Біліп қойғын осыны,
Талайға тиген кесірі,
Қашан болсын қалшаның,
Қылып жүрген кәсібі! –
Деп осылай салған кеп,
Алып шықты Манасты,

Ақ жолбарыс Алмамбет.

*Манас ұрысты тоқтатып, әскерімен
ес жиып, есебін түгендейді. Жараланғандар
мен қаза болғандар көп екен. Айтулы
ерлердің де талайы өліпті. Онбасы,
елубасы, жүзбасы мен мыңбасылар
қоластындағы жауынгерлерін түгендеп
келгенде, атақты Шуақ батыр не тірінің,
не өлінің есебінде жоқ болып шығады.
Манас бастаған батырлар қайғырса да
амал жоқ, түнде дамылдайды. Ертеңіне
таң атқанда Шуақ батыр келіп тұр! Және
жалғыз емес! Манжудың ханы Несқараны
бас қылып, қаңғайдың қырық төресін екі –
екіден қосақтап байлап, жалғыз өзі айдап
алып келіпті. Манас Несқараның басын
алмақ болады, сонда Алмамбет тоқтау
салады. «Бұл Қоңырбайдан кейінгі айтулы
төре. Біз мұны өлтірмей, тұтқында ұстап,
Есенханға елші жіберейік,» – дейді. Барлығы
кеңесіп, Ажыбай мен Үрбіні, бір тұтқынды
қосып, елшілікке жібереді. Бұларды Есен хан
мен Қоңырбай, Айжаңжуң мен Күнжаңжуң
төртеуі қарсы алады. Қоңырбай елшілерді
өлтірмек болады, Есенхан оны тоқтатып,
ұрсады. Ызаланған Қоңырбай Шет
Бейжіннен Түп Бейжінге, Қарыханға
аттанып кетеді.*

Айжаңжуң мен Күнжаңжуң,
Есен хан мен үшеуі,
Буруттың жайын көрмекке,
Мұнараға шығып қараса,
Темірден көпкөк тон киіп,
Тегіс тұлпар ат мініп,
Түбіне қазір жеткендей.
Қоя берсе, Бейжінді,
Қазір бұзып кеткендей.
Есі шығып көрген соң,
Не десе де бурутқа,
Көнбек болды Есенхан,
Шет – Бейжіннің хандығын,

Бермек болды Есенхан.
Алаша келін, сұлу қыз,
Айдап беріп тартуға,
Хан көтеріп Манасты,
Жан сауғалап өлімнен,
Қалмақ болды Есенхан.
Сұлу қыздың бәріне,
Желбегей торқа кигізді,
Желмеген жорға мінгізді,
Қара жерге қар жауса,
Қарды көр де етін көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де бетін көр.
Белі тұтам, жалжал көз,
Керілген қыздан мыңды алып,
Қанша түйеге жүк артып,
Пілге жүктеп, ділдә алып,
Есенхан өзі бас болып,
Қақпадан шығып, Манасқа:
- Жұртты бекер қырма! – деп, –
Ер Манастың алдына,
Тарту тартып, сұранып, –
Қақаншылық Бейжіннің,
Хандығын бердім, біліп кет.
Астымдағы алтын тақ,
Сізге бердім, мініп кет.
Несқара ханым өлтіріп,
Сындырма менің белімді.
Хан көтеріп еліме,
Бердім Бейжін жерімді.
Қызметінді қылайын,
Айтқаныңа көнейін.
Қырғында өлген кісінің,
Құнын төлеп берейін!

Есенхан мындай дегенде,
Қарауыл ханның барлығы,
Тағзым қылып Манасқа,
Құлдық ұрды жүгініп.
Қырық жыл суға шыласа,
Оңып өңі оңбаған,

Алтын түсті кілемді,
Алып келіп жаяды.
Айкөл Манас батырды,
Ақ кілемнің үстіне,
Отырғызып алады.
Хан Есенхан бас болып,
Көтеріп алып барады.
Есенханның алтын тақ,
Алтын таққа мінгізіп,
Қақаншыңның Бейжінге,
Хан көтеріп салады.

Бірақ, қаңғайдың төрелері Шуйқычы деген қытайды қылышпен сүндетке отырғызып, «шын» мұсылман етіп, қалада аспаз қылып қалдырады. Қырғыздардың айтқанын екі етпей, сеніміне кіріп алған Шуйқычы көрген – білгенін тізе береді.

Ал Түп Бейжінге қашып барған Қоңырбай Қарыханға Манастың салған қырғынын айтып, зар еңіреді. Қарыхан: «Манас туған сәттен – ақ, даңзамызға жазылған: Шет Бейжінге алты ай хан болады, одан кейін жай болады!»–деп, Түп Бейжіндегі ұсталарын жиып, ұшына у жапсырылған құрғыш найза жасатып, Қоңырбайға береді.

Бұл кезде қырғыздар «Манас Бейжінге хан болды!» – деп, ер Шутыны сүйінші сұратып, Таласқа жібереді. Хабарды алған Қаныкей сүйінбек түгілі, қатты күйінеді.

- Бейжінді білді дегенше,
Бәлеге қалды десеңші!
Алтын тақ мінді дегенше,
Ажалы жетті десеңші!
Бейжінге тұрып хан болса,
Аяғынан алдырат,
Қырандардың барлығын,
Қытайға құрбан шалдырат!
Бейжінде жатып мерт болса,
Арқада еркек бала жас,
Арқа қылар туған жоқ,

Ағайынның бәрі қас! –
Қайғырып жылап Қаныкей,
Үзіктей қалпақ Шутыға,
Алты күлік ат берді.
- Қайта шауып барғын! – деп,
Алақандай хат берді.

Шуты Манасқа жетіп, Қаныкейдің сәлемін айтады. «Ұлың Семетейді бесігінде тербетіп отырып, жарың Қаныкей: «Тездетіп Таласқа қайтсын, Бейжінде қалса өлім қаупі бар!» – деп, жылап қалды!» – дейді. Бірақ Манас Таласқа қайтуды ойына да алмайды. Алты хан мен халайықты түгел шақырып алып, былай дейді.

- Халайық, қалың көзбе – көз,
Бәрің мында тұрасың.
Зорлығым болса, кешіп қой!
Артық сөзім бар болса,
Ордалы жұртым, кешіп қой!
Өршін жұртым, бәріңді,
Бейжінге жорық қылам деп,
Айдап келдім түгелдей.
Обалың менде қалмасын,
Атам кәрі дегенің,
Қазір қайтқын жеріңе.
Өзім нашар дегенің,
Тездеп қайтқын жеріңе.
Кетем десең, қайта бер,
Бәрің туған еліңе.

Манастың жарлығына жұрт қуанып, елге қайта бастайды. Жақып, Бақай бас болып, қырғыздың көбі Таласқа қайтады. Қатағанның қарт Қосайы, Еламанның Ер Тәстігі, нойғұттардың Ақбалтасы да олармен бірге Шет Бейжіннен кетеді.

Қырғыздың көбі кетті деген хабар қытайға дереу жетеді. Манасты аңдып жүрген Қоңырбай ұлы найзасын сайлап, кезі келер сәтті асыға күтіп, жансыздарынан хабар тосады.

Қоңырбайға хабаршы,

Көз байлаушы сиқыршы,
Манжу деген балуаны,
Төбедегі айдарын,
Бір уыс қып түйеді.
Беліндегі шүберек,
Сәлде қылып орайды.
Қожалардай жеңіл тон,
Үстіне баса киеді.
Қара қасқа есекті,
Қампая тартып мінеді.
Асай – мүсей қолында,
Алласын айтып бурутша,
Диуанаша селкілдеп,
Жолын көздей жүреді.

Бұл хабаршы «диуана» баяғы аспаз болып жүрген Шуйқычыға келеді. Оны тосып жүрген Шуйқычы жазған хатын бір нанның ішіне салып, бере қояды. Хабаршы оны Қоңырбайға жеткізеді. Онда былай деп жазған екен:

«Батырым Қоңыр, кебімді ұқ,
Жүректе жатқан шерімді ұқ.
Ит көргісіз тұрмыста,
Қанша жыл жүрдім қырғызда!
Әркімнің бағып есігін,
Тыңшылық болды кәсібім.
Мерт болар жерін Манастың,
Анықтап білсем деуші едім.
Бейжінді білген Манасқа,
Алыса келсе, әл жетпейт,
Атысқанмен оқ өтпейт.
Хан Манас сырын айтайын,
Қасиетті жан екен.
Таң сарғайып атарда,
Ұлы судың жиегінде,
Тұла бойын тазалап,
Етігі жоқ аяқта,
Жарағы жоқ үстінде,
Жалаң шапан жамылып,
Қауіптенбей ешкімнен,
Аспанға қолын көтеріп.

Қорғасын болып өн бойы,
Сиынып жалғыз тұрғанда,
Сонда айла болмаса,
Мүмкін емес өлтіру,
Одан басқа мезетте.
Зілі шұқып көзінді,
Жоқ қылар сенің өзінді!»

*Мұны оқыған Қоңырбай ұшын уға
суарған найзасын алып, Алғарамен заулатып,
Шет Бейжінге қарай тартады.*

Қырық дарбаза Бейжіннің,
Қақпаға жақын барғанда,
Әр есігін күзеткен,
Әр бірінде бір шора,
Қырық шора күткен дарбаза.
Қырғыл шал мен Ақаяр,
Таң мезгілі болды деп,
Бекем ұйқтап қалыпты.
Ашық тұрған есіктен,
Алғарамен сып етіп,
Басқаны жанға білінбей,
Қоңырбай кіріп барыпты.

Манасты бүгін күзету,
Ажыбайдың кезегі.
«Сырттан дұшпан келмейт,» – деп,
Қапілетсіз болыпты.
Ат үстінен найзасын,
Қара жерге қадапты.
Найзасына сүйеніп,
Қарткүреңнің үстінде,
Қатып ұйқтап қалыпты.

Көкжал Манас батырың,
Басып суға барады.
Қолын суға малады,
Асықпай дәрет алады.
Таң алдында бағымдат,
Сиынуға қамданып,
Опал таудай ер Манас,
Жалаңаяқ, етіксіз,

Дулыға жоқ, тақия,
Дарияның бойында,
Шекпенін тұрды жамылып.

Бойы балқып шер Манас,
Екі қолын көтеріп,
Құбылаға қарап тұрғанда,
Кешілдің ханы Қоңырбай,
Алтын жебе найзаны,
Кезеп келіп, шіренді,
Арыстан Манас батырды,
Қыр арқаның сүбеге,
Батыра сайып жіберді.

Сонда Манас бүк түсті,
Төбесіменен тік түсті.
Ұйқтап қалған Ажыбай,
Кенеттен көзі ашылды,
Тұра ұмтылып антаңдап,
Қоң төрені қашырды.
Қоңырбайға жете алмай,
Не Манасты тастап кете алмай,
Арқаға кірген көк сүңгі,
Бұрап суырып алады.
Найзаның ұшы қырт етіп,
Белінде сынып қалады.

*Жараланған Манастың шоралары
абыр – сабыр болып, естері шығады.
Алтындаған шатырда әлі құрып бара
жатқан Манастың жарасына Алмамбет
медет деген және себеп деген дәріні аямай
салып, уытын қайтарады. Байтал биенің
қазысын жарасына тартып байлап, күнде
дәрілеп емдейді. Беті бері қарай бастағанда,
қасына әскер қосып беріп, Манасты Таласқа
аттандырып жібереді.*

*Ал осы кезде Қоңырбай: «Манасты
жайғап келдім!» – деп, жалпыға хабар
салып, қалың қол жинап, қырғыздарға
қырғын салмақ болып аттанады.*



Батырлардың өлімі

Қалың әскер, көп қаңғай,
Қоңырбайы бас болып,
Жетіп келді қылқылдап.
Қырғыздардың қосынын,
Он айнала қоршады.
Найзалары жылтылдап.

Қайраттанып, құдайлап,
Алмамбет, Шуақ, ер Сырғақ,
Ажыбай және Мұзбұршақ,
Жаңбыршы менен ер Көкше,
Ірет, ірет қол болып,
Манас ханның қызыл ту,
Ажыбайға ұстатып,
Қырандардың барлығы,
Ұрысқа кірді жабылып.
Қуып келген қаңғайды,
Ұйғы – түйғы түсіріп,
Орта тұсын Алмамбет,
Ойып кіріп кеткені,
Бір қанатын ер Сырғақ,
Сойып қріп кеткені.
Ақбалтаның Шуағы,
Оқ жыландай жеткені,
Хан Манастың қырық шора,
Бөліп – жарып кеткені.

- Қашпағын! – деп қытайды,
Ақырып қуды Айжаңжұң.
- Қырылғыр! – деп бақырып,
Күркіреп қуды Күнжаңжұң.
Қаша түсіп көп қосын,
Қайра тартып жабылып,
Араласып кеткенде,
Айбалта мен шабысып,
Екі жақтың әскері,

Қарсылдасып салысып,
Қанша тұлпар мал өліп,
Қайраты зор ер өліп,
Өлік таудай үйіліп,
Түпті қытай қалың жұрт,
Түбінен түре қозғалып,
Мыңы өлсе бұлардың,
Қайтадан мыңы қосылып,
Қараса көзге ілінбейт,
Қытай менен қырғыздың,
Қайсы екені білінбейт.

Қалың қолды кикүлап,
Қара малдай тоқпақтап,
Айдап кірді Қоңырбай.
Толқып қаңғай кіргенде,
Мұнарды көр, шоқты көр,
Тура тиген оқты көр.
Қазып қойған орды көр,
Қайнатылған сорды көр!
«Қақайлап!» ұран шақырған,
Қаптаған қалың қолды көр!
Көкті жапқан шаңды көр,
Шаңға аралас көміліп,
Ағып жатқан қанды көр!
Қаңғайлардың Күнжаңжұң,
Қайраты қабат ер екен,
Қиқырып оқтай жетерде,
Сараланың үстінен,
Алмамбеттей асылды,
Көме қойып кетерде,
Көріп қалған ер Шуақ,
Көгаласын зырғытып,
Таудай болған Жаңжұңды,
Тоңқайта сайып өткені,
Құлап Жаңжұң түскенде,

Наркескенмен ер Сырғақ,
Ылашындай жеткені,
Басын кесіп кеткені.

Бұл хабарды ұққанда,
Хан Қоңырбай, Айжаңжұң,
Қылқылдатып қол айдап,
Қызықты қатты қылады.
Бұрқыратып, шұрқырап,
Манжу кірді бір жақтан.
«Қаңғайлап!» ұран шақырып,
Қалмақ кірді бір жақтан.
Шибей, солон – екі ру,
Бұл да кірді бір жақтан.
Торғауыт, қара қытайы
Олар да кірді бір жақтан.

Айласы күшті Қоңырбай,
Балуандарын қаптатып,
Ер Сырғақтың басына,
Ырғытып шалма сала алмай.
Ер Сырғақтың Көкшыбыш,
Кекілін көкке ырғытып,
Тұяғын жерге мылғытып,
Арандай аузы ашылып,
Басын жерге салыпты.
Құстай ұшып жануар,
Еті қызып алыпты.
Үстіндегі Сырғағы,
Жебедей ұшып зырқырап,
Жақын кіріп барғанда,
Ұстаймыз деген көп қаңғай,
Қашады бәрі дырқырап.
Әлеукеңің Қоңырбай,
Бақырады бұрқырап:
- Қосын болмай, жерге кір!
Қайратты қашан қыласың?
Жалғыз Сырғақ буруттан,
Жабыла бәрің қашасың!
Манастың батыр шоралар,
Жетіп кіріп келгенде,
Алмамбет, Шуақ бір жақтан,
Олар да қоса кіргенде,

Қандай айла қыласың?!
Қаптаңдар қане, Сырғағын,
Тірі байлап алайық,
Неге қорқып тұрасың? –
Деп әскерге өкіріп,
Қуады Қоңыр зекіріп.

Тап осылай көп қаңғай,
Жабыла қаптап қалғанда,
Жан қасқайып ер Сырғақ,
Жапаны жалғыз тартқанда,
Алмамбет, Шуақ екеуі,
Арқыратып келеді,
Анда – мында бір тиіп,
Сарқыратып келеді.
Жеткен жерде екі шер,
Айбалта менен шабысып,
Қылыштасып оңды – сол,
Жүрекке найза малысып,
Қаңғайды кірді қашырып,
Сабандай жауды сапырып.

Қытай, манжу қалың ел,
Қаптағаны қиян – сел.
Халқынан кісі қалмастан
Қатты соғыс салады,
Өлгеніне қарамай,
Өршеленіп алады.
Жабылып қаңғай кірген соң,
Салысып жүрген үш берен,
Бел байлаған белі жоқ,
Белгілі Манас шері жоқ:
- Қайра тартып қалайық,
Итұрысты салайық!
Өлгеніңнен қалғаның,
Аман барғын Таласқа.
Қорлық көріп қалдық деп,
Айта барғын Манасқа! –
Осылай деп, соғысып,
Қаша берсе ер Шуақ,
Алмамбет қалып салысты.
Алмамбет шыға бергенде,
Сырғақ қалып салысты.

Сырғақ шыға бергенде,
Шуақ кіріп салысты.

*Сонда хан Қоңырбай бас болып,
Алмамбет, Шуақ, Сырғақты қалың әскер
қаптап қуып, қоршауға алуға тырысады.
Алайда, соғысқа әбден машықтанған, әдіс
– айлалы, асқан батырлар қаша соғысып,
жауға жеткізбей құтылып кетеді. Сол
бетімен Манастың артынан жөнеледі.*

*Бұл кезде Таласқа қайтып бара жатқан
ауыр жаралы Манас бірнеше күн жол жол
жүрген соң, бір жонға тоқтайды. «Ертең
елім беліне найза тиген соң, қорқып қашып
келді демей ме?!» – деп, ойланады. Сол
кезде Алмамбет, Шуақ, Сырғақ үшеуі келіп
қалады. Манас ерлерін көріп, қайраттанып,
Аққұланы мініп, әскерін кері бұрып, жаумен
соғысуға беттейді.*

*Оларға Қоңырбай бастаған, Айжаңжұң
мен тұтқыннан Манас босатқан Несқара
қостаған көп қаңғай қаптап қарсы шығады.*

Мұны көріп алыстан,
Арғын ханның Ажыбай,
Үзіктей қалпақ ер Шуты,
Ыраманның Ыршуыл,
Кәрі қатты Бозуыл,
Түйе көтерген Ақаяр,
Жайма кекіл Жас Айдар,
Серендеген Серегі,
Төлгеші қара Төлегі,
Таздың ұлы ер Үрбі,
Қырықтың басы Қырғылшал,
Баймат пенен Байшора,
Өлмеген жерде қалдық деп,
Түгел қаптап қырық шора.
Қашырып кірді бір жақтан,
Көкше батыр, Мұзбұршақ.
Жалақтатып найзасын,
Қоса кірді ер Шуақ.
Алда кетіп барады,
Алмамбет пенен ер Сырғақ.
Қағысқан жерге шу салған,
Қабыланның балуандар,

Аралап кірді ұрысқа.
Өлгенінен қалғаны,
Бәрі кірді соғысқа.
Батырлар қатты бақырып,
«Манастап!» ұран шақырып.
Қырып – сүріп кетеді,
«Қақайлатып!» қытайды,
Қайра сүріп Бейжінге,
Айдап кіріп кетеді.
Кебез белбеу, кең етік,
Кешілдің ханы Қоңырбай,
Кеңінен ақыл ойлады,
Айжаңжұңмен кеңесіп,
Араға елші жолдады.

*Елші болып келген Шаңтимес Манасқа:
«Аямай соғыстық, қырылыстық, қаншама
ерлер қаза болды. Енді тоқтайық, бізге жеті
күн мұрсат беріңіз! Елмен кеңесіп, ханмен
ақылдасып, Қарыханның тағына сізді
апарып мінгізіп, хан көтеріп тынайық!» –
дейді. Манас оның сөзіне сеніп, жеті күн
мұрсат береді. Сонда Алмамбет Манасқа:
«Енді Таласқа тірі қайтпаймыз! Өйткені
жеті күнде бас – аяғын жиып, қытайлар
күшейіп алады. Аманатымды айтайын
– Таласқа тірі жетсең, алған жарым
Арукенің бойында алты айлық балам бар,
ұл туса атын Күлшора деп қоярсың! Мына
тұрған шоң Бейжін – анамның туған
жері. Осы жерде қаным төгілер. Себебі,
бала күнімде айдаһардың алдына барып
оқығанымды білесің. Сол кезде Қаражой ұлы
Шыпшайдар менен алты ай артық оқыған.
Сегіз жыл айықпас ауруға шалдығып
жатып, жазылып шықты деп естігенмін.
Ол – қазыналық мерген, келіп қалса, бәрімізді
сау қоймайды!» – деп күңіренеді.*

*Алмамбеттің айтқаны тура болып
шығады. Шынымен де арқалы мерген
Шыпшайдар келіп жетеді. Жеті күн
мұрсаты біткенде, Қоңырбай уәдесін бұзып,
соғысты қайта бастайды.*

Хан Манастың шоралар,

Алмамбет, Шуақ аралас,
Аянбай кірді соғысқа.
Мұзбұршақ, Көкше екі хан,
Қайта кірді соғысқа.
Манастан басқа қосынның,
Бәрі кірді соғысқа.

Қазыналық шоң мерген,
Оғы жаза кетпеген,
Қаражой ұлы Шыпшайдар,
Айдарханның Көкшесін,
Шекесін жара бір атты,
Бір атқаннан құлатты.
Осы кезде Алмамбет,
Айжанжұнмен беттесіп,
Тіке келіп қалады,
Өлтіре сайып салады.

Ұзын бойлы, кең иық,
Ақбалтаның Шуағы,
Шабдар атты Несқара,
Алдынан шыға қалғанда,
Аңтара сайып өткені,
Есінен танып теңселген,
Несқараны ер Сырғақ,
Жара шауып кеткені.

Бидайық ханның Мұзбұршақ,
Жарағы бойда бір құшақ.
Телқызыл менен елігіп,
Жеті сан қолдың ішіне,
Жеке кіріп желігіп,
Қоңырбайға жеткені.
Түп етектен аларда,
Талқан қылып саларда,
Ту түбінде Шыпшайдар,
Қикырып жүрген Бұршақты:
«Оң жақ шеке өзі – деп, –
Өксіп тисе, көзі!» – деп,
Шыпшайдар тартып салғаны,
Мұзбұршаққа оқ тиіп,
Қайран бас талқан болғаны.

Жиырма бірде ер Сырғақ,
Астындағы Көкшыбыш,
«Шуу» дегізбей шырқатып,
Шуылдаған дұшпанның,
Кез келгенін құлатып,
Қарсы шыққан қаңғайдың,
Қаншамасын сұлатып,
Көкшыбышқа қамшы ұрып,
Қапталынан қалшаға,
Қайран Сырғақ жеткені.
Алғараның үстінен,
Аңтара сайып өткені.
Алашықтай барбайып,
Ат үстінен Қоңырбай,
Ұшып түсті дардайып.
Жиырма бірде ер Сырғақ,
Алғараны олжалап,
Ойнатып қостап алады.
Жалғыз ат баспас жаман жол,
Жаман жолға түскенде,
Астындағы Көкшыбыш,
Бір сүрініп өткені.
Бастағы болат дулыға,
Ұшып түсіп кеткені.
Жерге түскен дулыға,
Еңкейіп іліп алғанша,
Басына кие салғанша,
Қаражой ұлы Шыпшайдар:
«Екі көздің ортасы,
Өлшеулі жердің өзі, – деп, –
Төмендесе көзі!» – деп.
Көздеп тұрып бір тарс атты.
Ер Сырғақ аттан тік түсті,
Тік түскенде, бүк түсті.
Шекеден қара қан кетті.
Астындағы Көкшыбыш,
Тулап шыға береле,
Қаражой ұлы Шыпшайдар:
«Ауыз омыртқа тұсы, – деп, –
Өлер жері осы!» – деп,
Көздеп тұрып бір атты,
Көкшыбышты сұлатты.

Жалпы қаңғай, ер қалша,
Жаңбырдай қылып жақ тартып,
Бұршақтай қылып оқ атып,
Салысқан жері Итөлмес,
Аққу ұшса, канаты,
Күйіп кетер шөл екен.
Шымшып оттар шөбі жоқ,
Қырық күншілік жол екен.
Қалдайған шетін ер Шуақ,
Қамап келіп береді.
Орта жерін Алмамбет,
Ойып келіп береді.
Қалған жерін шоралар,
Сойып келіп береді.

Кешілдің ханы Қоңырбай,
Жебеден бұрын жеткені,
Жеткен жерден Шуақты,
Көме қойып өтеді.
- Тірі байлап алғын! – деп,
Халқына бұйрық етеді.

Алты мың қалдай, сан балуан,
Шуақты қоршап алады.
Көкжал Шуақ Ашалбарыс,
Суырып алып қынынан,
Алдынан келген дұшпанды,
Ат үстінен құлатып,
Турасынан келгенді,
Томырайтып сұлатып,
Басына шалма салдырмай,
Тоғыз күні алдырмай,
Көкаладай күліктен,
Жаяу қалған ер Шуақ,
Қолындағы Сұркелте,
Оңға ауып бір атып,
Ояндарын құлатып,
Ойға – қырға жүгірген,
Денеге торды шалдырмай.

«Егізім Шуақ қайда?» – деп,
Жоқтап жүрген Алмамбет,
Сияр құйымшақ Сарала,

Құйғытып белге шыққанда,
Қаптап кеткен көп қара,
Ақбалтаның Шуағын,
Қоршап алған кезі екен.
Қыран Алмаң көйқасқа,
Жебеден бұрын жеткені.
Жеткен жерден Шуағын,
Бөктере қашып өткені.
Жолында тұрған Көкала,
Мінгізе шауып кеткені.

Шуақ атқа мінген соң,
Тізгіні қолға тиген соң,
Әзизханның жалғызы,
Кейіп айтып тұрғаны:
- Еренім Шуақ, жан досым,
Таласқа есен тартпаймыз,
Қытайдан аман қайтпаймыз!
Кел, ендеше, сырттаным,
Тіріде қош айтысып алайық!

Айырылмас екі дос,
Ажалдың тура аузында
Арыздасып тұрғанда,
Ақылдан танып қалтандап,
Айласын таппай қырғыздар,
Қашып қалған кезі екен.
Орта жерін Қоңырбай,
Түріп қуып келеді.
Арт жағынан қалың қол,
Сүріп қуып келеді.

- Айналайын шоралар,
Өлім деген зор қонақ,
Келіп тұрған өлімнен,
Қайсы жан қашып құтылмақ?!
Толқып келген қытайға,
Тоқтамай ұрыс салайық!
Толған қырғыз қосынын,
Ажыратып алайық!
«Манас жоқта шоралар,
Қырғызшты бәрін, – деп,
Өсектеп жұртың жемесін,

Қызыталақ шоралар,
Қашып өлді!» демесін! –
Деп осылай Алмамбет,
Соғысқа кірді шабынып.
Манас ханның шоралар,
Ақбалтаның ер Шуақ,
Артынан кірді жабылып.
«Манастап!» ұран шақырып,
Қайнаған қалың дұшпанды,
Қайра сүрді жапырып.

Алғара аузын ақырып,
Бұрып жүрді Қоңырбай,
- Қайра қашпа, иттер! – деп,
Ұрып жүрді Қоңырбай.
Осы кезде Алмамбет,
Қоңырбайға жеткені,
Жеткен жерде қалшаны,
Аңтара сайып кеткені.
Ақбалтаның Шуағы,
Қоңырбайға жетерде,
Басын кесіп кетерде,
Қамбыл мерген тарс атты,
Шуақтың оқ жаңылды төсіне.
Өлер – өлмес жанменен,
Жан көрінбес шаңменен,
Оқ тиген жерге жығылмай,
Сұркелте үні тиылмай,
Араласып қытайға,
Атысып кетті ер Шуақ!
Итөлместің жалғыз жол,
Сала қашып жоғалды,
Көкала тұлпар батырды,
Ала қашып жоғалды!

Қазыналық сұрмерген,
Қызыл киіп, дыр қойды,
Жасылды киіп құбылды,
Көкетайдың Боқмұрын,
Жәдігердің ер Шығай,
Екеуін қатар бір қойды.
Боқмұрын мен ер Шығай,
Екеуі оққа ұшқанда,

Қатағанның хан Қосай,
Естектердің Жаңбыршы,
Шыпшайдарға жабылып,
Қиқу салып, соғысса,
Қаражой ұлы Шыпшайдар,
Қараса көзге ілінбей,
Қайда екені білінбей,
Қайнап жатқан қырғызға,
Бұршақтай қылып оқ атты.
Болат оқты сұр келте,
Үнін үнге қостырып,
Оныменен мың атып.
Оның оғы жеткенше,
Қолындағы сұр жебе,
Мұныменен жүз атып,
Аран ауыз ақ жебе,
Оныменен елу атып,
Оғы тура тигенде,
Қабылан Серек ер өлді,
Кәдімгі Үрбі шер өлді,
Төлгешідей ер өлді.
Көкжалдардың көбі өлді,
Жайма кекіл жас Айдар,
Түйе көтерген Ақаяр –
Зор балуаны тағы өлді.
Төңіректің төрт бұрыш,
Топтап хабар беруші,
Төре Шуты тағы өлді.
Арқан үзер Ақжолтай,
Манасқа жақын бала өлді.
Байшора батыр тағы өлді.
Әнжиянның Санжыбек,
Айырсақал ер өлді.

Бейжінге кіріп қайырылып,
Берендерден айырылып,
Көкжал Алмаң ер жалғыз,
«Манастап!» ұран шақырып,
Қайқалатып қытайды,
Қамап айдап қалған жер.
Қалың қаңғай, көп манжу,
Ақылы кетіп антаңдап,
Қиын қырғын болған жер.

Ой – шұңқыры өлікке,
Таудай болып толған жер.
Сонда Жаңжүң бастап ханы өліп,
Талай балуан тағы өліп,
Жалғыз қалған Қоңырбай,
Қаһарланып сабылды,
Қазыналық мергені,
Шыпшайдарға жалынды:
- Өлеңнен күйген өрт жаман,
Өзіңнен шыққан жат жаман!
Сырыңды біліп кетті ғой,
Алмамбет деген ит жаман!
Басында қырық хан жұрты едік,
Қырып салды жұртымды!
Айтқаныма көне көр, батыр,
Алмамбет атып бере көр, батыр!

Әзизханның жалғызы,
Алтын айдар, шоқ белбеу,
Ақ жолбарыс Алмамбет,
Қылышы қолда жарқылдап,
Айбалта белде сыңғырлап,
Сырнайза қолда жалақтап,
Қан майданның ішінде,
Қоңырды іздеп табады.
Шуақтың кегін алам деп,
Қаза болған ерлердің,
Жолына құрбан шалам деп,
Өлсем өліп қалам деп,
Тегі жанын аямай,
Тура көздей шабады.
Ұшы құрыш қыр найза,
Ұшыртып келіп қалшаны,
Қыр арқадан саяды.
Таудай болған Қоңырбай,
Ерден арты таяды,
Үзеңгіден шығып аяғы,
Алғараның үстінен,
Аударылып қалады.
Ағып өткен Алмамбет,
Атын бұрып, қайтадан,
Басын кесіп алмаққа,
Қоңырбайға шабады.

Жанталаста бір тасқа,
Сүрініп кетіп Сарала,
Бастағы болат дулыға,
Ұшып түсіп қалады.
Іліп алып еңкейіп,
Басына қайта кигенше,
Аңдып жүрген Шыпшайдар,
Бала күні Алмаңмен,
Аждаһаның оқуын,
Оқып бірге дос болған.
Бірі кетіп қырғызға,
Бірі қалып қытайда,
Өсе келе өш болған.
Қарайып жүрген қанына,
Қазыналық сұрмерген,
Алмамбеттей асылды,
Жарқыраған маңдайдан,
Көздеп басып салғаны – ай,
Алмамбеттің алтын бас,
Қақ жарылды алмадай,
А, дүние, жалған – ай!

Алмамбет оққа ұшқанда,
Қалың қосын жылады.
Ер тоқымы жонында,
Тулап шықты Сарала,
Құлыны қалған немедей,
Тұра қалып кісінеп,
Жоқтап шықты Сарала.
Қызыл қырғын майданды,
Аманат жаны қиналып,
Жарып шықты Сарала.

Сонда Ыраманның Ыриуыл \Жыршы ұлы\ Манасқа келіп, батырлардың қаза болғанын хабарлайды. «Асып туған ерлеріңді Қаражой ұлы Шыпшайдар атып өлтіріп, сорымызды қайнатты!» – деп зарлайды. Ауыр жараның азабын тартып жатқан Манас қайғыдан қан жұтып, қабырғасы сөгіліп: «Асылдардан айырылып, қиналып тірі жүргенше, тумай тұна шөгейін, Манас болмай өлейін!» – деп, орнынан тұрып, Ақкелте мылтығын таянып, Аққұласын

жетелеп, кек қайтаруға бекініп, соғысқа шығады. Қаражой ұлы Шыпшайдар жүгіре басып, жасырынып жеткен екен, Манасты атса, оғы өтпейді, Аққұланы атып салады. Оқ аттың ауыз омыртқа сүйегін талқандап өтеді.

Қабыланның Аққұла,
Күре тамырдан қан атып,
Бір кісінеп алғаны.
Теңселген бойы Манасқа,
Иегін артып қалғаны.
Сүйегенмен, тұрмады,
Тау құлаған сияқты,
Жануар жерге сұлады.

- Азапты дүние, оңба! – деп,
Адамды атпай, малды атқан,
Наданға нәлет, Жаратқан! – деп, айкөл
Манас атын құшақтап егіліп, естелікке
кекілінен бір тұтам кесіп алып, бір иіскеп
қоштасып, қаһарына мінеді. Баяғыда
анасы Шиырды Манасты туганда, бір
ақ сақалды диуана келіп: «Арыстан бала
екен, он екі жасқа келгенде аманат қылып
берерсің. Басына қиын күн туып, әбден
жаны қиналғанда атсын!» – деп, бір болат
оқ сыйлапты. Оны Шиырды мен Қаныкей
Ақолпоққа бекемдеп тігіп берген екен. Міне,
енді Манас жағасын сөгіп, сол қасиетті
оқты алып, Ақкелтені оқтайды.

Кәдімгі қара дүрбіні,
Ақкелтенің үстіне,
Қоса байлап қапсырып,
Мылтығын кезей қалады.
Иір белдей қара тас,
Соған арта салады.
Қалмақ, қытай, манжудың,
Хандарын көріп қалады.
Жойқара мен Шыпшайдар,
Шұйқышы мен Көрегеш,
Қанжарқол мен Уғанак,
Турасында Бозкертік,
Желжетпеспенен сегізі,

Қатар тұрып қалыпты.
Әлеукеңің Қоңырбай,
Адамнан аяр кәпір – ай,
Бөлініп тұрып алыпты.
«Манасты атсыз сойдық! – деп,
Қаңғайлар қиқу салыпты.

*«Қырғыздың қырандарын қызыл қанға
батырып, қырып салдым! Енді Манасты
тірідей қолға түсіріп, қол – аяғын байлап,
Қақанға алып барамын! Мен өзім ұлы хан
боламын!» – деп шаттанған Шыпшайдар
қара араққа қарық болып, қарқ – қарқ күліп,
думандатып, масайрап, масаттанады. Сол
уақытта қабылан Манас мылтығын кезеп,
оларды көздей бастайды.*

Айкөлің Ақкелтені сұңғанда,
Қарауылға қарайып,
Сегіз ханның сегіз бас,
Тегісі мен жақындап,
Есік бойы келгенде:
- Жаратқан, қаңғайды қиын ер қылма.
Қағысқан жауға басынтып,
Қанды кегім қайтармай,
Мені қара жермен тең қылма! –
Беренің айкөл мұны ойлап,
Қайрадан тіктеп көздеді,
Оңтайы келген кез еді,
Атып салды келтені,
Қасиетті жалғыз оқ,
Күркіреп жауға жетеді,
Серпілтіп сегіз төренің,
Басын жұлып кетеді!

Ақкелте үні шыққанда,
Қалың кешіл шырқырап,
Шибей, солон, манжулар,
Бөлек – бөлек бырқырап,
Сегіз дәуін жыққанда,
Қашты бәрі дырқырап.
Қыр басында хан Манас,
Қарап тұрды қасқайып,
Ақкелтесін таянып,
Ақ сауыты жарқырап!



Манастың соңғы қайраты

Ал, осы уақытта Таластағы Қаныкей ұйқыдан шошып оянып, Бақай ағасына жанұшырып барып, алақандай хат береді: «Айкөлім аманында елді тапсын! Шамасы бітті, енді Бейжіннен қайра қайтсын!» – деп, сәлем айтады. Әулие тектес Бақай ағасына әуелі Манаспен сайысып, артынан дос болған Қыз Сайқалдың Семетейге атап сыйлаған Тайбуырыл тұлпарын жетектетіп жібереді. Күні – түні жүріп, он екі күнде жетеді.

Бақай көрді қалың қол,
Бір белеске жеткенде.
Қалың қытай қырғызды,
Қоршап алған кезі екен,
Ер Манасты бас қылып,
Алақандай қосынның,
Айқайға салған кезі екен.
Жетелеп келіп ер Бақай,
Жаралы Манас батырға,
Жеткізіп берді Бурылды!
Қытайдан қиын –қыстауды,
Көргенде берді Бурылды!
Пендеде болмас тозақты,
Тартқанда берді Бурылды!
Аққанқы ерді жонына,
Артқанда берді Бурылды!

Былғары терлік Аққанқы,
Аққұлаға шақ қанқы,
Нардай болған Бурылға,
Салып көрсе ер Манас,
Терлігіне терлігі,
Тепшіп қойған немедей,
Құйысқанға құйысқан,

Құйып қойған немедей,
Басмайылға басмайыл,
Бап келтірген немедей,
Тайбуырылға мінеді.
Қаһарланып хан Манас,
Алтын жақты айбалта,
Білекке қынай шалады.
Алысқа атар Ақкелте,
Арқасына салады.
Албарыс құрыш Зұлпықар,
Қынай белге шалады.
Найзаның ұшы өтпеген,
Қылыштың жүзі кеспеген,
Ақолпоқты киеді.
Асаба қолда қалқылдап,
Жау жарағы жарқылдап,
Қарсы алдынан қараса,
Ақ жолбарыстай түрленіп,
Арқасынан қараса,
Айдаһардай сүрленіп,
Жауға Манас аттанса,
Хан Бақайы жанында,
Арғын ханның Ажыбай,
Қырықтың басы Қырғылшал,
Тірі қалған шоралар,
Бірге аттанды кектесіп,
Кек алмаққа серттесіп.
Қытай менен қырғыз қол,
Иен шөлде беттесіп,
Қырғын соғыс салады.
Қабылан Манас, ер Бақай,
Қайқалатып қытайды,
«Қақайлатып!» қашырып,
Түре қуып қалады.

Есенхан мен Қоңырбай,
«Шері Манас келді!» – деп,
Бейжінге кіріп қамалып,
Дарбазасын бекітіп,
Жасырынды көп қытай.
Есігін бұзып кіре алмай,
Кірер жерін біле алмай,
Қаһарланған қанқор шер,
Қара болат айбалта,
Қармай алып үйірді,
Қазығы болат есікті,
Қайқайтып тұрып соққанда,
Қарсылдатып жіберді!

Сол кезде аспаннан дауыс, үн шықты:
«Шадиар тимес Бейжінге,
Шамаңыз келмес, қайтыңыз,
Топан су келмес Бейжінге,
Тобыңыз келмес, қайтыңыз!
Батыр – ай, теңеле берсең Бейжінге,
Қабырғаңыз қатыр – бұтыр сөгілер,
Қаныңыз қара ғана судай төгілер.
Еліңе аман жетсеңші,
Құдайдың жазған бұйрығы,
Осындай екен, көрсеңші,
Сен жеріңе ғана жетіп өлсеңші!»

Осындай деген үн шығып,
Аян беріп тұрғанда,
Өлгенінен қалғандар,
Бет алған жаққа жиылып,
«Алла!» деп шықты Бейжіннен.
Сары – Арқаны жерлеген,
Көрген елдің барлығы,
Салмақты қиын ер деген,
Көкшесінен айырылып,
Күңіреніп, қайғырып,
Қазақ шықты Бейжіннен.
Мүзбұршағын алдырып,
Қырым жұрт қайтты жеріне.
Кең Тәшкенді жерлеген,

Көкөтайдың көп елі,
Бокмұрыннан айырылып,
Олар тартты еліне.
Қара ормандай кешегі,
Батырлардан айырылып,
Қанша жұрт қайтты қайғырып.
Хандарынан айырылып,
Қаралы болып қосыны,
Қараң түн түсіп Манасқа,
Желмаяға оқ артып,
Қайра тартып Бейжіннен,
Тынбай жүрді Таласқа!

Осы кезде алыстан,
Арыстан Бақай, ер Манас,
Алмамбеттің Сарала,
Көре қалып қапыстан,
Алақандай бұл қосын,
Жібектен қылған сып арқан,
Он екі орап бүктеді.
Асыл сүйегін Алмаңның,
Әулие Бақай ағаңыз,
Шоралар мен жабылып,
Саралаға жүктеді.
Кекілін сылап иіскеп,
Жалынан сипап, қағады:
«Қош, Сарала, – деп оны. –
Таласқа қарай жөнел» – деп,
Айдап жолға салады.

Сонда Манас кейіп тұрғанда,
Арқа мойын арасы,
Ауырып кетті батырдың,
Найза тиген жарасы.
Айкөлің атқа міне алмай,
Естен танды тұра алмай.
Ойлап тұрып хан Бақай,
Аршадан табыт алады,
Абайлап оған жатқызып,
Сұлтанды таңып салады.



Манас батырдың қайтыс болғаны

*Таласты бетке алып, талай күн тынбай
жол жүрген қырғыз қосыны Ермендінің
жонында, Ашмаралдың бойында, таң
сарғайып атқанда Алмамбеттің сүйегін
жүктеген Сарала тұлпарды көреді.
Ақылман Бақай ардақты Алмамбеттің
сүйегін Атбасының Шештөбеге жерлейді.
Сол кезде иесінен айрылып, әбден арыған
Сарала тұлпар даланы жаңғырта бір
кісінеп, биік жардан секіріп кетіп, қаза
болады.*

*Бұл уақытта алты айшылық азапты
алдын ала білетін қайран жеңсең Қаныкей
үйде шыдап отыра алмай, Таласқа жақын
қалған Манастың алдынан шығады.*

- Барса келмес Бейжіннен,
Падышам, есен келдің бе?
Берендердің барлығын,
Бейжінге «сыйға» бердің бе?

- Долым, бүлдірмеші санамды!
Алып келші бер жаққа,
Өлгенде көрген баламды!
Бозала тұйғын балпанды,
Боз қаршыға шолпанды!

Деп тұрса, Қаныш көнген жоқ,
Баласын шерге берген жоқ.
Құндақтағы баланы,
Қымтап тұрды көрсетпей.
Көрсетпеген себебі,
Балаға батыр Манастың,
Сұғы түссе, оңбайды.
Көзінде қара қалы бар,
Жүзінде жаман зәрі бар, –
Көрсетуге болмайды,

Қарай қалса балаға,
Баласы аман қалмайды.

Сырын білген Қаныкей,
Сырттанының қамшысын,
Ұлының шекесіне тигізді.
Шекеге тиген қамшыны,
Қуат қылып қуанды,
Құшырлана иіскеп,
Мауқын басып, жұбанды.

*Таласқа келген бетте Айкөл Манас
Алмамбеттің зайыбы Арукеге келіп, өкіріп
жылап қоя береді.*

- Аққұла оққа ұшырдым, аяш!
Алмамбет шейіт кешірдім, аяш!
Қанатымнан қайырылдым, аяш!
Ер Шуақтан айырылдым, аяш!
Мен Бейжінді шаптым, жол шалдым,
аяш,

Мен Сырғағымды жеп алдым, аяш!
Қанатым оққа жұлдырдым, аяш!
Қабыландардан айрылып,
Мен қараң күн жанды тындырдым, аяш!
Ел намысы деп жүріп, аяш,
Мен егізімді жеп салдым, аяш!
Қабыландардың барлығын,
Мен қақаншыға алдырдым, аяш!
Аш арыстан, әрі шер,
Жарлығында өлмедім, аяш!
Алмамбет, Шуақ, Сырғағым,
Барлығында өлмедім, аяш!
Айтсам, арман арылмас, аяш!
Ақырет кеткен эзиздер,
Арман қылсам, табылмас, аяш!

Хан Манас бүйтіп барғанда,

Қайың жылап, тал жылап,
Халайық, қалың ел жылап,
Токсандағы шал жылап,
Алмамбеттің Аруке,
Ботадай боздап бұрқырап,
Жоқтау айтып шырқырап,
Айкөлінің алдынан,
Жесірлер шықты зырқырап.

*Қалың ел күңіренеді. Күннен күнге
Манастың беліндегі жарасы меңдеп, сары
ірің ағып, халі нашарлай береді. Қайран
қатыны Қаныкей батырдың басын сүйеп,
бұрқырап жылап, беліндегі жарасын көріп,
жаны шырқырайды. Манас оның жайын
айтады.*

- Белімде дертім бары шын,
Кең Бейжіннің таңында,
Сиынып тұрған шағымда,
Қарауылдағы Ажыбай
Қаперсіз ұйқтап қалғанда,
Кешілдің ханы Қоңырбай,
Артымнан аңдып сайғанда,
Белімде қалған найзаны
Арғын ханның Ажыбай
Бұрап тартып алыпты.
Найзаның ұшы қырт етіп,
Белімде сынып қалыпты.

*Қаныкей: «Беліңде жараңның барын
білмедім, әттең! Менің амалымның біткені,
сенің ажалыңның жеткені!» – деп, боздап
қоя береді. Манас жан жарымен арыздасып,
былай дейді:*

- Айым, кел, берші қолыңды,
Ажалым жетіп мен өлсем,
Өрт өшкендей болмағын.
Хан өлгенде қатынның,
Төркіні жақын болады,
Атаң Темірхан көздей қашып кет.
Балтыр бесік Семетей
Қылыштың жүзін аттатып,
Інің Ысмайылға бере көр!
Ата жайын білгізбей,

Ене жайын түйгізбей,
Шұнағың Семетейді баға көр!
Менің көзім өткенде,
Бұл Талас саған жер болмас,
Аға – інім сені жөн қоймас.
Ажалым жетіп мен өлсем,
Маған еріп сен өлсең,
Семетей сорға қалмай ма?
Абыке, Көбеш арамдар,
Көкми қылып баланы,
Сиыр бақтырып қоймай ма,
Жасынан сабап жалғызды,
Жасқаншақ бала қылмай ма!?
Жасы он екіге келгенде,
Ішінен оқ өтпес тонды кигізіп,
Ене – ата жайын білгізіп.
Қолына құрал бергізіп,
Таласын сонда көрсетші!

Уақыт жетіп, мен өлсем,
Белгілі жерге сен көмсең,
Қолым тиген хандар бар,
Қорлығым көрген жандар бар,
Құтылмай қойған даулар бар.
Өліктен өшін алардай,
Қан төгіскен жаулар бар.
Көрімді ашып алмасын,
Жол үстіне сүйретіп,
Даңғыттарға жармасын!
Долым, кетпендеп көрім оя көр,
Бір адамға білгізбей,
Ақылдасып Бақаймен,
Білінбес жерге қоя көр.
Қатағанның хан Қосай,
Ақылға жетік жан еді,
Хан Қосайға хабар бер.
Еламанның ер Төстік,
Қырғыз жұрттың белі осы.
Мен өлгенде зыйнатқа,
Алпыс күні тұрам деп,
Уағда қылған хаты бар,
Хабар айтқын Төстікке.

Кең Тұрпанды қыстаған,
Қараша ханның қыз Сайқал,
«Өлерінде қырық күн,
Зыйнатыңда тұрам» деп,
Ант байласқан жері бар.
Қыз Сайқалға хабар бер.
Қырық күншілік Қырымда,
Ұрымқан ұлы Көкбөрі,
Бала шақта бірге өскен,
О дүниелік достасқан,
Көкбөріге хабар бер.

Жауға ылайық Ақолпок,
Қаныкей, жауып қойшы үстіме.
Қанды мылтық Ақкелте,
Қаныкей, сүйеп қойшы жаныма.
Бұрыннан бергі Бозкісе,
Қаныкей, іліп қойшы жаныма.
Қасиетті Зұлпықар,
Қаныкей, тақап қойшы басыма.
Сайысқа салған Сыр найза,
Қаныкей, сүйеші жақын қасыма.
Таспа тартқан Бүлдірсін,
Қаныкей, оны да ілші қасыма!

Қабылан Бақай, хан ағам,
Шақыртқанда айтарым:
Батыр Манас ініңнің,
Барлығындай болмай жүр,
Хан өлгенде, қария,
Қасат бойлап қонады,
Қалың бір топқа жолама.
Төресі өлсе, қария,
Түйеге жақын болады,
Түйе баққын, ағаке!
Асыл бура Желмая,
Мойнына тұмар таға көр!
«Інімнен қалған белгі» – деп,
Жетімнің түйесін баға көр!
Той – тамаша кез болса,
Топ болған жерге бармағын,
Ауыл –апа ұрысса,

Назарыңды салмағын!

Құладың жиып, құс құлдым,
Құрама жиып, жұрт қылдым.
Алтын жимай, ел жидым,
Осы тұрған халқыма,
Қаңғыған ерді би қылдым.
Халықтың тұрып басында,
Өтпек болдым дүниеден,
Елу екі жасымда...

Сонда Қаныкей шырқырап жылап жүріп, Арғын ханның Ажыбайға кеңес салып, хабаршыға жібереді. «Азапты басымды қинамай, алты күнде келе көр!» – деп тапсырады. Ажыбай хабар берген соң, Таласқа Қатаганның хан Қосай, Еламаннның ер Төстік келеді. Ұрымхан ұлы Көкбөрі мен бірге баласы Қояналы да: «Аяш атам Манасты өз қолыммен көмемін!» – деп, Таласқа жетеді.

Жастықта Манас жатқанда,
Жапаны Қаныш тартқанда,
Дауылпазды боздатып,
Тоғыз келін, тоғыз қыз
Он сегізге қостатып,
Айкөлге тұлды тарттырып,
Қарашаның қыз Сайқал
Күңірене келіп түсті дейт,
Қара киіп, қан жұтып,
Айкөлге аза күтті дейт.

Үй көтеріп Таласқа,
Көрсетпей батыр Манасты,
Қайран қатын Қаныкей
Ұзын өрме қара шаш,
Төбеге қынап түйіпті.
Есіл жеңгең ақылман,
Ел басқарып жүріпті.
Алты жүз атан комдатып,
Күлботаның киелі,
Отқа күймес топырақ,
Кіременен алдырып,

«Алты қылым өткенше,
Айкөлімнің күмбезі
Аман тұрсын» – деп салды.
Алты мың серкеш майына
Қыш қайнатып, бек салды.
«Ашық көмсем асылды,
Көрін ашып алар –деп, –
Жол үстіне сүйретіп,
Даңғыттарға жарар» – деп,
Бір адамға білдірмей,
Желпіністің елінен
Жетпіс балуан алдырды.
Ешкілінің қара тау,
Көз ұшында биік зау,
Заудың бетін қаздырып,
Жалғыз кісі батқандай
Ауыз жағын аштырып.
Арғы жағын кеулетіп,
Алты мың қой жатқандай.
Іші жарық жатсын деп,
Жақұт тастан жарғызып,
Алтын жатқыш салғызып,
Үстіне сұптан жапқызып,
Асты шіріп кетер деп,
Аршаның күлін төктіріп,
Ешбір жанға білдірмей,
Бағып жатты айкөлді.

Қарасаң Манас қайран ер
Кейде тілге келе алса,
Кейде тілге келе алмай
Азып қалған шағы екен.
Жан көрінбей көзіне,
Өлім келіп есіне,
Көкжалдың айтып тұрған кезі екен:
- Қанышым, қамданып енді болдың ба?
Алыптарды алып кір,
Көзімді бір салайын,
Қияметтік достарға,
Амандасып қалайын!

Манас ханның шоң орда,

Есігін Қаныш ашады.
Шақырылған достары,
Халқы бірге қосылып,
Айкөлді көздей басады.

Қырандардың барлығы,
Қол алысып өтті енді,
Қылт етіп Манас қабылан,
Қиямет көздей кетті енді.

Қабылан Манас айкөл шер
Бұл өмірден өткенде,
Халайық түгел зар жылап,
Қосай, Төстік нар жылап,
Ажыбай, Бақай шал жылап,
Хан Манастың шоралар
Найза сайып бақырып,
«Айкөлім!» деп шақырып,
Алты күні ай шықпай,
Ай қараңғы түн болды.
Жер тітіреп дүңгірлеп,
Қопарылып түбінен
Ну тоғайлар сұлады.
Шайқалып тұрған қара жер,
Жеті күнде тоқталды.
Жеті күннің ішінде
Қыбыр етіп қимылдап,
Жүрген пенде болмады.
Сонда жалпақ өркеш қара нар –
Желгеніне жел жетпес,
Басқанына мал жетпес –
Басында алтын нөқта бар,
Оқ – дәрінің барлығын
Жүктеп жүрген Желмая,
Манас жатқан жерге кеп,
Шөгіп алды Желмая,
Көзінің жасын он тарам
Төгіп алды Желмая.
Оның бер жақ жанына
Құм – Бұлақтың белінен
Тауып алған Құмайық,
Аяғына Манастың

Жатып алды Құмайық.
Арандай аузын аспанға,
Ашып алды Құмайық.
Нешеме күн дәм татпай,
Ұлып қалды Құмайық.
Манас ханның Ақсұңқар
Шыр айналып қалқақтап,
Теріс ұшып шалқақтап,
Алтыннан таққан бауларын,
Үзіп кетті Ақсұңқар,
Аспанға қарай шарықтап,
Сызып кетті Ақсұңқар.
Баяғы нардай Тайбурыл
Батыр Манас өлгенде,
Байлап қойса тоқтамай,
Қоя берсе оттамай,
Аза тұтып алыпты,
Айуан да болса жануар
Күйікке батып қалыпты.

Қайран қатын Қаныкей
Қанды беті жыртылып,
Қалың шашы жайылып,
Қара киген басына,
Қабыланынан айрылып
Отыз екі жасында,
Азабын тартып қалғаны,
Жоқтауын айтып зарлады:
- Халайық, тұнығы кетті жұлдыздың,
Тұйғыны кетті қырғыздың!
Аруағы жеткен жұлдызға,
Ата болған жан еді
Ақ қалпақты қырғызға!
Азабыңды, қайтейін,
Артып кеттің мойныма,
Талықтырмай, айкөлім,
Тарта кетші қойныңа!
О дүниеге жол тартып,
Уладың менің санамды,
Кімге тастап кеткенің,
Алты айлық жалғыз балаңды?!
Өксіген өксіп, мұң болар,

Өтіп кеттің дүниеден,
Сырттаным, өрнегің иесі кім болар?!
Ай батқанда түн болар,
Айдының жұртқа дүм болар,
Артыңнан іздер көп қырғыз,
Кеңесің тапқан кім болар?!

Қапалы Қаныш зарланып,
Осылай жылап тұрғанда,
Абыке, Көбеш – екі арам,
Шыйбыт, Қошқар – төрт арам,
Адыбай, Көлбай – алты арам,
Аяңдап түсті адырдан.
Манаспенен аталас,
Алтауы кіші қатыннан.
Оларда өксу емес, тамаша:
«Есіл қайран, өө» деп қойып,
Анда – мында аңырап,
Өкірген болып жамырап.

*Қайныларының ниетін байқаған
Қаныкей оларға: «Хан өлгенде бәрі өліп, от
өшкендей болмайық. Келген қонақтарды
сендер басқарыңдар!» – деп, тапсырады.
Ақкөңіл Абыке жеңгесін тыңдап, алтауы
алты күн бойы ештемеге араласпай, қонақ
күтумен жүреді.*

Күн қызарып батқанда,
Елдің арты жатқанда,
Қайран қатын Қаныкей
Батыр Манас сүйегін
Қосай, Төстік ерлерге
Адалдатып жудырып,
Сұпқа салып будырып,
Табытына салдырып,
Жаназасын батырдың
Алып Қосайға оқытып,
Кілемге қынап тандырып,
Шораларға сыралғы
Жаяу көтеріп алдырып,
Асыл жеңгең Қаныкей
Тайбурылды мінеді.
Таңдалғанның барлығын

Бастап шығып түнімен
Төте жолмен жүреді.
Өлерінде Манасқа
Жай қаздырған биікке,
Ешкілінің тауына
Өзі бастап барады.
Төстік, Қосай кәрісі,
Кіріп кетті үңгірге
Жақындардың бәрісі.
Бұйрығы қатты тәңірдің,
Бұйрығына өкініп,
Жайына қойып Манасты,
Кіргендер қайта шығады.
Үңгірдің аузын білдірмей
Тас уатып тығады.
Таң қасқайып атқанша,
Елге қайтып келеді,
Хан Манастың ордаға
Қайырылып бәрі кіреді.

*Шексіз шебер Бақай шер бөтен елде
өлген біреудің сүйегін таптырып, табытқа
салдырып, сұпқа салып оратып, шарайнаға
шаптатып, былғарымен қаптатып, ақ
киізді жаптырып, алты арам кіріп келгенде,
қолдарына береді. Алтауы оны Манас екен
деп, «айкөлім» – деп еңіреп, хан Манастың
күмбезіне апарып жерлейді.*

Қосай, Төстік тұрысты,
Өлуші антты қылысты:
«Айкөлден қалған бала жас,
Найзаға желек тағалық,
Айкөл шердің баласын,
Жасы он екіге келгенше,
Көз салып жүріп бағалық.
Хан өлгенде, бәрі өліп,
От өшкендей қылмайық!..
Ұрымханның Көкбөрі,
Қараша ханның Сайқалы,
Уағданы қазір қылындар,
Манастың асын бергенде,
Ту түбінде тұрындар.
Сөйтіп барлығы: «Манастың асын

*халық атасы хан Қосай бастап, ер Төстік
қостап тұрсын!» – деп уәделеседі. Келген
жұрт күңіреніп, ел – еліне тарайды.
Қарашаның қыз Сайқал үйіне жеткен
күні түнде дүниеден қайтып, іздесе сүйегі
табылмайды – қиямет жары Манасқа
қосылып кеткен екен.*

*Ұрымханның Көкбөрі көкжал Манаспен
ақыреттік дос болыпты. Баласы Қояналы
екеуі Шамбыл – Белдің белесіне кешкілік
жетіп, ерді басқа жастанып, құбыланы
бастанып, ұйқтап жатқанда, жолын тосып
жүрген Жаналы деген қас неме Қояналыны
атып өлтіреді. Атасы Көкбөрі көзінен қанды
жасы сорғалап, баласының сүйегін іздеп
таба алмайды – Қояналы шырағы қияметтік
атасы Манасқа кеткен екен.*

Көкбөрі елге барыпты,
Күйік түсіп ішіне,
Жалғзынан айрылып,
Қайғырып қатты налыпты.
Абыке, Көбеш екі арам
Қаныкейді зар қылып,
Тартқызғанда азапты,
Көкбөрі келмей қалыпты.
Хан Манастың зыйнатқа,
Көкбөрі келмей қалды деп,
Төстік келмей қалыпты.
Төстік келмей қалған соң,
Қатағанның хан Қосай,
Ол да келмей қалыпты.
Баяғы уағданы бек қылған,
Хан – бектердің бірі жоқ,
Айкөліңнің зыйнатқа,
Бәрі келмей қалыпты...

*Бұдан арғы Манастың тарихы баласы
Семетейдің тағдырына ұласып, елдің
елдігін, ердің ерлігін жырлаған батырлық
жыр жалғаса береді.*

1.12.2019ж – 5.02.2020ж.



СЕМЕТЕЙ



Шапқыншылық

Айкөл Манас қайтыс болғаннан кейін, қайғыға батқан қырғыз елінің басына қара бұлт үйіріледі. Жақыптың қалмақ тоқалынан туған ұлдары: Абыке, Көбеш, Адыбай, Көлбай, Шибыт, Қошқар алтауы Манас ағаларының аруағынан аттап, оның артында қалған жесірі Қаныкейге қастық ойлайды. «Ағасы өлсе, жесірін інісі алатын жол бар. Абыкеге қосыл!» – дейді.

Қаныкей бұған қарсы болады. Батырдың орнын ешкімге бастырмай, артында қалған тұяғы Семетейді өсіруді ойлайды.

Ағайындылар Қаныкейге қысым жасай бастайды. Бұлардың үлкені, хан болған Көбеш інісі Абыкеге: «Қаныкей жеңгенді саған алып беремін деп едім, ол әлі көнбей жүр! Бұл қалай?» – деп, сызданады. Абыке: «Ол маған анамдай болған. Мен оны қайтіп алмақпын?!» – деп бас тартады. Көбеш оған ашуланып, ақырады: «Ағасының қатынын інісі жерге тастамайды! Аласың!» Одан соң қырық шораға қаратып: «Өзіме шора боласың, өзенді самал жайлауға, өз еркіңше қонасың, айкөлің Манас өлмегендей боласың! Қырық шораның басы Қырғылшал мен

Тазбаймат, екеуің Бақай шалға білдірмей барыңдар да, қасарысқан қарабетті Абыкеге алып беріңдер! Тимейтін болса, түгін қоймай шауып аламын!» – деп, кесіп, пішіп, бұйрық береді.

Қырғылшал сонда бұйдейді:

*- Кеше Манас ағаңыз,
Жаяу келген шораға,
Ат жүйрігін мінгізді,
Жалаңаш келген шораға,
Тон жақсысын кигізді.
Бойдақ жүрген шораға,
Қыз сұлуын сүйгізді,
Үйсіз жүрген шораны,
Ақ ордаға кіргізді,
Малсыз келген шораға,
Адырда жылқы алабас,
Арғымақ будан аралас,
Бөліп беріп ер Манас,
Кісілігін білгізді!
Үзілгенді жалғады,
Шашылғанды жинады,
Берен Манас көкжалдың,
Етегін ұстап ер болдық,
Ер ұлымен тең болдық.*

Аруағы биік Манастың,
Аулына қайтіп кіреміз?
Артында жалғыз тұяғы,
Оған қайтіп тиеміз?
Тұзы ауыр Манастың,
Тұзына қайтіп сиеміз?
Қабылан аруақ ұрмай ма,
Ордаға қайтіп кіреміз?!»

Сонда Көбеш қағынып,
Кеп айтады шабынып:
«Әрқашанда қырық шора,
Қызыр шалған Манас деп,
Көзіңнің жасын төгесің.
Ол Манастың орнында,
Хан боп отыр Көбешің,
Дегеніме көнесің.
Дегеніме көнбесең,
Қолымнан қазір өлесің!
Қырғылшал мен Тазбаймат,
Қаныкейге барасың,
Ақырғы сөзін аласың,
Айтқанымды қылмасаң,
Ажалынды табасың,
Айдалада қаласың!»

*Ханның әмірі – қатал. Амалы құрыған
Қырғылшал мен Тазбаймат Манастың
ордасына аттанады. Қайғыға батып,
қан жұтып отырған Қаныкейге келгенде
қырықтың басы Қырғылшал:*

Өлгендер қара көрде бар,
Өрнек пен нұсқа елде бар.
Жетімдік арман менде бар,

Жесірлік арман сенде бар! – деп толғап
келіп: «Қабылан Манастан айырылып
қалың ел күңіреніп отырған шақта, қайыңа
тимеймін дегенің – кесірлік болады. Семетей
ер жеткенше ерге тимей отырмайсың.
Бақдәулет тоқалдан туды екен деп, қайының
Абыкені арам деп қорлама! Ол – ақылды,
адал жігіт.

Өлгеннен жесір қалатын,

Өрнекті жолға салатын,
Өз жесірім алам деп,
Қайынысы қалап алатын.

*Басқа амалың жоқ – хан Көбештің
айтқанына көнесің, Абыкеге тиесің!
Көнбесең – хан Көбештен өлесің, өлмесең де
көресіңді көресің – Темір ханның шаһарына
жалғыз өзің қайтасың! «Тілімді алмаса, бұл
жесірді айдап жолға саламын, өз баламдай
інімді алып қаламын! – деп Көбеш хан кәріне
мініп отыр!» – дейді.*

*Кешегі шорадан мұндай сөзді естігенде
Қаныкей ашынып, қаны қайнайды.*

Тұзым ұрған иттердің,
Айтып тұрған кебін көр,
Барлық қырғыз айтты деп,
Қылып тұрған ебін көр!
Сояды деп хан Көбеш,
Күш көрсеткен демін көр!
Тамтығы жоқ тасырдың,
Тауып келген ерін көр!
Талайы жоқ бейбақты,
Тапсырып тұрған жерін көр!
Араға жүріп сөз айтар,
Сендерден басқа ел жоқ па?
Қарабет болып ері өлген,
Халқыңда мендей кем жоқ па?
Асылым Манас өлгелі,
Қырық күн әлі толған жоқ.
Қатынын қыстап алардай,
Қанқор Манас көкжалдың,
Кәделі асы болған жоқ.
Мен қарабет сорлының,
Басынан қара түскен жоқ.
Айтқан сөзді білген жоқ.
Артында қалған жетімнің,
Сөйлеп сөзге кірген жоқ,
Ай қараңғы болғанда,
Түн осындай екен ғой.
Айкөлдiң көзі өткенде,
Күн осындай екен ғой!

Шамам келсе тимеймін, Манастың

*тұзы ұрған құл, сен жүрген жолға кірмеймін!
Тартынбаймын өлімнен, екі ақымақ сені
сояйын!» – деп, қаһарланған Қаныкей ақ
болат қанжар – Ақтінтені суырып алып,
Тазбайматқа салып жібереді. Екі шора
қызыл қанға батып, Сұрқызыл мен Кертелкі
аттарына мініп, тұра қашады. Сол бойда
Жақып пен Көбешке жетіп, бәрін баян
қылады. Жақып ашуланып:*

*«Қаншықты барып сойыңдар,
Қара көзін ойыңдар!
Жетімектен айырып,
Жалғыз қылып қойыңдар.
Келгендерден кеп ұқтым,
«Алты мың жамбы, мың құндыз,
Параға Бақай жеп алып,
Текешінің Орманбек,
Ханына долы Қанышты,
Береді екен деп ұқтым!
Анық балам Көбешім,
Адал балам Абыкем!
Ұяты жоқ шерменде,
Келтірді жанның намысын,
«Арам» деп жесір айтқандай,
Арам Көбеш сен емес!
Баласын арам дегізер,*

*Арсыз Жақып мен емес! – дегенде,
қаһарланған Көбеш хан: «Мен дегенің
соңымнан еріңдер, Манастан қалған
қазынаны бәріңе бөліп беремін! Ермегеннің
басын қылышпен бөлемін, қызыл қанын
төгемін! Қатыннан қорлық сөз естіп, хан
болып қайтіп тұрамын, жетімін көкпар
қыламын!» – деп, қолын бастап, Қаныкейді
шабуға аттанады.*

*Қаныкейге бұл сөзді жұрт жеткізеді.
Ол төніп келе жатқан қауіпті сезіп, енесі
Шиырдыға:»Кең Ақшидің бетінде, қара
жолдың шетінде, көкжалдың қорғанишасын
панала! Кең – Қолға бойыңды батыр,
жалғызыңды жасыр!» – дейді. Шиырды
бөгелместен шырқырап, Семетейді*

*бауырына басып бұрқырап, тау – тастың
арасына барып тығылады.*

*Әне – міне дегенше,
Хан Көбеш келді бақырып,
Өз атын өзі шақырып:
«Бағамды білмес қарабет,
Байқамас жесір шамасын,
Кесапатты қаншықтың,
Талқандайын қаласын.
Меніменен қастасып,
Тірілтіп келсін Манасын!
Көкпарға тартам, алып шық,
Көзінше сойып баласын!»*

*Осыны айтып көр Көбеш Қанышты
айбалтамен тартып жібереді. Қапы қалған
Қаныкей шыңғырып жылап, бүк түседі.*

*Қызыл қанға батқанда,
Жер құшақтап жатқанда,
Қамшыменен емшегін,
Тіле –тіле шапқанда,
Жазығы жоқ жесірдің,
Алмадай басын аларда,
Үзіктей қалпақ ер Шуты,
Манастың жақын шорасы,
Ұстай алды Көбешті.
«Көбеш, сен хан емессің, бекерсің,
Хан екенің шын болса,
Қалқаны жоқ қатынның,
Қайтіп басын кесерсің?!»
Деп осылай ер Шуты,
Аталы сөзбен ұялтып,
Араға түсе қалғаны,
Тілсіз жатқан жесірді,
Хан Көбешке шаптырмай,
Жан сауғалап алғаны....*

*Сол уақытта Көбештің әскері хан
жарлығын екі қылмай, ауылды шабады.
Манастың ордасына басып кіріп, баланың
жабулы тұрған бесігін жұлып ала жөнеліп,
ішінде бала бар ма, жоқ па деп те қарамай,
көкпар қылып тартып кетеді. Жаудан
тартып алғандай, қара буырыл жылқыны*

айдап әкетеді.

Төрт түлікті мал қоймай,
Төңірекке жан қоймай,
Жалғыз түйір дән қоймай.
Тағалыдан тай қоймай,
Таңбалыдан қой қоймай,
Қалқа қылар там қоймай,
Сая қылар тал қоймай,
Сауып ішер мал қоймай,
Жақсылық көрер жай қоймай,
Жанаса жақын бай қоймай,
Үстіне тігер үй қоймай,
Қуандырып Көбешті,
Хан Манастың сан дүние,
Талап алып жөнелді,
Олжаға бәрі кенелді.

Сол бойында Жақып пен Абыкеге келіп, Манастың аулынан тонап алған дүние мүлік, қазына малды бөліседі. Ақ сауыт пен ақ дабылды Жақып алады, Ақолпоқ пен Ақкелтені, Ақалбарыс пен Сырнайзаны, алтыс үйлі қалшаны, одан басқа қаншаны өз мүлкім деп Көбеш иемденеді. Айкөлдiң айбалта мен қылышын: «Абыке ақымақ алсын, алмаса – өзімде қалсын!» – деп, Көбеш хан жау шауып, жеңіске жеткеннен жаман масаттанады.

Осы кезде Қаныкей,
Жарағын бойға іле алмай,
Жасанып атқа міне алмай,
Дардаңдап келген Көбешке,
Жағаласып кіре алмай,
Жекпе – жекке шығуға,
Ақтінтені ала алмай,
Атырылтып бетпе – бет,
Атойлап найза сала алмай,
Арманды болып, айла жоқ,
Емшегін жара шаптырды,
Дөкірсіген төбетке,
Оқысынан қаптырды.
Жүрейін десе, әл кетті,
Арқадан қара қан кетті...

Бұл қорлықты көрген соң,
Әлсіздігін білгізбей,
Жарасына тигізбей,
Көзін ашып қараса,
Қырық жыл суға шыласа,
Қылт етіп түсі оңбаған,
Сексен жыл суға тастаса,
Серпіліп шіріп қалмаған,
Алтын түсті зор кілем,
Көзіне мүлде ілінбей,
Ақкелте, Олпоқ, Сырнайза,
Қайда екені білінбей,
Талдың бәрін сұлатып,
Тамның бәрі құлатып,
Түгін қоймай шауыпты.
Үйіріп ілер үстіне,
Киімнің бәрін алыпты.
Мұны көріп Қаныкей,
Абдырап тұра қалады,
Зарланып дауыс салады:
«Аңдысып жүрген алты арам,
Басыма кара түн салды.
Қиналып мұртын сыйпалап,
Қиямет кетер шағында,
Есілім айтқан сөз еді:
«Ері өлгенде қатынға,
Төркіні жақын» – деп еді.
Дұшпанның көңілін тойғызып,
Баламның көзін ойғызып,
Көкпар қылып сойғызып,
Бұл жерде жүріп нетейін?
Енемді ептеп жетелеп,
Баламды алып төтелеп,
Жетілгенше жетімім,
Бұқарды көздей кетейін.
Таудағы жылқы алабас,
Тобыршақ, будан аралас,
Томсартпай жұртты күтуші,
Арқамда еркек бала жас.
Алдырып қойдым иттерге,
Айыпқа мені қаласаң,
Асылым тұйғын ала жат!

Алтынды жиған сен болдың,
Азабын тартқан мен болдым.
Күмісті жиған сен болдың,
Қызығын көріп алты арам,
Күйігін тартқан мен болдым.
Қара – Бура, Шатқалым,
Қайырылып тұрар шамам жоқ,
Қайран жерім, есен бол!
Аппақ қалпақ, көк шекпен,
Қоштаса алмай мен кетсем,
Қайран елім, аман бол!
Қызыл көйлек, қыпша бел,
Қыз балдарым, есен бол!
Кең пейілді, келісті,
Келіндерім, аман бол!
Қара егіннен күріш көп,
Қалайыдан күміс көп,
Боз қояннан түлкі көп,
Боқшаға жиған мүлкі көп,
Қайран жер, Талас, аман бол!
Ақ сақалын жайқаған,
Адамның сырын байқаған,
Әріптескен адамды,
Алақанда шайқаған.
Көк сілеусін бөрік киген,
Көк ала қалқан ойнатқан,
Алдыда жүрсе ақжолтай,
Арқада жүрсе, сан қолдай,
Қапілетте сөз тапқан,
Қараңғыда көз тапқан,
Қысылғанда қу жанның,
Амалын тауып беруші,
Ағекем Бақай мында жоқ.
Ай қараңғы түн екен,
Мендей жесір байғұстың,
Азапты тартар күні екен...
Айкөлімнен айырып,
Тал бойымды талдырып,
Тағдырдың түсті салмағы,
Көрінбей кетті көзіме,
Берендердің аруағы.

Қазылған қалың орым – ай,
Қайнаған қалың сорым – ай!
Мандайымның қайқысы,
Бұл дағы ырысымның тайқысы.
Айкөлімнің барында,
Асылды жидым киіздей.
Ақыреттік дос болған,
Батырдан қалған қырық шора,
Кісілігін білгізбей,
Аулымды шапты бүгінде.
Алты арамға айдатып,
Жау болып шықты түбінде.
Алтыным болмай көмірдей,
Еркінсіп енді еліріп,
Кіші қатын балдары,
Аулымды бұзды семіріп!..»

Деп осылай Қаныкей,
Атыста кесе оқ өтпес,
Ақолпоқты таба алмай,
Манастан қалған сұр шекпен,
Сұр шекпенді киініп,
Алмамбеттің мылтығы,
Сырбаранды таянып,
Талаудан қалған бұйымы,
Аз да болса көп болып,
Қара сұр өңі шөп болып.
Қайраттанып бел байлап,
Қайғырып жылап көз жайнап,
Жаралы жері бөлініп,
Қапталынан аққан қан,
Етегіне төгіліп.
Бүлдірге болар жіп қалмай,
Бүлкілдеп үрер ит қалмай,
Қарқ етіп ұшқан қарға жоқ,
Құрқ етіп ұшқан құзғын жоқ,
Қара қылар адам жоқ,
Қарбытып асар тамақ жоқ.
Кең дүние тар болып,
Мүшкіл болды Қаныкей,
Мұңдасарға зар болып!



Қашқындар

*Жарасы жанына батқан Қаныкей
Үш – Қосайды межелеп, енесі Шиырды
мен баласы Семетейге келеді . Қиналып
тұрған Қанышты жылата бермейін
деп, Шиырды балтыр бесік Семетейді
күлдіріп, бауырына басып, теңселип тұрған
жесірге телміре көзін салып, кәрілігін
білгізбей, қайратын білгізіп,былай дейді:
«Ой, Қаныкей құлыным, бұрқырап жылай
берме ! Ханы өлген қатынға төркіні жақын
деуші еді, сондықтан Қараханды көздеп
қашып кетейік. Бұл жерден енді біз береке
таппаймыз, атаң Темірханның шаһарына
кірейік, белінді байлап қайрат қыл!*

Бүгінгі көрген таңда жоқ,
Осындай екен дүние боқ.
Жылқыдан тұлпар кер де өткен,
Мына түпсіз дүниеден
Неше түрлі ер де өткен
Ескендір батыр шер де өткен
Бұл түбі жыртық дүниенің
Түбіне шейін кім жеткен?!

Ажал келсе өлерміз,
Азабы болса көреріміз,
Жалғызың ептеп ер жетсе
О балам бір жақсылық көрерміз!
Найзаға таққан желегім,
Осы тұрған жетімім
Айкөлден қалған белегім.
Тұлпардан қалған тұяғым,
Бұл кішкентай Семетей
Тұйғыннан қалған шұнағым.
Аспанда жарық жұлдызым
Жағамда жақұт құндызым
Аузымды ашып өпкенім,

Көзімді ашып көргенім.
Өзеннен аққан бұлағым
Өлерде көрген шұнағым.
Манастан қалған мирасым
Басымдағы панайым,
Балтыр бесік Семетей
Мандайдағы талайым!
Аңдып келіп алты арам
Адырды бойлап аспасын,
Әлсіреп әрен тұрғанда
Төбемізден баспасын.
Қармап алып жетімді,
Өз дегенің қылмасын
Кетелік балам отырмай

Оқыстан құдай ұрмасын! – деп, Шиырды
өзі жөтеліп жүріп, немересін көтеріп
алып, екеуі бұта – бұтаның арасымен
жылап – еңіреп алға қарай жүре береді.
Кебісі жоқ, байпақшаң байғұстар басайын
десе, балтырдан қара қан кетіп, жіліктің
басы сырқырап, табаны тасқа былжырап,
Шапшақтың белінен аса алмай, не қыларын
білмей, әбден қиналып отырады. Балаға
қараса, алты күн бойы тамақ ішпеген,
тіпті, бақырып жылай да алмай, көз
алдарында солып бара жатыр! Қаныкей
шыдай алмай: «Балам үшін құрбан болып
кетейін! Балам аштан өлмесін, даладан
бір азық іздеп келейін. Азық тауып келсем,
келдім, ал егер де алты күнде келмесем, өлді
деп есептерсің!» дейді .

Екеуі осылай қиналып тұрған уақытта,
Байдың ұлы Бақай хан бұларды іздеп келіп
қалады.

Сөйтсе, Бақай абаныз ақ сақалын

жайқалтып, жетім баланы көріп, Шиырды мен Қаныкейдің халын білемін деп, Кең – Қолға, Манастын Ордасына барған екен. Келсе – Орданың ойраны шыққан, не мал көрінбейді, не тал көрінбейді. Быт – шыты шыққан, дуалдын бәрі бұзылған. Қыбырлаған кісі жоқ. Тіпті, жұртта қалған ит те жоқ. Шаң басып, қирап жатқан жұртты көріп, бір сұмдықтың болғанын сезеді. Содан кейін: «Бұлар аман қалды ма екен? Енді қайдан табамын?» – деп, сай – сайды, қолат – қолатты аралап, іздеп жүрген кезде. Үй – Қосайдың қолатында, алыста ербеңдеп отырған екі қараны көреді. Осы екі қараға атпен тура келіп, Қаныкей мен Шиырдыны көріп, көзінің жасы төгіледі. Шиырды мен Қаныкей болған істің бәрін айтады. Бақай қара жерді қамшылап, арман қылады:

Сақалымның ағында,
Сапар кетер шағымда,
Арқам Манас барында,
Одан бұрын өлмедім!
Арғымақ мініп құс салып,
Арқырап жүрген шағымда,
Ақ сақалды жайқалтып,
Жарқырап жүрген шағымда.
Будан мініп, құс салып
Бұрқырап жүрген шағымда,
Бұл қорлықты көргенше,
Сонда неге өлмедім!
Қошемет қылып, қырық шора
Шұрқырап жүрген шағымда,
Алтын менен күміске,
Бөленіп жүрген шағымда,
Айбатым Манас асылға,
Сүйініп жүрген шағымда,
Маңдайда бағым тұрғанда,
Арман – ай, неге өлмедім!
Дәу болып тұрған кезімде,
Дәулетімнің шағында,
Алмамбет, Шуақ жанымда

Ажыбай, Сырғақ қасымда,
Сонда өлмей арман – ай,
Қашан қамшы тиер деп,
Қарыған кезде етіме,
Кәріліктің айынан,
Қашып жүрем қор болып,
Қалың елдің шетіне.
Айлам бар ма қайтейін,
Абыке менен Көбештің,
Бара алмадым бетіне.
Қырықтың басы Қырғыл шал,
Тұрмады айтқан сөзінде,
Қырық шораны азғырып,
Кіріп кетті қол шаппай,
Қан Көбештің өзіне.
Қаныкей балам қайғырып,
Жас алмағын көзіңе.
Жетімің аман ер жетсе
Шашылғаның жиналып,
Кеткенің келер өзіңе!
Темірханға ептеп жет
Жетімді ұстап бетіңе.
Хан Бақай қайда екен деп,
О, балам, алып жүргін есіңе.
Құлақ салып тілімді ал
Осы айтқан сөзіме.
Есен болса жалғызың
Арамдар келер есіне.
Темірханға балам кет,
Балам, кетсең – басым кет.
Ақ батамды берейін,
Айтқан жерге аман жет!
Шырқыратып жылатпа,
Шиырдыны ала кет!
Төкпей, шашпай сөзімді,
Құлағыңа сала кет!
О, Қаныкей құлыным
Бүгін бұрдың сананы,
Алысқа сапар жол жүріп,
Аман – сақтап қалыпсың,
Манастан қалған баланы.

Бұдан ары Қаныкей
Арылдаған алты арам,
Кең Қол бойлап қонбайды,
Қиғаштасқан қырық шошқа,
Бастағыдай болмайды.
Жыл он екі ай болғанша
Балам, түйе қайтарып күйермін
Төбеңнен тиген итпенен,
Реті келсе, Қаныкей,
Мен төбелесе жүрермін.
Төремнен қалған жалғызды
Мен он екі жыл күтермін.
Он екі жылда келмесе,
Таласты балам көрмесе
Азабын тартып, қорлықтан,
Ажалсыз Бақай өлермін.
О, Қаныкей құлыным
Әңгіме, дүкен құрай жүр,
Бақайдың жайын сұрай жүр.
Сен Бұқардан қайтқанша,
Бек байлаймын белімді.
Медер қыла жүрерсің,
Беренің айтқан жерінді.
Түйе ішінде қара нар,
Желмаянды сақтармын,
О дүние кеткен жалғызым

Манастың тұзын ақтармын! – деп, хан
*Бақай ботадай боздап, ішіндегі қайғысын
көзінен жас қып төгеді. Бақай абасының
сөзінен Қаныкейдің көңілі ашылып,
қайраттанып, былай дейді:*

Өзенге қыршын тал бітер,
Өлмеген жанға мал бітер.
Манастан қалған бір жетім,
Есен болса ер жетер.
Ер жеткенше ес кетер,
Есікке келген дос кетер.
Есен болса құлыным
Ептеп – септеп күн өтер.
Қапа болма, хан аба,
Қайратың жетім бар аба.

Манастан қалған белек бар,
Бас көтерер желек бар.
Балаң аман тұрғанда,
Баладан саған жөлек бар.
Өлмесем Шатқал жайлармын
Өзенге бие байлармын.
Көлеңкем аман тұрғанда,
Көбештің жайын табармын,
Доңыз ханды жайғармын!
Абыкесін айдармын.
Көбешті көрге кіргізіп,
Ел ішінен айдармын!
Ажал жетіп күн бетсе
Кімді жұтпас қара жер
Айналайын абаке,
Азық – түлік қамдап бер,
Бабында тұрған буданнан
Екі күлік таңдап бер!

*Бақай қайраттанып, ақсақалы
жарқылдап, екі жылқыны таңдап алады.
Ер – тұрманын сайлап, азық – түлігін отыз
күнге жетердей қамдап беріп, жолдан
адасып кетпеңдер деп, қойдың етін пісіріп,
ақ қоржынға салдырып, ақылын айтып,
торсыққа сүт құйып, Темірханға хат жазып
береді.*

Манастан қалған Семетей,
Екі айымға табыстап:
- О, Қаныкей құлыным,
Темірханға жетерсің,
Атаңа разы боларсың.
Арқа шашың өре көр,
Әлдилеп тұрған шұнақты
Ысмайылға бере көр,
Аулақ салғын бойынды,
Тыныш қылғын ойынды.
Балаң ербейіп атқа мінгенше,
Оқ өтпес тонын кигізбе,
О дүниеге кеткен Манастың,
Ата екенін білгізбе!
Тұлпарды мініп, желгенде,

Жасы он екіге келгенде,
Жібергін осы Таласқа,
Зиярат қылсын жетімім,
Батырым көкжал Манасқа!
Мен қияның басын шалармын,
Қиналып Бақай өлмесем,
Қиыннан қалған құлынды,
Мен жолдас қылып алармын!
Білмегенін білгізем,
Түймегенін түйгізем!
Мен ертіп жүріп ер қылам!
Ер ұлымен тең қылам!
Белін бекем буысам,
Бексінген Қоңыр қанқордан,
Береңдер құнын қуысам!
Аман келсе жетімім,
Бақай хан күнін көргені,
Жетім аман келмесе,
Байғұсың Бақай өлгені!
Аман келсе Семетей,
Жырғап Бақай толғаны,
Кешігіп қалса Семетей,
Бақайды құдай ұрғаны! – дейді.

Сөйтіп, Бақай қария Манас өлгенде Қатаганның хан Қосайы асқа берген Тайторы тұлпар мен Ақборсық деген асыл жылқыны ұстап береді. Ер – тұрманы сай екі атқа екеуін мінгізіп, баланы оң бетінен бір иіскеп, сол бетінен бір иіскеп, екеуін құшақтап, қимай – қимай көзінің жасын төгіп, көріскенше қош бол деп, аттандырып шығарып салады .

Қаныкей Таласпен қимай – қимай қоштасып: «Осы жетім балам жетіліп атқа қонғанда, жалпы қырғыз елім, айналайын кең Таласым, үмітімді үзбеймін, әлі қайтып келеміз!» – деп, көзінің жасын көл қылады. Семетейді алдарына алып, Шыырды екеуі аттанып кете барады.

Жол ұзақ, қауіпті. Екеуі алған

азықтарын жеп, суларын ішіп, күні, түні жол жүріп, Гүлтоғайға жетеді.

Гүлтоғай ата дер екен.
Жемісі мол гүлдеген,
Нұр төгілген жер екен.
Гүл – Тоғайды қарасаң,
Жаңғағы жайнап төгілген,
Жан таласқан бейбаққа,
Шын бейіштей көрінген.

Арып – ашып, қалжыраған бейбақтар сонда паналап, аттарын байлап, бір күн демалады. Терекке атын байлап, демалып, енді бір кезде оянып, жан – жағына шошына қарайды .

Ай қараңғы түн болса,
Түн немене болады?
Қоқаннан келген қарақшы
Үстінен түссе бейбақтың,
Күн немене болады?
Түбімізге жетпей ме?
Өлгенде көрген баламды
Олжалап алып кетпей ме?
Қара бет жесір мендейді,
Құрбандыққа шалмай ма?
Атадан қалған жетімді
Құл қылып қармап алмай ма?
Тентіреп жүрген біздерге
Бәлені мықтап салмай ма?
Қарыннан шыққан жалғызым
Көкжалдан қалған жұлдызым,
Жұлдызымды жетілтпей,
Қолдағы құлы қыла ма?
Жылап жүрген жесірді,
Сорлатып құдай ұра ма?
Айналайын енеке,
Жол жүрген адам тұра ма?
Сиынып қашқан сорлылар,
Бұқарға жетпей тына ма?

Екеуі қайтадан белдерін буып, ары қарай Бұқарға жол жүріп кетеді.



Бұқардың жолында

*Талай жерден өтіп, Шоң Ақшиге, шек
ара жерге жетеді. Қаныкей тебіреніп,
енесіне сағынышты сырын шертеді.
Балалық шағын еске алады.*

Бұқарда атам Темірхан,
Ер бала көрмей дүниеден,
Он екі қызды көріпті.
Қалыңын алып, ұзатып,
Он екі ханға беріпті.
Қайран атам зарланып,
Он үшінші баласы,
Мен сорлыны көріпті.
«Қыз да болса кенжемді,
Алпыс ұлға бермен» – деп,
Тойыма тоқсан сойыпты.
Таудай етке тойдырып,
Мен бейбақтың атағын,
Қаныкей сұлу қойыпты.

*Мен екіге келгенде, інім Ысмайыл
туыпты. «Айналайын, ақжолтайым
Қаныкей!» – деп, хан атам мені еркелетіп
өсіріпті. Бүкіл Бұқар елдерінің еркесі
болдым. Он екі жасқа келген соң, жорға
мініп, желбегей торқа, алтынды тоным
жарқылдап, сексен келін, сексен қыз қосшы
алып, Бұқардан алты күн жол жүріп,
сейілдеп осы жерге келуші едім. Анау көрініп
жатқан кең көлшіктің жанында қайыңға
жазған атым бар! Жүріңіз, соны көре
кетейік!» – деп, енесімен көлшікке келеді.*

Көлшігі құрғап қалыпты,
Төңіректе шынар бақ,
Тақыр қурап солыпты.
Мұны көріп Қаныкей,
Жылап тұрып, сөйлейді:
- О, айналайын, енеке,

Жолы қиын Бұқарға,
Жетеміз деп қу жанды,
Қинап өлер ме екенбіз.
Жер жүзіне біз байғұс,
Симай өлер ме екенбіз?
Семіз едік, жал кетіп,
Арық болар ма екенбіз?
Бұдан бетер сор қайнап,
Қарып болар ма екенбіз?
Көлшігім құрғап қалыпты.
Қаныкейдің кең көлшік,
Телегейі тең көлшік,
Қайыршы келсе тоятын,
«Қор болмасын Қаныш!» – деп,
Батасын беріп қоятын.
Жайқалған шынар бағымның,
Жемісін халқым жеуші еді,
Қаныкейдің кең көлшік,
Ертеде «патша тұрған» деуші еді...
Енді міне, сеніп көр,
Топырақ ұшып, тоз болып,
Қап – қара болып қазылған,
Ойыңды бұған бөліп көр,
Бұл немене болады?
Бұрқыратпай долыны,
Енеке мұны жорып бер!

Шиырды сонда сөйлейді:
- О, Қаныкей құлыным,
Көлшігің құрғап қалғаны,
Көкжалың Манас өлгені.
Айнала қурап қалғаны,
Қорлық салып өзіңе,
Арамдар малды бөлгені.
Шынарың қурап қалғаны,
Тазыдай қашып желгенің,

Азап тартып, зар илеп,
Таластан қаңғып келгенің.
Сарайың құлап қалғаны,
Заманың кетіп басыңнан,
Арамдар емшек жарғаны.
Көрмейсің бе, Қаныкей,
Опасыздың жалғаны.
Береннен қалған Семетей,
Белекке белге таңайық,
Байбалам салмай, бас көтер,
Белгілі жерге барайық,
Бұл Семетей баланың,
Бауы берік болар ма,
Белгіге төлге салайық!
Осы мына көлшігің,
Қасиетті жер екен.
Айтсам, сөзім зар екен.
Қазанбақтай қара шым,
Тылсымдаған немедей,
Тұнған сыры бар екен.
Ақылыңмен аңғаршы,
Айналайын Қаныкей,
Қара шымды аударшы!
«Қабылан Манас қолда, – деп,
Қадыр – көңіл қалмаған,
Қалың халқым онда!» – деп,
Таласқа қарап қаңтаршы!
Ішінен қайнап су шықса,
Бізге құдай бергені.
Ішінде суы жоқ болса,
О, Қаныкей құлыным,
Азаптың анық келгені.
Үміт болған жалғызға,
Төлге салып көрейік,
Тілегің қабыл болмаса,
Төрең Манас артынан,
Біз де қоса өлейік!
Оңалып төлгең дөп келсе,
Бұрқырап суың көп келсе,
Өксігің бітіп Қаныкей,
Бір жақсылық көрейік!»

Сонда Қаныкей мойнына кісе салып:
«Таудайым Манас қолда!» – деп, бетін

Таласқа қаратып, айбалтамен қара шымды
шапқылап, аударып тастайды. Осыны
күтіп тұрғандай қара бұлақ атқылап қоя
береді. Бейбақтар қуанып тұрғанда, көлшік
қайтадан суға толып, шынары көркейіп,
бұтағына бұлбұлдар сайрап қонады. Қайран
кемпір Шиырды мойнына құрын салынып,
ботадай боздап жылайды. «Құдай береді екен!
Семетей атасындай болып, кетілген болат
жетіліп, еліне келіп қонады екен! Азықты
әкел, Баабединге атап, бір тоялық, бұйрығы
күшті тәңірге бір сиынып қоялық!» – дейді.
Сонда Қаныкей: «Айналайын, енекем, Бұқарға
жеткенше алты күндік жол бар! Алдымызда
адыр – адыр бел, шымшып жейтін шөбі жоқ
шөл жатыр. Азықты қазір жеп қойып, азапқа
қалмайық, баланы аштан қатырмайық!» –
деп тартынады. Бірақ, Шиырды қоймайды:

Ой, Қаныкей құлыным,
Ажалы жеткен өледі,
Өлмеген күнін көреді.
Тірі жүрген адамның,
Ырысын құдай береді.
Арыған ат семіреп,
Ашқан қарын тойынар.
Тілекті құдай берген соң,
Төлгеміз тура келген соң,
Қурап қалған шынарға,
Қайырылып бұлбұл қонған соң,
Кеуіп қалған көлшігің,
Қайтадан суға толған соң,
Үзілгендер жалғанар,
Шашылғандар жиналар.
Күйікті жан қуанар.
Жосықты бұзып нетелік,
Алып кел, бері азықты,
Осы жерде түстеніп,
Бір қуанып өтелік!..»

Қаныкей Бақай абасы берген азықтан
қалған жарты жілік ет пен жарты
қолторсық сүтті алып келеді. Семетейді
тойдырып, өздері де ішіп, жеп, әлденіп, қол
– аяқты созып жатып демалып, ес жияды...

Мұны мұндай тастайық, Бұқардың ханы Темірханнан сөзді бастайық. Темірхан ақылы терең, қолы ашық, мәрт, қасиетті жан екен. Ең кенжесі Ысмайыл жиырма беске толып, ел аузында мақталып, айтқан сөзі ем болып, елді билеп, өрлеп келе жатқан шағы екен. Сол уақытта алпыс батыр қосшы алып, ит жүгіртіп, құс салып, Ит – Торпының бойында, шоң Бұқардың ойында жүр екен. Бір кезде Шоңкүрең аттың аузын бұрып, алысқа қадала қарап қалады. Сырын білетін батырлар: «Неменеге көзі түсті екен?!» – деп, қалт тұра қалады.

Ысмайыл балуандарын жанына шақырып, сөз бастайды:

Атымның басын тартайын,
Арманды қазір айтайын.
Айналайын балуандар,
Дүниеде толған арман бар.
Дәулет баста тұрғанда,
Құндыз бенен сусарды,
Кімдер ырғап кимеген?
Ауыздан шыққан лебізге,
Кімдер басын имеген??
Ағын судай сарқырап,
Кім күркіреп жүрмеген!
Жездем Манас қабылан,
Қаңғайға қарсы барғанда,
Қарсыласқан жауларды,
Қалтыратып алғанда,
Қаңғайдан шыққан Қоңырбай,
Алдап салған жарадан,
Улап сайған найзадан,
Айкөл Манас өліпті! – деп, толғанып,

көлшікке қараңдаршы дейді.

Өздерің көрген кең көлшік,
Жездекем Манас өлгенде,
Өзінен өзі суалып,
Жайнап тұрған шынары,
Бір – ақ күнде қуарып,
Қызыл алма, тал қалмай,
Қыбырлаған жан қалмай,
Иен шөл болып қалғаны.

Енді міне қарасам,
Көлшігі толып қалыпты,
Бақтар көктеп алыпты.
Көгеріп бұлт көрінет,
Ербеңдеп қара бөлінет,
Бірі торы, бірі көк,
Екі тұлпар көрінет.
Ерттеулі тұрған қос тұлпар,
Ежемнің аты болмасын?
Көгеріп тұрған көкте бұлт,
Ежемнің дерті болмасын?

Ысмайыл мұны айтып, жігіттерін бастап, аттанады. Қару – жарағы жарқылдап, сауыт – сайманы сартылдап, алпыс балуан құйғытып келе жатқанда Шиырды мен Қаныкейдің зәресі кетеді, қапа болып, көздерінен жасы төгіледі. Қаныкей қайраттанып, не болса да айқасып көрейін, ажал жетсе өлейін деп, атқа қонбақшы бола бергенде, Ысмайыл келіп қалады. Бірін бірі танып, өкіріп жылап көріседі. Манасты жоқтап зарлаған Ысмайылға барлық балуандары үн қосады. Қаныкей бауырына Көбештен көрген қорлығын бастан – аяқ баяндап, мұңын шағады.

- Күрілдеген көр Көбеш,
Кең – Қолда шапты көшімді.
Жас жетімді қалқалап,
Енекемді арқалап,
Ала алмай кеттім өшімді.
Қасірет түсті басыма,
Жездекеңнен айрылдым,
Ой, інім, отыз екі жасымда.
Талқандатып қаласын,
Тастап шықтым қаласын.
Таң сияқты жездеңнің,
Таласта бойын жасырдым,
Талатып қорлық көп көріп,
Айналайын Ысмайыл,
Жетімді саған қашырдым.
Бөдене деген қайран құс,
Бөлініп ұшар дала үшін,
Бөлініп қорлық шын тарттым,

Жезденнен қалған бала үшін.
Найзаға таққан желек деп,
Айкөлден қалған белек деп,
Тұлпардан қалған тұяқ деп,
Тұра алмай тентіп мен келдім,
Тұйғыннан қалған шұнақ деп.
Сенің жерің Бұқарды,
Далам десем оңбайын,
Көкжалдан қалған тұяқты,
Балам десем оңбайын!
Мойнына тұмар тағып ал,
Басыменен берейін,
Жетімінді қор қылмай,
Бауырым, өзің бағып ал!
Қуды құсқа жегізбе,
Құрғанда көрген жалғызды,
«Біреудің ұлы» дегізбе!..
Аузымды ашып өпкенім,
Көзімді ашып көргенім,
Айкөлдің жалғыз баласы,
Қалап берген мен қандай,
«Жездемнен қалған тұяқ» деп,
Жаутандатпай жалғызды,
Қалап алсаң сен қандай?!»
Ысмайылға Қаныкей,
Қылып берді ырымын,
Ит аяғын кешіріп,

Қырқып берді шыбығын.
Темір ханның Ысмайыл,
Садақ оғын қармалап,
Қылыштың жүзін жалмалап,
Антын беріп салады.
Ежесі берген жетімді,
Бала қылып алады.
Қос атпен кісі шаптырып,
Бұқарға хабар салады.
Ырым қылып балаға,
Бадана тонды кигізіп,
Ырым қылып көтеріп,
Шоң күреңге мінгізіп,
Бұқарға келіп жеткен соң,
Он жеті күн той қылып,
Бақандары майысып,
Батырлары сайысып,
Семетейдің тойына,
Көп қазына жайысып.
Алыстан келген сыншылар,
Аямай тойды жеп кетті:
«Аман болса бұл бала,
Әлемге татыр!» – деп кетті.
Қиырдан келген көп сыншы,
Қызықты тойды жеп кетті.
«Қыран екен бұл бала,
Қылымға татыр!» – деп кетті.



Семетейдің балалық шағы

Қыран Манас көкжалдың,
Ата екенің білгізбей,
Қосай берген қол жайып,
Бата екенің білгізбей.
Көсіліп жатқан кең Талас,
Жер екенің білгізбей,
Артықша туған Қаныкей,
Ене екенің білгізбей.
Табанын жерге тигізбей,

Мандайын күнге күйгізбей
Тай атасы Темірхан,
Садағасын шаптырған
Көңілі еркін өссін деп
Күнде лақ тарттырған.
Бір жасына келгенде
Бірге ойнаған балдарды,
Беймаза қылып жадатқан.
Екі жасқа келгенде,

Ер мінезі көрінген,
Екі көзден шашырап
Ұшқындары көрінген,
Үш жасына келгенде,
Жолбарыстай болған көзінен,
Жалындап нұры төгілген.
Төрт жасына келгенде
Тең тұстары жоламай,
Қабырғам қирап қалар деп
Жақындамай жанына
Аулағырақ көрінген.
Бес жасына келгенде,
Берендігі білінген.
Қаруына оқ –садақ
Кәдімгідей іліпті,
Қанаты бар буданды
Жас Семетей мініпті.
Алты жасқа келгенде
Әр мінезі байқалған,
Атасынан асар деп,
Әркім енді айта алған.
Жеті жасқа келгенде
Желіккендей көрінген,
Жерге қарап күңіреніп
Өзінен өзі сөйленген,
Мылтық атып, жақ тартып,
Жан тең келмей үйренген.
Сегіз жасқа келгенде
Шер сияқты жұлынды.
Темірден киім кием деп,
Шешіп тастап бұлымды.
Жазғы жүрген үйірдей,
Жан – жағына ұрынды.
Тоғыз жасқа келгенде,
Тауға қолы созылды.
Тауға шыққан тоғайдың,
Түп тамыры жұлынды.
Таудай болған бұл тентек,
Топты бұзар енді деп,
Толған елге ұғылды.
Он жасына келгенде,
Ойына түскен қиялын,

Бір пендеге бермеді.
Теріс тартқан тентектің,
Сазайын беріп қолына,
Оқсата қинап тергеді.
Қабылан туған шұнаққа,
Қарсы бір жан келмеді.
Он бір жасқа келгенде,
Оттай жігіт топ қылды.
Ойындағы жұмысын,
Өршіте түсіп, бек қылды.
Он екіге келгенде,
Алаулап тұрған өрт болды.
Ашуына тигендер,
Аямастан мерт болды.
Жер қыдырып су бойлап,
Ондаған жігіт қосшы алып,
Бар жарағын түгендеп,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Мылтық атып, жақ тартып,
Жол күзетіп, жау кезіп,
Найзаны жерге қадатып,
Гүілдеген бектерін,
Дірілдетіп, жадатып.
Теңтектігі артады,
Тең келерге жан шықпай,
Тығылып бәрі қорқады
*Бала Семетейдің қылықтарынан
шошыған бір ақ сәлделі, ділдә шапанды
ақсақал Темірханға келеді.*
«Тақсыр Темір ханымыз,
Аман болсын жаныңыз!
Қоламтадан сор шықты,
Осы Бұқар шәрінен,
Семетей атты зор шықты.
Саған келдік ханымыз,
Мықтап құлақ салыңыз.
Семетейдің айынан
Талай ишан қайғырды.
Ала шапан қожаның,
Басы талай жарылды.
Қасиетті ишанды
Бұл жетімің қамады.

Қолға тиген қожаны,
Айтқаны анық болмайт деп,
Ойбайлатып сабады.
Бұл жетімнің жоғында,
Хан сөзіне тең болдық.
Бұл жетімнің барында,
Басқалардан кем болдық.
Өзеннің талын қиып ал,
Өрттеніп шығып барады!
Өз еліне кетпесе
Жетімді тыйып ал!
Бұл жетімді тыймасаң,
Қақпалы Бұқар елінің
Қалағанын қылмаймыз,
Ертелі кеш үш мезгіл
Ермектей берсе жетімнің,
Бұқарында тұрмаймыз.
Биыл он екіге келіпті,
Он беске келсе оң қылмас,
Бәрімізді сау қылмас.
Қияпат жыны ұстаса,
Ишан емес, еліңе,
Қырғынды бала салады.
Оймақ ауыз бота көз,
Ойқастаған қыздарды
Олжа қылып ұшыртып,
Қырғызға айдап барады.
Қорғалатып қожанды,
Қоймай сабап молдаңды,
Тиіп алар биенді,
Шығарар білем бұл жетім,
Қай – қайдағы киенді.
Өштескенді өксітіп,
Қармап алып жайлаған,
Қарсылдасқан жау келсе,
Қанға бөлеп айдаған.
Беттесе келген жау болса,
Берекесін қоймаған.
Қараңғыда айдаса,
Қабыландай жайлаған.
Бәтшағар қырғыз тұқымы,
Тақсыр, мұны тыймасаң.

Не бұл тұрсын Бұқарда,
Не біз тұрайық Бұқарда.
Енесі мұның Қаныкей,
Тазы иттей желген – ді.
Көтеріп алып жетімді
Таластан қаңғып келген – ді.
Жетімді тыймасаң
Бұл жерде тұрып нетеміз,
Тұс – тұсқа безіп кетеміз!»

Темірхан сонда кеп айтты,
Кеп айтқанда деп айтты:
«Құдай сақал кәріңді,
Құдай алсын бәріңді.
Ақ сәлделі қожанды.
Аруақ ұрсын молдаңды!
Осы тұрған Семетей
Тұлпардан қалған тұяғым,
Ту қазанат шұнағым.
Найзаға таққан желегім
Асылдан қалған белегім.
Азып келген Қаныкей.
Сүйегімнен шыққаным,
Шуылдамай құлақ сал,
Осы болсын ұққаның!
Өлгенде көрген Семетей,
Тілегіме келгенім,
Баламнан шыққан ермегім.
Мәнісі жоқ сөз айтып
Баламды менен бөлгенің!
Оқыстан тиген қол екен,
Қанеки, сенің өлгенің,
Осы тентек Семетей
Қаласа жазар құмарым.
Он екіге келді енді,
Менің қара қасқа тынарым.
Ел аузында елек жоқ
Тағы осындай сөзіңді
Естімесін құлағым!
Қызыл болат қылышты
Білегіңе ілгізбе,
Көкжал Манас батырдың

Ата екенін білгізбе!
Созылып тұрған қара қыр.
Жер екенін білгізбе,
Қайғыланған Қаныкей,
Ене екенін білгізбе!» – деп, оларды тиып тастайды.

Алайда Темірхан: «Ел аузында қақпақ жоқ. Ертең сенің елің бөлек, бөтен деп біреу – міреу айтып қойып, нағашы атам жасырып жүрген екен зой деп Семетей маған ренжіп, ашуланып, менің қалама бұзық салып жүрмесін. Мен одан да қазынамның аузын ашып, дүниемді шашып, төңіректің төрт бұрышын жинап, айкөл Манастың асын берейін, білмеген адамға баламның тойы деп қояйын. Сегіз ханның елін жинап, ат шаптырып, той қылып, осы шұнақты халқыма хан көтеріп алайын. Жұрттың атасы болғаннан кейін, тентектігін қойып, ақылға келер!» – деп ойлайды.

Төңіректің төрт бұрышына: «Үлкен той жасаймын. Ат үстінде сайысатын найзагер батырлар, атақты балуандар, көздегенін қалт жібермеген мергендер, қара тілін қайраған жыршы, шешендердің барлығы келсін. Ерлер келсін, елдің атасы ақсақалдар келсін. Сегіз Бұхардың сегіз ханы түгел келсін бұл тойыма! Сорпаны көлдей ағызып, етті таудай үйгізіп той қыламын!» деп хабар айтады.

Сонда Қаныкей: «Тайторыны төлге қылып бәйгеге қосайын!» деген ойға келеді. Содан күріш пен арпадан жем беріп, терін алып, Манастан қалған боз кісені мойнына салынып, ақ сарбасын айтып, аруақтарға жалынып тілек тілейді. Таласты сағынып, өзінің елін сағынып, зар еңіреп жылайды.

«Қазбай қал, құдай орымды
Қайната көрме сорымды.
Қасқалдақ деген қайран құс
Қайрылмай ұшар дала үшін.
Қаншаны көрді қайран бас,

Қарыннан шыққан бала үшін.
Бөдене деген қайран құс
Бөлініп ұшар дала үшін,
Бөлекше қорлық мен көрдім
Бауырымнан шыққан бала үшін.
Бел байлап тұрған белім жоқ,
Бекініп жатқан жерім жоқ.
Белгіге шапсам торыны
Жеңгемнің аты екен деп
Белсеніп сүреп алғандай,
Белгілі қырғыз елім жоқ!
Оқтай болған Тайторы
Белгілі жүйрік мал еді
Беренім төрем өлгенде
Қатағанның хан Қосай
Қасиетті абакем
Азаға берген мал еді.
Анық тұлпар Тайторы
Бәйгені қанша көрген – ді,
Мерейін бермей бөлекке
Олжаны неше бөлген – ді!
Осы биыл жануар
Қажитын кезі келді енді.
Азуын жалап жануар
Алпыстан асып болды енді.
Кімдер жақсы көрмекші,
Мендей жесір қатынды.
Төлгеге шауып көрейін,
Тайторы күлік атымды.
Алдында келсе Тайторы
Осы тұрған Бұқардың
Бас бәйгесін бөлейін.
Артта қалса Тайторы
Ары жоқ қатын дегізбей,
Ажалдан бұрын өлейін.
Тентіреп жүрген шағымда
Айналайын жалғыздың
Бағын сынап көрейін!
Озып келсе Тайторы
Іштегі сырды ашайын!
Озбай қалса Тайторы

Жүректегі кара қан,
Айдалаға шашайын.
Айналайын Семетей,
Атаға тартқан шер болса,
Көпке туған ер болса,
Кең – Қолда шапқан көшімді,
Кекірейген Көбештен,
Кетірмей алсам өшімді!
Бастағыдай болғызса,
Таласқа құдай қондырса,
Төлгеге шапқан Тайторым,
Таласқанды жығып кел,
Талайсыз қатын дегізбей,
Тайталаспай озып кел!
Зобалаңнан қашпаған,
Жауға қолтық ашпаған,
Қараңғыда адаспас
Қабыландай жайлаған.
Қарсылдасып жау келсе
Қанын төкпей қоймаған.
Қайран қырғыз елімді
Құдай қайта қайта көргізе!

Теріңді судай сығып кел
Арқардай ырғып ағылып,
Тайторы атым озып кел!
Тілегім келмей оңынан,
Дұшпанның көңілі тоқ болса,
Бұл баламның қайраты
Атасындай жоқ болса,
Өзің өліп Тайторы
Шапқанды жолға жығып кел!
Бөлек жерге қаңғыртып
Бөліпті құдай санамды
Бөтеннің ұлы дегіздің
Өзімнен шыққан баламды.
Қазбашы менің орымды
Бұдан ары қайнатпай
Кетірші менің сорымды!
«Қашқан қатын» дегізіп
О, құдай, басыма салма зорыңды!

Қуды құсқа жегізбе,
Осы тұрған Бұқарға,
Күлкі қылып өзімді
Қураған қатын дегізбе!
Қазды құсқа жегізбе
Осы отырған Бұқарға,
Қалжыраған қарабет
Қашқын қатын дегізбе!
Қаралды қылар белім жоқ
Төлгеге шапсам Тайторы
Қапа қылмай сүреуші,
Қаралды қырғыз елім жоқ!
Уайым тартсам сын да жоқ
Ұрандап төлге мен қылсам,
Ұялмай сүреп алушы,
Ұялас қырғыз мында жоқ!
Кімдер сүйіп қуантар,
Мендей жесір қатынды?!
Қапа болған бұл бастан
Қайғы кетер күн болса,
Қасиетті қырғызды
Қайрылып көрер күн болса,
Жылағаным басылып,
Оттай көзім ашылып,
Таласқа жетіп жерімде
Өлетұғын күн болса,
Хандық құрған қайран жұрт,
Көретұғын күн болса,

Тайторы атым озып кел!» деп, Қаныкей көзінің жасы төгіп, тілек қылады.

Айкөл Манастың барында Аққұла атын көп баптаған, аттың бабын білетін Қаныкей Бұқардың кең даласында, Шоң – Ақшидің шетінде оңды – солды қамшы ұрып, ұшқан құспен жарысып, ауыздығымен алысып, арлы – берлі шаптырып, терін алып, Тайторыны әбден баптайды. Манастың анасы Шиырды енесіне келіп, құшақтап: «Мен Тайторыны төлге қылып, бәйгеге қосуға тәуекел еттім!» – дейді.



Бәйге

Қаныкей Ақборсықты қамшылап, қара шашын төбесіне түйіп, еркектің киімін киіп, темірдей өңі көгеріп, Сырбараңын өңгеріп, бәйгеге шабатын алты жүз қырық үш тұлпарды абайлап қарап өтеді. Бәрін сынап болған соң, тәуекел қылып, Тайторының төгіліп тұрған кекілін көк жібекпен түйіп, сыйда құйрығын қу шәйімен түйіп, екі құлаш ұзын шылбырды таңдап тағып, ақ ноқтаны салады. Бұқардағы сегіз ханның алдынан жоғары, төмен қарамай, өлемін деп санамай, Тайторыны жетелеп өте шығады. «Таудай болған төремді туған тоқсан бестегі енем Шиырдының батасын алайын, «желікпе» десе, шаппай үйде қалайын!» – деп, енесіне келіп, бата сұрайды.

Айналайын енекем,
Өзінде менің берекем.
Еліміз елден кем емес,
Атымыз аттан кем емес.
Жасы менен кәрісін,
Сынап келдім бәрісін.
Кетпен тұяқ, кең сауыр,
Кенен жердің малы еді.
Атекемнің Тайторы,
Бере қоймас намысын.
Төлге қылып торыны
Анық болды шабысым.
Бел байлаған белім жоқ,
Белгіге шапсам Тайторы,
Белсеніп сүреп алушы,
Белгілі қырғыз елім жоқ.
Озып келсе Тайторы,
Бұқарға қызық салайын.
Батаңды берші, енеке,

Патша атамның алдына,
Еркекше киініп барайын.
Дұғанды менен аямай,
Үміткер болған балаңа,
Медетім, менің берекем,
Қарсылық қылмай, қайғырмай,
Батаңды берші, енекем!»

Ақ бәйбіше Шиырды,
Барбайып қолын көтеріп,
Күрсе – күрсе жөтеліп,
Қол көтеріп зар жылап,
О дүние кеткен Манасты,
«Қолдай көрші!» – деп жылап:
«Ажыбай, Бақай – екі хан,
Арқа болып қолдай көр!
Айналайын жаратқан,
Қаныкей ісін ондай көр!
Алмамбет, Шуақ егізім,
Жесіріңе көзің сал!
Сырғақ, Серек теңізім,
Қайғыға туған жеңгенді,
Қансыратпай сүреп ал!
Ісін тәңір ондашы,
Жесіріңді қолдашы!
Үміткер болған байғұсты,
Жер қаратып қоймашы!
О, Қаныкей құлыным,
Қапанды атың ашсыншы,
Санаңды атың бассыншы,
Қайғыңды қалың жазсыншы!
Тілекті құдай берсінші,
Телміріп тұрған жесірдің,
Торысы озып келсінші!»
Манастың анасы, тоқсан бестегі

енесі Шиырдының ақ батасын алған соң, аруақтанып, айбарланған Қаныкей Ақборсық атты қамшылап, Тайторы тұлпарды жетелеп, таудай болып аттанады. Бұқарлықтар оны көргенде: «Бұл қайдан келген зор батыр? Асқан шер екен, бек екен, Бұқарға қорған, шеп екен!» – деп, естері шығып, айран – асыр болады. Сөйтіп, Қаныкей Тайторыны бәйгеге қосады.

Қаныкейдің інісі хан Ысмайыл батыр: «Бұзылған қатын Қаныкей Бұқарда жатып еліріп, атын бәйгеге қосты!» – деген қаңқу сөзді естіп, ыза болады.

- Жесір жүріп желіккен,
Ат шабам деп еліккен,
Осынша арсыз бола ма?
Сыздаған сүйек кімдікі?
Сынған намыс кімдікі?
Кеткен намыс кімдікі?
Келген намыс кімдікі?
Еркек киімін киініп,
Ел аралап төтелеп,
Алпыс асқан торысын,
«Шабамын» деп жетелеп,
Сегіз ханнан ер іздеп,
Болмай қалған кезі ме?
Ерге көңілі бұзылып,
Оңбай қалған кезі ме?
Төре жездем Манастың,
Төсегін басқан оңа ма?
Төрені қорлап отырған,
Осындай арсыз бола ма?
Қорлап жүрсе Манасты,
Аруағын ердің қорлаған,
Қаншықтың ісі оңа ма? – деп,
намыстанып, қаһарына мінген Ысмайыл Семетей бастаған балуандарын жинап алады. Болған жайдың бәрін айтып: «Жесір ежең ебімен ерге тие алмай, ер қыдырып, сұмдық бастап, есепсіз ұят, масқара қылды. Бұған қайтіп көнейік, «құтырған

қатын» дегізіп, жұртқа күлкі болғанша, тірі жүрмей өлейік!» – дейді.

- Ой, Семетей құлыным,
Өзенді дария бұлағым,
Өлгенде көрген шырағым,
Тұр, Семетей, барып кел,
Алдында келсе Тайторы,
«Манас! Манас!» бақырып,
Манастап ұран шақырып,
Бері сүреп алып кел!
Артта қалса Тайторы,
Қармап алып қаншықты,
Қанын судай ағызып,
Құрбандыққа шалып кел!
Жол үстіне сүйретіп,
Даңғыттарға жарып кел!
Басын кесіп байланып,
Атакең Ысмайылға алып кел!

Бұл сөзді ұққан Семетей қаһарланып, алтыс балуанға бас болып, жер – көкті дүркіретіп аттанып кетеді.

Ал Қаныкей тегін емес, қасиетті жан еді. Бұл әңгіме оған аян болады – құлағына гайыбы сыбырлайды. Сол мезетте оның іші өртеніп, көзінің жасы төгіліп, уайымға батады. «Семетей ата – анасын, ел – жұртын білмей қалар ма екен?! Тайторы артта қалып қойса, шынымен өз баламның қолынан өлер ме екенмін?!» – деп күңіренеді.

Қайран жеңген Қаныкей,
Қыр басында қайқайып,
Тура қарап тұрады.
Айкөлің Манас өлгенде,
Өкіріп жерге көмгенде.
Абыке, Көбеш – екі арам,
Адыбай, Көлбай – төрт арам,
Шибыт, Қошқар – алты арам,
Айкөлден қалған сан малды,
Қамшыға шенеп бөлгенде.
Айла таппай сасқанда,
Бұқарды көздей қашқанда,
Береніңнің дүрбісін,

Белдемшенің бүгіне,
Сала келген емес пе?
Бір керегі тиер деп,
Ала келген емес пе?
Алты құлаш ақ дүрбі,
Алты бұрап қалғанда,
Алты күндік жерінді,
Арқан бойы келтірген.
Манастан қалған дүрбіні,
Мойнынан жұлып алады,
Ат келетін жағына,
Туралап тұрып салады.
Теңіздің бергі бетінде,
Орғып – орғып шаң шығып,
Орғыған шаңды көргенде,
Қаныкейден жан шығып,
Қадалып тұрып қараса,
Атасының Ақтұлпар,
Қарыштап шырқап алыпты,
Қалың шаңнан бөлініп,
Қарасын үзіп қалыпты.
Оның артын қараса,
Шоңқасқаның шаңы екен,
Мұның артын қараса,
Шоңкүрең сынды мал екен.
Үштің артын қараса,
Қара қасқа арғымақ,
Қарасы көзге ілінбейт,
Үстіндегі баланың,
Қанаттай болып тұс – тұсқа,
Етектері дірілдейт.
Темір ханның төрт тұлпар,
Ұзап шырқап шығыпты,
Одан басқа бір жылқы,
Қайда екені білінбейт!

*Көзіне Тайторы ілінбеген соң, Қаныкей
күйініп, зарланады:*

«Ай қараңғы болғанда,
Түн немене болады?
Артта қалса Тайторы,
Күн немене болады?...

Айналайын жаратқан,
Жан қылып мені жаратсаң,
Тұнық көлде шалқыған,
Қуды құсқа жегізбе,
Ары жоқ қатын ұлынан,
Арам өлді дегізбе!» – деп жылап, тағы
дүрбі салып қараса, Кең – Мойнақтың
жонында Тайторы үш жүз аттың соңында
келе жатыр екен. Қаныкейдің қабырғасы
сөгіліп, көз жасы Ақборсықтың жалына
сорғалап төгіледі.

Алда, шіркін, ку дүние,
Маңдай сүйегім қайқы еді,
Туылғаннан мұңайып,
Күн көрерім тайқы еді.
Ай қараңғы түн екен,
Ажалым жетер күн екен,
Жас күшіктей қыңсылап,
Жарап өлмек екенмін,
Табытым жоқ, бейіт жоқ,
Арам өлмек екенмін!
Қарқ еткеннен қарға жоқ,
Далада өлмек екенмін!
Асылын көрмей арманда,
Баладан өлмек екенмін...
Өзенді дария – бұлағым,
Өлгенде көрген шырағым,
Боз ала тұйғын балпаңым,
Боз қаршыға шолпаным,
Жау – жарағын кисе екен,
Мен бейшара сорлының,
Ана екенін білсе екен!
Қылыштан қалған қияғым,
Қымбаттан қалған шырағым,
Тұлпардан қалған тұяғым,
Тұйғыннан қалған шырағым,
Найзаға таққан желегім,
Айкөлден қалған белегім,
«Атам» деп жүрген Ысмайыл,
Жат екенін білсе екен.
Айкөлім Манас көкжалдың,

Ата екенін билсе екен.
Иттей болып мен сорлы,
Желгендігім билсе екен,
Таластан қашып бала үшін,
Келгендігім билсе екен.
Бес – Арқар жұлдыз батқанша,
Бес қайырылып бұрылып,
Емізгенім билсе екен,
Атекем Бақай азығын,
Жегізгенім билсе екен.
Күйіктің белін шырқырап,
Асқандығым билсе екен.
Арқалап алып Таластан,
Қашқандығым билсе екен!
Анаңмын деп жалынып,
Анарымды көрсетсем,
Шырағым сене қоймайды – ау?!
Кесапатты шайтан деп,
Көсілте сілтеп қылышын,
Кескілеп турап жайғайды – ау!?
Булығып жүрген жесір деп,
Жолымнан қармап алады – ау,
Дөкірсіп тұрған балуандар,
Көкпарға тартып салады – ау!
Сорлы анасын танымай,
Шырқыратып өзімді,
Шұқып тастап көзімді,
Жол үстіне сүйретіп,
«Елірмелі қаншық» деп,
Даңғыттарға жарар ма?
Далада сүйегім қаңқайып,
Көмусіз қурап қалар ма?
Шықылдаған шымшықтар,
Шарасына көзімнің,
Ұясын ойып салар ма?!
Тал жібектей шашымды,
Айдай имек қасымды,
Құркылдап құзғын жұлар ма?
Қардан аппақ етімді,
Жұлмалап айдай бетімді,
Ит – құстар жемтік қылар ма?

Ботадай мөлдір көзімді,
Қаркылдап қарға ояр ма?
Маржандай аппақ тісіме,
Шықылықтап сауысқан
Ойнақтап еркін қонар ма?
Алмадай екі анарды,
Қаракұс қарпып тояр ма?
Жайдары жазық қабағым,
Күшіген жемі болар ма?
Бүлкілдеген бүйректі,
Аш түлкі жалмап тояр ма?
Бұралып біткен бұлшық ет,
Бұтарлап бөрі тояр ма!? – деп, көз
жасы көл болған Қаныкей: «Әттең, дүние
– ай! Айкөлім Манас ауырып жатқанда,
құрбан болып неге өлмедім? Мұнша азапты
көргенше, о дүниеге ерімнен бұрын неге
кетпедім? Бел байлаған белім жоқ, бекініп
жатқан жерім жоқ, береннің зайыбы деп
сыйлар, берекем қырғыз елім жоқ!» – деп
күңіреніп, Манастан қалған бұрамалы ақ
дүрбіні тағы бір бұрап жіберіп, буданның
жолына қарайды.

Аруақтардан сұрайын,
Алтын ауыз дүрбіні,
Алты жолы салайын,
Анықтап тұрып қарайын,
Шұбап өткен аттардың,
Бәрін де түгел санайын.
Алдында Торым келмесе,
Алпыс торпақ, қырық тайға,
Сатып алған Ақтінте,
Қынынан суырып алайын,
Сүбеке мықтап қадайын.
Баламның қолын тигізбей,
Қаныма жанын күйгізбей,
Мен өзім өліп қалайын!»
Ер сипатты Қаныкей,
Ақборсық аузын бұрады,
Аруағы күшті Манасқа,
Жалынып жылап тұрады...



Тайторының шабысы

*Қаныкей тағы да дүрбі салып қараса,
Тайторы Ит – Торпының жолында, кезең
қырдың ойында, алпыс аттың соңында келе
жатыр екен.*

Басын жерге салыпты,
Қарыштап шырқап алыпты,
Мойнын жерге салыпты,
Еті қызып алыпты.
Желгеніне жел жетпей,
Басқанына мал жетпей,
Басқаша шырқап алыпты.
Еңіс жерге келгенде,
Құржындаған Торының,
Еліктей қолы сайылып,
Өрге тарта бергенде,
Жал – құйрығы жайылып,
Жазық жерге келгенде,
Тұяғы жерге тарсылдап,
Қара болат ауыздық,
Көмекейде қаршылдап,
Арандай аузы ашылып,
Қан аралас ақ көбік,
Омырауға шашылып,
Тал жібектей құйрығы,
Желмен бірге суылдап,
Кекілі көкке желбіреп,
Көнектей болған тұяғы,
Қара жерді ойғылап,
Ойнақтай басып барады,
Шайқап басын зуылдап.
Маралдай болған денесі,
Қара шаңға көміліп,
Үстіндегі жас бала,
Ер қасына жабысқан,
Қауырсындай көрініп,
Келе жатыр Тайторы,

Ерегесіп, еліріп!

*Қартайса да бабына келген алпыс бес
жасар Тайторы қара дала бойында отыз
аттың соңына ілінеді. Оны көріп толқыған
Қаныкей:*

Ой, жануар тұлпарым,
Белгілі жүйрік сен едің,
Қабылан Манас өлгенде,
Қара жерге көмгенде,
Қатағанның хан Қосай,
Атаған ерге мал едің.
Алпыстан асқан тақ едің.
Ұға көр, Торы, сөзімді,
Желіккен қатын дегізіп,
Өзектен шыққан балама,
Қор қыла көрме өзімді!
Бұдан әрі боздатып,
О, жаратқан тәңірім,

*Көр қыла көрме көзімді! – деп, қараса,
Кең Ақшидің бойында Тайторы он екі
буданның соңына жетіпті. Қаныкей
анықтап қараса, Тайторыны гайыптан
келген аруақтар сүрең салып, демеп келе
жатыр екен!*

Қаралы байғұс Қаныштың,
Көңілі көпке бөлінді,
Көлкілдеп жасы төгілді,
Көп жылаған бейбаққа,
Көңілінде көксеген,
Көкжалдары көрінді.

«Әлемге жетер даты, – деп,
Аяшымның аты» – деп,
Алтын айдар, шоқ белбеу,
Әзиз ханның жалғызы,
Ай Сарала ат мінген,

Жал – құйрығын шарт түйген,
Жалаң қылыш байланып,
Мұздай темір құрсанған.
Жеті түмен қол көрсе,
Желпіне кіріп қол салған,
Қырғыннан қия тартпаған,
Ажалдан беті қайтпаған,
Әлемге жетер үні бар,
Айдаһардай сүрі бар.
Қарыштаған тұлпарды,
Алмамбет сүреп алыпты,
Айғайлап жолға салыпты!

Оның бергі жағында,
Ұзын бойлы, кең иық,
Найзагердің ықтысы,
Сан қырғыздың мықтысы,
Қырық шораның қыраны,
Ақбалтаның Шуағы,
Адамның әлі жетпеген,
Арыстан тісі өтпеген.
Көк мауыттан тон киген,
Көгала сынды ат мінген,
Аузынан оты төгілген,
Қиқулап найза сайғанда,
Қырық мың қолдай көрінген.
«Жеңешемнің аты, – деп, –
Жетті маған даты» – деп,
Артықша сүреп – дем беріп,
Айғайды бұл да салыпты.

Одан әрі қараса,
Атқа жеңіл, тайға шақ,
Ұйқысы жоқ, жолға сақ,
Хан Манастың туысы,
Ұлақ ханның ер Сырғақ.
Қырағы батыр, көреген,
Қиқулап қалың жау келсе,
Қызыл қанға бөлеген.
Қан майданда от күшқан,
Жиырма бір – ақ жасында,
Шоң қазатта оққа ұшқан,
Көк темірді киінген,

Көпті көрсе сүйінген.
«Бұл жеңгемнің аты, – деп –
Жетті маған даты» – деп,
Бақырғаны бас жарып,
Қиқырғаны тас жарып,
Жас жолбарыс ер Сырғақ,
Оңдап түйген шылбырды,
Орай қолға алыпты,
Тайторыны сүйрелеп,
Оңды – солды тебініп,
Орғып, орғып шауыпты.
Етек – жеңі дірілдеп,
Дем беріп сүрең салыпты.

Оның арғы жағында,
Атбашыны жердеген,
Атекеңіз Қосайды,
Алысып адам жеңбеген,
Шештөбені жердеген,
Шері Қосай балуанды,
Шарпысып дұшпан жеңбеген.
Батамен елді байытқан,
А дегенде аузына,
Бата түскен ғайыптан.
Қатағанның қарт Қосай:
«Келінімнің аты, – деп,
Жетті маған даты» – деп,
Қиқулап сүрең салыпты,
Көтере демеп қалыпты.

Оның арғы жағында,
Абаң Бақай қария,
Алатаудың бойында,
Ағып жатқан дария,
О дүниеден бата алған,
Әулие Бақай атанған,
А дүниеден хат алған,
Ғалым Бақай атанған.
Айкөл Манас батырдың,
Алдында жүрсе ақжолтай,
Артында тұрса сан қолдай,
Қасиетті хан Бақай:
«Байғұсымның аты, – деп,

Жетті маған даты» – деп,
Ажыбай хан жанында,
Олар да демеп, жел берген,
Сүрең салып, дем берген!

Оның арғы жағында,
Майлаған бидай жүзденіп,
Көк тұмандай көзденіп,
Қара шұбар қабылан,
Қапталында шабынып,
Шолақ көкжал арыстан,
Жандай шауып қабынып,
Аруағы биік айкөлін,
Кең дүниесін тар қылып,
Қылқылдаған жау келсе,
Қалың қолын бастаған,
Қан майданда жүргенде,
Қамығып шошып саспаған,
Алты шердің кенжесі,
Құдайдың сүйген пендесі,
Арыстан Манас батырың,
Қарахан қызы Қанышпен,
Бармақтайда бас қосқан,
Қияметтік жан жарын,
Отыз екі жасында,
Жылатып жесір қалдырған.
Аққұла мінген шер Манас,
«Байғұсымның аты, – деп,
Жетті маған даты» – деп,
Тайторыны сауырлап,
Өзі қуып қалыпты!

*Аруақтарды көргенде Қаныкей:
«Анттасқан төрем, көкжалым, тентіреп
жүрген жесіріңді телміртіп мұнда
тастамай, өзіңмен бірге ала кет!» деп, зар
еңірейді.*

Қарақаттай кара көз,
Қамшы бойы жас кетіп,
Бөденедей қайран көз,
Бөлек – бөлек жас кетіп.
Ақ жүзінен жорғалап,
Қан аралас ыстық жас,
Ақборсықтың жалынан,

Ағып тұрды сорғалап...

*Бір кезде Қаныкей есін жиып,
қайраттанып, қайтадан дүрбі салып,
жолға қарайды. Кең – Мойнақтың жонында
Тайторы алты буданның артында келе
жаттыр екен. Мұны көрген Қаныкейдің
тағаты таусылып: «Апырмай, атекемнің
Ақтұлпары ұшқан құсқа жеткізбейтін
қазанат еді!*

Тайторы оған жете алмай,
Арам өліп қала ма?
«Қатынында халық бұзған,
Қарабеттің аты» деп,
Бұқардың халқы жиылып,
Ұят – ай, мазақ қыла ма?!
Қасқалдақ деген қайран құс,
Қайрылмай ұшқан даладан.
Ат шабам деп қарабет,
Бүгін өлер ме екенмін,
Ішімнен шыққан баладан.
Артта қалса Тайторы,
Өзімнің ұлым Семетей,
Шашымнан қармап алмақ па?
Жол бойына сүйретіп,
Даңғыттарға жармақ па?
Белестен түсе бергенде,
Тұсыма таяп келгенде,
Тайторыдай тұлпарға,
Сүреңді мықтап салайын,
Таянышым, тірегім,
Аруағына қырғыздың,
Бір сиынып алайын!»

*Қаныкей Алмамбеттің Сырбараң
мылтығын иығынан алып қараса, он екі
жыл бойы атылмаған мылтықты тот
басып қалған екен. Жалма – жан қырғылап,
қаққылап, сүртіп, тазалап, сүмбілеп, құр
дәрімен оқтап, білтесін шоқтап, ат үстінде
абайлап күтіп тұрады. Жеті мойнақ
жонында, Темірханның үш тұлпарының
соңында келе жатқан Тайторы тұсынан
өте бергенде құлағы мен кекілінен екі елідей
асырып, құр дәрілі оқпенен гүрс еткізін*

атып жібереді.

Басқаша күлік Тайторы,
Басын жерге салады,
Қара жерді тоқпақтап,
Сырбараң үні шыққанда,
Жамбыдай болған тұяғын,
Сермеп – сермеп алады,
Арқардай аяқ кереді,
Анда – мында бір тиіп,
Қарыштап тарта береді.
Қилы – қилы тартысты,
Көріп келген Тайторы,
Неше мылтық, неше жақ,
Ошағардың оғына,
Көніп келген Тайторы,
Даусын естіп мылтықтың,
Жал – құйрығы дүркіреп,
Үн шығады лебінен,
Тау бүркіттей күркіреп.
Құйысқаны сақылдап,
Шоңқасқаны тақымдап,
Көзді ашып, жұмғанша,
Жетіп қалды Күренге,
Құйрықтаса жақындап.
Қайғысы күшті Қаныкей,
Қайран жанын аямай,
Алды – артына қарамай,
«Аруақтар!» деп бақырып,
«Айкөлім!» деп шақырып,
Оңды – солды қамшы ұрып,
Жанталаса тебініп,
Ер адамша атойлап,
«Манастап!» ұран салады.
Жеткен жерде Торының,
Шылбарын қармап алады.
Қолдаушының барлығы,
Қоса демеп қалады...
Темірханның Ақтұлпар,
Ересен жүйрік мал екен,
Көбігін көкке шашады.
Еңкейіске келгенде,
Тайторы мойны озады,
Өрге шыға бергенде,

Ақтұлпар мойнын созады.
Ерегесе шабысып,
Екі үзеңгі қағысып,
Құйындатып келеді,
Құстай ұшып жарысып.
Тобықтай жерде тауы жоқ,
Суыр қазған іні жоқ,
Құмды жолға барғанда,
Құзғындай көзін қызартып,
Ақтұлпардың алдына,
Тайторыдай буданды,
Алып шықты Қаныкей,
Алты бута ұзартып.
Құм далаға барғанда,
Жайрандай көзін қызартып,
Алпыс асқан Торыны,
Алып шықты Қаныкей,
Жеті бута ұзартып.
Арқа шашын он бөліп,
Буып шығып келеді.
Құр дәрілі оқпенен
Анда – санда бір атып,
Қуып шығып келеді.
Ер тұлғалы Қаныкей,
Екі көзі өрт болып,
Жайнап шығып келеді.
Құр дәрілі оқпенен,
Күпілдетіп атқылап,
Алпыс асқан Торыны,
Айдап шығып келеді.
Тайторы ұзап алған соң,

Сөреге жақын қалған соң: *«Тұлпардан қалған тұяғым, мен сорлының анасы екенімді, айкөл Манастың атасы екенін білсе зой!» – деп, армандап, тілек қылады. «Атасына тартса теңдесі жоқ шер болар! «Неменеге желігіп, есің кетіп еркекше киініп жүрсің?!» – деп, көзімді ойып тастамасын? Еркекше киініп, не мұратқа жетемін?!» – деп, ойға келген Қаныкей үстіндегі жағасы алтын, жеңі жез жібек шекпенін, сусар бөркін шешіп, ақ қоржынға салады. Мұның бәрін ол Семетейім кисін деп арнап жасаған*

екен. Еркекше киімін шешіп, өзінің қаралы киімімен қалғанда, жарықтық Манас жаңа өлгендей болыпты. Сол күйде қиқулап, Тайторыны сүрей береді.

Ал, осы кезде, о, гажайып дүние, Семетейдің аузына гайыптан Манастың, Таластың, қырғыздың аты түсе қалады. Ол жанындағы балуандарына: «Күрсілдеген хандарға бір сын қылайық! Көрген – білген адам ұмытпастай бір іс болсын, озып келе жатқан аттарының бәрін қырып тастайық! Ежекемнің кәрі аты көрінсе, сүрең салып қуайық!

«Манас, Манас» бақырып,
Манастан ұран шақырып,
Осыны сүреп алайық!
Құдай берсе Бұқарға,
«Манастан» сүреп барайық!
Айналайын, балуандар,
О дүние кеткен жездекем,
Тірілгендей қылайық,
Көңілі бұзық кісілер,
Көріп тұрып жанынан,
Түңілгендей қылайық!
Ой мен таудың барлығын,
«Манас осы екен» – деп,
Жүгіргендей қылайық!

Бәйгеге тіккен сансыз қара мен жеті там толған қазынаны жеңіп алсақ, өзіме бір түйірін де қалдырмай, түгел сендерге бөліп беремін! Ойласаңдар балуандар, кім дулыға кимеген, бағы баста тұрғанда, кім балпаңдап жүрмеген?! Тірісінде көкжал жездеме қандай батыр теңесіп еді? Өзі өлген соң, артында еркек баласы жоқ, жесірін дұшпаны шауып, тонап алыпты. Кәрі енесін жетелеп, Бұқарға жан сақтап келді емес пе?

Адырмақты кең жылға,
Бұлақсыздай болмасын.
Қаңғырып жүрген бұл байғұс,
Тұяқсыздай болмасын.
Еңіреген ежекем,

Елі жоқтай болмасын.
Арқа қылып сүйенер,
Белі жоқтай болмасын!
Алыстағы кең Талас,
Жері жоқтай болмасын!
Берен ежем Қаныштың,
Бекем болар белі жоқ,
Медет болар бұл жерде,
Белгілі қырғыз елі жоқ!

Қайран Қаныкей ежекем Тайторыны төлге қылып бәйгеге қосты дейді жұрт. Манастан ұран салып, Тайторыны сүреп алайық! Одан озып келе жатса, атекемнің Ақтұлпарымен қосып, төрт тұлпарын түгел қырып тастайық! Бұл сырды ешкімге айтпасқа шыбық қырқып, қылыштың жүзін жалап ант беріңдер!» – дейді. Балуандардың барлығы атынан түсіп, ақ бидай нанын шайнап, қылыштың жүзін жалап:

Айтып қойсақ бұл сөзді,
Қырқылайық шыбықтай,
Жақсылық көрмей өлейік,
Бүтін емес сынықтай,
Ұрып кетсін ақ бидай! – деп, ант береді.

Ант алған соң, Семетей балуандарымен Жаңғырықтың Жар – Қиясына келеді. Осы жерде Тайторыны сүреп, қиқулаған Қаныкейдің даусын естиді де, соған қарай жөнеледі. Семетей ат басын бұрып, тұра қарап тұрса:

Оңырайған тұмсықта,
Оралма таудың ұршықта,
Тұлпардың зоры Тайторы,
Басын жерге салыпты,
Басқаша шырқап алыпты,
Алты жүз қырық үш будан,
Әлдеқайда қалыпты.
Алпыстан асқан Тайторы,
Арқардай алыс атылып,
Құлжадай көзі қызарып,
Ақтұлпардың алдына,
Түскен екен құйындай,
Жеті бута ұзарып.

Еті қызып алыпты,
Тұяғы жерге ілінбей,
Кәрілігі білінбей,
Ақырғы күшін салыпты.
Шоң қазандай қара тас,
Төбесінде шырқырап,
Құм аралас майда тас,
Құйын тиген немедей,
Ұшып жүрет зырқырап.
Ауыздықпен алысып,
Келе жатыр Тайторы,
Ұшқан құспен жарысып!

*Қаныкей Тайторыны құр дәрімен
атқылап, айғай – сүрең салып, көзінің
жасын төгіп келе жатыр екен.*

Мұны көріп Семетей,
«Манас! Манас!» бақырды,
Манастап ұран шақырды.
Бала «Манас» дегенде,
*Ойдың бәрі оңқ етті,
Сайдың бәрі солқ етті,
Қырдың бәрі қаңқ етті,
Тау, далаға даң қылды,
Манастың аты жаңғырды!*
Бала тұйғын Семетей,
Астындағы тұлпарды,
Оңды – солды қамшылап,
Айбатты ұран салады.
«Айкөл жездем Манас» – деп,
Ақырып келіп Семетей,
Жандап шылбыр алады.
«Жан ежеке, байғұсым,
Қайран бас аман тұрғанда,
Қуды құсқа жегізбен,
«Қуарған қатын» – дегізбен!
Қанаттыға қақтырмай,
Қамшылыға тартқызбай,
Қамқоршың өзім болармын!
Ой, ежеке, жалғызым,
Безілдеп жылап қалыпсың,
Белгілі қырғыз елің жоқ
Ел аузында қақпақ жоқ,
Тозаңға жүзің шалдырма,

«Тозақы қатын» дегізіп,
Дұшпанға белің алдырма!
Киімің шаңға тигізбе,
Жесірлігің білгізбе!
Сүйенішің жоқ немедей,
Етегің жерге тигізбе!
«Елірген қатын» дегізіп,
Өртіңе мені күйгізбе!
Алты арамның айынан,
Адасқан ежем, сен үшін,
Қараңғыда қалт етпес,
Ақ қалпақ қырғыз ел үшін,
Атыңды сүреп алайын,
Дұшпанға тізгін бермеген,
Асылың, жездем шер үшін!

Осылай деп Семетей,
«Манастап» ұран салады.
Тайторыдай буданды,
Бұқарға сүреп қалады.
Тайторыны алған соң,
Қаныкей қалды егіліп:
«Айналайын, құдай – ай,
Иесі атын алды ма?!
Жадыратып жаратқан,
Тілекті бере салды ма?!
Көретін енді күнім бар,
Осыдан басқа кімім бар?
Найзаға таққан желегім,
Асылдан қалған белегім,
Алыста қалған еліне,
Анықтап тиер керегің!»
Деп осылай сабылып,
Қарасын қайра салынып,
Манастай болған шұнақтың,
Тілеуін тілеп жалынып!..
Еш бір жанға көрінбей,
Орданы көздеп жөнелді!

Ештеме көзге ілінбей,
Атты сүреп айқайлап,
«Манастап» Семен шапқанда,
Қайың жылап, тал жылап,

Халық жылап, жан жылап:
«Не бір мықты жігіттен,
Еркек бала артында,
Тұяқ қалса!» – деп жылап.
«Адырмақты көк сайдан,
Бұлақ қалса – деп жылап,
Азаматтың артында,
Шырақ қалса!» – деп жылап.
Қасиетті ер Манас,
Хан екені шын екен,
Қасиетті бір таудай,
Бар екені шын екен.
Шер Манасқа бұл шұнақ,
Бала екені шын екен!»
Семетей Манастан ұран салған кезде,

ой мен қыр, тау мен тас, жер мен көктің
бәрі жаңғырып, қосыла ұран салып, дүрілдеп
кетеді. Қырдағы жылқышылар айғырын
мініп далбақтап, қойшылар таяғын көкке
лақтыра жүгіріп, сиыршылар бұқа мініп
далпылдап, орақшылар орағын көтере
бұлғап, бәрі де «байғұстың аты озса екен»
– деп қиқулап, айғай – сүрең салады. Жердің
жүзін жаңғыртқан айғай – шуменен, ұран
– сүреңмен қанаттанған алпыс бес жасар
қарт тұлпар Тайторы ұшқан құстай заулап,
алты жүз қырық үш буданан озып, бірінші
болып келеді! Бәйгені Семетей балуандарға
таратып береді, барша халық: «Қандай
гажап бала!» – деп, қайран қалады.



Семетей мен Сары таз

Қаныкей Бұқарға қашып кеткеннен кейін
Көбеш хан жасы жиырмаға да жетпеген
жетім ұлан Сарыны: «Семетейді тауып
бер» – деп, әбден қинайды. Сары айтпайды.
Ашуланған Көбеш оны Жақыпқа құл қылып
береді. Сары ебін тауып, Семетейдің
артынан қашып кетеді. Өзімен өзі көмірші
болып жүреді. Шиырды мен Қаныкейге
көрінбей: «Асыл болса – он екіде бас болар,
жасық болса – жиырма екіде жас болар» –
деп, Бақай белгілеген он екі жылды күтіп
жүрген Сарыға Семетей оқыстан тоғайда
жолығып қалады.

Бір күні Темірханның тұлпарын мініп,
Ысмайылдың сұңқарын алып, Бұқардан
шығып, саятшылық қылып жүрген Семетей
Үлкен Ақ – Ши, Майбұлақтан, Қаныкейдің
Кең – Көлігінен өтіп, Гүл – Тоғай – Ата
деп аталған қасиетті тоғайға келеді. Гүл
– Тоғай құлтырып өскен, жемісі піскен,
жасыл желегі жайылған ну екен. Қаз,

үйрегі қаңқылдап, қаптап жүргенін көріп,
қуанған Семетей қолындағы Көксұңқарын
қиялай салады. Қанжығасы майланып,
алған құсын байланып, шаттанған батыр
Батпақтының басына, тал аралас, тікенек,
Шытырманның шатына жетеді. Сол арада
дауылпазын қағып – қағып жібергенде,
бір нән қырғауыл тұра қашады. Семетей
Көксұңқарды салады. Құйғытып келген
сұңқар енді тырнақ саларда жанталасқан
қырғауыл жалт беріп, қалың шөптің арасына
кіріп кетеді. Қырғауылға қызыққан Семетей
жан – жағына қарап, ала – алмай қалған
Көксұңқардың соңынан: «Қырғауылды ала
алмай не қара басты сені?!» – деп ұрсып
келе жатқанда, тоғайдың ішінде жүрген
бір кісіні көреді.

Төрт арқан бар жонында,
Ешкі тоны етінде,
Ерлік сүрі бетінде,
Жатқан иттей қасы бар,

Жан қазандай басы бар.
Көмірі мен күйе болған,
Көп тоғайға ие болған,
Тау тұлғалы таз көрді.

Сонда Семетей: «Атам айтатын жалмауыз бен қарақшының бірі ме!?» – деп, әлгі дәуге таңдана қарап тұрады.

Сол уақытта Сары дәу,
Беліне мықтап таңылған,
Түйе мойнындай орағын,
Қос қолдап қармап алады.
Тіктеп адам барғысыз,
Аю шыдап тұрғысыз,
Тікенекті тоғайды,
Орақ пенен орғылап,
Түбіменен жойғылап,
Түйеше жайғап алады.
Ашып көзді жұмғанша,
Андай – мындай дегенше,
Таудай қылып қиғылап,
Үрпиген жердің барлығын,
Түгін қоймай ұрғылап,
Қытай оттық бауыр тас,
Қырып тұрып шоқ қойып,
Қу тезекке от қойып,
«Күү» дегізіп бір үрлеп,
Қырық құлаш көсеу қолында,
Төңірегін үйіріп,
Қара көрсе қалдырмай,
Жолым үйдей шиырып,
Көмірлері көрініп,
Көнектей болған көкпек шоқ,
Көсеуменен бөлініп,
Бұл көмірші тазыңның,
Қамбылы көзге көрініп,
Алты көнек су сыйған,
Өгіз бас кара жанаяқ,
Қайнар кара бұлаққа,
«Күп» дегізіп малады,
Жан – жағына төгілтіп,
Суды сүзіп алады,
«Күр» дегізіп бір ұрттап,
«Күп» дегізіп бір бүркіп,
Ашып көзді, жұмғанша,

Бір бүркенен жоқ, мың бүркіп,
Қырық құлаштай көсеуді,
Көміріне салады,
Көк бұқадай шашқылап,
Жан – жағына жаяды,
Алпыс түйеге жүк көмір,
Сөніп, даяр болады...

Оның мұндай жойқын қимылын көрген Семетей таңданып, сәлем береді. Сары таз оның сәлемін де алмайды, көзіне де ілмейді. Семетей ыза болып: «Сұңқарымды алып бер!» – дейді. Сары таз оның бұл сөзін де құлағына қыстырмайды, адам екен деп нысқырмайды. Қаһарланған Семетей:

«Басында бір тал қылың жоқ,
Көмірден басқа түгің жоқ,
Адам дейтін сиқың жоқ.
Батырсың ба, Сары таз?
Сәлем берсе, алмайтын,
Кәпірсің бе, Сары таз?!
Адам көрмей шөлде өскен,
Кісі көрмей тағы боп,
Қара тоғай жерде өскен,
Сәлем айтқан кісіні,
Көрмейсің бе, Сары таз!
Бүйтіп жүрсең біреуден,
Өлмейсің бе, Сары таз!
Сұңқарым алып қолыма,
Бермейсің бе, Сары таз!
Тілімді қазір алмасаң,
Сары Таз, сені соямын,
Сексен жаның болса да,
Жерге тығып қоямын!»

Семетей бұлай дегенде, Сары Таз да ашумен жауап береді:

«Атаңның көрі, жетім құл,
Ербең – ербең толғансып,
Енді кісі болғансып,
Қойқаңдайсың жөні жоқ.
Темірханның шәрінде,
Теңізін тастап Таласқа,
Тентіп жүрген сен қандай?
Тәңірсіп қуған хандардың,
Тепкісіне шыдамай,

Көмірде жүрген мен қандай?!
Тұлпарды мініп желіпсің,
Ойыңда жоқ ештеме,
Өз атыңды мінгенсіп,
Өз тоныңды кигенсіп,
Неге мұнша желіктің?
Он екіге келіпсің,
Көмірде жүрген байғұстың,
Жебіріне жетесің!
Қызбаланған жетім құл,
Қымбатың қырғыз, кең Талас,
Қиырына қашан кетесің?
Темірханның баққаны,
Көк асықтың алшысы,
Ысмайылдың үйінде,
Құс салушы жалшысы.
Көміршіге тоғайда,
Кеуденді қағып нетесің?
Көкжал болсаң сен жетім,
Еліңе қашан жетесің?!»

Осылай деп ащы тілін тигізген Сары таз қара бұлақтан бір бақыр су алып, көміріне бүркіп жібереді. Көмір бұрқ ете қалғанда, іші күйіп, екі көзі оттай жанған Семетей қаһарланып, еңкейіп тұрған Сарыны май құйрықтан қамшымен тартып жібереді. Жан даусы шыққан Сарының басы көмірге тығылып, жарғақ шалбары жыртылып, қара қаны саулап қоя береді. Ашуға булыққан Сары таз көмірден тұра салып, тістене сөйлейді:

«Қиядан түскен көшің жоқ,
Мені қызыл ала қылардай,
Қырық атаң қырғыз өші жоқ!
Бұл тоғай саған жер емес,
Атаң Манас көкжалдың,
Өкпесін жарып өлтірген,
Қоңырбай қалша мен емес!
Белінді бекем буып ал,
Берен болсаң, сен жетім,
Атаңды сойып тастаған,
Қара қытай – хан Қоңыр,
Батырдан кегің қуып ал!
Тоғайым – туған жер емес,
Енекеңнің емшегін,

Жара шауып қашырған,
Абыке, Көбеш мен емес! – деп,
Қаныкейдің көрген қорлығын, Таластан
Бұқарға қашып келіп, Семетейді інісі
Ысмайылға бала қылып бергендігін түгел
айтып береді. «Жат елде қаңғып, құл болып,
қор болып жүрсің! Анасын қаңғыған қатын
дегізіп қойған сендей байғұс бар ма екен?
Ер болса елін табар деп, сенен үміт күтіп,
көмірші болып жүрген менен сорлы бар
ма екен?!» – деп, жынына тиіп, намысын
қайрап айтады.

Көміршіден кеп ұғып,
Елің бөлек деп ұғып,
«Қиямет кеткен шер Манас,
Өзіңнің атаң!» – деп ұғып,
Көзінің жасы төгіліп,
Семетей сонда бүйдейді:
«Айналайын, Сары аға,
Білмегенді білгіздің.
Ойға келмес сананы,
Көңіліме ілгіздің.
Бүлдірсінге жоныңды,
Білместікпен тілгіздің!
Қолым тиді, Сары аға,
Қорлыққа мұны санама!
Кешіргін, аға, сөзімді,
Керек болса шұқып ал,
Әйнектей екі көзімді!
Қолым тиді, ағаке,
Ақтұлпар сынды малымды ал,
Ол аз десең, айыпқа,
Шырқыратып жанымды ал!» – деп,
Семетей әңгіменің мәні – жайын тағы да
сұрап, қайта – қайта айтқызып, сырына
әбден қаныққан соң: «Осы сөзің шын болса,
жақсылығыңды қайтарармын. Таласты
аман – есен көрсем, қалың қырғыз халқына
өзіңді хан көтеріп алармын!
Айтқанымды қылмасам,
Төбесі ашық көк ұрсын,
Төсі түкті жер ұрсын!
Атағы ұрсын Таластың,
Аруағы ұрсын Манастың!» – деп, ант
береді.



Қаныкейдің жыры

Көміршіден бұл сырды білген Семетей жер – көкке сисмай, Бұқарға келе жатып айдалада өз – өзінен «Манастап!» ұран шақырып, Талас пен қырғызды айтып бақырып, зорға басылады. Бұқарға жақын келгенде, жанадамға қарамай, қалың бақтың ортасындағы боз дөңге, қарауыл қарайтын мұнараның түбіне бір – ақ тоқтайды. «Темірхан мен Ысмайыл тегімді айтпай, жасырды!» – деп өкпелеп, Көксұңқарды шынарға қондырып, Ақтұлпарды бос жіберіп, ақ қаңқы ерді жастанып, терлігін төсеніп, шекпенін жамылып, ауыр ойға батып, жатып қалады.

Жұрт жүгіріп ханға барып, бұл хабарды жеткізеді. Темірхан келіп, құбылаға бас беріп жатқан баланы көріп, Баабединге сыйынып, жеті қара бұқаны садақаға шалады. Алпыс торпақ, қырық серкешті және атап сойғызады.

Бірақ Семетей селт етпейді. Сонда мойнына белбеуін салып, Темірхан боздап қоя береді:

- Ай қасында шолпаным,
Бозала тұйғын балпаңым,
Түпті терек шынарым,
Көрмесем қанбас құмарым,
Өлерде көрген шұнағым!
Аспанда жалғыз жұлдызым,
Жағамда гәуһар, құндызым,
Өзеннен аққан бұлағым,
Қарығанда атаңды,
Тірідей көрге сен салмай,
Басыңды көтер, шырағым!
Осы тұрған Бұқарда,
Хандығым толық басымда,

Сені көрдім, құлыным,
Алпыс жеті жасымда.
Жидым алтын кім үшін?
Бақытым, балам, сен үшін!
Сақалымның ағында,
Сапарым жақын шағымда,
Тозаққа салма атаңды!
Өкпелеп мені күйгізбе,
Таршылық салып қу басқа,
Тірідей көрге кіргізбе!
Ат пенен атың жарысып,
Атынан қалып біреудің,
Атыңнан көңілің қалды ма?
Құс пенен құсың салысып,
Құсынан қалып біреудің,
Құсыңнан көңілің қалды ма?
Тон менен тоның киісіп,
Осыдан көңілің қалды ма?
Қылышыңды айт, қыныңды айт,
Қыстамай мені шыныңды айт!
Жеті там толған қазына,
Сен үшін жиған дүние,
Балталап аузын ашайын,
Сен үшін бәрін шашайын.
Түлекте тұрған жүз сұңқар,
Біреуін қоймай таратып,
Тұс – тұсыңа шашайын.
Аямайын малымды,
Сен үшін қинап жанымды,
Төңіректің төрт бұрыш,
Төрт айнала қыдырып,
Айналайын сен үшін,
Ат күлігін табайын!
Ай әлемнің бәріне,
Хабар беріп салайын,
Оқ өтпес тонды табайын!

Бірақ, Темірхан қанша жалынса да, Семетей көзін де ашпастан, аяғын да жимастан жата береді. Шошынған Темірхан қожса – молданы жинатып, дұға оқытады. Семетей оны да елең қылмайды. Нағашы әжесі Алтынай, Ысмайылдың өзі, зайыбы Күмісай келеді – оларға да тіл қатпай, көз де салмай жата береді. Бір кезде Ысмайылдың қызы, Семетейді сәби күнінен көтеріп жүріп баққан ежесі Кішімжан келіп жалынады. Дастархан жайып, ас – суға, жеміс – жидекке толтырып қояды.

- Халайықтың атасы,
Қалқанды тонның жағасы,
Көп асықтың сақасы,
Тұяқтының тұлпары,
Қанаттының сұңқары,
Азулының арыстаны,
Ардақты інім Семетей,
Хан тарылған бола ма,
Тарылған адам оңа ма?

Тұрып, тамағыңды іше зой! Мен өзіңді бірге туғаным, ұяласым деп келдім!» – деп, өзімсініп, мойнына қолын салып, қытықтай бастайды. Семетей түнеріп: «Қытықтап күлгендей, сені алатұғын күйеуің жоқ!» – деп, қағып жібергенде, ебелектей Кішімжан ұшып кетеді. Ызадан жылап жіберіп, долданған қыз:

Есек бақсаң ардақтап,
Будан болмайт екен ғой,
Елі басқа бұл қырғыз,
Елжіреген ежеге,
Туған болмайт екен ғой!
Қорғаны бөлек көктемес,
Көңілі бөлек ептелмес,
Падашыдан сөз ұғып,
Байлапсың ғой беліңді,
Сырын ашып тексеріп,
Біліпсің ғой жеріңді.
Тауып алғын, жетім құл,
Көңіліңде көздеген,
Таласта қырғыз жеріңді!»

Елінің қырғыз екенін тағы да естіп, көзі жете түседі. Сол кезде осы қаланың төресі, даңқылдаған Көлей хан келіп қалады. «Ой құлыным, ойыңа бір жұмысты алдың ба? Бармаған тауың, алмаған жауың, шешпеген дауың, жеңбеген дәуің бар ма? Қаптаған қол, темірден тор, тебінген сор бар ма? Айта зой, балам, мен жолыңа құрбан болайын, қырғынды салайын!» – деп, ер Көлей атынан түсіп, аяққа толтыра арақ құйып ұсынады.

- Көлеңкелеп келгенге,
Паналы түпті мазарым,
Ұсынған асым ішпесен,
Сынып қалар назарым.
Он екі күн өкпелеп,
Ас ішпеген екенсің,
Өкпелеген адамның,
Ішегі күйіп, дерт болар,
Бауыр етіңе қан толар.

Ауырсаң, балам, оңбайсың, айып болса кешіріп, асыңды ішіп қой!» – деп, аяқты тағы ұсынады. Семетей ұсынғанын алмайды, тіпті назарын да салмайды. Ашуланишақ Көлей хан намыстанып, ұрса бастайды:

- Балам, сенің обалыңа қалдым ба?
Таластағы қырғызды,
Семетейдің елі деп,
Тақыр қырып салдым ба?
Бұл қылығың жөн емес,
Қаныкейдей ананды,
Иттей талап қаңғыртқан,
Абыке, Көбеш мен емес!
Мына тұрған Бұқардың,
Кең – Қолдан бұзған көші жоқ,
Жөнсіз бізді қорқытпа,
Бұл Бұқардың елінде,
Манас ханның өші жоқ!

Көлей ханның ашулы сөзін естігенде, Сары таздың сөзінің шындығына көзі жетіп, Семетей қуанып кетеді.

Ежем деп жүрген Қаныкей,

Енеме тез жетейін,
Қиын қырғыз еліме,
Қылжақтамай кетейін.
Өзгеге сұлтан болғанша,
Өз елімнің қолында,
Ұлтан болып өтейін! – деп, ет жүрегі
өрт болып, айдай бетін нұр шалып, таудай
болып атанып кетеді.

*Сол уақытта Қаныкей жұрттан:
«Семетей ауырып, он екі күн бойы ас ішпей,
сөйлемей жатыр!» – деген сөзді естіп, есі
шығып, зар илеп, құдайға сиынып, өлгенде
көрген жалғыздың жолына құрбан болып
кетейін деп, жанұшырып келе жатыр екен.
Екі мұңлық жолда кездеседі. Семетей:*

Ежем десем, енемсің,
Қаласам, қадыр түнімсің,
Төбеде жарық күнімсің,
Толқыған көлден жетімді,
Көтеріп өтер кемемсің.
Теңіз атам өлгенде,
Сан қазына дүние,
Шашып келген екенсің,
Төркінің тентіреп,
Мен жетімді көтеріп,
Қашып келген екенсің.
Алты арамның айынан,
Айла кетіп, ақылдан,
Сасып келген екенсің.
Қаз қонбаған көл бар ма?
Қазылмаған көр бар ма?
Алып Манастың баласы,
Еліне сыймай елбеңдеп,
Қашып жүрер жөн бар ма?
Айтшы, қырғыз ел қайда?
Береннің жалғыз баласы,
Бел қылары жоқсынып,
Безіп жүрер жөн қайда?
Темірханның шәрінде,
Тентіп жүрер жөн қайда?
Азапты тартқан жан енем,
Елім қайда? Мен қайда?!
Баласымен табысып,

толқыған

*Қаныкей күйіп –жанып шырқырап, көзінің
жасы бұрқырап, қанша жыл ішінде қатқан
шер – шеменін, мұң – зарын ақтарып,
аңгімені тереңнен толғап, әріге сілтейді.*

- Ой, құлыным, ұғып ал,
Мұнымды айтам бірталай,
Қазылып қалған орымды ұқ,
Ішімнен шыққан сырымды ұқ,
Қайнап жатқан сорымды ұқ!
Елдің жайын айтайын,
Жылғынды Кең – Қол, кең Талас,

*Жердің жайын айтайын, – деп, Қаныкей
Семетейге әуелі Таласқа барар жолды
сипаттап береді. «Бұқардан шыққан соң
тобықтай жерде тауы жоқ, тоқымдай
жерде қауы жоқ, суыр қазған іні жоқ Кең
Ақишіден алты күнде өтесің. Одан кейін
жайқалып өскен Гүл – Тоғайға жетесің.
Сол жерде асықпай тынығып, ұйқыңды
қандырып, тұлпарыңды шалдырып, ары
жүрсең, Қоқанға жетесің. Атаң Манас
көкжал жынына тиген қожаларын
сабайтын. Қоқанның бозасы бар, оған у
қосатыны бар. Сақ бол, қапыда басыңды
кесіп алып, Абыке, Көбешке сүйіншілеп
апарып бермесін! Одан ары Сырдарияны
кешерсің, Шиыршық, Салар – екі өзенге
жетерсің, Әулие өткен мазар бар, зиярат
қыла кетерсің. Одан ары барғанда құмында
құлан ойнаған Қазығұрттың даласынан
өтерсің – сол жағыңа қайырылма, оң қол
жақтан айырылма! Одан ары Әулие – Ата
жеріне барғанда оң қолға бұрылсаң, иір
белдей боз мойнақ – Жорға белін көресің.*

Оған шығып қарасаң,
Адыр – адыр жер келер,
Бөлек, бөлек бел келер.
Жылғынды Кең – Қол жер осы.
Батыр жігіт, қызыл қыз,
Бақытты қырғыз елі осы!
Қорғаным талқан болған жер,
Қосыла талап мүлкімді,
Алты арам алып қойған жер Үш –

*Қосайға барғанда алдыңнан Манас атаңның
Құмайық тазысы шығады. Медиянның
шөлінде, Шоң – Құмайдың бойында, Шоң
– Төбенің ойында қол басындай сұр күшік
атаңның ырысына гайыптан табылған.
Айтуға тілі жоқ, адамнан бетер ары
бар есті Құмайық атаң Манастың көзі
өткенде аза тұтып, алты күн ас ішпей,
көзінің жасын төгіп ұлып қалып еді. Көр
Көбеш оны алдап ұстап алып, аңға апарып
салғанда, оған қызмет қылмай, ұлып жатып
алыпты. «Дұшпанның иті де оңбайды!» –
деп, қарғыбау байлап сүйретіп, қамшымен
сабаса да көнбеген. Ақыры, ауылдан безіп
кетіп, айдалада жолыңды тосып жүр. Сенің
иісіңді біліп, алдыңнан жылап шығады.*

Айналайын құлыным,

Шек келтірсең сен оған:

«Тұқымың тура оңбас, – деп, –

Тұйғыным Манас көкжалдың,

Дәл өзіндей болмас!» – деп,

Керіп аузын ашпасын,

Кейітіп сені қаппасын!

Көруге қайта зар қылып,

Құлыным сенен қашпасын!

*Құмайықты ренжітпей, оң жағыңнан
бір құла шолақ бие шығады, соны сойып,
қарыс қазысын қақ жарып, Құмайыққа
қойып кет!*

*Атаңның Ақсұңқары бар еді. Манас
өлгенде, алты күні күн тимей, күн қараңғы
түн түскен кезде, елдің бәрі еңіреп, жылап
жатқанда, Ақсұңқар тұғырын талқандап,
жібек бауын үзіп, айды көздей ұшып кетіп
еді. Ақсайдың басы Шатыркөлдің маңында
ұясалып, мекендеп жүр. Сенің келеріңді біліп,
отыз екі күн басып, балапанын шығарды.
Манастан қалған мирасың, көргеннен қайра
тартпаған, қаз, үйректі құтқармайтын
Ақсұңқарыңды қолыңа қондырып аларсың!*

Оны мұндай тастайын,

Ар жағынан бастайын.

Арғы жағы Сарыөзен,

Кең Таластың бойы бұл.
О дүние кеткен атакең,
Мекен қылған жайы бұл.
Осы Талас бойында,
Енең Қаныкейдің Ақсарай,
Сом темірлі нақ сарай.
Қатын да болса енеңнің,
Сәулеті болған бірталай.
Есіл атаң барында,
Жолын дұшпан шалмаған,
Жолап ешкім бармаған,
Хан атаң көзі өткенде,
Сарай құлап қалған – ды,
Сақшылар тұрған Ақсарай,
Бұзылып қорған болған – ды.
Айнала өскен ақ терек,
Түбір болып қалған – ды!
*Одан ары сен барсаң, тасқындап
жатқан Таластың суына кірерсің.*

Көкжал атаң Манастың,

Телегейі тең еді,

Теңіз атаң көкжалдың,

Пірі тірі шер еді.

Қара шұбар қабылан,

Қайтара тұрған аруағы,

Кәдімгідей бар болса,

Қапталыңнан шабынар,

Шолақ көкжал арыстаны,

Күтіп тұрған аруағы,

Кәдімгідей бар болса,

Қоса суға кіргенде.

Жандай салып қабынар.

Алтын кемер құрсанған,

Айдай бетін нұр шалған,

Ұзын бойлы, кең иық,

Әрі балуан, әрі шер,

Шегірі жоқ, қой көзді,

Секпілі жоқ, ақ жүзді,

Ай сарала ат мінген,

Жалаң қылыш байланған.

Сары талдан сайдырған,

Талы қалған Бейжінде,

Сап алтыннан жасаған,
Тағы қалған Бейжінде.
Алтын айдар, шоқ белбеу,
Әзиз ханның баласы,
Аруағы әзір бар болса,
Аяш атаң Алмамбет,
Алдыңнан шығып көрінер!

Оның бергі жағында қырғыздардың қыраны, арыстан тісі өтпеген Ақбалтаның Шуағы, атқа жеңіл тайға шақ, ұйқысы жоқ жолға сақ, Ұлақ ханның ер Сырғағы алдыңнан шығып, көрінеді.

Оның арғы жағында,
Айың менен күніңнің,
Жарқынынан жаралған,
Ай алдында бұлыттың,
Салқынынан жаралған.
Қарсы алдынан қарасаң,
Алты мың ердің сүрі бар,
Арқасын сала бергенде,
Ақ жолбарыстың түрі бар.
Маңдайы жарық ақ жолтай,
Қайраты биік сан қолдай,
Майлаған бидай жүзденген,
Көгім тұман көзденген,
Атаң Манас қабылан,
Қолдап алар шер осы.
Осы белгі бар болса,
Қалаған Кең – Қол жерге кел,
Осы белгі жоқ болса,
Ары бармай, қайтып кел!
Көрінбеді белгі деп,
Мен сорлыға айтып кел!

Сенің атаң шер Манас елдің кегін қуып, Қаңғайға аттанған. Үлкен соғыста берендердің талайынан айырылған. Алмамбет, Шуақ, ер Сырғақ, сақалы бар бір құшақ, бидайық ханның Мұзбұршақ, қазақтардың панасы, хан Манастың бажасы Ер Көкше, екі Кемін жайлаған Ер Үрбі батырлар, манжу, қалмақтың Шытшайдар, Мадықан, Мұзкіндік ұлы Тікен алып, қысқасы, Қоңырбайдан басқа көбісі

өлген. Атаңның қанаты Аққұла тұлпар оққа ұшқан. Атаң Манас су жағасында қамсыз тұрғанда алты қадам артында қарауылда тұрған Ажыбай қалғып кетіпті. Сол кезде атаңды аңдып келген хан Қоңырбай қапыда улы найза салып, жаралайды. Оянып кеткен Ажыбай тұра қуғанмен, Қоңырбай жүйрік Алғара тұлпарымен құтылып кетеді. Атаңның арқасына қадалған найзаны Ажыбай күшпен бұрап суырып алғанда, ұшы сынып кетіп, белінде қалып қойыпты. Ақыры сол жарадан ақыретке кетерінде:

«Ханы өлгенде қатынға,
Төркіні жақын болады!
Бұл Талас саған жер емес,
Көре алмай жүрген алты арам,
Ой, айым, сендерге мүлде ел емес.
Темір ханның шәріне,
Тентіп кіріп күнің көр,
Өлгенде көрген шұнақтың,
Қылып бергін ырымын,
Қырқып бергін шыбығын.
Мойнына тұмар тақтырғын,
Ысмайылға бақтырғын.
Жасы он екіге келгенде,
Таласын еске саларсың,
Аруағым онда бар болса,
Жолынан тосып алармын!» – деп,
маған аманаттап айтып кетіп еді. Міне,
сол уағдамен жүрген анаңның жайы осы,
балам!

Тағы балам ұғып ал,
Ешкілінің қара тау,
Тегіс келген қызыл зау,
Таластың бергі шетінде,
Кең – Қолдың қиғаш шетінде,
Қара зау бауырын ойдырдым.
Есігін кірер тар қылдым,
Жалғыз кісі сыйғандай,
Арғы жағын кең қылдым,
Қоралы қой жатқандай.
«Үсті түсіп кетер» деп,
«Қара жер басса айкөлім,

Еті шіріп кетер» деп,
Қу дүниемді аямай,
Алпыс түрлі жеріне,
Алтыннан тірек қойдырдым.

«Іші сасып кетер» деп,
Ептілікті білгітім,
Үстіндегі қара су,
Ішіменен жүргіздім.
Жақұт тастан жарғыздым,
Алпыс түрлі жеріне,
Жақұт, гәуһар аралас,
Шырақ қылып қалдырдым.
«Оқыс шіріп кетер» деп,
Жайлап жатқан жайына,
Аршаның күлін салғыздым.
Бір адамға білгізбей,
Белгісіз адам жүргізбей,
Қосай, Төстік жақынға,
Имандай айтып сырымды,
Қабылан Бақай абама,
Айтып бердім шынымды.
Атақты ұста алдырдым,
Атаңның жатар сарайын,
Қымбаттап жатып салдырдым.
Батырдың сүйегін білгізбей,
Ұсталардың барлығын,
Қараңғы түнде барғыздым.
«Төңірек біліп қалар» деп,
Айналасын шалдырдым.
Жер өлшемін білгізбей,
Келіп – кетер кезінде,
Көздерін тегіс таңғыздым.
Қайсыбірін айтайын,
Көргенім осы, жалғызым!

*Мұны мұндай тастайын, бер жағынан
бастайын. Кеше кең Таласта алты арамның
бір шабуыл жасарын сезіп, арсыздар
қазынамды талап алса, ертең жетімім
ер жетіп, еліне келгенде малсыз қалар деп
ойладым. Бір адамға білдірмей, таудағы
боз ала мұнар көк зауға түнделетіп үңгір
қаздырдым. Аузын бір адам ғана сиятындай,
ал ар жағына алты жүз қой жататындай*

*қылдым. Аршадан қидырып, сәкілетіп,
текшелеп, жеті күн тынбай жүктетіп,
атекеңнің қазынасын сол үңгірге жидырдым.
Аузын бекітіп, қара құмды жоғарыдан
төмен қарай құйдырып тастадым.*

Қағылайын құлыным,
Кең Таластың ойында,
Шоң Ақшидің шетінде,
Қара жолдың үстінде,
Мен Таластан кеткенде,
«Дайын болмай қалар» деп,
Жеті жүз атан қомдатып,
Дорба, арқанын оңдатып,
Жер білгіштен алдырдым,
Дүние жүзін шалдырдым.
Әнжиянның ар жағы,
Наманғанның бер жағы,
Шоң Қоқанның қолтығы,
Күлбота шыққан жер екен,
Күлботадан алдырдым.
Топырағын тозғақтап,
Шоң шелекке салдырдым.
Малдың жүнін қималап,
Батпаққа қоса салдырдым.
Илеуін әбден келтірдім,
Үстіне қылдан септірдім.
Алпыс балуан кетпенші,
Ылайларын тептірдім,
Арманды жанды қинадым,
Алты мың серкеш жинадым.
Алты мың серкеш бір қырып,
Қыш қайнатып бек салдым.
Атакеңнің күмбезі,
«Алты қылым өткенше,
Бұзылмасын!» – деп салдым.
Жеті мың серкеш жинадым,
Жеті мың серкеш бір қырып,
Қыш пісіріп, бек салдым.
«Жеті қылым өткенше,
Жетігімнің күмбезі,
Тұрар ма екен?!» – деп салдым.
Жетім жүріп, жетіліп,
Жергеге өзі қосылса,

Көшіп келіп Таласқа,
Зияраттап тұрғанда,
Атасы өткен Манастың,
Жорықты жолын көрсін деп,
Қилы – қилы қиялдап,
Қызық қылып салдырдым.
Қақаншыңның қағысын,
Қырғыз, қалмақ, манжудың,
Шабысын салдым суретке.
Жер жүзіне төгілген,
Қанды салдым суретке,
Өліп жатқан қисайып,
Жанды салдым суретке.
Бақыбай, Дулат екі дәу,
Әлеуке хан, Әзиз хан,
Ханды салдым суретке.
Мінген атым Нар будан
Өзімді салдым суретке,
Ештемемен ісі жоқ,
Еміп жатқан емшекті,
Өзіңді салдым суретке.
«Есен болса жалғызым,
Бұл Таласқа келер деп,
Ақ күмбездің ішіне,
Кірсе бәрін көрер» – деп.
Босағадан кіргенде,
Сол жағыңды қарасаң,
Атырылтып бұлқынытып,
Алғара менен жұлқынытып,
Қалмақтардың Қоңырбай,
Алтын түпек, сыр найза,
Көзі көлдің бытқылдай,
Көрінгенді жұтқандай,
Мұрындарын қарасаң,
Селебенің қабындай,
Мұрты айбалта сабындай,
Арқасында айдары,
Арғымақтың жалындай,
Оны салдым суретке.
Ылама хан мен хан Жолай,
Шибейдің ханы Ораққыр,
Солонның ханы Мүзкіндік,
Манжудың ханы Несқара,

Барлығын салдым суретке.

Оң жағыңды қарасаң,
Аш арыстан төстенген,
Көгім тұман көзденген,
Ақолпоқты кигізіп,
Аққұланы мінгізіп,
Қарсыласқан дұшпанды,
Қақайлатып қашырып,
Артын көздей сүргізіп,
Айкөл Манас – көкжал ер,
Атаңды салдым суретке.
Астындағы мінгені,
Омыртқасы он құла,
Ойратта жоқ шоң Құла,
Атекеңнің Аққұла,
«Анықтап жетім көрсін» деп,
Мұны салдым суретке.

*Одан әрі Қаныкей Манастың
жанындағы ересен ерлері, сенімді серіктері,
аяулы Алмамбет, Шуақ, Сырғақты, суретке
салғанын айтады.*

Оның бергі жағында,
Ақсақалын жайқаған,
Жүйелі сөзді байқаған.
Сенің атаң Манастың,
Шашылғанын жинаған,
Шабылғанын құраған,
Ертіп жүріп ел қылған,
Ер ұлымен тең қылған.
Құлыным, сенің тірегің,
Ақылгөйің қария,
Бақайды салдым суретке.

Одан бері қарасаң,
Кең көкірек, бота көз,
Келберсіген жайық төс,
Қара тілін қайраған,
Хан алдында сайраған,
Жеті бөлек тон киген,
Жетпіс ру тіл білген,
Адамзаттан таңдайлы,
Адамнан шолпан маңдайлы,

Қабылан Манас атаңның,
Ырысына табылған,
Арғын ұлы Ажыбай,
Рапыс тонын кигізіп,
Қарт күреңін мінгізіп,
Оны да салдым суретке.
Қайсы бірін айтайын,
Бәрін салдым суретке!

*Одан ары Жаңғырықтың Жар – Қия,
жалғыз шұбама жолға келгенде, түйе атасы
Боз бура, түйе енесі Қу інген, қызыл құйрық
нары бар көп түйе алдыңнан шығады. Сенің
келеріңді біліп, сағынып жүрген ойсылдың
бәрі бұрқырап келгенде, теңіз жаның
шырқырайды.*

Өркештері телпілдеп,
Шудалары селкілдеп,
Төңіректен зырқырап,
Тегіс боздап шұрқырап,
Көзінен жасы төгіліп,
Өзіңді иіскеп бұрқырап,
Тұрғанда көңіл бөлерсің.
«Хайуан мұндай болғанда,
Менің жаным қандай» – деп,
Көзіңнің жасын төгерсің.

*Сол түйенің ішіндегі жалпақ өркеш
қара нар – атаң Манастың Желмаясы.
Биыл тоқсан бестен асты. Атаң өлгенде
аза тұтып, күйігіне шыдамай он екі жыл
болғанша орнынан тұра алмай жатып
қалыпты. Біз Таластан кеткенде жылап
қалып еді.*

Желмая күшті кезінде,
Атаң Манас қабылан,
Оқ – дәрісін артатын,
Жауласқан жаққа тартатын.
Қасиетті Желмая,
Желгеніне жел жетпей,
Басқанына мал жетпей,
Талдың басын сыдырған,
Төңіректің төрт бұрышын,
Он екі күнде қыдырған.
Сен түйелерге барғанда, Желмая

*жылап келіп, оң жағыңнан бір иіскеп,
атаңды жерлеген қара зауға барып, жатып
алады.*

Қолыңды суға сала көр,
О дүние кеткен атаңның,
Аруағына бағыштап,
Желмаяңды шала көр!
Басында алтын нөқта бар,
Аманат қонған зат еді,
Қанжығаға шала кел,
Мен байғұсқа ала кел!

*Таласқа аман барсаң, атаң Манастың
күмбезінің қасында бір ақсақалды қарияға
жолығасың, ол – белгілі ер Бақай абаң
болады.*

Қайран абаң хан Бақай,
Екі көзі іріңдеп,
Көкірегі күрілдеп,
Тірі болып елде жоқ,
Өліп кетіп көрде жоқ.
«Көкжал Манас өлме!» – деп,
Құрып жүрген кезі бұл.
«Қурағырдың сақалы,
Өлмей мұнша жүрдің» деп,
Өз сақалын ер Бақай,
Жұлып жүрген кезі бұл.
«Тілегім қашан берер, – деп,
Жетімім қашан келер?» – деп,
Ұлып жүрген кезі бұл.
Құлыным, аман жолықсаң,
Қайраның Бақай хан осы,
Хан атаң Манас орнына,
Медет болар жан осы!
Бақайды тапсаң өлмейсің,
Еш жамандық көрмейсің,
Абыке, Көбеш арамның,
Зорлығына көнбейсің!

Мұны былай тастайын,
Халқыңнан сөзді бастайын,
Қадымнан келген үзілмей,
Салтыңнан сөзді бастайын.
Арыдан қозғап, мән айтып,

Қалың жұртқа дәл айтып,
Аталы сөзді жеткізген,
Көк сілеусін, құндыз бөрік,
Шалдары дана қырғыздың.
Айтулы Талас жерінде,
Арғын, қырғыз елінде,
Оқ, садағы белінде,
Желдей жүйрік ат мінген,
Жау – жарағын сайлаған,
Қастасқан қалың жау келсе,
Қасқайып тұрып, жайлаған,
Ұлдары батыр қырғыздың!
Қарғытып атпен шабысқан,
Айқасқан жаумен салысқан,
Кигендері қандағай,
Қимылдары самдағай,
Кең пейілді, көргенді,
Келіні керім қырғыздың.
Қонғанда үйін оңдасқан,
Көшкенде түйе қомдасқан,
Қызылдан киген күрмені,
Қырқалай таққан түймені,
Жас қайыңдай бұралған,
Тал шыбықтай ұзарған,
Жарағын алса жарасқан,
Құлаштап шашын тарасқан,
Ақ қалпақты, қызыл шок,
Алғанына жарасқан,
Қызыл жүзді, қыпша бел,
Қыздары ғажап қырғыздың!
Бейғам болып жайланған,
Белдемшесін байланған,
Ашытып арақ таттырған,
Қымыз бенен айраннан.
Қыңқылдаған балдарға,
Қымыз бенен сүт беріп,
Мың толғанып айналған.
Кемпірі ғажап қырғыздың.
Телегейі теп – тегіс,
Жері жақсы қырғыздың.
Өзегін берген өзім деп,
Елі жақсы қырғыздың.
Байтақ қырғыз, көп арғын,

Атаңнан қалған ел осы,
Кең Талас пен Сарыөзен,
Аталар жүрген жер осы.
Сенің елің қырғызда,
Отар малдан, жылқы көп,
Тыныш жатқан жұрты көп,
Салып жатқан ұйқы көп,
Жағасынан сырты көп,
Жасығынан мықты көп,
Жан жырғатқан жыршы көп,
Елдерінде салты көп,
Екіленген мәрті көп,
Арамдары көрсеткен,
Әлде қанша дерті көп,
Қара малдан түйе көп,
Қарны салқы бие көп.
Айыр түйеден нары көп,
Боз қояннан түлкі көп,
Борсылдаған күлкі көп.
Жылқысынан құлан көп,
Жырғап жүрген ұлан көп,
Кеткенінен келген көп,
Базарынан керуен көп,
Мылтық атқан мерген көп,
Айбалтадан қылыш көп,
Айранынан қымыз көп,
Атаңның халқы қырғызбен,
Аңдысып жүрген қырыс көп.
Қарағай, қайың, шие көп,
Қабылан, жолбарыс, шері көп,
Ақ матадан манат көп,
Атадан қалған санат көп.
Бозасынан арақ көп,
Боз балдарда жарақ көп.
Беті қайтпас батыр көп,
Батырды тапқан қатын көп.
Кәрісінен жасы көп,
Арақ, боза асы көп,
Өзен – өзен суы көп,
Үйрек –шөрек, қуы көп,
Қарқылдаған қазы көп,
Қаз ойнаған сазы көп,
Айтысқанға шешен көп,

Қайсы бірін айтайын,
Айтылмаған неше көп,
Адырынан тегіс көп,
Арығынан семіз көп,
Жалқысынан егіз көп,
Жапанға шыққан жеміс көп.
Тоғайында арал көп,
Сыймай жүрген марал көп.
Марал атып май жеген,
Неше мерген адам көп.
Бөктерінде теке көп,
Қырқасында құлжа көп,
Адырында арқар көп,
Адамында дархан көп...
Адыр – адыр жер келер,
Асуы биік бел келер.
Арқары жүрсе құйылып,
Адырдың шөбі сұйылып,
Арызды пенде налымас,
Арқары адам танымас.
Бұдыр – бұдыр жер келер,
Бұрылып өтер бел келер,
Бұғысы жүрсе құйылып,
Бұдырдың шөбі сұйылып.
Мұндылар көрсе налымас,
Бұғысы адам танымас.
Бұғыны атып бұрылып,
Бұрқырап қуып кетерсің,
Бұлқынтып қуып жетерсің,
Қайран анаң мұңлықты,
Темір ханның шәріне,
Қаңғыртып тастап кетерсің.
Айналайын құлыным,
Айтқан сөзім ұмытпа,
Ұмытып кетіп сөзімді,
Екі ененді жылатпа!

Жылқы, қойға жарасқан,
Жылтырқан мен шыбағы.
Шыбағының түбінде,
Ұйқтап жатар солықтап,
Қайбереннің ылағы.
Қолат сайын құры емес,

Жылып аққан бұлағы.
Көк сабағы толысып,
Сарымсағы жайқалған,
Алабота, күдірек,
Түйенің жері кең Талас!
Бетеге белден жосылған,
Биенің жері кең Талас,
Жайлауы жақын жанында,
Жүйенің жері кең Талас.
Жылтырқан, шыбақ аралас,
Қойдың жері кең Талас.
Тамашаға ылайық,
Тойдың жері кең Талас.
Талас сынды жер бар ма,
Қырғыз сынды ел бар ма?!
Ақ көрпесі бұлғындай,
Арғымағы дүлділдей,
Бозторғайы бұлбұлдай,
Шамасы келсе әр адам,
Таласқа барып тұрғандай.
Қара қияқ жылғындай,
Қара құсы түйғындай,
Қадірін білген Таласқа,
Қашып барып тұрғандай.
Бұлбұлы сайрап таңшыған,
Бұлағы ағып тасыған,
Бұлбұлдың үнін ұққанда,
Мұнды пенде жасыған.
Торғайы сайрап шөлінде,
Бақасы ойнап көлінде,
Арқар, бөкен, ақ киік,
Араласып шөлінде.
Бұлбұлы сайрап талында,
Төрткүлдің төмен жағында,
Алуан түрлі жер жеміс,
Төремнің тіккен бағында.
Алмасы гүлдеп ашылған,
Жемісі жерде шашылған.
Жапан шыққан алма, өрік,
Далада толып көп жатыр,
Аюлар ойнап жеп жатыр.
Айтқан сөзім ұмытпа,
Арамдардың қолынан,

Өліп қалып жылатпа!

Мұны мұндай тастайын, атаңнан қалған Тайбуырыл жайын айтайын. Текеліктің сеңгірінде Манас пен қыз Сайқал жекпе – жек сайысып, ерегесіп шайқасып, ақырында бір – бірімен ақыреттік жар болып табысқан. Сонда ақылды қыз Сайқал: «Шылбырың құр кетпесін!» – деп, Тайбуырылды сыйға тартып еді. «Тайбуырылдың енесі, күміс құйрық, қоян жон, айтулы будан еді. Тайбуырылды құлын, тай, құнан кезінде емізіп, ен далада желгізіп, емін еркін өсірген. Жаратылысы бөлек, тұлпар туған жануардың желгеніне жел жетпес, жер бетінде мал жетпес! Тұяқтыда мұндай тұлпар болмайды! Алпыстан асқанша қартаймайды!» – деп, ақсақалдар таң қалып, жалпы халық даң қылған. Бағыңа біткен Буырыл атыңа мінгенде, дұшпаныңның көңілі қуырылады! Бақай абаңа ақыл саларсың, арамдардан бар мал – мүлкіңді қайтарып аларсың! Атаңнан қалған сегіз мүлкіңнің сипатын айтайын.

Піл терісін қаптаған,

Сары желім шаптаған.

Шыбын тисе «шыңқ» еткен,

Шертіп қойса «дыңқ» еткен,

Қамшыменен ұрғанда,

Қойшағырдай «зыңқ» еткен.

Жылқы тиіп, құс салсаң,

Атадан қалған дауылпаз,

Жақып ханның қолында,

Алатын мүлкің бұл болар!

Келтіріп шебер жасаған, күміспен қаптап, алтынмен аптаған атаңның мүлтіксіз мылтығы Ақкелте көр Көбештің қолында.

Атқан жауын өлтірген,

Түтіннен бұрын оқ жеткен,

Ажалдан бұрын жан кеткен,

Болаттан соққан Ақкелте,

Ойнап атса – ошағар,

Шындап атса – зеңбірек,

Тұрып атса – койшағыр,

Жақын атса – жазайыл.

Асынып жүрсең – көркің, нағыз алатын мүлкің – осы Ақкелте !

Атаңның тиген жерін ырбитып, сойып жіберетін, қара болат, бөрі тіл, ұшы қара құрыш Сырнаизасы Абыкенің қолында. Бұл да сенің алатын мүлкің.

Атаңның Ақолпоғын арнап жасағаным да есімнен кетпейді. Матаның ортасына болат үгіп салдырдым. Аруке сіңлім бастаған келіндердің қолдары ойылып, оймақтың бәрі тесіліп еді. Қараның оғын қайтарған, мылтықтың оғын майырған Ақолпоққа сауыт жетпейді. Ол да көр Көбештің қолында. Бұл да сенің қайтарып алатын атамұра мүлкің.

Атаңның есік енді Айбалтасы – шапқан жерін сындырған зор балта. Оны шебер ұстаға қырық құлынды бие беріп жасатып, алып келіп тартқанда бірнеше боталы түйе берген. Қазір ол Абыкенің қолында. Бұл да сенің ие болатын мүлкің.

Құрыш болаттан соқтырып, алты ай шыңдатып, сары зәрге сұғартып, піл сүйегін сап қылып, сары алтыннан қап қылып, ақ таспадан бүлдіргесін тақтырған атаңның Ақалбарыс қылышы да сенің ата мүлкің.

Түн ішінде суырса,

Өрттей болып қызарған,

Сілтегенде дұшпанға,

Арқан бойы ұзарған.

Алып келіп тартқанға,

Қырық боталы түйе берген,

Он құлынды бие берген,

Балдағы алтын Ақ албарыс қылышыңды көр Көбештен қайтарып ал!

Әнжияннан алдырып, отыз таутекенің терісінің иін әбден қандырып жасатқан, тартса – созылған, қоя берсе жиылған, мылтық атса, оқ өтпес, отқа салса шоқ өтпес мықты қандағай сым жасаттым. Атаңнан қалған сол қандағай қазір Абыкенің

қолында! Алатын бір мүлкің осы.

Айналайын құлыным,
Барғанда бәрін көрерсің,
Атаңның көріп күмбезін,
Көзіңнің жасын төгерсің.
Шоң атаң Жақып бас болып,
Абыке, Көбеш қас болып,
Ежелден дұшпан өзіңе,
Байқамастан жас жетім,
Жалған сөзге иланып,
Келтірме зиян өзіңе.
Ең әуелі жолыққын,
Хан Бақайдың өзіне,
Не десе де абекең,
Сене бер балам сөзіне,
Есен барып, құлыным,
Аман келгін өзіме!»

*Қаныкей баласына барлығын айтып,
түсіндіріп, қасиетті Манасқа тапсырып,
Ақтұлпарды мінгізіп, ақ сауытты кигізіп,
ақ тілекпен аттандырып салады. Нағашы
атасы Темірхан мен Бұқардың халқы
шұрқырап: «Аман жүр!» – деп, бата беріп,
шығарып салады. Семетей:*

«Тұлпар мінген тұрмайды,
Туғанға жетпей тынбайды.
Қош, есен бол берекем,
Манасты тапқан әжекем!
Айналайын елімнен,
Адасып қалған мен екен!

*Аман бол Бұқар елі!» – деп, аттан
ырғып бүгіліп, барлығына жүгініп, қош
айтысып қол беріп, Ақтұлпармен аттанып
кетеді.*



Таласта

*Семетей Таласқа бет алғанда анасы
Қаныкей айтқандай, жолда неше түрлі елді,
жерді көріп, суды кешеді. Сырдариядан
өтіп, одан Шиыршық, Салар екі судан
өтіп, ескі Ташкент, Шалдыбарды басып
өтеді. Адырында арқар, бөктерінде
теке, даласында құландары ойнақтаған
Қазығұрттан өтеді. Анасы Қаныкей әжесі
Шиырдымен екеуі бала күнінде өзін көтеріп,
Бұқарға қашқандағы жолдың бәрін басып
жүреді. Қайыпшының қара үңгіріне келіп,
тоқтап, Ақтұлпар атын шалдырады. Сол
жерде жатып ұйқы қандырып, қайран
анасы Қаныкейдің осы жерден жылап
өткенін есіне алып, тебіренеді. Одан әрі
жүріп, Әулие – Атаға келгеннен кейін, оң
жақ қолына қараса, Таластың жері көрінеді.
Семетей тебіреніп, толқиды.*

Жылғынды Кең – Қол, кең Талас,

Жерің ғажап екен ғой.
Адыр – адыр бел екен,
Бөлінген неше төр екен?
Бөлекше бейіш жер екен.
Кең Таластың шоң өзен,
Жатқан екен шалқайып.
Ешкіліктің қара зау
Көкті тіреп қарқайып.
Адырдан арқар құйылып,
Адырдың шөбі сұйылып,
Бұдырдан бұғы құйылып,
Бұдырдың шөбі сұйылып.
Бөктерден теке қамалып,
Текенің жүні сабалып,
Керіден киік тоқтатып,
Текесі жүзден топтасып,
Жатқан екен кең Талас.
Тауларында ұлары,
Тоғайында шынары.

Кең Таластың ойына
Ештемені аямай,
Берген екен құдайы!
Оралып шөптен жүре алмас,
Бұғы, марал, лағы,
Еңкейген жері бұдырмақ,
Үш – Қосайдың бөксесі,
Өлгенінше жазылмас
Көрмеген жанның өкпесі.

*Міне, адыр – адыр белестен өткен
уақытта, алдынан анасы айтқандай
Құмайық ұлып шыға келеді. Семетейді көріп,
көзінің жасы төгіліп, Манасты көргендей
жылап келеді. Он екі жыл күйініп, Абыке,
Көбештен әбден қорлық көрген Құмайық
Семетейді көргенде, құдайы бергендей
қуанады. Қаныкей айтқандай, мойнында
алтын қарғысы бар екен.*

Атамнан қалған Құмайық

Аюдан беті қайтпаған.

Жолбарыстан жүзі қайтпаған,

Аюдан қайта тартпаған.

Тістегенін бүлдірген,

Ағытқан иесін күлдірген.

*Атамнан қалған көз ғой! – деп, Семетей
мойнына боз кісенІ салып, Құмайықты
құшақтап, басын қойнына тығып, әлгі
жерде көріседі! Атасы Манас тіріліп
келгендей болып, көзінің жасы төгіліп
жылайды. Құмайық оған қосылып, аңырап
ұлиды. Сөйтіп екеуі көрісіп тұрғанда, бір
құла шолақ бие ғайыптан пайда болып,
келе қалады. Анасы Қаныкей айтқандай,
айтұяққа шалып, құмайықты биенің етіне
тойғызады.*

*Одан ары жүрсе, Таластың суы тасып,
тастан асып, төрт дариядай толқып
жатыр екен. Ажалдан қайтпаған атасына
тартқан Семетей Ақтұлпарын тебініп,
күркіреген суға кіргенде қырық шілтен
қолтығынан алыпты.*

Қара шұбар қабылан,

Қапталында шабынып,

Шолақ құйрық көк арыстан
Бір жағында қабынып.
Қолдап ала жөнелді.
Оң жағына қараса,
Дәл анасы айтқандай,
Айдай бетін нұр шалған
Қақаннан өлген Алмамбет,
«Ой, бала, бері тартқын!» – деп,
Сүйеп, демеп алады.
Сол жағына қараса,
Қырғыздардың қыраны,
Ақбалтаның Шуағы,
«Былай тарт!» – деп, қиқулап,
Ол да қолдап алады.
Бер жағынан қараса,
Қара болат қырғағы,
Қабылан Манас Сырғағы,
«Інім, бері бастыр!» – деп,
Ол да демеп алады.

Арғы жағын қараса,

Қарткүреңдей ат мінген,

Жетпіс түрлі тіл білген.

Талайлы Манас көкжалдың,

Талықпаған тілмашы,

Қара шокқа айдаса,

Қалмақ тілін білетін,

Қызыл оққа айдаса,

Қытай тілін білетін.

Солон, Шибей екі ру

Онын да тілін білетін.

Ажыбай келіп қапталдан,

«Қорықпай шырақ, кешкін деп,

Аман болсаң, құлыным,

Мұратыңа жеткін!» – деп,

Ол да демеп алады.

Сол уақытта қараса,

Аққұла тұлпар ат мініп,

Ақолпоқтай тон киіп,

Майланған бидай жүзденіп,

Көгім тұман көзденіп.

Қарсы алдынан қарасаң

Ажыдардың түрі бар,
Арқасынан қарасаң
Алты мың ердің сүрі бар.
Айкөл Манас көкжалың,
Манастап ұран шақырып,
«Жетіліп келген жетімім
Жерден қолдап аламын,
Әрқашан көзім саламын!»
Деп осылай шер Манас,
Жаңғырықты салады.
Жандап жүріп қалады...

Одан әрі қараса,
Тау етегі ұршықта,
Дүмпііп жатқан тұмсықта,
Қара жолдың үстінде
Ақ күмбезді көргенде,
Көзінің жасы төгіліп,
*Айбалтасын таянып, дауыс салып
атасын жоқтап жылайды. «Он екі
жасқа толғанда әрең оралып келдім
– ау! Арыстаным, атам деп атаның
жүзін көрмедім. Мендей байғұс бар ма
екен? Қасыңда бола алмадым, қызметіңе
тұра алмадым!» деп, атасына сай
сүйегі сырқырап, күмбездің босағасына
Сырнайзаны қадап тұрып, аталап
жылайды. Оған қосылып қайың жылап,
тал жылап, бар дүние қосылып жылайды.
Сол кезде күмбездің іші күңгірлеп, дүңгірлеп
кетеді. Қаныкейдің айтқаны есіне түседі.*

Шындап құдай берерде,
Назарын саған саларда,
Айтқаным жалған болмаса,
Анықтап атаң қолдаса,
Күмбездің іші күңгірлеп,
Белгі берер дүңгірлеп!
Осы белгі бар болса
Алты арамға бар деген,
Атаңнан қалған мүлікті
Көріне барып ал деген.
Құлыным, осы белгі жоқ болса,
Ар жаққа бармай қайта кел,

Белгі бермей қойды деп,
Беренің енеңе айта кел!»
Енемнің сонда айтқаны,
Жалған емес, шын екен,
Ризамын атама,
Рахмет айтам апама! – деп, Семетей
*жан – жағына қараса, Жаңғырықтың жар
қия, жалғыз мал ғана өте алатын шұбама
тар жолында Көкшолақ атын қамшылап,
көзінің жасы тамшылап, түйе қайтарып
телпілдеп, қу сақалы желпілдеп ер Бақай
абасы жүр екен. Семетейді көріп түйелердің
барлығы жарыса шауып, көздерінің
жасын төгіп, бұрқырап, Семетейді иіскен
тұра қалады. Әбден қартайған, өне бойы
дірілдеп, көзінен сорасы аққан, көкірегі
күрілдеп, мойын сүйегі ұзарып, құзғындай
көзі қызарып, түйе қайтарып жүрген Бақай
қария: «Боз бура қайда?» – деп сереңдеп
шығады.*

«Адыр – адыр жиылғыр,
Шыбын тиіп қырылғыр,
Жетімімді көргенсіп,
Тізелері бүгіліп,
Жағаны көздей жүгіріп,
Биыл жағаның шөбін шалмаған,
Қайда кетті көп түйе?
Қайда етті Желмаяң?
Айдалада өкіріп,
Арам өлмек екенмін,
Қара малға ие болмай
Белде қалмақ екенмін.
Қорлықты Бақай көрмей қал,
Буының кеткен шағында,
Түйе қайтарып қор болдың,
Мұндайды пендесіне бермей қал!
Алатаудай барбайып,
Жайнап тұрған кезімде
Онда өлмей не болдым?
Қаһарыма тигенді,
Қармап тұрған кезімде,
Тебінісіп келгенді,
Сабап тұрған кезімде,

Көп қайраттың барында,
Көкжал аман шағымда,
Сонда өлмей не болдым,
Жетімнен хабар келмесе
Кімге жүрем қарайлап,
Алты арамға құл болып,
Алыста жүрем сағалап,
Жетімнен күдер үзілсе,
Темтендетпей Бақайды,

Теңізім Манас ала жат! – деп жылап келе жатқанда, Семетейді көреді. Бірақ танымайды. Бір қараса Манас келгендей болып қалады. «Семетей ме, басқа ма? Манасқа тартты ма екен бұның ерлігі? Шерлігін сынайын!» – деп, бір теректі түбімен жұлып алып, ақырып тұра ұмтылады. Семетей селт етпей, күлімсіреп, балпайып тұрып сәлем береді. Бақай жөн сұрайды.

Балам, ұраның кім, дайның кім?
Ұрығың кім, айлың кім?
Он екі ру қырғыз бар,
Балам, қай тұқымнан боласың?
Балам, кіндігіңді кескен жерің кім?
Балам, өніп өскен елің кім?

Атың шаршап ырғайдай,
Өзің шаршап торғайдай,
Алыстан келген баламсың?
Айтшы, қайда барасың?

Тұйғын құстай сының бар
Айтып берер шының бар,
Айналайын, шырағым,
Жәбір көрген Бақайға

Жасырмай айтар жөнің бар! Түр-тұлғаңа қарасам, Манастай болып көрінесің. Сен Семетей емессің бе?» – дегенде, Семетей:

Қара көзің қал басып,
Қақсап жүрсең мен үшін,
Ақ сақалын шаң басып,
Азап тартсаң ел үшін.
Айналайын абаке,
Мен арзып келдім ел үшін.

Абакем, Бақай сен үшін,
Ақ сұңқардай айналып,
Ақыры келдім жер үшін!
Жетім кетіп жетіліп,
Қайрылып келдім халқыма,
Қара жаным өлмесе
Жетермін аға парқыңа!
Шын Семетей өзіммін
Шырағың келді қасыңа.

Шыңдап жаным жылайды
Айналайын абаке,
Көзіңнен аққан жасыңа! – дейді. Бақай атынан қарғып түсіп, құшақтап алып көріседі, қорғасындай еріседі.

Батырдан қалған белегім,
Өрде қылар өбегім,
Өлерімде жөлегім,
Қағылайын шырағым,

Манастан қалған тұяғым! – деп зарлап жылаған Бақай Қаныкей мен Шыырдының амандығын сұрап, басынан өткен қиындық, қасіретін жыр қылады. «Теңдігімнен айрылып, телмірген Бақай мен болдым. Арамдар басып белімнен, ажырап қалдым жерімнен!» – деп еңірейді.

Хан Жақып болса арыған,
Басқаша пейілі тарылған.
Қара ниет оңбағыр,
Иттен жаман алжыған.
Көбеш болса көр екен,
Көр тұрсын қара жер екен.
Көр Көбештің өзінен
Жақсылық күту тек екен,

Жақсылық деген жоқ екен! – дейді. «Ал енді Абыкеде айып жоқ. Осы ақылды, бәлкім, сол тілімізді алар, жөнге салар!» деп, Семетейді бастап жолға түседі. Жақып ханның ауылына жақындаған кезде Бақай: «Мен озып барып хабар берейін, сүйінші сұрайын, қайтер екен. Жай жапсарын байқайын. Сен артымнан келерсің. Бәлекетіңді мен алайын!» – деп, Бозшолағын орғытып Жақыптың үйіне барады. Жақып

пен Бақдәулеттен сүйінші сұрайды. «Тентіп кеткен шырағың келді! Семетейің келді!» – дейді. Сонда Жақып неше түрлі ой ойлап, өтірік күлгенсіп, қуанғансып: «Ия, Бақай, болсыншы, баламды тезірек алып кел. Дос, дұшпан өсегін қойсыншы. Келсін балам!» – дейді. Содан, ер Бақайды жөнелтіп салғаннан кейін, Бақдәулетке: «Ал енді еш адамға білдірме. Басынан бұзық ит Бақай баланы жанына алған екен.

Бұл қара тұмсық жайрағыр
Қаныкейден кеп ұқты,
Хан Жақыптың тұқымы
Жақсылық қылмас деп ұқты.
Тумай жатып тулаған,
Тұғырға қонбай талпынған,
Шаппай жауды қорқытқан,
Кешпей суды толқытқан.
Бұл Семетей өлмесе
Ұят қылады балдарды,
Қолы жетсе қор қылар,
Хан Жақыптай шалдарды.
Бұл өштескенін жайламай,
Өлгенінше тынбайды
Абыке мен Көбешке
Еш жақсылық қылмайды!

Мен мұның тұқымын құртайын.
Бақайға өзіміз ішкен ыдыстан шербет су бер де, Семетейге араққа қосып у бер!» – дейді. Бұл сөзден Бақдәулет шошып кетіп: «Өз балаңды өзің өлтіріп, саған не болды? Ой, кесепат, мен бұл айтқаныңды істемеймін, уыңды қоспаймын! Қартайғанда өз жөніңмен өлмей, балаларға қастық қылма! Мындай сөзді қой!» – дейді. Сонда Жақып қылышын суырып алып, қалшылдап: «Қазір сені соямын, сенен аламын өшімді. Кәне, айтқанымды істе!» деп ақырады. Бақдәулет жылайды. шынымен бала өліп қалар ма екен уайымдайды, бірақ шалынан қорыққанынан араққа уды қосып қояды.

Жолда Семетейге Бақай: «Байқа, балам! Бұлар не берсе де, бірінші Жақып

атаңа ұсын. Ол ауыз тимейінше, сен де ауыз тиюші болма!» – дейді.

Семетейді көргенде Жақып хан мен әйелі Бақдәулет бер жақтарымен қуанғансыған болады. Жақып немересіне: «Арыстан Манас өлгеннен кейін Шиырды есінен адасты. Қаныкей екеуі қосылып, тілімізді алмай Таласты тастап, қашып кетті. Қайсыбірін айтайын, балам, көзіңді көрдік. Ағаларың өзіңді сағынып тосып жүр. Өз атаңнан қалған тұғырға қонарсың, тұйғыным! Әй, Бақдәулет, бала сусан келген шығар! Бақайға шербет құй. Балаңа ащыдан баса құй!» – дейді. Шалы айтқан соң, Бақдәулет Бақайға шербет, Семетейге у қосылған арақ құяды. Семетей:

Атаға қызмет қылмастан,
Адастым ата жолымнан,
Аруағың ұлы шоң атам,
Ішіп қой менің қолымнан.
Сізден бұрын ыдысты,
Қолыма қайтіп алайын,
Ішіп, бер ата батанды,
Тілегіме үйіңнен,

Жеткендей болып қайтайын! – деп, берген арағын Жақып хан атасына қайтіп ұсынады. Сасып қалған Жақып: «Ой, балам, кеше Манас өлгеннен кейін Жақып хан мен Бақдәулет құдайдан қорықпайды, арақ ішеді деген сөз шыққасын, ант қылып, мүлдем арақты қойып кеттік. Енді мені іш – іш деп қыстама! Бұл арақты мен ішпеймін енді. Өзің іше ғой, құлыным!» деп, қайтадан береді. Семетей ыдысты қолына алып:

Атам, енем татпаған,
Арағын қайтіп ішемін?
Атамнан бұрын қол салып,
Тамағын қайтіп ішемін?
Арақ ішпейтін атамның

Алдында қалай ішемін?! – деп, әлгі арағын итаяққа құйып қояды. Сол уақытта Жақыптың иттері келіп, әлгі арақты иіскеген бойда уланып құлап, өліп

қалады. Арамдық ісі әшкере болғасын,
Жақып абдырап, сасып отырып қалады.
Семетей атамнан қалған мал – мүлкімді
қайтарып бер дейді. Бақдәулет Ақдабыл
мен Ақолпоқты береді. Қолына мүлкі тиген
соң, Семетей Абыке мен Көбешке қарай
аттанып кетеді.

Сонда Бақай: «Иттігін көрдің,
Жақыптың ішінен кірі арылмаған, жүрегіне
мұз қатқан. Сені сағынбаған екен. Бұл
туғаннан шыққан дұшпан болды. Оған
қарайламай кетейік енді. Мен хан Көбешке
барайын, Абыке екеуімен сөйлесіп, хабарын
білейін. Сен артымнан аяндап келе бер!» –
деп, Ордаға қарай тартады. Көбешке келіп:

Сенделіп кеткен Семетей

Сергегім келді сүйінші!

Қарқылдаған хан Көбеш

Қанатың келді, тосып ал,

Қайғырып кеткен ініңді

Қадірлеп елге қосып ал,

Өлген Манас тірілді!

О дүние кеткен арыстан,

Өлмегені білінді!

Батыр Көбеш, бегім ұқ,

Керілген Талас, жерім ұқ,

Қарыған құрдас теңім ұқ!

Ажарлы туған шер келді,

Қас дұшпанға күйінші,

Сүйінші, жұртым, сүйінші! – дейді.

Сонда кесірленген кер Көбештің ашуы
келіп, қуанып келген Бақайды қол бақанмен
басынан бір салады. Бақайдың басынан
қан кетеді. Сол кезде қырық шора Көбешті
ұстай алады. Жұрттың үлкендері Көбешті
сөгіп, былайғы қалың ел Семетей келді
деп қуанып, бірінен – бірі сүйінші сұрап,
шаттанады. Абыке Бақай ханға:

Аруақ ұрған Көбешті

Анық құдай алды ғой.

Арманды дүние қайтейін,

Іш бұзылып қалды ғой.

Абаке Бақай сабыр қыл,

Азапқа мені салды ғой.

Бас жарылса жабулы

Бөрік ішінде қалса екен!

Қопалдардан қол сынса,

Жең ішінде болса екен.

Тұмсығы жоқ Көбешті

Тұйғын інім сояр ма?

Шегін білсе, сау қоймай,

Сойып, көзін ояр ма?

Бұлмасқарақылды, енді бұдан қалыспын,
бұдан тазамын дегенімізге кім нанады?
Осы Көбештен күйіп, әбден қор болдым.
Бір шешеден туғаным маған сор болды.
Бұл Көбешті Қаныкей арам деп анық біліп
айтқан екен. Енді жетімім жетіліп келсе,
Манастан қалған ел – жұртын өз қолына
берейін. Мені де бір балам деп жүріңіз!»
– дейді. Бақай оны жұбатып, Семетейге
жетіп келеді. Қандай жағдай болды деп
елеңдеп тұр екен, Бақай болған жайды
білдірмей, «елің келді балам деп, мынау сенің
ағаң» деп, Абыкемен жүздестіреді. Сонда
Абыке амандық – саулық сұрасып:

Шымшықтай кезде айрылған,

Шырағым, аман келдің бе?

Шыбықтан өсіп жетілген,

Шынарым аман келдің бе?

Тұйғыннан қалған тұғырда

Тынарым аман келдің бе?

Манастан қалған бағыма

Мұратым аман келдің бе? – деп, Қаныкей
мен Шиырдының амандығын сұрайды.
Темірханның, барлық нағашыларының
амандығын сұрап: «Мынау қаражолтай
Көбештің қастығы бәрімізді де жаман
атты қылды. Осындай үлкен қастық қылды,
иттік қылды!» – деп, болған жайттың
барлығын баяндап, айтып береді. «Бұл
біздің ешқайсымызға қараған жоқ. Еркімізге
салған жоқ. Зорлығын жасады. Сөйтіп
енең Қаныкей сені көтеріп, Бұқарға қашып
кетті. Осындай заман болды, әйтеуір, аман
келдің!»

Жалпак кырғыз көп туған,
Ел сенікі Семетей!
Керіліп жатқан кең Талас
Жер сенікі Семетей!
Аяғы Талас, Сары өзен,
Шу сенікі Семетей!
Атағы кеткен Шоң Орда
Үй сенікі Семетей!
Жайылып жатқан сан қара,
Мал сенікі, Семетей!
Айналайын жалғызым,
Атаңнан қалған аманат,
Жауға киер мүлкің бар,
Алты ай шапса арымас
Тайбуырыл сынды тұлпар бар,
Аманат жанның ермегі
Атаңнан қалған сұңқар бар.
Қорғаның сенің тірегің
Қадірлі кырғыз халқың бар.
Қария Бақай ханың бар,
Қадірің білген кәрің бар.
Хан Шығай менен Көбештен,
Қатты тиген дертің бар.
Қазына толған зерің бар.
Қазына баққан жаныңда
Қырық үйлі қара қалшаң бар,
Қайсы бірін айтайын,
Қазына толған паршаң бар.
Қаныкей біледі анығын,
Есебін білмеймін, қаншаң бар! – деп,
арманы айтады. Сонда Семетейде ағасына:
«Аға, айыбың жоқ. Сөзіңе ризамын!» – деп,
дұрыстап амандасады. Абыке бұрқырап
жылап, Бақай хан оған қосылып, бүкіл
қырғыз шұрқырап, Семетейдің сөзін
тыңдап, қариялар: «Аруақтар жәрдем
болсын, атаңның бағы қонсын!» – деп,
батасын беріп, барлығы Көбешке келеді.
Атасының мүлкін Семетейдің қайтарып
алатын жөні бар десе, Көбеш көнбейді.

Ақкелте мен Ақолпоқ,
Атағы шыққан Сырнайза
Ағамнан қалған мүлкім, деп,

Айтпасын мұны, шіркін, деп,
Абыке бергін дегенде,
Аямай келді күлкім деп.
Өлмей тұрып жарақты,
Өзім қайтіп беремін?
Семетейден келгенді

Тақ төбемнен көремін! – дейді.
Бұған халықтың бәрі наразы болып: «Бұл
Көбештің айтып тұрғаны не сөз? Жетімге
қылған қандай зорлығы! Мұндай сұмдық
та болады екен!? Иесіне малын бермеу
деген немене?! Қара ниет Көбешің хан
болмақ түгіл, дәу болса да, Семетейдің
мүлкіне ие болуы жөн емес! Абыке, алып
беріп құтылғын, Бақдәулеттің балдары,
жөніңменен құтырғын!» – деп, қалың кырғыз
наразылығын білдіріп тұрады.

Айналайын, Семетей,
Буырылдың сырын білгін, – деп,
Алшайып атқа мінгін! – деседі.

Содан Буырылды мініп, бұлқынтып,
ары – берлі жұлқынтып жүріп, қайта келіп
сұрайды Бақайдан: «Абеке, атамнан қалған
Ақсұңқарым қайда?»

Сонда Бақай Ақсұңқардың жайын
айтады.

Арпаның басы жайықтан,
Ақ жұмыртқа тұйықтан,
Асырап, сақтап құс қылған,
Арыстан ерге тұс қылған.
Алты арқан салса жетпеген,
Қайран құсың Ақсұңқар
Айналып заудан кетпеген.
Әлемде жоқ Ақсұңқар
О дүние кеткен атаңның,
Келген еді бағына.
Атаңның көзі өткен соң,
Қорлыққа көзі жеткен соң,
Кеткен еді айналып,
Туып өскен жағына.
Құлыным, сені келер деп
Күтіп жүрген кезі бұл,
Тыңдашы, балам, үн шықты,

Ақсұңқардың өзі бұл!
 Айналайын, құлыным,
 Жалғаны болмас сөзімнің,
 Жақсылап қара аспанға,
 Қуаты бар ғой көзіңнің.
 Келгеніңді білген ғой
 Қу – қу, шіркін Ақсұңқар,
 Жайдарымды жаза гөр!
 Жалтылдаған қанатты
 Жайған тудай аша гөр!
 Сағынып келген жетімнің
 Мауқын сұңқар баса гөр! – деп, Бақай
 хан қу – құлап тұрған уақытта, Ақсұңқар
 құс бір қызыл түлкіні қиядан қуып келеді.
 Аспанның беті күркіреп,
 Тау жаңғырып дүркіреп,
 Қанатының лебінен

Тал – қарағай діркіреп.
 Қашып қалған түлкіні
 Тықсырып алып Ақсұңқар,
 Келе ғой жетім дегенсіп,
 Керіліп тұрды сілкініп.
 Қанша мықты болса да
 Шыдай алмай Семетей,
 Көзінің жасы төгіліп,
 Құшақтап алды сұңқарын
 Кіндіктес туған немедей!
 Мұны мұндай тастайық, Семетейдің
 кең Бұқардан Таласқа көшіп келгенінен
 бастайық. Семетей сағынған елімен
 көрісіп, мауқын басып, жарақтарын алып,
 Ақолтоқты киіп, Тайбурылды мініп, енді
 бір жола көшіп келетін болып, қайтадан
 Бұқарға барады.



Таласқа көшіп келгенде

Семетей Қаныкей мен әжесі Шиырдыны алып, Таласқа бір жола көшкенде, Темірхан аяулы қызы мен жиенінен ештемені аямай, мол енші береді. Ысмайыл бастап, бұқарлықтардың барлығы қимай – қимай қоштасып, шығарып салады. Баяғы тоғайдағы Сары таз көміршіге тон жақсысын кигізіп, ат жақсысын мінгізіп, Семетей Таласқа қарай жүріп кетеді.

Жылғынды Кең – Қол, кең Таласқа көшіп келгеннен кейін Қанекей қуанып: «Міне, құдай ісімді оңдады, аман – есен жеттім Таласқа, арманым жоқ!» – деп, риза болып, жылап жүріп көшін тоқтатып, түсіреді. Сол уақытта Бақай Семетей келіп қалар деп күн санап әрең жүр екен. Қайнарға келіп, қалың көш тоқтағанын көргенде, «а, құдай берді, Семетей көші келді» – деп, өшкен оты жанғандай, халықтың бәрі жиналып, атқа мініп, сүйініп, ауылда адам қалмай тұра

тартады. Бақайдың ұлы Байтайлақ, мінген аты кер жайдақ, Қамқатай мініп кер жорға, Жезбілек мініп сұр жорға, – барлығы келіп Шиырды мен Қаныкейге амандасып көріседі. «Қуанғанымыздан қалай жанымыз шығып кетпей тұр!» – деп, бір жағы жылап, бір жағы күліп, жырышлар жырылайды. Сонда Семетей:

Атамның жұртын сағынып,
 Көшіп келдім ырымдап,
 Менің атам Манастың,
 Жақтырған жұрты қылымнан.
 Бұл Манас қонған майлы жұрт,
 Манасқа жаққан жайлы жұрт!
 Құдайым берген құтты жұрт,
 Сағынып келдім мықты жұрт!
 Қаныкей мені туған жұрт,
 Кіндік қаным жуған жұрт.
 Кіндігімді кескен жұрт,
 Киімімді жуған жұрт.
 Жалпақ жұртқа хан болып,

Атам Манас өткен жұрт.
Аяғы Талас, басы Шу,
Байтақ қырғыз өскен жұрт.
Жамандық қылған дұшпаны
Жанына келмей безген жұрт.
Шер Манас Манас болған жұрт,
Бақыт – дәулет қонған жұрт,
Атағы шығып дәу болып,
Батырлар өсіп – өнген жұрт,
Осы жерден аттанып,

Жау келсе, жауабын берген жұрт! –
*дегенде, жұрттың бәрі мақұлдап, риза
болады. Үйді құрып, орданы тігіп, туған
жеріне қонады.*

*Мұны былай тастайық, Абыке,
Көбештің әңгімесін бастайық. Солуақытта
Абыке: «Семетей көшіп келінті, тілекті
құдай берінті, мен Жақып пен Көбешке хабар
салайын да, оларды бастап алып барайын!»
– деп Ақтелкіні қарғытып, Көбешке келін:
«Семетей көшіп келді! Енді иттігіңнің
бәрін таста, жүр барайық! Шер Манастың
орнына Семетей інім келді, енді ақымақтық
қылма, ақылыңнан адаспа, жамандық алмай
ойыңа, жақсы жолға баста! Мен Жақыпқа
барайын, хабар салайын!» – деп жөнеледі.
Жақыпқа келген соң:*

Манастан қалған жалғызың,
Семетей көшіп келіпті,
Сүйінші ата, сөзімді ұқ,
Саған құдай беріпті!
Өкпең болса, кешіргін,
Іштегі кірді кетіргін,
Айналайын, атеке,
Жазығы жоқ жетімнің!
Ата – бала жауласқан,
Қырғызда мұндай үкім жоқ,
Семетей балаң болмаса,
Шын жері сенде тұқым жоқ.
Обалға, ата, қалмағын,
Бұл сөзімді қармағын,
Тұмсығы жоқ кісі едің,
Тұқымды үзіп салмағын!
Ойланбастан басында,

Ойран қылдың шарбағын,
Ойланғын Манас аруағын!
Айналайын атеке,
Балаңа азу салмағын!

*Жүріңіз, бәріміз барып көрейік, бірге
болайық!» – деп, сөзінің дұрысын сөйлейді.
Сол кезде Жақып ашуланып: «Бұл Абыке
ақымақтығын қоймайды! Тұмсығы жоқ ит
қорқақ, жекеден шыққан жетімді туған
қылып аламын, тура жолға саламын деп
ойлайды!*

Семетей туған болмайды,
Мұны туған деген оңбайды.
Дұшпандығын Семетей
Өлмейінше қоймайды.
Халық аралап алған соң,
Халық ішінен сөз шығар,
Халықты билеймін деп шығар,
Қара тұмсық жайрағыр,
Халық менікі деп шығар!
Қадірі болады бетінде,
Халық айналады жетімге,
Халқыңның түрі басқаша,
Ниетінің бәрі жетімде.
Жетімге еріп ел кетсе,
Қара тұмсық Абыке,
Қаласың халық шетінде.
Ажары болса бетінде,
Жұрт айналар жетімге,
Зорлап елді тыймайсың,
Жүресің жұрттың шетінде!
Екі күн өтпей есіріп,
Ел менікі деп айтар,
Енесі бетпақ үйреткен,
Жер менікі деп айтар,
Жалпақ жазық, қалың жұрт,
Жан менікі деп айтар,
Жайылып жатқан сан қара,
Мал менікі деп айтар!
Көбеш балам, қайдасың?
Жетімнің тапқын айласын,
Қара тұмсық жетімге,
Қамдандырмай барып кел,
Айдап жолға салып кел!

Жерді – суды былғатпай,
Жетімнің басын алып кел!
Қолыңда хандық тұрғанда,
Шаларыңды шалып кел!
Елдің бәрін ертіп ал,
Жетімге бүлік салып кел!
Тіл алмаған кісінді
Тірі қоймай жарып кел!
Жалмауызды жоғалтып,
Алмаған өшті алып кел.
Жерімде тыныш табайын,
Елірген екі қаншықты,
Айдап жолға салайын.
Бәрінен бұрын өлтіріп,
Бақайдың басын алайын.
Жалпы жұртым ұғыңдар,
Аттанып бәрің шығыңдар!
Бармаймын деген адамды,
Түгел көрге тығыңдар!
Еліктірмей ешкімді,

Бұйрығымды ұғыңдар! – деп, хан Жақып барқылдап жұртқа әмір береді. Оның ар жағынан Көбеш те шаңқылдап, «қойдай қырып тастаймын», – деп жұртты қорқытып, барлығын иіріп алады. Найзаларын жылтылдатып, қаптаған қолмен Жақып хан мен Көбеш екеуі аттанады. Енді оларға Абыке айтады: «Айналайын, атеке, мұны қойыңдар! Одан да адам болатын балаңды халқыңмен бірге тосып алғаның жөн! Қылмағаның жоқ еді, Шиырдының алдына кешірім сұрап барғаның дұрыс болар еді!» – дейді. Бірақ, қанша жалынса да, Жақып пен Көбеш оған көнбейді. Семетейдің ауылына шабуылды бастайды. Бұлардың келе жатқанын көріп Семетей саспайды. Шиырды шошып, қорқып қалады, Қаныкейдің де есі шығып, «жалғызға құдай жәрдем бере гөр!» – деп, тілегін тілеп тұрады. Бақай «балам, аттан!» – деп, жігерін қайрап, дем береді. Сонда Семетей күйініп:

Ата сендей болмайды,
Атамның арты оңбайды,

Ата тұрса шыр бастап,
Ауылымыз жақын қонбайды,
Туған мұндай болмайды,
Туғандарым оңбайды,
Тиісіп жүрген ит шіркін,
Мені тыныш қоймайды! – деп күңіренеді. «Арыстанның ұлы Семетей атасымен соғысып жатыр! – деп ертең сөз тарайды – ау! Бұл ұят болды – ау, бірақ бұлардың қорлығы өтті. Мен бұларды кім тыяды десем, тыятын өзім екен зой. Бұлардың көзін ашайын, кесапатты шіркіндердің құдай кезін келтірген шығар, ауылыма шабуыл жасап тұрған кезде мен неге аянамын?!» – деп, жау – жарағын асынып, Тайбуырылды мініп, Сырнаизасын бұлғап, қиқу салып шығды. Сол бойында көр Көбешті найзамен сайып, атынан ұшырып түсіреді. Абыке мен Көбешті орға салып, қалған елді тоқтатады. Сонда келген елдің үлкендері айтады: «Айналайын, Семетей, Жақыптан қорыққанымыздан келдік! Мына халықтың түк жазығы жоқ, Көбештен қорлық көріп жүрген елміз, солардың айдауымен келдік!» – деп жүгінеді. «Атаң Манас хан еді, кешірімді жан еді, кешірсең, балам өзің біл, кешірмесең, кескін тіл. Манастың қалдық артында, қорлықпенен біз келдік, күткеніміз сен едің, күнә бар ма халқыңда?!» деп шұрқырап тұрғанда, Семетей: «Бұл кісілердің сөздері шын – ау, хандар жарлық қылғаннан кейін бұқара халық не істей қойсын?!»

Туған елім, көп қырғыз,
Жұртым, сенде жазық жоқ!
Жалпы жұртым, ұғыңдар,
Жайланып ауқат қылыңдар,
Екі күнде, бір күнде
Шоралар келіп тұрыңдар!
Батыр Манас салтындай,
Басқарып кеңес құрыңдар,
Атамнан қалған қырық шорам,
Сен – дағы көрдің жәбірді,
Арманды жетім Семетей

Мен – дағы көрдім жәбірді.
Ер Манастан айырылып,
Ел – дағы көрді жәбірді!
Бұдан әрі шоралар,
Кеңесті бірге бастағын,
Ішінде пікір қалмасын,
Қиянатқа баспағын,
Мен болмасам ел үшін
Өткен – кеткен айыпты,
Ішіңнен алып тастағын!
Сіздерде бірлік болмаса,
Ала болып өлеміз,
Қорлық көріп дұшпаннан,
Өкпеден қанды ағызып,
Жара болып өлеміз.
Не болмаса қалың жұрт
Көбештің ісін еп дей ме?
Мықты болса хан Жақып,
Пайдасы тиер баланы
Жоямын деп өктей ме?
Қырғыз бүйтіп бүлінсе,
Әрең тұрған Қоңырбай
Олжа қылып кетпей ме?
Одан гөрі шоралар
Бүлінбей бекем бек болып,
Беттескен жауды кектейік.
Айналайын, халайық,
Сары абам өзі хан болсын,
Хан болмаса Сары абам
Қайткенде ісім оң болсын?!
Қиястық қылған адамның,

Қара аузына қан толсын! – деп Семетей
кеңес қылып тұрғанда, Бақай мен Жақып
көздеріне түспей, ел іздей бастады. Бүкіл ел
іздеп келсе, Қара таудың тасында, Тұйық
қолат басында, жан адам жоқ қасында,
Жақып пен Бақай екеуі бір – бірін аямай,
арбасын алысып жатыр екен. Бұларға
қой деп жатқан ешкім жоқ. Бір уақытта
Жақыпты Бақай аттан сүйреп алып,
шалқасынан жатқызып, төсіне мініп
алады. Жақыптың қолын байлатып, сорын
қайнатып, Абыке мен Көбешті салған
қырық құлаш орға тастайды. Бұл Кең –

Қолда Манастан қалған ор екен. Бақай
жалпы жұртқа қаратып:

Байтақ қырғыз, қалың жұрт,
Арманың бар ма Манасқа?
Манастан қалған бір жалғыз,
Жаңадан қонды Таласқа,
Есің болса көп қырғыз,
Ерлікті бұдан таласпа!
Жақып хан мен Көбешке,
Жақын барып жанаспа!
Манастан қалған қырық шора,
Бәріңе жағар сөз айтам,
Басшы болған Қырғыз шал,
Кәріңе жағар сөз айтам.
Адаспай адам қалмайды,
Адасқан жолға бармайды,
Адасқан жолдан бас тартпай,
Азапқа өзін салмайды.
Манастан қалған жетімге,
Шора болып алыңдар,
Кеңес тауып, жетімді,
Келтіріп жолға салыңдар!
Келетұғын жаулар көп,
Кеңесіп жолын шалыңдар!
Семетейдің дәуірінде
Серпіскенге бой бермес
Себіл болып қалыңдар!
Кім қуанбас халайық,
Семетей көшіп келгенге!
Күтіп жүрген баланы,
Жеткізіп құдай бергенде.
Еліріп кеткен бір жетім,
Елі – жұртын көргенде.
Көр Көбештің қолынан,
Ер Сарының қолына,
Жаңа хандық келгенде,
Шақырамын бәрің кел,
Ойлана тұрған ой болар,
Үш күннен кейін той болар,
Келмей қойған кесапат
Қай жаққа барып зор болар?
Ынтымақтан қашқандар,
Ығы жоқ өзі қор болар!» – деп, аталы
сөзін айтады.



Қырық шораның қырғыны

Манас өлгеннен кейін қырық шора амалсыздан Көбешке бағынады. Хан болып тұрғаннан кейін оның әмірінен шыға алмай, Қырғылшал мен Тазбаймат Қаныкейге қорлық көрсетеді. Енді Семетей келгеннен кейін бұлар шошып, шораларды азғыра бастайды: «Бұл үлкен атасы Жақыпты, екі бірдей азасын ұстап алып, орға салып қойды. Олар құтылмас бәлеге қалды. Бізге де күн жоқ!» – деп қорқытады. Шоралар жандарынан түңіліп, болған шатақ істің бәрін бірінен – бірі көріп, дауласып, естері шығады. «Енді қандай айла қыламыз?» – деп кеңеседі. Кейбіреуі Семетей мен Бақайдың айтқан сөздерін алдау деп есептейді. Бірақ, Көбештің бұйрығымен Қаныкейді шапқандарын, одан кейін көшіп келген Семетейге шабуыл жасағандарын шоралар имансыздық деп ойлайды. «Семетеймен елдесу енді жоқ. Бәрібір мында қалсақ өлеміз, өлмесек те бұл шұнақтан қорлықты көреміз. Одан да қалмақты көздеп қашайық, артымыздан қуып шықса, Семетейдің қанын аямай шашайық, кетер жолды ашайық!» – деп шешеді. Бірақ, кейбір шоралар бұған келіспей, қобалжып қалады. Сонда Баймат батырлардың намысына тиіп:

Ей, шоралар, шоралар,
Қайткенде ісің оңалар?
Семетейге ұялмай
Қайтіп жақын барамыз?
Қырғылшал қылған іс үшін,
Бәлеге енді қаламыз.
Қаныкейді қақсатқан,
Қаншалық ісін ақсатқан,
Елден, жұрттан қуалап,

Қайғылы істі бастатқан.
Адамның тілін алмастан,
Жанға кеңес салмастан, Көбешке
кіріп кеттік. Енді Бақай мен Семетей
бізбен жау болады, ешкімді сау қоймайды.
Қаныкейдің бетін қалай көріп, енді мұнда
қайтіп тұрамыз? Қалмақтың жұрты
бауырмал, соған барып тұрамыз. Басқа
амалымыз жоқ!» – дейді. Байматтың сөзіне
тоқтап, барлығы ақылдасып, обалдарын
Қырғылшалға байлап, нан шайнасып,
оқ тістесіп, ант қылып, түн жамылып
«қайран жер Талас қалдың» – деп қатын,
баласы жылап, қой – қозыдай шырқырап,
қашып кетеді.

Бір күн өтіп, екінші күн болғанда
Семетейге шоралардың барлығы қалмаққа
қашып кетті деген хабар жетеді.

Бұл қара жолтай шораға,
Қашан қылдым зорлықты?
Қалмаққа кіріп кетем деп,
Көрсетті маған қорлықты.
Келгеніме бес – ақ күн,
Әй, деп қойған сөзім жоқ,
Жаман айтқан жерім жоқ
Шоралар менен шошынып,
Шоршып қашар жөні жоқ.
Қиянат қылып кетем деп,
Шоралар қашса қалмаққа,
Қолым тиген жері жоқ.
Тапсырдым иттерді аруаққа!
Қырық шораға барайын,
Тоқтатып алып қалайын.
Ынтымаққа келтіріп,
Шора қылып алайын! – деп, Семетей
хан Бақайға келіп ақылдасады. Одан

Тайбуырылды мініп, Ақолпоқты киіп, жау –
жарағын сайланып, қылышын қия байланып,
Ақкелтесін асынып, Сырнайзасын таянып,
Бақайдан бата алып, қашқындардың
артынан аттанады.

Мұны мындай тастайық, Қаныкейдің
жорығынан бастайық.

- Көбешті көрге кіргізіп,
Дүниеден көзін жоялық,
Шоралар бүйтіп жатқан соң,
Арамдарды бұл жерден

Тындырып мүлде қоялық!– деп,
қасына біраз жігіттерді алып, Қаныкей
атқа мінеді. Орға келген соң: «Жақып хан
мен Көбешті жайратып тастаңдар!» –
деп, бұйрық береді. Жігіттер Жақып пен
Көбешті ордадан сүйреп шығарып, көз
алдында жайратып салады. Енді «Абыкені
шығарыңдар, бірақ оны өлтірмеңдер» дейді.

- Атаң мен ағаң өлді! Өздерінің жазығы
болғандықтан, жазасын тартты. Оған
қайғырма, сені ниетің ақ болған соң, аман
қалдырдық! – дейді. Абыке:

Азапқа жалғыз қалмаймын,
Ақ та болса басыма,
Азаттық сұрап алмаймын.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Атам менен ағама
Айтпаған сөзім қалған жоқ.
Сонда да болса, Қаныкей,
Атам өліп, мен қалып,
Ағам өліп сандалып,
Халық ішінде ұялмай
Қайтіп жүрем жан бағып?!

Абыке солай дегенде, Манастың енесі
Шиырды қарт жолбарыстай шабынып,
қаһарланып шығады: «Бұл Абыке адал
болса, Көбеш бізді шапқанда араша түспей
ме? Бұл да іштен шыққан дұшпан, Қаныкей
мұны қалай білмейсін? Қара жолтай хан
Жақып, бізбен қастасқан қара жау, сол хан
Жақыптың күшігі Абыке, Көбеш бұлар да
жау! Ал, жігіттер, Абыке құлды сойыңдар,

жауыз шалдың тұқымын жойыңдар!»
деп, Шиырды қаһарланып бұйрық береді.
Сөйтіп, Қаныкейге ерік бермей:

Шиырды шырды бастады.
Абыкені ақтамай,
Оны да жайлап тастады.
Ақылайды алдырып,
Ақылынан тандырып,
Көбешіңнен қалма деп,
Оны да салды жарғызып...

Мұны былай тастайық, қуғынға кеткен
Семетейдің, жорығынан бастайық.

Қашқан шора артынан
Тайбуырылды зырғытып,
Ала белменен шұлғытып,
Тұра қалып із қарап,
Сусамыр бойлап ызғытып.
Ашуына шыдамай,
Аузындағы отыз тіс,
Келе жатты қышырлап.
Қарақолдың басында,
Сандық, Тармал сазында,
Шораның жетті артынан,
Қошқардың төмен шетінде,
Жалпақ тастың қасында.
Жеткен кезде Семетей
Шораларға кеп айтты:
- Шораларым, деп айтты,
Қылайған менің өзімде,
Кінә бар ма деп айтты.
Шоралар тоқтай тұрындар,
Шоғылып кеңес қылындар,
Менен айып іс өтсе,
Кешіріп сабыр қылындар.
Кеше келдім халқыма,
Шоралар, қашып шошыттың.
Бүгін түстім артыңа,
Айып өтсе өзімнен.
Айтып тұрған сөзімнен,
Айналайын, шоралар,
Кешіріңдер жетімді!
Аңдып жүрген жаулар көп,
Жала менен даулар көп.

Бүйте берсен шоралар,
Талай жерге кеп кетер,
Ел ішінен еп кетер!
Бүлініп жатыр қырғыз деп,
Жансыздардан кеп кетер!
Алалардан шек кетер,
Қан аңсаған Қоңырбай
Көп қалмағын бастап кеп,
Жерімізді ойрандап,
Аққан қанды кештіріп,
Қырғыз атын өшіріп,
Әлде кімдер жеп кетер!
Айналайын, шоралар,
Астымдағы Тайбуырыл,
Атым тарту шоралар!
Манастан қалған мен жетім,
Басым тарту шоралар!

Алдыңа иіліп келген соң, көңілден кір кету керек, араздасқан халайық, татуласқанымыз жөн болар! – деп, Семетей Тайбуырылдай буданды шораларға тартады. «Елді тастап, қалмаққа кетсеңдер, арманда болып өтесіңдер. Жалпы қырғыз туған еліңді, Таластай жеріңді тастап, Манасқа ұят келтіресіңдер, бізді тірідей өлтіресіңдер! Қоңырбай мұны естісе бізді мазақ қылып, күлмей ме? Қырғыздың халқы Семетей қысқаннан кейін шоралар жерден қапты, – деп қисық сөз айтпай ма?

Айналайын, шер шорам,
Атамнан қалған жан шорам,
Кеткенің қайтіп келгенде,
Тілекті құдай бергенде,
Қашып кеткен жалғызың,
Қайырылып халқын көргенде,
Жылғынды Кең – Қол, Таласта,
Жырғайтұғын кезінде,
Жиылып жұрттың барлығы,
Жырлайтұғын кезінде,
Айналайын, шоралар,
Жөні жоқ жерден есірме.
Қырғызға қырсық қылам деп
Қалмаңдар кетпес кесірге! – дейді.

Бірақ, шоралар тоқтамайды: «Сенің сөзіңді ұқпаймыз, батыр, шық былай! Қайтып барғанымыз ұят!» – деседі.

Қиғаштаған Қырғылшал
Қиқырып тұрып кеп бастап:
- Байғұсым тапқын жөнінді,
Көрмейміз қырғыз елінді,
Қойғын бізге сөзіңді,
Мойынға алдық өлімді.
Біз қайтпаймыз қырғызға
Бекер бізге жармаспа!
Біз кетеміз тұрмаймыз.
Жұлдыз бенен Құндызға.
Тарылғансып Семетей,
Тапсырасың аруаққа!
Тарылсаң мейлің, кетеміз,
Тамаша салып қалмаққа.
Токта деп айтар сөзің жоқ.
Қашқынды қайта келгін деп.
Семетей сенің бетің жоқ!
Аянбастан бел байлап,
Атысып тұрып кетеміз!
Қызыл қанға бір жола,
Батысып тұрып кетеміз!
Ажал жетсе, өлмек шын,
Аянып сенен нетеміз?!
Біржолата Семетей
Ажырап сенен кетеміз!»

Қаражолтай шоралар,
Қарақолдың бойында,
Қақпа – Тастың ойында,
Оқ жаудырып, жақ тартып,
Ұрысты бастап жіберді.
Бараң мылтық барсылдап,
Қара мылтық қарсылдап,
Оқ жаудырып тарсылдап,
Садақтың оғы ызылдап,
Шарайнаға оқ тисе,
От аспанға жарқылдап,
Қиянатшыл қырық шора
Аянбай соғыс бастады.
Ызасынан Семетей,

Өліп кете жаздады.

«Ай, шоралар болмады зой. Атам Манастың барында қырық шора барлықты, байлықты көріп еді. Енді маған тарлық қылды – ау! Өттең, арман, жастығым, бір атадан аздығым. Енді мына жақынның қастығын көрдім – ау! Қой, аманат жанынан тойдым, иттерді аруаққа қойдым!» – деп:

Ақкелтесін дүрмектеп.

Аямай Семен он атты.

От шағылған шорадан

Онын бірдей сұлатты.

Бірақ, анттан қайтпас шоралар, Қырғылшалы бас болып, шабуылға шығады. Сонда алты жасар Күлшора: «Ай, шоралар, қойыңдар! Бәрің өлесіңдер зой. Манастың тұзы ұрғанынан бұзылып өлесіңдер. Ақылдарың болса, Манастан басқа жақындарың жоқ. Бұларың дұрыс болмады. Қырғыздан қашып келдік деп, қастасып жүрген қалмаққа жағынып, намысы жоқ шоралар қай беттеріңмен барасыңдар?» – деп зар жылап, сайрап тұрады. Анттасып алған шоралар баланың сөзін елең де қылмай, жалғыз келген Семетейге жан – жағынан жабылады. Найзамен сайып, қылышпен шабысып, шойынбасымен ұрып, Тайбурылдың сауырын су төккендей қан қылады.

Қошқардың төмен шетінде

Бала жолбарыс Семетей,

Көп қарғаға бір сұңқар

Жалғыз тиген немедей,

Оң жағынан келгенін

Ойран қыла бастады,

Сол жағынан келгенін

Сұлата шауып тастады.

Тегіс қырғын болғанша,

Шоралар бірақ қашпады.

Атқа бекем батырлар,

Жан аузынан кеткенше,

Жан сауғалап саспады!

Қырғын соғыста Семетей батыр қырық шораның барлығын қырып

тастайды. «Ерегестен осындай болды. Өлімді қалады зой өздері. Шоралардан мына екі бала – Күлшора мен Қаншора қалды. Бұларды медет қылып, жаныма алайын. Рулы шоралар қырылып, ұятқа қалдырды. Осыларға қандай қиянат қылып едім? Өзектен шыққан өрт жаман, өзіңнен шыққан жат жаман деген, ай – шіркін! Осылар қарсыласпай, елдескенде зой, мен бұлардан жанымды аямас едім!». – деп, Семетей өкінеді.

Қошқардың халқын жидырып,

Жерден терең көрді қаздырып,

Қара жерді ойдырып,

Қарасын мықтап сойдырып,

Келген елдің барлығын,

Ет пен майға тойдырып,

Қырық шораның бейітін,

Қырқалата қойдырып.

Қызметі өткен Манасқа

Қырық шораның жорығын,

Рулы жұртқа сындатып,

Әр қайсының ерлігін

Жомықшыға жырлатып,

Атақты ұста алғызды,

Ақ күлбота шалғызды,

Аруағына ардақтап,

Ақ күмбезді салғызды!

Сөйтіп, қырық шораға қырық күмбез тұрғызып, ұстаның ақысына айыр өркештен нар беріп, сұрағанша мал беріп, алтын, күміс зер беріп, қырық күмбезге қырық найзаның желегін байлап, зарланған Семетей күңіреніп жөнеліп кетеді.

Қырық күмбезді салғаным,

Қыран Манас атама,

Қызметінің белгісі.

Қырық шорам болса қырылды,

Қырғыздар ұғар сырымды

Қырық шорасын қырды деп,

Қылымға сөзім ұғылды.

Қымбатымды қырдым деп

Кімге айтамын сырымды?

Қой деп айтар адам жоқ,
Қария Бақай абама жоқ!
Қандай жорық бастадым,
Қырық шораны қиратып,
Қарғаша қырып тастадым.
Айрылып қалдым шорамнан
Арманды дүние осы екен
Атамнан қалған жорамнан.

Екі бала ермегім,
Ептеп құдай бергенім,
Міндірсем атқа міне ме?
Сапардың жайын біле ме?
Алыстан келген жау болса,
Ағасына ес болып,
Атой салып жүре ме? – деп, арман
қылған екен.



Шынқожаның шатағы

*Нойғұттың ханы, өзі батыр,
Шығайдың ұлы Шынқожа күндердің күнінде
Семетейге қастасып: «Бұл жас қой, мен
бұған білгенімді қылайын!» деп, жаман ойға
келеді. Ертіс пен Тоқа деген екі шорасын
шақырып алып:*

«Семетей десе дардайып
Ұйықтай берген барбайып.
Есі жоқ жетім жас болып
Ет пен майға мас болып,
Қанын шашқан қалмақтан
Манастың құнын қумады.
Ақун ханға бармады
Анықтап хабар салмады,
Қалыңдығы айттырған,
Айшөректі алмады.
Бүйтіп жүрсе бұл итті
Түбінде құдай қарғады.
Қара тұмсық ит құлды
Қайтып құдай жалғады?
Айшөректен айрылса
Арманын айтып зарлайды.
Тайбуырылдан айрылса,
Жанында адам қалмайды.
Талас, Шуды бір шапсақ,
Айшөрек бізді таңдайды.
Айшөректі алғанның
Еш арманы қалмайды.

Ебі келсе Ертісім
Буырылды сұрап барайық.
Алдап тұрып жетімнен
Тайбуырылды алайық.
Тайбуырыл қолға тиген соң,
Семетей қолға кірген соң,
Тамашаны салайық,
Талас, Шуды шабайық.
Олжаны мықтап табайық.
Әбден көңіл тынған соң,
Ақун ханға барайық,
Перінің қызы Шөректі,
Берсе құдай, алайық,
Аяғы Бұқар, Самарқан,
Бүтін қолға қаратып,
Бұқара қылып салайық!» – деп,
екеуіне: «Екеуің ер едің, елшіге барыңдар.
Семетейге: «Шынқожа ағаң жіберді, бізге
Буырылды бер! Бермесең, көресіңді көресің,
Шынқожадан өлесің!» деп айтыңдар.

«Қаһарыма мінгенде,
Қамап тұрып аламын,
Қайнардағы қаласын
Талап тұрып аламын.
Қалжыраған жетімді
Сабап тұрып аламын!
Таласынан шығармай
Қорлық қылып аламын,

Қолыменен бермесе,
Зорлық қылып аламын!
Шауып алам Таласын
Талап алам қаласын!
Ноғай менен Нойғұттың
Ашып қоям арасын,
Ойлап көрсін шамасын!
Шақырып келмес Семетей,
Өліп қалған Манасын!
Шынқожа бар деп ойласын,
Шығай ханның баласы!» деп,
қаһарланады.

Ертіс пен Тоқа Семетейге жөннеп кетеді. Салып ұрып Таласқа келе жатса, түс кезінде көп жылқыны көреді. Жылқыға қарай келсе, жылқының басы Аман деген ер жігіт көріп: «Бұл не қылған адамар?» деп, келіп қарсы алады. «Семетей қайда?» деп сұрайды мына екі еліші. Аман бұлардың не сәлемі жоқ, не дұрыс сөзі жоқ түрлеріне қарап ашуланып: «Күлиора мен Қаниора!» деп айқайлап, екеуін шақырады. Қамбардың ұлы Қаниора, Алмамбеттің ұлы Күлиора жылқыны көріп, әрі аң аулап жүр екен. Олар келіп, тілдескеннен кейін, жөн сұрасады. Жөнін білгеннен кейін Күлиора: «Иә, Ертіс, Тоқа, екі аға, аман – есен жүрсіңдер ма? Елдерің аман ба? Шығайдың ұлы Шынқожа, жалты Нойғұттың халқы, ел – жұрты аман ба? Жер – суды сағынған жоқсыңдар ма? Жас болсақ та, есімізде – Семетей абамыз жастықпен бір кездерде ақ сақалды абам деп сыйламай, Шығай ханмен бір қатты сөзге келіп еді. Керуенімді талап алды деп, Шығай ханның жылқысын құдырып алып, сағын сындырып еді. Сондай болар болмас іске бола Шығай хан шамданып, ренжіп, қалың Нойғұтты алып, Әнжиянға көшіп кетіп еді. Сол жаққа барғаннан кейін Ақсыдан көшіп, Қарақұлжа, Жазыдан қоныс алып, үлкен ел болып тұр деп естідік. Шығай хан қаза тапқаннан кейін, оның баласы Шынқожа батыр хан болып, енді бізден гөрі Қашқарға жақын болды

дейді. Сол халықтың жағдайы қазір қалай?» – деп, дұрыс сөзбен амандық сұрайды. Шынқожаның елішісі Тоқа жауабын береді:

Ақсыдан Нойғұт көшкенде
Асығып үйін шешкенде,
Қалың Нойғұт туғаның
Қара жаннан кешкенде.
Жорғаның белін асқанда
Наманғанды басқанда,
Күдерін үзіп туғаннан
Күнде түнде қашқанда,
Ақсыдан барып Өзгенге
Жырғап қалдық өзге елде,
Өзеніне Өзгеннің,
Шығайдың ұлы Шынқожа
Қала салды, бұл да шын.
Қаратты мініп Қашқарға
Қыран шалды, бұл да шын.
Барған жері қорыққаннан
Ықтап қалды, бұл да шын.
Бас көтермей, көз жұмып
Ұйықтап қалды, бұл да шын.
Қарақұлжа, Жазыдан,
Қалың Нойғұт жай алдық,
Қашқардан сұрап шай алдық
Хан Шығайдан басқасы
Қалың Нойғұт амандық! Ал енді,
келгеніміздің себебі, ат аяған жерге
қарайды, құс аяған көкке қарайды дегендей,
Шынқожа бізді Таластағы туганды көріп,
біліп кел деп жіберді!

Семетейдің мәрттігін
Сынап кел деп жіберді
Айтқан қандай сөзіне,
Шыдап кел деп жіберді.
Тайбуырылды батырдан,
Сұрап кел деп жіберді.
Бере қойса Буырылды,
Алып кел деп жіберді.
Туғандыққа келмесе,
Өз еркімен бермесе,
Қайнардағы қаласын,
Талап тұрып алмақпыз.

Қарсыласқан қалшадай,
Сабап тұрып алмақпыз!
Ордасынан шығармай,
Қорлықпенен алмақпыз,
Тырып еткізбей шеңгелдеп,
Зорлықпенен алмақпыз!» – деп,
Шынқожаның қатты – қатты сөздерін жеткізеді. Тоқа мұндай сөзді айтқаннан кейін, Қаншора мен Күлшораның ашуы келеді. «Ей, күйдіргі Тоқа, сен не деп тұрсың?!» дейді Күлшора:

Буырылды бергін дегенің
Буданың өлсін дегенің!
Асырап сақтап өсірген
Туғаның өлсін дегенің!
Атыңды бергін дегенің
Абамды өлсін дегенің!
Ардақтап баққан Қаншора,
Ағамды өлсін дегенің!
Буырылды сұрап келгенің
Бұл немене дегенің?
Шығайдың ұлы Шынқожа
Айта алмай жүрген кебі бар,
Атасы қорлық көрген құл
Ала алмай жүрген кегі бар.
Тайбуырылдан айрылса,
Жайлаймын деген жөні бар.
Қаражолтай қос батыр
Мұның қай жерінде ебі бар?

Ербиіп келген екі құл
Енді білдім шыныңды.
Білмеппін сенің сырыңды.
Басыңды шағып талқандап
Басайын сенің шырыңды.
Масқара болып нойғұтқа
Айтып барғын шыныңды.
Қастығың маған білінді
Қағайын сенің жыныңды.
Батырсынған екі құл
Басайын сенің үніңді!» – деп, *Күлшора қаһарлы сөзді айтқан уақытта, Тоқа шыдай алмай, наркескен қылышын суырып алады. Ол Қаншораны шаппақ бола бергенде: «Шапқан олай емес, бұлай болады!» деп, Қаншора мен Күлшора Ертіс пен Тоқаны алып соғып, өлімші қылып тепкілеп, дырдай қылып сабайды.*

Құйқанды тіліп бұрыш салам,
Құйрығың тіліп тұз салам,
Жауырыныңды тіліп шоқ салам,
Табаныңды тіліп оқ салам! – деп,
Күлшора: «Шынқожа бегің көрсін!» – деп, бетіне таңба салады. Айқұш – ұйқыш тілгілеп, етін көк ала қылады. «Бұдан кейін тағы келсеңдер, төсіңе құзғын қондырамын. Бар, кетіңдер, Шынқожаңа айта барыңдар!» – деп, есірген екі елішінің сазайын тартқызып, қоя береді.



Айшөрек – аққу

Қорланған екі шорасын көріп, Шынқожаның ашу – ызасы қайнайды, бірақ, жалғыз өзі Семетеймен соғысуға бата алмайды. Ол ер Бағыштың ұлы Толтайға қолқа салады. Бағыш – Жәдігердің ханы, кезінде қалмақтарға болысып, сатқындық жасағаны үшін Семетей өлтірген екен. «Атаңның кегін құмайсың ба?» – деп,

Шынқожа Толтайды Семетейге қарсы қайрап, үгіттейді. Семетейдің айттырып қойған қалыңдығы Айшөректі саған тартып алып беремін деп қызықтырады. Ол кезде Семетей Айшөректің кім екенін білмейді екен. Айкөл Манас батыр мен Ахун хан Семетей мен Айшөректі тұмай тұрып атастырып, бел құда болған екен. Сонда

Толтай: «Семетейге қарсы шықпайық, Айшөректі алмайық, одан гөрі Семетеймен жақындасып, татуласайық!» – дейді. Бірақ Шынқожа Толтайды арандатып, қайрайды. «Намысың жоқ, сен ер емессің, сен Бағыштан тумай қал! Семетей менен асқан батыр емес, сен бармасаң, өзім барамын. Айшөректі өзім аламын! Ал сен достықтың антында тұрмайтын нашар болғаның ба?!» деп, намысына тиеді. Ақырында Толтайдың намысы келіп, зығырданы қайнап, бұл екі батыр қосылып Ахун ханның еліне барып, Айшөректі бізге берсін деп елші жібереді. Ахун хан бұған ашуланып, елшіге: «Мен Шынқожа, Толтайдың елінен кісі өлтірмесем, олармен ескі кегім болмаса, күндей күліп отырған баламды күйдіріп, неге оларға байлап беремін?! Мен Айшөректі бермеймін, өйткені, оның құда түскен елі, айттырып қойған ері бар. Семетей батыр атасына тартқан шер болса, мұндай зорлыққа көнбейді. Шынқожа мен Толтай ажалдан бұрын өлгісі келмесе, Айшөрекке жоламай, жайына жүрсін! Мұны естісе Семетей келіп, еліңді қырады, беліңді сындырады! Ал енді жай сыйласып келіп, кетем десең, керек дүниеңді берейін, мінеріңе ат, киеріңе тон берейін, таңдаған сұлу қызыңды берейін!» – дейді.

Бұл сөзді естіген соң, нойғұттың Шынқожасы мен жәдігердің Толтайы кеңесіп, соғысты бастап кетеді. Ахун ханның қаласын қоршап алады. Екі жақтың әскері қару – жарағы жарқылдап, сауыт – сайманы сартылдап, қырғын соғыс салады, бірін – бірі ала алмайды. «Мұны алмай тынбаймын!» – деп, Шынқожа Ахун ханның елін қамап жатып қалады.

Сол уақытта Ахунның қызы Айшөрек: «Мен олжаға кетіп, біреуге олжа қатын болғанша, мұндай қорлық көргенше, Семетей батырды өзім іздеп барайын. Оны шақырып алып келейін мұнда!» – деп, ақыл

табады.

Аққудың кебін жамылып,
Қанатын күнге қаққылап,
Құйрығын құмға шапқылап,
Аққурай басын сыдырып,
Ай – әлемді қыдырып,
Кең Талас сынды жер таппай,
Семетей сынды ер таппай,
Алысқа кетіп адасып,
Айналып жүрді ел таппай!

Шет Бейжіннің ойында, Жекенді көлдің бойында Қоңырбайдың қалың жылқысын көреді. Айналып ұшып, Алғара мінген Қоңырбай батырды көреді. Мұны қарап тұрып: «Жоқ, Манас атамыздың жылқысы қара бурыл, көк, қызыл бурыл деп естіп едім ғой. Мынау сұр жылқы екен, сары – ала жылқы екен, ол болмас,» деп, бұдан өтіп жөнеледі. Қоңырбайды сынап көреді: «Бұл да бір шоң батыр екен!» деп бағалайды.

Одан өтіп, Шоң Опалдың ойында, Сары көлдің бойында, сақалы бар бір құшақ, Бидайық ханның Мұзбұршақты көреді. «Бұл да заманында болған батыр екен» – деп, одан да өтіп, Алайды басып сыдырып, Әнжиян мен Тәшкеннен ұшып өтеді. Қарабура шатқалға қайта айналып шығады.

Аспанда жүріп ой ойлап,
Ақ бұлттың астынан,
Ақ мұнардың үстінен,
Анықтап жерді көреді.
Төрткүлдің төмен жағында,
Манастың тіккен бағында,
Қайнардың кара көзінде
Қақ шынардың өзінде,
Кең – Қолдың маңдай жағында,

Айға баққан ақ сарайды көреді. Іздеп келген Семетейді таптым ғой деп ойлайды. Күмбездің атын аңыздан естіген Айшөрек: «Қайын атам Манас батырдың үстінен ұшып өтпейін, аруағына шет болып, жексұрын болып кетпейін!» – деп, Алатауды айналып, ар жағымен ұшып, Алмалы бұлақ,

Сұңқар тастан асып ұшып, Төрткүлдің төмен жағына келіп, он екі қанат орданың тұсына, боз сәкіге келіп қонады. Аққу киімін шешіп, адам болады.

Сол уақытта Семетейдің әйелі ерке қатын Шашыкей:

Ордадан шықты маңқайып,
Аққұлжадай даңқайып.
Аяқта етік тайпайып,
Сәукеле баста қайқайып.
Айдай алтын алқасы,
Алқымында жарқылдап,
Маржандай тізген шаш моншақ,
Арқасында шарқылдап.
Басып шықты Шашыкей,
Ақ бұлыттай қалқылдап.
Жеңі жерге сүйрелген,
Желбегей басып үйренген,
Алтынға бойы малынған,
Шашыкейді Айшөрек,
Көріп тұрып қуанған.

«Е, бұл Семетей батырдың зайыбы екен ғой. Мен бұған арыз мұңымды айтып, ақылдасып қайтайын!» – деп:

Арқа шашын бұлайтып
Ақ тамағын қылайтып
Он бестегі қыз болып
Басып барды мұны айтып!

«Ежеке, сау – саламат жүрсіз бе? Айтатын арызым бар. Айтпай қалсам құтылмай қалатын қарызым бар. Шығайдың ұлы Шынқожа, Жәдігердің Толтайы екеуі он екі дүркін қолменен біздің қаламызды қоршап жатыр!

Жазында егін салдырмай,
Күзінде астық алдырмай
Еліме бүлік салғанда,
Қашып келдім арқалап.
Атасқан жары Шөректі
Ер Семетей батырың,
Таласып барып ала ма?
Құмырсқадай қолы бар,
Толтайға бүлік сала ма?

Не болмаса батырдың
Қылған ісі шала ма?
Болады – ау деп күндесім,
Көңіліңе алмағын.

Атап тұрып ант берем,
Атамыз Манас аруағын!
Көшкенде түйең қомдайын,
Қонғанда үйің оңдайын,
Жалған айтсам оңбайын!

Айтшы тура сөзіңді.» – деген кезде, Шашыкей шошып кетіп, тілдей жөнеледі:

Шайтан сурет қара бет,
Шақылдамай ары кет!
Судан шыққан сұқсың ба
Жерден шыққан жіксің бе?
Не жезтұмсық сенсің бе?
Талас Талас болғалы,
Таласқа төрем қонғалы,
Жалпы қырғыз елінде
Мұндай сұмдық болмады.
Кәрісің бе, жассың ба,
Қаңқылдап ұшқан қазсың ба?
Құрқылдап ұшқан қусың ба
Құрқырап аққан сусың ба?
Қайдан келген долысың,
Қандай жанның сорысың?
Болмасаң керек адамнан,
Босағама түстің бе,
Соғып өткен самалдан?
Қызылды киген оңар ма
Атасының төрінде
Ер іздеген оңар ма?!

Ер алмаған ескі күң,
Қасқа табан кескі күң,
Шашы қудай болғанша
Тісі бидай болғанша,
Ахун ханның төрінде
Көп отырып қақ болған,
Самай шашың ақ болған.
Ер Семетей батырдың
Атасқаны Шашыкей,
Шөрек, сенен кем емес,

Сен сияқты шор табан
Шашыкейге тең емес!
Айтқаныңды қылғандай
Арашы кісің мен емес.
Батырдың ұлы Семетей
Сені алушы шер емес!
Қара табан, ақ самай

Бұл айтқаның сөз емес!» – деп,
Шашыкей бұрылып жүре береді. Ахунның қызы Айшөрек ұялғанынан өлмей тірі қалады. Көзінің жасы төгіліп, бүктеліп отырып қалғанда, ерке қатын Шашыкей үйге кіріп кетеді.

Сөйтін тұрғанда Кең – Қолдың бас жағында жылқыда жатқан Күлшора мен Қанишора Семетей ағаларына амандасуға келеді. Екеуіне Семетей:

Қамбардың ұлы Қаншора,
Алмабеттің Күлшора,
Атамнан қалған ақ сұңқар
Бабына келген нақ екен.
Үйрек – қазды ілдіріп
Салатұғын шағы екен.
Ертең Таласты бойлап құс салам,
Буданымды бұлқынттып
Ертеңнен қалмай ерте кел.
Ерте келсең, Күлшора,
Қара жолменен шабарсың,
Қара судан табарсың.
Ол аралдан таппасаң,
Ақ жар бойлап шабарсың,
Ақ – Инектен табарсың!» – деп,

тапсырады. Сонымен күн батып, түн өтеді.

Таразы жұлдыз батқанда,
Таң сарғайып атқанда,
Шатемір қызы Шашыкей,
Кешегі көрген Шөректі
Білем деп бара жатқанда.
Ахунның қызы Айшөрек,
Арқа шашын бұлайтып,
Ақ тамағын қылайтып,
Шашыкейдің алдынан

Тосып шықты мұны айтып:
- Айналайын, ежеке,
Толық жайым айтайын
Хабар салып қайтайын!
Ер Семетей батырың,
Тайбурыл атын міне ме?
Жаудан қорықпас ер болса,
Айшөрек жайын біле ме?
Шынқожа менен Толтайдан
Шөрегін тартып ала ма?
Жә, Шөректі беріп Толтайға,
Таласта жатып қала ма?
Айналайын, ежеке,
Айнымай жина есінді,
Ақболаттай төреңе
Айтып бергін сөзімді.
Шынқожа, Толтай деген жау
Шын төремменен қас екен.
Шымшықты көзден тигізген,
Нағыз мерген мәш екен.
Ерегіскен екі құл,
Екеуі бірдей жас екен.
Қамсыз жатқан төреме
Қара бауыр тас екен.
«Ахунның қызын алам, деп,
Айдап жолға салам деп
Айшөректі алған соң
Армансыз болып қалам, деп.
Одан кейін бөгелмей,
Семетейге барам деп,
Тағалыдан тай қоймай,
Таласты талап алам» – деп,
Қамап жатыр қаланы,
Қақсатып жатыр баланы.
Маған еже сен болсаң,
Саған сіңлі мен болсам,
Тамашаменен таң атсын,
Күлкіменен күн батсын!
Алты күні саған жатсын,
Ақырғы күні маған жатсын!
Жеті күні саған жатсын,
Жетпеген күні маған жатсын!
Көшкенде түйеңді айдайын,

Қонғанда биенді байлайын,
Қоладан құман қолға алып,
Қол жуғышың болайын,
Бедерлі құман қолға алып,
Бет жуғышың болайын!
Асыл төрең Семетей,
Амалын мұның таба ма?
Атасқанын алдырып,
Не, намысы жоқ бала ма?» – деген кезде,

Шашыкей шаптығып шыға келеді:

Қақылдаған қарабет,
Шайтаннан келген елшідей,
Көз байлаған жәдігөй!
Арбауыңа көнбеспін,
Өлмей тұрып төремді,
Қарабет, саған бермеспін!
Шашыңды кесіп алмасам,
Күң қылып іске салмасам
Табаныңды тілмесем
Есек қылып мінбесем
Шашыкей болмай өлейін

*Тумай тұна шөгейін!» – деп, Шашыкей
аш білектен алғанда, арманды басқа
салғанда, Ахунның қызы Айшөрек:*

Адамнан басқа байқалып
Ақ сынаптай шайқалып
Қорғасындай бүлкілдеп
Тұнық судай мөлтілдеп,
Қарғыс айтып кеп салды
Кеп салғанда, деп салды:
«Ерке қатын Шашыкей,
Батырдың ұлы Семетей,
Далаға шықса менікі!
Үйде қалса сенікі!
Сонарға ертең барғанда,
Ақ сұңқарын салғанда,
Қара судың бойында,
Ақ жібек болып бұралып,
Алты түрлі құбылып,
Үш көрініп көзіне,
Сыр көрсетіп өзіне,
Жолға жатып қалмасам,
Сұңқарын қолдан алмасам,

Ақ сұңқарын іздетіп,
Азапқа басын салмасам!
Одан айла болмаса,
Қара судың көлшіктен,
Тура кешіп өткенде
Ақ балық болып қылтылдап,
Алтындай болып жылтылдап,
Үш көрініп көзіне
Сыр көрсетіп өзіне,
Балық болып қалмасам,
Балық деп басып алғанда
Қанжығаға шалғанда,
Қолындағы сұңқарын
Ептеп қармап алмасам,
Еліне бүлік салмасам!
Одан айла болмаса,
Үйректі көлден өткенде,
Ер Семетей батырың
Құс салар шағы жеткенде
Жекенді көлдің жиегіне,
Шабырлы көлдің шетіне
Аққу болып алмасам,
Басымды көлге салмасам,
Қу деп құсын салғанда,
Ептеп қармап алмасам
Ер төрені ертіп мен,
Еліме алып бармасам
Өзіңе тиеді қарабет,
Өкімсіп қылған далбасаң!
Осындай істі қылмасам,
Тумай тұна шөгейін,
Айшөрек болмай өлейін!
Шатемірдің Шашыкей,
Сақтап қалшы, көрейін!
Ерге шықпай ерленген,
Ұяты жоқ долысың!..
Жергесі бүтін Жетісу,
Жер менікі, Шашыкей!
Жетісуды жерлеген,
Ел менікі, Шашыкей!
Жер бетінде көлкіген
Көл менікі, Шашыкей!
Айкөлдің ұлы Семетей

Ер менікі, Шашыкей!
Ескі деп айтып сарнайсың,
Еп сөз айтса, болмайсың.
Ежелден менің төремді,
Неменеге қорғайсың?
Шын қатыны сен болсаң
Айтқаныңнан таймағын!
Сыйлағанды білмейсің,
Енді еш жақсылық көрмейсің!»
Осылай деп Айшөрек,
Қылқылдап ұшып қалады,

Құйын самал соғады.
Шыңқылдаған шұнағың
Шыпылдап ұшып қалады,
Сыбырғақ самал соғады.
Бөксенің басы мөңдірлеп,
Жағаның басы жаңбырлап,
Аспанның бәрін тұндырып,
Сегіз сай бұршақ құйдырып,
Қараса көзге ілінбей,
Қайда екені білінбей,
Көзден ғайып болады!



Ақсұңқар

Семетей аңға шыққалы жатқанда, Күлшора келіп сәлем береді. Сол уақытта Шашыкей әйнектей көзі жарқылдап келіп, Семетейдің тізгінінен ұстап: «Төрем, бүгін сейсенбі! Ақ сұңқарды қолға алып, саятқа шығатын күн емес. Үш күннен кейін шыққаның жөн!» дейді. Семетейдің ашуы келіп:

«Хан ұстамас тізгінді,
Қарабет долы қармадың,
Жан батпаған жанымды,
Қара жындай арбадың!
Ханның бәрі жиналып,
Атыма қарсы барған жоқ,
Бектің бәрі жиналып,
Тізгінімнен алған жоқ!
Менменсіген батырдан
Бетіме бірі келген жоқ,
Ойлаған ісім оң болды,
Сөзімді адам бөлген жоқ!
Бұл сияқты қорлықты
Семетей жаннан көрген жоқ!
Қоя бер, долы, тізгінді!»
Осылай деп Семетей,
Алты серкеш терісін
Таспа қылған бүлдірсін,

Құнан өгіз терісін
Өзек қылған бүлдірсін.
Өзегін үш ай кергізген,
Жылан бауыр өргізген,
Қақ ырғайға саптаған,
Кәрілер көріп мақтаған,
Қолға жұмсақ болсын деп,
Қой мақпалмен қаптаған.
Алақанын көркемдеп
Асыл тастан ойдырған,
Қой басындай қорғасын
Өзегіне қойдырған.
Қарсы келген адамды
Қақылдатқан бүлдірсін,
Қоқаңдаған қожаны
Қоқилатқан бүлдірсін.
Бүлдірсінді Семетей,
Бұрап қармап алады,
Тізгіндеп тұрған айымын,
Жоннан ары салады.
Шатемір қызы Шашыкей,
Көзінің жасы төгіліп,
Қайғыға терең шомылып,
Қозғала алмай қалады!
Семетей опал таудай болып аттанып кете барады .

Шашыкей теңселіп, әрең қозғалып: «Қаталық қылдым – ау, ә? Арманды болып қалдым – ау! Кеше Айшөрекпен сырласып, келісуім керек еді. Келіспей қалғаным – ай!» деп өкініп тұрады да, Күлшораны шақырып: «Айналайын, ағаң ұқпай кетті. Саған айтайын датымды. Жолдарыңда үш тылсым сыр көрінеді. Соның зияны тиіп жүрмесін. Ақ жібек мата жатса, алмағын! Ақ шабақ көрсең, бармағын! Аққуға құсты салмағын! Осы үшеуінен аулақ жүрсеңдер, бәледен аулақ боласыңдар. Осы айтқанымды істеп, ағаңды бұған жолатпасаң, өзіңе бір ай мен күндей сұлу қызды алып беремін!» деп, жеңгелікпен сөзін өткізеді. Күлшора: «Жеңеше, маған сеніңіз. Мен ағама ақ матаны алғызбаймын, ақ балыққа барғызбаймын, ақ тайлақтай аққуға ақ сұңқарды салғызбаймын!» деп, уәде беріп, жолға шығып кетеді.

Семетей мен Күлшора сөйтіп саятқа шыққанда, Айшөрек ұшып жүріп екеуін көреді. Семетей батырды сынап: «Ай, айтқандай – ақ бар екен! Ыстығы жалындай, суығы сырттың самалындай, жолбарыстай жігіт екен. Кеңдігін көрсең Таластай, ерлігіне қарасаң атасы Манастай!» деп сүйініп:

«Жорға мініп, тайпалтып,
Жүрер күнім бар ма екен,
Ер Семетей батырға,
Тиер күнім бар ма екен?!
Буырыл ат мініп болқылдап,
Сырнайза қолда солқылдап,
Семетейім тұрғанда,
Еркесі болып батырдың
Көрер күнім бар ма екен?!
Жібек киген Шөректі

Алар күнің бар ма екен?» – деп, аспанда ұшып жүреді.

Жекенді көлдің ойында, Қарасудың бойында келе жатқанда, Семетей Күлшораға айтады: «Мына қара, түнде бір

керуен өткен ау деймін. Соның біраз дүниесі шашылып қалыпты. Анау ақ жібек матаны алайық, қоржынға салайық. Атамнан қалған Ақолпоқ арамдарға қалғанда, солар дұрыстап кимей, жеңінің іші қырылып, жыртық болып қалыпты. Жібектен жамау салып, жаңалап алайық!» дейді. Сонда Күлшора: «Ойбай – ау, әлі үйрекке құс салмай тұрып, бұл жерде жатқан дүниені алғанымыз қалай болады? Алмаймын аға, ескіңді, жарытпас ескі ешкімді! Енді осындай мата керек болып тұрса, алпыс ала жорға алып, Әнжиянға барайын, жаңасын сатып алайын!» дейді. Семетей: «Жарайды ендеше, дұрыс!» деп ары қарай жүре береді. Ақсұңқарды әуелете салып, үйрек, қаз ілдіріп келе жатып, Тайбурылды тебініп, Қарасудан өте бергенде:

Ағын суда шарқылдап,
Алтын балық жалтылдап,
Аярлығын білгізіп,
Аямай ішті күйгізіп,
Судан шығып жылтылдап,
Суға кіріп қылқылдап, әрлі – берлі
ойнайды. Семетейдің назары ауып: «Әй,
мына балықты қарашы – ей!

Алтын десем күмістей,
Қабығы аппақ күріштей..
Күміс десем алтындай
Көрінді көзге жарқылдай.
Мұны қармап алайық,
Қайнарға қайтып барайық,
Атамнан қалған көлшікке
Ақ балықты салайық! Мынаны
ұстайық!» дейді. Сөйткен кезде бала жолбарыс Күлшора, жауға шықса мың шора: «Қайдағы балық көргеніңіз?» деп көрмегенсіп, қара суды лайлап, атымен әрлі – берлі жүріп, таба алмай қалғандай болады. «Ой, жарайды енді, болмады ғой!» деп, Семетей, қайтадан сұңқарын құсқа салып жүре береді. Сонымен кеш болып, қайтатын уақыттары болған кезде:

Балдырлы көлдің ойында,
Батырдың жүрген жолында,
Сылдырап ағып су тұрды,
Қуқылдап аппақ қу тұрды!

*Мұны көріп Семетей тұлғарын бұра
тартып, Күлшораға: «Сұңқарды жібер!» –
дейді. Сонда Күлшора:*

«Айналайын, абеке,
Қанатымен жер сабайт,
Қарып қалған қу ма екен?
Талай жасқа жабырқап,
Барып қалған қу ма екен?
Құйрығыменен құм сабайт,
Құрып қалған қу ма екен?
Ұя басып ұша алмай
Тұрып қалған қу ма екен?
Алдырып қойсақ сұңқарға
Жетім қалар балдары.
Жетімдікті көрдік қой
Абеке, жаман салмағы!
Салмаймын қуға сұңқарды,
Обалы бізді ұйықтатпас,
Енесіз қалса балдары!
Қу да құстың асылы,
Тұқымын үзіп қоймайық!
Асылға асыл ұрынса
Басына кесір болмай ма?
Абеке, обалына қалмайық,
Ақ сұңқарды салмайық!» дейді.

*Семетей ашуланып: «Күлімсіреп
сөйлеген күйдіргі шұнақ не деп тұрсың?
Мен егескенде, ешкімге қарамағанмын!*

Өз атамның атасы,
Жақып ханды жалмадым,
Абыкені аямай,
Көбешті көрге кіргіздім,
Көкжалдықты білгіздім
Кәнекей, кесір болғаны?
Ол кесірдің барлығы,
Кәнекей мені сорғаны?
Қаһарыма мінгенде
Қырық шораны жалмадым,
Қарсылық қылған дұшпанды

Қарсылдатып айдадым,
Кәне, тиген кесірі?
Қартайып қалған қуыңның
Қайдан тисін кесірі?
Қарсы шыққан қара өзек,
Хан Шығайды көшірдім,
Жаққан отын өшірдім,
Малын алдым талқандап
Басын кетті қалқалап.
Тәшкен менен Таласты
Иелендім шалқалап.
Қан Шығайды қақсаттым
Кәне, тиген кесірі?
Қарып қалған қуыңның
Қайдан тисін кесірі?
Жау тосып шолғын шолғанда,
Қастың тауын бөкселеп
Қайра тартып қалғанда,
Ойланбаған кезімде
Он сегізде жасымда
Ағияз бенен Алтайда,
Алайғыр менен Сайқалда,
Қосыным жоқ артымда,
Хан Тәңірдің тауында,
Үш Мұзарттың аузында,
Оғымды атқа жүктедім,
Қалмаққа жансыз болғанда
Қарғаша шалды бүктедім.
Қара тұмсық Күлшора,
Кәнекей тиген кесірі
Кәнекей кесір болғаны?
Кәнекей мені сорғаны?
Қызыл – Қия, Сан – Тастан,
Қия салып өткенде,
Жәдігерді аралап,
Ыстықкөлге жеткенде,
Көлдің басын түргенде,
Ыстықкөлдің басынан,
Ылди қарап кіргенде,
Қалмаққа бейім ер Бағыш,
Қарсы шығып сайысты.
«Олжамды алып қалам» деп,
Қабырғасы қайысты.

Ерегес болып бұл жерде
Ер Бағышты жайладым.
Жөнге келмес ерлерін
Опал тауға айдадым.
Қара тұмсық Күлшора
Кәне тиген кесірі?
Қартайып қалған қуыңның,
Қайдан тисін кесірі?
Қармасқанда қалмақтың,
Қаншасын шауып қақсаттым,
Хан Жайнағын өлтіріп
Батырларын ақсаттым.
Бұл ісің теріс деместен
Онда ісімді жараттың!
Енді айтып тұрған сөзін көр,
Қылып тұрған ебін көр!
Саған салдырмаймын құсымды
Білдірмеймін ісімді!
Менен басқа таңдап ал
Билейтұғын кісіңді!
Оң қылған ісің осы ма?
Әкел бері құсымды,
Қарсылық қылып жолыма

Біткенсің бе сорыма?» – деп, Семетей
Күлшораға ұрсып, сұңқарын қуға салып,
қарап тұрады. Күлшора ұялып қалса
да, тұра ұмтылып, сұңқардың артынан
жеткенше, аққу ақ сұңқардың алтын
бауынан бүріп ұстай алып, шырқыратып
бауырына басып, көтеріліп, шалқақтап,
ақ қанаты қалқақтап ұша жөнеледі. Сол
бойда Айшөрек күн жайлап, жаңбыр
мен бұршақты жаудырып, мұзды қарды
жаудырып, жер көктің бәрін тұман қылып,
қанатын жерге қаққылап, құйрығын құмға
шапқылап, құқылдап ұшады. Айналаның
бәрі құйын, самал болып кетеді.

Ақылы болса білді деп,
Ақ сұңқар қолға тиді деп.
Ақ қанатын сабалап
Ақ тұманды аралап,
Құйын, самал екпіндей,
Телкүреңге жеткізбей,

Қараса көзге ілінбей,

Қайда екені білінбей, жоқ болып кете
барады. Ақсұңқардың артынан атпен
қуған Күлшора жетіп үлгере алмай қалады.
Ақсұңқарды алып кеткеннен кейін, сасқан
бойда Семетейге келіп: «Адам нанбайтын
іс болды, аққу болып көрінген әлде қандай
күш болды! Не болғанын білмей кеттім.
Атым жете алмай қалды, аппақ қуға
алдырып, ақсұңқарым қолға түсті – ау!»
– дейді. Семетей: «Күлшора, бүгін үш рет
күш қылдың! Ақ жібек көрдің, алмадың,
балықты көрдің, баспадың, аққуға құсыңды
салма дедің!

Атамнан қалған белегім,
Асыл жанға керегім,
Ақсұңқар қолдан кеткені,
Ажалымның жеткені!
Тайбуырыл арып өлгенше,
Басымды көрім көргенше
Ақсұңқар іздеп көрмесем
Арманды болып жүрмесем,
Тумап тұна шөгейін,

Тұншығып барып өлейін! Ал,
ақсұңқарым қолдан қашып кетті деп,
арызымды кімге айтамын? Оны енді
іздеймін қоймаймын. Қазір үйге қайтып бар.
Шатемірдің қызы Шашыкейден хабарын
біл! Бүгінгі таңертенгі қылығы басқаша еді,
бірдемені біледі, содан бар да сұра, білгенін
айтсын! Егер айтпай қойса, шашын қырқып,
кементайды кигізіп, кер байталды мінгізіп,
Шатемірдің қолына қайтадан бере саламын!
Бар!» – дейді. Сөйтіп Күлшораны Кең –
Қолға аттандырып жіберіп, өзі көрпешесін
жастанып, Ақолпоғын жамылып, қабағы
қарсы салынып, Қарасудың бойында,
Қамысты көлдің ойында таудай болып
жатып қалады.

Шашыкейге келгеннен кейін Күлшора
аттан түспей тұрып: «Ақ жібекті алма,
аққуға құсыңды салма, ақ балыққа қызықпа!
– деп тапсырдың. Ал енді біз Ақсұңқарды

алдырып қойдық, бұл не болды? Сен бірдеңе білесің, шыныңды айт, жасырмай сырыңды айт!

Ақ жібек болып жатқан кім?

Алтын балық болғансып

Аярлықты тапқан кім?

Ақтайлақтай қайқайып

Аққу болып жеткен кім?

Ақсұңқарды көтеріп,

Аспанға алып кеткен кім?

Осыны айт! Агам саған сәлем айтты.

Білгенін айтсын деді. Айтпайды екенсің көресің!» – дейді. Сонда ерке қатын Шашыкей ашуланып:

Бұл сөзіңді ит ұқсын.

Ит ұқпаса кім ұқсын?

Бұл сөзіңді құс ұқсын,

Құс ұқпаса кім ұқсын?

Үйде отырған қатынның

Асыменен ісі бар, ұшқан құста несі бар?

Немене, қашарында ақсұңқар үйге келіп, маған «қашамын жеңеше, қош бол» деп айтып па?! Немесе, сонарға шықса қашып кетемін деп сырласып жүрді дейсің бе? Бұл құсымды қатын тапсын деген төремнің сөзінің жәні жоқ!

Далада жүрген сен болсаң,

Үйдегі қатын мен болсам,

Сұңқарды тауып бергін деп,

Жекіріп келіп тұрғаның,

Жеңгеңе қорлық қылғаның.

«Үш жұмысты айтты» – деп,

Мені неге былғадың?

Жібекті қашан мен айттым?

Мұны да жалған сен айттың.

Балықты қашан мен айттым?

Барлығын жалған сен айттың.

Аққуды қашан мен айттым?

Оны да жалған сен айттың! Менен сұрама құсыңды. Бар, жәніңді біл!» – деп қатты жауап қайтарып, басы бұрылып, өзінен – өзі жұлынып, кете береді. Сонда жолбарыс мінез Күлшора, егескен жауға

мың шора ашуы келіп қалып, аузынан түтіні бұрқырап, көзінен жалын шырқырап, толғамалы дәу қамшыны толғап алып жіберіп, Шашыкейді бір тартады. Атынан лашындай ырғып түсіп, көзінің жасы төгіліп тұрған сұлудың қолаңдай қара шашын қолына бұрап алып:

Қиянат қылған қара бет

Шашыңды қырқып салмасам,

Шолақ байтал қылмасам,

Жайдақ атқа мінгізіп,

Жалпы жұртқа білгізіп,

Кементайды кигізіп,

Шатемірдің қолына,

Бүгіннен қалмай салмасам!

Не болмаса долының

Басын кесіп алмасам.

Ұяты жоқ тіліңді

Қанжығаға шалмасам,

Күлшора болмай өлейін

Тумай тұна шөгейін!

Денеңдегі қаныңды

Тепсеп жатып төгейін.

Сенен келген қорлықты

Тақ төбемнен көрейін.

Тақ осыны қылмасам,

Төбесі ашық көк ұрсын,

Төсі түкті жер ұрсын.

Ақкелтенің оғы ұрсын,

Ақбілтенің шоғы ұрсын! – деп

қаһарланып, айбатын төккен кезде, айласы кеткен Шашыкей жылап тұрып, Ақсұңқарды Ахун ханның долысы Айшөрек алды деп шынын айтады. Шынқожа мен Толтай қоршап алып, бәле салып жатыр екен дейді. Сөйтіп, барлығын айтқаннан кейін, бала құстай барқ етіп, шыққан күндей жарқ етіп, ашуы тарап, Күлшора қайтадан аттанып, Семетейге келеді:

Абеке, сенен сүйінші,

Дұшпанға болсын күйінші,

Сымбатты сұлу сенікі

Су жорға күлік менікі.

Сүйіншіге қаласам,
Аламын, аға, тұлпарды.
Оң құлағын оң ұқсын,
Айшөрек алған сұңқарды!
Ғашық болса абама,
Сұңқардан Шөрек қорқа ма!
Шөректің жайын сұрасаң,
Көбік қардай еті бар.
Қызыл қандай беті бар.
Қаламдай қара қасы бар.
Құндыздай сұлу шашы бар.
Берметтей таза тісі бар.
Жұрттан басқа ісі бар.
Қара жерге қар жауса,
Қарды көр де етін көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де бетін көр! *Міне, осы сұлу
Айшөрек аппақ қу болып айналып ұшып
келіп, сенің қолыңа қонады ғой.*

Айшөрек болса алғаның
Ақсұңқар болса салғаның
Қай жерде болмақ арманың? – деп,
ағасын қуантады.

Жылғындының жерінен
Жалынды қырғыз елінен,
Төрткүлдің төмен жағынан
Төре Манастың бағынан,
Баркөлдің маңдай жағынан
Бақайдың салған тамынан,
Жеті көлдің ойынан

Жекенді судың бойынан *Ақсұңқарды
Айшөрекке алдырып қойып, енді артынан
іздеп барамын деп бел бұған Семетей Бақай
абасына келіп, жөн сұрайды. Бақай: «Е,
балам, байқағын, талай жорықты көрдім,
талай жолға жүрдім. Жас күнім болса, бірге
бармас па едім? Жолың болсын! Асықпай
жүрсең алпыс күнде барасың. Ереуілдеп
тез жүрсең, елу күнде Ахун ханның аппақ
қаласын көріп, Айшөректі сол жерден
табасың!» дейді.*

Өзінің атастырылған қалыңдығын іздеп,
Семетей жолға шығуға бел буып, қару –

*жарақтарын қамдап, айға жетерліктей азық –
түлігін, соятын малын алып, он төрт буданды
айдаатып, шоралардың барлығын жолға
дайындап, аттанып шығады. Бұл Ноғайдан
шыққан он төрт ат, ең орасаны Тайбуырыл
тұлпардың көрінбейтін қанаты бар екен.*

Асыл туған Сары ала,
Ұя құйрық Көк ала,
Аршаторы, Ашбудан,
Ажыбайдың Қарткүрең,
Бақай ханың Боз жорға,
Жақып ханның Кершұнақ,
Сары ханның Тушұнақ,
Қаныкей мінген кәдімгі,
Қара қасқа арғымақ,
Абыкенің Ақтелкі,
Қалды қызыл, жалды көк
Көбеш ханның Сұртелкі,
Қалқаманның Қара аты,
Барлығы он төрт тұлпармен,
Бөкейдің бөксе жолымен,
Бөрі жүрмес жерменен,
Бөксе – бөксе дөңменен,

Бөлінген неше көлменен алға тарта
береді. Ұзақ жол жүріп, нешеме жерден
өтеді. Күндердің күндерінде Бақайдың
жазып берген хатын қарайды. Күннің есебін
білу үшін, күн сайын Ақкелтенің бір оғын
бөлек салып отырған екен, соны санайды.
Бір жерге тоқтап, Семетей:

Күнде салған оқпенен,
Күн есебін санадым.
Түнде салған оқпенен,
Түн есебін санадым.

*Ал, абакемнің есебі бітіп қалған сияқты.
Есі болса Айшөрек күтіп қалған шығар.
Алты күн осы жерге ат суытып алайық,
Ахун ханның қаласына бойымызды сергітіп
барайық, Айшөректің жауабын алайық.
Толтай мен Шынқожаға, аямай найза
салайық!» дейді. Сөйтіп, қосты түсіреді.*

Төбесі биік ақ шатыр
Танаптарын тарттырып,

Жез бұрама қазықты
Жерге мықтап қақтырып.
Кемегесін ойдырып,
Кер байталды сойдырып.
Аттардың бәрін кермеге
Арқы – теркі байлатып.
Көмкерулі қазанын

Кемегеге астырып,
Қайқаң сары белесте
Қабыландай қомданып,
Қара құлақ жоңданып.
Қайғырмаған ер Семен,
Осы жерде болам деп
Қайырылып түсті қонам! – деп.



Айшөректің түсі

Айшөрек алтын, күміс, гауһар таспен әшекейлеткен, неше түрлі ою – өрнекті, ай сәулелі ақ сарайында жатып, таң ағарып атқанда, таразы жұлдыз батқанда бір түс көреді. Ертеңінде қыз – келіншектерге түсін айтады.

- Мама ағашқа бір будан байланды. Талыма бұлбұл, тұғырыма бидайық қонды. Қанды ауыз қабылан қаланың аузына келді. Атылған ақ жолбарыс қаланың ішін жайлады. Бірде – бір ит оған қарап үре алмай, қала берді. Бұл немене болады? Бұл түсімді жорышы! Он төрт бөрі қалың қойды қуды. Бұл немене болады? Одан бір айдаһарды көрдім. Ол айдаһар келгенде, айбатына шыдамай, аққан сулар бұрылып, асқар таулар теңселді. Қарсыласқан қалың жау қара жаннан түңілді! Бұл немене болады? Түсімді жорыңдаршы!

Сонда отыз келін, отыз қыз, ойратта жоқ Қалиман, қырық келін, қырық қыз, қылымда жоқ Қалиман:

Мен жориын түсіңді
Оңдасын құдай ісіңді.
Келтіріпті алдыңа
Ғашық болған кісіңді!

Мама ағашыңа будан байланса, Тайбурылдың келіп тұрғаны! Бағыңа бұлбұл қонып сайраса, Манастың ұлы жездекем келіп тұрғаны! Тұғырыңа бидайық қонса,

ақсұңқар сіздің қолыңызда тұрған жоқ па? Қанды ауыз қабылан қаланың аузына келсе, бұл Қанишораның келіп тұрғаны. Атылған ақ жолбарыс – қырық шораның мықтысы Алмамбет ердің баласы Күлиора келіп тұрғаны! Он төрт бөрі қалың қойды қащырса, оларға қарсы иттер де үріп шыға алмай тығылса, ол он төрт тұлпардың келіп тұрғаны. Тұлпарларын тулатып батыр жездем Семетей Шынқожаны жеңеді, тілегіңді құдай береді! Айдаһарды көрсең, аққан сулар бөгелсе, Алатауға теңелсе, асыл төре жездекеміз асқан шер емес пе, айдаһардан кем емес қой, Толтай мен Шынқожаны жайлайды екен, оларды жеңеді екен! Мінекей, сіздің көптен күткеніңіз табылды. Енді сол жездемді қарсы алуға дайындала беріңіз! Жездеміздің алдынан жолын тосып барайық, азық – түлікті алайық. Үргеніштің бойынан күтіп алғанымыз жөн болады! – дейді.

Ахун ханның қызы Айшөрек Қалиманның сөзіне тоқтап, түсін жақсыға жорығанына қуанып, сүйінеді. Ақ шатырды бүктетіп, ақ дөненге жүктетіп, соятын малын, азық – түлігін, өрік – мейізін, қымызын бәрін дайындап, Ақ қияның ойына, кең Үргеніштің бойына, Семетейдің жолына отыз келін, отыз қызбен керуен тартқандай күтіп тұрады.



Күлшораның шолғыны

Семетей батыр таң атқанда Ақ Инектің басына келіп отырады. Үргенішті тұман басып тұр екен, соның ар жағына көз салайын деп, дүрбісін алып қарайды. Бұл дүрбі баяғы Манас атасынан қалған, Қаныкей Бұқарға қашқанда алып келген ақ дүрбі болатын. Ақ дүрбіні салып қараса, тұман басқан қалың бақты, қаладан бөлініп шыққан бір топ жанды көреді. Алыс болғаннан кейін тани алмай, бергі жағын қараса, Ақ Қияның ойында, аққан судың бойында қызыл – жасыл көзіне ілінеді. Қызыл ала, құс бас ер салған қыздың аты көрінеді. Мұны көріп, Семетей қиялданып күледі. Оның күлгенін көріп қалып, Күлшора жанындағы Қаншораға: «Әй, ағамыз көп күлмейтін еді. Ағам күлді ғой, жүр, күлгенінін сырын сұрайық!» – деп екеуі келіп: «Иә аға, неге көрдің?» деп сұрайды. Семетей: «Ой, шұнақтар, қарайған қаладан бір топ жан шықты. Қызыл – жасыл көрінді. Бұл қыздың көркі болмасын! Енді көңілім бұған бөлінді. Бұл не нәрсе? Тәңірсіген дәу ме екен?! Темір киген жау ма екен?! Не болмаса қыз ба екен? Шөректің өзі ме екен? Соны барып қайсың біліп келесің? Қызыл шатыр, ақ шатыр, арғымақ аттар көрінеді. Қыздың аты сияқты. Соны айырып біле алмай, көңілім бөлініп отыр. Екеуіңді тең өсірдім,

ер қылып өсірдім. Ат жақсысын мінгіздім, ел танысын деп, алыс жолға жүргіздім. Тон жақсысын кигіздім, топқа кіргіздім. Ал енді, қанекей, қайсың барып хабар алып келесің? Кім екенін білейік?!» – дейді.

Қаншора тұрып: «О, қабылан аға, мен қаптаған жау көрсем, маңдайынан кірейін. Ал енді, қатын – қызға келсем, қайтерімді білмей қаламын. Қыз – келінге ебім жоқ, келтіріп айтар кебім жоқ. Күлшора жанып тұрған шоқ қой. Қапыда сөз тапқан, шуылдан ұшқан оқ қой! Күлшора барса қайтеді?» – дейді. Күлшора: «Ой, аба, шолғынды өзім шалайын. Көрініп тұрған Үргенішке көзді ашып – жұмғанша барайын. Бірақ, қаптап су келсе, астымдағы Абыкенің Ақтелкісімен ағып өліп қалмайын. Айқасатын жау келсе, азапқа қалмайын. Маған Буырылды бер! Содан кейін мен мынау толқып ағып жатқан дарияға қорықпастан кірейін. Тосып жатқан жау болса, лашындай тиейін. Қабырғасын сөгейін, қара қанын төгейін!» – дейді.

Семетей астындағы Тайбуырылды мінгізеді. «Жассың, сондықтан жабдықтың бәрін толық ал!» – деп, айбалта, қылыш, сырнайза, Ақкелте мылтығын келістіре сипаттап, қасиетін айтып, түгел береді. Күлшора қуанып, арқаланып аттанып кетеді.



Үргеніштің толқыны

Тайбуырыл құйғытып,
Ауыздықпен алысып,
Тізгіні қолда қарысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Құйындай ойнап атылып,
Құйрығын жерге сапырып,
Арандай аузы ашылып,
Жолым үйдей ақкөбік,
Жол бойында шашылып,
Төрт тұяғы тиген жер

Ұрадай болып қазылып шапқанда, он екі жасар Күлшораның екі көзі алақтап, екі аяғы салақтап, тұла бойдан тер кетіп, зуылдап Үргеніштің жағасына келіп бір – ақ тоқтайды. Алыстан көрген адам айбатынан қалтылдап, үрейленетін, гүрілдеп ағып жатқан Үргеніштің жағасында тұрып қараса, отыз келін, отыз қыз, ортасында Айшөрек, бір – бірімен айтысып, әндегіп, думандатып жатыр екен. Олар шораны көріп қалып: «Бұл судан қалай өтер екен, бізге қалай жетер екен? Әлде мына суға ағып кетер ме екен?» – деп, Ахунның қызы Айшөрек, қасында Қалиман, Бұрылхан, Тынымхан деген қыздар бар, барлығы таң қалып қарап тұрады.

Үргеніш деген су екен
Үсті көбік бу екен
Ұққан жанға шу екен.
Болжалы жоқ Үргеніш
Боп – боз болып алыпты,
Бұрқ – сарқ етіп ағыпты.
Қып – қызыл боп алыпты,
Құйындай ұйтқып ағыпты!
Түйедей тастарды күркіреп ағызып, ақ

көбігі бұрқырап, сарқырап жатқан үлкен өзенді көргенде Күлшораның бойы діркіреп кетеді.

Түйе өркешіндей көрініп,
Жайнай түсіп төгіліп.
Жекеннің басы желпілдеп,
Қамыстың басы қалқылдап,
Талдың бәрі жайпалып,
Теректің бәрі теңселіп,
Үсті көбік кір болып,
Қапшағай менен бір болып,
Ағыны қатты сарылдап,
Иіріліп оң ағып
Іледен қанша зор ағып,
Тебіреніп оң ағып
Теңізден қанша зор ағып.
Диірмендей қара тас,
Үйіріп алып ағызып,
Үстіндегі көбігі
От жаққандай жалбырап,
Жатқан екен Үргеніш
Өз – өзінен арқырап.
Қарағай, қайың қарайып
Толқыннан шығып балығы,
Өліп жатыр тырайып.
Әр жерде бір бұлғақтап,
Сайда жатыр сораыып.
Жарылып тиген жеріне,
Жар да төтеп бере алмай,
Бұрылып тиген жеріне
Мұз да шыдап тұра алмай.
Толқындап шыққан көбігі,
Шылбыр салсаң бойламай,
Алыстан келген жолаушы
Кешемін деп ойламай,

Аралға тартқан иірім,
Найза салса бойламай.
Артқы шетін қарасаң,
Ыстық көлдей көлкілдеп,
Бергі шетін қарасаң,
Бас айналдырып мөлтілдеп,
Үргеніштің бойын қарасаң
Жайылған түйедей тастар бар.
Қара батпақ саздар бар,
Қарқылдап ұшқан қаздар бар.
Бөлек – бөлек саздар бар,
Бөлініп ұшқан қаздар бар.
Тәңірсіген Үргеніш,
Теңіздей болып тасыпты.
Тал бойынан асыпты.
Атыла түсіп бөлініп,
Жайнай түсіп төгіліп,
Қарап тұрған адамға,
Жан алғыштай көрініп.
Май қарағай ағаштар
Тамырымен суырылып,
Жардың басы түріліп.
Ағыны қатты сары ағып
Ағаш біткен бәрі ағып.
Арша менен тал ағып,
Аю, жолбарыс, бәрі ағып,
Аңтарылып сал ағып,
Ақ көбік болып қар ағып,
Орта жерін қарасаң
Орғыған қара қан ағып,
Бұрылып тиген жерлері,
Үш найза бойы жар болып,
Аққан екен Үргеніш
Кешуге пенде зар болып,
Мұны көрген адамның
Кең дүниесі тар болып!

Күлшораның есі шығады. «Мына жерге келдім – ау, енді осыдан өтем – ау! Өте алмасам, көріп тұрған қыздарға ұялмай қайтіп қараймын?! Судан қорқып кері қайтқанша, Күлшора болмай өлейін, тумай

тұна шөгейін!» – деп, Алмамбеттің ұлы Күлшора, жауға салсаң мың шора, қылыш жанын аямай, ал тәуекел деп әлгі ағын жатқан суға кіреді де кетеді. Тас құлағандай шолп ете қалады. Қарап тұраған қыздардың жүрегі зырқ ете қалады. Ағын судан анда – санда Буырылдың құлағы шығады қылт етіп, анда – санда шораның төбесі шығады жылт етіп. Тайбуырыл судың түбіне батпай, бірде қайық сияқты, бірде балық сияқты жүзеді. Бір кезде жағаға ырғып шыға келеді.

Судан шығып қалтылдап,
Құндыздай жүні жылтылдап,
Былғары терлік, көк желдік,
Бұрышынан суы сорғалап.
Бала жолбарыс Күлшора,
Артық будан Буырылды,
Маңқаң – маңқаң бастырып,
Жолдың шетін қаздырып,
Жолым үйдей көбікті,
Жол шетіне шаштырып,
Қарауылшы қойған қара қыз,
Сақшы қойған сары қыз,
Екеуін бірдей састырып.
Сыңқылдасқан қыздардың
Сыбырларын бастырып.
Жақынырақ келгенде,
Мандайы жарық, бота көз,
Жанға жайлы шырын сөз,
Күміс үнді, қолаң шаш,
Қос қарқара, керме қас,
Ақық тісті, ай нұрлы,
Алма мойын, түйме бас
Ақ қошқардай даңқайып,
Ақ маралдай шаңқайып,
Ақша беті жарқ етіп,
Алтыннан салған сырғасы
Құлағында шарқ етіп,
Сыңғырлаған дауысы,
Жез комыздай шаңқ етіп.

Ахунның қызы Айшөрек
Күлшораға сөйлейді,
Сөйлегенде бүйдейді:
«Қызыл буырыл ат мінген,
Қыл құйрығын шарт түйген,
Солқылдаған шыбықсың.
Көтеріліп зобалаң,
Үлкен жолға шығыпсың.
Жап – жас бала екенсің,
Қайсы жаққа барасың?
Қайдан келген баласың?
Қозы қара қошқардай
Қоқаңдаған сен кімсің?
Еркек қара қарғадай
Шоқаңдаған сен кімсің?
Жайыңды толық айтпасаң
Жасыңнан жайрап қаласың!»
Сонда тұрып Күлшора айтады:
- Ей, сүйегінде буын жоқ,
Кім екенін білмеймін,
Айшөрек демей, кім деймін?
Менің жайын сұрасаң
Жоқ қашырып елімнен,
Сұрау салып келемін,
Жоғалтқаным Ақсұңқар,
Шөрек, сенен көремін!
Аяғыңда сұңқардың,
Ақ жібек алтын бауы бар,
Жоғалтқан болсаң сұңқарды,
Алпыс қыздың дауы бар.
Білмегенсіп сөз айтып,
Кім боласың деп айтып,
Керіліп сөзді кеш айтып,
Өлесің деп сес айтып
Қорқытпа жеңге шораны,
Сенен қорыққан оңа ма?
Әр сөздің басын шығарып,
Аңдысқан жауың көргенсіп,
Аңдығаның бола ма? – деп, *Күлшора*
атының басын тартып, Қалиманның
мойнына қолын артып, ақ емшегіне қолын

салып жібереді. Мұны көріп Айшөрек
арланып, намыстанып:

- Абиыры жоқ сұм шұнақ!
Қандай құрған баласың?
Қызды көріп жұтынып,
Қисалаңдап қаласың.
Ежелден біліс немедей,
Қойнына қолың саласың.
Қол тимеген емшегің,
Қомпайып қармап аласың.
Бұл жорығың қоймасаң,
Бір бәлеге қаласың!
Ақылы қысқа жас бала
Азапқа басың саласың!
Аузыңды желге көптіріп,
Сұңқар деген немеңе?
Таныспай жатып жеңге деп,
Шоқтанасың тым неге?
Арсалаңдап кеп қалған,
Кім боласың, сөзіңді айт,
Шоң атаңның өзін айт!
Жолаушы болсаң, жол міне,
Жортуылшы болсаң, мал міне!
Тұтқын болып түсесің,
Айшөректің қолына!
Құтылатын жайың жоқ,
Түсіретін тор міне!»

Сонда шора кеп айтат:
Айшөрек, жеңге, деп айтат.
Қуаныш пен ашуы,
Араласып бек айтат:
«Жеріміз Кең – Қол кең Талас,
Атамыз артық шер Манас.
Халқымыз байтақ көп қырғыз,
Қырғыз, қыпшақ аралас,
Ноғай деген ұрықтан,
Жайдары туған ер Манас!
Ер Манастың баласы
Жетім қалып жетілген,
Ақболаттай кетілген,

Семетейдің тынысы,
Мен Күлшора інісі!
Атамның аты Алмамбет
Арыстан Манас ағасы,
Ақ жолбарыс Алмамбет,
Әзиз ханның баласы.
Ерлігінің шегі жоқ,
Қырық шораның сарасы.
Аттанып жауға шыққанда
Алатаудай қарасы.
Жалпақ елдің ішінде
Айтып тұрған сөзімнің,
Қалды ма жеңге шаласы?
Сені жеңге дегеннің,
Қайсы жерде таласы?
Ақсұңқардың артынан,
Айшөрек жеңге дартынан,
Он төрт күлік айдатып,
Жау – жарағын сайлатып.
«Бүгіннен қалмай барам – деп,
Айшөрек, сені алам» – деп,
Дұшпанға салып күйініш,
Атасқаның Семетей

О, жеңге, келіп қалды, сүйінші!» – дейді.

Сөйтіп, атынан ырғып түсіп, қыздардың ортасында тұра қалады.

Белесте дүрбі салып тұрған Семетей мұны көреді. Қыз екенін білген соң, Қанишораны шақырып алып: «Біздің ақжолтай Күлшора Айшөректі тауып алған ба? Жеңгесімен бірге ағасын күтіп қалған ба? Ал, аттандық!» – деп, бұлар да суға келеді. Ағыны қатты судан Қанишора: «Мына суға қайтіп түсеміз? Одан да Күлшорадан хабарын алайық, сонымен бірге барайық!» – деп, тартынады. Семетей: «Мен осылай судан қорқып тұрам ба? Бұл қайдан шыққан батыр, судан қорқып қашқан?! – деп, ертең бетіме баспай ма?» – деп, он төрт атты сабалап, суға кіреді. Үлкен дария су қоя ма, оларды ағызып әкетуге айналады. Сол кезде

Семетей:

Астымда Буырыл атым жоқ,
Арызымды айтар датым жоқ,
Жанымда Күліс батыр жоқ,
Шөректен басқа дертім жоқ!
Қалқып суда барамын
Қалқа болар халқым жоқ,
Адамның сөзін тыңдайтын,
Шоң дария, сенің салтың жоқ!
Телміртіп мені сүйреген
Тілсіз саған парқым жоқ!
Осылай өтіп кетер ме,
Арманды қылып дүние шоқ.
Айдағаным он төрт ат,
Тайбуырылдай болмады,
Жанымдағы Қанишора
Күлшорадай болмады!
Хан Манастың аруағы,
Қашан мені қолдады?
Су атасы Сүлеймен

Қане, жолдас болғаны!?» – деп, қиналады. Сол кезде су атасы Сүлеймен шылбырынан сүйреп, хан Манастың аруағы қолтығынан алады. Қырық шораның аруағы суды бөгей салады. Қарап тұрған қыз, келін Айшөректен:

«Айтшы, ежеке, Семетей деген осы ма? Алып келген бидайық осының құсы ма? Шынында жездем ер екен! Әлемді айналып, іздейтіндей бар екен!» – деп, қуанады. Сол кезде судан шыға келген Семетейдің тұлғасына қыз – келіншектер сүйсіне қарап қалады:

Екі иығына қараса,
Екі кісі қонғандай.
Екі беті жарқ етіп,
Күннен пайда болғандай.
Маңдайына қараса,
Аппақ сәуле тұнғандай.
Біткен бойын қараса,
Күмістен соққан мұнардай.

Қайратына мінгенде,
Қара тауды жарғандай.
Қарсы келген ажалға,
Қасқайып тура барғандай.
Жер көтерген дәу болса,
Жүрегін суырып алғандай.
Ашуы келсе әлемді
Алақанға салғандай!
Сол кезде Семетей батыр келіп,

Күлшораға:

Тезек терген қыз болса,
Тең тұс болып аласың.
Қурай терген келінге,
Құрдас бола қаласың.
Жолда жүрген қыздарға,
Жолдас бола саласың.
Шолғынды қашан шаласың?
Ахун ханның шарына
Қашан хабар бересің?
Қашан шауып барасың?
Бүйтіп жүріп ағанды

Бір пәлеге саласың! – дейді. Сонда

*Күлшора: «Асыл аға, атыңның басын
бұра тұр! Іздегенің Ақсұңқар, аңсағаның
Айшөрек екеуі алдыңнан шығып тұрса, енді
кімге хабар саламын? Енді қайда барамын?!
Ақсұңқарды таптым. Айшөректі таптым.
Міне, екеуін де алып кет!» – дейді. Семетей:
Айшөрекке: «Жырғап жатқан жерімнен
қозғап едің. Енді алдымнан неге қол құсырып
тоспайсың?» – дейді. Айшөрек қайтер екен
деп, батырды сынағысы келіп:*

Қол құсырып тосқандай,
Қарап тұрған ханың жоқ.
Доқ көрсетіп сөйлеген,
Кім боласың, дайның жоқ?
Шынқожа атты жиенім,
Толтай атты ерім бар,
Жолаушыны тосқандай
Менің қандай жөнім бар?

Манастың ұлы Семетей
Ашуы келді арбайып,
Алдыңғы ерні қалбайып,
Аузынан түтін бұрқырап,
Көзінен жалын шырқырап:
«Ахунның қызы Айшөрек,
Ақсұңқар берші, кетемін!
Жолға қазан асыпсың,
Жолаушы жолын тосыпсың!
Тісің бидай болғанша,
Шашың құдай болғанша,
Хан атаңның төрінде
Қартайғанша күтіпсің.
Ақсұңқар алар сен бе едің?
Тамаша қыларың мен бе едім?
Қалаңа бүгін кірмесем,
Жиенің мен еріңнің,
Желкесінен тілмесем,
Жекелеп жауға кірмесем,
Жерлеп тұрған жеріңді
Жекелеп өзім білмесем!
Ақсұңқардың артынан
Азапқа салған дартыңнан,
Шолғынға сені жіберіп,
Шамалап жүрген халқыңнан,
Кегімді мықтап алмасам,
Кісімсіп қайтіп жер басам?!
Таянғаның Шынқожа
Батырыңды құл қылам,
Айымыңды тұл қылам,
Менменсіп жүрген ерлерді
Талпақша сабап жүн қылам!
Арманда болып қалмасын,
Еліңе барып хабар сал!
Ерлердің бәрін жиып ал!..
Арқа қылып таянған
Ерің келсін ұрысқа,
Ай әлемді буй қылған,
Шерің келсін ұрысқа,
Қара құрттай қайнаған

Елің келсін ұрысқа!
Тілге келсе қалдайған
Жерің келсін ұрысқа!

Ахунның қызы Айшөрек,
Сонда тұрып бүйдейді:
«Кең Үргеніште жатқанда,
Көп олжаға батқанда,
Алтын тақтың үстінде
Ахун хан атам жатқанда,
Қалмақтан алған олжаны
Қамшыға шенеп бөлгенде,
Ардақтаған атамның
Қасиетін көргенде,
Сенің атаң шер Манас,
Алпыс екі нар алып,
Ақ қоржынға зер салып,
Алпыс жорға айдатып,
Басына кебез байлатып,
Бел құда болған жері бар!
Хан Манас пен Ахунның
Құда дескен сөзі бар.
Алдындағы Шөректің
Алты жаны болса да,
Қарғаятын жөні бар.
Хан атам Манас өлгенде
Қаныкей азап көргенде,
Темір ханның шәріне
Тентіп кетіп сен қалдың,
Телміреп Шөрек мен қалдым.
Қайдағы сөзді шын қылып,
Кәрісің деп сындырдың,
Хан атаңның аруағын
Қай жерде, төрем, тындырдың!
Қартайғанша келмеген,
Қадірлі, төрем, сенен бе?
Аруақты аттап өте алмай,
Бұлғақтап алыс кете алмай,
Жас төрем қашан келер деп,
Сарғайып күткен менен бе?
Еркек болып, ер болып,

Сен келмедің мені іздеп,
Аруақты аттап өтем деп,
Қыдырып ұштым сені іздеп,
Мен аруақтан құтылдым,
Сен құтылмай аруақтан
Шадам деп елге жұтындың.
Арытпастан тұлпарды
Ашуың келіп қалыпты
Ала қойғын Сұңқарды!

Қалиман сонда кеп айтат:
«Ой, жездеке, деп айтат, –
Ашуыңды маған беріңіз,
Ақ шатырға кіріңіз!
Жау – жарақты шешіңіз,
Арақ – шарап ішіңіз...
Бізден кеткен іс болса,

*Теңіздей, жезде, кешіңіз! – деп, ептілігін
білгізіп, еңкейіп үйге кіргізіп, шайды құйып,
тай, байталды сойдырып, арақ пенен
бозаны ұсынып, табаққа салып бал қойып,
қазы кертіп, жал қойып, әбден сыйлап
күтеді. Сонда ашуы басылып, тұла бойы
ысыған Семетей:*

«Асуы биік тау асып,
Айшөрек жайын білген соң,
Алпыс күндей жол жүрдік,
Көз шырымын алмадық,
Құс ұйқыны салмадық.
Азырақ ұйықтап алайық.
Ахун ханның шарына,
Содан кейін барайық.
Менен кеткен іс болса,
Кешіргін, Шөрек, сөзімді,
Анықтап іздеп таптым ғой,
Әйнектей қара көзіңді.
Сөзбенен жығып алдың ғой,
Қашаннан бергі өшіңді!»
Деп бір күліп алғанда,
Көргендер де арманда,
Көрмеген де арманда!



Шынқожа, Толтайдың бәлесі

Ахун ханның қолбасшы батыры Түменбай Айшөрек Семетейді іздеп ұшып кеткенде, Шынқожаны алдаусыратып, біраз күн мұрсат сұраған екен. Уағдалы күні біткенде де Түменбай Шынқожаның алдына келмейді. Оған ашуланған Шынқожа Түменбайға еліші жіберіп: «Түменбай мен Ажыбай бүгіннен қалмай келсін, Айшөректің жауабын берсін. Ал енді Айшөректі бермеймін десе, Шынқожа мен Толтайды тақ үстінен көрсін!» – деп, бұйрық береді.

Ажыбай мен Түменбай Қабанбайды ертіп, Шынқожаға жауап беруге келе жатқанда айлакер Түменбай жолдастарына: «Мен Айшөректі Толтай мен Шынқожаға бермеймін. Өйткені оны айттырып қойған Семетей бар. Мен оған ерегестім, енді көнбеймін. Міне, төрт ай болды, аттарымыз семірді, ерлеріміз тынығып алды, әскеріміз соғысуга даяр. Бұл жәдігер мен нойғытты жерімізге жолатпай, соғысатын жайымыз бар. Бірақ, Шынқожа мен Толтайды тағы да алдаймын. Айшөректі беремін деп, оның Қара атын алдап аламын. Оның Қара аты қолыма тиген соң, сындырамын қанатын! Алдап соғып, содан кейін онымен мықтап тұрып соғысып, қиратамын!» – дейді. «Бұл сөзімді ұғып алыңдар да, Шынқожа мен Толтайды жөнімен жығыңдар. Құдай тілекті берсе, бұл иттерге асыл Айшөрегімізді бермейік!» дейді.

Осылайша уәделесіп, Шынқожа мен Толтайға келіп амандасады. Шынқожа ашуланып: «Міне, үш ай өтті, үш ай түгілі, төрт ай өтті. Өзегім өртеніп бітті.

Айшөректі берем дегенсің, бірақ бізді көзіңе де ілмей, мықтымысынып жатырсың. Алыстан құда келіп еді деп, күйеу келіп еді деп, не сойысқа берген тайын жоқ, ізет қылар жайың жоқ! Не Шөректі бермеймін деп кесіп айтқан сөзің жоқ.

Берер болсаң, шыныңды айт,
Ішіндегі сырыңды айт,
Бермес болсаң Шөректі,
Ерегескен шырыңды айт!
Үргенішіңнен шығармай,
Қамап тұрып аламын.
Қара жаннан түңілтіп,
Қанға бояп жерінді
Сабап тұрып аламын.
Аспаннан оқты жаудырып,
Қабырғаға қанжарды
Қадап тұрып аламын!
Қақ жүрекке найзамды
Малып тұрып аламын.
Айтқан сырды ұғамын,
Ерегессең жығамын.
Қарсылассаң Түменбай
Қазбай жерге тығамын!
Ашуым келсе Түменбай
Осы қазір жайлаймын,
Қадірі кеткен құл қылып,
Қол – аяғын байлаймын!
Ахунның қызы Шөректі
Алғанымша тынбаймын.
Айтып қойған сертімді
Күйеу болар Толтайға

Сірә да екі қылмаймын! – деп, бақырып, айбалтасын көтеріп, ырғып тұрады. Сол кезде Түлкінің ұлы Түменбай да аянбай, наркескенін суырып алып, қарсы тұра

қалады. Екеуі бір – бірімен шабысатын болғанда, Ертіс пен ер Толтай Шынқожаны ұстайды. Ер Қабанбай мен Ажыбай Түменбайды ұстайды. Екеуіне: «Бұларың адам қылар іс емес!» – деп, арашалап алады Ашулары басылып, тілге келгеннен кейін, ақылгөй Ажыбай әңгімені бастайды.

«О, хан күйеу ер Толтай, бұл сөзімді ұғып алыңыз. Мына Шынқожа өзімізді шақырып алып, ұят қылды ғой. Бұл адамдыққа жатпайды. Неге бұлай есіріп, бізге күш көрсетеді? Шөректі бермеймін деген адам жоқ қой. Бұл не қылғандарың? Төрт ай уәде қылдық, айың жаңа бітті. Шөректі бермеймін деген сөз болған жоқ. Құдаларыңа шатақ қылғандарың қалай? Бір тамақ үшін өкпелеп, бір тайға сатылғаның ба? Онда тайды сойып, тамақ қылып тойып, Жетісуға кете бер. Бірақ, мен қарындасым Шөректі қорлықпен бермеймін.

Мұндай зорлыққа көнбеймін.

Берер болсам Шөректі,

Ерлікпенен беремін.

Ерегес қылмай жарассаң,

Елдікпенен беремін.

Қалың айдап, мал алып,

Теңдікпенен беремін.

Айтқан сөзім еп көрсең,

Ақылға тура деп көрсең,

Біздің елдің нарқы бар,

Білсең сөздің парқы бар,

Айыпқа тоқсан байламақ,

Атадан қалған салты бар! – деп, Қара атыңды бастатып, тоқсан аттың бәрін бірдей байла! Қайнағанның көңілін осылай жайла! Кәдімгідей қалың қылып, жол – жоралғыңмен кел. Кәдесін жасап, содан кейін Ахун ханға барасың да, Айшөректі аласың! Ал енді қалың малынан қашатын болсаң, онда айдалада қаласың!» – деп, ақылды Ажыбай екеуін сөзбен сылқитады. Содан Шынқожа:

«Бұл сөзіңе құлдық, бұл сөзде жоқ

сұмдық, бұл сөзіңе сындық! Айып менің мойнымда, жазасын алсақ шындық! – деп, Ажыбай мен Қабанбай, Түменбай үшеуіне: – Мен енді айыптымын, кешіріңдер! Аузымнан артық сөз шығып кетті. Есепсіз қалың малыңды тоқсан емес, жүз қылайын!» – деп, кәдімгідей кішірейіп, Түменбайдың алдына Қара атты тартады. Содан Түменбай да: «Батыр Толтай, Шынқожа, айыптарыңды кештім! Бұл Қара атыңды қалың малға қосып аламын!

Ізетпенен алдым деп

Халыққа хабар саламын.

Шын батырға Шөректі

Бермек болып келдім деп,

Сый – сипатын құданың

Көрмек болып келдім деп,

Ахун ханға барамын,

Қалың жұрттың бәріне,

Хабарын мықтап саламын.

Кекіліне Қара аттың

Аяқтай кебез байласын.

Хан Ахунның алдына

Қалың малды айдасын.

Елді жиямын да, той беремін жүз күн!»

– деп, Ажыбай Шынқожа мен Толтайды қуантып кетеді.

Түменбай Ахун ханға келіп: «Шынқожа мен Толтайдың Қара атын алдап аламын да, содан кейін соғысамын. Айшөректі беремін деп Қара атты алғаным қалай? Санатты қылғаным қалай?» – дейді. Ахун хан:

- Балам, ат үшін алдап сөз беріп, ақылдан айныпсың. Қарындасың Шөректің үйден ұшып кеткеніне үш ай тоқсан күн болған. Семетейге барған шығар, бір хабарын алған шығар. Сондықтан бір хабарын білейік. Ал енді жау да болса, атын алдап алғаның жәнге сыймайды. Нағыз батырлар жалған айтпайды, алдап ерлік қылмайды. Батыр деген ермен ерлерше сайысып, найзалары майысып, ат үстінде алысып, ырғыта сайып алысып, жеңгені

атын алатын, жеңілгені қалатын. Бұл Толтай мен Шынқожа бұлай алданып атын беретін кісілер емес. Сондықтан, Түменбай құлыным, Шөрек келінті. Сен барып сөйлес. Қабанбай мен Ажыбайды қасыңа алып, барып мән – жайын сұра. Егер Семетей келмесе, Айшөректі аламын деп жауабын бермесе, онда Манаспен баталасқан батадан құтылды! Онда Шынқожамен кеңесіп, Толтаймен ептеп сөйлесіп, Шөректі бергенің дұрыс болады. Ал егер Семетей келіп тұрып, қызды бермесек, онда Ахун хан оңа ма? Оңбайды! Жиырма жылға қызды сақтап, Семетейге парқым жоқ. Хан Шынқожа, Толтайға, қармасатын шарқым жоқ! – дейді.

Түменбай: «Шынқожа мен Толтайдың айласын өзім табамын, өлмей тұрып Шөректі қайтіп беремін оларға? Солардан келгенді тақ төбемнен көремін. Семетей келмесе, кең дүниеде батыр көп. Басқасына беремін. Екі итке ерегестім, ажал жетсе өлемін, Айшөректі бергенге, өлгеннен кейін көнемін!» – деп, қайтадан ерегесіп, кектесіп сөйлейді. Сөйтіп Қабанбай мен Ажыбайды алып, Айшөрекке келіп сөйлеседі.

«Айналайын Айшөрек, енді басқа мынадай қиын күн тұды. Толтай мен Шынқожа келіп, алты ай атыстым, қызыл қанға батыстым, аянбастан ұрыстым, күнде майдан қылыстым, үш айға уағда қылып, сабыр қылып тұрыстым, Шынқожаға өзіңді бермеуге әбден тырыстым! Бүгін олар бермегенге қояр емес, уәдең бітті деп қинап отыр. Семетейге кеткеніңе үш ай тоқсан күн болды. Енді сырыңды айт! Жасырмай шыныңды айт, Семетей келсе оныңды айт!

Ал Семетейге бармасаң
Анық хабар алмасаң,
Ер Толтайды еп көрсең,
Шынқожаны бек көрсең,

Барсаң Толтай ер міне
Жәдігер нойғұт ел міне,
Жалған емес анық сөз,
Лайықты жер міне! – деп, сұрайды.
Айшөрек қитығып, қисық сөйлейді:
«Манастың ұлына барғаным жоқ, Талас
жақтан хабар алғаным жоқ! Ешқайда
шыққаным жоқ, ешқайда ұшқаным жоқ! Қай
жерге берсең де, арманым жоқ!

Семетеймен ісім жоқ,
Сенен басқа бір туған
Қайырылысар кісім жоқ.
Ебі келсе қыздарды
Елі билеп беретін.
Қадымнан бергі әдеті,
Кәрі билеп беретін.
Халайыққа еп келсе,
Бәрі билеп беретін.
Хан Түменбай өзіңдей
Ханы билеп беретін.
Ахун қандай қария
Ата билеп беретін,
Ажыбайдай білімді,
Аға билеп беретін,
Мен сияқты қыздары,
Ата менен ағаның,
Айтқанына көнетін!
Мен Толтайға бармаймын,
Шынқожаны таңдаймын.
Шыным осы, ал енді,
Ағам болсаң Түменбай
Қара атты алып жатасың,
Қарындасың Шөректі,
Қаншалық малға сатасың?

Айшөрек былай дегенде Түменбай күйіп кетеді. «Сен үшін қаншама халық қырылды. Қаншама соғыстық. Қанымызды, жанымызды аямадық. Сені Шынқожаның зорлығына бермейміз деп күресіп, соғысып, сені Жетісуға барады, Семетей батырға хабар салады деп жүрсек, сен бізді алдап жүрген екенсің! Атастырып қойған Семетей келіп алады деп жүрсек, сенің

арамдығың ішіңде екен ғой.

Жақын жерден жайланып,
Шынқожаға байланып,
Қара ниет Айшөрек
Алдап жүрген екенсің,
Үйде тұрып дұшпанды
Жалғап жүрген екенсің!
Ел – жұртыңның атағын
Сендей қыздар былғай ма?
Намысты сатқан ұятсыз,
Аруақтар сені ұрмай ма?

*Осынша пейілің бұзылып, хан Манастың
аруағынан, Ахун ханның батасынан аттап,
бәрімізді ұятқа қалдырып, соғысып өлген
ерлердің обалына қалып жүрген екенсің.
Олай болса, мен сені тапқан еріңе, баратын
жеріңе, Шынқожа, Толтайыңа,*

Аш білектен сүйретіп,
Асау тайдай үйретіп,
Алып барып берейін,
Қарабет сенен келгенді

*Қақ төбемнен көрейін! – деп қаһарына
мінген Түменбай батыр айғайды салып,
Ахунның қызы Шөректі аш білектен алып,
дырылдатып сүйрей жөнеледі. Сонда
Шөрек жанынан түңіліп, ақылға келіп:
«Аға, сабыр қылыңыз. Айтатын сөзім бар!»
деп, өзіне қаратып алып, сөз бастайды:
«Сіз өзіңіз ерегеспей Толтайға бар дедіңіз.
Еліңе ерте барып, жақсы орынды ал дедіңіз.
Сіздің сөзіңізден шықпай, бір сөзіңізді
бұра салып, соған қаратып айтқаным ғой.
Әйтпесе, Манастың ұлы Семетей келді,
тілекті құдай берді, аға!» – дейді.*

*Сөйтіп, Айшөрек Семетей жатқан
сарайға бұларды алып келеді. Олардың
Семетейді көргенде жүректері тулап
кетеді. Тақтың үстінде керіліп, Ақолпоғын
жамылып, Манастың көкжал ұлы балшып
ұйықтап жатыр екен. Оның қасындағы
Қанишора мен Күлшора бұларды көргеннен
кейін, амандасады. Сол кезде Семетей оянып,
көзін ашып, басын көтергенде, сөзге шешен*

*Ажыбай амандасып, хал – жағдай біліседі.
Ел сұрасып, жер сұрасып, содан Түменбай
болып жатқан жағдайды айтады: «Мінекей,
неше ай болды, бізді жау қамап жатыр.
Бұларды қуып тастауға күшіміз жетпей
жатыр. Соғысып жатырмыз. Толтай мен
Шынқожа қорқатұғын ер емес, алатын
оңай тау емес. Ал енді Семетей құлақ сал,
екі шораңмен келіпсің, қалың қолың жоқ.
Енді қандай айла болады? Өзім табайын
айласын, Шынқожаның қара атын
Айшөректі берем деп алдап алайын. Жауға
мінетін атынан айрылғаннан кейін көрейін
оларды!» – дейді. Семетей: «Айналайын,
Түмеке, дүрмектен бекер қорқа бермеңіз.
Шынқожадан шошып қорықсақ, қалың қол
алып келер едік қой. Ертеңді кеш қылмай,
екі шорамен суыт келіп тұрмыз. Ал енді
аттарың алдап алғанымыз арсыздық болар.
Ондай батырды құдайдың өзі атпай ма?*

Соғысып – ақ көрейік,
Ажал жетсе өлейік,
Азабы болса көрейік,
Аруақтар бізге жар болса,
Сыбағасын берейік,

*Аты – тонын бөлейік! – деп, екі шорасын
ертіп есіктен шығады. Сырттарынан қарап
тұрған Ажыбай мен Түменбай олардың
тұлғасына сүйінеді. Айшөрек: «Ахун атам
келіп, досының ұлын көрсін, ақ батасын
берсін!» дейді. Ажыбай мен Түменбай Ахун
ханға келіп, сүйінші сұрайды:*

О, бұл атасы Манас құдадан,
Артыла туған неме екен,
Семетей батыр ер екен,
Нағыздың өзі, шер екен.
Келді күйеу балаңыз,

*Барып көріңіз, батаңызды беріңіз!»
– дейді. Ахун хан: «Ал, міне тілегімді
құдай берді» деп, көзінен жасын ағызып,
сақалынан дірілдетіп тамызып, Семетейге
келіп құшақтай алып, сөйлеп тұрған жері:*

Жолыңды құдай жолдасын,

Жолбарыс атаң қолдасын,
Жолықса Толтай оңбасын,
Ісінді ием оңдасын,
Ерегескен дұшпаның
Егерде екі болмасын.
Шынқожадай кесірді

Салған қолың сомдасын.
Қор болма, балам ешқашан,
Қол салған дұшпан оңбасын! – деп,
батасын береді. Ахун ханның батасын
алған Семетей риза болып, атасына құрмет
көрсетеді.



Күлшораның барлауы

Семетей Айшөрекке: «Сен қорқып қалған екенсің, бірақ, шошитын кісің мен емес! Бұл Шынқожа мен Толтай менімен беттесе алмайды. Өздерін ойласын!» – дейді. Содан кейін Күлшораға айтады:

Айналайын, Күлшора,
Тайбуырылды міне гөр,
Ақолпоқты кие гөр,
Шынқожа мен Толтайдың
Хабарын анық біле гөр!
Май төбенің белінен,
Ел ордасы жерінен,
Шынқожа мен Толтайға
Түменбай барған шегінен,
Барып жолын шалып кел,
Анық хабар алып кел!
Егер де көзі көрінсе,
Екеуін де қуып кел,
Айдау жолға салып кел,
Егер оған көнбесе
Басын кесіп алып кел! – дейді.

Күлшора ағасының сөзін екі қылмай: «Шынқожа мен Толтай көзіме көрінсе екеуін де оңдырмаймын, соямын!» – деп ағасына мақтанып, жау-жарағын сайланып, қылышын байланып, түн ішінде аттанады. Май төбенің беліне, Мазар таудың түбіне, Шынқожа мен Толтайдың әскерінің шегіне келеді.

«Бұл екеуі кездесе, Үргеніштің ойында, Ханарықтың бойында екеуін де қармап

аламын!» -деп, армандап тұрады. Түн ортасы болғанды, әбден ұйқысы келеді. Неше күн жол жүріп келген, қырық күн ұйқысы шала болған Күлшора айбалтасын таянып, ұйықтап кетеді.

Сол уақытта Толтай: «Ай, халқым, тыныш жатып ұйықтаңдар, мен өзім шалғынға барамын, Үргеніштің төрт тарабын шаламын, жолымнан дұшпан жолықса, жалғыз жайғап саламын!» – деп, Сұрқоян атымен аттанып, қасқа жолдың бойына, Ханарықтың ойына жетіп келеді. Жәдігердің ері келе жатқанын, Сұрқоянның дүбірін Тайбурыл алыстан сезіп, асыл жануар бұғының терісінен жасалған шылбырды үзердей соза тартып, тұяғымен жер тарпып, солқылдатады. Тайбурылдың дүбірінен Күлшора оянып кетіп: «Бұл не болып қалды?!» деп жан-жағына қарап:

Айналайын, буырыл ат,
Заманаң неден қуырылат?
Екі жақты байқасам,
Дабыраған дауыс жоқ,
Сыбдырлаған қағыс жоқ,
Не шиқ еткен тышқан жоқ,
Шықылдған шымшық жоқ,
Не қарқ еткен қарға жоқ,
Қарсылдасып шабысқан

Ұрыс пенен жанжал жоқ! – деп, атқа қарғып мініп, қайқайып тұрса, ақсұр ат мінген бір адам Ханарықтың бойында келе

жаттыр екен. Темір сауытының сыртынан қара шапан киген, қара сақалды, кең көкірек, жайық төс, келісімді өткір көз, жәдігердің ер Толтай Сұрқоянын орғытып келіп қалады. Үлкендігі түйенің нарындай, толқыны көлдің шарындай екен, Күлшораның бар бойы Толтайдың қылышының сабындай ғана екен. Мұны көргенде жас жүрегі солқ етіп, бұғана сүйегі болқ ете қалады. «Ай, қашсам айып болады-ау, ә? Ахунның қызы Айшөрек бәрін болжап біліп отыратын адам, менің қашқанымды сөзге ілмей ме? Ағамның алдында айыбымды айтып беріп, барлығы сыбырласып күлмей ме? Мені мазақ қылмай ма, Қаншора қылжақ қылмай ма? Аписған құлдан қашқанда, аруақтың бәрі мені ұрмай ма?!» – деп, Буырыл атты қамшылап, оңды солды тебініп:

Алда, құдай, алда деп,
Атам Манас қолда деп,
Қолдай тұрған кезің деп,
Бала Күліс өзім деп,
Жәдігердің Толтайдан,
Тартынамын несін деп!?
Бала Күліс шұнағың,
Манастап ұран шақырып,
Айғайды салып шығады!

Беттесіп келіп қалғанда, Жәдігердің ер Толтай: «Семетей келіп қалған екен, өлген жерім осы екен!» деп, зәресі ұшып кетіп, Сұрқоянды бұра сала қамшы ұрып, тұра қашады. Артынан Күлшора тұра қуады.

Тайбуырылға қамшы ұрып,
Жақындап жетіп қалады,
Алтын белдік шеті деп,
Айдалының беті деп,
Өкпе, бауыр тұсы деп,
Өлер жері осы деп,
Қиқулап найза салады!

Қызыл қанға боялған Толтай өлдім деп қашады. Сонда, қуып келе жатқан Күлшораның қолынан тізгіні шығып кетіп, астындағы Буырыл аттың аяғы шылбырға оралып, шалынып қалады. Құнан байталдың

терісінен жасалған ақ тізгінді қайдан үзсін? Тұсалып, шаба алмай тоқтап қалады. Сөйтіп Толтай зытып жөнеледі. Күлшора енді аттың аяғын тізгіннен босатып, қайтадан мініп: «Қуып жетіп, шаруасын бітірейін!» – деп ұмтылса, ол қара үзіп кеткен екен. Күлшора қатты өкінеді: «Шынқожаға барып қалды – ау, енді хабар салды-ау! Бұл менің жастығым болды-ау! Найзамды дұрыстап сала алмадым, енді ағама қайтіп барамын?» – деп қиналады.

Тауға шығып барсам ба?
Топалаң қылып салсам ба?
Толтайдың елін тоздырып,
Тақыр қырып салсам ба?
Алдым деп жаудан кегімді
Ағама айтып барсам ба?
Не шөлге түсіп барсам ба?
Шөлге бүлік салсам ба?
Шынқожаның қолына
Шөл түсіріп қалсам ба?
Дұшпаннан кекті алдым деп,
Ағама айтып барсам ба?
Не астымдағы Буырылдың,
Құлағын кесіп салсам ба?
Шапсам жетпей қойды деп,
Бүйдеп айтып барсам ба?
Не асынғаным Ақкелте,
Сирағын жұлып алсам ба?
Атсам жетпей қойды деп,
Сүйдеп айтып барсам ба?
Не қолымдағы Сырнайза
Түпегін үзіп алсам ба?
Сайсам өтпей қойды деп
Сүйдеп айтып барсам ба?
Не балдағы алтын ақ болат,
Балдағын жұлып алсам ба?
Шапсам өтпей қойды деп
Бүйдеп айтып барсам ба?
Бұл айтқаным сөз емес
Жалған сөз маған еп емес,
Бейбіт елді шапқаным
Адамдықтың тегі емес.
Шынқожа үшін елінен

Кек алғаным жөн емес.
Атамнан қалған Тайбурыл
Адам қорлар мал емес.
Қиянат қылып қалпайтып
Қылар ісім бұл емес.

Күлікті ұят қылған соң,

Күлшора онда жан емес! – деп, өзін-өзі талқыға салады. «Әй, мен Ақкелте мылтықты, қолымдағы Сырнаизаны, атамнан қалған Айбалтаны, Ақболат қылышты қайтіп айыптап барамын? Ахунның қызы Айшөрек өтірік айтқанымды біліп қояды ғой. Сөйтіп маған күлмесін, мені айыпты қылып жүрмесін! Өтірігімді бетіме басып, ағама айтса, ұятқа қалармын.

Жалған сөз деген жаман ғой,
Шынымды айтып барам ғой,
Кесепатты Толтайға
Келгені осы шамам деп.
Ерегіс қылсам Толтайдың
Ертең басын алам деп,
Ерлігімді көрсетсем,
Риза болар ағам деп!

Күлшора ағасының алдына анығын айтып барады. Семетей күліп:

Жарады Күліс жүрісің,
Жағады маған бұл ісің.
Жаза сайған жастығың,
Балалығың, мастығың.
Бүгін Толтай құтылсын,
Құтылғанға құтырсын,
Ерегескен екі құл,
Ертен қолға тұтылсын.
Жайланып Күліс, ұйықтағын,
Жанымнан алыс шықпағын
Ерегескен екі итті

Ертең келсе мықтағын! – деп, Күлшораның көңілін көтеріп қояды

Ал, Толтай шырқырап қашып: «Семетейдің келгенін көрдім!» – деп бақырып келгенде, қамсыз ұйықтап жатқан қалың әскер шошып кетіп, өре түрегеледі. «Ойбай, Семетей келіп қалды!» – деп, дүрлігеді. Біреуі байпағын бөрік екен

деп басына киеді, біреуі бөркін етік екен деп аяғына киеді, «ойбай, өлдік, құрдыдық!» деп, ыштанына шалынып, тоқтай тұр деп жалынып, естерінен танып, шала бүлінеді. Сол кезде Толтай Шынқожаға келіп: «Шығайдың ұлы Шынқожа, өлетін жерге келген екенбіз! Кетейік десем болмадың. Айшөректі алғанша, апаңды ал, ерке қыз алғанша, енеңді ал!

Манастың ұлы Семетей
Оңай – олтаң ер емес,
Қақтығысар шер емес!
Алысқан адам алмайды.
Айтысқан адам жеңбейді,
Манастың ұлы Семетей
Қолдағаның болса да,
Қолымыздың келмейді!
Тірі тұрып Шөректі
Екеумізге бермейді.
Тілімді алсаң Шынқожа
Бір қыз үші өлмейік,
Аман-сау елге кетейік!

Манастың ұлы ұран салып, найзаменен сайғанда, Сұрқоян атыма риза болдым. Найза тиіп, жонымнан қан құйылып, жаным шығып кете жаздады! Әйтеуір, Сұрқоян Тайбуырылға жеткізбей, құтылып кеттім. Арыққа келіп, аттай алмай Тайбуырыл тоқтап қалды. Ай, есім шығып, ет жүрегім қозғалды!» – деп, өне бойы ауырып, жаны көзіне көрініп Толтай әбден қиналады. Шынқожаға шыңдап :

Айшөректі алмайық,
Азапқа басты салмайық,
Арыстанмен алысып,
Ауылымызды көрмей қалмайық,
Манастың ұлы Семетей
Тілектен біткен ер екен,
Жеңілмей тұрған шер екен.

Осы жерден аман-есен кетейік, ертелеп елге жетейік. Сол жақтан екі қызды таңдап алармыз, аمانымызда елімізге барайық!» – дейді. Сонда қан құсып, шыдай алмай тұрған Толтайға Шынқожа айтады:

«Ей, ақылыңнан саспа, бақырғаныңды қой, жұрттың бәрін шошытпа! Бұл сөзіңді жұрт естімесін, жаныңнан дұшпан шықпасын. Жетіспеген жетімнен Шынқожа қайтіп ықтасын?!» – дейді. Толтайдың шамасын байқап, тәуіптерін жидырып, найза тиген жеріне қытайдың қызыл дәрісін аямастан салдырып, Толтайды ақыл-есінен тандырып, қанын тоқтатып, жарасын жудырып, қытайдың сарыдан қырып алған қара дәрісін: «Ажалсыз жанға бір себеп қылатұғын дәрі» – деп, жарасына сеуіп, будырып, байлап тастайды. Толтай есін жиып, ауырғаны басылып, оңалып отырғаннан кейін Шынқожа айтады.

«Сені сойған Семетей емес, Күлшора! Алмамбеттің баласы, ол әлі он екідегі жас бала болғаннан кейін саған дұрыстап найза сала алмаған! Сол жас баладан жеңіліп қашып, масқара болдың, досым ер Толтай! Қолынан тізгіні түсіп кетіп, Тайбурылдың аяғы соған шалынып қалып, бөгеліп қалды. Әйтпесе, Бурыл ат сенің Сұрқояныңа жетпей қоймас еді, Семетей сайса, сені өлтірмей қоймас еді!

Семетей келді, көрдім деп,
Жәдігер, нойғұт өлдің деп,
Бұл айтқаның жөн емес,
Адам ұғар сөз емес.
Семетейден қорқатын
Ер Шынқожа мен емес!

Семетей менен ер емес,
Ер тұрсын маған тең емес!
Шығайдың ұлы Шынқожа
Семетеймен ел емес!
Жәдігердің ері ер Толтай
Кетсең досым, кете ғой,
Ойын емес, шын сөзім,
Опал тауға жете ғой,
Антты қайтып ала ғой,
Шын сертіңнен тана ғой!
Ұялмасаң ер Толтай
Уағда сөзден тана ғой,
Жәдігеріңді көшіріп,
Ұлы тауға бара ғой!
Қорықсаң Толтай, жүре ғой,
Ақсақ сары міне қой
Манастың ұлы жетімнен
Мен қорықпаймын, ер Толтай,
Семетей менен көрісем,
Ажалым жетсе өлісем.
Аямастан атысам,
Қызыл қанға батысам!
Қара жан өлмей тұрғанда,
Таймаймын қашып сертімнен,
Манастың ұлы Семетей
Батыр емес ешкімнен!
Қашаннан бергі кек үшін,
Азапқа басын саламын,
Сен алмасаң жерге кір,
Шөректі өзім аламын! – деп, Шынқожа соғысуға бел байлайды.



Шынқожаның жеңілгені

Содан Шынқожа мен Толтай қалың қолмен аттанады. Айқай-шу, ұрандатып, атқыштары бір бөлек, найзагерлері бір бөлек, Ахун ханның Үргеніш қаласына шабуылды бастайды. Айшөректің жанында алаңсыз жатқан Семетей таңға жақын

қалғанда Шынқожа, Толтайлаған ұран, тарсылдаған мылтық, дауылпаздың үні, қып-қызыл от - жалын, дүрбелеңнен оянып кетіп, шораларына айтады: «Ал, Шынқожа Толтайды Үргенішке ажал айдап келген екен, бұларды көрейік. Аруақ ұрған екі құл

алды-артын ойламай, санаспай соғысты бастады, не елші жібермеді. Олай болса, Қанишора мен Күлшора екеуінің ерлік көрсететін, өзі келген дұшпанды өрттей басатын кезің келді! Аттан!» – деп, жау-жарағын асынып, он екі қатар қақпадан қалың қолға қарсы шығады.

Шығайдың ұлы Шынқожа да асқан батыр адам: «Манастың ұлын сойыңдар, жерге басып қойыңдар!» – деп қылышын қолына алып, соғысқа кіреді. Сонымен Жәдігер, Нойғұт қаптап, жан-жағынан келгенде:

Тарсылдатып атысып,
Қызыл қанға батысып,
Талай адам оққа ұшып
Жерге сұлап жатысып.
Ұшы болат сыр найза
Қақ жүрекке малысып,
Қайра тартып алысып,
Шалқасынан салысып.
Қылышпенен шабысып
Қызыл қанды ағызып,
Шоқпарменен ұрысып
Орта жерін ер Семен,
Ойып кетіп барады,
Екі шетін шоралар
Сойып кетіп барады.

Осындай үлкен соғыс болып, Семетей мен екі шора талай жауды жайғайды.

Шалқасынан дардайып
Сұлап жатқан адам көп,
Жер құшақтап тұра алмай
Құлап жатқан одан көп,
Қор болдық деп қоқиалап
Қол ұсынған одан көп.

Бұл қорлықтан өлдік деп, бірінің аяғы сынып, бірінің көзі шығып, есі шығып, елден қашып, жанталасып жатқан бір қырғын болады. Семетей: «Тайбуырыл әлі семіз екен, соғысар жерің тегіс қой, Аршаторы буданды мінемін! Аршаторы буданмен атам Манас талай жауды қуған! Тайбуырылдан кем емес!» – деп, Аршаторы атын мініп,

майданға кіреді. Семетейдің айбатын білген хан Шынқожа Қара атпен аспанға ұшады. Қара атының екі қапталында екі қанаты бар екен, көкке ұшып шығып, аспаннан мылтықпен де, садақпен де бұрқыратып оқты жаудырады. Бір кезде Арша торы атты құлатады, Семетей бірге құлайды. Сонда Шығайдың ұлы Шынқожа: «Әне, нағыз батыр өзімін, Семетейді сойдым, екі көзін ойдым!» – деп, қуанып, аспанда ұшып жүреді. Жаяу қалған Семетейді анадайдан Күлшора көріп қалып, Тайбуырылды алып келіп, алдына тартады. Семетей Буырылды мініп, қайтадан жауға тиеді, қайтадан қырғынды салып, жеңіп бара жатқан кезде, көкте жүрген Шынқожа тағы да оқты жаудырып, бұлардың берекесін кетіреді. Үш күн атысып, аңдысып, Семетейдің оқ-дәрісі бітеді. Қара жаннан түңіліп, әбден күңіренеді. «Ажал жетсе, өлермін. Алысқа атқанда оғы мүлт кетпейтін Ақкелте мылтығыммен қанша атсам да, оғым жеткен жоқ. Мынау тақ төбемен қонып алып, жарық дүниені көрсетпей, әбден жайлайтын болды-ау бізді!» – деп, аманат жаннан түңіліп, жүдеп-жадап тұрады. Сонда Күлшора: «Ақкелтенің үні шықпай қалды ғой, бұл қандай заман болды, абам аман ба екен?» – деп, Телкүреңге қамшы ұрып өзі келеді. Мұздай темір сауыт киген батыр шора келсе, ағасы қалжырап, Ақкелтені таянып тұр екен. Шынқожа аспанда бұлттың ар жағынан келіп бір атады, былай өтіп бір атады, сонымен әбден қинаған екен. Семетей: «Айналайын Күлшора, қаптаған қалың қолың жоқ, ақылдасатын тобың жоқ. Шынқожа көктен жаңбырдай оқ жаудырып, айламды қалдырмады. Атамнан қалған Ақкелтенің оғы атсам жетпеді, садақтағы оғым бітті, шынын айтсам, енді шыбын жаннан түңіліп тұрмын. Мынау бір сұмдық болды. Мына жақтан да шығып атады, қайқайып тұрсам, басымнан атады, еңкейе берсем,

белден атады, қаша берсем, аяқтан атады, қарсы тұрсам, төсімнен атады, садақ пен мылтықтан кезек-кезек атып, түбіме жететін болды. Тіпті, бір тегіс жерде бетпе-бет келіп атысып, Шынқожаның қолынан өлсем, мен Семетейде арман болмас еді-ау! Мынау көкке шығып алып, төбемнен атып амалымды құртты!» – дейді таусылып. Сол кезде Қанишора айтады:

Абамның айтқан сөзі рас,
Мен де айтайын шынымды.
Көкте жүрген Шынқожа,
Кетірді әбден сынымды.
Шынқожа мен Толтайға
Шыңдап мойын сұнсақ па?
Бұрыс-теріс ойламай,
Буырылды тарту қылсақ па?
Айшөректі алғын деп,
Аман-есен тынсақ па?
Ақкелтені тартсақ па?
Ашылып сырды айтсақ па?
Алты сан қалың қырғызға,
Аман-есен қайтсақ па?
Шынқожа мен Толтайдың,
Айтқанына көнсек пе?
Айшөректі берсек пе?
Ардақтаған көп елді,
Аман-есен көрсек пе?
Мынау істің тізгінін
Қайта барып Таласқа
Хан Бақайға берсек пе?
Қалың елмен кеңесіп,
Ақылдасып көрсек пе?
Арамдардың сазайын,
Содан кейін берсек пе?
Арманда өлмей далада,
Айналайын, абеке,
Ақылменен жеңсек пе?! – дейді. Сонда

Күлишораның ашуы келеді:

Айналайын, абеке,
Асығасың несіне,
Не көрінді көзіңе,
Не білінді өзіңе?
Күлікті берем дегенше,

Күлісің өлді десеңші!
Өлгеннен соң күлікті,
Сонда берем десеңші!
Буырылды берем дегенше,
Буданым өлді десеңші!
Мойнымда өскен Күлшора,
Туғаным өлді десеңші!
Ақкелте берем дегенше,
Арыстаным өлді десеңші!
Асырап-баққан Күлшора,
Арысым өлді десеңші!
Ақкелтені бергенше,
Өлгенде көнем десеңші!
Айшөректі бергенше,
Алысып өлем десеңші!
Өлмей тұрып Шөректі
Қайтіп берем десеңші?!
Намысы жоқ Қаншора,
Халықтың бетін қайырылып
Қайтіп көрем десеңші!
Бұл айтқаның еп емес,
Адам ұғар сөз емес.
Ажалым жетсе өлермін,
Хақ жазғанын көрермін,
Айшөректі беруге
Өлімнен кейін көнермін.
Тайбурылды қолымнан,
Қайтіп шыдап беремін.
Ақкелтені беруге,
Өлгеннен кейін көнемін!
Қара жан аман тұрғанда
Қайтіп қолдан беремін,
Ақкелте қолда тұрғанда
Атысамын аянбай,
Намысымды бергенше
Қалғаным жақсы жаралмай! Абаке,
жабығып қалған екенсің, үңгірге басыңды
қалқалап жата тұр, мен бұл Шынқожаны
көріп алайын! Ақкелте мен Ақолпоқты
маған бер!» – дейді. Семетей Күлишораның
тілін алады.

*Алмамбеттің Күлишора, үйде жүрсе
бір шора, айқайлаған жаауменен айқасқанда
мың шора, Ақкелтені қолына алып, әбден*

сүртіп-тазалап, қой басындай қорғасынмен оқтап, Шынқожаны аңдып, көзін талдырып отырады. Сол уақытта Түменбай Қабанбай мен Ажыбайды алып: «Манастың батыр ұлының ісін көремін, жәдігер мен нойғұттан олжаны өзім бөлемін!» – деп:

Хан Шығайдың ұлынан,
Қара атты бүгін алам деп,
Күлшораға барам деп,
Айқайлап ұран салам деп,
Аз ғана емес, молменен

Әлде қанша қолменен келіп қалған екен. Айшөрек те жиырма келін, қырық бір қызды ертіп, бұл да тамашаны көремін деп, келіп тұрады.

Осы кезде аспанды бұлт торлап, Шынқожя Семетейді сойдым деп:

Тарсылдатып оқ атып,
Сартылдатып садақ тартып,
«Семетей қанқор өлді деп,
Өлгенін көзім көрді деп,
Семетейге өкіріп,
Күлшора жетім келді» – деп,
Аспанменен айналып,
Ақ албарысын байланып,
Жетіп келді жақындап!

Сонда жерде тұрған Жәдігердің Толтайы: «Жақындама, жақын келме, алыстан тұрып атыс! Семетей өлген жоқ, байқа!» – деп айқайлайды. Оны Шынқожя тыңдамай, жақын келеді.

Шынқожаны сойсам деп,
Шындап көзін ойсам деп,
Қара атынан айырып,
Қабаққа сүйреп қойсам деп.
Ақкелтені дайындап,
Күлшора жатыр қамданып.
Ахун ханның көп жұрты,
Қарап тұрды танданып.
Сілеусін ішік, құндыз бөрік,
Киіп алған Шынқожа,
Қара атына мақтанып,
Еңкейе түсіп бек қарап,
Жайладым күлді деп қарап,

Және мылтық атарда,
Жақындап қайра тартарда,
Қамданып жатқан Күлшора,
Көк темірді киініп,
Күркіреген ер шора,
Ұшып жүрген Қара атты,
Қар жіліктің түбі деп,
Қанаттың сынар жері деп,
Өлшеулі жердің тұсы деп,
Өлер жері осы деп, – басып кеп жібереді.

Сонда оң жілігі мен оң қанатын қиратқан екен. Жерге түскен кезде, Шынқожаның басынан атады. Сөйтіп хан Шынқожа батырдың қара басын талқандап, Семетейге келеді.

Шынқожа өлгеннен кейін, жау қашады. Біреулер өтірік өлген болып, құлап жатыр, көпшілігі қашып бара жатыр. Сол кезде Семетей шындап жауға кіргенде, Жәдігердің Толтайы енді өлдім ғой деп, Сұрқоянға қамшы басып, бұл да қашады. Семетей қуады. Сонда қашып келе жатқан Толтай қатын ба, ер ме деп, көргендер қайран қалып тұрады. Айтулы күлік Буырыл ат артынан енді жеткенде, ер Толтайдың заманасы қуырылады. Айшөрекке күйеу болам деп келген Толтай жандарынан қашып өте бергенде сөзге жүйрік Қалиман Толтайға қарап сөйлейді: «Ой, мына Сұрқоянмен қарғытып қашып бара жатқан кім десем, Толтай жездем екен ғой! Оны қуған кім десем, Семетей батыр екен ғой! Ой, қыз алатын Толтай, бұл не, қашқаның ба, ақылыңнан сасқаның ба? Мына балдыздарың күтіп тұр сізді алдыңыздан, бұл қашқаның қай қашқан? Толтай жезде қашпа, Айшөректен айырыласың ғой! Үйімізге келіп кет, бізге сыйлық беріп кет!

Жетімдерден қашқаның,
Жезде Толтай сасқаның,
Тебетей болса басыңда,
Бұлайша қорқып қашпағын!

Сонда Қалиманның сөзіне шамданып, Жәдігердің ер Толтай: «Әй, бұл қорлықтан

өлдім-ау! Осында ажалайдап келгенін басында біліп едім, анық өлген жерім осы ғой!» – деп, намыстанып, буданның басын бұрады.

Қиқулап, қатты бақырып,
Аруақтарын шақырып,
Ұрандап, атын тебініп,
Үсті-үстіне демігіп,
Үзенгіге шіреніп,
Үйдей болған ер Толтай,
Найзасын толғап, көтеріп,
Жеке-жеке- жеке деп,
Батырға батыр тете деп,
Желігіп келе бергенде,
Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Ер Семетей бек сайды,
Жеңдім құлды деп сайды.
Есі шығып келген құл,
Талай қорлық көрген құл,
Бір сайғанда қисайып,
Ерден арты қылтайып,
Тау құлаған немедей,
Жәдігердің ер Толтай,
Сұрқояннан құлады,
Үрлеп қойған шанаштай,
Үнге келмей сұлады.

*Сол кезде екі шора жарысып келіп,
Толтайдың Сұрқоян атына қызығып,*

сауға сұрайды. Семетей: «Бір атқа екеуің таласып қалдыңдар, ат көрмеген немедей? Енді мынаны қайсыңа берем? Әділдігі болсын, біріңнен-біріңді бөлгенім жарамас. Сұрқоянның шылбырын орталарыңа тастайын, кімнің қолы бұрын жетіп алса, соныкі болсын!» – деп, шылбырды көкке лақтырады. Сонда лашындай Күлшора ырғып барып, бірінші іліп алып: «О, ағам атты маған берді!» – деп, қуанып айқай салады. Ал қара ниет Қанишора өзінен-өзі өкпелеп: «Мен бұл олжадан құр қалдым!

*Күлшора күлік алды ғой,
Қаншора құры қалды ғой,
Антқорсыған ағакем,
Сұрқоянның тізгінін,
Күлшораның жолына,*

Бұра тастап салды ғой! – деп, жаман ойлайды. Оны байқаған Семетей: «Қанишора, мұның ұят болады! Сендерге әлі тұлпар табылады, бұл Күлшора бес-он күн мінгеннен кейін, құмары тарқаған соң, осы Сұрқоян тұлпарды өзіңе бере салады әлі!» – деп, екеуін жарастырып, елдестіріп, ағалық сөзін айтады. «Ал енді жаудың белі сынды ғой, жауласқандар тынды ғой, жеңгелеріңнің тойына дайындалыңдар!» – деп, сөзді түйіндейді.



Семетейдің аттанысы

Бір күні Кең – Қолда алаңсыз ұйқтап жатқан Семетей түс көріп, бір көргенін үш көріп, шошып оянады. Түсінде кең дүниесі тар болып, жер астында жатқан атасы Манасты көреді, «Уағдасыз Қоңыр!» – деген кейісті үнін естиді. Алмамбет, Шуақ, Сырғақ, Әнжиянның айыр сақал Сынжыбек батырларды, қалың қазақ абасы, хан Манастың бажасы Ер Көкшені, Ер Үрбіні,

қаза болған шораларды көреді. Семетей ойланып: «Аруақтар аян беріп тұр – ау! Ерлерді қырған Қоңырбайдан кегімді алуым керек екен!» – деп, дауылпазды ұрғызып, Күлшора мен Қанишора, Бақай мен Сары ханды шақырады. Олар ордаға асып-сасып келгенде, Семетей:

*Сүлеймен сұрақ қылмаған,
Ескендір ізін салмаған,*

Манастан басқа бармаған,
Бейжіннің бетін ашпақпын.
Қара қытай төресі,
Қоңырбайдан Манастың
Құнын алып қайтпақпын!
Қармасарым хан Қоңыр,
Қырамын деп қырғызды,
Даярланып жатыр деп,
Керуендерден естідім,
Алдын алып көрмекпін,
Елдің қанын шашқызбай,
Жердің бетін басқызбай,
Алысып жүріп өлмекпін,
Алақандай қырғыздың,
Айтқанына көнбекпін!
Кектеніп Қоңыр келгендей,
Қырғызға кеткен дауы жоқ,
Қоңырдан қорлық көрмеген,
Бұл қырғыздың сауы жоқ,
Осы кезде қырғыздың,
Манжудан қиын жауы жоқ!

Қамданып жатқан Қоңырбайды үйде күткенше, үстінен басып, аруақтардың кегін алуға бел будым!» – дейді. Абекесі Бақай ақ сақалын жайқалтып, арыдан сөз қозғайды: «Жүрем дегенге жол да көп, қазулы жатқан ор да көп, асуы қиын бел де көп, аңдысып жатқан ел де көп. Жылың жылқы, жиырма беске келіп, толысып тұрған шағың. Бірақ, жаңа ғана үй болдың, тыныштық тауып, биылша қоя тұрғаның жөн. Келесі жылы аттанғаның дұрыс!

Бейжінді алған Қоңырбай,
Ойланбай кірер жау емес,
Қасиетті шоң Бейжін,
Қағыспай өтер тау емес.
Қартайғанша мен Бақай,
Талай ғажап көргенмін,
Қытай сынды қиынды,
Қылымнан мүлде көрмедім.
Құмырсақдай сан жетпес,
Қуаты көп ел осы,
Қаһарына алғанда,

Қаптап кетер сел осы.
Берекелі шоң Бейжін,
Нұр төгілген жер осы.
Қар жатпаған қара тау,
Шай алушы кен осы.
Беттегеннен қайтпаған,
Белі бекем ел осы!
Жыл есебін алайық,
Жыл оңдылап барайық,
Күн есебін алайық,
Күн оңдылап барайық!
Қақаншының халқы бар,
Қанша түрлі алпы бар,
Қатылысқан адамның,
Қанын ішкен салты бар! – дейді.

Бірақ, Семетей өз айтқанынан қайтпай, жорыққа аттануға бұйрық береді. Қанишора мен Күлшора ат-әбзелін, жау-жарағын дайындайды. Ертеңіне жиырма бес жастағы жалындаған Семетей аттанғалы тұрғанда, жанына Айшөрек келеді.

Адамнан басқа дауысы,
Таңғы бұлбұл үніндей,
Толқынды ұзын қара шаш,
Үлпілдеп үкі жүніндей.
Ақырын басып саудырап,
Екі көзі жаудырап,
Табаны жерге тапылдап,
Көмекейі қақылдап,
Шолпандай көзі жарқылдап,
Ақ тамағы былқылдап,
Айдай беті жарқылдап,
Аяқтай алтын сырғасы,
Құлағында шарқылдап,
Ару жүзін мұңайтып,
Семетейдің алдына,
Тұра қалды мұны айтып:
– Айналайын жан төрем,
Қағылайын хан төрем!
Биыл барма қазатқа,
Басыңды салма азапқа!
Түнде жатып түс көрдім,

Түсімде сұмдық іс көрдім.
Қанжығадан бас көрдім,
Қан сияқты жас көрдім.
Қол торсықтан ас көрдім.
Сары өзен бойлап сел жүрді,
Аяғы өрде өрт болып,
Ақ жапырақ шалынды.
Ол немене болады?
Бұл түсімді жорышы!
Сен жорықтан қайтқанда,
Ер шырағы екі көз,
Жұмылыңқы көрінді,
Темір киген тұла бой,
Сөлбірейіп көрінді.
Ер қаруы екі қол,
Салбыраңқы көрінді.
Бұл немене болады?
Алшандаған Тайбуырыл,
Жетеленіп қалыпты,
Үстіңдегі Ақолпоқ,
Бөктеріліп қалыпты,
Алтын құлақ Ақкелте,
Өңгеріліп қалыпты.
Ол немене болады?
Айналып көктен көрінді,
Алатаудың жорысы,
Айналайын жан төрем,
Бұл түсімді жорышы!»

Сонда Семетей: «Тізгінімнен алып неге сонша есірдің?» – деп, ашуланып:

Сары өзен бойлап сел жүрсе,
Аяғы өрде өрт күйсе,
Ақ жапырақ шалдықса,
Жылқы оттап тұрғаны.
Қоңырбайдың сан жылқы,
Сандатып шалып тұрғаным,
Біле бергін Қоңырдың,
Алдыма құлдық қылғанын,
Оның несін айтасың!
Ер шырағы екі көз,
Жұмылыңқы көрінсе,
Күндіз – түні жау сайып,
Ұйқым келіп тұрғаны.

Мұның несін айтасың!
Темір киген тұла бой,
Сөлбірейіп көрінсе,
Аттан түспей айқасып,
Аяғым талып тұрғаны!
Ер қаруы екі қол,
Салбыраңқы көрінсе,
Күні-түні жау сайып,
Қолым талып тұрғаны,
Оның несін айтасың!
Алшандаған Тайбуырыл,
Қосақта жүрсе түсінде,
Қоңырбайдың Алғара,
Атын мініп тұрғаным.
Үстімдегі Ақолпоқ,
Бөктеріліп көрінсе,
Қоңырбайдың Қылғара,
Мұны киіп тұрғаным!
Алтын құлақ Ақкелте,
Өңгеріліп көрінсе,
Қоңырбайдың ошағар,
Оны асынып тұрғаным.
Оның несін айтасың!
Аспаннан ұшып көрінсе,
Алатаудың жорысы,
Менен өлген дұшпанға,
Тура болар қонысы.
Оның несін айтасың!
Батырлардың алдынан,
Түлкі шықса қылаңдап,
Олжа болар деуші еді,
Қатын шықса бұлғандап,
Бөгет болар деуші еді.
Жолыма тура тұрмағын,
Жолыма кесір қылмағын!»

Осыны айтып Семетей,
Толғамалы бүлдірсін,
Толғай-толғай үйірді,
Асылып тұрған Шөректі,
Аямай тартып жіберді.
Қамшыны тартып алғанша,
Қара жерге бүк түсті,

Қардай болған етіне,
Қап – қара болып жік түсті.
Табаны жерге тимеген,
Маңдайы күнге күймеген,
Ақыл менен есептен,
Әріпті сөзді сөйлеген,
Ахунның қызы Айшөрек,
Естен танып састырды.
«Бөгет қылған қатындар,
Дәп осындай болар» – деп,
Қисаймай батыр бастырды.

Есін жинап Айшөрек,
Арланып өле жаздады.
Таңдайында мөрі бар,
Тілінде қара сүйел бар,
Қарғысы қата кетпеген,
Қансырап тұрған Айшөрек,
Жаман ырым бастады.
Ашуменен төресін,
Алды-артына қарамай,
Аямай қарғап тастады:
«Кеткеніңнен келмей қал,
Керуен үйің көрмей қал!
Барғаныңнан келмей қал,
Базар үйің көрмей қал!
Ошағар тисін өзіңе,
От шағылсын көзіңе!
Қоңырбай жарсын өтіңді,
Мұраділ ойсын көзіңді!»

Айшөрек бұлай дегенде,
Қаныкей тұрып кеп айтат:
«Ой, Айшөрек, – деп айтат.
Бұл қарғысың жөн емес,
Адам ұғар сөз емес,
Ерден жеген таяқты,
Жалғыз қатын сен емес!
Қарғысың қата кетпеген,
Хан Ахунның қызысың,
Семетейден айрылсаң,
Нақ байғұстың өзісің!
Таңдайында мөрің бар,
Тілінде қара сүйел бар,
Ебі келсе, Айшөрек,
Қарғысыңды қайтып ал!
Қазір қылған қарғысты,
Кешіктірмей қайырып ал!
Келген жұрттан көшкен жоқ,
Келін атың өшкен жоқ,
Қарғыс деген бола ма,
Қарғысшыл қатын оңа ма?
Қойлы қатын құйрық жер,
Байлы қатын таяқ жер!»

Мұндай сөзді естіген Айшөрек ашумен қылған ісіне өкініп, жылап жіберіп, қара тасқа түкіреді. Қара тас ортасынан қақ жарылады. Қайыра түкіргенде, қара тастан қап-қара ыс, түтін шығады. Қарап тұрған халайық: «Қарғыс жанып кетті!» – деседі...



Сиқырлы қарауылдар

Семетей жорыққа келе жатқанда Қырымның ұлы Мұраділ Қызыл қияда қарауыл қарап тұр екен. Қасында қырық жігіті бар, күші бойына сыймай қайнап жүрген кезі. Бір күзетшісі бір топ жанды көріп, анықтап барып қарап, асып-сасып

Мұраділге келіп айтады: «Буруттар келіп қалды, қамданып ерте бір іс қыл. Алты ай шапса арымайтын он төрт тұлпары бар екен. Байқап қарасам, Семетей нағыз дәудің өзі екен. Мұны енді жайбарақат кезінде жайғап тастау керек!»

*Мұраділ қылышын әрлі-берлі сілтеп
ойнап, мұрнынан түтін бұрқырап, аузынан
жалын шырқырап, алыстан байқап қарап:*

*Атасына тартқан қанқорға
Алысқанмен күш жетпес,
Алысып қалсақ оқыстан,*

*Аламыз ба, көз жетпес, – деп, бір ғажап
айланы бастайды. Бұл өзі жайшы, сиқыршы
екен. Қолындағы жай тасын әрлі-берлі
ойнатып, ойға кетеді.*

*Ал осы кезде Семетейдің ойында
ештеңе жоқ, нардай болған Буырылды
тұнық судан суарып, абасы Бақайға әңгіме
айтып тұрады. «Бұл жарықтық Ыстықкөл
жердің кереметі екен! Біздің қырғыздың
жайнап тұратын жері осы ғой! Елігі еркін
сулап, бұғы-маралы қаптаған, үйрек, шөрек,
қазы қаңқылдап жатқан, күнгейінде мың
бұлақ, теріскейінде мың бұлақ сылдырап
ағып жатқан, бұлбұлдары сайрап, балығы
ойнап, жолбарысы жайлап жатқан
Ыстықкөл бағымыз деп ойлаймын, абаке!»
Сөйтіп әңгімелесіп тұрғанда, қас қарайып,
түн болады. Сол кезде Мұраділ жай тасын
суға салады, күн жайлайды, жер-көкті
тұман басып, бұлт төніп, ай-жұлдыздың
бәрі жабылып, жәудырықтай бұршақ
жауады. Мұраділ:*

*«Кетіріп тұрып айласын
Қырайын жанның талайын,
Осы келген бурутқа,
Бір қызықты салайын.
Ажыратып атынан
Әлсіретіп алайын.»
Жай тасты көлге ұрады,
Дуасын оқып тұрады.
Қара суды ұйытып,
Қайта қолын сұнады.
Тұрынардың тұнық көл,
Одан бетер тұнады.
Жайлап қарап тұрғанша,
Айтып аузын жиғанша,
Тұрынардың тұнық көл,*

*Бұрқырап самал ұрады.
Көгеріп бұлт көрініп
Көнектеп құйған немедей
Көгілдір жаңбыр төгіліп,
Оның арғы жағынан
Қап-қара бұлт көрініп,
Қалпақтай болған аппақ қар,
Кәдімгідей төгіліп.
Оның арғы жағынан
Орғыған бұлт көрінді,
Бөксеменен зуылдап
Көк қасқа бұршақ төгілді.
Көгеріп тұрған аспаның
Бұзылғандай көрінді.
Қартайған таулар шыдамай,
Сығылғандай көрінді.
Қарағай, тоғай шайқалып,
Жығылғандай көрінді.*

*Кең дүние тарылып, белуардан қар
болып, даланы мұз қаптап кетеді. Он төрт
будан шыдамай, әрең тұрғанда Қаниора
мен Күлшора Буырыл мен Көкиолақты
үңгірге кіргізіп байлайды. Басқа аттарды
жер тепсін деп ағытып қоя береді. Аңдып
тұрған Мұраділ аттың бәрін айдап
алып, басқан ізін жауып, күбірлеп қайта
жайлайды. Не керек, адамның басын
көтертпей аяз, суық түсіп, жағалары мұз
болып, айналаның бәрі сыз болып, адамдар
әбден бейнет көреді. Алты күн бойына
күн бұзылып тұрады. Содан кейін Мұраділ
енді жұмысы бітті деп, жай тасын судан
алғанда, күн жарқырып ашылады. Үңгірден
шыққан Бақай: «Мұндайды да көрдік-ау!» –
деп қиналады.*

*«Көкжалың Манас барында,
Сапарды Бақай білетін.
Үш бала емес, қиқулап
Сан қолды бастап жүретін.
Қабыланның барында
Тілімді Манас алатын,
Қырық шораның барлығы
Қиқулап айқай салғанда*

Қирап жатып қалатын!
Тұлпар едім, жол басып
Арып қалған екенмін.
Тұйғынымнан айырылып
Тірі десе, санда жоқ
Өлі десе, жерде жоқ
Қарып қалған екенмін!
Тұйғыным Манас өлмей қал,
Ұзақ жасап хан Бақай,
Уайым тартып қалмай қал,
Бұл секілді қорлықты
Пендесіне бермей қал!
Түгенгір алмай тілімді,
Түгескен екен күнімді,
Төре Манас көк жалдың
Жоқтығы бүгін білінді!
Артық бас болып қалыппын
Балдарым алмай тілімді!
Екі атқа төртеу мінгесіп
Қалмаққа қайтіп барамын?
Белімді қайтіп буамын?
Беренсіген қалшадан,
Құнымды қайтіп қуамын?
Манжу менен қырғыздың
Арасы жақын жол емес,
Алмай қойып тілімді
Арыстандай болған шұнақтар,
Жаяу қалсаң, оң емес!
Жеті айшылық алыс жол
Жеткенге оңай жол емес,
Жетімдер ұқпай сөзімді
Бұл қылғаның оң емес.
Маңдай жағың Бақбұршын,
Бастырып шалғын шаларда,
Қырғын салып Қоңырға,
Қырандар өшін аларда,
Қанатымнан қайырылдым,
Қара қылып отырған
Будандардан айырылдым!
Шалғынды қайтіп шаламыз?
Күліктерден айырылып,
Қоңырға қайтіп барамыз?
Қоңырбай емес, Мұраділ

Санатта жоқ іс қылды,
Жаздың ыстық шілдесін
Ақ қар, көк мұз, қыс қылды.
Аттың бәрін Мұраділ
Алып кеткен емес пе?
Қараң күнді біз үшін
*Салып кеткен емес пе? Жорықта өстіп
сорлап қалсақ, бізге кезіккен дұшпан білгенін
қылмай ма?» – деп, Бақай ақсақал уайымға
батады. Бірақ, Семетей:*
Айналайын, абаке,
Аттарды дұшпан алды деп
Ауылыма қайтіп барамын?
Өлмей тірі бар болсам
Қақанды өзім шабамын.
Әр тұлпарға мың тұлпар
Сабап тұрып аламын.
Жатқан жерден шығармай
Мұраділдей ұрыны
Қамап тұрып аламын.
Кешіріп қой күнәсін,
Тентегің екі баланың.
Қырымның ұлы жайшы құл,
Атымды алып кетті деп
Шегінсем құдай ұрмай ма?
Бүгін алса тұлпарды,
Ертеңінде Мұраділ,
Алдыма құлдық қылмай ма?! – дейді.
*«Ал, мен енді аттанамын! Абаке, сіз осы
жерде қалыңыз, мен бір айда келіп қалармын.
Бұлардың сазайын беремін! Қасабадай
Қоңырдың басын өзіңе әкеп беремін!» –
деп, Семетей аттанбақ болады. Бақай:
«Қой, шоралар қалсын мұнда, сені жалғыз
жібермеймін, сенің жаныңда боламын.
Жиырма бес күнде қайтып келеміз!» – деп,
екі шораны қалдырып, екеуі жүріп кетеді.*
*Үш күн, үш түн жүргеннен кейін Бақай:
– Айналайын, Семетей, Қоңырбайға
жеткенше мұның қанша қарауылы бар!
Қырық құлаш сиқырлы қызыл түлкісі бар,
оны сыртынан бағып жүрген Мұраділдей
шері бар, сиқырлап қойған жері бар! Тағы*

бір қарауылы Аққұлжа, одан кейін Қу үйрек жатқан көлі бар, мұның бәрін көндіріп жатқан Қоңырбайдың кебі бар! Амалын тауып, құлжасын атып алайық, қу түлкісі мен қу үйрегін Қоңырбайға хабар жеткізбей тұрғанда көзін жояйық! – дейді.

Бірінші қу түлкіні көздеп, Құмайықты жетелеп алға жүреді. «Құмайық көргенін алмай қоймайтын, бөріні құтқармайтын, аюдан, жолбарыстан беті қайтпайтын, бірақ, осы күні мен сияқты қартайды. Енді қу түлкіні алар ма екен, қу түлкі құтылып кетіп Қоңырбайға хабарлап барар ма екен, сөйтіп мына ісіміздің бәрі бүлініп қалар ма екен? Тәуекел!» – деп, Бақай алға тартады. Белге шыққаннан кейін дауылпазды қағып-қағып жібергенде, қырық құлаш түлкі тұра қашады. Құмайық артынан тұра қуады. Бес адырды басқанда жақындап-ақ қалады, бұлар Манастап ұран салып, қуанып, айғайлап тұрады. Қутыңдаған қу түлкі Жеті бұлақ, Жергеталға қарай беттеп, жеті айнала қашады, Құмайық қалмай қуып келеді. Қу түлкі құтылып кетер ме екен деп, хан Бақай тау-тастың, ой-таудың бәрінен атына қамшыны басып: «Айтақ, айтақ, айтақ!» – деп, Құмайықты қайрап, айқайды салып өтеді.

«Қырыс боп, еркін шырқамай,
Сені құдай ұрды ма?
Қылықты бабың біле алмай
Мені құдай ұрды ма?
Төрем көкжал өлгенде
Түйе қайтарған мен едім,
Қабырғаң қатып қисайып
Ұлып қалған сен едің!
Көзімнің жасын көрмесең,
Түлкіні тістеп бермесең
Тоқпақтап басың жарамын,
Тірі қалмай мен Бақай
Өзімді құрбан шаламын!»
Осылай деп ер Бақай,
Қайғырып жасын төккенде,

Құтылардай қу түлкі
Қақпа тасқа жеткенде,
Арқасынан Құмайық
Адасқансып кеткенде,
Заудан қара зымырап,
Түлкі тарта бергенде,
Қапталынан Құмайық
Қайта шыға келгенде,
Әне-міне дегенше
Ашып көзді жұмғанша,
Жарық тасқа қу түлкі
Кіре қашар кезінде,
Алты арқан бойы жартасты,
Аптап қойды Құмайық,
Ырсандаған түлкіні
Таптап қойды Құмайық,
Белін бүктеп басына
Қаптап қойды Құмайық!

Семетей мен Бақай қуанып, бұл түлкі жай түлкі емес деп мәз болады.

«Енді қарауылда тұрған Аққұлжаның көзін жояйық» – деп, екеуі дүрбімен көз салып қараса, Аққұлжа қара тасқа жанасып жатыр екен. Оны көрген бетте Семетей Ақкелте мылтығын дайындап, көздеі бермек болғанда, Бақай: «Тоқта, балам Семетей! Құлжаның сырын білмейсің ғой, мен атайын!» – дейді. Еркін өскен Семетей:

Сақалың құдай болғанда,
Тісің бидай болғанда,
Әр қашанда бір қашан
Жолыма тура тұрасың,
Жолыма кесір қыласың,
Майда-шүйде жұмысқа
Бүйтіп қолың сұғасың.
Қызартпа екі көзіңді,
Армансыз көздеп атамын,

Ұқпаймын, аба сөзіңді! – деп көздеп, басып салады. Аққұлжа түк болмағандай орнынан атып тұрып, заулап қаша жөнеледі. Ашуланған Бақай айқайлап, Семетейдің қолынан мылтықты жұлып алып, қос оқты қатар салады.

Айналайын, Ақкелте

Ата алмасам маған серт.

Ажалдай болған Құлжаға

Тимей қалсаң саған серт! – деп, бұлдыраған көзінен жасы ағып, көздегенше Аққұлжа алты белден асып кетеді. Жетінші белге жете берген уақытта қария Бақай тартып жібереді, сонда Аққұлжа айналып барып, жалп ете түседі. Қуанған Бақай: «Ал балам, күндік жол қалды, Үйректөлге барамыз. Күміс құйрық, жез қанат, жібек түбіт, ұшқыр Қу үйректі Ақсұңқар аман болса құтқармайды. Оны ұстап аламыз, содан кейін қалмаққа қиғылықты саламыз!» – деп көлге келеді. «Ал балам, сұңқарды маған бер, мен келістіріп өзім салайын, айтпесе, жаңылыс болса, Қу үйрек бізге жеткізбей кетеді!» – дейді. Бірақ, Семетей тағы көнбейді. Батыр адам Ақсұңқардың томағасын сыпырып, Ақкелтені гүрс еткізіп атып, дауылпазын қағып, аруақтарын шақырып тұрған кезде, көлден көп үйрек ұшады. Қу үйрек жекеннен басы көрініп, жау екенін біліп, сұңгіп, насыбай атым уақыт жоқ боп кетеді. Бір кезде кереметті Қу үйрек оқтай атылып, көкке ұшады.

Семетей тұлпарын бұра тартып, тез жетсін деп, бар күшімен сұңқарды сілтей лақтырады. Ақсұңқар қанатын жазып үлгермей, жерге соғылып, дірілдеп, екі көзі жұмылып жатып қалады. Жез қанатты Қу үйрек ұзап кетеді.

«Оңбаған шұнақ, оңбадың,
Мен салам десең болмадың!
Сұм Қу үйрек Қоңырға
Шырқырап ұшып барады,
Хабар біліп, қам қылып,
Бейпайды бізге салады!
Семетей менен бұл Бақай,
Бейітсіз өліп қалады.
Жан қазандай қос басты
Жаңжуңдар кесіп алады!
Айналайын, Ақсұңқар

Осылай өлер сен бе едің,

Керегіме жаратпай

Кейіске қалар мен бе едім? – деп Бақай зарланып тұрғанда, Ақсұңқар қалтырап, қайта тіріледі. Сілкініп, есін жиганда: «Айналайын, Ақсұңқар, қашқан үйректі білмей қалдың-ау!» – дегенде, Ақсұңқар сергіп, күмістей қанатын қағып, шырқап көкке ұшады.

Ашуланған Ақсұңқар
Қусырылып шуылдап,
Дауыл жүрген немедей
Тау, тоғайлар дуылдап.
Қалқандай болған қанаты,
Сермелгені білінбей,
Ақ бұлттың үстінен,
Атылып сұңқар зулайды.
Қақандардың Қу үйрек,
Қайыра қағып қанатын,
Қақпасы темір ордаға,
Кіріп кете жаздапты.
Жетер-жетпес Ақсұңқар
Қаһарланып алыпты,
Шақылдап үнді салыпты,
Сасқанынан қу үйрек
Шайқалақтап қалыпты.
Жанталасып, шарқ етіп
Енді түсе берерде,
Айналайын, Ақсұңқар
Қайра серпіп алыпты.
Қанатын сүйреп Қу үйрек
Барқылдап үнді салады,
Темір тегеурін Ақсұңқар
Алқымнан мықтап алады.
Ала қанат шіркіннің
Басынан мытып салады.
Көтеріп алып үйректі
Көкелеп шықты күркіреп,
Көріп тұрған жәндіктің,
Біткен бойы дүркіреп,
Еңістеп ұшып қалғанда
Зілмауыр тастай діркіреп.
Абаң Бақай қария,

Немене болып шығар деп,
Көзінің жасын көлдетіп,
Отырғанда күркілдеп,
Осы кезде Ақсұңқар
Қу қанатты үйректі
Көтеріп келіп қонады.
Семетей мен Бақайдың
Дүниесі түгел болады!

Енді құдай берді деп
Есірген дұшпан келді деп,
Айналайын, Ақсұңқар,
Арам жауды жеңді деп.
Бақай менен Семетей
Жауын жеңген немедей,
Көңілдері толады.
Осы жерге қонады.
Талай жерді арытқан
Талай елді жарытқан,
Көпті білген ер Бақай

Ұққан екен ғайыптан:
«Жез қанатты үйректің
Етін жеген өлмейді,
Осы дүние біткенше
Арғы жайды көрмейді!»
Соны еске алып, жайқалып,
Қасиеті байқалып,
Ақсұңқарға шоқытты
Ардағым деп шайқалып.
Тазалап алып үйрегін,
Өкпесі менен бүйрегін,
Құмайыққа жегізді.
Артта қалған екеуге
Екі кесіп ет қойды.
Екі кесім етінен
Қаныкей мен Айшөрек
Татып алсын деп қойды.
Семетей мен ер Бақай,
Қарқылдасып күлісіп,
Қалған етті жеп қойды!



Қарағұлдың айласы

Семетей Бақайды қалдырып, жол қарап шығып, үлкен теректің жанында тұрған кезінде хан Қоңырбай жылқысын аралап, қосқа келеді. Қия Ертістің бойында қаптап жатқан жылқысын қарап, түгендеп, жылқышы Қарағұлға тапсырып: «Мен жердің жүзін шарладым. Мына Семетей менің қабырғама қадалған оқтай болып тұр. Бұл атасының құны үшін бір келмей қоймайды. Онымен жеке шығып соғысатын менен басқа тең батыр жоқ. Енді мен де қартайып келемін, Алғара атым да арып қалды. Жау келсе маған хабар беріңдер. Жылқыны жақсылап бағыңдар. Мен ордама кетемін. Алғара кішкене ет алсын. Көп мінілді зой. Жануарымды жылқыға

қалдырып кетейін! Семетей келсе, оған дайындығым бар. Оның қанын төгемін!» – деп, Қоңырбай басқа атты мініп, жүріп кетеді. Дәу қанжасына от тұтатып, тартқанда, аузынан шыққан көк түтін тұмандай болып созылып қалады.

Семетей алыстан қарап, көріп тұрады. Бір кезде жылқышылардың басшысы Қарағұл керіліп, қол аяғын созып жатқанда, от жағып жүрген бала қалғып кетіп, түс көреді. Ояна салып, Қарағұлға келіп түсін айтады. «Қызыл буырыл ат мінген бір жас жігіт келіп, Қоңырбайдың жылқысын түгел айдап алып кетті. Жолында жолыққанның барлығын жайлап кетті!» – дейді. Сонан Қарағұлдың жүрегі солқ ете қалса да: «Бұл

түсіңді екінші рет айтпа!» – деп, сабайды да: «Ал енді айтшы!» – деп кекетіп, мұқайды. «Жалған емес, шыным!» деп, бала тағы қақсайды. Қарағұл ашуланып, баланың басын шілдей қылып жұлып тастайды.

Мұны көріп Семетей
Қиғылықты бастады.
Дөкейсіген дәулерді
Түгел қырып тастады.
Қаһарланған Семетей
Айғай шуын тимады
Мініп алып төсіне,
Қарағұлды қинады.
Басына қаптап шапанын,
Жұлып-жұлып тастады
Қарағұлдың сақалын!

Қарағұл сонда зар жылап, сайрап қоя берді: «Сен Семетей емессің бе?

Семетей болсаң, арманым жоқ. Аман-есен көрдім-ау! Е-е, мен Манастың елімін. Қарағұл деген мен боламын. Манас барда ешкімнен кем емес едім. Ол өлген соң, сендер Бұқарға кеткенде, өлмес күнім үшін қалмақты паналадым. Қаныкей мен Шиырды аман келді ма? Жерді құртқан Жақып жалмауыз шал өлді ме?» деп жылап: «Айналайын Семетей, мені құтқаратын кезің келді!» – деп, мойнынан құшақтап алады. Семетей оған сеніп: «Ұят болды-ау! Ағамның сақалын жұлып тастадым! Енді осы айыбым үшін сізді бағайын, Бақай абама қосып сізді де аба қылып алайын! Ал енді, аба, Қоңырбайдың Алғарасын ұстап беріңіз маған. Тайбуырылым шалдығып қалды.

Алғараны мінейін,
Тұлпарлығын білейін.
Айрықша будан жылқыны,
Майданға мініп кірейін
Бетіме келген манжуды

Бейжіңге дейін сүрейін! – дейді. Қарағұл: «Бұл Алғара еті қызғанға дейін шаба қоймайды. Оның сырын айтайын саған. Бұл үш күннен кейін қызады. Сонда,

қырық күншілік жолға шапса шаршамайды. Көкте ұшып жүргендей болады!» деп, әбден арыған, өзі қартайған үлкен бір қара атты мінгізеді. Аңқау батырды өстіп алдап, Тайбуырылды көп жылқыға қосып жібереді. Семетей дауылпазды ұрып, Ақкелте мылтығын дүркіретіп атып, ұранды салып, жылқыны қуып айдай жөнеледі. Сөйтсе, айлакер Қарағұл нағыз Алғараны өзі мініп, құрығы қолында, арам ойын ойлап келе жатады. Жылқыны айдап, күтіп тұрған Бақайға жақындап, суға кіре бергенде Қарағұл Семетейді құрықпен төбесінен тартып жібереді: «Мен сендей баланың талайын алдағанмын! Енді қақанишыға барамын да, хабар беремін!» – деп, Алғараны орғытып, құйындатып тартып отырады. Семетей суға батып қала береді. Ертістің суы мол, ағыны қатты. Күркірен ағып жатқан су неше батыр болса да қарай ма, Семетейді ағызып ала жөнеледі. Астындағы әлгі кәрі аттың әлі келмей, суға амалы болмай, бір батып, бір шығып жүргенде, анадай алыстан Тайбуырылы көріп қалып, кісінеп келіп Семетейге құйрығын тосады. Семетей Тайбуырылға қарғып мініп, Қарағұлдың артынан қуады.

Қарағұлды састырып,
Қуып жетіп соңынан,
Алғараны ырғытпай,
Құйрығынан бек қармап,
Құтқармаспын деп қармап,
Құйрығын орап оң қолға
Тоқтатпақшы болғанда,
Алғараның аяғы
Арқардай болып бүгілді.
Жібектей болға құйрығы
Түбінен бері жұлынды.
Сақалы жоқ, құйрықсыз
Барып хабар бергін деп,
Қумастан Семен бұрылды.
«Түк есіңнен шығармай,
Мықтап ұққын мұнымды.

Көргенінді Қоңырға
Түгел бәрін айтып бер.
Көк қиядан күтемін

Өзің бастап қайтып кел!» – деп,
қайтадан жылқыны айдап жүре береді.
Бақайға келген кезде, Күлшора мен
Қанишора да жеткен екен. Айдап келген
жылқыны қарап жүргенде, бағанағы
Қырымның ұлы Мұрәділ жолда кездесіп
қалады. «Құдай берді!» – деп, қаһарланған
Семетей Тайбуырылмен тұра аттанып,
Мұрәділді бас қылып, қарауылдарды түгел
қырып тастайды. Жылқынын бәрін айдап,
Көкмойнаққа келгеннен кейін көңілдері
көтеріліп, ту байталды сойып, қол-аяғын
созып, батырлар жылқыларын өзенге салып,
ереуіл болып жатып қалады.

Ал Қарағұл сол қашқаннан тоқтамастан
Қоңырбайдың алдына барады. Қарағұлдың
сақалы жоқ, Алғараның құйрығы жоқ!
Шолтиып екеуі келіп тұр. Ашуланған
Қоңырбай қалың қолға хабар салып:
«Ерлердің құнын алуға Семетей келіп қалған
екен, аттанайық!» – дейді.

Семетейге алдырсам,

Осы тұрған Қоңырды
Көке тәңір ұрмай ма?
Көзім тірі тұрғанда
Көбелектей жетімнің
Көрінемін көзіне.
Батырлар, құлақ салыңдар,
Ерсініп келген жетімге
Тамашаны салайық,
Талпақтай сабап алайық.
Тайбуырылды бас қылып
Буруттардың буданын,
Олжа қылып алайық.
Неше жолы бурутты
Шауып жүрген қол осы,
Буруттарға бүлікті
Салып жүрген қол осы,
Қыңсылатып қатынын
Алып жүрген қол осы.
Атандым бурут артынан,
Қалқылдаған қалың қол
Келе берсін артымнан! – деп, *Қоңырбай*
Алғараға алтыннан сым тартып, құйрық
салдырады. Жайсаңдарын алдырып, найзалары
жалтылдап, сауыт-сайман жарқылдап,
Семетейдің артынан барқылдап жөнеледі.



Батырдың жарасы

- Қаһары қатты Қоңырбай
Қалап күттім келмеді,
Қайратын толық көрсетіп,
Арпалысып көрмеді.
Батыр болса өлтіріп,
Не қолымнан өлмеді.
Сарыала қалың жылқыдан
Үмітін үзіп қалған ғой.
Қорқытып айтып Қарағұл
Қоңырдың есін алған ғой.
Қамы келмей Қоңырбай

Қамығып жатып қалған ғой.
Қаңғайдың қалың жылқысын,
Түн жамылып, жасырын,
Ұрлағансып кетпейін.
Батырлығы шын болса
Қумай қоймас Қоңырбай.
Күтпегенім жөн болмас
Жорығы жоқ батырдай.
Тоспай қалай кетейін?
Ерлікпенен алыспай.
Елге барып нетейін!

Көк – Қиядан өткенде
Көк – Өзенге жеткенде,
Үш күн жатып сол жерде,
Еру болып алайын.
Өңмендеген шоң манжу,
Арманы жоқ алыссын,
Тұлпарларды зырғытып,
Найзаларды сырғытып,
Жекпе – жек шайқас қылайын!» – деп,
Семетей батыр Күлшораға: «Абаңмен ары қарай жүре беріңдер, мен осы жерде күтемін!» – дейді. Ол кеткен соң, Семетей өзінен-өзі күңіреніп, ой мен тауды дүңгірлетіп келе жатады.

Адамнан басқа жаралған,
Алыптық пен ақылы,
Ай Жаңжунға таралған.
Қажымас батыр Қоңырбай
Жолын тосып Семеннің,
Аңдып жатып алыпты.
Желбегей бейқам Семене,
Жіті көзін салыпты.
Семетейді көргенде,
Арман қылып өзінше,
Күңіреніп алыпты:
«Манастан қалған жетімді
Тобықтай бала деп жүрсем,
Таудай батыр екен ғой!
Тоқсан мың адам келсе де,
Толғап басын жұлмай ма?
Атасы Манас батырдан
Алты есе мықты көрінген,
Айбатынан ажалдың
Ызғарлы лебі сезілген.
Осындай бала бермеген
Көке теңір – бұрхандар,
Маған сараң не деген!
Айкөлдей болған Семетей,
Менің ұлым болса ғой,
Айдап жүрген көп жылқы
Атаңа нәлет көр дүние
Менің құным болса ғой!
Қолымнан келсе шұнақты,

Тірі қармап алсам ба?
Берендерге тең қылып,
Манжулардың еліне
Алаңсыз қосып салсам ба?
Осыдан туған баланы,
Жалпақ жұртым Манжуға,
Хан көтеріп алсам ба?
Жалбағай ауыз, жар қабак,
Адамда мұндай бола ма?
Батырды батыр деместен
Кеміткен адам оңа ма?
Әлемге топан су келсе
Әлсіреген көп елді,
Көтеріп алар кеме ғой!
Жазық маңдай, жалын көз,
Қара қылды қақ жарған
Әділ болар неме ғой!
Көпіріп тұрған шұнаққа
Көңіл айтсам болмайды – ау!
Көрініп қойсам көзіне,
Көз ашқанша сомдайды-ау! – деп,
Қоңырбай Алатаудай жонданып, аш жолбарыстай қамданып, ошағар мылтығына от қойып, Семетейдің сауытсыз ашық төсіне: «Өлер тұсы деп, өлгенің, балам, осы!» деп, гүрс еткізіп атып жібереді. Семетейдің көзінен көк жалын төгіліп, кеудеден қос қабырға сөгіліп, Тайбуырылдың жалын құшып, жатып қалады. Кеудесінен көнектеп қан ағып жатқанда, Тайбуырыл Семетейді ала қашады. Ошағар мылтықтың дауысы ұзап кеткен Күлшораға естіледі. «Ай, Қоңырбай келіп қалды-ау! Абамды жайратып салмаса, не қылсын!» – деп, Сарыала атын қамшылап, көзінің жасы тамшылап, қырға шығып қараса, Тайбуырыл қашып келе жатыр екен. Алгараны қамшылап, найзасын жалақтатып, қанқұмар Қоңырбай манжулап ұран салып, Семетейді бір жола өлтірмек болып, қуып келе жатыр екен. Күлшора қаһарланып, «Манас, Манас, Манас!» деп ұран салып, қарсы ұмтылады.

Қоңырбай мен Күлшора бір-біріне қарсы ағып келіп, екеуі аянбай найза салысып, найзалары сынып, айбалтамен шабысып, одан ат үстінде алысып, жагадан алып, жұлқысып жатқан кезде, Қоңырбай: «Мынау адам емес, шер екен, баладан өлсем, қалмақтар қандай дер екен?» – деп, алды-артына қарамай, Алғараны қамшылап, қаша жөнеледі. «Өлтірмей қоймаймын!» – деп, Күлшора артынан қуады. Қуғанмен амал не, мұның астындағы аты қартайып қалған кезі екен, Алғара жеткізбей ұзай береді. Сол кезде Күлшора: «Қой, мен Қоңырбайды қуып жүргенде, абамның жағдайы қалай болар екен?» – деп, бұрылып, Семетейге келеді. Келсе, Семетей есінен танып жатыр. Бақай мен Қанишора айласын таба алмай, қайғырып тұр. Күлшора одан сайын күйініп: «Қоңырбайды жаралы қылдым, бірақ жетпей қалдым!» – деп, Семетейге бұрылып қараса:

Тиген жері арадай,
Оқ жатқан шері шарадай.

Көрініп тұр жүрегі
Солып жатқан баладай.

«Атаңа нәлет дүние,
Ішіне қаны тола ма?

Қан ішіне толған соң
Абакем адам бола ма?

Абаке, Бақай мақұл де,
Буырылды қазір мінейін,

Қашып кеткен Қоңырға
Лашындай тиейін.

Ағамның жаны шыққанша,
Жалмауыздай Қоңырды,
Садаға қалып келейін!» – дейді Күлшора.

Бақай: «Мына Семетей ағаңды қайтіп тастап кетесің? Қоңырбай сенен қашқаны-оны аруақтар басты. Оның да кезі келер.

Семетейдің жарасы

Өлтіре қояр жара емес.

Бұл жарадан өлген жан

Манастан туған бала емес!

Айналайын, Күлшора,

Атқара тұрған ісің бар,
Бүйтіп жатқан ағаңа,
Көрсете тұрған күшің бар.
Бар сырымды айтайын
Сыймай тұр ғой ішіме
Оқ қалыпты көрдің бе?
Аралап барып ішінде.
Сен аттанғын Таласқа
Көрінбей еш бір кісіге.
Қырғыздың ескі ырымын,
Қылайық та түсіне.
Жақсы кісі деуші еді,
Мындай істің ақылын,
Табар кісі деуші еді.
Атасы Ахун әулие
Ұлық кісі деуші еді.
Айшөрек өзі данышпан
Тұнық кісі деуші еді.
Жазықты іске бармаған
Жұпардай кісі деуші еді.
Еркекке көңіл бұрмаған.
Ұмайдай кісі деуші еді.
Алып келгін Шөректі,
Оқ аттатып алайық,
Аттаған оғы түспесе
Шөректі бауыздап салайық!
Айла кетсе, пышақтап,
Токтаған оғын алайық! – деп, Күлшораға
Сұрқоянды мінгізіп, Таласқа аттандырып салады.

*Алтайдың тауынан Таласқа
Алмамбеттің Күлшора ақ бұлттың
астымен, қарайған жердің үстімен үш
күн, үш түн жол жүріп жетеді. Қасиетті
Шөрек түсінде қансыраған Семетейді
нешке көріп, болған істің бәрін сезіп, біліп
отыр екен. «Шер төрем өліп кетіп, келін
атым өшіп, қаражолтай атанғаниша, одан
бұрын өзім өлейін!» – деп, күйініп отырған
кезінде Күлшора кіріп келіп, Айшөрекке:
«Арыстандай болған абама оқ тиді!*

Айналайын, жеңеше,

Ошағардың үлкен оқ,

Абамнан шықпай тоқталды.
Қанша дәрмен қылсақ та,
Түсірер айла жоқ болды.
Жасынан жолдан азбаған,
Жамандық іске баспаған,
Өз ерінен басқаға,
Етегін қайырып ашпаған,
Таза ұрғашы аттаса,
Оқ жарадан түседі.
Оқ түскесін, өлім жоқ.
Кәдімгідей бітеді.
Көпті көрген ер Бақай
Тазалыққа шығарды
Айшөрек жеңге өзінді.
Абам Бақай жіберді,

Ұқтың ба, жеңге, сөзімді?! – деген
кезде, көзінің жасы төгілген Айшөрек бұл
сөздің мәнін ұғып: «Артымнан өзің келерсің.
Тілекті құдай берсін!» – деп:

Тан сарғайып атқанда,
Таразы жұлдыз батқанда,
Аққудың кебін киініп,
Қанатын жайып қалқылдап,
Құйрығын жайып жарқылдап,
Аспанменен зыпылдап,
Айшөрек ұшты шыпылдап.
Ай қанаты жарқылдап,
Аспанменен сызғанда,
Айдың жүзі тұтылып,
Күннің көзі бұзылып,
Ай жарығы түн болып,
Ашылмаған күн болып,
Қанатының дуынан,

*Тау-тоғайлар шу болып, Бақай абасына
ұшып жетеді. Қария Бақай орнынан ұшып
тұрып:*

Балам жақсы келді деп,
Ұзақ жаса құлыным,
Тілекті құдай берді деп.
Бүлк-бүлк етіп жүрегі,
Ахунның артық Шөрегі,
Айыр өркеш түйе айтып,
Айтұяқтан бие айтып,

Әлде қанша мал айтып,
Бір құдайға зар айтып,
Піл бастаған нар айтып,
Аямай малды көп айтып,
Ақсарбасқа қой айтып,
Батасын алып Бақайдың,
Айшөрек оқты аттады.
Аттаса оғы түспеді,
Екінші рет аттады,
Онда да оғы түспеді.
Қаншора менен Күлшора,
Аттаған оғы түспеген,
Жазалы деп Шөректі,
Шықырлады тістері.
Сай сүйегі сырқырап,
Айшөрек жылап бұрқырап:
-Айналайын, сырттаным,
Іздеп келіп сұңқарың,
Шоң Үргеніштің бойында
Төртүлдің кенен ойында,
Перінің қызы Шөректі,
Өрттей шалған жерің бар,
Жалыныңа шыдамай
Еріп кеткен жерім бар.
Бұдан басқа шегім жоқ
Шек қылып айтар кебім жоқ.
Жалған жерден сұм дүние,
Жүзім қара болмай ма?
Арам деп ойлап төремнің,
Ішіне қайғы толмай ма?
Бақыты жоқ бейбақты
Тірідей қылмай шерменде,
Қара жер қазір сормай ма?
Ай әлемді қыдырып,
Өзіңді іздеп жүргенде
Көрініп қалдым әр жерге,
Кезігіп қалдым көп елге.
Бұдан басқа өзімде
Еш жазығым жоқ еді.
Ақ етекпен түспеген
Арманға біткен мына бір,
Әлде қандай оқ еді!!!»
Деп осылай Айшөрек,

Еңіреп жылап, солқылдап,
«Шерменде болмай өлем» деп,
Кеуденің бәрі болқылдап.
Семетейдің үстінен
Ақырын аттап жылжыды,
Аяқтай болған қорғасын
Ер Семеннің ішінен,
Құлатқан тастай ырғыды!
Қытайдың қырма дәрісін,
Қырып алып сарысын,
Қайнатпа қара дәрісін
Қайнатып алған сарысын,
Ала қойып Күлшора,
Бірін ішке себісіп,
Бірін сыртқа жағысып,
Неше түрлі дәріні,

Семетейге берісіп.
Ту биелерді сойдырып,
Қазысын үйіп қойдырып,
Семетейді қазыға,

*Ұзынынан жатқызып, баптап тамақ
татқызып, қираған қабырғасын орнына
қондырып, қабыландай батырды баладай
мәпелеп күтеді. Алған жылқыларын айдап,
көңілдерін жайлап, туган елге жетіп,
барлық жұртқа тойында таудай ет береді.
Көп жылқыдан ешкімді құр қалдырмай, әр
түтінге таратып, қалың жұртты қарық
қылады. Сөйтіп кең Таластың бойында,
қадірлі Бақай мен Сары ханы қасында,
Манастың ұлы Семетей есін жиып,
тынығады.*



Қоңырбайдың Таласқа шабуылы

*Қырғыздарға өштескен Қоңырбай
Таласқа шабуыл жасауға бел байлайды.
Аямай алтынын шашып, жетпіс мың найза
жасатып, ұшын уға суғарады. Тоқсан күн
шапса майрылмайтын жетпіс мың алмас
қылыш, жетпіс мың шойынбас шоқпар,
жетпіс мың садақ дайындаттырады.
Мылтықтың оғын құйдырып, кеудесі
кекке толы Қоңырбай: «Бұл өрттей болған
бурутты мен бір жола тындырайын!» деп,
соғысқа әбден қамданады. Зәңгілеріне:*

Қайратымның барында,
Күшім толық шағымда,
Қаншама жыл талқандап,
Буруттарды айдадым,
Ақырында Манасын

Қан жұтқызып жайладым! – дейді.
«Енді өздерің көріп тұрсыңдар, Манастың
ұлы Семетей біздің жерімізге келіп,
дұшпандығын көрсетті. Қолынан келсе
қиратайын деп жүр. Бұлардың ұмытқанын

*есіне салып, аямай көрсетейін!» – деп, қалың
қолын дайындайды. Әскер басшылары
Қоңырбайды қолдап, барлығы аттанып,
туларын желбіретіп, ошағармылтықтарын
оқтап, найзаларын жарқыратып, пілге
жүгін артып, неше түрлі малдарын азық
болады деп алып, көрінгеннің барлығын
тамақ қылып жеп алып, қаптаған селдей
болып, Таласқа келеді. Алдына барлау
жіберіп, бәріне қамданып келген Қоңырбай
түн ішінде Таласқа келіп, тоқтап қараса, бір
адам көрінбейді. Сонда Қоңырбай әскеріне
бұйрық қылып:*

Қарқ еткен қарға болған жоқ
Қапыда басып қалыңдар!
Манастың жалғыз жетімін
Үйінен байлап алыңдар!
Жолығып қалған кісіні
Жол бойына жарыңдар!
Хабарсыз жатқан буруттың,
Түгін қоймай талаңдар!

Желкілдеген сұлудан

Бестен, оннан алыңдар! – дейді.

«Жансыздардың айтуына қарағанда, Күлшора батыр Семетейге ренжіп кетіп қалған сияқты. Ал оның жанынан Күлшора кетсе, әлсірегені. Сондықтан жаққан отын өшіріп, түндігін жерге түсіріп, сапырайық бурутты!» – дейді.

Түн жарымда қаннен қаперсіз жатқан орданы жан-жағынан қамалап, қоршап алады. Кең -Қолда жатқан қырық шораның да ешқандай хабары жоқ. Тайбуырыл ат жайлауда жүр. Сыртқа бір адамды шығармай, ішке ешкімді кіргізбей құрсаған қалың қолдың дауысы жер жарып, қаптаған қара селдей болады. Мылтықтың дауысын естіп, қамсыз жатқан Семетей Ақолпоқты киініп, Ақкелтесін оқтап, Сырнаизасын таянып, толғанады:

Ажал айдап қол салып

Кектескен жауым келгенде,

Тілегім құдай бергенде,

Тайбуырылға жете алмай,

Боламын ба шерменде?

Қикырып жүрген қырық шора,

Қинауға түсіп қалған ба

Кесапатты зор қалдай,

Барлығын қырып салған ба?

Қайран ағам хан Бақай

Көресіні көрген бе?

Ренжіп кеткен Күлшора

Шоң Қоңырдан өлген бе?

Қоршап алған қара қытай, көп манжу ордаға аттап кіре алмай, Семетейдің не істеп жатқанын біле алмай, ошағармен сарайды дүркіретіп атады. Сонда алыстағы Бақай абасына мылтықтың дауысы жеткен екен. «Бір пәле болып қалды-ау! Ал, балалар, мылтықтың дауысы шықты! Семетейдің ордасына жау шапты! Қоңырбай келіп қалды-ау!» – деп, қырық шораға хабар беріп, аттан салады. Алайда Күлшора Бақайға:

«Ай, абеке, сырымды айттым өзіңе!

Шөрекпен жақын екен деп,

Шашыкей айтқан сөзіне,

Сеніп қалып көкжалың,

Тіл тигізді өзіме.

Қиын болса Қоңырбай,

Жеке шықсын өзіне.

Ел көзіне Айшөрек

Жеңгем болып көрінер,

Шынын айтсам өзіме,

Енем болып көрінді.

Ақ жерімнен, абеке,

Араласып өсекке,

Шын қабырғам сөгілді! – дейді. Бақай Күлшораға: «Ақылсыз болма, балам, сенің абаң Семетейдің ерлігі бар да, есі жоқ. Ол Шашыкейдің күншілдікпен шығарған өсегіне сеніп, саған қиянат жасады. Бірақ, айналайын Күлшора, ойлан! Абаңның басына қатер төніп, Қоңырбай қанжар салайын деп тұрғанда, ол сені Күлшорам қашан келеді деп күтіп тұр! Сенің абаңа ара түсетін кезің осы!» – дейді. Сол кезде Күлшора жарқылдап күліп жіберіп, Сырнаизасын алып, ер Бақайға бастатып, шоралардың барлығын жинап, ұрандатып аттанады. Тайбуырылды қосаққа алып, қоршап жатқан манжудың ортасын ойып, қасқырдай тиіп, құмырсқадай көп жауды бұзып-жарып, ордаға жетеді. Айласы құрып тұрған Семетей әкесі келгендей Күлшораны құшақтап, өз қылығынан ұялып: «Айналайын Күлшорам, Шашыкейдің өсегіне сеніп, азғырған тіліне еріп, мен ақымақ болыппын!

Айналайын Күлісім,

Алтын жаның барында,

Жанымның жарық күнісің.

Қамап жатқан қалдайдың,

Зәресін алып қорқытқан,

Кәдімгі Манас үнісің! – дейді. Сөйтіп батырлар бас қосып:

Батыр Семен басында,
Бала жолбарыс қасында,
Атойлап ұран салысты,
Айғайлаған манжуға,
Аянбай кіріп қағысты.
Қара қытай қалың жау,
Манастап ұран шыққанда,
Семетей даусын ұққанда,
Шаң аспанға созылып,
Тұс-тұстан қолдар қосылып.
Зеңбірек атып, топ қойып,
Жазайылға от қойып,
Қаптаған қалың қолменен,
Қалқан киген ерменен,
Үйіре жүрген селменен,
Ту түбінде тұрысып,
Тұлпарменен ұрысып,
Шоқпарменен шабысып,
Шоқыдан қанды ағызып,
Айбалтаменен салысып,
Сабы қолда қалысып,
Қылышпенен шабысып,
Жарақ қолдан кеткенде
Жағасынан алысып,
Аттан құлап қалысып,
Аяқтан орай шалысып,
Шалқасынан салысып,
Айрылмаған бас қалмай
Қара қытай, қырғыздар
Қырылысты ес қалмай.
Бір-бірінен жасқанбай,
Болат найза тығады.
Аузынан қанын ағызып,
Найзаға ілген адамды,
Тебетейдей ырғытып,
Ортасында батырлар
Қалың жауды дырғытып,
Бадана киген ояндар
Басын кесіп тулатып,
Кей батырлар кіргенде
Қара қытай әскері
Көке темір бұрқандап,

Қашып жүрген онда көп.
Қайтіп аман қалам деп
Сасып жүрген мында көп.
Найза тимей өзінше
Құлағандар одан көп,
Өлген болып оқыста
Сұлағандар мұнан көп.
Оңба, Қоңыр, оңба деп
Пышақтасқан одан көп.
Қандай заман болар деп,
Құшақтасқан мұнан көп.

*Қырғын соғыс болып, Таластың
үсті шаң болып, даланың бәрі қан болып,
қырғын майданда қырғыздардың қара
қытай, манжуға деген кегі қозғалып,
аянбай шайқасады. Қоңырбай қорланып,
жан шыдатпас Шабалай деген батырына:
«Шақшаңдаған бурутты ойрандап жібер!»
– деп бұйырады. Керік мінген Шабалай
батыр: «Мадықанның құнын аламын,
бұлардың бәріне қырғын саламын!» деп,
майданға кіріп ақырады. «Ал, батыр
болсаңдар келіңдер жекпе-жекке!» – деп,
Семетейді шақырып, қырғыздарға заман
ақырды саламын деп, шоқпарменен жер
сабап, шаңды бұрқыратып тұрады.*

Түрі жаннан басқаша,
Көрден шыға қалғандай.
Көрген адам таңқалар
Көмірден аршып алғандай.
Қабағы биік өңі саз.
Ерімеген қара тас.
Көздері ашқан ұрадай
Көрген пенде жоламай,
Қан төгіскен майданда,
Саркылмас күші толағай.
Астыңғы ерні албайып,
Үстіңгі ерні далбайып,
Ауызы үңгір қорғандай,
Үп дегенін сорғандай.
Садақ, қылыш жарағын,
Асып алған бойына,

Жеңілем деген қорқыныш
Түсер емес ойына.
Семетей, қырғыз келгін деп,
Шоқпарын алып қолына
Таудай болып теңселіп,
Тосып тұрды жолында.
Шабалайдай шоң батыр
Жеті қарыс қазандай
Жезден қылған қанжасы.
Қоржын көзі темекі
Қанжасына ұрады.
Қорқыратып Шабалай,
Қанжасын тартып тұрады.

*Түтінін бұрқыратып, майданда тұрған
бұған ешкім батып шықпайды.*

Түрі жаман Шабалай,
Адамнан туған бала емес.
Алдына түсіп жалынса,
Аяп қояр жан емес.
Қалмақтан туған бала емес.
Қылымға сияр жан емес.
Пері ме екен, жын ба екен

*Адам түрлі піл ме екен? – деп шошынады
жұрт. Сөйтіп тұрғанда ер Бақай қария:
«Бұл Шабалай найзаласқан батырды
найзаға іліп кететін, күреске шыққан
балуанды жерге таптап өтетін, ұстасып
қалған батырдың қолын үзіп алатын!
Мұны жеңудің бір-ақ жолы бар. Кәне,
мылтықтарыңды кезеп тұра қалыңдар
да, гүрсілдетіп атыңдар! Ал, Семетей
сен әзір аттанба, өйткені Қоңырбай әлі
қозғалмай тұр. Сондықтан күшті арт
жаққа сақтаңдар! Жаудың салмағын біліп
алайық, балаларым! Шапқылап шашылмай,
айналайындар, тыңдаңдар сөзімді!» – дейді.*

*Мергендер тұра қалып, Ақкелте
бастаған көп мылтықпен гүрс еткізіп атып
салғанда, жұртты шошытқан Шабалай
батыр керігімен қоса ұшып түседі. Алып
батыры өлгеннен кейін қара қытай, көп
манжу не қыларын білмей есі шығады.*

*Қоңырбай: «Қой, енді мен өзім кірмесем
болмас. Қанға тоймас қара жер мені тілеп
тұр ма екен?» деп, қалған әскерін жинап, қол
басындай алтын нұтқа сыйынып, аттанып
шығады.*

Жекелеп Қоңыр шапқанда
Семетей шықты бет болып.
Қармасқан жаулар қалтырап,
Қарап қалды тек болып.
Жер сілкінген немедей
Қиқырған үндер күркіреп,
Қарап тұрған жандардың,
Біткен бойы дүркіреп.
Тайбуырыл мен Алғара,
Бір-біріне беттесіп,
Ұшып жүрді діркіреп.
Қайраты жоқ талайы
Қашып жүрді зіркіреп.
Есепте жоқ екі дәу
Найзаменен сайысты,
Найзалары тайысты.
Қалқанымен қағысты,
Айбалтамен шабысты.
Қалқандардың бетіне,
Кәдімгідей жалындар,
Тұтанып барып қалысты.
Батырлардың басынан
Бұрқырап көкшіл бу шықты.
Тұлпарлардың етінен,
Бұлақтап қара су шықты.
Қарап тұрған елдерден,
Жер қозғалған шу шықты.

Семетей мен Қоңырбай
Бірін-бірі ала алмай,
Қылышпенен салысты.
Бір-біріне тең екеу,
Берер емес намысты!
Бұдан айла таба алмай,
Алқымынан алысып,
Арлы-берлі барысып,
Қол тиген жерін бұлқысып,

Қаһарланып жұлқысып,
Үзеңгісін тебісіп,
Ұстаса кетіп ырғасып,
Аттардың белі бүгілді.
Қарап тұрған қалың жұрт
Жандарынан түңілді.
Жұлқысқан жері қан болып,
Жер бұзылған шаң болып,
Қандай айла болар деп
Адамның басы даң болып.
Тайбуырыл мен Алғара,
Олар да айла іздейді.
Тартысып тұрған кезінде,
Бірін-бірі тістейді,
Бірін-бірі тебеді.
Ерегесіп келеді.
Осы кезде ер Қоңыр,
Асқар таудай Семенді,
Алқымынан алады.
Артқа тартып қалады.
Айласы кетіп Семетей
Артқы қасқа барады.
Қарап тұрған көп қырғыз,
Шыдай алмай өкіріп,
Шұрқырасып қалады.
Буруттың күні бітті деп,
Қарап тұрған қалың жау,
Қуанып айғай салады.
Осы кезде Қоңырбай
Үстінен басып Семенді,
Мытып-мытып алады.
Қарап тұрған адамға
Қайрылмастан Семетей
Қиямет кетіп барады.
Осы кезде Семетей
Жер көтерген немедей,
Әне-міне дегенше
Ашып көзді жұмғанша,
Жас шыбықтай толғанып,
Жас жолбарыстай жонданып,
Қоңырдың қолын қайырып,
Қолтыққа ұрып жіберді.

Манастың ұлы Семетей
Оңалып мініп алыпты,
Алатаудай қалшаны
Ашып көзді жұмғанша,
Жағаға қолды салыпты,
Кеңірдектен алыпты.
Дем ала алмай Қоңырбай
Аузын ашып қалыпты.
Қарап тұрған көп қырғыз
«А, құдайлап» шұрқырап,
Төңіректен алыпты.

Осы кезде Қоңырбай
Ептеп қолдан босанып,
Топырақтай бозарып,
Аузынан қаны тамшылап,
Алғараны қамшылап,
Шыдай алмай қашыпты.
Ашынып алған Семетей,
Ақ жолбарыс шапқан немедей,
Атырылып, кектеніп,
Манастап ұран салыпты.
Алғараны ұзатпай
Айқасып-ақ қалыпты.
Таудай болған Қоңырды
Тау құлатқан немедей,
Алғараның үстінен
Ажыратып алыпты.
Хан Қоңырбай өтті деп,
Халықтың кегі бітті деп,
Басын кесіп ырғытып,
Қара қанын жылжытып,
Бұра тартты Семетей,
Тайбуырылды шұлғытып!

Қалшасынан айрылған қара қалмақ қайғырып, қанаттары қайырылып, қол құсырады. Алақандай аз қырғыз: «Жауды анық жеңдік. Ақыры теңдік тиді бізге!» – деп, елдің есебін алып, ерліктерін мадақтап, Семетейдің жасаған ерлігін жыршылары жыр қылып, көңілдері жайланып, жеңісін тойлайды.



Қаншора мен Қияз

Қаншора мен Шашыкей сыбырласып, сырласып, Семетейге қастық ойлай бастайды. Санасы бұзық Шашыкей өсек-аяңға үйірлеу екен және Семетейді Айшөректен қызғанып, «мені жақсы көрмейді» – деп, өшігеді. Қаншора болса қара көңіл екен: «Қабыландай Күлшораға тең болмай қалдым, оны менен артық көреді!» – деп, бұл да Семетейге кектенеді. Екеуінің жүрегі қара тас болып, кеңесіп: «Семетей мен Күлшораның көзін жойып, атын өшірейік, өзіміз хандық құрайық!» – деп ұйғарады.

Сол уақытта ағайын елдің арасында қателіктен бір қақтығыс болып, Ер Көкшенің ұлы Үмбетей қапыда қаза табады. Сонда Қаншора Семетейді: «Тайбуырыл тұлпарды ағайынға айыпқа бергеніңіз жөн болады!» – деп үгіттейді. Шораның тіліне еріп, Семетей жан серік атын ердің құнына беріп жібереді. Батыр сенімді тұлпары Тайбуырылдан айырылғанда, Қаншора мен Шашыкей мақсаттарына жеткендей қуанады.

Жаз шығып, жер жайнаған уақытта Қаншора Күлшораға: «Жүр, таудан киік атайық, тамашаға батайық!» – деп, екеуі жайлауға шығып кетеді. Жайлауға шықса керемет! Жер жайқалып, шөбі пісіп, бабына келіп тұр екен. Қаншора айтады: «Елге барып, хабар салайық, Сусамырды жайлайық. Су-суға бие байлайық. Міне, осы жерде мал семіртіп, жаз бойы рахатын көріп, ел демалсын. Жайласын осы жерді!» деп, елге келіп, хабар салады. «Ала белді айналып, жер көріп келдік. Жер керемет,

жақсы болып қалыпты. Сусамырға барып қоныңдар. Ала белді асыңдар, Сусамырды кешіп, суды бойлап қоныңдар. Сол жерде қызық көріңдер!» дейді. Қалың ел жайлауға көшеді де, Таласта, Семетейдің жанында үлкендерден Сары ханы бар, он шақты шора гана қалады.

Енді қара ниет Қаншора ары қарай өзінің айласын, арам ойын жалғастырады. Сары ханға келіп айтады:

Семетей батыр болғалы,
Аруақ басқа қонғалы,
Қоңырбайды алғалы,
Ешкімде арман қалмады.
Шынқожа мен Толтайдың
Алтын туын жыққалы,
Бұрынғыдай жау келіп,
Қарсымызға шықпады.
Оқыстан дұшпан келмесін,
Қорлықты мықтап бермесін.
Аулақтап, шетке барайын,
Он күн жолды шалайын.
Тәшкенге дүрбі салайын,
Даланың бәрін қарайын.
Әнжиянға бет алып,
Оның бәрін қарайын.
Қоқанға дүрбі салайын,
Тұздың қара тауынан
Тұс-тұстан бәрін қарайын.
Жақын бар ма, жат бар ма?
Жол-жобасын байқайын.
Ел аралап, жер көріп,
Тамаша қылып келейін.
Көргенімнің барлығын,
Айналайын Сары аба,
Толықтап айтып келейін! –

дейді. Сары хан: «Барып, елдің бәрін шолып келгенің дұрыс!» – дейді. Семетей де мақұл көріп, бәрі келіскеннен кейін, Қанишора Күлшораға келеді.

Айналайын Күлістен,
Атыңның жемі күріштен,
Мың жылқыға тұрғандай
Ер тоқымың күмістен.
Сен Күлшора болғалы,
Серпіскенің оңбады.
Кәне мүйізің шыққаны?
Кәне саған жұққаны?
Осы жасқа келгенше,
Мені кісі демедің,
Сұрқоянды бермедің!
Қашан болса қылжақтап,
Қорқақсың деп тергедің.
Осы жасқа келгенше,
Тайбурылды мінбедім.
Талай заман өтіпті
Не Сұрқоян сырын білмедім.
Осы жолы, батырым,
Сұрқоянды берсеңші!
Тұлпарлығын білейін.
Талай-талай таулар бар,
Арқыраған сулар бар,
Бәрін өтіп келейін.
Көргенімнің барлығын,
Көбіңе айтып берейін.
Бұл тілекті атқарсаң,
Айналайын Күлісім,
Андай-мұндай демейін! – дейді. Ақкөңіл

Күлшора:

Медеті едің елімнің,
Таянышы едің белімнің,
Шегесі едің жерімнің.
Қазығы едің халқымның,
Намысы едің атымның,
Сұрағаның осы ма?!
Мініп жолға сала ғой,
Білгеніңдей бола ғой.
Атысқанда мергенім,
Тілегін құдай бергенім.

Күрескенде балуаным,
Қатар өскен заңғарым.
Аттың несін аяйын?
Қайтіп күшін аяйын?

Ала қойғын, ардағым! – деп, атын береді. Оның бәрін көріп тұрған Семетей мен Сары хан, Бақай хан – бәрі батырлардың жарасымына қуанып қалады. Жау, жарағын сайланып, Қанишора аттанып кетеді. Әулие – Ата, Меркені өтіп, ертеңіне Наманганды бетке алып, одан өтіп Әнжиянға қаратып дүрбісін салады. Жан-жағына қарап тұрғанда, күркіретіп мылтық атылып, қалың қолымен жәдігердің батыры Қияз келеді. Қанишора оны көріп қуанып қалады. Бұл Қияздың әкесі Бағыш та, ағасы Толтай да Семетеймен соғысып қаза болған. Қанишора екеуі бұрын да кездесіп, уәделесіп жүр екен. Аттан түсіп, көріскеннен кейін, Қанишора сөзді бастайды.

Өзіңе қанша хат бердім,
Арыстансың ба, нарсың ба?
Айтқан сөзде барсың ба?
Сөз алысып, сөз берген,
Екеуміздің антымыз,
Кәдімгідей қалсын ба?
Не болмаса, хан Қияз,
Намысы жоқ опасыз,
Екі жүзді жансың ба?
Хан Толтайды өлтірген
Қанқорға енді кез келді.
Қағылайын, хан Қияз,
Айтысқан антты бұзбасаң,

Енді бізге кез келді, – деп, Қанишора аузына құдайды алып, сөзді бастап, осы анттан тайғанды ұрсын деп, қылыштың жүзін тістесіп, тағы да анттасады. «Ал енді, он бес күнде даяр бол, елдің бәрі көшіп кетті. Ордада он шақты шора ғана бар. Семетей Тайбуырылдан айырылып, өзі мұқап отырған кезі. Он бес күнде мен Таласқа барайын, сен есебіңнен жаңылмай он бес күнде келетін бол. Мен оны Манас

атамыздың күмбезіне алдап әкелейін, сол жерде Шынқожа, Толтайдың құны үшін, Қаншораның ары үшін бұл жетіліп тұрған жетімді қабырғадан басадық, қанын судай шашайық!» дейді. Қаншораның тұлғарын Қияз көріп: «Мынау шынымен Сұрқоянның өзі ме? Ағам Толтайдың аты ма? Суырыла шыққан күлік екен ғой! «– деп, қайғырып, толқып қалады. Қаншора аттанып кетеді.

Ол ешбір адамға білінбей, көзге түспей, түнделетіп ұрланып келіп, Шашыкейдің үйіне түседі. Екеуінен басқа кісі жоқ, оңаша құшақтасып жатып, қызықтарға батып, әңгімені айтып, ойларына келгенін жобалайды.

Ертеңінде қаражүрек Қаншора ештеңе білмегендей болып, Семетей, Бақай, Сары ханға келіп: «Уай, бәрін байқап келдім, айнала тыныштық! Қарқ етіп ұшқан қарға жоқ. Бәрі тамаша екен!» дейді.

Әулие – Ата, шоң Тәшкен,
Осының бәрін қарадым.

Әрқайсы жерде мал жатыр,
Жырғап-қунап ел жатыр.
Мизам ұшып, күз болып,
Жер семіріп, түз болып,
Қауын пісіп жай болып,
Жердің бәрі май болып,
Егіннің бәрі пісіпті,
Түрлі-түрлі ағаштың
Жемісі жайнап түсіпті.
Тұқымы бір елдерден
Өштесер саған жау болмас.
Осы биыл жау болса,
Бұл замана сау болмас.
Жайланып жата беріңіз,
Жайлауды көріп келіңіз,
Еркін ойнап, құс салып,
Жырғап қызық көріңіз.
Дәуренің жүріп тұрғанда,
Рахаттанып жүріңіз! – дейді. Елдің барлығы: «Е,құдай берді!» десіп, көңілдері орнына түсіп, тынышталып, риза болып қалады.



Қаншораның қастығы

Қиязбен уағдаласқан күні жеткенде Қаншора Семетей мен Күлшораны: «Манас аатамыздың күмбезіне барайық, ақ боз бие сойып, дұға қылайық, хан Манастың аруағын бір риза қылып қояйық!» деп үгіттейді. Семетей: «Әй, бұларың дұрыс екен, жүріңдер, барайық. Ақ боз биені алыңдар, айтұяққа шалыңдар», – деп, аттанбақшы болады. Сонда Қаныкей: «О, балаларым, тоқтай тұрыңдаршы!» деп сөз бастайды.

Айналайын жалғызым,
Ет-жүрегім солқылдап,
Көзім тартып, болқылдап,
Алып-ұшып жүрегім,
Бір түрлі болып барады.

Тайбуырылдан айырылып,
Қанатың сынған шағында,
Осы бүгін үйіңнен,
Аттап шығар кез емес.
Түнде жатып түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Қанжығадан бас көрдім,
Қол торсықтан жас көрдім.
Таласты бойлай өрт көрдім,
Әулие-Ата көл болды,
Мұны да көзден өткердім.
Алшағай мүйіз ақ серкеш,
Айға қарап маңырап,
Молақ мүйіз көк бұқа,
Ту түбінде көрінді.

Қырық емшекті кер қаншық,
Тоқтамастан қыңсылап,
Шынар терек жығылды.
Қарс еткен үні ұғылды.
Бастан бақыт құс кетіп,
Бопыласам қонбады.
Манастан қалған сыр шыны,
Құйсам, іші толмады
Бұл немене болады?
Тіл алып, ботам, қойсаңшы,
Одан гөрі, құлыным,

Биенді үйде сойсаңшы! – дейді.
Анасының сөзін қайтармай, Семетей «дұрыс екен» деп тоқтамақ болғанда, Қанишора киіп кетіп: «Енеке, ойбай, ене, не дейсің? Қартайғанша қақшаңдап болмайсың, ажал жетсе кімді қорғайсың? Көріп тұрған немедей сөйлейсің, бейітке барып бата қыла алмайтындай бізді құдай ұрып па? Айналайын енеке, қартайып қалған сияқтысың. Біз кәрілерді ылғи тыңдай берсек, онда үйден шықпаймыз ғой мүлдем! Менің бұл сөзімді ұғыңыз!» – деп, болмай тұрып алады.

Шораның бетін қайтара алмай, еш айласын таба алмай Қаныкей күйініп: «Ал балам, олай болса, атаң Манастың бір ырымы бар еді. Тым болмаса осы тілімді алыңдар. Көнектей қара тасы бар, сол төлге тасқа барыңдар. Манас жолға шығарда осы тасқа баратын да, жерден көтеріп алатын. Содан кейін жауға аттанатын. Көтере алмай қалса: «Жолым болмайды екен!» деп, аттанбайтын. Сол тасты барып көтеріп көріңдерші. Көтере алмасаңдар, ешқайда бармай үйде қалыңдар!» – дейді.

Бұл сөзге де тоқтап, Семетей жүргелі тұрғанда, Айшөрек келеді: «Бүгін аттанатын күн емес. Ертең мизам ұшып, күз болғанда, жер семіріп, түз болғанда, ел Таласқа қонғанда жұрттың бәрін жиып, дұға қылайық. Үлкен-кіші демей, хан атамның күмбезіне түгел барып зиярат қылайық. Ал енді қазір енеміздің айтқанына

көнейік!» – дейді. Семетей:

Қаныкей тілін алмастан,
Сенің тілің мен алсам,
Енемнің сағы сынбай ма?
Дұшпандар ұкса, күбірлеп,
Күлісіп, өсек қылмай ма?
Келіншек десем, керілме,
Бәйбіше десем, мақтанба,
Қаныш десем қайқайма,
Өз алдыңа шалқайма.

*Жосыны жоқ сөйлейсің,
Үйінді біл, Айшөрек,
Жолымды қайтіп билейсің? – деп,
ашуланып жөнеп кете береді.*

Семетей жол жүргенде артынан жолбарысы бірге жүріп, айдаһардай ақ жылан да қоса жөнеледі екен. Соның бәрін қасиетті Қаныкей көріп, қуанады екен. Бүгін ештеме көрінбейді. Қаныкей уайымдап қалады.

Ал ер Семетей төлге тасты көруге келіп тоқтайды.

Тас бетінде Манастың
Сұңқарының ізі бар,
Әр жерінде аяқтай
Тұлпарлардың ізі бар.
Екі жағын қараса
Ерлерінің ізі бар.
Алмамбет, Шуақ көкжалдар
Шерлерінің ізі бар.

Тасты көріп тоқтай қалып, аттан түседі де: «Мұны былай алып қоя саламын!» – деп, көтерейін десе, көтере алмай қалады. Аузынан түтіні бұрқырап, көзінен жалын шырқырап, шындап күшін салып, тағы да тартады- орнынан қозғай алмайды. Мұрнынан қаны тамшылап, көзінен жас шығып кеткен Семетей: «Әй, мә, сен алы!» дейді Күлшораға. Ол: «Ой, абеке, саған не болды? Күшің қайда кеткен? Мен қазір оны бір-ақ қолмен ырғыта саламын ғой!» – деп келіп, көнектей қара тасты көтерейін десе, қозғай алмайды. Қара тас жерге жабысып қалғандай! Айран-асыр

болған Семетей: «Қой, балалар, кетейік. Төлгеміз болмай қалды ғой!» – дейді. Сонда Қанишора: «Абеке, қоя тұр, Күлшора көтере алмаса, мен көтеремін!» – деп, қара тасты тақиядай көтеріп алып, қоя салады. «Осы ма сендердің көтере алмаған тастарың? Қаңбақтай қылып көтеріп алдым ғой!» деп, желдей еседі:

Айналайын абеке,
Сен Семетей болғалы,
Серпіскенің оңбады.
Мен Қаншора болғалы,
Күлшорадай көрмедің.
Не бір киіміңді бермедің,
Не Буырылды мінбедім.
Айналайын, абеке,
Осы күнге дейін сен,
Мұндайымды білмедің.
Не Ақолпоғың бермедің,
Аруағымды көрмедің.
Арманым қалды ішімде,
Енді қайтып кетесің?
Кеткенде барып нетесің?
Жүріңдер, батыр, барайық,
Ақ боз биені шалайық,
Мен көтерген қара тас
Төлгенің осы келгені.
Тілеп келген тілекті
Құдайым анық бергені!
Жақсы болды, абеке,
Бұл тасты шораң жеңгені! – дейді.

Семетей: «Ай, барсақ барайық!» деп, Таластың суынан өтіп, күмбезге келеді. Манастың аруағына атап, айтұяққа ақ боз биені шалады. Қырық құлақты қазанға қазы-қартаны салып, Сұрқоянды байлатып, қазанға етті қайнатып, қарап тұрған кезде, бір кезде қазан өзінен-өзі аударылып, төңкеріліп түседі. Мұны көргенде Семетейдің қабырғасы сөгіліп, Күлшораның көзінен жасы төгіледі. «Бұл қандай ырым болды? Аттарды алып келіңдер, аттанып кетейік. Бұл гажаптың шын сырын білейік!», деп қозғалмақ болады. Сол кезде:

Майбұлақтың басынан,
Бақайдың қызыл тасынан,
Ақала желек туменен,
«Бағыш хан» деген шуменен,
Қияздың қолы көрінді.
Көре қойып Күлшора
«Бұл не сұмдық болды?» деп
Қабырғасы сөгілді.
Екі шора, бір төре,
Айғайлаған жау көріп,
Сұрқоянға жүгірді.
Неғыларын біле алмай
Тіршіліктен түңілді!

Сонда Қанишора айтады: «Менің сөзімді тыңдаңдар! Көнектей төлге тасты көтерген мен ғой бүгін. Әкел, осы атты маған беріңдер. Мен бұл жауға барайын да, ойранды салайын! Күшім тасып тұрғанда, Бағыштың ұлы Қиязды найзаға іліп, басын кесіп алайын!

Ажал жетсе, өлейін,
Ақыретін көрейін.
Мен Қаншора болғалы
Қармасқаным оңбады.
Осы жасқа келгенше
Қара тұмсық шораңды
Кісі-місі демейсің
Киіміңді бермейсің.
Не Тайбурылды мінбедім,
Не тартынбай жауға кірмедім.
Не Сұрқоянды бермедің,
Сұндырып найза алмадым.
Менменсінген дәулерге,
Беттесіп жеке бармадым.
Жекеден мерей алмадым.
Осы бүгін абеке,
Жұлдызым маған оң бе екен?
Көтерген тасым шоң екен.
Қиязға жеке шығайын
Көзіңменен көріп тұр
Көтерген туын жығайын! – дейді.

Семетей: «Ай, Қанишора інім, иә, сенің еш жеріңде кемдік жоқ. Бүгін артық белгі саған келді, арманды белгі маған келді!

Жақсы белгі саған келді, жаман белгі маған келді! Ал аттан! Алысқан жауға бар. Біз жаман атты мінейік, жаныңда бірге жүрейік!» – деп, Семетей Қанишораға Сұрқоянды мінгізіп, Сырнайзаны ұстатып, Ақкелтені беріп, аттандырып салады.

Қанишора Қиязға қарай зулатып тартады да, барып көрісіп, құшақтасып, солармен араласып кетеді. Қалың қол «Қияз» деп ұрандап, ақ ала желек ту көтеріп, Семетей мен Күлшораны қоршап алады. Күлшора әлі де үмітін үзбей, өң-түс екенін біле алмай, мойнына құрын салынып, Қанишораға тік қарап: «Айналайын Қанишора, бір туғандай болдық қой! Белді бекем будық, жауды бірге шаптық. Қай жерде көңіліміз суысып, қай жерде көңіл қалдырдық? Бір емшекті бірге емдік, ас-суды бірге іштік. Бізді көрген дұшпан «егіз шора» деуші еді ғой. Тай құнандай тебісіп, бала күннен бірге өскен, күресіп өскен бауыр едік қой! Нағыз батыр батырды осылай алдай ма екен? Айналайын аба, шора, тілімді ал, өкпең болса жойылар.

Кеткенменен Қанишора,
Керіліп еркін жатпайсың.
Семетейдей ағанды,

Қос дүниеден таппайсың.

Қаныкейдің ақ сүтін,

Қанишора, қайтіп ақтайсың!?!–дейді.

Оның айтып тұрғаны, Семетейге ұялас болсын деп, Қанишора мен Күлшораға Қаныкей емшегін емізген екен. Осыны айтып: «Екі шора, бір төре, үшеуіміз бір кісідей едік, жаудан жеңілмейтін күш едік! Біз бірігіп тұрғанда, ешкім беттемеуші еді! Осының бәрі абекемнің ісі ғой. Біз бірге тұрғанда, хан Қияз қайдан кісі болып еді? Діліңді бұзба, тілімді ал, бізден кеткен қателік болса, көңілдің кірін кетіреміз.

Жанадан қайта құралған,

Ел немене болады?

Жанадан қайта иеленген,

Жер немене болады?

Обалын ойла еліңнің,

Орайын ойла жеріңнің.

Өз жұртыңа оқ атып,

Қайсы жаққа елірдің?

Өз еліңе сия алмай,

О Қанишора, құлақ сал

Қандай күшке семірдің!?!» – деп

Күлшора күңіреніп, батырып айтады. Бірақ, арам ниет Қанишора оған құлақ аспай, қолды соғысқа бастайды.



Ғайып

Семетей мен Күлшораны қоршап алған қалың жұрт Қияз бен Қанишорадан қорқып, бұрылып кете алмай, не тура шабуыл жасауға бата алмай шуылдап, қиналып тұрады.

Арқамыз еді Семетей
Қағысты қайтып саламыз?
Қара қытай, манжу жоқ,
Қараң қалған жетімнің
Қайтіп басын аламыз?! – десіп,

білгендері білмегендеріне өткен тарихты айтып, күбірлесіп тұрады.

«Бұның атасы Манас көкжал ер еді. Қырғыздар тас талқан болып қуылып кеткенде, Алтайға барып туылып, он екі жасында атқа мініп, дұшпанға ойран салып, Қытайға кеткен қырғызды құтқарып алған иер еді ғой. Азған-тозған елдің басын құрап, бүкіл елге ата болған. Енді сол арыстанның тұқымына, бүкіл қырғызға қорған болған

батырға біз қайтіп қол көтереміз? Бір заманда қара қытай, манжулар бытшыт қылып, жан-жаққа шашып, біріңді Алтайға, біріңді Қанғайға айдап, қуғанда, мұның атасы:

Манас Манас болғанда,
Таласқа келіп қонғанда,
Ақолпоқ тонын кигенде
Алшайып атын мінгенде.
Жетісудай қайран жер,
Манас келіп жер қылды.
Ажыратып дұшпаннан
Айкөл Манас ел қылды.
Енді Манастың ұлы көкжалға,
Бастырып қайтіп кіреміз?
Бастағы кеткен көкжалдың,
Тұзына қайтіп сиеміз?
Ұятың бар ма, қырғыз жұрт?
Бұның ұлына қайтіп кіреміз?
Елге қорған қамқорға

Қай бетпенен тиеміз?» – деп күңіреніп: «Соғысты қояйық!» деп қайысады. Сөйтіп, қалың жәдігер бата алмай тұрғанда, оларды бастап келген Қияз Қаншораға: «Біз осы Манастың жалғыз ұлына тиіспей, ауылға аман қайтсақ қайтеді? Абакелеп алдына барып, Тауторы атты тарту қылып, татулассақ қайтеді? Жетіөзенді жайлаған азғантай жәдігер едік, осы қанқор батырдан қорқып бізге тіпті қызылбастың өзі тиіспеген. Тыныш жатқан ел едік. Бұның түріне қарасам аждаһаның түрі бар, алты мың ердің сүрі бар. Жолбарыстай батыр, мұндай адам сирек туады. Бұл айбаты артық шер екен! Мен Қияз болғалы мұндай ерді көрген емеспін. Орда толған қырғызға Опал таудай шеп екен! Сондықтан біз соғыспаймыз, алыспаймыз! Ағасына өкпелеп, інісі жау болмайды. Туғанға батырлық қылған оңбайды. Қаншора құрдас, сен тілімді ал! Қырғыз бен қырғыз соғысып, қай мұратқа жетеміз? Бәріміз бір халықпыз.

Одан да сыйласып, дос болып, жақын болып кетейік. Басқа жақтан жау келсе, қырғыз жұрты бірігіп қырғын салайық. Ал енді қазір Манастың ұлы көкжалға Тауторы атты тарту қылып, аба деп сәлем беріп, осы арыстаннан аман-есен қайтайық!» – дейді. Сол кезде Қаншора адырандап, қиқырығы тас жарып, қырып жібере жаздайды.

Атаңның көрі ер Қияз
Ыңылдай бердің сен Қияз!
Бұл сөзіңді кім ұқсын?
Бір қараңғы түн ұқсын!
Батыр Қияз деп жүрсем,
Қатын Қияз екенсің,
Ерен Қияз деп жүрсем,
Сасатын Қияз екенсің,
Өзіңнен-өзің ентігіп,
Қашатын Қияз екенсің!
Жеті қоныс жеріңді
Бел екен деп отырсам,
Жерге кірген жәдігер,
Ел екен деп отырсам,
Уағдаға темірдей
Көк екен деп отырсам,
Дардаңдаған ер Қияз
Сені хан екен деп отырсам,
Бет алған жауға тырыспай,
Былшылдасып ұрыспай
Бек ақылдан саса ма?
Бек атын тартып қаша ма?
Бек болмай қара жерге кір!

Жеті қара көрге кір! – деп ұрсып, сөгеді. «Сен қазір Семетейге Тауторыны тарту қылсаң, «бұл қорыққанынан берді, жәдігерлер қатыннан төмен зой,» – деп сені табанына салмай ма? Тобықтай басыңды жұтпай ма? Бір күні өзіңді құрбандыққа шалмай ма? Сен өйтетін болсаң, мен өзім қазір сені шабамын. Міне, жәдігердің батырлары, ер Қияз, ер Қадырбай бәрің тұрсың. Ал мен қазір қайтадан бастап Семетейге татуласуға барамын. Содан кейін сендер қашатын

болсаңдар, құйқаңды тілемін. Тобыңа тозақ салып, тоқтатпай жұртыңды қырамын. Қазір Күлшорамен қосылып, еліңді қырып, жеріңді топан қыламын. Жан керек болса, айтқаныма көнесің. Уағдадан тайғанды ант пен аруақ ұрады, ал антты бұзған қорқақты және құдай ұрады!» – дейді. Сонда Қияз бұдан тағы қорқып: «О, айналайын, Қанишорам, құлдық сенің сөзіңе! Олай болса біз саған екі шылбыр бір тізгінді берейік. Айтқаныңа көнейік. Шабыс десең шабысайық, соғыс десең соғысайық. Билікті қолыңа берейік, сізді хан деп білейік!» – дейді. Жәдігердің барлығы уағда қылып, екі тізгін бір шылбырды Қанишораның қолына береді. Қадырбай мен Төлебай, Қияз үшеуі алтын түсті кілемге Қанишораны отырғызып, Жетіөзенді жайлаған жәдігер жерге кірген шораны хан көтеріп алады.

Хан болған Қанишора одан сайын құтырып, қолын топ-топқа бөліп, ал ендеше аттан деп, жазайылды атып, жақты тартып, Семетейге қарай садақтың оғын жаңбырдай жаудырып, мылтықтың оғын бұршақтай жаудырып, аттанады. Жәдігердің ер Қиязы қолына найзасын алып, Тауторыны қамшылап, «Бағыштап» ұран шақырады. Қапталынан Қадырбай, төменгі жағынан Төлебай, бір жақшөтінен Қанишора да найзаны салады. Мінген аты теңселіп, жүре алмай қалған, қолында қамшыдан басқа қаруы жоқ Семетейге үшеуі найзамен төнгенде, Манастың көкжал ұлы өлімнен қайтпайды, елең қылмайды. Қанишора найза салғанда, оның найзасын ортасынан қақ бөледі. Ол Семетейдің қолына түспейін деп тұра қашады. Қанишора қашқан кезде жәдігердің екі батыры Төлебай мен Қадырбай Семетейге найза салайын деп жатқанда, Күлшора жетеді. Жеткен бойда алгі екеуінің басын тас – талқан қылып кетеді. Екеуін өлтіріп тастағаннан кейін,

шулаған дауысы аспанды жарып, туларын желбіретіп, жәдігердің қалың қолы жақты жаңбырдай тартып, Семетейге қарай қаптайды. Сонда айкөл батырдың Аршаторы деген буданы болдырып, шабысқа жарамай қалады.

Алқым қия белесті,
Аспай тұрды Арторы.
Арам өлгір шалпылдап,
Баспай тұрды Арторы.
Ашуы келіп қабылан:
«Арғымақ бағып, ат бақтым,
Садаға Буырыл буданнан.
Азамат жидым, ер жидым,
Арыстандарды тең жидым,
Садаға кетсін Қаншора,
Күлшорадай туғаннан.
Арторы будан деп жүрсем,
Бақалшағы бір тұтам,
Байталды баққан екенмін,
Қаншора туған деп жүрсем,
Қотыр тасы қойнында,
Шайтанды баққан екенмін!
Енді басын қосқанда,
Елдің халы не болмақ?
Жарағы жоқ жас Күліс
Ердің халы не болмақ?
Хабарсыз қалды ел менен,
Жердің халы не болмақ?
Деп осылай Семетей,
Аттан түсе қалады,
Қамшы сабын таянып,
Жауды тосып тұрады.

Сол уақытта Семетейге қарайлап, аңдып жүрген Қанишора: «Енді кезек келді!» – деп, қаруы жоқ Семетейге қарай құйғыта шабады.

Осы кезде Семетей,
Келіп тұрған ажалды
Анша-мұнша елемей,
Тағдырына тарынып,
Күңіреніп алады.

«Білгенін қылсын итім! – деп-
Ақтаған жоқ ақыры,
Қаныкейдің сүтін, – деп –
Аңқаулық қылып алдырдым,
Жараксыз кетті күшім, – деп,
Көрмеймін иттің жүзін!» – деп,
Теріс қарап қалады!
Өкпенің тура тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Сырнайзаны бұлғалап,
Қаншора найза салады.
Кәрі күшті хан Қияз,
Әне-міне дегенше
Ашып көзді жұмғанша,
Семетейді қармалап,
Келбетіне таңырқап,
Басын кесіп алғанша,
Жолбарыстай кәрленіп,
Абасының жанына
Күлшора ұшып жетеді.
Шошып кетіп хан Қияз
Қарай алмай Күліске
Ырғып мініп атына,
Жандай салып өтеді.
Осы кезде Семетей,
Еріп кеткен немедей,
Қимылдамай, үн шықпай,
Көзге түспей жоқ болды.
Қайсалақтап қалың жау,
Сүйегін таппай тоқталды...

Мұны көріп Күлшора,
Шашылмастан кеп айтты:
«Аруақ ұрған Қаншора,
Сендік әлім бар, шора!
Абакем тақыр өлген жоқ,
Өлгенін адам көрген жоқ!
Ер сақтаған ер өлмес,
Елді баққан жер өлмес.
Есіңде болсын, ит шора,
Ер туғызған ел өлмес!
Алдап айттың сөзіңді

Ант ұрсын сенің өзіңді!
Абыройы жоқ сен доңыз,
Кім санайсың өзіңді?
Жарағы жоқ ерлерден
Қайтіп алдың өшіңді?
Мықты болсаң, қару бер
Күшпенен өлтір өзімді!
Кәдімгі Күліс мен болсам
Жарамын сенің өтіңді!
Қарға менен күзғынға
Шоқытайын көзіңді!
Аттап кеттің, қара бет,
Аталардың аруағын!
Он екі өліп жатсам да,
Баса алмайсың, Қаншора,
Күлшораның салмағын.
Ойлайсың ба ит шора,
Көздегенін сау қоймас,
Манастың тірі аруағын! – деп, ашумен
батырып айтқан уақытта, Қаншора
қылышын суырып алады. Күлшораға беттей
бергенде, Бағыш ханның ер Қияз арасына
кіріп, «ай!» деп тоқтатып:

Бәрін бірдей қырмағын,
У ішкендей қылмағын!
Жорығын бұзып батырдың,
Арманда қылып салмағын.
Қаншора, досым тоқтай тұр,
Айтқанымды аңдағын!
Семетейді көрдің бе?
Тірі десең, жерде жоқ,
Өлді десең көрде жоқ.
Біз білетін ғажапта
Бұл секілді пенде жоқ!
Өлген сайын өршіген,
Өжет Манас тұқымы,
Біткен сайын бекіген,
Төре Манас тұқымы.
Қағылайын Қаншора,
Ойлайсың ба осыны?
Қызыл өңі сұр болды,
Өлген сүйегін көрсетпей,

Танқаларлық сыр болды!
Түсінсеңші, Қаншора,
Түбіміз жаман шыр болды!
Жан шыққанша былқ етпей,
Қиықтығы бар екен.
Адамның қолы бармаған
Ыйықтығы бар екен.
Жабағының жалындай,
Жалды туған ер екен.
Өлімнен шошып қайтпаған,
Өрттене шыққан шер екен.
Жан сауғалап қойған жоқ.
Салмағы бүтін жер екен!
Жау басса жалпақ елінді,
Обалы кімнің мойнына?
Сыздаған елден мұң шықса,
Жасы кімнің мойнына?
Тілімді алып Қаншора,
Өлтірмегін шораны.
Қорқар емес өлімнен
Өлімнен қорықпас батырды,
Өлтірген адам оңа ма? – дейді. Сонда
*Қаншора: «Ей, қорқақ Қияз, бұл шораны
тірі қойсаң, түбіңе жетпей ме? Қолына
қару тисе, бұл көкпар қылып кетпей ме
бәрін? Толтайыңды өлтірген осы! Кезі
келіп тұрғанда, көзін жояйын. Тірі қойсаң,
ағасының кегін кектемей қоймайды!» –
дейді. Бірақ, хан Қияз Қаншораға:*

Мұны өлтірмей маған бер,
Басқа олжаның барлығын
Қаншора өзің ала бер.
Тұла бойын тілейін,
Өлгенінше қор қылып,
Өгіз қылып мінейін.
Кең- Қол, Талас ішінен,
Оқ атар кісі қалған жоқ.
Енді сенде арман жоқ.
Жалғыз құлды сұрасам,
Жақын досым Қаншора,
Бермейтұғын шамаң жоқ!
Жақын кісің мен болдым,

Жан жолдасым сен болдың,
Оң далының шеміршек
Шеміршегін ояйық,
Қу далы қылып қояйық.
Ешкімге қару қыла алмас,
Ес алып қарыс қаша алмас,
Қадірлеп сұрап тұрғанда,
Қаншора қайтіп тіл алмас? – дегенде,
*Қаншора жүре береді. Қан жұтып тұрған
Күлшораны жәдігерлер жабылып ұстап,
байлап қояды. Күлшора:*

Қайсы арманды айтайын,
Жарағым жоқ жау болдым.
Қаңқылдаған Қаншора
Шыбын едің, дәу болдың!
Қылығыңды қыла бер
Қашан болса басымды
Құшақтайды қара жер!
Алыстан келген жау болып,
Араласып көрмедім,
Алысып жатып өлмедім,
Өзегімнен өрт шығып,
Жақынымнан жат шығып

Осындай болды көргенім! – дегенде, оны
сөйлетпей, барлығы жабылып, шешіндіріп,
тепкілейді. Аузынан қан кетіп, өлі-тірісі
білінбей, талықсып жатқанда қараса,
Күлшораның мойнында киелі қара жалы бар
екен. Жауырынының үстінде қазандай қара
қалы бар екен. Қасиетті ер екен, қажымас
арыстан шер екен. Хан Қияз далының
ортасын сойдырып, шоң көнектей етін
кесіп, шеміршегін ойдырып алады. Қыңқ
етпеген шораны оқшау жерге тастайды.
Бір уақытта Күлшора есін жиып, күңіреніп
дауыс салып, жан-жағына қараса, қызыл
қаны ағып, шеміршегі сойылып, аққан қанға
қарға-құзғын тойынып жатыр екен.

*Шораны мынадай қылғаннан кейін,
жауды жеңдік деп Қаншорамен бірге ордаға
аттангалы тұрғанда, Қияз айтады:*

Жазым болып қалмасын

Манастың өлген баласын.
Қайта барып көрейік.
Табылып қалса өлігі,
Құрметтеп көңіл бөлейік.
Қайткенменен шер еді,
Халық сөзіне көнейік.
Итке, құсқа жем қылмай,
Ардақтап оны көмейік!»
Деп осылай хан Қияз
Жан-жақтан іздеп қарады,
Абайлап ізін шалады.
Жарадар болған батырдың
Анықтап басқан ізі жоқ.
Оны көрген кісі жоқ.
Бұлақты бойлап қан ағып
Майып болып кетіпті,
Шыныменен Семетей
Ғайып болып кетіпті!

Енді Қияз бен Қанишора Кең- Қолға жетіп, орданы басып алып, ойран қылады. Ештеңеден хабарсыз, қамсыз отырған Сары хан мен Бақайды ұстап аларда, екі қария: «Қияз бен Қанишора қастық қылған екен. Семетей мен Күлшораны ай батқандай қылды-ау! Қапыда кетті – ау! Біз бұлармен соғыса алмадық-ау, әттең! Арыстаным Семетей қайсыңа жамандық қылып еді? Енді Семетейдің ордасын, әулетін қалай тірідей құлдыққа береміз? Соғысып өлейік!» – деп, екеуі соғысқа кіреді. Он күнге шейін атысып, қызыл қанға батысып, соғысып жүргенде хан Бақай жараланады. Сары хан жалғыз өзі аш жолбарыстай алысады. Маңдайында қасиетті қалы бар екен, қиқуды салып, айғайласып соғысып: «Аруақ ұрған Қанишора, қане, айтулы батыр болсаң шық

жекпе-жекке! Батырларша елдің алдында армансыз соғысып өлейік!

Ант ұрған, қайтіп өлтірдің?
Әлпештеп баққан төреңді?
Шын құрдасың Күліске
Қайтіп салдың қорлықты?
Қолыңнан келсе сен шірік
Жекеде көрсет шондықты!
Құдай берсе сендейдің
Желкесінен басамын!
Ары жоқ туған бұзақы
Қаныңды судай шашамын!
Ақыры сені құтқармас

Аруағы Манас атаның!» – деп, тау бүркіттей күркіреп, атойлап найзасын алып, тұра ұмтылғанда, Қанишора шыдай алмай қашып кетеді. Сөйтіп, салтты бұзып, ұялмай, жекелесіп шыға алмай, арам ойлап аянбай, ақыры айла табады. Қиязға барып: «Мынау Сары ханың қабыландай екен. Мен мұнымен бетпе-бет соғысып жатпайын. Оған ор қаздырып қояйын да, аңдып жатып маңдайындағы алдақандай қалынан атайын!» – дейді.

Түнде барып ақырын,
Орға кіріп жатады.
Қиқулаған Сарыны,
Маңдайдағы қалынан
Көздеп тұрып атады.

Қасиетті Сары хан қанға боялып, қаза табады.

Енді Қанишора мен хан Қияз тілектеріне жетіп, бейбіт елді шабады. Сонда Қанишора Қиязға: «Айшөрек ару сенікі, Шашыкей сұлу менікі!» – деп, хан болып билеп – төстеп, кесіп-пішіп қояды.



СЕЙТЕК



Күлшора тұтқын

Қайытшының үңгіріне Семетей гайып болғаннан кейін Күлшора ағасын жоқтап, зар жылайды. Көзінен қанды жасын төгіп: «Қайран ағам, сұлтаным, қалың қырғыз, көп арғын еліңді қапа қылмай кім бастайды? Сырттан қиқулап жау келсе, алдынан кім қарсы алып, бетін қайтарады? Қайтейін?!» – деп бұрқырап жылайды. Жан – жағына көзін салып қараса, Таластың бойында Қанишора мен Қиязға қарсылық көрсетіп Бөлекбай ұста соғыс бастаған екен. Манасқа жолдас болған айтулы ұста қарсылық көрсетіп, аянбай шайқасқанда, қалың қолмен Қанишора ортаға алып, оны да өлтіреді. Одан Қанишора Қиязға: «Барлығын жайғастырдық, енді Күлшораның көзін жойыңдар. Ол Алмамбет батырдың тұқымы, Семетейге анық берілген, өзі қайратты, күшті, ертең есін жиып алған соң, ондармайды сені. Мұның көзін жойыңдар!» – дейді. Қияздың әскері жабылып, жәдігерлер Күлшораны ортаға алып, байлап ұстап тұрғанда, Қанишора келіп, оларға айғайды салады:

Бабаң Толтай көкжалды
Күлшора сойып тастаған.
Алдырып қойып жәдігер,

Аттарын иесіз қостаған.
Алда қайран бауырым,
Айдалада өлді деп,
Жәдігерім жылап жоқтаған.
Бұл Талас саған жер емес,
Күлшора саған ел емес.
Күрсілдеген қу қулдың,
Оң далысын ойыңдар!
Оң сіңірін сойыңдар!
Сол далысын ойыңдар!
Сол сіңірін сойыңдар!
Өлік емес, тірі емес
Арам сана бұл құлды
Ара жайға қойыңдар!
Қырық жылқышы, сексен құл,
Соған отыншы, сушы қылыңдар!
Тез арада өлтірмей,
Қорлықпенен өлтіріп,
Аямай сорға салыңдар!
Адам болсаң, ел болсаң
Ұқ жәдігер сөзімді!
Абайламай оқыстан
Қинамай қойсаң қоқыстан,
Шынтақтап жатып ұйқы алып,
Жамбастап жанды тындырып,
Жатып ұйқы қандырып,
Есін жинап алмасын!

Соғысты епсіз салмасын.
Есін жиса шораға
Қылатын амал, айлаң жоқ.
Жиғызбай есін шораның,
Қонышына салғын қызыл шоқ.
Мұның жүрегінде темір оқ,
Қиын батыр Күлшора
Мұндай пәле тегі жоқ.
Семілер болса бұл шора,
Сергитін болса Күлшора
Жәдігер, бәрің өлесің!
Қорлықты бұдан көресің!
Аяғына бұл құлдың
Қысырақ байлап тулатып,
Қисандаса шошқаны
Қабырғасын қиратып,
Беліне арқан батырып,
Қабығы менен қатырып,
Ертең ерте тұрғанда
Шылғи тері илетіп,
Күн еңкейіп батқанда,
Ұйқы бермей шораны
Тамашаға билетіп,
Талпақтай сабап керіндер,
Қартайған жылқы тобығын
Ас орнына жұтқызып,
Тоғыз аяқ су беріп,
Отынға мұны салыңдар,
Осылай кекті алыңдар!
Қол-аяғын керіндер,
Сазайын мықтап беріндер!
Жаның бар ма жәдігер,

Айтқанымды қылыңдар! – дейді.
Жәдігерлер: «Қанишораның айтқаны ақыл екен!»—деп, Күлшораға көп балуан жабылып, ұстайды. Оң далысын ойып, оң қолының сіңірін біржола кесіп алады. Қашырға байлап мінгізіп, қырық жылқышыға батырды олжа қылып, құл қылып береді. Ханнан бұйрық болған соң, жылқышылар аяй ма, жылқышы басы Қарағұл:

Ертең ерте шораны
Қараңғы жерге қаматып,
Қамшыменен сабатып,
Көкбөрі қылып талатып,
Көп жазасын береді.
Оң қолы жоқ, сол қол бар,
Күлшора болды анық қор.
Қырық құлаш арқанға
Отын таңып арқалап,
Қара жағал кементай,
Қапталы сандап бөлініп,
Далыдан қара қан ағып,
Дал-дал болып кементай
Тұс-тұсынан бөлініп,
Көзінің жасы төгіліп,
Таршылық түсіп басына
Көңілі кетіп бөлініп,
Өлейін десе арынан
Өлмей жүрді байғұсын,
Ойда үміт барынан.
Мұны мында тастайын,
Қара ниет Қаншора
Сұмдығынан бастайын.



Қаншора хан

Хан болған Қанишора есепсіз малды сойдырып, елді жиып, той жасайды.

Алтын тақты Қанишораның тағы деп, өскен бақтың бәрін Қанишораның бағы деп, көкжалдардың атын ататпай, жойдырып,

өзінің атын қойдырып, ойына келгенін істейді. Алтын тәжді киіп, алтын таққа мінген соң, арғын мен қырғызға қаһарлы хан болып:

Мың қараша түйе бересің,

Мың қара қасқа бие бересің
Мың атанға жүк болатын
Қызыл алтын, зер бересің, – деп, халыққа
аямай алым-салықты салады. Қиналған
халық тауға жиналып, Семетейді жоқтап
жылайды:

Кеше Семетейдің барында,
Жылғынды Кең -Қол ойында,
Кең Таластың бойында,
Қарабура шатқалда,
Ен жайлап, көп ел жатқанда,
Көк түс бойлап қонатын,
Қанжайлақ пенен Сусамыр,
Жерді жайлап тұратын.
Жырғалды көкжал, өлмей қал,
Қаншораның қорлығын
Пендесіне бермей қал.
Торы ала жорға тай бермей,
Хан екен деп Семене,
Тобықты жілік ет бермей,
Жатушы едік, қайқайып.
Қымбат көкжал барында
Қымыз ішіп, қызғанбыз,
Шекеден терді сызғанбыз.
Ер көкжалдан айырылып,
Қорлық көріп, өлдік пе?
Зор қиямет тозақты,
Тірімізде көрдік пе?
Ойбай, Семен, өлмей қал,
Ата болып, асырап,
Ана болып сақтаған,
Ерен сұлтан, өлмей қал,
Бейнетті бұл ел көрмей қал! – деп, зар
еңіреп: «Қаншора хан болған соң:

Тірідей кірер көр таппай,
Өртеніп жанып, күйдік қой.
Қайда барар екенбіз?
Қайда сыяр екенбіз?
Қанғып, қашып, тентіреп,
Безіп кетер ме екенбіз?
Тарыдай боп жан-жаққа,
Шашылып кетер ме екенбіз?

Жеті қатқа жетерміз,

Алтайдан асып кетерміз!» – деп,
шулап тұрғанда, қырық шораның данасы,
Құттыбидің баласы Ақжолтай:

–Айшөрек айымның ішінде айкөлдін
алты айлық баласы қалды. Енді бір жеті
жыл болғаниша Қаншораның дегеніне көнейік,
алым-салығына шыдап, берейік. Айшөрек ұл
туса, асылдан қалған тұяқ деп, алдымызға
салайық, кегімізді алайық! Төремізден
айырылдық деп, тентіреп қайда барамыз ?
Қаншораның қаһары төнді екен деп, Алатау
жерімізден айырылып қалмайық! – деп, басу
айтады. Жұрт осыған тоқтайды.

Ал осы кезде боз ала жеслек ту көтеріп,
қиқулаған әскерімен жәдігердің хан Қиязы
Қаншораға келеді. Қаншора:

– Ал, қалың қара жәдігер, енді
Семетейдің ордасын тонап алыңдар!
Оймақ ауыз, бота көз, сұлу қыз-келінді
олжа қылыңдар! Алтын, ділдәсін алып,
Семетей өлгенде, олжасын талап алдық
деп, жер жүзіне, халайыққа әйгілеп
айтыңдар! Жетіөзен жеріне, жәдігердің
еліне мақтаныш қылыңдар! -дейді.

Е-е, қызталақ Қаншора,
Қалмақтан келген жау емес.
Өз болатын мұқалтып,
Өз туғанын жоғалтып,
Бұзылған екен биыл түс.
Өзінің елін талатқан,

Қылымда болмас мұндай іс! – деп, қалың
қара жәдігердің ақылмандары ойланады. –
Өзінің халқын бүйткен адам, бізді қайдан
аяйды? Өз ағасын өлтіріп, өз туғанын қор
қылған сұмның кімге елдігі болады? Бұл
бізге қай жерден туған бола қалды? Ертең
Қиязды да алдап, тағын тартып алады ғой.
Біздің қалың қара жәдігер осының азабын
тартады. Бұның қулығы бар, арамдығы
бар. Бұл шатақ болады! – деп бас шайқап,
жасы мен кәрісі – бәрі ойланып қалады.

Сонда арамдығы көп Қаншора, қаһарланып бақырып: «Қалың қара жәдігер, анау Айшөрек долыны Қияз хан алмай қалай тұр? Ол Айшөректі Толтай хан алмақшы болып, осы Семетей мен Күлшорадан қаза тапқан. Ал енді жәдігер, Толтайдың кегін алмайсыңдар ма?! Кезегің келді, қанқордың қатын-баласын бөлмейсіңдер ме?! Семетей ханның ордасын шаппайсыңдар ма?! Сөйтіп жеріңе мақтанып бармайсыңдар ма?!» – деп, қайрайды. Қиязға: «Әй, сұлу қатын Шөректі алмайсың ба? Қаншорадай досыңды хан көтермейсің бе? – дегенде, Қияз жарлық беріп, Қаншораны ақ киізге салып, алтын тәжді кигізіп, алтын таққа мінгізіп, хан көтереді.

Сонда бір хабаршы Шашыкейдің ордасына шауып барып: «Қаншора хан болды!» – деп сүйінші сұраса, Шашыкей қуанып: «Кеше төренің аман кезінде де біз Қаншора екеуміз күбірлесіп жүруші едік. Ерлі-байлы болуға уағдамыз бар еді. Сүйіншің міне! – деп, алтын береді.

Сөйтіп, Семетейдің ордасына жәдігерлеркіріп, қожса-молданы жыйдырып, Шашыкей қатын мен Қаншораның некесін қыйдырады. Сол тамаша қылған жиында әулие қария Бақайды сексен балуанға көкпар қылып тартуға береді. Сақалы құдай қуарып, қартайған қасиетті Бақай мұндай қорлықты көріп, өлейін десе өле алмай, зар еңіреп, Семетей мен Күлшораны жоқтайды.

-Мен осылай қартайып, осыниша қорлық көретіндей не қылдым екен?!

Зымырық егін жедім бе?

Өлместің суын іштім бе?

Құзғынның көзін жедім бе?

Айналайын жаратқан,

Сырттандардан айрылып,

Бақайды күйіп өлсін дедің бе?

Қаныкейдің айтқан бір сөзі бар еді: «Осы Қаншора емшек сорғанда қан шықты. Түрі

бөлек, ар жағында зілі бар, дұшпандығы бар!» – деп еді. Мен соны байқамай қалған екенмін. Соқыр болған екенмін! – деп, боздаған Бақай Қаншораны қарғайды:

Ой, Қаншора, құлыным,

Оңбай қалған гүл ботам,

Бұл қылығың құрысын!

Сәби, бала кезінде

Мойныңа тұмар таққанмын.

Бауырға қысып, құшақтап

Әлдилеп жүріп, баққанмын.

Аштан өліп қалар деп

Қазыдан кесіп жегіздім.

Қаныкейдің емшегін

Кәдімгі туған болсын деп

Ей, арам, саған емгіздім.

Қалың арғын, көп қырғыз,

Қаншораны мен қашан,

Бөтен бала дегіздім?

Еренге қанат болсын деп

Ертіп жүріп, ер қылдым.

Ер ұлымен тең қылдым.

Жетім едің, шоң қылдым.

Жетілдіріп, мол қылдым.

Ербиген бойың, ер қылдым.

Ебегейсіз шер қылдым.

Ерлігіңді арттырдым,

Ақтағаның осы ма?

Еңкейгенде Абаңды,

Көкбөрі қылып, тарттырдың.

Қарыған Бақай абекен

Халыққа қаран, хан еді.

Көкбөрі тарттың, Қаншора

Қандай өшің бар еді?

Еңкейгенде зор Бақай

Егініңді ордым ба?

Бабаң Балта, Шуақтың,

Барлығын мен сойдым ба?

Алаңды ала қаштым ба?

Ақ алтын, дүниең шаштым ба?

Балам, өзен, өзен, өзенше,

Өзеншеге қонып қал!

Күйеріңнен айырылып,
Өзің мендей болып қал!
Балам, өлмей, жітпей көп жасап,
Балам, менің тоным киіп қал!
Балам, жанарыңнан айырылып,
Өзің мендей болып қал!
Балам, басым болсын дұшпаның.
Ішінде қалсын бұшманың.
Керіге бойлап, қонып қал.
Жар-жораңнан айырылып,
Жапа түсіп басыңа,
Өзің мендей болып қал!
Сонда Қаншора кәпір именбестен,

қаһарланып:

Мен қасиетті жан болдым, қақбас!
Халайықты иіріп, жұрт билеп
Мен қол тоқпақтай хан болдым, қақбас!
Мен у ашытам күбіңе, қақбас!
Осылай жетем түбіңе, қақбас!
Сенің тамырың суырып алармын,

қақбас!

Саған талай бір тозақ салармын,
қақбас!» – деп, адамнан тасбауыр Қаншора
*Бақайдың қол аяғын көк лақтай
создырып, көк ала қойдай сойдырып, әбден
қорлап, азап тартқызады.*

Бақай ханның жатқаны
Шөп лашық үй болды.
Қартайғанда Бақайдың
Екі көзі көр болды.
Қадірлі басы абаңның
Қара жермен тең болды.
Қаһарланып Қаншора,
Таласқа салды зорлықты.
Жалғыз Бақай кәрі емес,
Қалың елге Қаншора
Көрсетті қатты қорлықты.

*Мұны мұндай тастайық, ақ сарайдан
бастайық. Кезінде Қаныкей қалап салған
ақ сарайын перизада Айшөрек келін болып
келгенде, сыйға тартқан екен. Айшөрек
айналасын бек қылып, ортасын алтын тақ*

*қылып, жақұт, гауһар тастан әсемдетіп
жарғызып, алтынмен аптап, күміспен
күптеп, жайнатып қойыпты..*

Жақұт, гауһар тасынан
Әсемдетіп, жарғызған.
Айналдыра сарайды,
Хауыздатып салдырған.
Алтынменен сырлаған,
Күміспенен шырмаған.
Екі кісі сөйлесе,
Өзінен-өзі жырлаған.
Қарағайдан нау қылған,
Тастан жиып тау қылған,
Ала алмай дұшпан жадаған.
Алып адам жетпеген.
Төрт аяқты айуаннан
Тышқан жайлап өтпеген.
Белесін дұшпан шалмаған,
Бет алып адам бармаған.

*Айналасы шеп қорған Ақ сарайда
Айшөрекке Ақжолтай келіп, қалың қара
жәдігердің Семетейді мерт қылғанын,
оның өліп, сүйегі табылмай, ғайып болғанын
айтады. «Батырдың: «Қартайған енем
Қаныкей артымда аңырап қалып, шыңғырып
бетін жыртып, шыбындай жанын қиып,
өліп қалмасын. Айшөректің бойына біткен
бала бар, еркек болса балаға Сейтек деп
ат қойып, Күлиора өлмесе, соған жолдас
қылсын! Аман болса Сейтегім қанат
болады!» –деген керезі бар еді.*

Қаралы басыңды ер қылып,
Қатын басыңды ту қылып,
Қаншора мен Қияздан
Ұрғашы жолбарыс шер болсаң,
Шын Айшөрек сен болсаң,
Арамнан алғын өшінді!

*Күлиораны шекесін тесіп, далысын
кесіп, жылқыға салып, құл қылды.
Қалғандарының барлығын қырып тастады.
Сары ханды сойып, өлтірді. Бабам Бақай
қарияны көкпарға тарттырды. Қалың*

арғын, көп қырғыз күйініп, қайран жаннан түңілді!» – дейді Ақжолтай.

Шоң енесі Шиырды,
Есінен танып, жығылып,
Сорлы енесі, Қаныкей
Өкіріп, өкісіп тұра алмай,
Өз жанын өзі қия алмай,
Күлботам деп бұрқырап,
Күйерім деп шырқырап,
Кешігіп шашым өргенім,
Зарығып жүріп көргенім,
Енді менің көрерге қараң түнім бар.
Медер қылған жалғызым
Сенен бөлек кімім бар? –

деп, Қаныкей зарлағанда, қалың жұрттың барлығы жылап, қайың-тал жылап, жер сілкініп, тас жылап, қайғыға батады. Манасқа гайыптан табылған Құмайық аза тұтып, ыңылдап қалады. Семетейден айырылған Ақтайған иті қарғысынан босап, гайып болып кетеді. Ақсұңқар құсы да көкке ұшып кетіп, гайып болады. Сөйтіп, елдің барлығы қайғырып: «Енді қандай заман, қандай күн болар екен? Айкөлдiң көзі жоқ болған соң, арғын-қырғыз жұртының ауылы қайда қонып, айласы қандай болар екен? Елдің иесі жоғалды, елі қайда қонады, есебі қандай болады? Көңілде талай бұшман бар, бізді көмгелі тұрған дұшпан бар! Осындай екен дүние шоқ!» – деп, зар еңірейді.

Жұрт осылай қайғыға батып, қабырғасы сөгіліп, шұрқырап тұрған уақытта жәдігерлер ер Қияздап ұрандап, Қанишора қаһарды бастап, боз биені антқа атап сойып, қанына қолдарын малысып, екі арам анттасады.

– Ал Қара Бура шатқалда жатқан Семетейдің көп жылқысын сытыра талап алыңдар! – деп, жәдігерге «Аттан!» – деп, бұйрық береді. Сөйтіп, жылқыны түп көтеріп, айдап әкетеді.

Шынқожа, Толтай құны деп,
Қалың қол кірді, жан қоймай.
Жалды құйрық, тай қоймай.
Құйрықты қозы, ет қоймай,
Ұзын аяқ мал қоймай,
Ұрысқа айла қылатын.
Сойыл соғар жан қоймай.
Жұрт бастайтын ер қоймай
Қайрат қылар ел қоймай...

Келін-қызды қоймай, «Шынқожа-Толтайдың кегі» деп, түгел талап алады. Қарсыласқандарды қырып-жойып, Қанишора, Қияз бас болып, қаптап сарайға келіп, қоршап алады. Мұндай сұмдықты айкөлдiң ата-бабалары көрмеген. Бұрынғыдай қалың жау келсе, қиқуды салып қирататын Күлишора жоқ. Сол кезде ақ сарайдың ішіне оқ жаңбырдай жауып, естерін шығарады. Тұс-тұсынан қаптап келген бұл жаудың түрін көргенде, өлейін десе өле алмай, өз жанын өзі қия алмай, Қаныкей, Айшөрек –бәрі, қайтерін білмей қалады. Сонда Айшөрек Қаныкейге айтады:

– Е-е, қара сұрдың сұлуы, әйел заттың мықтысы, қайран енекем, не көрмедің?! Азапты да, қызықты да, барлықты да, жоқтықты да көрдің. Бәрінің парқын білесің. Мына емшегіңді берген балаң –Қанишораның да қылғанын көріп тұрсыз. Өзіңіз өсірген бала, өзіңізге жау болып, аяйтын түрі көрінбейді. Қалың әскерді бастап келіп тұр! Қағылайын берекем, қайран енекем! – деп Қаныкейге зар жылайды. Сонда Қаныкей айтады:

Е, құлыным, балам, Айшөрек,
Айтқаныңның бәрі шын.
Жақ тартысып, ұрысып
Қаншора –қиын жау болды.
Анасын Қамбар алыпты
Атасын бүтін ұмытып,
Қара ниет –кәпірің

Осы Қамбар шораның
Ұлы болып қалыпты.
Шуақтан қалған шұнақ деп,
Асылдан қалған мұрат деп,
Берен балам, Семетей
Өзіме алып келгенде.
Жүрегі майлы болсын деп,
Қазыдан кесіп, жегіздім.
Кәдіксіз туған болсын деп,
Емшегімді еміздім.
Сол емшегім Қаншора
Сорып еміп тұрғанда
Өне бойым сырқырап,
Шыбындай жаным шырқырап,
Сай-сүйегім сырқырап,
Сорған сайын әл кеткен.
Емшектен қара қан кеткен.
Түбі дұшпан боларын,
Аямастан халықты
Бір қырғын қылып қоярын
Қарап, ойлап, білгенмін.
Қараң түнді саларын,
Зорайса жұртты шабарын,
Қармасып, сорға маларын.
Сырты туған, іші –арам
Сыр біліп, түпке жетерін,
Сонда шіркін, білгенмін.
Түбінде дұшпан екенін,
Түр-түсінен білгенмін.
Жау болар деп жүргенмін.
Шыбындай жанды қинадым,
Ажыбай, Бақай ханы бар,
Ел арытып, жұрт көрген,
Ерендердің бәрі бар.
Әулие бар, ерен бар.
Алты айшылық келерді,
Жеті айшылық кетерді,
Жете көрген данышпан,
Көзі көрген алыстан,
Сөйлегені –жария,
Халық атасы –қария,
Қапияда сөз тапқан,

Қараңғы түнде көз тапқан,
Қол бастаса, қажымас,
Қараңғыда қарсақтың,
Ізіне түссе, жаңылмас.
Ғажап білген қары бар,
Осынша елдің бәрі бар.
Үлкейген ұлым барында,
Емізбей жанжал салғанмын.
Ел тоқтатып, жұрт жиып,
Ерікпей жиып алғанмын,
Сөзді ортаға салғанмын.
«Емшектен қан шықты» деп
Жүзі бөлек түрінде
Ақыры дұшпан зілінде,
Мүлкің өртеп, шет қылар
Зілінде сені мерт қылар.
Ауылыңды бұзып, шу қылар,
Қиялы шатақ, іші арам,
Белгілі ала жоғалмас,
Пейілі бұзық оңалмас,
Осы шораң өскенде,
Дұшпан болар түбінде.
Еренді жиып, шырқырап
«Қаншора көзін жоғалт» деп,
Неше күнге бұрқырап,
Айтсам, ұлым көнген жоқ,
Қақсасам, тілім алған жоқ.
Сырттан туған Семетей
Телегейі тең еді.
Ішін көрсең көкжалдың,
Көл-дариядан кең еді.
Ұқпай қойған сөзімді,
Ұят қылған өзімді.
Білмей қойған сөзімді,
Көп кейіткен өзімді:

– Қара қылған баланы,
Қайтіп қармап, сой дейсің?
Қатыгез анам, не дейсің?
Туған болар шораны,
Тура қармап сой дейсің.
Бұл бәдірек бір бала

Бір бала тентек болғанда,
Бейталай анам, не дейсің?
Жалғыз бала жау болып,
Ай-әлемді сора ма?
Бір кішкене баланы
Жау көрген кісі оңа ма?
Бекзаданың жалғызы,
Медерін сояр жан бар ма?
Ханзаданың жалғызы
Қаранын сояр жан бар ма?
Қара ойлы анам екенсің,
Басымдағы мекенсің.
Бұзылған іске бұрмалап,
Мені бұзып қояр ма екенсің?
Бесіктегі баланың
Бек боларын кім білер?
Қарындағы баланың
Хан боларын кім білер?
Бауырдағы баланың
Жау боларын білдім деп,
Зобалаңды сорлы енем,
Жосыны жоқ кеп салдың.
Өрге тартсам, өбегім
Ылди тартсам, жөлегім,
Қаншора менен Күлшора
Менің екеуі тең туған бөбегім.
Алмамбет, Шуақ –екі атам
Екеуінен қалған мұрагер,
Бұл егіз болар ерлерді,
Қай бетіммен бөлемін?
Ашулансам, құрған жан
Аққалпақ жұртым жиямын.
Аты ұйқас екі баланы,
Беліме таңу қыламын.
Бет алған жауды қырамын.
Еее, бейталай анам, не дейсің?
Бұл сөзіңді кім ұқсын?
Көз көрмеген, түн ұқсын.
Ала асқарлы тау ұқсын.
Аш айқырық, қу сүрен,
Айғайлаған жау ұқсын.
Қазылған қара көр ұқсын!...

Жал-құйрықтан айырып,
Құландай қылар ма екенсің?
Басар аяқтан айырып,
Жыландай қылар ма екенсің?
Таудан аңшы лақтырған
Тастай қылар ма екенсің?
Сорғақ адам мүжіген
Бастай қылар ма екенсің?
Ақыл илеп, ой-ойлап,
Жан – жағымды басыма
Дұшпан қылар ма екенсің?
Бөлме бөйтіп санамды,
Бөлекше бұлай демегін
Қаралды қылған баланы!– деп, өзімді
ұялтып, тілімді алмай, сенбей қойып еді.
Сөйтіп, мойнына тұмар тақтырып, әжесі
Шиырдыға бақтырып еді.

Асырап, бағып, ер қылған,
Ер ұлымен тең қылған.
Тоғызға бала келгенде,
Торқаның күйін кигізіп,
Топ бұзар жорға мінгізіп,
Тойға ертіп жүргізіп,
Желмеген жорға мінгізіп,
Арғын менен қырғызды,
Былқылдатпай білгізіп,
Асырап, сақтап, зор қылған.
Әлем жұртқа шоң қылған.
Жылап жатса, уатып,
Ұйықтап жатса, оятып,
Ертіп жүріп, ер қылған.
Қазыдан кесіп, жегізген,
Өлмей жүрсе, қанқорға,
Өбек болар дегізген.
Еріксе елік атқызған
Ес қалмаған баласы,
Ақырында Қаншора
Жау болғанын қарашы.
Ей, айналайын, Айшөрек,
Кейімегін құлыным,
Өлеңнен күйіп, өрт шығып,
Өз ішіңнен жау шығып,

У төгіпті күбіңе.
Осы тұрған Қаншора
Балам, жеткен екен түбіңе.
Ей, Айшөрек, құлыным,
Менің ішім –жалын, сыртым –шоқ,
Сенің ішінде бала бар,
Мен медер қылам құдайға,
Жаратқанға көңілім тоқ,
Айшөрек балам, сөзімді ұқ!
Қорлық, қиын күн көріп
Зарлап жылап, күйермін.
Тағы сені он екі жыл күтермін.
Он екі жыл толғанша,
Қорлық тартып жүрермін.
Он екі жылда келмесең,
Мен зарланып жүріп, өлермін!
Ей, Айшөрек, құлыным,
Ақылға дихан сен едің,
Құрсақтағы бел едің.
Еркек болмай, қыз болса
Айшөрек балам, хат жібер.
Хат жіберсең, бат жібер.
Арқа шашым өрейін.
Күйіп-пісіп, шоқ болып,
Мен сорлы сол күні өлейін!
Егер де еркек, ұл болса,
Толықтап тойын соя көр,
Мұның атын Сейтек қоя көр.
Мойнына белгі таға көр,
Кірлі көйлек кигізбей,
Кірлі тамақ ішкізбей,
Кір жуғызбай баға көр!
Жасы он үшке келгенде,
Жылғынды- Кең-Қол жерін айт,
Жырғалды қырғыз елін айт!
Өзенді Талас жерін айт
Арғын-қырғыз елін айт.
Толып жатқан жөнін айт,
Мен қарабет долыны айт.
Ей, айналайын, Айшөрек,
Жібек оңып, жүн болмас.
Жақсы ұрғашы, құлыным,

Жауға түссе, күң болмас.
Қайрат байлап, шерлік қыл.
Туғаның болды дұшпаның,
Балам, ендігі жерде ерлік қыл!
Ей Айшөрек, құлыным
Айтқаным осы, біліп ал.
Тұтқынға кетіп Күлшора,
Зорығып ботам өлген дүр,
Өлмей, аман бар болса
Қорлықтың көрін көрген дүр!
Батыр да еді, шер де еді,
Жылқышыға құл болып,
Арқа, мойнын жауыртып,
Екі қолын ауыртып,
Күйіп жүрер Күлшорам.
Жылында көзін көргейсің,
Кементай тоны жыртылса,
Ей құлыным, Айшөрек,
Кей-кейде жамап бергейсің.
Ашығып келсе, тойғызып,,
Ал, Күлшора қайныңды,
Арып келсе, семірткін,
Көз салмасаң, жаманат,
Ей, Айшөрек, құлыным,
Күлшора саған аманат! – деп, Қаныкей
кейде қайраттанып, кейде жылап аманат
сөзін айтып болғанда, Қаншора бастаған
жәдігерлер қаптап, кіріп келеді. Алтын-
күміс, ділдәні тонап алады. Құттыбидің
баласы Ақжолтай соғысып, ақыры
Қайыпшының беліне, Қанжайлақтың
сеңгіріне қарай қашып шығып, Қайыпшының
Қаратау сеңгіріне тығылып, аман құтылып
кетеді.

Қаншора мен Қияз әскерімен орданы
түгін қоймай талап, елдің бәрін шулатып,
қазынананың аузын аштырып, алтын-
күмістің барлығын тонап алып, білгендерін
қылады. Қияздың қалың қолы, Қаншора
барлығы дүниеге қарық болып, бұл пендеге
қияметтік ұмытылмайтын бұзық іс
болады.



Айшөрек олжа

Ақ сарайға кіріп келген Қияздың көзіне Айшөрек айдай болып көрінеді. Бірақ, Айшөрек шыбын жанынан түңіліп, жаныма жақындап келсе, Қиязға Зұлпыхар қылышты саламын деп, дайындалып тұрады. Екі көзі өрттей жанған келіншекке жәдігердің Қиязы жақындап келуге бата алмайды. Келбетіне, сұлулығына таңданып: «Айдай қатын Айшөрек адамнан артық жан екен. Шынқожа мен Толтай екеуінің таласқандай жөні бар екен. Бұл қыз кезінде күндей жарық болған шығар! Мен қазынамның аузын ашып, бар жиганымды шашып, түндігі алтын, бауы жез, құлпыртып орда салып, Шөректі кіргізіп, сыйлармын!» – деп ойлайды.

Шөректі Қияз алды деп,
Күллі жұртқа шу қылып,
Қыз алғандай қылмасам.
Күнде қырық жалынып,
Қызметін қылып табынып,
Маңдайында тұрмасам,
Айдай қатын Айшөрек,
Айтқан тілін алмасам,
Айдаған жаққа бармасам,
Дегеніне көнбесем,

Ақбілтенің шоғы ұрсын! – деп, өзіне-өзі серт қылып, Айшөрекке жалынады. Айшөрек: «Егер жақындаса, Қияз бен Қанишораның екеуінің де басын кесіп алармын!» – деп, тісін қайрап, қылышын сайлап тұрады. Орданың ішінде Айшөрек сұлуға бата алмай, ақылынан сасып, жәдігердің Қиязы Қанишора ханға барады:

– Мына Айшөрек қатынның түрі жаман. Бүкіл әлемді ұшып жүріп қыдырған

жеңгең нағыз долының өзі екен.

Жеті өзен алып барғанда
Желігіп тұрған бейбағың,
Асыма уды салмасын.
Апарғанда қатының
Арқыраған кәпірің,
Бізді қырып салмасын.
Күпшекке салып бозаны,
Күйдірген удан қоспасын.
Алайтып көзді оймасын.
«Қатыннан Қияз өлді» деп,
Қылым жұрт өсек қылмасын.
Досым, құдай ұрмасын.
Алмаймын тажал қатынды,
Айғыр болып азынап,

Азапқа салып тұрмасын! – дегенде, Қанишора қаһарланып: «Ей, атаңның көрі жер Қияз, қатыннан қарыс, кем Қияз! Бұл айтып тұрғаның не сөз? Осы Шөректі аламын деп Толтай өлген. Ер Толтайдың ескі кегін алдым деп, бір мақтанып қалмасаң, сенің хандығың кәне? Ерлігің кәне?»

Айтулы Талас жерді алдың,
Арғын-Қырғыз елді алдың.
Күлшора, Бақай дәуді алдың,
Сандаған тұлпар, малды алдың.
Сайысқа кірсе сан қасқа,
Жалпы бәрі көй қасқа
Береннен мұнша шерді алдың.
Қайра тартып, қалтақтап,
Қашпаққа мойның бұрасың.
Шын талассаң – жесірің,
Шамырқансаң – зайыбың,
Қатыннан қорқып тұрасың.
Қалжырайсың сен Қияз,

Кімді мазақ қыласың?
Қаласаң қайран Шөректі,
Қатын демей, қыз дегін.
Басыңа қонды дәулет-бақ,
Қимылдарың осы шақ.
Қызыталақ қанқордың
Қорғанын бұзып, айылын ал!
Күн жүзденген зайыбын ал!
Таласқа сайған бағын ал!
Ел билеген тағын ал! –
*деп, Қаншора Қиязды қайрап, жау-
жарағын сайлап, айбалтасын қолға алып,
қатынды олжа қылуға беттейді.*

«Қарма, күңді! Қарма! – деп,
Қол-аяғын байла! – деп,
Айтқан тілді алмаса,
Айдаған жолға бармаса,
Талпақтай сабап, керіндер,
Жазалап, ұра беріндер!
Кементайды кигізіп,
Кер байталға мінгізіп,
Табанын тіліп, тұз салып
Ақ бетін тіліп, құрт салып,
Атасы Ахун қолына
Талақ қылып беріндер,
Салпайтып айдап жүріндер!
Атасы Ахун шәрінен,
Келген еді бұл долы,
Кер ішік киіп, сылқылдап,
Кер жорға мініп, былқылдап,
Енді кейіп барсын шермендең,
Қу байталменен далпылдап,
Құрымсы киіп салпылдап!
Атасы Ахун шәріне
Құрып барсын қарабет,
Ахун жұрты өсектеп,
Айласын түгел кетірсін!
Не болмаса Айшөрек,
Мына сөзді біліп ал,
Өлген көкжал зорыңыз,
Байланған жеңге, қолыңыз.

Өлмей-жітпей, күн көріп,
Айтқан тілді алыңыз,
Жәдігер ханы Қиязға
Бәйбіше болып барыңыз!
Айтқан тілді алсаңыз,
Ер Қиязға барсаңыз,
Түн тамаша, күн ойын.
Күрделі сөзді біліңіз,
Гауһардан болар үйіңіз.
Екі тізгін, бір шылбыр
Ер Қияздан алыңыз!
Қатын басы дегізіп,
Жетіөзенде жәдігер,
Сұлтан болып қалыңыз!
Тіл ал жеңге, Айшөрек,
Жапа тартып, қор болмай,
Алтыныңды жегізбей
Олжа қатын дегізбей
Сыйыңызбен барыңыз.
Айтқан тілді алмасаң,
Ол Қиязға бармасаң
Жұлынып төбе шашыңыз,
Кесілер қымбат басыңыз! –
*дейді. Сол уақытта Айшөрек ер Қияз
бен Қаншора екеуіне былай дейді:*
Қыраннан туған қабылан,
Құзғыннан туған қу Қияз
Құрдас деп қайтып тиемін?
Сұңқардан туған қабылан,
Қарғадан туған сұм Қияз,
Төсімді қайтып ашқызып,
Төсегім қайтып басқызам?
Бұл төбеден тиген Қиязың
Төре көкжал батырдың
Төсегін басса, оңа ма?
Екі тізгін, бір шылбыр,
Қолыма қайтп алайын?
Қорлық, талау, шыр көрмей
Қиязға қайтып барайын?
Алатаудай Айкөлден
Қайтып тірі қалайын?

Сұраса бермес Буырылға,
Шорам, суық құрық салыпсыз.
Жалынса бермес Шөрегін
Олжа қылып алыпсыз.
Туғанға қастық қылыпсыз
Өз ағанды өлтіріп,
Өңгеше шорам, тұныпсыз.
Ағаңа қазат бастапсыз,
Бек Алатау, аз қырғыз,
Жергенді қараң тастапсыз.
Бегіңе бейпай бастапсыз.
Енді қара сапты Зұлпыхар,
Қажатып алмай кім ұстар?
Халықты қамап, жау келсе,
Қағыстан тосып, кім бастар?
Толқыған неше жау шықса,
Томсарып тұрған бұл жұртты
Тоз-тоз қылмай кім бастар?
Таудай абанды өлтіріп,
Белге кеткен екенсің.
Тобықтай ақыл сенде жоқ,
Ордалы жұрт аз қырғыз,
Еліңді салып тозаққа,
Бұзылған шорам, оңбай қал,
Селге кеткен екенсің!
Ойласаң, жанжал осындай,
Алты күлік атпенен,
Алақандай хатпенен,
Адыр-күдір белменен,
Адамдар баспас шөлменен,
Қақаншыға, Дыңшаға:
«Шорадан Айкөл өлді» – деп,
Кеп ұғылса мыншаға.
Қалдайлардың қанына,
Қақаншының шәріне,
Құлақ ұғып, көз көрген
Қимылды жұрттың бәріне,
Хан аттанып жол жүріп,
Қосын толып қонбай ма?
Атыс, тартыс, шу болып
Қан талауы болмай ма?

Қаншорам сені соймай ма?
У ашытар күбіңе.

Ұрысып түмен жау келсе,
Жәдігер ханы ер Қияз

Сенің қоса жетер түбіңе! – деп, *күйін-жанып, қайнаған Айшөрек Зұлпықарын жалт еткізіп, оқ жыландай оқталып, Қанишораны шабарда балуандар араға түсіп, ұстап қалады. Ашуланған Айшөрек сарайдың ішін даң қылып, орданың ішінде қақтығыс-шайқас болады. Бірнеше балуанның басы шабылады. Бірақ, қасында Күлшора жоқ, Ақжолтай жоқ, Бақай жоқ, Сары хан жоқ, амалдары қалмайды. Айқас кезінде шапшаң Қияз Айшөректің қылышын ортасынан қақ бөледі. Айдай қатын Айшөрек алты жерден жараланып, ақ емишekten қан кетіп тұрғанда, Қияздың балуандары оның қол-аяғын тастай қылып байлап алады.*

Мөңкісе үзіп шыға алмас,
Торға кетті Айшөрек.
Жәдігердің Қияз хан
Зорға кетті Айшөрек.
Жәдігердің Қиязы
Қызыл құйрық пілді алды,
Пілге жүктеп, ділдә алды.
Айшөректі бас қылып,
Ең сұлудан мынды алды.
Орда бұзып, олжа алып,
Ойласаң мұнша жанды алып,
Алтын менен күмісті
Жүктей алмай тұрады,
Аппақ келін, сұлу қыз
Үптей алмай тұрады.

Сонда Қияз Қанишораға: «Жетіөзенді жайлаған жәдігердің көп елін сенен аямаймын. Бірақ, мынау арғын мен қырғызың қиын. Сөзінде бұрмасы, көзінде бұзығы тұрады екен, осыларға сақ бол! Бұларды шұбатып, сынап байқасақ, сөйтіп ерендерін қырып тастасақ қайтеді?» – дейді.

Қанишора:

Бұл айтқаның қандай сөз?
Жылғынды-Кең -Қол, Таласты,
Орам десем, орамын.
Сорам десем, шулатып
Аждаһадай оп тартып,
Қалдырмай халқын сорамын.
Қиын жыным ұстаса,
Қыл қалдырмай бұл жұртты,
Қырғын қылып қоямын.
Шабысарға шама жоқ
Алысуға әлі жоқ,
Айқайымды естісе,
Жаулығын қойып жорғалар,
Ашулансам осы жұрт
Үйді – үйіне қорғалар!

Кеше қара судың бойынан,
Қаспан таудың бетінен,
Кең Дыңшаның шетінен,
Кең Орхонның бетінен.
Қарлы Алатау ойынан,
Қарқыраның бойынан,
Үкіршінің ойынан,
Үш қақпақтың шатынан,
Айғыржалдың астынан,
Шоқ тобылғы жайлаған,
Шоң қара атын байлаған,
Қалдайдың ұлы кәпірдің,

Алтыс жайсаң кенжесінің басын кесіп алып едім!» – деп бөседі Қанишора. «Сонда Жаңбыршының Ақбала деген оймақ ауыз, бота көз сұлу қызын Семетей маған берместен, Алмамбеттің ұлы Күлшораға беріп еді. Содан Күлшораны шер қылып, некесін қидырып, менің ішімді күйдіріп, одан кем қылып, ренжітіп еді.

Қатыннан құр қалғанша,
Қара жер менен тең болмай,
Қаһарланып сабылдым.
Манастың ұлы Семетей,

Мұнысына тарындым.
Ер өлтіріп, жұрт шашып,
Өтейін деп жүргенмін,
Жетіөзенде ер Қияз
Ер екен деп мен саған
Кетейін деп жүргенмін.
Түбіне бір қанқордың,
Жетейін деп жүргенмін.
Айтсам талай кебім бар,
Бір жол емес, мың сапар
Ол Семетей батырдан,
Қадырым қалған жерім бар.
Осы Ақбаланы маған қи,
Өктем қылған қатынды,
Өзім тоқал қылайын.
Көңілін маған бермесе,
Айтқан сөзге көнбесе,
Кементайды кигізіп,
Кер байталға мінгізіп,
Қой артына салайын.
Отыншы-сушы қылайын.
Мүшкіл қып, жанын қинайын.
Тірідей жасын сұрайын.
Көңілін берсе долыны,
Өңгеше сұлу кәпірді
Саусылдаған сары кілт,
Жалаң алтын бәрі кілт,
Көйлегіне тақтырып,
Көлеңке жерге бақтырып,
Елді түгел жияйын,
Ерке қатын қылайын.
Көңілін берсе, ол қатын,
Тойына тоқсан сойдырып,
Атын Айым қойдырып,
Ордасын бөлек жасайын.
Тіл алмаса ол қатын,
Малшыларға сабатып,
Қойшыларға талатып,
Аяғына шоқай кигізбей,
Етегін жерге тигізбей,
Жапанда түйе айдатып,

Күйгізіп, көзін жайнатып,
Күннің күні қылмасам,
Қинап жанын қимасам,
Қаншора болмай өлермін.
Тумай тұна шөгермін.
Бұл Семетей батырдың,
Елін қинап, топ қылам,
Енесін қинап, жоқ қылам.
Үйдегісін қырмасам,
Өрт өшкендей қылмасам,
Қаһарланып қақайсам,
Қаһарыма шыдамай,
Қара тас талқан болмай ма?
Қаншорадай береннің
Ашуына тигенде

Әлем талқан болмай ма? – деп, Қанишора айтып аузын жиганиша, Қулишораның зайыбы Ақбала жүйрік боз құнанына жайдақ мініп алып, асыл құрыш Ақтінтені қынынан суырып алып, бабалардың аруағын шақырып, құйғытып жетіп келеді. Сонда балуандары алдынан шығып, бөгет болып тұрғанда, Қанишора тағынан ырғып түсіп, алдынан қарсы атылады. Ақбала Қанишораға тақап келіп, Ақтінтемен жарамын дегенде, шапшаң, шынығып өскен Қанишора, жалт беріп, шолақ найзамен боз құнанды сүбесінен, өкпе-бауырдан салып жібереді. Боз құнаны құлап, бүк түскенде, Ақбала байғұс тік түседі. Соғысқа әбден машыққан, шапшаң Қанишора Ақбаланың қолындағы Ақтінтені айбалтамен қағып түсіріп, байлап алады. Сонда Ақбала тілін тартпай: «Бізге осынша зорлық қылғандай, осынша дұшпандыққылып, қырғын салардай, айуан құл саған біз қандай жамандық істеп едік? Сенің аталарыңды өлтірдік пе? Сенің ауылыңды шаптық па? Саған қастық қылдық па? Әттең дүние, сенен өшімді ала алмай қалдым-ау! – деп, қатты батырып сөйлейді. Бірақ, қаражолтай Қанишора оның

сөзін құлағына да қыстырмайды. Сонда қорғандағы құйрығы бір құшақ Шашыкей мұнарадан бақырып, қырық балуанды шақырып, жарлық қылады:

Анау қақылдаған кәпірдің,
Ақбала сынды қатынның,
Табанын тіліп, тұз салып,
Төбесін тіліп, құрт салып,
Кежір шапан кигізіп,
Кер байталға мінгізіп,
Қой артына салындар,
Мал бағар бейбақ қылындар!
Ондай тентек қатынның,
Ордаңдаған кәпірдің
Құтырған жынын тиындар!
Талпақтай сабап, керіңдер
Отын алып, су құйсын

Жылқышыға беріңдер! – дегенде, балуандар мақұл деп, айтқанындай қылады. Сөйтіп, Қаныкей менен Ақбала Қанишора ханға күң болып, әрең күнелтеді. Ақбаланы азаптап, жалаңаяқ сиырдың соңына салып, Қаныкей байғұсты бұзаушы қылады.

Мұны мұндай тастайық, енді Шөректі Қияз алғанынан бастайық. Жәдігердің Қиязы Шөрекке арнап түндігі алтын, бауы жез, ақ орданы құрады. Үлкен-кішіге, рулы елдің барлығына түгел хабар береді. «Жеті өзеннің бойына, қатын Шөрек тойына бәріңді шақырамын. Еспесіз малды соямын!» – деп, жар салады. Қияз Айкөлді сойып, қатынын олжа қылып алды деп, қалың елге ду болып, аспанды жарған шу болады. Тойды көреміз деп, қатын-қалаш, бала-шаға, кемпір-шал, жігіт – желең түгел қаптап келеді. Жетіөзенді жайлаған жәдігерлер Алтышар, Марғалаң, аяғы Бұқар, Самарқан, үсті Қоқан, Әнжиян, бәріне сәлем айтқан екен. Бұл хабарға әділдік жолын ұстаған ағайын, алыс елдердің хандары наразы болады:

Манастың ұлы Семетей,

Телегейі тең еді.
Ішін көрсең батырдың,
Жер жүзінен кең еді.
Ешкім азар салмаған,
Баласынан адамның,
Қорқып беті қайтпаған.
Осындай көкжал батырдың
Таласын қамап салдым деп
Қатынын тартып алдым деп
Жәдігердің Қиязы
Мақтанғанын қарашы!
Өзінен-өзі күпілдеп,
Дәу болғанын қарашы!
Жер үстіне Қияздың
Ие болғанын қарашы!
Халық атасы Манастың
Халқына тиген оңар ма?
Тура көкжал батырдың
Тұқымын қырған бола ма?
Белгілі еді, шер еді
Берен көкжал ер еді.
Қайнап жатқан Қақаннан,
Қайтарып тұрған бел еді.
Жұртқа тұтқа шер еді.
Түбі түпті Айкөлдің,
Тұқымы қарап тұрғанда
Бізді қандай дұшпан жер еді?
Балуан да еді, дәу де еді,
Барлығына ол батыр,
Пана болған ер еді.
Ел тұтқасын жоғалтып,
Иелеп малын алдық деп,
Қатын тартып алғанға
Бір мақтанып қалдық, – деп,
Құлжаңдаған Қияздың,
Құтырғанын қарашы!
Жеткілең шерді өлтіріп,
Жердің-судың бір өзі
Иесі болған екен ғой?!
Жер үстінде адамның
Жерге кірген ол Қияз,

Дәуі болған екен ғой?!
Арыстан Манас жоғалмас,
Қаралық қылған Манасқа,
Қияздың ісі оңалмас!
Жылғынды Кең – Қол, кең Талас,
Біз жасаған жер емес!
Қабылан айкөл, ер Манас
Біз жаратқан ер емес!
Қатынын алып, той қылып
Қара басқан, хан Қияз
Қырылғалы жата ма?
Адырлы Кең-Қол, кең Талас
Аттай салар бел ме екен?
Айкөл көкжал Манасқа
Адам тиер ер ме екен?
Жәдігердің Қиязы

Бұл қылығы жөн емес! – деп, *бұзылған Шамбыл жайлаған Бұрымбек хан мұны айтып, тойына қарсы болады. «Бұл айтқаның шын болса, қызталақ Қияздың тойы топан болсын! Той бермесе қойсын!»* – деп, *талай жан жерге бір түкіріп, жер-жеріне қайтады, талай жан қайғыға батады. Ханның тойына да, ойына да қарсы шығып, нәлетін айтады.*

Мұны былай тастайық, бер жағынан бастайық. Жетіөзенге жеткенде жәдігердің ер Қияз бұйрық қылып, Айшөректің ордасын жақұт, гауһар тастан жарқыратып қойдырып, алтындап, күмістеп, адамның көзін қызықтыратындай қылып, әсемдетіп салдырады.

– *Сұраса бермес тұлпарға суық құрық салдым! Ойласа тимес Шөректі олжа қылып алдым! Мың түйе, мың қараша бие тартамын. Тойлаңдар! Күресіңдер! Сайысыңдар! Осындай той қылдық деп асырып айтыңдар, қалағаныңды алыңдар, дүниеге жар салыңдар! – деп, балуан күрестіріп, батыр сайыстырып, той жасап, некесін қидырып, Айшөректі Қияз алады.*



Айшөректің толғағы

Шөректі Қияз алғанда,
Таласқа тозақ салғанда,
Ахунның қызы бейшара
Өлейін десе, өле алмай,
Өлмей тірі қалғаны,
Семетейден қалыпты
Үш айлық бала бойында.
Береннен белгі қалды деп,
Перизада бар болғыр,
Құрсақтағы үш айлық,
Баланы медет қылыпты.
«Қайраннан қалған тұяқ жоқ,
Көкжалдан қалған белгі жоқ,
Осындай екен дүние шоқ.
Олжа қылып бұл басты
Мейлі Қияз алсын деп,
Ер тұтқасы ереннен,
Ел бастаған береннен,
Артына тұқым қалсын» деп,
Ақылман жеңген Айшөрек
Жүрген екен амалсыз.
Іңір түсіп, күн бата,
Халық ұйықтап, ел жата,
Арқа шашын өреді.
Зор Қияздың қойнына
Жанындағы нөкерін
Өзі қылып, құбылтып,
Жатқызып оны береді.
Адал басын ақ сақтап,
Әр немеден сақ-сақтап,
Қасиетті бейшара,
Кереметі бірталай,
Кең көйлекті зайыптан,
Артыла шыққан жан екен.
Перизада бейбақтың
Тілінде мөрі бар екен.

Дүниені сыдырған,
Ай-әлемнің барлығын,
Ұшып жүріп, қыдырған,
Дуагерлігі бар екен.
Ұшқанын жұма күн білген,
Жүргенін қадыр түн білген.
Бір құбылып ұшқанда,
Қайда ұшқанын кім білген?
Ыранды түзді жайлаған,
Көзді бояп, дуалап
Адамның көзін байлаған.
Адамға біткен ақылдан
Қылдай неме қалмаған,
Қарғысы жаман, зәрі күш,
Қарғағанды қылар түз.
Беделін көрген шошыған,
Көз байлаған сиқырды,
Көбірек дана оқыған.
Артық жайлап жіберсе,
Жаздың күнін қыс қылған.
Жайлаудың бәрін мұз қылған.
Тегін деп айтпа Шөректі,
Тегі бәле дүмекті,
Бекер деме Шөректі.
Сұлулығы, сымбаты,
Пендеде жоқ бейбақтың,
Бейілсіген қымбаты.
Күндізінде Қиязды
Жан қуантып жалдапты,
Түн кіргенде Қиязды
Көзін бояп алдапты.
Мұныменен Қиязда
Кенедей арам қалмапты.
Күн бөксеріп, ай өтіп,
Шөректі Қияз алғанға,
Тоғыз айға толыпты.

Он айға жақын болыпты.
Іс жетіліп, күн бітіп,
Уақыты жетіп, күн өтіп,
Айдай қатын Шөрекке
Жұманың қадыр түнінде
Толық толғақ жетіпті.

*Сөйтіп, белі сыздап, сай-сүйегі
сырқырап, ауырып, толғатқан уақытта
Айшөрек ойлайды:*

Найзаға таққан желекті
Атасқан берген белекті.
Тұлпардан қалған тұяқты
Тұйғыннан қалған шұнақты.
Түп-тура құдай көргіз деп,
Құдайдан сұрап бейшара
Құрсақтағы баланы.
«Дұшпанға шегін білгізбей
Аман алып қалам ба?
Зорлық қылса оқыстан,
Тіктеген көзді оя ма?
Арыстаннан қалған шұнаққа
Дұшпандық қылып қоя ма?
Кемеліне келтірмей
Кешіктірмей соя ма? –
Деп зарланып Айшөрек
Көзінің жасы төгіліп,
Ұмай ене Зураға
Ұялмай ішін оңдатты.
Шек білгізбей ешкімге,
Жеті күн долы толғатты.
Шыбындай жаны шырқырап,
Шын құдайдан бұл қатын,
Шындап бала тілепті.

*Айшөрек тоғыз күн толғатқан екен.
Оны таудай Қияз көріп: «Жәдігердің ұзын
құлақ, көпті көрген кәрілері түгел келіңдер!
Айды есепке салатындарың келіңдер!» –
деп жинап алады: «Ал, мынау айдай қатын
Шөректің бүгін тапқан баласы кімдікі
болады? Осыны біліңдер!» – дейді.*

*Ақылмандар күнді хатқа салып, айын
санап, содан сақалдысы – ер Құты Қиязға:
«Айды есептеп келгенде, он екі айға*

*толыпты. Қатынның туатын баласы-
өзіңнің балаң! Қияздың ұлын қошқар қылып
алайық. Олжа қатыныңыз ұл тұса, біздің
ісіміз жаман болмас.*

Қанаттыға қақтырмай,
Тұмсықтыға шоқытпай,
Кірлі аяқтан ішкізбей,
Кірлі киім кигізбей

*Берен Қияздың ұлы деп, жақсылап
бағайық, андай-мұндай өсек сөздің бәрін
тоқтатып, осыған қылыштың жүзін
жалап, ант берейік! – дейді.*

*Сонда жәдігерлер: «Міне, Құты
батырдың айтқаны ақыл» – деп, осыған
уәделесіп, тарқап кетеді. Бірақ, жәдігердің
ханы Қияз – ойы арам жан екен. Ол жеті
сиқыршы кемпірді үйіне шақырып алдырады.
Бұлар бір жалмауыздай сиқыршы, өлсе көзі
тоймаған, жұртты бұзғанын қоймаған,
бәле құған, көз байлайтын мыстандар екен.
Арам Қияз жетеуіне жеті ұстара береді:*

*– Егер де Айшөрек қыз тұса, онда аппақ
қып орап алыңдар да, сүйіншілеп келіңдер.
Мына ұстараның жүзін айдаһардың уына
суардым. Егер Айшөрек ұл тапса, осы
ұстарамен кіндігін кесіңдер де, білдірмей
көзін жоя салыңдар. Осы баланың көзін
жойсаңдар, сендерден алтын-күмісті
аямаймын. Өздеріңді ене қылып аламын,
қаншама мал беремін, – дейді.*

*Жеті бұзық кемпір: «Сенің мұндай ісіңе
жараймыз, баланың көзін жоямыз!» – деп
сөз береді.*

*Хан Қияздың үйінде отын әкеліп, су
құйып жүретін Қарашаш деген күң бар
екен. Ол мұны естіп қойып, Айшөрекке
келіп: «Мына жеті зұлым кемпір дуалап,
көзіңді ойып, балаңды союға келе жатыр!»
– дейді.*

*Іле-шала жеті кемпір де келіп қалады.
Айдай қатын Айшөрек:*

*– Апаларыңа сары самал қымыздан
құйыңдаршы! Шөлдері басылып, көздері*

ашылсын! Ал енді жаным шығып барады толғақтан. Енелерім, ауырған жерімді басып, көзімді ашыңдар!—дейді. Әлгі Қарашаш епті екен, кемпірлерге у қосылған қымыздан құйып бере қояды. Қастық ойлап келген сиқыршы, мыстан кемпірдің барлығы да өліп қалады. Бір адамға білдірмей, қоламтаның шекесін орай ойып, мыстандарды белінен бір бүктеп, жиегіне тыға салады.

Таң сәгіліп атқанда,
Долының ісі оңалды,
Төбеден шолпан қосылып,
Белгі болып, босанды.
Туған кезде баласы
Ырымы мұндай, қарашы
Оң шекеден күн шығып,
Сол шекеден ай шығып,
Белгі болып баланы,
Айдай қатын Айшөрек,
Еркек бала туады.
Маңдайға сайған желек деп,
Батырдан қалған белек деп,
Ту қазына шұнақ деп,
Тұлпардан қалған тұяқ деп,
Қуанғаннан Айшөрек,
Риза болды болқылдап,
Сүйінгеннен солқылдап,
Туылғанда бұл бала,
Ерекше болып көрініп,
Арқасында қара жал,
Екі айырылып, төгіліп,
Ойраны көкжал шерінің,
Аумаған бала өзіндей.
Тіктесе жүрек жанғандай,
Көрсен мейірім қанғандай.
Қабылан көкжал батырдың
Аузынан түсе қалғандай!
«Күндегі күйік жоғалса,
Аман болып, шоңайса,
Ересен тартып, ер болып
Ер ұлымен тең болып,
Жетім жүріп жетіліп,

Жылғынды-кең Қол, кең Талас
Жерін табар ма екен деп,
Жырғалды арғын, көп қырғыз,
Елін табар ма екен деп,
Қаншора менен Қияздан
Аман болса бұл балам,
Кегімді алар ма екен деп.
Жаман қатын сияқты,
Боздай беріп не етейін?
Өзіңнен туған бала деп,
Одан гөрі Қиязға
Шек білгізбей жетейін.
Алпыс танап, мың ақыл
Жақсы ойланып алайын,
Еркек туып бердім деп,
Жәдігердің Қиязға,
Аямай міндет салайын.
Бек бекітіп жанымды
Жалғызымды бағайын! – деп *Айшөрек*
өз кірін өзі жуып, өз кіндігін өзі кеседі.
Баланы ақ көйлекке салып орап, жәдігердің
Қиязға алып барады.

– Ал, хан батыр, Қияз, сүйінші, міне балаңыз!

Мойнына тұмар тағыңыз,
Белгілі қатын туды деп,
Беренім Қияз бағыңыз.
Мұраға келген балаңды
Мұрагер қылып алыңыз.
Жетіөзен екен жеріңіз,
Жетіөзенді жайлаған,
Жәдігер екен еліңіз.
Жұртыңды жинап, жайнатып,
Жақсылық тойын бермепсіз.
Басынан бала көрмепсіз.
Сүйінші, Қияз сөзіме,
Аманатың айтайын,
Арыстан Қияз, ер шіркін
Батыр, алып келдім өзіңе,
Кеңіпті, кепкен жолыңыз,
Аман бала шоңайса
Әлемге жетер қолыңыз
Дұрыстап жақшы, сананды

Бағып ал Қияз, балаңды!»

Сонда Қияз тіл қатпай, көзі алайып, күркіреп, қаһарланып, айла білгіш, ақылға кенен мықтыларын шақырып алады. Ақылманы жұрттың құтманы, жағғы ашылған шешені, айтқан сөзі нұсқа болған даңғылы Құты Қиязға:

Балам Қияз, парқың бар,
Құтман айтқан бір сөзді
Ұғып, көкжал біліп ал,
Ұлым Қияз, тілімді ал!
Ханды құдай ұрарда,
Қатынымен қабысар,
Халқыменен шабысар.
Найза қармай бауласар,
Жақынымен жат болып,
Өз елімен жауласар.
Ханды бәле басарда,
Жұмсаған құлын кесектер,
Үйінде асын есептер.
Хан басынан бақ кетер,
Астынан алтын тақ кетер,
Ала асқардай бел кетер,
Қарға тандай шұрқырап,
Одан кейін ел кетер.
Жақсының басы сау болар,
Ханды құдай ұрарда
Халқы тұрмақ, қойнында,
Қатынымен жау болар.
Батыр Қияз сен едің,
Жұрт шешені мен едім.
Бөліп тұрсың санаңды
Бөлектің ұлы депсің ғой,
Бүйректен шыққан балаңды.
Алғаның он бір ай болып,
Бақыт, дәулет қоныпты.
Еркек туып зайыбың,
Жұлдызың оңнан жаныпты.
Перизада бейбақтың,
Бек ағарар ойын қыл,
Бұл баланың тойын қыл!
Тойыңа тоқсан қара сой,
Менің ұлым болды деп

Баланың атын өзің қой! – деп, сөзді келтіріп айтады. Бұл Құты сөзге шешен, келер мен кетерді кеңінен білген жан екен және Семетейге дұшпандық қылған Қиязға іштей өш екен. Оның епті сөзінен ел шұрқырап, осы дұрыс сөз деп, мақұл көргеннен кейін, Қияздың амалы қалмайды.

Халайық мақұл көргенде
Қандай қылар зор Қияз?
Елсіз қалса қор Қияз.
Қолын алып артына,
Көп сөйлемей, тіл қатпай,
Ойлап тұрды бұл Қияз.
Жетім жүріп жетілсе,
Өш алып түпке жетерін,
Біліп тұрды бұл Қияз.
Күйіп-жанып, шоқ болып,
Айшөректен азырақ,
Шошығаннан тоқталып,

Арам ойлы Қияз өтірік айтып, аузының ұшымен алдап сөйлейді де: «Бұл оңбағыр баланы қолыма алып, ат қойдыра салайын да, ыңғайы келгенде бір есебін табайын!» – деп ішінен есебін ойлап қояды.

– Ал енді алып кел, ұлымды көрейін, аузымды ашып өбейін, бауырыма басайын. Ақ сақалды, көпті көрген кісілерге ат қойдырып алайын! – деп сұм Қияз баланы сұрағанда, бермей қоюға шарасы жоқ, ал берсем балама қастық қыла ма деп, байғұс Айшөрек көңілі бөлініп, уайымдап қалады. Сонда, баланы сұраған Қияздың аждаһа сияқты түгі шығып тұрғанын байқайды. Айдаһар түрін көріп, Айшөрек өзін-өзі қайрап: «Қалайда осы баламды аман алып қалайын!» – деп, бел байлап, жібекке ораған жас баланы Қиязға амалсыздан береді. Қияз баланы алғанда салмағы тастай ауыр екен. Етігінің тақасы жерге кіріп кетеді. Сұм Қияз бұл баланың жау боларын біле қойып, миығынан күледі. Сөйтіп, хандарына: «Бұл бала емес, қызыл бәле. Бұның бізге дұшпандығы түрінде тұр. Салмағынан жан шығады. Ертең өсіп

жетілсе, бізге жау болады. Обалы болса, мойным алайын, баланың жанын қияйын, есебін табайын. Тамырын суырғандай қылайын, тұқымын құртайын!» – деп, көзін жоймақ болады. Бірақ, Айшөрек алтын сабына гауһар қондырған, Ақтінте деп ат қойған Семетей береннің ақ қанжарын қынынан суырып алады. Оның түрін көргенде Қияздың көп төресі шошынып, қақ жарылады. Баласы үшін шырылдап, қаһарланған Айшөрек Қиязға:

Жетіөзен қайқы жерінді
Жер екен деп келгенмін.
Жетіөзенде жәдігер
Ел екен деп келгенмін.
Жәдігердің ер Қияз
Мен сені шер екен деп келгенмін.
Батыр Қияз сен десем,
Қатын Қияз екенсің.
Арам пейіл, қытымыр
Кәпір Қияз екенсің.
Жеті сан қара жәдігер
Жемістен жұртың тоқ па екен?
Олжаға келіп ұл тапқан,
Еліңізде ер Қияз,
Мендей күндер жоқ па екен?
Құлалы деген құрған құс,
Құбылып ұшқан далаға,
Жанымды құрбан қыламын,
Жатырдан шыққан балаға.
Ежелгі жаным аямай,
Есер Қияз, ұқ мұны,
Сені қылам садаға!
Ажылдасаң зор Қияз,
Ақтінтені маламын,
О Қияз, сені жарамын!
Шаранада баланың
Шатағын қайтіп сен білдің?
Қураған Қияз оңбай қал,
Егерде екі болмай қал!
Құрсақтан шыққан бұл бала
Құланды қуып қашты ма?
Қоржында бұлың шашты ма?

Алаңды ала қашты ма?
Ақ алтын жиған қазынаң
Қазынаңды шашты ма?
Мұны өлтіріп сойғандай,
Тыным ғылып қойғандай,
Хандарыңды сойды ма?
Халқыңды билеп шу салып,
Жаның шыққан кәпір құл
Жас бала дұшпан болды ма?
Құдай бар-ды, қу Қияз
Дуа оқып, сен үшін,
Аққу кебін кимесем,
Атекем Ахун шәріне,
Талықпай ұшып жүрмесем.
Кең Үргеніштен қол алып,
Жер жайната мол алып,
Басыңа бәле салармын.
Қылыш қамдап, тас алып
Бөліп тұрсың сананды.
Өлтірмек болған екенсің,
Өзіңнен шыққан балаңды.
Жәдігердің сен Қияз,
Көп істі салдың санама,
Көбірек дұшпан болыпсың,
Денеңнен шыққан балаңа!
Бұзылыпты көрген түс
Өз баласын жау көрген,
Қызыталақ оңбағыр,

Қылымда болмас мұндай іс! – деп,
Айшөрек өкім сөйлеп, Қияздың сүйегінен
өткізіп айтып, баласын қолынан жұлып
алады.

Сонда, Айшөрек шынымен Ахун ханның
қаласына ұшып кетіп, әскер алып келіп,
соғыс бастаса, түбіне жетерін біліп, Қияз
қарсылдап күлген болады.

Сырттан қатын Айшөрек
Сынағанды білмейсің.
Сыртқы жауды көргенсіп
Балаңнан бетер тілдейсің.
Ойнағанды білмейсің,
Орайы жаман қатынша,
Одырандап тілдейсің.

Оңбаған Шөрек, оңбайсың,
Әр уақыттан бір уақыт,
Қайратыңды қоймайсың!
Бүйтсең Шөрек оңбайсың.
Сынасам жолды торлайсың,
Ботам, тура тапқан балама
Дұшпандық қылсам оңам ба?
Жаңадан туған ұлыма
Жамандық қылсам бола ма?
Перизада парқың бар,
Мелтіреген құрғырдың,
Ерлігі қанша болар деп
Сынап едім қарқыбар.
Айдай қатын Шөрегім,
Кеудеде ыстық жүрегім,
Жаныма жатар өбегім
Жан жырғатар ермегім!
Қатын алып, үй күтіп
Керемет сендей көрмедім!
Сұлулыққа сұқтанып,
Шырайыңа кім жетер?
Қайраттансаң қақайып,
Қаһарыңнан кім өтер?
Қойдым, Шөрек, көндім деп,
Екі тізгін, бір шылбыр,
Ай сұлуым, саған бердім, – деп,
Ыржақтап күліп бұл Қияз:
«Өлгенде көрген балаңның
Тойына тоқсан сойдырғын.
Бәйбіше қатын Айшөрек
Баланың атын қойдырғын.
Екі тізгін, бір шылбыр
Бердім Шөрек, алыңыз.
Елді жолға салыңыз
Деген сөзге көніңіз.
Жәдігерге сен Шөрек,
Ене болып беріңіз.
Қатын ханы болыңыз.
Қарсы келсе Қиязды
Қолыңызбенен сойыңыз.
Ұшамын деген ұят қой,
Ұрғашы шері Айшөрек
Мұндай сөзді қойыңыз! Ал, енді баланың

атын қойыңдар. Ат қойғаныңа бие бастаған
бес тоғыз беремін!-дейді.

Бірақ, жұрт не істерін білмей тұрып
қалады. Өйткені, бәрі де ханның қаһарынан
қорқып: «Бұл Қияздың ұлы емес. Зор
Қияздың жыны ұстап кетсе, ат қойған
адамның басын кесіп тастар! – деп, бата
алмай тұрады.

Сол уақытта бір қызық іс болады.

Сәлдесі бар қазандай,
Қиқырса үні азандай,
Бір кісі келіп қалады.
Ата Қызыр өзі екен.
Баланың атын қоюға
Келіп қалған кезі екен.
«Аты Сейтек болсын деп
Аумин!» – деп сол жерде,
Қос алақан жайғанда
Бәрінің қолы жайылды.
Дүниеге келген баланың
Аты Сейтек қойылды.
Жұрт тұрғанда таңданып,
Қияз шықты шамданып:
«Мына қожыраған немені,
Зынданға қармап салыңдар.
Ел бүлдірген сұм шығар,
Есебін бүйтіп табыңдар! – деп әмір
береді. Қияздың балуандары ұстайын деп
жатқанда, әлгі кісі көзден ғайып болып
кетеді. Сонда қалың жәдігер: «Баланы
Қызыр шалып, атын Сейтек деп өзі қойды!»
– деп, тойын тойлап: «Аман болса бұл шұнақ
қылымға татыр!» – деп ойлап кетеді!

Айдай қатын Айшөрек
Аты Сейтек баланы
Бір кісіге көрсетпей,
Болат есік сарайға
Болжалы жоқ далайға
Мойнына тұмар тақтырып,
Әлдилетіп бақтырып,
Кірлі аяқтан ішкізбей
Кірлі киім кигізбей
Қанаттыға қақтырмай

Қамшылыға тартқызбай,
Жетімдігін білгізбей
Жәдігер тілін тигізбей,
Бозала тұйғың болпаң деп,
Көкжалдан қалған шолпан деп,
Тұлпардан қалған тұяқ деп,
Белестен аққан бұлақ деп,
Бегімнен қалған шұнақ деп,
Баптап бақты баланы.
Ахунның қызы бейшара
Ойнап кетсе шұнақтың
Түбіне біреу жетер деп,
Оқысынан қисайтып,
Біреу өлтіріп кетер деп,
Ерлікке салып Айшөрек
Күндізінде дем алмай,
Түн ішінде ұйқы алмай,
Сақтап бақты баланы.
Айшөректің айынан
Күбір сөз қылып жүре алмай,

Шөректен қорқып бұл Қияз
Ол балаға тие алмай,
Қазыдан кесіп жегізді.
Қияздың ұлы дегізді.
Жас Сейтегін түнетіп,
Ерлікке салып Айшөрек
Ептеп бағып баланы
Ересен тартқан ер қылды.
Ер ұлымен тең қылды.
Тілегін құдай беріпті
Он үшке бала келіпті.
Ерге лайық, көзі тік,
Көрсен бала шіркіннің
Көп адамнан сөзі тік.
Асты қалың, түкті жер
Қалыңынан түткендей,
Азған-тозған еліне,
Бел болары көрінді,
Бет алса жауды сүргендей,
Шер болары көрінді.



Табысу

Бір күні бала Сейтек Жетіөзеннің даласына аң аулауға шығады. Қолына ақ иық бүркітті қондырып, адыр-күдір төбені асып келе жатса, қара құла ат мінген, қарағайдай найзасы бар, қынсыз қылыш байланған зор денелі бір алып батыр кісі алдынан шыға келеді. Бала Сейтек батырсынған біреу болса, мұны көрейін, астындағы құла атын олжа қылып алайын деп, жас бүркіттей алдынан қарсы келеді. Жас жолбарыстай желігіп, атасы айкөл береннен аумай жетіп барғанда, әлгі адам атынан түсіп, балаға амандасады. Бұл Қарадәу екен, он үштегі Сейтекті әдейі көруге, сырын айтуға келген екен. Қарадәу: «Айкөлден қалған белегім, қайраннан қалған шырағым!» деп, Сейтекке бүкіл сырды, шындықты айтады.

«Сарыөзен, Талас жеріңді, сағынған қырғыз еліңді көретін күнің бар ма екен? Елің қайда? Жерің қайда? Айналайын Сейтек, сенің атаң Семетей қайда екені білінбей, көзге ілінбей гайып болып кетті. Жәдігердің Қиязы мен Шуақтың ұлы Қаншора екеуі бірігіп, қастық қылып, елді шапты, қыз-келінді күңдікке әкетті. Талап алды халықты. Қайран атаңның тірегі ер Күлшора батырдың оң иығын ойып, сол иығын сойып, қырық жылқышы балуанға отыншы қылып қойыпты. Қартайған Бақай бабамызды да малға салып, қорлықта ұстап отыр. Жылғынды Кең–Қол, кең Талас жеріңді, ақ қалпақ жырғалды қырғыз еліңді, айналайын Сейтегім, қашан тауып аласың? Мен енді жердің жүзін қыдырып, алты ай

жол жүріп, ауруға себепкер Момынжан атаны тауып келемін. Момынжан ата арғы атаң Манас шермен о дүниелік дос болған, емші, тәуіп. Тірі болсам Момынжанды алып келіп, өзіңе бір көрсетемін. Ал жаралы Күлшора өзіңе аманат, Қияз оны өлтіріп тастамасын!» – деп, Сейтекке тапсырып, Қарадәу алты тұлпар атпенен, Айшөрек берген хатпенен Момынжанды іздеп кетеді. Ол күндіз-түні жол жүріп, Күнжітке жетеді. Күнжіттің бойында Момынжан тұрады екен, қырық күншілік жол екен. Сөйтіп, аяулы Момынжан атаны Қарадәу іздеп кете барады.

Мұны мұндай тастайық, енді арманды болған Күлшорадан бастайық.

Оң далысын ойдырып,
Оңбай жүрді Күлшора.
Сол далысын сойдырып,
Сорлап жүрді Күлшора.
«Қара қия қапшалға,
Жол салғанда бір өлмей,
Қайнап жатқан дұшпанға
Қол салғанда бір өлмей,
Найза қармап топ бұзып,
Жетіктеп белді құрсанып,
Жеті түмен қол келсе,
Жеке аралап қол салып,
Тиіп тұрған кезімде
Сонда өлмей не болдым?
Мүйіз сынып, бас қалып,
Тоқал болған екенмін.
Құйрық жалдан ажырап,
Сопал болған екенмін.
Абакем аман барында
Жаяны кесіп жеуші едік,
Жалпы дұшпан келгенде
Жаналғыш қайда деуші едік.
Өзеннің бәрін өрт алып,
Қия жетіп қоныппын,
Қымбатты шерден айрылып,
Өрт сөнгендей болыппын.
Кең дүнием тар болды.

Келберсіген сорлы жан
Шеміршекке зар болды.
Ер сыйлаған асыл бас,
Қарағұлға қор болды.
Тұлпар мінбес сорлы бас
Бір байталға зар болды.
Айтар сөзін айта алмай
Зарланып жолға кете алмай
Күлкісі күнді батырған
Тамаша таңды атырған
Таласта жұртқа жете алмай
Ғарып болып қалтаңдап,
Арқалап отын талтаңдап,
Шөлдеп өлмек екенмін?
Қаруы қымбат, зәрі күш
Қаншора, Қияз екі дәу
Көрден өлмек екенмін!
Қырсық байлап дем кетіп,
Жерден өлмек екенмін!
Жылқышы басы Қарағұл
Ожар, тентек, ит қиял,
Иттен өлмек екенмін!
Өлмей – жітпей шоқ болып,
Күйіп өлмек екенмін,
Арқалап отын көтеріп,
Жүріп өлмек екенмін!
Қапшағай едім – жол болдым,
Ханзадамнан айрылып,
Қараң күн, қу бас қор болдым!
Айкөл шерден айрылып,
Артықша жаман сор болдым.
Шабысарға әлім жоқ,
Қуатты екі қолым жоқ!
Арқалап отын көтеріп,
Көрген күнім қалың сор,
Үзілмей, шырмап бекем тор,
Бассам, жолым терең ор!» – деп Күлшора арманын айтып, зар жылап жүреді. Кейде Айшөрек жеңгесіне өкпелейді.

– Айдай жеңгем Айшөрек енеміздің орнында болып еді. Әлде мені іздемей жүргені, ұмытты ма екен? Қиязды көкжалдан артық көріп, қазыны кертіп

жесп, Қиязға көңілін беріп, жеңгемді құдай ұрды ма екен? Перизада бейбақ, мені ұмытқан шығар! Әйтпесе, жыртылған тонымды жамап беріп, байлаулы қолымды Қияздан босатса да болар еді зой.

Қанатымды жайып, сергісем, бұларға қызықты көрсетер едім! – деп армандайды.

Бірақ, солай қиналып, қайғырып жүрсе де, Семетейден қалған тұяқ бар деп үміттеніп, өлмейшыдап жүреді. Семетейдің ұлы Сейтекті ер ұлымен тең қылып, Қияз бен Қанишораны төбесінен бассам, Таласқа қайта барсам, елімді, жерімді көрсем деген арманмен жүреді. Ешкі тонын киіп, еңкейгенде тақым еті көрініп, күні бойы отын арқалап, қалжыраған абаңды кешке қарай жылқышы басы Қарағұл қаһарланып жер сабап, қалмақша би билетіп, әбден азапқа салады. Шораның түрін көргенде, көргеннің барлығы жылайды. Тамақ орнына жылқының тобығын беріп, тоғыз күн қара су ғана беріп, азаптайды. Шораның әлі құрып, еті көк жастық, қаны бір қасық болып қалады. Көзі алақтап, буыны босап салақтап, ақылынан танған Күлшора қамшының сабындай ғана болып көрінеді. Бір кездегі таудай шора инеліктей болып қалады. Қарағұл Бағыштың сүйкімсіз ұлы екен, ашуланса, бақырып, сойылмен сабап, жанын қинайды. Бірақ, жылқышылардың ішінде Күлшораға дос болып жүрген Бозбала бар екен. «Айдай қатын Айшөрек еркек бала туды» – дейді. Күлшора Сейтек баланы:

«Таудан бұрылған бұлақ деп,
Абамнан қалған тұяқ деп,
Найзадағы желек деп,

Абамнан қалған белек!» – деп, сағынып жүргенде, қабылан Семетейдің өлгеніне он екі жыл толып, Сейтек мүшелге шығып, атасына тартқан шер болып, атасына тең болып өсті дегенді Бозбаладан Күлшора жақсылап ұғып алады. Қуанғаннан Күлшора еш адамға білдірмей, ішінен садақасын

айтып, енді Қарағұлға барып мұрсат сұрап, айдай жеңгесіне жолығып келуге, хан ордасына баруға бел байлайды.

Қарағұлға келіп, жүгініп, бүгіліп сәлем беріп: «Хан үйіне барып келуге рұқсат бер. Мына киімімнің барлығы жыртылып бітті. Ханның үйіне барып киініп, ас ішіп келейін. Маған жеті күн мұрсат беріңіз!» – дейді. Сөйтсе Қарағұл: «Мына құл құтырған екен, мұны қамшылап сабаңдар, жылқышылар!» – деп, аямай сабайды. Жылқышылар сабап жатқанда, Бозбала айбалтасын ала салып, арашаға түседі:

Араша ерлер, араша,
Арашаға көнбесең,
Ақыры болар тамаша.
Еренді ерен қорласа,
Береннің жолы бола ма?
Арыстанға ұрынып,
Ақыры жігіт оңа ма? – дейді бозбала.
Сөйтіп арашалап тұрғанда, Күлшора қайтадан Қарағұлға жалынып сөйлейді.

Жылқышы басы Қарағұл,
Хан екенің тағы шын.
Қадыр, дәулет бақытың
Бар екені тағы шын.
Ала асқардай зонқайған
Бел екенсің Қарағұл!
Жылқышыға сен өзің
Ер екенсің Қарағұл.
Қайраттанып шапқанда,
Қайран басты кесерсің!
Қабылан басым қор болдым.
Ақ болат едім, мұқалдым.
Ерлік -керлік шақ кетті,
Өле тұрған тап жетті.
Сүйегім қалды салдырап,
Көзім қалды жалдырап,
Естен танып, күн өтіп,
Өлгелі тұрам осылай,
Қиын болсаң Қарағұл,
Айтқан тілді алыңыз,
Қыстай бермей бұл басты,

Қинамай сойып салыңыз!
Батыр да едік, шер де едік,
Білекте қуат барында,
Бәлекет қайда дер едік,
Қара болат Зұлпықар
Көтерген ердің өзі едік.
Таудай, таудай алыпты
Жайлаған ердің өзі едік.
Қырғызға қызыл ту едік,
Дұшпанға ызы – шу едік.
Шама кетті, қан кетті,
Мен байғұстан әл кетті.
Жағасы алтын жеңі жез
Үстімнен шоқпыт тон кетті.
Қикырса қырғын салушы,
Күлшорадан қол кетті.
Шапшитұғын шама жоқ,
Шалыса кетер дәрмен жоқ,
Мүсәпір болдық біліңіз.
Батырлығың шын болса,
Сұраймын мұрсат, көңіңіз
Бір жылқы күшін беріңіз,
Хан алдына барайын,
Сұрап киім алайын!»
Мұндай сөзді ұққанда,
Қайраты бар Қарағұл:
«Барсаң құлым барып кел,
Белгі деп белек алмай кел.
Үміт қылсаң жаныңнан
Жеті күннен қалмай кел.
Жеті күннен кешіксең,
Құлтыңдаған құтырғыр,
Тірідей шұқимын көзіңді.
Кементайды киіп бар
Қараң қалған жылқының,
Қарматқанын мініп бар!

Уағдадан танбай кел! – деп, рұқсат береді.

Жылқыға келіп, бұрын тұлпар таңдайтын қайран ер бір байтал таппай зар болып, қара ноқтасын көтеріп, жылқыны аралап жүрсе, бәрі Күлшораның түрінен шошып, үркіп қашады. Сөйтіп жүргенде

қалың жылқының ішінен қабыланның боз байталы Күлшораны көріп оқыранып, иығына басын артып тұра қалады. Айтайын десе тілі жоқ жануар шораны иіскеп тұрғанда, Күлшора ноқта салып, хан Қияздың ордасына тартады.

Ордаға келіп түсіп, байталын ағашқа байлап жатқанда Күлшораны көріп, Қияз қаһарына мінеді. Шора қорқып, қол құсырып сәлем береді. Күлшораны көргенде Қияз бұны өлтіргісі келіп, миығынан күліп: «Мына құтырған құлды баяғыда өлтіріп тастамай... Бұл әлі жүр екен ғой. Мен бұның басын алайын!» – деп, айбалтамен шораны бір салады. Батыр шора жығылып қалғанда, Қияз аямай тепкілеп, басын алайын деп жатқанда ордада отырған Айшөрекке біреулер: «Алмамбеттің ұлы Күлшораны Қияз өлтірейін деп жатыр!» – деп айтады. Айшөрек жүзгіріп жетіп, Қиязға ұрсып береді:

Құл құтанға қол салған
Ерен сендей бола ма?
Құтырғандай жұлқындың
Сені ер деген оңа ма?
Оңбаған Қияз, оңбай қал!
Егерде екі болмай қал!
Әр қашаннан, бір қашан,
Күң, құлыңды қорладың
Оңбаған Қияз, оңбадың! – деп,
қайраттанған Айшөрек таудай Қиязды итеріп тастап, шораны астынан жұлып алады.

Таудай Қияз сен десем,
Тобықтай Қияз екенсің!
Қайра тартпас шын жайды
Көруші Қияз екенсің!
Айдалада дардайып,
Өлуші Қияз екенсің!
Токтай тұрғын, ер Қияз
Аққу кебін кимесем,
Атам Ахунның қолын жимасам,
Сенің қиырыңа қырғын салмасам,

Қылыштап басың алмасам,
Астығың көктей ормасам,
Бәлені басқа салмасам,
Арманың болса, зор Қияз
Сенен қайдағы кегімді алмасам!
Су жаярмын үйіңе,
Өлмесем, бір жетермін түбіңе!»
Мұны ұққанда зор Қияз
Бұғана сүйегі болқ етіп,
Бауыр, ішегі солқ етіп:
«Оңбаған, Шөрек, оңбайсың,
Әр қашаннан, бір қашан,
Қайратыңды қоймайсың,
Тыңдырар едім мұныңды
Айдай Шөрек болмасаң

Өлтірер едім құлыңды!» – деп, зор
*Қияз ырсалаңдап күліп, ашуын басады.
Берен Айшөрек Күлшораны Қияздан
ажыратып алады. Жағасынан биті
төгіліп, үсті-басы жырым-жырым болып,
азып-тозған шораны Ақсарайға кіргізіп,
Айшөрек солқылдап жылайды. «Біздің арқа
сүйейтіміз сен едің ғой! Ұлеке, сен бар деп,
сені таяныш қылып, өлмей тірі жүрміз.
Әйтеуір өзіңді аман-есен көрдім!*

Кешіктің келмей, жаман ат,
Бүгін берем аманат.
Тұлпардан қалған тұяқты.
Бағып жүріп өсірдім.
Тұйғыннан қалған шұнақты.
Жолдас қылып алыңыз,
Жауға дүмек салыңыз,
Қапаның бәрін қойыңыз,
Ұлеке, кәдімгідей болыңыз!
Ел шолпаны сен едің,
Ел енесі мен едім.
Ұлеке, қашан келер деп,
Сені күн-түні күтіп жүргенмін.
Тасты бұзып жол салған,
Аруағың биік шер едің.
Суын ішсең таусылмас
Дария шалқар көл едің.

Өртесе шөбі таусылмас,
Дардайған өзен төр едің.
Боз жерге дуадақ тоқтатпас
Бозала тынар – құс едің!
Ер сұлтанға кез болған
Қайтпас болат – құрыш едің.
Дауыл соқса, жел тимес,
Қалың тоғай шеп едің.
Дұшпанға мойын бермеген,
Кәдімгі қабылан шер едің!
Арыстан ұл қашан келер? – деп,
Тілеген жеңген мен едім.
Олжа болып Қиязда
Омырау көріп көп жүрдім,
Ойымнан кетпей, сен ұлды,
Қашан келер? – деп жүрдім.
Бағымды құдай ашты ма?
Жоғалған ерен табылып,
Тілекті құдай берді ме?
Көрінбей кеткен жоғалып
Көкжалым ұл келді ме?
Абакемнің оқ өтпес,
Шоң қоржынға салғанмын,
Келсе, осы ұл кисін, – деп,
Қажымай жауға тисін, – деп,
Қымбатты қызық мұңым бар,
Қымбатты ұл, ұғып ал,
Қалап қойдым бір шепкен
Арқасы темір, жеңі жез,
Қалыңдығы жарым кез
Тура ұрысқа арнаған.
Белекке бердім, киіп бақ!
Белсеніп жауға тиіп бақ!
Қалап берген оқ өтпес
Қадірлес ұл, кие көр!
Қиқулап жауға тие көр!
Жетіөзенде жәдігер,
Ханына қараң сала гөр!

Қайдағы кекті ала көр! – деп, Айшөрек
*Күлшораға оқ өтпес тонды, қапыда басына
айбалта тиіп кетпесін деп, көк темірден
дулығаны кигізеді.*



Сейтек пен Күлшора

Ақсарайда жеңгесі киім кигізіп, сыйлап күткеннен кейін көңілі орнына түскен Күлшора енді Сейтекті көргісі келеді.

– Қайран жеңгем, Айшөрек! Айкөлден қалған шұнақты алып келсеңші. Бауырыма басып, бір құшақтап иіскейін, көңілімдегі қапаның бәрін жойып, береннен туған Сейтекті бетке ұстап, абамның құнын қуайын, арамдардың басын көрге тығайын.

Ұрысқаным ер Қияз,
Ұшырғаным Семетей.
Ұстасқаным Қаншора,
Ұшырғаным Семетей.
Арманым қалың, дертім зор.
Хан абам, көкжал шер үшін,
Зарыққан байғұс ел үшін
Қасықтап төгем қаныңды.
Дардайған шораң оңалса,
Далымда жара жоғалса.
Қазандай ішім қайнаған,
Құрып тұрған кезегім.
Қажып-талып, әл кетіп,
Жүдеп тұрған кезегім.
Тірі десең, санда жоқ,
Өліп қалған кезегім!
Өлген жанды тірілтші,
Жеңгелігің білгізші.
Омырау шырмап, оқ тиіп,
Орала алмай тұрамын.
Қолым сынып, әл қалмай
Сіңірім жауға кестіріп,
Оңала алмай тұрамын.
Қарағұл болды байымыз,
Қикырса кеткен шайымыз.
Ұқ Айшөрек, мұнымды

Көзімді ашып көрейін.
Аузымды ашып өбейін,
Алып кел, жалғыз ұлыңды! – дейді.
Айшөрек Сейтекті алып келеді. Күлшора зер салып қараса:

Баяғы Манастың ұлы батырға
Құлағына құлағын,
Құйып қойған немедей.
Мұрынына мұрынын,
Қиып қойған немедей.
Бас теріге бас тері,
Қаптап қойған немедей.
Бой келбеті бөлекше
Болжаса таудай көрінген.
Қарап тұрған адамның
Ақылы ойран бөлінген.
Абасы көкжал Семетей,
Дәл өзіндей көрінген.
Толқыны көлдің шарындай,
Көп сөйлесе жалындай,
Өрт аузынан бөлінген.
Қара болат қайсардай
Өткірлігі көрінген.
Бет алысса сан қолға
Берер сыны көрінген,
Қармасқанға қалайман,
Салар сыны көрінген.
Ай құлағы қалқандай,
Алағай көзі шолпандай.
Беттеп пенде бара ма?
Береніңнің ұлына
Беттескен тірі қала ма?

Міне, сонда Күлшора Семетей тіріліп келгендей болып, көзінің жасы төгіліп, баланы құшақтап алады.

Тіреп тұрған мұнар ма?
 Абадан қалған шынар ма?
 Батырдан қалған белегім,
 Төремнен қалған әйнегім!
 Төремнен қалған қаралдым,
 Қашан көрем деп жүрдім,
 Көрдім жетім көзіңді.
 Береннен қалған шұнағым,
 Бағалап көрдім өзінді.
 Мүйізім сынып, тұлтиып,
 Тоқал болып қалғанмын.
 Құлағымнан ажырап,
 Топал болып қалғанмын.
 Жал-құйрықтан ажырап,
 Сопал болып қалғанмын.
 Екі көзім ойылып,
 Екі далым сойылып,
 Қолға түсіп қайғырып,
 Қаралдымнан айрылып,
 Қайдағы жыным қағылып,
 Молда болып қалғанмын.
 Қорлықпенен күн өтіп,
 Жорға болып қалғанмын.
 Қол байланып, көз жайнап,
 Торда болып қалғанмын.
 Қайтып адам шықпайтын,
 Орда болып қалғанмын.
 Кәрі күшті кәпірге,
 Қайран Қияз батырға

Мен олжа болып қалғанмын! – деп,
*Күлшора мұң-зарын айтады. «Шиырды мен
 Қаныкей қартайғанда, Таласты тартып
 алды, елімді олжалап, белімді сындырып,
 ауылымды шауып кетті. Зайыбым
 Жаңбыршы қызы Ақбаланы Қанишора
 алып кетті. Сары хан дәуді өлтірді. Бақай
 абамның қайда екенін, өлі-тірісін білмеймін.
 Талас жерімді сарғайтып, Қырғыз елімді
 сапырды. Заманында Күлшора ел қорғаған
 ер болды, енді беренінен ажырап, бейбақ
 абаң қор болды. Менің жайым осындай,*

*балам!» – деп, барлық оқиганы айтады. Тай-
 құлындай тебісіп, таласып емшек емісіп,
 бірге өскен Қанишора жау болып шықты.
 Енеміз Қаныкейдың емшегін бірге еміп едік.
 Мен емгенде аппақ сүт шығып, Қанишора
 емгенде қарақошқыл қан шыққан. Міне, сол
 Қанишора жау болып, Семетей абамның
 түбіне жетті.*

Айдап алды малымды,
 Ағызды судай қанымды.
 Төкті менің арымды.
 Олжаға қиып жерімді.
 Күң қылып салды Таласқа,
 Қаныкей сынды енемді.
 Кең -Қолдан шапты көшімді,
 Кейіп, жаман қор болып,
 Ала алмай қалдым өшімді!– дейді.
*Күлшораның сөзін түсінген жас Сейтек
 мұңға батып, көзінен жасы төгіледі.*

Жетіөзен маған жер емес,
 Жәдігер маған ел емес,
 Қаңғырып жүрген екенмін.
 Туды жыққан Қанишора,
 Ту өртеген Қиязбен
 Шамам келсе шабысып,
 Шарқым кетсе шалысып,
 Тағдыр жетсе өлемін.
 Ойран қылып елімді,
 Олжа қылып енемді,
 Алып келген Қияздың
 Қиындығын көремін.
 Бейбақ енем, ел қайда?
 Елге кетер күн қайда?
 Қайран енем ел қайда?
 Мінгізбей қойдың буданды.
 Неге айтпадың енеке,
 Күйігі бірге туғанды?
 Талас қайда, жер қайда?
 Таласта қырғыз ел қайда?
 Беренім абам, ел қайда?
 Елге барар жол қайда?

Егесе кетер зор қайда?
Қаралды қылар шер қайда?
Қармаса кетер жау қайда?
Қаралдым аба, көкжалым,
Шындап қаным қайнады.
Тура өзенге жайған мал,
Тұтам болды біздің жан.
Арбытып артық басуға
Алатау өзен жер қайда?
Ауылдас қонған ел қайда?
Аяныштан не пайда?
Аянған адам өлмей ме?
Алла басқа салғанын,
Қайран бұл бас көрмей ме?
Батырмай ма қазған көр,
Ай-әлемнің барлығын,
Сорып тұрған қара жер.
Жардай абам шерменен
Жарбиған Қияз шошқаның
Жылқысына барайын,
Семіз биесін жарайын.
Арбын дүние, қалың мал
Бәрін иелеп алайын.
Ішім жалын, бауырым шок,
Менің абамнан басқа қаран жоқ.
Қордық көріп, зарланып
Қор болып жүрген абамды,
Майға бөлеп шықтаймын,
Қолыма тиса дұшпанды
Қояндай жерге ықтаймын.
Тіктесе шығар жау болса,
Шамам келіп шапшысам,
Жон-терісін тілейін,
Шамам келмей қалғанда,
Тірі қалмай қайран бас,
Тігінен жерге кірейін.
Алтын төксін, қайрылман,
Қайрылғысыз күн тусын,
Хан абамнан айрылман.
Ғарып болған адамның,
Түгел ұқтым сөздерін.

Көргізді құдай көздерін.
Абекем менің қыраным,
Болаттан соққан айбалтам.
Мал жайлаған қолатым,
Байқап жауға сілтеуші,
Екі жүзді болатым.
Жетіге шығып қалғанда,
Жалаң аяқ, жалаң бас
Тақымыма қамшы ұрып,
Шыбық мініп, құнан деп,
Ойнап жатқан шағымда,
Айдай долы Айшөрек,
Енекемнен кеп ұққам.
Қиын дұшпан жәдігер,
Қиырың бөлек деп ұққам.
Он екі пірге қол жайған,
Батаң бөлек деп ұққам.
Манастың ұлы Семетей,
Атаң бөлек деп ұққам.
Кең – Қол атты Алатау,
Сенің жерің деп ұққам.
Арғын-қырғыз, көп руың,
Сенің елің деп ұққам.
Кәрлі Қияз, Қаншора
Осынау елді тұс-тұсқа
Бөліп кетті деп ұққам.
Қабылан аба, кебімді ұқ,
Киермін шоқпыт тонды,— деп,
Мен дағы ішімнен тынып жүргенмін.
Ұқтым шекер сөзіңді,
Шер Күлшора абакем,
Бүгін көрдім көзіңді.
Арманым жоқ құдайға,
Ата қылам өзіңді.
Білмегенді білгізген,
Қиязға енді қайрылмайм.
Жетім өсіп жетілдім,
Жетегім абам айрылмайм!

Сейтек осылай дегенде, шора да қайраттанып: «Жылқышыға құл болып, жылмайып қалатын мен емес, жәдігерге ұл

болып, елін ұмытар жетім сен емес!» – деп тұрғанда Айшөрек келіп, мұңайып:

– Сендердің бірігіп, бас қосатындарыңды білгенмін. Соған қамдап жүрген киім бар. Міне, оқ өтпес шекпен дайындадым, – деп, шораға оқ өтпес шекпен кигізеді. Мықты зау текенің қалың терісінен илеп тіктірген қандағай сымды кигізеді. Енді жылқыдағы Телқызылды мінуге Сейтектің екі көзі төрт болады. Он екідегі бала жсау-жсарағын сайланып, сырнайзасын қолға алып, айбалтасын аш білекке іліп, Алатаудай арбайып, асқар таудай дардайып, аруақтанып, ордадан шығатын кезінде, айлакер, амалы күшті Айшөрек Қиязға алып барады. Қиязға барған себебі – Күлшораны қапыда сойып тастамасын деп қауіптенеді. Қиязға келіп айтады: «Мына өлгенде көрген Сейтегің жылқыға барайын, малды көрейін дейді».

Жәдігердің ер Қияз
Желіккен жақсы жан екен,
Әңгір қиял, ақкөңіл
Көдектігі бар екен.
- Әй, бәйбішем, Айшөрек,
Қияз, Қияз болғалы
Қиқырып атқа қонғалы,
Айқырып жауға тигелі,
Алшайып атқа мінгелі,
Жапаны жақсы салғамын.
Жаналы қызы Жайнеке,
Күнжі қызы Қаракөз,
Бұл екеуін алғанмын.

Қалап алған қатынымның екеуі де тумай, бір балаға зар болып едім, одан Айшөрек сені қалап алып едім. Қурап жүргенде Сейтекті көріп қуандым. Бұдан басқа балам жоқ. Мен оған барма деп неге айтайын? Барып келсін. Сағындырмай тез келсін. Жеті күннен қалмай келсін! Бірақ, жылқыға барғанда малдың бәрін қырып салмасын, семіздерін соймасын.

Өлгенде де мал керек.

Тікеннен өнер бәйтерек,

Тіріге де мал керек, – деп, жібермеуге шамасы болмай, хан Қияз Шөректен қорқып, рұқсат береді. Бірақ, артынан өзінен-өзі күңкілдеп, іші шоқ болып: «Бұл өртенгірдің тұқымы түбіме жетеді ғой!» – деп ойлайды.

Сонымен, Күлшора мен Сейтек жылқыға келеді. Жылқышының басы Қарағұл Күлшораны көргенде ашуланып, балағаттай жөнеледі:

Отын алып, от жақпай,
Құтырған шошқа, мал бақпай,
Оңбаған ит, оңбайсың
Кесіріңді қоймайсың.
Атаң қалмақ Алмамбет
Ұлы екенің білмейсің,
Жәдігердің ер Қияз
Құлы екенің білмейсің!
Қара күшке қалдақтап,
Хан алдына барасың.
Бүйтіп жүрсең, ханымды
Бір тозаққа саларсың!
Кесірлі ит, құтырғыр,
Кең – Қолға сайған бағың жоқ.
Сенің керіліп жатар тағың жоқ.
Таласқа салған тамың жоқ.
Талтайып жатар шағың жоқ!
Байтал қармап, күш берсе
Барбайғанын қарашы,
Басым кел десе, кешігіп,
Бұл шошқаның алдағанын қарашы?
Қамап кіріп, жылқышы
Қайдағы жынын қағыңдар.
Құрық салып, тоқпақтап
Бір есебін табыңдар!
Жеңгесінен киіпті
Тонына тонап алыңдар!
Екі қолын тең байлап,
Екі көзін тең шұқып,

Ит өлімі қылыңдар!
Қинап жанын қиыңдар,
Қармап алып, бауырына,
Тірідей қазық қағыңдар!
Құтырған екен бұл иттің
Есебін епсіз табыңдар!
Есірген екен бұл иттің
Ежелгі жынын қағыңдар,
Шын көкпарға тартыңдар! –

деп, айғайды салады. Сөйтін, екі қолына түкіріп, қара баулы құрықты алып, айғырымен қалдақтап, Қарағұл дардақтап келгенде:

Бұл қорлықты көргенде
Семетей ұлы ер Сейтек
Өртей көзі жайнады.
Қарағұлға қол салып,
Опсыз шердің тұқымы,
Ойнап-ойнап алғанда,
Ат жалына қан құсып,
Өліп қалды Қарағұл.

Қайранның ісін оңалтып, қастасқанды жоғалтып тұрғанда жылқышының кенжесі, Күлшораның досы – Бозбала Баабединге айтұяққа ат айтып, төрт түлігін тез айтып, былай дейді:

Қадырлы шердің шұнағы,
Қымбатты жанның тұяғы.
Олжаға келіп оңалған,
Қорлықта жүріп шоңайған,
Ересен тартып ер болған
Ер ұлымен тең болған,
Ақ болаттың тұқылы,
Айтулы Манас тұқымы.
Күлшора абаң інісі,
Семетей шердің баласы
Беренің Сейтек келіпті!
Тілекті құдай беріпті.
Жылқышылар, сүйінші,
Батырдың ұлы келіпті!
Қикырса жанды құтқармас,

Шерің келіп қалыпты.
Сары адырмақ қайқандай,
Белің келіп қалыпты.
Дауыл келсе жел тимес
Найза алғанға жан бермес,
Ерің келіп қалыпты!
Қараң қалған иесіз мал,
Айуан, адам тең курап,
Азапты жаман көрген – ді,
Опат болып Семетей,
Олжа болып келген – ді.
Қайтарып, күтіп алатын
Қағысса қараң салатын,

Иесі келіп қалыпты! – деп, Бозбала сүйініп, жылқышылар ду болып, жер-көкті жарған шу болып, батырдың ұлы Сейтек деп, барлығы дуға кіріп, осындай жақсы бір іс болады:

Семетей ұлы ер Сейтек
Шер екенін білгізді.
Алмамбет ұлы шораны
Ақ шатырға кіргізді.
Қантын қардай кеміртіп,
Азып келген шораны,
Алмақ болды семіртіп.
Күлшорадай абасын
Ақ боз биеден көп сойып,
Қазысына бөледі.
Қымызбенен жудырып,
Қымшаменен будырып,
Қиындап бақты шораны.
Көңілін гүлдей жай қылды.
Жылқыдан қысыр тай сойды.
Алдына жейтін май қойды.
Әлі кеткен шораны,
Шараппенен суарды.
Айығар деп аурудан,
Жалаң маймен жудырды.
Белгілі мықты күш қылды.
Ер Сейтек жайы осындай,
Ұмытылмас іс қылды.



Момынжан ата

Мұны былай тастайық, Қарадәуден хабар бастайық.

Бұл Қарадәу Манастың құрдасы, досы Құттыбидің баласы. Енді Күлшораның ауруына ем табамын деп, алты күлік ат алып, Айшөректен алақандай хат алып, керуен басы Момынжанды іздеп шығады. Момынжан айкөл Манаспен о дүниелік дос болған жақсы адам екен. Жығылғанға сүйеу болған, өлетін жанға таяныш болған, айласызға айла болған Момынжанның сіңірі кесілген шораға бір пайдасы тиіп қалар деген үмітпен Қарадәу азып-тозып, дүниені аралап, әбден іздейді. Ел аспаған Желтіністің беліне шейін барады. Белгілі Бағдат, кең Мысырға дейін аралайды. Құлақ естіп, көз көрмеген елді, небір шөлді алты ай тынбай жол жүріп кезеді. Небір үлкен дарияны жағалап өтеді. Қанша азап көріп, күнге күйіп, шыбын жанынан түңіліп, шөл далада қиналып жүріп, ақыры қырық керуеннің басы Момынжанды Бағдат қаласынан табады. Қақпасы темір ордада тұрады екен. Орданың аузындағы күзетші-сақшылары Қарадәуді ұстап алып, орға тастамақ болғанда, Қарадәу Айшөректің Момынжанға жазған хатын береді. Жаңағы сақшылар көзді ашып жұмғанша Момынжанға хатты апарып береді. Хатты оқығаннан кейін, Манастың, Семетейдің атын көріп, жағдайдың бәрін білгенде, екі көзінен жас парлап, омырауына ағады.

«Ақбидай ұнын шайнасып, анттасқан, о дүниеге кеткен Манастан қалған Семетей берен досыма таяныш бола алмадым-ау, көмек бере алмадым-ау!» – деп есіне алып,

іші өртеніп, бауыры шоқ болып қайғырады. Қарадәуді шақыртып, ас-суын беріп, әңгімесін тыңдайды. Қарадәу Семетейдің басынан өткен қиындық жағдайдың барлығын, Қаншорадан қаза тапқанын, арғын-қырғыздың арманда қалғанын түгел баяндайды. Қияз Күлшораның сіңірін кестіріп, жылқышыға құл қылып қойғанын айтады.

Иыққа отын көтеріп,
Өлгелі жүр Күлшора.
Биыл ажал-мүшкілді
Көргелі жүр Күлшора.
Осы қазір шораның
Қаны қалған бір қасық.
Еті қалған көк жасық.
Аяулы ата – Момынжан,
Айралы өзін бармасаң,
Күл абамды өлімнен,
Ажыратып алмасаң.
Төренің ұлы Сейтекті,
Білмегенді білгізіп,
Біліп, жолға кіргізіп,
Айдай жеңгем, Айшөрек
Айшөрек айтқан сөз еді,
Аяулы ата – Момынжан,
Азап пенен мүшкілден
Тозақ пенен қорлықтан
Ажыратсын деп еді.
Ажыратып алмаса,
Құрға түйген қантына
Құдайласқан антына,
Жеңешем айтқан сөз еді.
Аяш атам беренді,
Антқа қойғын деп еді!
Қарадәу мұндай деген соң, Момынжан

сонда сөйлейді:

«Айшөрек айтса мұндай деп,
Аруағы артық Манастың
Атын сыйлап барайын.
Айдай қатын Шөректің
Аяшым еді басынан
Хатын сыйлап барайын.
Жеті мың қызыл нар айдап,
Ай тигендей досыма
Құран оқып келейін.
Өлгенде көрген берені
Барып бала Сейтектің
Биыл жүзін көрейін!
Шердің шері Күлшора,
Назарым анық салайын,
Айлам жетсе батырды,
Айықтырып алайын.
Алмамбет ұлы шораға
Үлгілі сөзін айтайын.
Өшкен отын тамызып,
Өлген жанын тірілтіп,
Одан кейін қайтайын.
Бұттап алтын зерменен,
Мындап қызыл нарменен,
Аза түмен малменен,
Өткен көкжал батырға
Азасын оқып қайтайын.
Артында қалған жетімге,
Үзір-назыр айтайын
Содан кейін қайтайын!

Момынжан ата осылай деп, найзагер ерлерінің барлығын, ақылға кенен берендерін, балта шабар мықтыларын, сөзге жүйрік даңғылдарын, қайраты толыққамбылдарын, жаудан қайтпас батыр-балуанын түгел жинап алып, нар шұбатып мал алып, алтыс балуан жан алып, халық жиналған шу болып, аспан жарған ду болып, көп батыр Қиязға қарай жүреді. Момынжан таңдап алған балуандарының барлығына жекей боз тон кигізіп, желмая түйеге мінгізіп, бес адамға бір адам басшы қойып, он адамға бір жанды жақсы қойып, алтыстың есебін елу басы

алып, сөйтіп найзаларын жалтылдатып, асаба желек туын толқытып, айғайлаған шу болып аттанады. Құдыретке жалынып, арғымағын жайлап, азығын сайлап, пілге оқ-дәріні арттырып, дутарларын тарттырып, қаншама күн жол жүріп, қиясы қиын бел асып, қиын дария көл кешіп, қанша күн шөл кезіп, Момынжан келіп жетеді.

Келгеннен кейін Күлшорадан хабар болмай, мұны қайдан табамыз деп, екі көзі төрт болып келе жатқанда, бір төбеге шығып қараса, бір ақ шатыр көрінеді. Шатырға жетіп барса, ер Күлшора отыр екен. Тілегін құдай беріп, қасына берен Сейтек келіпті. Бірақ, шораның ауруы жазылмай, ауырып жатқан кезі екен. Қарадәу сәлем беріп: «Ал енді хан атаңның сырласы, абакеңнің құрдасы, аяш атаң Момынжанды алып келдім!» – дейді.

Сол кезде алтыс балуанымен келіп, аттан түскен Момынжан ата Күлшораны көргенде буыны босап, бұрқырап жылап жібереді. Күлшора атаның қолын ұстап амандасып, болған жайдың барлығын айтып береді:

Талауға түсті малымыз,
Қасықтай қалды қанымыз.
Жоғалып бара жатамын.
Аяулы ата – Момынжан,
Бізді жолдас қылып алыңыз!
Аспанда жұлдыз боз болған,
Атекеммен дос болған
Суыққа тоңдым, тоның бер,
Тілендім, екі қолың бер!
Дәрмен кетті дәрі бер,
Қожазада, хан ата
Дәріңіздің бәрін бер!

Күлшора байғұс мұндай дегенде, Момынжан қоспа қызыл дәрісін, ебеп-себеп деген дәрісін алады. Бұл дәрілерін бір бергенде, ауырған жері басылып, бір бергенде көзі жарқырап ашылады екен. «Апы-үпі» дәріден аямай, Момынжан ең

күшті дәрілерін Күлшораға салады. Бірақ, одан шора айығып, сауығатын болмайды.

Шыныменен күйініп,
Шыбындай жаннан түңіліп,
Арланып шора күйініп,
Аманат жаннан түңіліп.
Шора бүйтіп тұрғанда,
Аяулы атаң –Момынжан,
Ақылменен көп ойлап,
Әр ауруға себепкер
Қамбылдығы тағы бар.
Күн қылқылдап батқанда,
Елдің алды жатқанда,
Көнек басты көк төбет,
Көкжалдан қалған ит екен.
Қыңсылап ұлып жүр екен.
Пана қылып шораны
Байғұсың еріп жүр екен.
Батырдан қалған көк төбет,
Баса қалып Момынжан,
Көк төбетті сояды.
Кесіп алып сіңірін,
Күлшораға салады.
Білгір екен Момынжан,
Күлшораның далыға
Ит сіңірін дөп қиып,
Қырма қызыл дәріні
Ептеп-сипап салғанда,
Қайнатпа қара дәріні
Қанша рет сипап салғанда,
Ата байғұс шораның
Ауырған жері басылды,
Жарқырап көзі ашылды.
Денеге тулап қан толып,
Қайраты асар күн болып,
Ай бөксеріп, түн өтіп,
Арада неше күн өтіп
Қуат қайнап, күш толды.
Міне, сонда Күлшора
Орнына келіп оңалып,
Жаны сірі қыранның
Сүйіріне сүт толып,
Иіріне ет толып,

Жәдігердің Қиязға
Бетгесер кезі болыпты.
Келбеті таудың теңіндей,
Кез болса оны жегендей,
Шай қолдаған Күлшора
Жанжал салмай тұра ма?
Алтын жақты шойын бас,
Зәрін көрсең аулақ қаш,
Қармап қолға алады,
Жолым үйдей қара тас
Қос қолдап тұрып салады.
Шоқпарынан шоқ шықты,
Қара тастан от шықты.
Шапқанынан шаң шықты.
Көрген елден жан шықты.

Сол кезде жас та болса ақылман Сейтек абасына: «Бұрын күшіңіз қандай еді? Күшіңізді сынап біліңіз, бұрынғыдай болса ғана жауға тиіңіз», – дейді.

Күлшора: «Абамыздың барында күшімізді сынап тұрушы едік. Тоқсан кетпенді қатар қойып, садақпен атқанда, жебеміз зуылдап, тоқсан кетпенді тесіп өтуші еді. Түзеңге шыққан қайыңды түбіменен жұлып алушы едік. Түйені көкпарға тартушы едік. Даңдуңбастың таутекесінің терісін ашытқыға салып, енеміздің алдында табандасып тартқанда, үзіп-үзіп тастаушы едік. Бұлшық еттер жұдырықтай болатын. Бұрын күшіміз осындай еді! Қорлықта жүргенде өз денемді өзім әрең көтеретін болып қалдым ғой!» – дейді.

- Турадан аққан бұлағым,
Ту орнаған шұнағым
Бозала тартқан балпаңым,
Белгілі айкөл көкжалдан
Белекке қалған шолпаным.
Қарақия батқалда,
Қалың дұшпан оқ атып,
Абамды қамап жатқанда,
Оның айтқан сөзі еді:
Жетім аман өскенде,

Арқа қылғын деп еді,
Жылғынды Кең-Қол, кең Талас,
Қала қылғын деп еді.
Қалған Сейтек баланы,
Бала қылғын деп еді.
Айтып абам кеткенде,
Өртеніп жанып, күйгенмін.
Бұрынғы кеткен абамнан,
Мұраға қалған Сейтегім,
Өзіңді күтіп жүргенмін.
Өңкей қорлық-зорлыққа,
Он екі жыл күйгенмін.
Ойлап жетім жетер деп,
Дұшпанның басын кесер деп,
Өзіңді күтіп жүргенмін.
Сынған қанат жетіліп,
Жырғалып қайта кезігіп,
Күнім келіп қалған соң,
Қырсықтың бәрі кесіліп,
Қайғым қашып оңалдым,

Қайра бастан зорайдым!— деп, шай қолдаған Күлшора қайтадан күші орнына келіп, ширығып тұрады. Сейтек оның сырын ұғып: «Күшіңізді сынап алыңыз! Күшіңіз толса, бұрынғыдай болса, содан кейін соғыс салыңыз! Шамасы жетпей, жаудан өлді дегізбеңіз!» – дейді. Атының аузын бұрып, абасының күшін сынайды. Тоқсан кетпенді қатар қойып береді. Шай қолдаған Күлшора қолына садағын алып, белі иіліп мықшып, көзі тұманданып шекшейіп, бармағынан май шығып, білегінен шыпылдап қара қан шығып, күшін жинап тістеніп, сүйектері сықырлап, садағын тартады.

«Ордаңдаған құтырғырың, арам өлер ме екен? Бұл кетпенді қалай атады?!» – деп, халайық таң қалып қарап тұрады.

Күлшора садағын тартып, Алмамбет, Манас көкжалдың аруағына сыйынып, кетпенді атады. Зу еткен жебесі тоқсан қатар кетпеннен тоқталмастан өтіп кетіп, ар жағында жерге барып қадалады. Мұны көзі көргенде, шора сүйініп сөйлейді:

Бұрынғы бала жас кезде
Дәулет толған, мас кезде,
Кетпен қойып, атушы ек.
Күш кененін білуші ек.
Ілгеріде атқан кетпеннің
Сексенінен өтетін.
Күштеп атсам кетпенді
Қабырға сүйегім қайысқан,
Ондағыдан бұл кезде
Өрде болған екенмін.
Бұғана сүйегім болқайып,
Болып қалған екенмін.
Жетімім келіп жетіліп,
Толып қалған екенмін.
Аңдысқаным ер Қияз,
Тиісер кезім болыпты,
Тілегім құдай беріпті.
Енді Кең-Қолдан тием көшімді.
Кердендеген бұлардан,
Кейітіп алам өшімді.
Дардаңдаған бұлардан,
Таласып алам өшімді.
Алты ай қалып құрсақта,
Туылмай жетім болғаның,
Алдыма салсам ақ жолым,
Артымда жүрсең сан қолым,
Тоннан қымбат бұлымым,
Асыл абамнан қалған құлыным.
Құлыным, сенің айыңнан,
Не мүшкілге түспедім,
Ащыны қандай ішпедім?
Кешкенім жалын от болып,
Жегенім тобық топ болып,
Үстінде жаттым құрымның.
Ермегім тиіп қолыма,
Е-е, балам, енеден бүгін туылдым.
Дәулет толқып, құт келді,
Қайран абаң бойына,
Қабыландай күш келді.
Түн жау болып, күн келді.
Қалаға құрған бақ келді.
Жәдігердің Қиязбен
Талқандасар шақ келді! – деп, айтұяққа

ат сойып:

Үзілгені жалғанып
Шашылғаны жиналып,
Жаңғырып жаны оңалды.
Жапалы заман, қараң күн,
Қалмай бәрі жоғалды.
Шоң Момынжан кәрі бар,
Шоң Қарадәу тағы бар.
Алмабет ұлы Күлшора
Басынан қорлық жоғалды.
Батырдың ісі оңалды.
Жылғынды Кең-Қол, кең Талас
Жерін аңсап желікті.
Жырғалды қырғыз, көп арғын,
Елін аңсап елікті.
Оқ өтпеген бадана
Қоржыннан алып киісіп,
Оқ жетпеген ту шұнақ
Жылқыдан қармап мінісіп.
Ишан шалдан бата алып,

Жылқыдан қалап ат алып,
Кейбір күлік тап келсе,
Қарабайыр қазанат,
Керіске мінер мал ғой деп,
Беренге тиер қан ғой деп,
Кей бір күлік тап келсе,
Бура кекіл, қақпан бел,
Кермеге аса байлады.
Қарабайыр қазанат,
Қалбыр өкпе, жез білек,
Тұлпардан қалап ат алып,
Жау-жарағын сайланды.
Күш бергені Момынжан,
Кеңес айтып барқылдап,
Еп бергені Қарадәу,
Қымыз шайқап, тай сойып,
Ет бергені Бозбала,
Енді ешкімнен шошынбай,
Бұл Күлшора көкжалдың,
Ерлік жайы осындай!



Тауторы

Сол уақытта Айшөрек ер Қиязға күліп сөйлеп, тәтті тілімен төрем деп, қымыздан тартқан нақ шараптан толтыра құйып ұсынады. Жәдігөй қатын Айшөрек ер Қиязға телміре қарап, жадырай күліп ұсынғанда, зор Қияз қызыққанынан үш аяғын ішіп алады. «Перінің қызы берен Шөрек, бүйтіп маған ықыластанып ас берген жоқ едің!» – деп, тағы бір аяғын ішеді. Содан күнілдеп сөйлеп, елін мақтап, жерін мақтап, өзін мақтап, есіп, бөсіп отырғанда, айласы артық Айшөрек: «Ой батырсың, ерсің, шерсің!» деп мақтап алып: «Ер екеніңіз шын болса, жылқыға барып келейін, баламыз Сейтекті көріп келейін. Маған Тауторы атыңызды беріңіз! Буданыңды берсең,

батыр, мен қатын болсам да бір жырғайын. Жеті күннен қалмай келейін. Алыс жер, тұлпар атың Тауторымен барайын!» – деп, қадалып сұрайды. Сонда Қияз:

Ту-туу, Шөрек қайтесің?
Аты қатын, ұрғашы
Атқа мінсе бола ма?
Қатын тұлпар мінгенде
Басын жемей оңар ма?
Ханның зайыбы далпылдап,
Тұлпарға мінген болар ма?
Қатын деген адамның
Қазанменен ісі бар.
Хан тұлпарын мінем деп,
Қай жақтан алған күшің бар?
Ұрғашы деген қазына,

Үйі менен ісі бар.
Оқ өтпес тоның бергін деп,
Қай жақтан алған күшің бар?
Бекзаданың зайыбы,
Тұлпар мінген бола ма?
Ханзаданың қатыны,
Басы жоқ жүрген оңа ма?
Қойғын Шөрек, кебіңді,
Кім ұқсын мұндай сөзіңді?
Кім көрсін мұндай көзіңді?
Оқ өтпес тонды кигізсем,
Оқ жетпеген Тауторы,
Тұлпарымды мінгізсем,
Жетіөзен жиған дүние
Дүниені шашпағын.
Жерінді көздей қашпағын!
Қалың қазып орымды,
Қайнатып жүрме сорымды,
Тосып жүрме жолымды!
Ұқпаймын Шөрек кебіңді.
Перизада сен болсаң,
Берен Қияз мен болсам,
Қатын тұрып ат сұрап,
Қадірлі Шөрек, зайыбым
Тау арасын су бұзар.

Ел арасын шу бұзар! – деп, *Шынқожа мен Толтайдың Семетеймен соғысқанын еске алып, «Манастың ұлының қатынын тартып ал!»* – деп, *Шынқожа үгіттеп, содан ерен де, шер де өліп, қаншама елдің қырылғанын есіне салып: «Қатыныңда халық бұзған, ай-әлемді бүлдірген, қаражолтай Шөрексің!*

Тұлпарым бар, атым бар,
Батыр Қияз парқым бар.
Қатын басың шыр қылып,
Тауторы сұрап тұрасың.
Аты-тоның бергін деп,
Шөрек, кімді мазақ қыласың?
Дегеніңе көнбеймін

Тауторы атты бермеймін! – деп,
Қияз қиқырып, қатты айтып салғанда, Айшөректің көңілі бөлініп, көзінің жасы

төгіліп, өкпелеп:

Ерен Қияз деп жүрсем.
Есер Қияз екенсің!
Арам Қияз екенсің.
Соқыр Қияз екенсің!
Қадірімді білмедің.
Ат сұрап едім, көнбедің,
Атыңды аяп, бермедің.
Бермесен, берме атыңды.
Арланып жанып, күйейін
Бір тайыңа тең болмай,

Қайтып тірі жүрейін?! – деп, *қатты ренжіп қалады. Сонда зор Қияз айласы кетіп: «Қой, бұл өзі, қатыннан шыққан сұрқия ғой. Көкте ұшып жүретін адам, қиялы тентек, кәпір жұртыма бәле салып жүрер!»* – деп, *Тауторыны бермеуге амалы қалмайды.*

Содан: «Сынап айтып едім, сұрланып, оңбай қалдың ғой, Шөрек. Бұл артық тұлпар – Тауторы, құмда туып, таста өскен, құланменен қуысқан, тұлпарменен туысқан. Берейін, бірақ, байқап мін!

Елікпесі бар еді,
Есепсіз тұлпар Тауторы,
Қатын мінбес мал еді.
Ғайыптығы бар еді
Қасиетті мал еді.

Осы Тауторыны сұрап, ала алмай, неше жақынымыз ренжіп, алыс, жат болып кетті. Жаналы, Қараиш екі дәу нағашымыз сұрағанда да бермегенбіз. Бермек түгілі, пейілі жаман адам мінбеген. Жетік тұлпар екен деп көзі көрегендер жақтырған. Құйын көтен Қайып шал үйреткен. Мәнісін көріп қуанып, Баабедін ата жақтырған! Осындай қадірлі күлік Тауторыны берейін. Саламат барып, сақ келгін. Тез кел, сағындырмай! – деп, айтқанына көнеді де, бірақ:

Өзенге жалғыз жүрмегін,
Дәретсіз адам мінбеген,
Шылбырдан зайып алмаған.
Қияздан бөлек, бөтен жан

Жанына шыдап бармаған.
Жеткілең күлік, бұл тұлпар
Үстіме қатын мінді деп
Зайыбы сапар жүрді деп
Ауыздық тістеп, бас шайқап,
Бұғыдай мойнын бұрмасын.
Бұра тартып әңгекке
Ала қашып ұрмасын.
Аяғына сақ болғын!
Әңгекке ұрып оқыстан,
Қазбасын қалың орымды.
Ажыратып Шөректен
Қайнатпасын сорымды.
Ұшам десем қанатым

*Тауторы – менің жан атым! Жылқышы
басы Қарагұлға сәлем айт. Малды түгел
жиып алып, ұлым Сейтекке тура тұлпар
күліктен бір ат еншілеп берсін. Барып кел!»
– деп, Қияз:*

Оқ өтпеген көк күпі,
Етегі жайық бек күпі.
Бұрылса найза жетпеген.
Жазайыл атып, жақ тартса,

*Қылқ етіп бір тал өтпеген қымбат
бағалы көк күпісін Шөрекке шешіп береді.
Сөйтсе де, қимай түнеріп, көңілі бөлініп,
мынау қағысқа мінетін Тауторы атын енді
қайтып көрмейтіндей, қайырылмайтындай
көріп, жүрегі қайнап, іші өртеніп, жаны
ауырып тұрады. Бермеймін деп Айшөрекке
тағы айта алмайды.*

Соғысқа киген көк күпі
Кимей қалар ма екенмін?!
Өткен істің жайынан
Сұрқия Шөрек айынан
Қағысқа мінер Тауторы
Мінбей қалар ма екенмін?!
Айдау түсіп артымнан
Айшөрек қатын дартынан,
Қанатым кетіп қаңғырып
Айуаннан артық тұлпар ат
Тауторыдан айырылып,
Арам өлер ме екенмін?!

Қатынға атым алдатып,
Жаман өлер ме екенмін?!
Шалқайған асу аса алмай,
Белде қалар ма екенмін?
Шып еткен су таба алмай
Шөлде қалар ма екенмін?»
Осыны ойлап бұл Қияз
Булығып іші өртеніп,
Өртенсе де қайтеді?
Шөрегім, сүйген жарым деп
Оқ өтпеген болымды,
Көк күпіні кигізді.
Оқ жетпеген Тауторы
Былғары терлік, көк тоқым,
Көк тоқымның үстіне
Алдыңғы қасы шыл күміс,
Екі қаптал тең темір
Сайысқан ерге шақ қаңқы,
Тауторыға салады.
Ішке басып төтелеп,
Қолыменен бұл Қияз
Тауторы атты жетелеп,
Айдай қатын Шөрекке:
«Ай-күнім Шөрек мінгін» – деп,
Тура тартып барады.
Қымбат баға ақ қоржын
Қиын балуан Айшөрек,
Шапа-шұпа салады.
Епті қатын Айшөрек
Бұл еселең Қияздан
Ебіменен сұрады,
Алтын табан үзеңгі
Теппей ырғып қарғыды.

*Сөйтіп нардай торы атқа Айшөрек
мініп, қара жақ бүлдірсін қамшысын қолына
алып, қапталға тартып жіберіп, Қияздың
алдынан бұрылып өтеді.*

*Тауторы атқа тіл бітіп, оқыранып,
басын шұлғып, жәдігердің Қиязына сөйлемек
болады.*

Батыр Қияз сен едің
Тауторы тұлпар мен едім.
Биттейінде біріктік,

Бармақтайда бас қостық,
Кенедей күнде кезіктік.
Ойнау бала сен болып,
Ауыз жарма тай мен болып.
Мен қазанат ат болып,
Сұраған кісі жат болып,
Қанатты тұлпар мен болдым.
Жетіөзен суда жәдігер,
Жайлаған батыр сен болдың.
Осы бүгін сен Қияз
Қара жермен тең болдың.
Ерлігің бар, есің жоқ
Есалаң Қияз сен болдың!
Қайтып жанбай, сөніп қал,
Тумай тұна шөгіп қал.
Қатынға атын алдатқан
Қарабет Қияз өліп қал!
Жағасы алтын бадана
Қағып-сілкіп кимейсің,
Белгілі күлік Тауторы
Енді қайтып мінбейсің!
Қатынға атын алдатқан,
Қайран Қияз, есен бол!
Қанатыңнан қайрылдың,
Қаралды қылған тұлпарың
Тауторыдан айрылдың!
Белгілі тұлпар құйрығын
Бес-бестен қармап өрер ме?
Беренсіген шер кісі,
Қатынға атын берер ме?
Жетіөзен суға хан болып,
Желігесің, жүрмейсің,
Жерге кір Қияз, аман бол
Енді желкелеп мені мінбейсің.

Желігіп жауға кірмейсің! – деп, Қиязға арыз-мұңынайтайындап тұрғанда, перизада Айшөрек ат сөйлесе оқыс деп, мұны естіп қойса Қияз жанжал қылар деп ойлайды. Өзі самдағай, шапшаң Айшөрек алқа баулы шаш моншақпен торы атты маңдайыңан «қаң» дегізіп тартып жібереді. Маңдайға кілт тигенде, Тауторы теңселіп кетіп, жығылмай, әйтеуір сүрініп барып оңалады.

Кекілі көзін жауып, сөйлей алмай қалады. Сөйтіп, сөйлейін деп тұрған тұлпардың тілін байлап тастайды. Енді кетейін деп жатқанда Қияз «Айшөрек!» деп бақырады. «Тоқта! Тауторы менің қанатым! Бұл қандай да бір іс келсе, сөйлейтін әдеті бар. Алты айшылық мүшкілді адамша сөйлеп айтып беретін.

Түссе шықпас тор болса
Тірі жан кешер сор болса,
Қанатты қашып құтылмас
Ел қоршаған қол болса.
Қағысқа мінсем қанатым,
Қашан болса Тауторы ат
Болжап айтып салатын.
Айтып қалған себебі-
Осы тұрған Тауторы
Медияның көлінен,
Ит қияның белінен,
Ғайыбынан қабылған.
Қақылдаған қарға жоқ
Құрқылдап ұшқан құзғын жоқ,
Айуан шайнар шөбі жоқ,
Адам жұтар суы жоқ.
Ит баспастың шөлінен,
Жан жүрместің жиегінен,
Бестісінде табылған.
Қараңғы жайға бақтырған.
Басына тұмар тақтырған.
Қан ішпе кемпір, жезтұмсық
Ол да сынап жақтырған.
Бөтен жан мінсе болмаған
Сөйлемей тіпті қоймаған.
Атымның аузын бұра тұр,
Не дейді екен Тауторы

Айшөрек кәне, тұра тұр! – деп, Қияз қаһарланып, қылышын қынсыз байланып, дардақтап жетіп келеді. Ахунның қызы Айшөрек: «Атың айтса, тілін түсініп көр Қияз! Айтса тілін түсінетін әулие болған екенсің. Наркескеніңді ала жүгіріп, жау келгеннен жаман жетіп келдің ғой. Қылмыс қылсам басымды шап, мә, атыңды сөйлетіп

ал!» – деп, Тауторының аузын тартып тұрады. Қияз торы аттың кекілін сылап тұрады. Оқыранған торы ат сөйлейтін болмайды. Ары сылайды, бері сылайды, торы аттың сөйлейтін түрі жоқ. Айдай қатын Шөректен өзі ұялып қалып: «Айдай зайыбым Айшөрек! Енді Тауторы сізге аманат, кешіксең – мүшкіл, жаманат. Барып кел!» – деп, Тауторы атын табыстан, зор Қияз әрең дегенде қалады.

Айшөрек торы атқа оңды-солды қамшы ұрып, ұшқан құспен жарысып, заулай жөнеледі. Сонда айуан да болса, Тауторы ойлайды:

Бұғыдай мойным бұрмасам,
Әңгекке алып ұрмасам,
Ақыры быт-шыт қылмасам.
Ахунның қызы, сұрқия
Шығармасам жаныңды,
Жығып салып төкпесем,
Торсықтап қара қаныңды.
Ерен сынды тон киген
Ереннен мықты ат мінген.
Өзенің шұңқыр, тік қия
Өртеніп өткен сұрқия.
Ер Қиязды алдаған,
Артықша епті кәпірді.
Бұғыдай мойным бұрайын,
Бұта бойы жар келсе,
Бұра тартпай шырқайын.
Тасын талқан шығарып,
Талқандап жерге ұрайын.
Адыр-күдір керіден,
Ат баспастың сеңгірден,
Арқардай аяқ керейін.
Ер алдаған қатынның
Жазасын мықтап берейін!

Мұны ала қашып, есебін табайын!
Кілтпен басымды жарды гої, мен бұдан
өшімді алайын!» – деп, тұлпар ат құйғыта
жөнеледі. Айшөрек құйындай ұшқан
буданның тізгінін тарта – тарта, екі қолы
қарысып, шыбын жаны шырқырап, қайран

жаннан түңіледі.

Сонда тілінде мөрі бар қасиетті, берен
қатын Айшөрек: «Бұл Тауторы айуанға
қызықты қылайын!» – деп ойлайды.

Қарғысы қата кетпеген,
Дуасы бекер өтпеген.
Қыз кезінде Айшөрек,
Ғажайып дуа оқыған,
Атағын көрген шошыған.
Білгенін бір жан білмеген,
Дуа оқымай жүрмеген.
Шоң сиқыршы, жәдігөй,
Ахунның қызы бейбақтың
Бұл өнерін қарашы.
Қиын тұлпар торы атқа
Қимылдаған тұяққа,
Суық дуа ұрады,
Ала қашқан айуанға
Осындай қызық қылады.
Әне-міне дегенше,
Ашып көзді жұмғанша
Зуылдаған торы атты
Қойға жетпес қылады.
Зырқыраған торы атты
Сиырға жетпес қылады.
Қол- аяғын бек байлап,
Қорлық қылды торы атқа.
Қойға жетпес бір көнбіс,
Шобыр қылды торы атты.

Сөйтіп, бойын кішірейтіп, арамдық
қылған торы атты оңды-солды қамшылап,
бір таудың етегіне келіп, күн батқанда
тоқтайды.

Ақ қаңқы ерді жастанып, құбыланы
бастанып, былғары терлік, көк тоқым
жамбасына салып, торы атқа шідерді
салып, ұйқыны соғады.

Таңертең аттанып, айыр белес
тайпаңға шығып қараса, ағарған шатыр
көрінеді. Согоан келсе, Күлшиора, Қарадәу,
Момынжан ата – барлығы отыр екен.
Момынжан Айшөректен жылап көріседі.
Болған істің барлығын айтып, досы

Семетейді қимай, жылап, айбалтасына сүйеніп, зарлап еңірегінде Айшөрек те дауыс салып, сұлтаны жаңадан өлгендей зарлайды. Сөйтіп, барлық халық жылап, қайғырып тұрғанда Семетейдің ұлы жас Сейтек іші өртеніп, шоқ болып, анасына тіл қатады:

Айналайын енекем,
Әлдилеген берекем.
Бес арқар жұлдыз батқанша
Бес жолы қайра емізген,
Ақбидай нанын жегізгін.
Мойныма тұмар тақтырған
Дұшпанның кәрі тиер деп,
Еркелетіп бақтырған.
Ересен тартып ер қылған.
Ер ұлымен тең қылған.
Ақ бәйбіше, енекем
Қаңғырып жүрер жөн бар ма?
Енеке, айтшы, ел қайда?
Елге жетер күн қайда?
Безіп жүрер жөн бар ма?
Бейбақ енем, ел қайда?
Қашан асар екенмін,
Қара бура, кең шатқал,
Халық жайлаған белімді
Қашан көрер екенмін,
Арғын-қырғыз елімді!
Орда күтіп, тау жайлап
Белге қашан кетеміз?
Оромпой теуіп, орда атқан,
Елге қашан кетеміз?
Күйік, Шақпақ –екі асу
Белін қашан басамыз?
Қалың қырғыз, көп арғын
Ауыл қонып, жайқалып,
Күлкіні қашан ашамыз?
Ағарған қарлы Алатау
Ата-қоныс жер қайда?
Қоқи, ене ел қайда? – деп сұрайды.

Сонда Айшөрек жер мен елдің жөнін айтып, бабасы Манастан, кең Таластан бастап айтып: «Кеше атаң өлгенде артынан кетейін деп едім. Құрсақта қалған сен үшін

кетпей қалдым, шұнағым. Олжаға кетіп, барлық азапқа сен үшін көндім. Атаңның өлігін көріп, асылды зәмзәмменен жумадық.

Қайғыменен қан жұтып,
Қара киіп бет жыртып,
Қайран атаң көкжалдың,
Зинатына тұрмадық.
Бір жорығын қарасаң,
Ғайып болып өткендей,
Бір жорығы атаңның,
Жолаушылап кеткендей.
Кең дүние тар болды,
Көкжал батыр атаңа
Халқы бүйтіп зар болды.
Халық атасы хан Бақай
Күйерінен айырылды.
Күйік тартып әжеңіз,
Ботасынан айырылды.
Белі сынып бекшейіп,
Берен енең долының
Екі көзі шекшейіп,
Көкірегі іріндеп,
Өне бойы дірілдеп,
Көрешекті көрген-ді.
Құлыным деп көп боздап,
Соры қалың бәйбіше,
Өлместің күнін көрген-ді,
Өшпестің отын жаққан-ды.
Қаншораның бұзауын
Жан айладан баққан-ды.
Кең дүние тар болып,
Кейіп, боздап, зар илеп,
Ойласаң мұндай болған –ды.
Ай-әлем халқы жиылып,
Асылдың бәрі қырылып,
Сары хан бастап хан өліп,
Берендердің бәрі өліп,
Қырқылды қызық шашымыз,
Олжа болды басымыз! – деп, бастан
өткен қиындық-азаптың барлығын айтады.
Осы тұрған Күлшора,
Белгілі елге бел осы.
Пендеден артық шер осы.

Күлкісі таңды атырған
Ұңғысы болат, сом балта,
Бәріңе таудай шоң арқа.
Түп атаңыз түгел алып
Әулие шалған батаңыз.
Осы тұрған Күлшора
Ойласаң ұлым, атаңыз.
Теңіздей қыран бел осы,
Дұшпанға кірсең оғына,
Өртке кірсең шоғына,
Ақылға кірсең айлаңа,
Атысқа кірсең найзаға,
Шыдап келер шер осы.
Білмегенді білгізер,
Білімді, білгір жан осы.

*Жауға кірсең, дұшпанға сілтейтін
құрыш болатын осы, – дегенде, Шөрек пен
Сейтекке шай қолдаған Күлшора жақындап
келеді. Елік сүтін берген, енесіндей көрген
жеңгесіне Күлшора:*

Белгілі қайның мен едім,
Берен жеңгем сен едің.
Мен киетін тон бар ма?
Белсеніп тоның киейін.
Беттесерім ер Қияз
Бір беттесіп көрейін.
Тағдыр жетсе өлейін.
Қайра тартпас шын жайды.
Жаратқан жазса көрейін.
Шыбындай жанды берермін,
Ажал тағдыр жетпесе
Жәдігердің ер Қияз
Қызық қылып берермін.
Елімнің мұңын тыйғаным,
Шашылғанын жиғаным.
Қармасарым ер Қияз
Қасарып көздеп тұрғаным.
Қара бел асып көш алмай,
Ер бола ма жігіттер,
Қармасып жаудан өш алмай?
Жаудан қорыққан ер жігіт,
Егерде екі бола ма?
Шабысарым ер Қияз

Айдай сұлу жеңеше,
Шабысқа киер тон бар ма? – дегенде,
*Айшөрек көк қоржыннан оқ өтпейтін,
қылыш кеспейтін, найза теспейтін тон
мен қандағайды алып, Күлшораға кигізеді.
Күлшора Қияздың жолын тосып, Манастың
аруағына сыйынып, Бабединге атасы Манас
жолына айтұяққа ат айтып:*

Ту жоғалған ұршыққа,
Томырайған тұмсыққа,
Бұзылған Ақсай жеріне,
Оңырайған сеңгірге,
Қасатшаның ойына
Хан Қияздың жолына.
Жаңа -Арықтың жанына

*Жаңғырықтың Жар–Қия, тоғыз
жолдың торабына келіп жетіп, аққаңқы
ерді жастанып, құбыланы бастанып, оқ
өтпесті жамылып, жау-жарағын сайланып
тосып жатады.*

*Ол Қиязды тосып жатқанда,
Айшөректің мазасы кетіп: «Қаны қалған
бір қасық, еті қалған көк жасық шораның
жағдайы қандай болар екен? Күлшораны хан
Қияз сойып тастаса, онда бізді қорғайтын
жан қалмайды. Түгел қырып кетеді зой!» –
деп, шораның тілегін тілеп, көзінің жасы
төгіліп, көңілі жаман бөлінеді.*

Оқыстан шора жайланып,
Қайрадан құдай ұра ма?
Қаза берме орымды,
Қайната көрме сорымды,
Өксіте көрме өзімді,
Сындыра көрме белімді!
Әулие өзің онда деп,
О дүниеге кеткен шер атам,
Аруағың өзің қолда!» – деп, ақ жаулығын
салынып, бір құдайға жалынып, шырқырап
жылап, тілек тілейді:

«Берен еді шер еді,
Атасынан бабасы
Артылған көкжал ер еді,
Баланы құдай сақтай гөр,

Өзі қабылан шер еді!
Күлістенім едің Күлшора,
Күшейіп соғыс сала гөр.
Күйікті қырғыз, көп жұртты,
Қаһарлының қолынан,
Ажыратып ала гөр!»

Қырғын болған қырғыздың,
Өшін алар ма екен деп?
Қаралы арғын, қалың жұрт,
Қайтадан елім жиналып,
Даңқын жаяр ма екен деп
Көп тіленді Айшөрек!



Қияздың өлімі

Хан Қияз таң сарғайып атқанда ұйқысынан шошып оянады. Түрі бұзылып, бақырып, жәдігердің бәрін шақырып алады. Жұртқа түсін айтып береді.

– Гайып күлік, кенедейде кезігіп, бармақтайда бас қосқан, басқаша тұлпар Тауторы ат құйрық жалы кесіліп, қойға жете алмайтын бір шобыр болып қалыпты. Оған арғын, қырғыз аралас отын артып алыпты. Бұл немене болады? Ақсұңқар құс жібек бауын үзіп, айды көздей ұшып кетті. Бұл немене болады? Болат қалқаным талқандалып, қирап қалды. Бұл немене болады? Жәдігер, бұл түсімді жорышы.

Үстімдегі оқ өтпейтін қымбат көк күні жағасы шіріп, күйіпті. Оны өртенгірдің тұқымы Сейтек киіп жүр екен. Бұл бір сұмдық қой. Бұл түсімді жорышы!

Тасты салсам сынбайтын болат сырнайзам сексен бөлек сыныпты. Сөйтіп құдай ұрыпты. Қасымда қарасатын бір жан жоқ. Қылжиып жалғыз қалыптын. Бұл немене болады? Осы түсімді жорыңдаршы! – деп, хан Қияз халқына барқырап айтады. Мұндай түсті жори алмай, ақсақалды кәрісі де, жастары да ақырын-ақырын тарап кетеді.

Қияз қаһарына мініп: «Қалың дұшпанды жалғыз қыратын әлім бар.

Біреуіңді де ертпей, қол алмай-ақ, мен өзім жалғыз барамын. Ахунның қызы Шөрек тұлпарды алдап алып кеткен екен ғой. Оқ өтпес тонымды сұрап алып еді. Екеуін бірдей алып, алдап кеткен екен. Мұның мен жынын қағамын, есебін табамын, Ажыбай мен Түменбай – екі ағасын соямын, қалған жұртын сандалтып, отыншы қылып қоямын. Атасы Ахун ханның заманын тар қыламын, бұл күніне зар қыламын!» – дейді.

«Тауторыны қатынға алдыртқаным-ай, ерлігім бар да, есім жоқ!» – деп өкініп, қаһарланған Қияз ошағарын оқтап, жұрттың бәрін боқтап, жау-жарағын сайланып, көк қылышы жарқылдап, Жетіөзеннен аттанып кетеді.

Астына мінгені Қылкүрең – бір заманда Таластан, арғын-қырғыз елінен олжаға келген тұлпар екен. Құйындай жерді сапырып, құландай жапырып, ұшып келе жатады.

Қаһарына мінген Қияз ашылмайтын күндей бүркеліп, көк жорыдай айналып, бетіне адам қарай алмастай болып келе жатады. Өлшеулі мойнақ, Қарақыр белге келіп, Қарақасат тауына, Қарауыл тастың бойына шығып қараса, қырдан түтін көрінеді. Жүк артқан сексен түйесі бар, қызыл нары тұр екен. Қияз мұны көріп

ойлайды: «Бұл думандатып, тойлатып, некесін қидырып, біреуге тиейін деп жатыр екен зой. Мен мұның алатын зорын төбесінен басайын, Айшөрегін бас қылып, бұларды түгел қырайын. Қатынымды қайтып берейін? Бүйтіп мазақ болғанша, бұлардың жынын қағайын!» – деп, қабағынан қар жауып, мұртына мұз тоңып, бурадай болып күркіреп ат қояды. Алыстан оның қарасын көрген Шөрек шошынып, күйінеді: «Қайрат, күші көп, зор Қияздың түрі жаман! Әлпештеген Сейтегім он екіден жаңа асты, бұған қарсы тұра алар ма екен?!

Қасқалдақ деген қайран құс,
Қаршыға құсқа жегізбе.
Желіккеннен Айшөрек,
Қияздан өлді дегізбе!
Алла, жан деп жаратсаң,
Құп сыйласаң сөзімді,
Қолына қорлап түсіріп,
Қурата көрме өзімді!
Алла тағалам қош көрсең,
Қарайта көрме жүзімді!
Сенген қайным Күлшора
Телегейі тең еді,
Шай қолдаған шер еді.
Он екі мүше кең еді.
Он екі жыл тепкіні,
Қарағұлдан жеп еді.
Қатты зорлық, шоң қорлық
Жәдігерден көрген – ді.
Құтырған Қияз кәпірді,
Қайныма құдай берер ме,
Қисайып Қияз өлер ме?» – деп, Айшөрек боздап, жылап тілейді.

Сол кезде кәрлі Қияз қайқы қасат,
тас майданға шыға келгенде, Күлшораны көреді: «Қуарған құл, сені біржолата құрта кетейін.

Оң далынды он жол оймасам,

Қырық бір күн кескілеп,
Құтырғыр сені соймасам,
Көзінді шұқып алмасам,
Көп қайратты қолыңды,
Қарыңнан кесіп салмасам.
Есіл басың шаппасам,
Есебінді таппасам,
Қорлықпенен өлтіріп,
Жоғалтпасам көзіңді!

Бұл ерсініп, жолымды тоса қалған екен, мен мұны сояйын!» – деп, Қылкүрең атты тақымдап, қиқырып найза сұнады. Ол найзамен саятын кезде, қанша жаумен соғысқан әдісқой, шайқастың жайын жақсы білетін шер шора айбалтамен Қияздың найзасын қақ бөледі. Сонда олжаға келген Қылкүрең ат Күлшораның иісін сезіп, айтайын десе тілі жоқ, есті жануар бұра тартып, бұлттай ұшып, қайырыла бұлт етіп тұра қалады. Үстіндегі Қияз үзеңгіден аяғы тайып, ерден арты қылтайып, дардайып құлап түседі. Құлап жатып, Қылкүреңді тілдеп: «Дұшпанның малы еді, ағам Толтайдың асына арнап шалдырмағанымды қарашы!» – деп өкінеді. Күлшораның жанында қотыр нардай қайқайып, қапаланып барбайып, қарсы қарап тұрады. Күлшора қаршығадай шабынып, гайыптан ақыл табылып:

Он далымды ойып құл қылған,
Ордалымды бұл қылған,
Шерім Қияз сенбісің?
Абамды қуып жоғалтқан,
Ерім Қияз сенбісің?
Жалпыға қырғын бастаған,
Таласты елсіз тастаған.
Қариямды өлтірген,
Кереге-уығым қиратқан,
Кәрі-құртаң, жесірді,
Қалдырмай тегіс жылатқан.
Күнімді қара түн қылып,

Қойған Қияз сенбісің?
Есепсіз ебім кетіріп,
Шапқан Қияз сенбісің?
Дүние кезек келді ме,
Тілекті құдай берді ме?» –
Деп Күлшора бақырып,
Манастап ұран шақырып,
Бастады қырғын соғысты.
Ер Қияз бен Күлшора,
Берендер жаяу тұрысты.
Бет алысып ұрысты,
Кім көрген мұндай жұмысты?
Маңдайласып тұрысып,
Қылыш сілтеп, балтамен,
Былшылдасып ұрысты.
Қылышпенен шабысып,
Қылыш қирап, қалысып,
Айбалтамен салысып,
Сабы қолда қалысты.
Жағаның бәрі үзіліп,
Тондар дал – дүл жыртылып.
Айқырып екі арыстан,
Шер екені білінді.

Екеуі аянбай, армансыз соғысады. Ақырында бір-бірімен бетпе-бет келіп, жаяу күресті салады. Ұстаған жерлерін үзісіп, қабырғаларын қиратардай болып, көк бұқадай сүзісіп, алты күн тынбай ұрысып, екеуі аш бурадай шайнасып, алысқанда, тізелері тиген қара жер тіп-тік болып ойылып, аяғы тиген жерлері жер ошақтай ойылып, бірін-бірін боқтап, тынбай алысады. Төбе құлап, түз болып, шынар, шыбық, тастар сайға ұшып толады. Сол кезде Қияз бақырып, Сейтекті шақырады:

Айналайын тентегім,
Өлмек болдым, Сейтегім.
Аталыққа санасаң,
Тауторы атқа бара көр,
Ер екенін білгізгін.
Бейнет тартқан атаңа,

Шылбырын қолға тигізгін! Өзің айла қылмасаң, атекеңнің әлі кетті! Өлетін болдым, Сейтегім!» – деп, тұлпарын шақырып тұрады.

Сол кезде ақылды, айлакер Айшөрек Тауторыға барады да, кекілі мен құлағын қоса ұстап алып, қайын атам Манастың жолына деп, жықпай-ақ, тұрған күйінде басын кесіп алады.

Сол уақытта шай қолдаған Күлшора «дұшпанын мықтап жарсын деп, қашанғы кегін алсын деп» Бөлекбай ұста бөрі тіл қылып соққан асыл құрыш Ақтінте қанжарын қынынан суырып алып, Қияздың қыл сүбесінен салады. Қияз айғайлауға шамасы келмей, құлап жатып қалады. Күлшораның жүзінен жалын шырқырап, аузынан түтін бұрқырап:

Тасты бұздым, көш алдым
Қас-дұшпаннан өш алдым.
Қазір өлсем арман жоқ.
Кенедей арман қалған жоқ.
Кегім қалмай жазылды,
Шырадай көзім ашылды,
Күйіктің бәрі басылды!»
Деп осылай Күлшора
Тіктеген жауы өлген соң,

Тілегін құдай берген соң, аяулы ата – Момынжанға келіп, қас дұшпан өлді деп сүйінші сұрайды. Сол уақытта батыр Сейтек балапан құстай демігіп, Қарадәу мен Күлшораға былай дейді:

Е, Қарадәу, Күлшора,
Екеуің тең абамсың,
Абам емес, бабамсың.
Өзен толған жәдігер
Жағылған отын өшіріп,
Олжалап айдап көшіріп,
Өкімдерін қырайын.
Өз қылғаның осы деп,
Желіккенін қырайын! – дейді. Сонда:

Қоржынға салып, құм артса,
Арымас та, жауырма
Қара үлектің данасы.
Өрде – төмен сөз айтса,
Орнына келер ақыры.
Арыстан шердің баласы.
Қайраннан қалған белегім,
Ақыл сөз айтам, біліп ал
Асылым ұлым, тілімді ал!
Өтіп кеткен заманда,
Көкжал абам аманда,
Атысқа сан қол баратын
Қатарлас өскен біргелес,
Сен емес балам ер Сейтек,
Хан атаң тілім алатын.
Білекке қылыш ілгенбіз.
О дүние кеткен атанды,
Қолымызбен білгенбіз.
Бір кеңескен сөз осы,
Бір күрескен кез осы.
Атаң өткен Семетей
Алғанмын тілін абам деп.
Абам түгіл мен оны,
Арқа қылғам бабам деп.
Ақыл айтам Сейтегім,
Абамнан қалған балам деп.
Айтқан ақыл біліп ал,
Құлыным Сейтек тілімді ал!
Батыры ақымақ емес пе,
Қураған жұртта не жазық?
Жетіөзенде жәдігер
Шетінен түгел қырғанда,
Жетесіз бұл ел шабылар.
Жетім қалдың атаңнан,
Бізге жұрт қайдан табылар?
Ұқсаң мұндай кебім бар,
Айтқанымды біліп ал.
Тұйықты бұзып жол салса,
Шүйіліп дұшпан қол салса,
Өкілдеп найза салыссақ,
Аямай жаумен алыссақ,

Мылтық атып, жақ тартып,
Былышылдасып соғыссақ,
Әскер жинап, қол толып,
Аямаған сор болып,
Қиын жанжал іс болса,
Қызталақ басқа күш болса,
Қараң болар бел болар,
Қараны бар жәдігер,
Бізге ақыры ел болар.
Балам Сейтек тілімді ал,
Айтқаным қымбат біліп ал!
Жетіөзенде жәдігер
Жергелі жұртым шабам деп,
Бұл сөзіңді кім ұқсын?
Көз көрмеген түн ұқсын.
Төбесі бітеу көк ұқсын.
Төсі түкті жер ұқсын.
Бастығы ақымақ емес пе,
Барлық жұртта не жазық?
Жоқ шатаққа шатылма,
Жәдігер жұртқа қатылма!
Жетіөзенде жәдігер
Қаранды жұртқа қатылып,
Қапа қылма халықты.
Жұрт толқыған көл болар,
Толқыған жұрттан айрылып,
Еренге қандай күн болар?
Беренім Сейтек тілімді ал! – деп,
*Күлшиора ақыл айтқанда, Сейтек ойланып,
айтқан тілін алады, ақылға келеді.*
Алда жүрсең ақжолтай,
Айбатың бар сан қолдай.
Сиынып шығар белімсің,
Бұрынғы кеткен атамнан
Мұраға қалған шерімсің! – деп, сөзіне
риза болып, ойға қалып, Сейтек тоқтайды.
Сөйтіп, жәдігердің жасы мен кәрісін
түгел жинап алып, Қостөбенің ойында ер
Қияздың алтын тақты қазынасының аузын
аштырып, қалың қара көп жұртқа сарқыт
қылып шаштырады. Бұттап алтын, қызыл

зер, толып жатқан сан дүние алған адамдар қарық болып, бүкшеңдеген шал да, ойнаған бала да алтынын олжалап, риза болады.

Көкжал туған Сейтектің,
Ер екені білінді!
«Түпті атаның ұлы деп,
Алқа жұрты сүйініп,
Ақболаттың тұқылы,
Арыстан ердің тұқымы.
Қалың жұрттың панасы,
Өмірлі болсын ылайым,
Айкөл шердің баласы! – деп, жұрт шулап, ер екенін көреді.

Ер Қиязға тиісті,
Адырда жылқы алты сан,
Алты сан жылқы ала бас,
Арғымақ будан аралас
Олжаға қуып келеді.
Жетім-жесір, байғұсқа
Үлестіріп береді.
Көңілдері жай болып,
Жетіөзенде жәдігер
Қараламан қалың жұрт
Кәдімгідей бай болып,
Адам білмес ой қылып,
Жұртты жинап той қылып,
Халықтың көңілі жай болды.
Алтын талап, мал алып,
Жәдігер жұрты бай болды.
Жетіөзенде жәдігер,
Жер майысқан көп елді
Жетік шора жияды,
Ақырын сөйлеп, бек тастап,
Шай қолдаған Күлшора,
Жәдігерге сөз бастап
Жар шақырып тұрады!

Содан Күлшора: «Ай, халқым, мына көкжал Қарадәуді жәдігер жұртына хан көтеремін! Осы ерді хан көтеріңдер, тілін алыңдар! Бұл енді сендердің хандарың! Қаптап жау келсе сендерге шоқпар

болатын, қорған болатын ер осы. Бұл арыстан өзіңнен шыққан Құттыбидің баласы. Көпті көрген данышпан, балуан да, шер де, найза ұрушы даңғылың да, жүк көтеруші қамбылың да, көзі алыстан көретін данышпаның да осы Құттыби ұлы Қарадәу!» – деп, Күлшора шегелеп айтқаннан кейін, қалың қара жәдігер мақұл көріп, Құттыбидің ұлы Қарадәуге екі тізгін, бір шылбырды беріп, жаңадан ханымыз болды деп, той жасайды.

Қалың қара жәдігер
Ханымыз жаңа болды деп,
Қайғының бәрі жоғалып,
Қарнымыз міне тойды деп,
Бие бастаған бес тоғыз
Қармап тойға сояды.
Бақандары майысты
Балуаны атпен сайысты.
Жетіөзен судың бойы деп,
Қарадәу таққа мінерде
Жәдігердің тойы деп,
Өрекіген қайран ер,
Өкпе алып, таздар салысты.
Салысқан таздың басына
Томпайдай өкке жабысты.
Жұрт шұрқырап шу болып,
Қатқырып күліп қалысты.
Ал Қарадәу батырды
Алтын түсті кілемге,
Отырғызып алады.
Әр бұрыштан балуандар
Көтерісіп алысып,
Алтын тәжін кигізіп,
Алтын таққа мінгізіп,
Халыққа хабар салады.
Халық атасы осы деп,
Құттыби ұлы Қарадәу
Хан көтеріп алады.
Қапалы көңіл жай болды,
Қарадәу батыр хан болды.



Таласқа көшу

Семетейдің ұлы жас Сейтек енесі Айшөрек пен абасы Күлшораға өкпе-назын айтып: «Туып өскен ел қайда, жер қайда? Енді өз еліме кетемін. Бұл қаңғырып жүргенімізден не пайда? Ата қонысымыз Таласқа бармасақ, ата жұртымыз, елімізге бармасақ, ата жолын қумаған, атаның қадірін білмеген ақымақ балалар екен деп, жұрт өсек қылар! Қайран әжем Қаныкей, қайран атам Бақайды іздеп табайын. Олар сол жақта қорлықта қалды. Ал енді, Талас жеріме, қырғыз еліме аттанамын!» – дейді. Күлшора жеті жүз қызыл нар айдап, алтын-дүниені жеті жүз нарға жүктетіп: «Ал, батырмыз Сейтек, баста!» десіп, халық шұрқырап, қуанып Таласқа көшеді.

Айшығы алтын қызыл туды азаматтар көтеріп, атамекен Таласқа арыстан Сейтек бет алып, көшті бастайды. Жастар өлең айтып, жыр жырлап, қыз қуып, ойын-сауықты қыздырады.

Таласты көздей бет алып,
Ел шұрқырап, шу болып,
Ер қуанып ду болып,
Кіндік кесіп, кір жуған
Жеріне көшіп келеді.
Бармақтайда бас қосқан,
Еліне көшіп келеді.
Жеті атасы көз жұмып,
Өткен жерге келеді.
Халық атасы –хан Манас
Қара көзі жұмылып,
Кеткен жерге келеді.
Халайық жоқтап, қайғырып,
Өткен жерге келеді.
Жетіөзен көшіп, жол тартып,

Желендіні басады,
Мойнақшаны асады.
Ел алдында ер Сейтек
Ат арытып, жер шалып,
Ит ағытып, құс салып,
Белендіні басады.
Бес Құйымсу, Бесмойнақ
Төртмойнақты асады.

Міне, осылай келе жатқан уақытта бір газжап іс болады. Сейтек Қылкүрең тұлпармен орғытып, секіртіп, иір белдей белестен еңкейіп асып шыға келеді. Ұзын бойлы, кең иықты, өзі балуан, өзі шер, атасына тартқан арыстан жан-жағына қарап, алысты байқап тұрады.

Осы мезетте бір заманда ердің құнына кеткен Тайбуырыл ат керуеншілердің қолында, жүгін тасып келе жатыр екен.

Арқасын аттың жауыртып,
Жүк артып, көңілін ауыртып,
Қорлықтан Буырыл қайғырып,
Жазы-қысы жүк кетпей,
Жал-құйрықтан айырылып,
Құшақ болған саны жоқ,
Жал-құйрықтың бәрі жоқ.
Жауыр жортақ болыпты.
Нардай тұлпар Тайбурыл,
Шолақ аттай болыпты.
Жардай болған жарықтық
Жаман аттай болыпты.
Алпыс қырсық, мың бәле
Жануарды торыпты.
Күншілік жерден Тайбурыл
Береннің ұлы Сейтектің
Иісін сезе қойыпты.
Байлап қойса тоқтамай,

Қоя берсе оттамай,
Қайғылана қалыпты.
Семетей ұлы Сейтекті
Бір көруге зар болып,
Әрең жүрген бұл тұлпар,
Қайранының тұқымы
Сейтекті көріп қалыпты.
Қырық керуенге қызық шыр,
Нардай болған бұл будан
Аямай жанжал салыпты.
Керуеншілер қармаса,
Кейбіреуін Тайбуырыл
Тістеп, қажап, ырғытып,
Тақ-тақ деп түгел қармаса,
Көме теуіп, зырғытып.
Қырық-елуі бас болып
Бір шылбырға сүйреліп,
Сүйрелгендер тырысып,
Әр қашаннан бір қашан
Асаулығын қоймас деп,
Буырыл атпен ұрысып,
Бұттап алтын зер беріп
Сатып алған мал екен.
«Тақ-тақ шошқа, тақ-тақ!» деп,
Керуен басы Қарасарт
Келе жатыр долданып,
Бурыл атқа бақырып.
Бақырсаң ат тоқтай ма?
Адамнан бетер айуанның
Ата-енесін боқтай ма?

Қарасарт: «Сені соймасам ба, етіңе тоймасам ба?!» – деп Буырылды балағаттайды. Қыр арқасының үстінде он екі жерден жауыр болған екен.

Қабырғасы қаржайған,
Қалақтай саны тартайған,
Омыртқа сүйегі орқайған.
Арса-арса бөлінген,
Әр қабырға үстінен
Саландап ірің төгілген.
Тұяқ тұқыл қайрылған
Жардай болған жарықтық
Жал-құйрықтан айырылған.

Керуенші қырлап жүк артып,
Ғаріп болып кетіпті.
Бұрынғыдай еті жоқ
Арық болып кетіпті.
Құм сірке басып алыпты,
Қырсықтың қырқы шалыпты.
Өлетұғын кезіне
Жарықтық будан барыпты.
Айкөлінен ажырап,
Қаріп қалған Тайбуырыл,
Кезең таудың ұршықтан
Оңырайған тұмсықтан,
Қашып келіп Сейтекке,
Тура тартып жолына
Тұлпар Буырыл тұрады.
Тұякпенен кара жер
Жеміріп басып ұрады.
Оқыранып іш тартып,
Тулап тұрды Буырыл,
Айтып-сөйлер тілі жоқ,
Жылап тұрды Буырыл.
Айуан да болса Сейтекті
Қинап тұрды Буырыл.
Иығына иек артып,
Ықтап тұрды Буырыл.
Тегереніп онжондап,
Жыттап тұрды Буырыл.
Бұршақтай бөлек көз жасын,
Төгіп тұрды Буырыл.
Баяғы айкөл Семетей
Баласы Сейтек екенін
Көріп тұрды Нарбудан.
Бөлек-бөлек көз жасын,
Төгіп тұрды Нарбудан.
Оқыранып кісінеп,
Тулап тұрды Нарбудан.
Шыбындай жанын Сейтектің
Қинап тұрды Нарбудан!
Тұлпар ат Тайбуырыл осылай солқылдап жылап тұрғанда, батырдың ұлы Сейтектің көзінің жасы төгіліп, атасы Семетей бардай көрінеді.
Нардай болған Буырылды

Атадан қалған малым деп.
Малым емес Буырыл,
Кеудемде ыстық жаным деп.
Буырыл келіп жолығып,
Өртеніп, күйді жаным деп.
Өзім жетім, мал кетіп,
Болыпты әбден жаманат.
Он екі пірге қол берген
Ойран атам ала жат!
Айкөлінен ажырап,
Керуеншіге сатылған,
Қорлыққа мүлде шатылған,
Айуаннан шыққан тұмсықсыз
Сендей сорлы қайда бар?
Ата иісін сезбеген
Атекелеп еркелеп,
Алдында ойнап жүрмеген,
Атасы көкжал береннің
Түрі-түсін білмеген,
Құрсақта жатып қуылған,
Мендей сорлы қайда бар?
Буырыл ат жетім, мен жетім,
Бұл сияқты азапты
Пендесіне бермей қал!
Халайық елдің тірегі
Қабылан атам өлмей қал!
Аза тұтып айуаны
Артында бүйтіп қалғаны,
Опасы жоқ бұл дүние
Белгілі жұртқа жалғаны.
Атамнан қалған Нарбудан,
Айуан бүйтіп тұрғанда,
Тұқым едім, ұл едім,
Қайра келмес шын жайды
Көзімменен көрсем бе?
Атам шердің алдына
Құрбан болып өлсем бе?
Айуан бүйтіп тұрғанда
Қайтып шыдап тұрамын?
Қалдым жетім, жаманат,
Қабылан атам ала жат! – деп Сейтек

Буырылды құшақтап, иіскеп, жылап тұрғанда Айшөрек келеді. Тайбурылды

көргенде Айшөрек бетін жыртып, шырқырап: «Аты қалып, өзі жоқ, айкөлімнің көзі жоқ, осындай ма еді, дүние шоқ? – деп, дауыс салып, зарлап жылайды. Оған қосылып тілі жоқ Тайбуырыл ат жылап, көрген жанның бәрі жылап- еңіреп тұрғанда Күлшора келіп, нардай болған Буырылды кекілінен иіскеп: «Талай жауға шапқан, қызыл қырғынды көрген, талай жерге барған, талай қиындыққа сынап, шыдап берген, қырық бір асу белдерден, қырық күндік шөлдерден қажымай өткен, бұғыдай көзі жайнаған, қайран атадан қалған жануар!» – деп Нарбуданды көкжал ағасы тіріліп келгендей құшақтап тұрады.

Абасы Айкөл барында
Адыр-күдір асу тас
Қырға мінген мал еді.
Қытай-қырғыз жанжалы
Шырға мінген мал еді.
Ене болып сақтаған
Атасындай мал еді.
Жортуылға мінсе арымас
Жолдастығы бар еді.
Нарбуданды көргенде
Арыстан шораң бұрқырап,
Он екі мүше, қырық бір сүйек
Быт-шыт болды бырқырап.
Аты қалып, иесі жоқ
Осындай ма едің, дүние шоқ?
Деп өксіген Күлшора
Сөйлеп аузын жиғанша,
Артықша тұлпар Тайбуырыл,
Ішін жиып, пысқырып,
Қара жерді тоқпақтап
Көктен жұлдыз тұтылды.
Көрсен сұмдық, мүшкіл іс.
Арқардайын керіліп,
Қараса көзге ілінбей,
Қайда екені білінбей,
Ғайып болды Нарбудан.
Адыр-күдір белесті
Асып кетті Нарбудан.

Ғайып болып білінбей
Қашып кетті Нарбудан.
Мұндай халге қайғырып,
Тайбуырылдан айырылып,
Азап тартып Күлшора
Қақпа тасқа тоқтады,
Қашанғы дертті жоқтады.

Күлшора Тайбурылды мініп, жауға шапқан шақтарын есіне алып: «Абекем ханның көзі, аманаты, айналайын Тайбуырыл қайда кеттің?! Қайрылып кел!» – деп, көңілі сай-сай бөлініп, арманда қала берді.

Сонда ер Сейтек анасы мен абасына:

– Ал енді мен жылқының қысыр тайын жеп, есіріп жатқан Қанишора құлға барайын, шашылып кеткенімді жинап алайын! Халқыма өзім барайын, әжем Қаныкейді ажыратып алайын. Ажал жетсе өлейін, тағдырдың жазғанын көрейін! – дейді.

Желіккен кәрлі Қаншора
Батырлығын, ерлігін
Баса кіріп көрейін.
Қара ниет Қаншора
Батыр болса, ер болса
Әлемді бұзған шер болса
Тағдыр жетсе өлейін.
Кеудемде жаным тұрғанда
Намысым қайтып берейін?
Ажалым жетсе оқыстан,
Айдай анам Айшөрек,
Соғыста ұлым өлді деп
Ақ емшектен сүтінді,
Арыстан енем кешіп қой!
Тажал салған қорлығын
Тіріде қайтып көрейін?
Қорлыққа қорлық салмасам,
Қоймастан өшім алмасам,
Тумай тұна шөгейін.
Өкімсіген Қаншора
Ақ шайтанды шошқаның
Есебін ептеп табайын.
Ежелгі жынын қағайын.

Шардақтан жолын шалайын
Шамасы қанша, қарайын.
Арманды Бақай абамды
Атамнан қалған бабамды,
Арқасы таудай ханымды
Пайғамбар сынды шалымды,
Көк сілеусін бөріктіні
Көп адамнан көріктіні,

Ажыратып алайын! – деп, ер Сейтек асқар таудай көрініп, көтеріліп сөйлегенде шай қолдаған Күлшора Сейтекке:

– Балапаным Сейтек, он үшке жасың толған жоқ. Әлі жассың зой. Бұл Қанишора аса қауіпті жау. Жалғыз барсаң қиын болар, мен бірге барайын. Өзіңе жолдас болып, серік болып жаныңда жүрейін! – дейді.

Күлшора мұндай дегенде
Береннің ұлы жетімнің
Берендігі білінді.
Безге сайған немедей
Безірейіп түйілді:
«Семетейден бәдірек
Шын туылған ер Сейтек
Болмай қалды демей ме?
Атасына тартпай қу жетім,
Оңбай қалды демей ме?
Өсек-аяң ду қылып,
Айықпас ұлы шу қылып
Қапқа тықса қампайған
Сабан болды демей ме?
Атаға тарпай кем қайрат
Жаман болды демей ме?
Аспанда мұнар жұлдыздай
Болжас болды демей ме?
Қақанға қол салардай
Қарасы таудай абасын
Жолдас қылды демей ме?
Жау өсегі жемей ме?
Тұйықтан жолды шала алмай
Төтелеп жүрді демей ме?
Күлістені Күлшора
Жетелеп жүрді демей ме?
Сайланса, ерен аспайтын,

Сары адырмақ тау бар ма?
Екеуміз қатар барғандай
Қырдан келген жау бар ма?
Тіл жауыр боп терлейтін,
Айтсатын дау бар ма?
Қайран аба не дейсің,
Бұл сөзіңді кім ұқсын?
Бір қараңғы түн ұқсын
Қазып қойған көр ұқсын.
Қатылған қара жер ұқсын
Одан бөлек кім ұқсын?
Жалғыз барам жеріме
Өзім барам еліме! – деп, *Сейтек бел*
байлайды. Күлшора тоқталып қалғанда,
Айшөрек шырқырап, шылбырынан қармап
тұрады:

Өзенді дария, бұлағым
Өлгенде көрген шұнағым.
Найзаға таққан желегім,
Асылдан қалған белегім.
Түпті шынар, мазарым
Қараса қабақ жазарым.
Таянған терек шынарым.
О дүние кеткен көкжалдан
Алып қалған тынарым.
Жылғынды Кең-Қол, кең Талас,
Жеріне кетіп барасың,
Жырғалды қырғыз, аз арғын,
Еліңе кетіп барасың!

Балам, мен қырғыздың жайын,
жердің жайын білемін. Таластай жердің
төресі – айтулы еліңе барсаң Бақай абаңа
кездесіп, кеңесін тыңда! Нағыз дұшпаның
Қанишора ханға барсаң, атаңнан қалған
мүліктеріңді белекке сұрап ала көр! Егер
бермесе, ерегеспей, жамандаспай «енеке,
бермей қойды» деп менің өзіме қайтып келіп
айтарсың! Кеше бұзықты салып, орданы
шапқанда мойнымдағы қоржынымды олжа
қылып тартып алып еді. Ол қоржында
атаңның киген Ақолпоқ тоны кетті. Ол
Ақолпоқты қайран енем Қаныкей, алтыс
қатыңға бас болып, күні-түні жасап еді.

Атса мылтық өтпейтін, шапса қылыш
кеспейтін, найзаның ұшы теспейтін
Ақолпоқ тонын Қанишора құлдың қолында!
Алдап-сулап азалап, Ақолпоқ тоныңды алып
кел! Бермей қойса, ерегеспей, соғыспай,
қайтып кел! Атаңнан қалған атақты
мылтық Ақкелтені де Қанишора тартып
алды. Аспаннан түскен Зұлпықар – өткір,
өрт қылыш, жауға салса өзінен-өзі өртеніп
қызарған, қырыққұлаш болып ұзарған құрыш
болат, бабаңнан бері мұраға қалған қымбат
мүлкің осы! Атамнан қалған мүлкім деп,
бұзылған иттен оны да сұрап ал. Ақкелте
мен Зұлпықарды да бермесе, жамандаспай
қайтып кел, бермей қойды деп маған айтып
кел!

Бақай абаңа бара кел. Өліп қалса, белінен
қармап, бүктеп, боз айуанға жүктеп ала
көр. Өз қолыңмен ардақтап жерге қоя көр.
Адамнан бөлек әулие бабаң Бақай қарияға
боз айуан атап, соя кел!

Құдайдың салған ісі, қор болып елден
жерден, қайран енем Қаныкейден айырылып
қалдық. Әжең Қаныкейді іздеп бара көр.
Тауып алып, бізге ала кел! Енекем саған
аманат! Ақ бәйбіше енемді бір көріп,
емшегінен бір иіскеп, содан кейін өлейін!
Саламат барып, сақ кел. Бізді сағындырмай,
аман барып, сау кел! – деп, көзінің жасы
төгіліп, ақ тілегін айтады. Айшөрек қайын
атасы шер Манастың аруағына сиынып,
бұрын алыс жолға шықпаған жалғыз ұлдың
жорығы қандай болар екен деп уайымдап
тұрғанда:

Ойбай енем, не дейсің?
Ажалды кісі өлмей ме?
Алла жазса бұйрықты
Пенде шіркін, көрмей ме?
Жан кетіп адам өлгенде
Кіргізбей ме қара көр?
Опат болса ал енді,
Батырмай ма қар жер?
Қайғырмағын, ене сен

Ерен шердің тұқымы,
Елін таппай тына ма?
Құладың ұшар жеріне
Тентіген келер еліне.
Асқар тау, күдір беліме

Аңсадым, жетем еліме!– деп, ер
*Сейтек қилмай қоштасып, оқ өтпеген тон
киіп, оқ жетпеген Қылкүреңнің құйрығын
қиғашынан бір түйіп, жылғынды Кең –
Қол, кең Талас жеріне, арғын-қырғыз еліне
кетеді.*

*Адырмақ ала белді асып, ат аямай мол
жүріп, ұйқы-күлкіні ұмытып, Қарабура,
Шоң – Шатқалдан өтіп, кең Таласқа
жетеді.*

Қасиетті кең Талас
Жатқан екен шалқайып.
Тауы биік арқайып
Бұлағы асып-тасыпты.
Мұнды бір кісі жасыпты.
Жапырағы жарғақтай,
Қара құрты бармақтай,
Балдырған шөбі білектей,
Маралы дәу сиырдай,
Мүйіздері теректей.
Шыбықтары шынардай,
Шымшықтары ұлардай.
Кесірткесі жыландай,
Құландары құнандай,
Жыландары жыластың,
Бүктеп түрген арқандай.
Алла тағала жандарды,
Жаратқан екен әр қандай.
Өзен тайпақ шалқайып,
Өндірлі тауы даңқайып,
Қасиетті Таластың
Тау құрсаған қары бар,
Толған жанның бәрі бар.
Жан жаратқан мақұлық
Толған екен сол жерге.
Адырдан көкек күленіп,
Тоғайдағы бұлбұлы
Мұңданып, неше сөйленіп.

Мұнды бұлбұл сайраса
Мұңы бар кісі ұққысыз.
Мұнайып үнсіз қанша жан,
Қызығынан шыққысыз.
Талдары тұр иіліп,
Адырдан арқар түйіліп,
Бұдырдан бұғы бұйығып.
Бөктерінде текесі
Арлы-берлі құйылып.
Құлақтарын жымитып,
Бөксесін бөрі жайлапты.
Құйрықтарын шұбататып,
Түзінде түлкі ойнапты.
Жорға дуадақ, шоң дуадақ,
Адырын оттап, бөлініп.
Әр ырысқа шын жырғал
Өндірден ағып төгіліп?
Бетеге белден бұралып
Қызғалдақ шөп, қымыздық,
Белден бұрап шұбалып.
Таң қалады Таласқа,
Баланың көңілі бөлініп.
Асуын тосқан қары бар,
Адамға қызық дүниенің
Абайлап көрсең бәрі бар.
Түлкі мұрт пен жоңышқа,
Көкемерен, ақ соқта,
Түрлі шөптің бәрі бар.
Кермеге күлік керілтіп,
Байлап шабар жер екен.
Күн тамаша, түн ойын
Жайлап жатар жер екен.
Қостан киіп сусар көріп
Ырғап жатар жер екен.
Құнан мініп, құс салып
Жырғап жатар жер екен.
Еріксе елік атысып,
Неше қызық, тамаша
Ерікпей ойнап жатысып,
Қар жауғанда із шалып
Қара баршын құс алып,
Салмай тұрған жер ме екен?
Өңгеше ойын қызыққа

Батпай тұрған жер ме екен?
Көп тамаша ойынға
Қанбай тұрған жер ме екен?
Қарлы жерден із қарап,
Шалмай тұрған жер ме екен?
Бөлініп орда, шын мерей
Атпай тұрған жер ме екен?
Жатпай ойын, көкпарды
Тартпай тұрған жер ме екен?
Әр қызыққа жігіттер,
Батпай тұрған жер ме екен?
Қынай белді құрсанып,
Қарысқан жауға қол салып
Тимей тұрған жер ме екен?
Ту құйрық түйіп, ат шауып
Құйындатып тұлпарды
Мінбей тұрған жер ме екен?
Қымызға тойып, қыз ойнап
Қызыққа батып, дуылдап,
Жырғамай тұрған жер ме екен?
Қазанбақтай қара бөрік
Халық қорғаны ту қылып
Ырғамай тұрған жер ме екен?
Құлындап, төлдеп, мал өсіп
Жырғап жатар жер екен.
Жыңғыл, қайың, талы бар
Қарағай қалың көк тіреп,
Әр ғажаптың бәрі бар.
Ол шерінің ішінде,
Шағарақ құйрық, шұбар жон,
Арыстан, жолбарыс тағы бар.
Құлақ ұғып, көз көрген
Мақұлықтың бәрі бар.
Ата қоныс, кең Талас
Жер ғажабы емес пе?!
Тектір-адыр жеріме
Теке құлжа тоқтапты.
Тегіс тоғай ішіне
Торай, қабан оттапты.
Тау жағына қарасаң
Ылайым кетпес қары бар.
Тоғай ішін қарасаң,

Қаршыға тиген құстары,
Қамшыланып ұшады.
Құлады тиген құстары,
Қуқылықтап ұшады.
Үйдей-үйдей шынары
Жер сауыры Таласта,
Толып жатыр бұлары.
Ол шынарды қараса,
Жаны барды санаса,
Бір бұтағын байқаса,
Сапсаңдаған сар туған.
Бір бұтағын қараса,
Ала мойын таан туған.
Бір бұтағын қараса,
Үксиіп үкі ол туған.
Бір бұтағын қараса,
Қымпиып қырғи бұл туған.
Бір шынардың өзінде
Алуан түрлі жан туған.
Қайран менің Таласым,
Жер ғажабы екен ғой! –
Деп осылай ер Сейтек
Сары адырмақ, қырқа тал,
Жерді көріп бір жылап,
Арғын, қырғыз аты ұйқас,
Елді көріп бір жылап.
Алтындай таза, түп-тұнық
Суды көріп бір жылап.
Қаптал жағы қақпа тас
Шекті көріп бір жылап.
Тура жағын қараса
Бақай ханның қазына
Үңгірді көріп бір жылап,
Әр қылығы сайма-сай
Жерді көріп бір жылап,
Ат аямай, жол жүріп
Шоң Кең – Қолды жағалап,
Баткеннің бойын бағалап,
Жылғындыны сыдырып,
Үш Қосайдың бөксесін,
Бойыменен қыдырып,
Адыр-адыр бел асып,

Әр түрлі қызық жер басып,
Көтермелі ұршыққа,
Салынып кірген тұмсыққа,
Мұнарланып бұрыштанған,
Бұлыңдап көзге көрініп,
Жаяу тұман түсіп ұштанған,

Көз жетпеген сенгірге,
Үш Қосайдың жиегіне,
Төрткүлдің төмен жағына,
Төре сұлтан, қайран шер,
Манастың сайған бағына
Бала жетіп келеді.



Сейтек пен Қаныкей

Бала Сейтек Сары қайқаңға шыға келгенде, қарсы алдынан бұрқырап, боздап Бозінген келеді. Батырдан қалған түйе екен, айтайын десе тілі жоқ.

Ай Бозінген, жануар,
Адамның сүйген малы бар.
Маң-маң басқан, маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Екі көзін қал басқан.
Түйе енесі Бозқаймал
Жыл он алты болғанша
Бөгіп қалған кезі екен,
Көздің жасын мөлтілдеп
Төгіп қалған кезі екен.
Құбыланы бет алып,
Екі өркешін қойқайтып
Үйректей мойнын қорқайтып,
Өрде тұрмай орыннан,
Шөгіп қалған кезі екен.
Түзеңнен басып, шөп шалмай
Шырп еткізіп су ішпей
Мойнын жерге салыпты,
Он алты жыл Бозінген
Боздап жатып алыпты.
Иегін тасқа артыпты.
Бұл Бозінген азабын,
Көдеден жұлып шөп беріп,
Көнекпенен су беріп,

Ақбала сорлы тартыпты.
Сөйтіп, Бозінген Сейтек қашан келер деп, тосып жүрген екен. Бозінгенді көріп, іші өртеніп, шоқ болып, айуан бүйітіп тұрғанда, адамның жаны қандай деп, Сейтек қосыла жылайды.

Көңілі бөлінген Сейтек бір кезде қақ шынардың жанына барғанда, бір қара кемпірді көреді.

Артына қолы байланған
Артықша соры қайнаған.
Қысыр емген торпақтың,
Ортасына байланған.
Торпақтар кетсе сайғақтап,
Сүйреліп кемпір шырқырап,
Табаны тасқа бырқырап,
Етінің бәрі бөлініп,
Қанының бәрі төгіліп,
Көйлектің бәрі жыртылып,
Торпақтар тоқтай қалғанда
Арманын айтып шырқырап,
Жылайды боздап бырқырап:

«Мандай сүйегім қайқы екен,
Балдарымнан айырылып,
Күн көрерім тайқы екен.
Желке шашым шөп екен,
Жырғалымнан жылауым,
Найза салым көп екен.

Алла тағала, құдірет
Не үшін адам деді екен?
Адам пенде қасабын,
Артықша таттым, ку дүние
Емшегім беріп емізген
Қаншораның азабын.
Құлындарым барында
Құрылған қала зор болдым.
Құлынның көзі өткен соң,
Көп мүшкілге шағылдым,
Қысыр емген торпаққа
Көкбөрі болып тартылдым.
Табаным тасқа шор болды,
Өлмей-жітпей қайран бас
Қаншора ханға қор болды.
Екі қолым сал болды,
Екі көзім қал болды.
Күлшора мен Айшөрек
Бір көруге зар болдым.
Самай шашым ағында,
Сапарым жақын барында,
Қорлық көріп артылдым,
Адамға емес, сорлы бас
Айуанға көкпар тартылдым! – деп,
*шырқырап жылап тұрғанда, Сейтек келіп,
кемпірге тіл қатады:*

Ғаріп болған енеке,
Сандаған малың көп пе екен?
Бұзау, торпақ қайтарар,
Ауылыңда жасың жоқ па екен?
Жырлап берші жырынды,
Осы бүгін енеке,
Сөйлеп берші шыныңды.
Айтулы Талас жерінді
Айтып бергін кебінді, – деп сөзді
бастап: «Мына қалың ел қандай ханның елі?
Мынау жер қандай ханның жер? Бұл жерді
иелеп тұрған ерің кім? Ел билеген шерің
кім?

Ел басқарған ханың кім?
Ел бүлдіріп, жұрт сорған

Ел қорлаған зорың кім? – деп, Қылкүрең
аузын бұрып, ел мен жердің жайын сұрайды.
Сонда әлгі кемпір:

– Балам, келбетің адамнан артық
көрінеді. Торпақ баққан кемпірге мойныңды
бұрып тұрсың. Біздің жайды сұрасаң,
Қаншора ханға күң болып әйтеуір өлмей
тірі жүрміз.

Айшөрек пен Күлшорам,
Адамнан асқан жан еді.
Айшөректің бойында
Үш айлық перзент бар еді.
Егер де еркек ұл болса,
Енесін іздеп долының
Көрініп қалар шағы еді.
Осындай хабарды күтіп, өлмей әйтеуір
тірі жүрмін. Енді мақтанғандай көрерсің.
Бірақ, айтайын!

Тоғай едім, жан келмес
Өрт қаптап, қара жол болдым.
Шалқайған қара тау едім,
Құлап кетіп, қор болдым.
Жал құйрықтан айырылып,
Сопал болып тұрамын.
Мүйізім сынып басымнан,
Тоқал болып тұрамын.
Артық едім, ашындым
Ақтұлпар едім, басылдым.
Қараүлек едім, жауырдым,
Бәйбіше едім, ауырдым.
Хан Манастың зайыбы
Хан Семетей анасы
Қаныкей байғұс мен едім!
Қырандардың анасы
Ор талап Кең- Қол жайлаған
Оқ өтпес тонын қамдаған,
Қырық қыранның анасы
Қырық шораның анасы
Ұрғашының сұлуы,
Әдемі жанның бірі едім.
Мақтансам, Қадыр түн едім.

Келер менен кетерді
Абайлап бұрын білетін,
Қаныкей бейбақ мен едім.
Қапалықтан қайғырып,
Қайран ұлым Семетей,
Қадірлі ұлым Күлшора,
Айдай балам Айшөрек,
Бәрінен бірдей айрылып,
Ай бөксеріп, күн өтіп
Күндікте жүрмін осылай.
Қаншора біздің ханымыз
Артықша кеткен әліміз.
Әңгімені құрасың,
Арыдан сұрап тұрасың
Жылғынды Кең -Қол, кең Талас
Жерді сұрап тұрасың.
Жырғалды арғын, көп қырғыз
Елді сұрап тұрасың.
Байырғысын сұрасаң,
Балуаны бар, ері бар
Бар қызықтың бәрі бар
Семетей ханның ордасы.
Ендігісін сұрасаң,
Қайраты бұзық, зәрі күш
Халайықты қылған түз,

Қаншора ханның ордасы, – деп, арғы
атасы хан Манастан бастап Семетейдің,
Таластың, Ақсарайдың тарихының бәрін
айтады. Сөйлеп келіп: «Атқа мінген
келбетің адамнан бөлек көрінеді.

Ұрығың кім, жайың кім?
Ұраның кім, дайның кім?
Кіндігің бұған жер қайда?
Туып өскен ел қайда? –

деп, өзінен сұрайды. Сол уақытта
Сейтек әжесіне былай дейді:

Ай, енеке сүйінші!
Дұшпанға болар күйінші.
Олжа қатын Айшөрек
Еркек туып, ел шулап,
Тойына тоқсан сойыпты.

Атын Сейтек қойыпты.
Көңілдегі қапаның
Бірін қоймай жойыпты.
Күн есебін алғанда

Семетей ұлы болыпты! – деген кезде
Қаныкей шырқырап жылап, ұлымнан
қалған медерім, қолыма тиер ма екен деп
жаратқаннан тілеп жүргенін айтады.
Сейтек:

Е, қағылайын әжеке,
Ересен тартып ер болған
Егізің Сейтек мен болам!
Жетім қалып жетілген
Жергеге ептеп қосылған.
Олжаға кетіп туылған,
Семетейдің жалғызы,
Құрсақта қалып атадан,
Құрып, тентіп қатардан,
Алақан жайып, қол бермей,
Айырылған көкжал атадан.
Қуды құсқа жегізіп,
Он екіге келгенше,
Қияздың ұлы дегізіп,
Құрсақта қалып құл болған,
Жәдігерге ұл болған,
Семетейдің ботасы,
Айшөрек қатын баласы,
Қабыланның жалғызы,
Қараның Сейтек мен болам!
Енемнен ұғып сөзімді,
Іздеп келдім өзінді.
Алыстан ұғып сөзіңді,
Берен әже, бейталай,
Аман көрдім өзінді.
Қараңғы аман, түн аман
Қалағаның Айшөрек
Келінің бейбақ күң аман.
Бес арқар жұлдыз батқанша
Бес қайырылып емізген,
Берен ұлың Күлшора
Бейілі сүттей ер аман.

Құрсақта қалып туылған
Балаңнан қалған жетімің
Әжеке, балаң Сейтек, мен аман!

Мұны ұққанда Қаныкей
Шыбындай жаны шырқырап,
Сүйегі босап, бырқырап
Жылап тұрды бұрқырап.
«Алысқа кеткен жарығым,
Өзіңнен басқа белгім жоқ,
Бұзау бағып көп жүрдім,
Күлшора менен Айшөрек,
Сейтегім келсе деп жүрдім!
Өңім бе деймін, түсім бе?
Боз ала шынар болпаң ба?
Бауырыма басайын,
Келгенім Сейтек шолпан ба?
Тілегім құдай берген бе?
Тіктеген ұлым келген бе?
Мен қарабет, долының
Қурағанын білген бе?
Қыраным қолға тиген бе?
Үзілгенім жалғанып,
Шашылғаным жиналып,
Кеткенім бүгін табылып
Абыройым жабылып,
Тілегімді берген бе?
Көзі құрғыр, көп тартқан
Баламды көрем дегем бе?
Күйіккен жүрек басылды,
Күпті ауру жазылды.
Тілегім менің ақ болды

Басыма қайта бақ қонды! – деп, Қаныкей
Сейтекті көргенде шырқырап жылап,
оган Сейтек қосыла боздап тұрғанда,
Күлшораның әйелі Ақбала келеді. Қартайған
Қаныкей:

– Ай айналайын, Ақбала. Тілекті
құдай берді! Енді өртенген ішің басылып,
арманыңа жетесің, көзің ашылады. Айың

келіп қалыпты, арыстанымның тұтымы
балам келіп қалыпты!» – деп қуанып, сүйінші
сұрайды. Сөйтіп бұлар бұрқырап көрісіп,
далада табысады. Сонда Ақбаланың:

Алмадай қымбат ақ емшек,
Қамшы тиіп бөлінген.
Кең көйлегі жыртылған,
Әр жерінен дененің
Қара қан ағып, сызылған.
Мұны көріп Сейтектің
Көзінің жасы төгіліп:
«Қабылан атам өлмесін
Қалған жұрт қорлық көрмесін.
Мұндай қорлық тажалды,
Бұдан кейін жаратқан
Пендесіне бермесін!
Енеме тажал көп қылған,
Айуаннан төмен жан екен.
Еркелеткен енеге,
Есіріп туған шошқаның
Қандай кегі бар екен?
Арамзада Қаншора
Бұл кегімді алмасам,
Бұзықты мықтап салмасам,
Беренім, енем көзінше
Даңғыттарға жармасам,
Тумамай тұна шөгейін

Тірі жүрмей өлейін!» – деп, көзі өрттей
жайнап, аузынан жалындай боп леп шығып,
қаһарына мінеді. Сол бойында арыстандай
ақырып, Қанишораның ордасына аттанбақ
болғанда, Қаныкей мен Ақбала шылбырына
жабысып, жылап қоя береді.

– Бұл қаһарлы Қанишора оңай жау емес!
Сенің әлі толысатын шағың алдыңда! Жасың
он үшке де келген жоқ. Ол кәпірдің қолында
сақшысы бар, пілі бар, не сұмдықтың бәрі
бар! Оған жалғыз баруың жөн емес! – деп
сақтандырып, екеуі шырқырап жылап,
Сейтекке тоқтау салады.



Ел қуанды

Мұны бұлай тастайық, Күлшора мен Айшөректің хабарынан бастайық. Бұлар да тоқтамай көшіп, Таласқа келіп қалған екен. Жерді көріп, қырғыз, арғын, елді көріп, көз жастарын төгеді. Айшөрек:

«Жылғынды Кең-Қол, кең Талас,
Атадан қалған жер екен.
Жерден қуып, жоғалтқан,
Қара ниет қақсалды
Алла тағала күдірет,
Не үшін пендем деді екен?
Қайқалаған қыранша,
Батырдың сайған бағы еді.
Маңдайда жатқан белгісі
Сейілге шыққан тақ еді.
Біз кеткенде қайран жер,
Өзенге елі қоныпты.
Ханнан қалған көп белгі
Өрт өшкендей болыпты.
Белгілеп қойған шынар бақ,
Қаншора қиған сұлатып.
Белгіге қойған алтын тақ,
Жыққан екен құлатып.
Сексен келін, сексен қыз
Дүмпілдек ойнап, даң салып,
Оромпой ойын, шабият,
Селкіншек ойнап, шаң салып,
Көп қызыққа батқан жер.
Қара төбе, қайқанда,
Берендер орда атқан жер.

Міне осы, бабадан қалған қайран жер!»
– деп жылайды. Сол уақытта түйе атасы Бозбура көп түйемен бұрқырап келіп, шудалары бөлініп, көзінің жасы төгіліп, Шөректі қоршап алады. Енді бас көтеріп қараса, он екі жыл бойы бір адамға көрінбей, білінбей ғайып болып

кеткен азулы Ақтайған иті ұлып келіп қалған екен. Батырдан қалған Құмайық та келеді. Оны көргенде, қабылан төренің өзін көргендей болып, тілегін құдай бергендей болып дауыс салып жылайды. Сол уақытта:

Қарасұрдың сұлуы,
Ұрғашының нұрлысы,
Кең көйлектің тазасы,
Ұзын шаштың пашасы,
Қайран енең Қаныкей,
Еті кетіп, сүйегі бар,
Жаратқанға қылған зар.
Көмірдей еті қарайып,
Көрден тұрып келгендей,
Тірі аруақтай көрініп:
«Шөрегім!» – деп шырқырап,
Келе жатты бұрқырап.
Қаныкейді көргенде
Айшөрек шықты сабылып,
Енекелеп жалынып.

Айшөрек жылап, енекелеп құшақтап тұрғанда, бір жағынан бұрқырап жылап Күлшора келеді.

Қараған қалың ел жылап,
Қатты қара жер жылап,
Ағаш боздап, тал жылап.
Көрген жандар көп жылап,
Шырқырап шымшық ол жылап,
Қара көңіл қу жылап,
Жылағанның барлығы,
Өз қайғысын жеп жылап.
Ене, бала қосылды,
Қайғының бәрі басылды.
Үзілгені жалғанып,
Жоғалғаны табылып,
Қабактары ашылып,

Армандары басылып,
Жұрт шырқырап, ел шулап:
«Дауыл келсе жел тимес,
Даугер келсе мал бермес,
Берен шора келді деп.
Екі тізгін, бір шылбыр,
Алатын Сейтек келді деп,
Ел қыңырын түзуге,
Салатын көкжал келді!» – деп,
Халық шұрқырап, жұрт шулап,
Баабединге бат айтып,
Бәрінен қызық бұл іс деп,
Айтұяққа ат айтып,
Кеткеніміз келді деп,
Қымбатты, терең ой болды.
Қаныкей жаңа туғандай
Халық шұрқырап той болды.
Қалың ел қайнап, топырап
Аспанға ұшты топырақ:
«Қарабура, Шатқалға,
Там көтеріп алсақ деп,
Қаһарлы құлды жоғалтып,
Семетей ұлы Сейтекті
Хан көтеріп алсақ» – деп,
Басқан жерін табандап,
Лағнет айтып, жұрт тілдеп
Қаншораны жамандап:
«Қақпандай шапты белінді.
Торлады жүрер жолынды
Жіпсіз байлап жолынды,
Көрсен бұзық Қаншора
Көп көргізді азапты.
Еренді жайлап, түйе алды
Ер өлтіріп, бие алды.
Жапа салып, шыр қылып,
Қияны тосып, көш алды.
Қарсы сөйлеп қойғанды,
Қырғын қылып, өш алды.
Тартып алды қызынды
Татырды неше тұзынды
Зорлықтап алды бұлынды.
Қырғызға салды қиынды!
Қара ниет, жұрт бұзғыш

Қаһарланған кәпірден
*Алуан түрлі жан жылап, ес білмеген
бала жылады. Мұның бізге көрсетпеген
азабы жоқ. Батырдың бәрін байлап,
қырғын салған Қаншора шошқа жоғалмай,
халықтың ісі оңалмайды!» – деп, үлкен-кіші
жұрттың барлығы Қаншораға деген ашу-
ызаларын білдіреді. Сөйтіп,*
Тілекті құдай беріпті,
Күлшора байғұс келіпті.
Тағдыр жетсе өлейік,
Ұстасса қайран көкжалға,
Қараң болып берейік.
Қиқуды мықтап салайық,
Қалған ердің мұрасын
Арғын-қырғыз бірігіп,
Белге таңу беренді,
Шоқпар қылып алайық.
Жанбыр қылып, жақ тартып,
Бұршақтай топтап, оқ атып
Ол сияқты бұзықты
Арадан қуып, жоғалтып,
Мандайласып тұрысып,
Былшылдасып ұрысып,
Бәлелі сұмды жоғалтып
Басқадан орын оңалтып,
Қағысты қатты салайық.
Семетей ұлы Сейтекті,
Хан көтеріп алайық.
Сөз осындай батыр деп,
Сөзді бұзған адамның
Жеті атасы кәпір» – деп,
Ақ бидай нанын шайнасты.
Өліп кетер ант қылып,
Аш болат жүзін жаласты.

«Ісі жаман арамды
Былжыраса қоқыстан
Тіктеп қармап алайық.
Жол үстіне сүйретіп,
Даңғыттарға жарайық.
Жақын демей жаманнан
Дұшпандай көріп безейік.

Тақ осылай қылмасак
Ақкелте мылтық оғы ұрсын,
Ақ білтенің шоғы ұрсын!
Төбесі бітеу көк ұрсын,
Төсі түкті жер ұрсын!
Қаһары бөлек ханды ұрсын,
Қара ниет жанды ұрсын.
Уағдамыздан тайыссак,
Қайырылып құдай бізді ұрсын!»
Қаза жетсе өлуге
Сейтек пенен Шораға
Сүйеу болып көруге
Өле тұрған серт қылып,

Уағданы бек қылып, қалың жұрт дулап тұрғанда, ақ болаттың тұқылы, Алмамбет ханның тұқымы, шай қолдаған Күлшора қаршығадай қамынып: «Бұл Қанишораменен түбінде бір туған едік, оған мен барайын.

Белекке қалған бес бұйым
Оны сұрап алайын.

Төренің сүйегі қайда екен?
Сүйегін іздеп табайын.

Қанишорамен өзім сөйлесейін. Басқаларың қол былғамандар!» – деп, елге тоқтау салып, жалғыз өзі баратын болады.

Семетейдің кезінде құлпырып тұрған бақтағы шынар, терек, алма, жаңғақ – барлығы қурап, тозып біткен екен. Қанишора қаһарланып, алтын тақтан тұрмай, күні-түні Шашыкейдің жанында жатып алып, халыққа кесірді қылып, дәуренді сүріп, алым-салықты алып жата береді екен. Оған халық наразы болып: «Алысып адам жеңбеген, бет алып дұшпан келмеген, Қақанға сұрақ бермеген біз қабырғалы ел едік қой! Бұл батыр да емес, шер де емес. Елді басқаратын, елге пайдасы тиетін де жан емес. Бұл асыл батыр Семетейге мүлде ұқсайтын неме емес!» – деп халайық Қанишораны соншалықты жек көреді екен.



Қаншораның өлімі

Күлшора ойланып, жау-жарағын сайланып, қылышын қия байланып, Қанишораның ордасына келеді. Ұзын бойлы, кең иықты, тіп-тік мұрты Бұқардың шабындығындай, аузынан шыққан лебі көріктің жалынындай, өзі балуан, өзі шер ордаға келгенде, ханның қарауыл сақшылары қырғын тигендей бытырап қашады. Күлшора қарп-құрп басып, хан ордасына кіреді. Қанишора хан жұмылған көзін де ашпай, аяғын да жинамай, рахатқа батып жатыр екен. Күлшораны кісі құрлы көрмей, Шашыкейдің қойнынан тұрмай жата береді. Күлшора қараса, көже сұлтан болып, Қанишора көк кенедей толыпты. Содан Күлшора сөзді бастайды:

Ақылға келсең, абеке,
Кекті суға салыңыз.
Бауырыңыз келіп тұр,
Туған қылып алыңыз.
Айрылған бас жабылар
Қол қираса таңылар,
Бізге туған қайдан табылар?
Биттей кезде біріктік,
Бармақтайда бас қосып,
Кенедей кезде кезігіп,
Бір дариядан шалқыдық,
Бір ұядан талпындық.
Бір төсекке жатыстық
Бірге ойнап, бірге өсіп,
Бірге асық атыстық
Тай құлындай тебістік.

Таласып емшек емістік.
Сорлы енеміз Қаныкей
Жүрегі майлы болсын деп
Жая кесіп жал берді.
Қаймаққа қосып бал берді.
Оңды солды емшегін
Екеумізге емізді.
Қай дұшпанға, сорлы абам,
Қащан бөтен дегізді?
Жетім қалып жетілдік
Ел қатары қосылдық.
Ересен тартып ер болдық.
Ер ұлымен тең болдық.
Қымбат абам барында
Дәулеттің аман шағында,
Найзаны бірге бауладық.
Жауды бірге жауладық.
Аты ұйқас шора болғалы
Кең Таласты жер қылдық.
Қабылан абам айкөлге
Қанат құйрық біз болып,
Әлемге дайын іс қылдық.
Қос тілді шығып ішінен
Аруағы ауыр абамды,
Қара жерменен тең қылдың.
Бұзыққа туған жан болдың,
Будан шер көзін жоғалтып,
Бұл қырғызға хан болдың!
Ағайын қайдан табылар,
Қаншора аба, тілімді ал!
Аспандағы жұлдыздай
Еріктесе кетейік,
Ағарған таңның бозындай.
Серіктесе кетейік.
Алты ай мінсе арымас,
Будан болып қалайық.
Бұрынғы кекті талқандап.
Түбі жоқ суға салайық.
Бармақ тістеп, бас шайқап,
Батыр, аба, тілімді ал,
Туған болып қалайық!
Қараны тиер ме екен деп,

Қашып келдім, хан абам,
Құлдықта жүрген жерімнен.
Өшкен отты тамызып,
Өлген жанды тірілтші.
Үзіліп кеттім, жалғашы,
Хал-жағдайым сұрашы!
Суыққа тоңдым, тоның бер,
«Қайрылдым, туған болдым»,- деп,
Қайра күліп, қолың бер!
Абамнан қалған қыранның
Аты Сейтек қойылған.
Қараң қылдым күнімді,
Тастап келдім Қиязға
Абамнан қалған інімді,
Кемітіп Қияз ит қылды
Жеті күндік күнімді, – деп айтып келіп:
*«Қияздың құлдығынан қашып құтылдым.
Енді өзіңе келіп тұрмын. Ойлан менің бұл
сөзімді!*

Жылғынды Кең-Қол, кең Талас
Үйірлі Марал, Күміс- Тақ,
Жұрт күздеуге сен қонсаң,
Қарабура, Қанжайлақ,
Шатқал тоса мен қонсам,
Бармақты адам бата ма?
Тырнақты дұшпан тие ме?
Бізге қызығып жау келе ме?
Айтқаным артық біліп ал.
Асыл абам, тілімді ал!
Ырыс алды – ынтымақ.
Бірлікті қойсақ бір жерге
Ұрынып біреу келе ме?
Ұрысып дұшпан жеңе ме?
Жұлынып біреу келе ме?
Жұлқысып дұшпан жеңе ме?
Батырсынған бата ма?
Сен екеуміз біріксек
Етегің біреу тарта ма?
Екеуміз болсақ бір туған
Жылқыңа біреу тие ме?
Ешкім бұзып ала алмас,
Бірлікті елдің қаласын!

Әркім жұмсап құл қылар,
Бірліксіз елдің баласын.
Бұл сөзімді қарашы,
Айтқаным ақыл біліп ал.

Қаншора абам, тілімді ал!» – деп
*Күлшора елдің бірлігін ойлап айтады. Сонда
Қаншора қаһарланып, қабандай көзі жайнап,
тісін қаршылдата шайнап, Күлшораға
қатты сөйлейді. «Бағыштың ұлы ер Қиязға
қанша айттым! Бұл Күлшораны ұстап
алып, басын қылышпен шауып тастап, көзін
жой дедім. Ол менің тілімді алмай, түбіме
жеткен екен!*

Атанның көрі Күлшора
Құтырған қисық арсыз құл
Көрінбей жоғал көзіме
Жоламай, тез кет, өзіме!
Шамырқанып, шырдансам,
Тірі қайтпай өлесің!
Менің жендеттерім жеті мың,
Жетік бұйрық бір қылсам,
Жетімім саған шыр қылсам,
Жеке өзің тұрып не етесің?
Жетігің екеуің болсаң да
Жерге кіріп кетесің!
Жылғынды Кең –Қол, кең Талас,
Ойың бар ғой арамым
Қайта айналып қонуға,
Қайшылас туған болуға.
Бұл сөзіңді кім ұқсын
Бір қаранғы түн ұқсын!
Туған- ай деп былжырап,
Екінші келсең өлерсің
Көк жанжал менен көрерсің!
Бедерің жанға салмай кет,
Құлжындаған құтырғыр
Бие сауымнан қалмай кет!
Ауылға мұндай демей кет.
Сиыр қайтарған күнім бар.
Қаныкей, Бақай екеуін
Назар салып көрмей кет!
Сақшыға хабар салмай кет!

Жанбыршы қызы Ақбала
Сен кәпір құл,оған бармай кет!
Кесір құл сенің кегің бар
Қаһарланып қиқырсам,
Қалайман салар жерім бар.
Құл ордаға келер ме?
Өштескен дұшпан бетпақты
Ханның көзі көрер ме?» – дейді.

*Күлшора: «Ай, Қаншора, өзіңді ұялас
едік, туганым деп келіп едім. Айтқанымды
қылмасам, ту түбіне тұрмасам, ақ
жылқының шаңы ұрсын, ақ бидайдың дәні
ұрсын! Менің сөзіме көңіңіз, айтқанымды
қазір беріңіз! Шатақтаспай, шырдаспай,
Ақолтоқты беріңіз! Бабам Бақай шер қайда?
Абамнан қалған мал қайда? Берен енем
Қаныкей қайда? Абакемнің Құмайық, оның
да хабарын айтыңыз! Ақсұңқар құс қайда?
Оның да хабарын айтыңыз! Сілтеген жауын
мерт еткен, жаудың басын кеспесе, қынға
қайта кірмеген абамның алтын сапты,
гәуһармен әсемдеткен Зұлпықар қылышын
қайтарып бер! Алыс жақынға қарамайтын,
сексен күн атса шыдаған, бір қисайып, ысып
кетпейтін абакемнің Ақкелте мылтығын
белекке беріңіз. Хан абамның боз кісесі
қайда? Оны да белекке беріңіз!» – дейді.*

Берен абам тұяғы
Белекке қалған шұнағы,
Қарында қалған қайраны,
Хан абамның ойраны.
Жаралған жұлдыз шолпаны,
Қайран абам сұлтаны.
Тойына тоқсан сойылған,
Аты Сейтек қойылған
Ініңіз келді, көріңіз!
Айтылған бұйым, көп мұра
Белекке, аба, беріңіз!
Туған болсаң, мол болсаң,
Тұрықты шалқар көл болсаң,
Асыл абам жалғызы
Банайың келді көріңіз.

Батырдан қалған сан дүние,
Қимылдамай қыңқ етпей,
Қисалақтап былқ етпей,
Басынан санап беріңіз!
Ақылман адам сен болсаң
Торсаңдамай, шырдаспай,
Кекті суға саларсың.
Айналған жалғыз күніңді
Асылдан қалған ініңді
Туған қылып аларсың!..
Түбіміз бірге ұялас,
Қайтіп сені қор қылам,
Алатаудай бел қылам.
Тілімді алсаң Қаншора
Асқар таудай бел қылам.
Адамнан артық шер қылам,
Ту түбіне ту қылып,
Тұтысқан жауға шу қылып,
Қараң қылып алмасам,
Жаратқан құдай мені ұрсын!
Жан арамың зор болса,
Жаныштап ақымақ сені ұрсын!
Ақылға көніп тіл алсаң
Айтқан тілін алармын,
Айдасаң жолға басамын,
Дегеніңе көнемін.
Жамандық қылсаң оқыстан,
Айтқан тілді түк алмай,
Айдаған жолға түк баспай,
Өзіңді өлшеп біле алмай,
Өкіре берсең тіл алмай,
Қылышыңды сайласаң,
Қиялың бұзық, зәрің күш,
Бастағы жының қарматсаң,
Шұқимын тура көзіңді.
Қағамын сенің жыныңды!
Ашуым келіп ақырсам,
Арбайта сермеп өзіңді

Қандаймын қара көзіңді! – дейді.
Күлшора бұлай дегенде Қанишора қаһарланып, қиқырығы бас жарып, аш қабандай күрілдейді: «Аман сауыңда

жылқыңа кет, осы жерден жоғал! Әйтпесе мойныңа қылыш тиеді!» деп, бақырып алады да, Күлшораға бір көз салып, одан шошып, сыр алдырмай былай дейді: «Мен Қанишора ханмын. Менің қырық арқан бойы орым бар. Алты мың мықты қолым бар, темірден соққан торым бар! Көп жанжал қылмай, тілімді ал. Орта жолдан қайтып бар, Қанишораның қаһары осындай деп қабыланыңа айтып бар. Тағыма көзіңді салмай кет. Безілдеген Күлшора бие сауымнан қалмай кет. Қалағаның Ақолпоқ болса, бердім сыйлыққа, киіп кет! Қалағаның Ақкелте болса, белекке бердім, мойныңа іліп кет! Қанишораның хандығын быдан былай біліп кет!» деп, қалтаңдап мақтанып, дардандап тұрғанда ерке қатын Шашыкей долданып, сілкініп шығады: «Арам арғын қақсалдың арсыздығын қарашы, сен қашан қанқормен туысқан болып едің? Сен қашан Манастың ұлы болып едің? Дегеніңе көнбеймін, Ақкелтені бермеймін! Жағасы болат, жеңі алтын Ақолпоқты өзім жасағам, оны да бермеймін! Ерлігің бар да есің жоқ Қанишора! Ақолпоқ пен Ақкелтені құтырғырға неге бересің?

Мал аяған қаралы,
Жау аяған жаралы
Адам сендей бола ма?
Адам деп айтқан оңа ма?
Типыл сойып қақсалды,
Тындым қылып тастамай,
Кәпіріңнің кегі бар,
Қаралды қылған жері бар.
Жан досың батыр Қиязды
Тындырып келген жөні бар.
Құрышы бар, күші бар,
Қағыса тұрған сырты бар.
Көрсен шора сұмдықты
Көк кенедей толыпты.
Құлжындаған қу құлды
Жіберме тірі бұл сұмды

Қабырғасын сөктіргін,
Қалдырмай қанын төктіргін!
Бұл Күлшора барында
Талас сізге жер болмас,
Қырғыз сізге ел болмас,
Тігулі шынар бақ болмас,
Бұл орда сізге тақ болмас!» – деп,
*Шашыкей гүнілдеп, балуандарына бақырып,
қарауылдарын шақырады. Ерке долы
сұрқияның мұндай ісін көргенде Күлшора
қабыландай қабынып, ғайыптан ақыл
табылып:*

«Жақсы айтқан сөзді білмесең
Сұм екенім тағы шын.
Белесті Талас, Шоң – Шатқал,
Бел екенім тағы шын!
Қатылса жанды қиратар,
Шер екенім тағы шын,
Өрісін бұзып май қылдым,
Қалағаның ер Қияз
Басын кесіп жай қылдым!
Туын жығып шу салдым,
Тура Қияз ханды алдым,
Ханын сойып қалдырмай,
Бегіне бейпай салғанмын,
Өшімді солай алғанмын.
Туған деп келсем өзіңе
Дұшпандай мойын бұрасың,
Жаныңа келсем ажылдап,
Батырым қауып тұрасың!
Есіріпсің Шашыкей
Ерің екеуің бір болғын!»
Ашуланып Күлшора
Артық жыны қармады.
Тақтада жатқан долыны,
Қара шаштан алады.
Қоламтада тас тұлға,
Тас тұлғаға қатынды,
Шабактай қылып соғады!

*Сонда Қаншора қаһарланып, Күлшораға
қайрат қылғанша, жендеттері жеткенше,
ашып-көзді жұмғанша Ахунның қызы*

*Айшөрек, оның артынан қартайған Қаныкей
кіріп келеді. Қан төккен Қаншораны
құрбанға шалуға, кегін алуға, тағдыры
жетсе көруге, Күлшораға көмек беруге бел
байлап келген екен. Айшөрек:*

«Қияметті, тозақты,
Көрмей келдім, жан қайным,
Көп жылды күнде өткеріп,
Барған жан келмес шын дүние,
Бармай келдім, жан қайным,
Айкөл қайда, шер қайда?
Бел байлаған бел қайда?
Пендеден артық туылған
Дұшпанға салған шуылған,
Алдыңа салсаң ақжолтай,
Арқанда тұрса сан қолдай
Береке қайда? Бел қайда?
Медер қылған ер қайда?
Хан абанды жоғалтып,
Орда күтіп, хан болып,
Екі тізгін, бір шылбыр,
Жеке қолға алыпсыз
Көп алдында барбақтап,
Сұлтан болып қалыпсыз.
Қор қылдың тілек санамды,
Алда, қорлығына құдай бар.
Біреудің ұлы дегіздің,
Арыстаннан қалған баламды.
Қорлыққа басты тастадың,
Күйместен бұрын күйгіздің,
Күйіп өлген, сен шора!
Қақпамның аузын қан қылдың,
Таласты теуіп шаң қылдың,
Алатау иелеп жер қылдың,
Қырғызды қыстап кем қылдың,
Жаман қатын, жас балдар
Еңкейген кәрі, өскен жас
Бәрін неге қор қылдың?
Жырғал күнім аз болды,
Қаһарлы Қияз қас болды
Ай қараңғы түн болды.
Он төрт жылы күң болдым,

Отын алып, мал бағып,
 Омалып кетіп оналдық,
 Жетім қалып шоңайдық.
 Өректіген құтырғыр,
 Өз қылғаның өзіңе,
 Обалың кара төбене!»
 Деп осылай Айшөрек
 Қаһарланды, кайнады,
 Өртеніп көзі жайнады,
 Пістедей болған аппақ тіс,
 Қашырлата шайнады.
 Қаншораға кәрленіп,
 Қыран құстай ұмтылды,
 Баяғы ала жүрген Ақтінте,
 Қармай қалып сабынан
 Суырып алып қабынан,
 Андай-мындай дегенше,
 Ашып көзді жұмғанша,
 Туғанбыз деп бауыр ашып,
 Күлшора ырғып тұрғанша,
 Арашалап қалғанша,
 Ырғып шырқап зақымдап,
 Қаншора қанға жақындап,
 Жүректің толта басы деп,
 Ақтінтені салады,
 Теуіп суырып алады.
 Ақтінте соймай тұра ма?
 Қамбарсыған Қаншора
 Алтын тақтан құлады.
 Жер құшақтап сұлады.

Қаншора қасап өлді деп, Қарадәу хабар беріп, ел - жұрт қуанады. Бабасы Бақай әбден қартайып, құлағы естімей, көзі көрмей, алжып қалған екен.

– Манас, Семетей, ерлердің барлығынан айырылдым. Бүкіл батырлардың артында қалып, мұншалықты қартайып, осынша азап көретіндей мен не жаздым екен? – деп жылайды екен. Бақай жылағанда зау биік те, тау-тас та, аққан бұлақ су да, өскен шөп те, арғын-қырғыз ел де, жан-жануар, мақұлық та бірге жылайды екен. Келіп отырған Қарадәу балуан батыр да жылап,

Бақай абасына амандасып, сәлем береді. Сонда Бақай қария:

– Ай, балам, бас-терің басқа көрінеді, сенің үнің барқылдап шыққанда, менің көңілім басқаша бөлінді. Сен Құтты бидің шұнағы Қарадәу балам емессің бе? – деп, таниды. – Өзім де көзім тартып, тілегімді берер, осы балалардың біреуі келер деп жүр едім. Кеше түбімізге жау болып, Қаншора шошқа жеткенде, зор Қияз қаптап, шауып, тоз-тоз қылғанда, Айшөректің құрсағында бір бала кетіп еді. Күлшора желкесіз кетіп еді. Талай жан айдауда кетіп еді. Солардан хабар бар ма? Олар аман ба? – деп сұрайды.

Қария Бақай бабам деп
 Балдар келіп шуласып,
 Қолыменен қояр ма?
 Қиындатып жудырып,
 Қымқаппенен будырып,
 Зәмзәмменен жудырып,
 Сарбарменен будырып,
 Жыршыларға мақтатып,
 Қымбаткерге сақтатып,
 Қара жер ашып, көр қазып
 Найза бұлғап, шоң қазып,
 Шұңқыры қырық кез ор қазып,
 Аспанға ұшып топырақ
 Халайық қаптап топырлап,
 Кісі көрмес ой болып,
 Көргендердің асынан
 Артығырақ той болып,
 Кемегені ойдырып,
 Асыр тайлақ, тай тайлақ,
 Қысыр бие тандап сойдырып,
 Қалың жұртқа даң болып
 Қара жерге қойылып,
 Өлетұғын күн бар ма?
 Бабасы Бақай кәріні
 Балдар жылап қоштасып,
 О, ботам, көметұғын күн бар ма?
 Айшөрек, жетім, Күлшора,
 О ботам, көретұғын күн бар ма? –

деп армандап, Айшөректі сұрап: «Әлде, Айшөрек қатындығына салып, зор Қиязды ер қылып, жәдігерді ел қылып, бізден күдер үзді ме?!» – деп, тұрғанда, Қарадәу сүйінші сұрайды:

– Ей, абакем Бақай, сүйінші! Келінің еркек бала туып, атын Сейтек қойды! – деп, болған оқиганың бәрін баяндайды. Момынжан атаның келіп емдегенін, Күлшораның жазылғанын, одан елге келіп, Қаншораны жеңгенін айтады.

Қаһарлы дұшпан жоғалып,
Қайтадан ісің оңалып,
Тіктегенің келіпті,
Тілегінді беріпті.
Қалағаның келіпті,
Қайғырған жапаң шашылды,
Қасиетті жан едің,
Қайтадан бағың ашылды.
Басынан сенің хан абам
Тілегенің бар екен.
Жарықтық Бақай, ер аба

Әуелден ісің ақ екен! – деп, Қарадәу айтып аузын жиганша Қаныкей мен Айшөрек сүйіншілеп жүгіріп, Бақай шердің алдына зиярат қылып жүгініп, шырқырап келеді. Бақай қария жылап, батыр Сейтек, Күлшора қатар келіп, барлығы қосылып жылайды. Сонда қартайған Бақай бабалары:

Қартайған Бақай бабаңыз,
Ер Сейтекті көргенде
Шыбын жаны шырқырап,
Қария Бақай, зор абаң:
«Өңім бе, әлде түсім бе?
Өз қалаған ісім бе?
Көзімді ашып, байқашы
Көрерім келген екен ғой.
Аузымды ашып сүйініп,
Өберім келген екен ғой.
Асыл абам өлді деп,
Терең қазып, тепкілеп,
Көмерім келген екен ғой! – деп қуанып:

«Қыраным шорам келген екен. Жұртым келген екен. Айым келген екен!» – деп құшақтасып боздайды. Сонда Күлшора:– Оо, қабылан Бақай хан абам, данышпан атам!

Болаттан найза ұстаған,
Қаптап түмен қол шықса,
Бір адамдай бастаған.
Қараңғы түнде көз тапқан,
Қапыл жерде сөз тапқан.
Жарға айдаса жарылмас,
Жаралған адам ұлынан
Абакем сендей табылмас.
Басып жауға қол салған,
Бала шора мен едім!
Байланып қалса, бақ ашқан,
Данагөй себеп, сен едің!
Жадал сөзге таңылмас,
Қараңғыда қарсақтың
Ізін шалса жаңылмас.
Қайғырып жылап, боздасақ,
Хан абам, сендей табылмас.
Өзенді шынар, терегім,
Жанға өлшеулі керегім.
Өткен ата-бабадан,
Мұраға қалған белегім.
Жел тимес түпті шынарым,
Жетік аба жанымыз,
Көп қырғыз жүгін жүктеген,
Қызыл құйрық нарымыз.
Батыр Бақай бабамыз,
Қайта келмес дүние
Көрерінде кезіктің,
Қас ажал жетіп дүниеден,
Өлерінде кезіктің!» –
Деп Бақайға Күлшора
Амандасып тұрғанда,
Қабактың бәрі ашылды.
Қапаның бәрі шашылды.
Ырысы көлдей тасыды.
Бала Сейтек ер шығып,
Қазыға бөлеп қояды,
Бабасы Бақай асылды!



Қарадәу мен Семетей

Құттыбидің ұлы Қарадәу жер шолып, елдің шетін қарауылдап, айлап аңға шығып кетеді екен. Үш-төрт ай салбырында ит жүгіртіп, құс салып, адам аяғы баспаған тау-таудың, сай-сайдың арасын, ел жүрмеген шөлдің даласын кезіп, аю, жолбарыс қуып, арыстан аулап, атқан аңын нарға жүктеп жүреді.

Бір күні таудың арасында белге шыға қалса, Қарадәудің көзіне көк асқар таудай қалдайып, Семетейдің өзі көрінеді. Қарадәу: «Жұрт шұрқырап, Семетей өлді деп, біреуі өлген жоқ, ғайып болып кетті деп әңгіме қылушы еді!» – деп, қарай қалса, нардай Тайбуырылды мініп, Ақолпоқ тонын киіп, айбалтасын асынып, Ақсұңқарын қолына қондырып, Ақтайған итін ертіп, Ақкелте мылтығын асынып келе жатыр екен. Қарадәу байғұстың көз жасы төгіліп, ғайып болған Семетейді көргенде қуанады. Ол Семетейді көрейін, Таласқа алып кетейін деп тұра ұмтылады. Астындағы атын қамшымен бір тартып, жақын келіп, абекелеп, «хан абам, тоқтай тұр», – дейді. «Кең дүниені тар қылдың, ауылыңды, зайыбыңды, еліңді, жеріңді бәрін тастап кеттің! Еліміз шабылып, жеріміз талқан болды. Қайтыңыз елге! Шашылған жұртыңызды жинаңыз! Ел қылыңыз! Сейтек балаң бар! Ел – жұртыңыз сіз келсеңіз қуанады. Еліңе, жеріңе оралып, ие бол!» – деп, бұрқырап Семетейге жалынады. Бірақ, ол Қарадәудің сөзін құлағына да қыстырмайды. Адам екен деп елеместен, аппақ жүзін бұрмастан, сен кімсің деместен, таудай болып, Тайбуырылды алаңдата бастырып, жұлқынттып, қолындағы

Ақсұңқарын бұлқынттып, Қайыпшының Қара ұңгіріне күн бата кіріп, көзге ілінбей, қайда екені білінбей, жоқ болып кете барады. Бұған Қарадәу айла таппай бақырып, күйіп-жанып, шоқ болып, енді кетер, кетпесін білмей, болаттан соққан шойын басты шоқпарын алып, «Семетейді бер!» деп ұңгірдің қара тасын салып жібереді. Шоқпарынан шоқ шықты, қара тастан от шықты. Семетейлеп шақырып, қанша бақырса да, ешқандай жауап болмайды. Қарадәу одан сайын ашуланып:

«Қаптал жағы қара зау,
Қайқалаған үлкен тау,
Айтқаныма көніңіз
Қойныңа тартпай абамды
Қоқи, үңгір беріңіз!
Бұл сөзіме көнбесең,
Абекем шерді бермесең,
Қара зау, сені құлатам!
Жай-жайыңды жұлмасам,
Қой жүрген қорым қылмасам,
Тасыңды талқан қылмасам,
Таудай жаның томпайтып,
Токпақтай төбе қылмасам,

Есебіңді таппасам, Қарадәу болмай өлейін! – деп, тасты соққылап, бір кезде шаршап, әлі кетіп, екі қолынан қан кетіп, айбалта, шоқпарын сындырып, амалы таусылады. Ақырында астындағы атын оңды-солды қамшылап, Таласқа келеді. Күлшиораны, Қаныкей, Бақай, Айшөректі шақырып: «Ал, сүйінші, өлген төре тірілді! Жоғалған төре табылды! Өлмеген екен, көкжал абам тірі екен!» дейді.

Көріп келдім Семенді!
Ақсұңқары қолында,

Алакөлдi жағалап,
Аң-құстарды састырып,
Астындағы Тайбуырыл,
Алшандатып бастырып,
Жолын тура төтелеп,
Ақтайғанын жетелеп,
Көрсө көңiл бөлініп,
Көк асқар таудай көрініп,
Көрдiм көкжал жүргенiн!
Көңiлiм күйiп бөлінді,
Көзімнің жасы төгілді.
Әулие батыр шер абам,
Тірісiндей көрiндi.
Болат құрыш айбалта
Аш білекте жарқылдап,
Оқ өтпеген Ақолпок
Тоны үстiнде балқылдап,
Манастан қалған Ақкелте
Айдалыда қалқылдап,
Қайыпшының Қара үнгiр,
Бастырып кірiп құтылды.
Тасты соғып, тау бұзып
Өкiрдiм де қайғырдым,
Қайыпшының үнгiрге
Кiргеннен соң айрылдым.
Белгi көрдiм, бел көрдiм
Белгiлi шердi мен көрдiм,
Беренiмнің өзi екен,
Қараған қара көзi екен.
Өлмей-жетпей тiп – тiрi,
Қайран шер жүрген кезi екен!» – деп,
көрген – бiлгенiн түгел айтып бередi.
Қарадәу былай дегенде:

Айдай қатын Айшөрек,
Қабырға сүйегi бөлініп,
Көзiнiң жасы төгіліп,
Бөденедей көзінен
Бөлек-бөлек жас кетiп,
Қарақаттай көзінен
Қамшы бойы жас кетiп,
Сүйiнгеннен шырқырап:
«Айналайын Қарадәу
Осы айтқаның шын болса,
Сүйiншiңе қалағаныңды ал!

Қызыл құйрық пілімдi ал!

Тұлпар таңдап малымды ал!» – деп
*қуанады. Қазынаның аузын аштырып,
талай малды, аппақ алтын ақ дiлдәні гәріп,
міскiн диуанаға, жетiм-жесiрге, таршылық
көріп жүргендерге бергiзiп, таратады.*

*Айшөрек, Күлшора, Сейтек, Қаныкей,
Бақай, арғын, қырғыз жиналып, батыр тiрi
екен деп, Баабедин деп, айтұяққа ат айтып:*

Осы сөзiң шын болса,
Жер шаршысын шолайық,
Жеткiлең жерге барайық,
Шындап жолын шалайық,
Ойдағы мен таудағы,
Жүгiргендей болайық.
Арғын, Манас, Қарахан
Алмамбет, Шуақ батырлар,
Тiрiлгендей болайық!
Қас дұшпанға қайтадан,
Ту болғандай көрiнер,
Қайрылса Семен қырғызға
Арғын менен қырғыздың,
Ырысы қайнап толмай ма?
Ырыс күшеп, бағы өсiп,
Азған ел қайта оңбай ма?
Батыр тисе бұл қолға
Қайтадан құдай бермей ме?
Күйiктiң бәрiн баспай ма?
Күн тамаша ашпай ма?
Күндiзi жырғал, түнi ойын
Күркіреген қайран жұрт
Таласты иелеп жатпай ма?!
Ай, Қарадәу батыр-ай,
Қадiр түндей түн қайда?
Өлмей, тiрi ол болып,
Қаралды тұйғын Семетей
Келетұғын күн қайда?
Өлiмнен аман көкжалды
Көретұғын күн қайда? – деп, халайық

*тiлек тiлеп, сырларын айтады. Күлшора
мен Қарадәу оқ өтпес тондарын киiп, оқ
жетпес тұлпарларын мiнiп, халайыққа бас
болып, гайып болған Семетейдi iздеп жолға
шығады.*



Күлшора мен Семетей

*Олар Семетейді іздеп келіп
Қайыпшының қара үңгірінде тосады.*

Қайыпшының қара үңгір
Қалың елге дана үңгір,
Қасиеті бар үңгір.
Әулие атам жайлаған.
Мұны түбінен Қайып иелеген.
Қайыпшының үңгірі
Жаңғырықтың жар қия
Жалғыз малдың шұбама,
Үңгір жайын сұрама.
Қиясы қиын тар еді,
Қырқа жағы асу тас
Айналасы жар еді.

*Аш арыстан жарғыштар басынан мекен
қылған, түбі терең үңгірдің аузында Күлшора
тосып қалады. Қарадәу қарауыл қарайды.
Қараса асқар таудай болып, Тайбуырылды
мініп, құсын қолына қондырып, итін
жетектеп, мылтығын асынып, қару-жарағы
жарқылдап Семетей кетіп барады.*

*Семетейді көргенде Қарадәу мен
Күлшораның ет жүрегі езіледі. Абасы өлді
десе, тірі екен! Күлшора шыдай алмай,
таудай абам деп шырқырап жылап,
Семетейдің алдынан шығады.*

Қайыпшының қара үңгір,
Жолын тосқан Күлшора.
Алғыр құстай қамынды,
Абакелеп жалынды.
Нардай болған Буырылды,
Сулықтан қармап тұрады,
Жібермей аузын бұрады.
Абакелеп жалынып,
Күйіп тұрды Күлшора.
Бұл Семетей абаңыз

Боздап тұрған Шораны
Кісі екен деп елемей,
Аузынан бір сөз шықпайды,
Айтылған сөзді ұқпайды.
Тірі десе өліктей,
Өлі десе тірідей.
Ақ дидарын көрген жоқ,
Күлшораға тіл қатып,
Амандық сөзге келген жоқ.
Мүлде жауап берген жоқ!

*Құлағы керең, тілі жоқ Семетей
шегініп, тағы да ғайып болып кетуге
ыңғайланады. Қарадәу мен Күлшора екі
жағынан ұстап алып, жібермейді. Күлшора:
«Абам бұрынғыдан да ұлық болған екен ғой,
көп сөйлемейтін дұдық болған екен ғой!» –
деп ойлайды.*

Жетім болдың атадан,
Жетім қалып жетілдің,
Он екіге келгенде

*Күйіп тұрған шоқ болдың, – деп,
Семетейге өткен тарихтың бәрі ақтарады.
«Еліңді, жеріңді, анаңды, Бақай абаңды,
айдай қатын Айшөрек зайыбыңды, бауырың
мені – барлығымызды тастап кеттің!
Күйігіңе күйгіздің бізді! Енді міне, жоғалып-
табылғанда бізге бір сөзіңді айт! Әйтпесе,
тірі қалмай, қолыңнан қазір өлемін!» – деп,
Күлшора абасын жібермей, жабыса түседі.
Сонда да жауап болмағаннан кейін, ашуы
келіп, қатты сөйлейді:*

«Кеміп кеттім бұл үшін,
Елемейді мені шын.
Құлдыққа кеттім бұл үшін,
Кейімейді мен үшін.
Өткіздім қымбат жасымды,

Тоқпақ қылдым басымды.
Төгілттім талай әлімді,
Қазық қылдым қаруды.
Қасықтап құйдым қанымды.
Бұл қара ниет қанқорға,
Қазір құрбан қылайын,
Шыбындай алтын жанымды.
Ішкі сырын сұрайын.
Ішкі сырын айтпаса,
Тірі жүріп бұл жайды
Және немене қылайын?»
Деп осылай Күлшора
Жібермейді Семенді
Қайтып қоя береді,
Қараны таудай төренді?

Батырып Күліс айтқанда:
Семетей жауап береді:
«О, ботам, жобалаймын үніңді,
Күлшораның өзісің.
Кеше ақ күмбез тайып барғанда,
Жақ алдынан жақ шығып,
Қаншора шошқа жат шығып,
Тіл алдынан тіл шығып,
Қылышын қынай таптанып,
Тұс-тұсынан жау шығып,
Қиқырықты салғанда,
Астымдағы сойылғыр,
Атым жүрмей қалғанда.
Қалың қара жәдігер,
Жаңбыр қылып жақ тартып,
Бұршақтай қылып оқ атып,
Жау шұркырап келгенде,
Бір жерімде тағым жоқ,
Тайбуырылдан айрылған,
Төре абаңның бағы жоқ.
Жүрмей қалған тұлпарды
Кекілі мен құлағын
Қоса қармап алғанмын.
Атакем Манас жолына
Арнап тұрып шалғанмын.
Ашып көзді жұмғанша,
Әне-міне дегенше

Қолаттан бұлт табылып,
Тау-таулардың басынан
Қара бұлт жабылып,
Шөп сілкініп қыбырлап,
Аспаннан алты сай бұршақ төгіліп.
Арықтың бәрін тығындап,
Құйып жауып, түн түсіп
Тақ осылай тұрғанда,
Ұрғашыдан уз көрдім,
Оймақ ауыз, бота көз
Қырмызы көйлек, қыпша бел,
Қиғаштаған жалжал көз,
Қиын сұлу қыз көрдім.
Дуасын оқып жайлаған,
Адамды жолдан алдаған,
Жалаң мұндай уз көрдім.
Бұзып кетті қанымды,
Жаралған адам ұлынан
Ажыратты әлімді.
Көрмес қылды көзімді,
Осылай бұрды өзімді.
Құлағымды кер қылды.
Сиқыршыдан сексен қыз
Күніге үш жол жандады.
Шығарып жолдан алдады.
Адамдық түрім қалмады.
Көрсен дүмек осындай
Артық мені азғырды.
Айшөрек қатын сіңлісі
Асқан сұлу Көкмоншақ
Бек азғырды өзімді.
Ғайып қылып қолыма
Тигізді Буырыл атымды.
Сиқырлыдан құтылып,
Қиырлы жұртқа жеткенше,
Таба алмадым айламды.
Байлады Буырыл тұлпарды
Жазғыртып елге жолатпай,
Қолыма берді сұңқарды.
Қапаға көңіл бұрамын,
Қайтер айлам таба алмай,
Қармалуда тұрамын.
Кісені жоқ, торы жоқ,

Байлануда тұрамын.
Кісілікте саным жоқ,
Азғыруда тұрамын.
Әр жұманың күнінде
Сейілдікке шығамын.
Көрген сұмдық ісім бар.
Жаралған адам ұлына
Қосылуға болдым зар.
Көкмоншақ сынды зайыбым бар.
Өлдім десем көрде жоқ,
Тірі болып елде жоқ,
Осындай болды дүние шоқ.
Іш өртеніп, бауырым шоқ.
Сыр білуге бір жан жоқ.
Күлшора аман болса деп,
Жаратқаннан көңілім тоқ.
Екі қолым байлауда,
Екі көзім жайнаууда,
Осындай болдым дүние шоқ.
Ей, бейшара балдар, ел қайда?
Елге жетер күн қайда?
Жырлап айтам жырымды
Имандай айтам сырымды,
Атакемнің сырласы,
Арыстан Бақай құрдасы
Бабам есен бар ма екен? *Бабамның*
кісесінде ебен-себен деген дәрілері бар еді.
Сол дәрілерін алып келіңдер, бұл дуадан
құтқарар ма екен?

Бес арқар жұлдыз батқанша,
Бес айналып емізген,
Батырлығы басқаша,
Кеше атамнан жетім қалғанда,,
Бұқарды көздей қашқанда,
Айдалыға мінгізген,
Қайран енем Қаныкей,
Аман-есен бар ма екен?
Егер енем бар болса,
Емшек еміп ұйықтасам.
Енекем сорлы иісінен,
Күні-түні иіскесем,
Көз-құлағым ашылар,
Ауырған жерім басылар.

Жанымнан азғырушы қашып, шашылар.
Ауылдас қонып, өзінді,
Айбатты батыр Күлшора,
Сонда ұғамын сөзіңді,
Сонда көрем көзіңді.
Ақ бәйбіше анамның,
Емшегінен емейін.
Берсе маған емшегін,
Сорсам жайнап сүт шықса,
Көрінемін көзіңе,
Ауылдас қонам өзіңе,
Таңу болам беліңе,
Құлақ сал шора сөзіме.
Ту қармаған ту болам,
Дұшпаныңа шу болам,
Анықтап айтам өзіңе.
Қаныкей анам бар болса,
Арқа болам өзіңе.
Ал Қаныкей жоқ болса,
Белесті шалып, сүзіп қой,
Белгілі абаң төреден,
Күдерінді үзіп қой.

Енекем дүниеден өтсе, Күлшора, мен
саған ел болмаймын, жеріме оралмаймын!»
– деп Семетей сырын айтқанда, Қарадәу
атына міне салып, құйындатып, бие
сауымға жеткізбей Қаныкейді алып келетін
деп Таласқа қарай тартады. Келе салып
Қаныкей, Бақай қарияны жсел жетпес
тұлпарға мінгізіп алып аттанады. Қарадәу
Қаныкейге былай дейді:

Айналайын енекем,
Қаралды жалғыз табылды.
Кетілгенің бітелді.
Кемігенің жетілді.
Арығаның семірді.
Ашқан құрсақ тойынды,
Қастасқан дұшпан сойылды!

Бұл хабарды естігенде жүрегі бүлк
етіп, көзі тартып, аппақ шашы сұйылып,
Семетейді бір көруге екі көзі төрт болып,
астындағы Көкшолаққа оңды-солды қамшы
ұрып, Қаныкей шабады. Бақай абасы ол да

заулайды.

*Бірақ, айкөл батырға шырқыраған
Қаныкей жете алмайды. Себебі, көз
байлаған сиқыршы жәдігөйлерден өте
алмай тұрады. Қаныкей жылағанда, қайың
жылап, тал жылап, қыстығып қаниа
ел жылап, қаниа қара көңіл шер жылап,
жылағанның барлығы өз қайғысын жеп
жылайды. Бір жағынан абакең Бақай
қарыңыз қосылады:*

Көйқасқа едім, арыдым,
Көкжал едім талыдым.
Көбірек өртеп жоғалттым,
Көкжал жастың жарымын.
Болат жасып, жез болдым.
Боранға талай көз болдым.
Асылды жалмап жеп болдым.
Қу сақал Бақай дегізіп,
Қу дұшпанға кеп болдым.
Қанатым қарып, құйрығым
Отап-бұтап жеп болдым.
Су тиместе ми қайнап,
Шөп шықпас тақыр жер болдым.
Құйрық-жалдан айырылған
Шөлдегі құлан мен болдым.
Өлмей-жітпей қайғырдым.
Қаралды қылған Семетей,
Қабылан, сенен айырылдым.
Көзім қанды қал болдым,
Керегі жоқ жан болдым.
Керілген мықты сал едім,
Кемірейген шал болдым! – деп, *Бақай*

*боздап тұрғанда, айдай қатын Айшөрек
арт жағынан келіп: «Атасқаным!» деп
шырқырайды. Тарақ тимес қара шаш, тал-
талынан бөлініп, көзінің жасы төгіліп: «О,
көкжал-ай!» – деп сөзін бастайды:*

Асылдығың арттырдың,
Азапты мүшкіл бәлені
Қайран басқа тартқыздың.
Артық болат Зұлпықар
Бөлекбайға таптаттың,
Он үш жылы жоғалып,

Таудың түбін сақтаттың.
Сандырғалы көкжалым,
Менің санадан кетпейді арманым.
Сары аурудай сарғайып,
Сан мүшкіл дерт қармадым.
Тауыстың менің шарамды,
Сақтап келдім аманат,
Зор дұшпанның көзінен
Құрсақта қалған балаңды.
Әр істі салып бұл қылдың,
Атасқан айдай қатынды
Ар қадірлес ақылды,
Осынша жылы тұл қылдың.
Алған жарың Айшөрек,
Қақсап тұрған қарабет.
Артында қалған долыны,
Қанжығаңа шала кет!
Әрбір түрлі көйлегім
Тартсам жетпес мойныма,
Таршылық салмай қу басқа,

Тарта кеткін қойныңа! – деп, *Айшөрек
аузын жисғанша батырдың баласы Сейтек
келіп, Семетейге жалынып сөйлейді:*

Атаны құдай алмасын,
Атаны тірі танымай,
Артта бала қалмасын.
Бұл сияқты қорлықты
Жаратқаны шын болса,
Пендесіне салмасын.
Көңіл қапа, оңай ма?
Көкжал атам шерімді,
Көзім көрді бұл сапар,
Арман қылман құдайға.
Қабылан да екен, шер де екен
Қайран атам көкжалдың,
Он екі мүше тең екен.
Ала белдей зор атам,
Туғанына ту болып,
Дұшпан көздеп беттесе
Күйген өрттей ду болып,
Алатаудың шебі екен.
Атам көкжал құрғырды,
Қас санаған дұшпаны,

Қайдан шыққан дер екен.
Естіген адам таң қалған,
Ел-жұрттыкі еп екен.
Өлген сайын өршіген,
Түгенген сайын түтеген,
Түбінен бері күшейген,
Өкім де екен, шер де екен.
Теңіз атам, көкжал шер,
Телегейі тең екен.

Мені Семетей ұлы қылғанға

*Арманым жоқ құдайға! – деп, атасын
бір құшақтап алуға зар болған ұлын тіктеп
көре алмай, Семетей былай дейді:*

Мені азғырып байлаған,
Асқан сұлу Көкмоншақ.
Айшөректің сіңлісі.
Торып-тосып жолымды,
Дуалап, байлап қолымды,
Көргізді маған осыны.
Өлік емес тірімін,
Өлмегеннің бірімін.
Көргізбей байлап көзімді,
Жәдігөйлер бірігіп,
Алып кеткен өзімді.
Азғырылып өткенмін,
Айырылып елден кеткенмін.
Жердің түбі Желпініс,
Үш жыл мұнда болғанмын.
Бұл дүниелік қызыққа,
Неше жолы тойғанмын.
Медиянның шөлінде,
Жан баспастың жиегінде,
Үш жыл онда болғанмын.
Қайра тартып қайырылып,
Бері Қайыпшының Қараүңгір
Келгенімді білемін.
Жан жолдасым сексен қыз
Жолдастасып жүргенмін.
Халық басқарып, ел күткен
Ұлықтық қалды менен де.
Құлақ ұқпай, көз көрмей
Тұрамын өстіп бұл жерде.
Қайран басым хан ба екен?

Бір мұраға жетуге,
Бұрылып елге кетуге,
Ордалы шаһар, алаң жұрт,
Қайырылып қайра баруға,
Іні, бала, зайыпты
Қайырылып тауып алуға,
Ерте сөзім кеш болды,
Екі көзім төрт болды.
Шын Күлшора сен болсаң
Кең көйлектің мықтысы,
Ұрғашының ықтысы,
Ұзын шаштың тазасы,
Ұрғашының патшасы,
Жасалғанға жарық күн
Ұрғашы бейіш – қадыр түн
Есіл анам Қаныкей,
Өлмей тірі бар ма екен?
Өлмей тірі бар болса,
Енекем жылдам келсінші.
Құбыланы бастанып,
Аш болатты жастанып,
Арандай аузым ашайын,
Оң емшегін ондасын,
Күл азықтан жегізсін,
Бауырына басып сорлы енем,
Жас баладай емізсін.
Арандай аузым ашылса,
Аман болып сорлы енем,
Аузыма ақ емшек сүті шашылса,
Бұл аурудан айығып,
Қайтамын елге қайрылып!»

Деп осылай Семетей
Берен айтып тұрғанда,
Дене бойдан күш шықты,
Қайран ене долыдан
Бұлақтап иіп сүт шықты.
Бере гөр деп сабылып,
Халайық тұрды жалынып.
Осы кезде Семетей
Шын енем иісі осы деп,
Құлқылдата сорады,
Құмары қанып болады.

Аңсағаны басылды,
Шырадай көзі ашылды.
Емшегін еміп болғанда
Ең құмары толғанда,
Сусағаны басылды.
Біткен құлақ ашылды.
Ойласаң мұндай көкжал шер
Ауырған жері басылды.
Қабағы жарық ашылды.
Көңіл сайлап, бөлінді.
Құрбы-құрдас, жан-жора
Шын көзіне көрінді.
Қапаның бәрі шашылып,
Ай қабағы ашылып,
Ақ бидайдың ұнындай,
Ақ бөкеннің қылындай
Суырылысып қалысты.
Әуедегі жұлдыздай
Жосылысып қалысты.
Жылғынды Кең-Қол, кең Талас,
Өрлей қонып, жер қылды.
Таласта қырғыз, арғынын
Қайра құрап ел қылды.
Орда күтіп хан болып,
Орынтықты шер болып,

Бастағыдай Семетей
Ел басқарды дардайып.
Далаға құрған там болды.
Салтанатты хан болды.
Аспанда жұлдыз жарқырап,
Жерде қырғыз барқырап,
Ата- бала айкөл шер,
Бәрі түгел бірігіп,
Аспан жарған шу болды.
Көкжалдың көкжалдығы білінді.
Жалпы жұрттың барлығы
Жай тауып жаны, сүйінді.
Жылғынды Кең-Қол, кең Талас
Қонып қалды қайран ер,
Семетей қайра қосылып,
Оңып қалды азған ел.
Бір-біріне қайран жұрт
Ұшқан құстай талпынып,
Қалың ауыл ой тартып,
Қонып жатқан күн болды.
Ардақтап ұлық жан қылып
Семетей ұлы Сейтекке
Алтын тәжді кигізді.
Арғын, қырғыз –бұл жұртты
Ер Сейтекке білгізді.



Қарадәудің қазасы

*Жәдігерге хан болған Қарадәу жанына
мықты найзагер, батыр, балуан жігіттерді
ертіп, жерін шолып тұрады екен. Тау-
тоғай, өзен-су, бел-белестің бәрін қарап,
«жау жоқ па, елге қауіп төнген жоқ па
екен?» – деп қарауылдап жүреді. Аң аулап,
арыстан атып, жолбарыс, аю, марал, бұғы
қуады. Сөйтіп жүріп, бір белге, адам тірі
қайтпаған жерге барып қалады.*

Алмамбет, Шуақ, шер Манас
Құланын қуып топтатқан,

Азулы зиян қылар деп.
Әдейі келген ұрпақтар,
Бір бәлеге шалынып,
Бір мүшкілге қалар деп.
Тасын ойып шарт қойып,
Барсакелмес болсын деп,
Белгілі шерлер ат қойған.
Ары қарай бастырса,
Қаптаған қалың сор екен.
Кезіккен адам мерт болған,
Құдай ұрған жол екен.

Адыры асқар жар екен.
Осы жердің иесі
Жалмауыз ұлы Сарыбай
Өртенген шошқа бар екен.
Сарыбай жайы осындай.
Жердің түбі Желпініс,
Самалды жерде туылған,
Әлемге салған шулыған.
Әскері жаяу тау шыққан,
Ол Сарыбай кәпірің
Жүрегінен шаң шыққан,
Дауысынан жан шыққан.
Кез болғанды кемірген,
Желмаяң атын ойнатқан,
Жетсе жанды сайлатқан.
Көзі ашылған ұрадай,
Ауызы аран, жырадай.
Қарадәу түгіл, құтырғыр
Хан Семетей, Күлшора,
Сейтек, қырғыз ел келсе
Арғын қаптап тең келсе,
А дегізбей басқандай.
Шалыса кетсе оқыстан,
Ел шұрқырап, бөлініп,
Ажалды қаны төгіліп,
Қан қызарып, жан кетіп,
Халайық құлап жатқандай.
Қаһарланса Сарыбай
Доңызды құдай атқандай.
Желіксе жанды жыққандай.
Жер астынан шыққандай.
Жендеттен жеті сан келсе,
Желкеден қармап, қусырып
Жерге түгел тыққандай.
Жолап адам барғысыз
Жолаған тірі қалғысыз.
Кезігіп адам барғысыз,
Кез болған тірі қалғысыз.
Садақтары кетпендей,
Сақалы тік-тік, көзі көк,
Мұрты да бұл кәпірдің
Сарапты тесіп өткендей.
Бойы ұзын шынардай,

Алып кездесе, құтырғыр,
Бітеуден оны жұтардай.
Алатауды жерлеген,
Алысып адам жеңбеген,
Айкөл Манас шер шығып
Аққұласын ойнатып,
Арыстан шықты деп ұғып,

*Сарыбай ер Манастың жұртына
қастық ойлап жүреді екен. Оның тұқымын
тұздай құртсам, шынарын түбімен
суырып, кереге-уығын қиратып, ел-жұртын
жылатып, талқандасам деп армандайды.
Манастың тұқымы Семетей екенін естіп
және Манастың тұқымы жабырқан
кетті дегенді ұғып, Таласты талқандауға
дайындалып жүреді екен.*

*Бұл Сарыбай ай әлемнің бәрін аралап,
өзіне соғысатын жалғыз жан қалмай,
енді Манастың тұқымын, батырлардың
барлығын сойсам деп, Таласты жаулап
алуға беттеген екен. Сөйтіп әскерін
бастап, жүгін пілге арттырып, қаптап келе
жатқанда, демалуға тоқтап, ұйықтайды.
Бір ұйықтаса, дардайып жатып, жеті күн
ұйықтайды екен.*

Қалақай тонын жамылып,
Найза салса теспеген,
Мылтық атса өтпеген
Сілтесе қылыш кеспеген,
Шоққа салса күймеген
Селге салса ақпаған
Құтырып алған, бұл шошқа
Орға салса батпаған.
Өртенгірдің өзі екен.
Бәленің қара көзі екен.
Алты күн бойы ұйықтап,
Енді ұйқысынан тұруға
Бір күн қалған кезі екен.

*Сол уақытта Қарадәу Сарыбайды
көріп қалады. Оның арам ойын сезіп-біле
қойған батыр жанындағы Бозбалаға:*

*– Ал енді сен елге қайт та, шай қолдаған
Күлшора мен Семетей абаларыма барып*

айт! Мына Сарыбай кәпірдің түрі бұзық.
Бұл ешкімді аямайды. Жалмауыздың
ұлы тыныш жатқан елімізге көз тіккен
түрі бар! Елге хабарла! – деп, Бозбаланы
жібереді. Ал өзі қиямет кеткен шерлердің,
қабылан Манас, ер Сырғақ, Алмамбет пен
ер Шуақтың аруағына сыйынып, Қылкүрең
атты қамшымен бір тартып, сырнайзасын
қолға алып, Сарыбайға беттейді.

Екеуі айқайласып, алты күн соғысып,
жеті күнге дейін бірін-бірі ала алмай,
найзамен сайысып, қылышпен шабысып,
айбалтамен салысып, қарудың бәрі қирап
қалады. Қарадәу айбалтасымен Сарыбай
кәпірді қарсылдатып соғып жібергенде,
айбалтасы сынып кетеді. Шапқан сайын
күшейе түскен Сарыбай жолым үйдей
шойынбасымен Қарадәудің Қылкүреңі
бұрылып бұлт деп шығып кеткенше, қашып
үлгергенше, қос қолдап салып жібереді.
Шойын шоқпар тигенде, астындағы
Қылкүреңнің белі үзіліп кетіп, Қарадәу
құлап түседі. Қанға боялып, әлі кетіп, есінен
танып жатқан Қарадәудің Сарыбай басын
кесіп, қанын қос уыстап жұтады. Күркіреп
мақтанып:

Жер желпініп, тас көшіп
Атағым ұққан көп жандар
Шыбындай жанынан түңілсін.
Атам Жалмауыз айтқан сөз еді:
Жер үстінде Сарыбай
Жеке өзің болғын, деп еді!
Қақайып қаһар төгейін
Хан Манас шердің еліне.
Қағыс қылып көрейін,
Шошандаған шораның,
Қабырғасын сөгейін.
Жергелі ұлы Сейтегін,
Қармап қанын төгейін.
Халқына қараң салайын,
Қатындарын, қыздарын
Олжалап, талап алайын! Қазынасын
бұзып, алтын-күміс, зерлерін, бар дүниесін
түгел үптеп, малын алайын! Қырғыз түгіл,
қаһарлансам, қытай жұртын шабайын,
қыжырыма тисе, қызылбасты талап
алайын.

Бір жаралған ер болып
Асқан екен талайым.
Асырайын атақты
Арбытайын шатақты! – деп, Сарыбай
түйе сойып, той жасайды.



Күлшора мен Сарыбай

Бозбала, кең Таласқа, төренің тіккен
бағына бақырып келеді.

– Айналайын, аба! Батыр Сейтек,
Күлшора, Бақай абам, бәрің мұнда
тұрсыңдар. Мен Жалмауыз ұлы Сарыбай
деген шоң көрдім!

Ажалдылар тұтылды,
Ажалы жоқтар құтылды.
Соры қалың тұтылды,
Соры жоқтар құтылды.
Осы келген Сарыбай

Батыр да екен, шер де екен.
Қарсыласқан адамды,
Қармап алып жер екен.
Айбаты күйген шоқ екен,
Жұмыр басты адамда, қаһарлы мұндай
жоқ екен! Қарадәу қолына түсіп
қалды. Тірі болса, құтқарып алайық.
Өліп қалса, өшін алайық! – деп жар салады.
Содан, батыр Сейтек, Күлшора қару-
жарақтарын сайлап, сауыт-саймандарын
киіп, батырлар түн қатып аттанып кетеді.

Жүйрік ат мінген өңшең батыр Манас деп ұрандап, дауылпаздарын қағып келеді.

Қол алдында ер Сейтек
Қиқырғаны тас жарып.
Қайраттанса бас жарып,
Көрсө көңіл бөлініп,
Көк асқардай көрініп,
Кірпігі жалын, шоқ болып,
Қаһар болат, оқ болып
Қағысар жауын көргенде
Қайтып тұрсын тоқталып?
Атасының баласын
Қолдағанын қарашы,
Қара шұбар қабылан
Қазір жарып салардай,
Қапталында шабынып..
Қара жалды арыстан
Қазір іліп алардай.
Жан-жағында қабынып.
Алдында сұр жолбарыс
Аңдаса мұндай жан болмас.
Алып қара құс самұрық,
Бұтын салып арбайып,
Қазір іліп кетердей.
Қырқасында қырық жолбарыс,
Бет алғаны өрт болып,
Пейілі қызыл шоқ болып,
Қаһарлы дұшпан келген соң
Атаның ұлы қыраның,
Қайтіп тұрсын тоқталып?

Қол аттанып келіп, белден асып барып қонады. Таң атқан соң, ту түбінде Семетей, турасында Күлшора, қолбасшы Сейтек Сарыбай кәпірдің шебіне қарсы тұрады. Соғыс басталғанда, елімізді, жерімізді қорғайын деп, Күлшора Қылкүрең атпенен Сарыбай кәпірмен жекпе-жекке шығады. Қаһарлы Сарыбайға қарсы қарап тұрып Күлшора былай дейді:

«Жалмауыздың баласы,
Ер Сарыбай сен болсаң,
Ер Күлшора мен болам!
Батыр адам кем болмас,

Алды-артын ойлаған
Анық батыр сен болсаң,
Сөз сұрайын жауап бер.
Қаһарланып шыр салып,
Не желіктің мұншалық?
Алаңды ала қашпасақ,
Қазынаңды шашпасақ,
Қазаттасып шу қылып,
Қалың елің баспасақ,
Неге жанжал қыласың?
Өзеніне бие байлап,
Халқынды баса қондық па?
Сен қарайып тұрардай
Аулыңның қанын сордық па?
Қиқулап шатақ салғандай
Еліңді қырып қойдық па?
Қазат бастап ұрыссақ
Халық қырылып, ер өлер
Жанжал қандай шыр қандай,
Жай сөйлеп батыр, жауап бер!»

Деп осылай Күлшора
Қылкүрең аузын бұрғанда,
Соғыспайық батыр деп
Жөнін айтып тұрғанда.
Сарыбай дәу сөйлейді:
«Тұқымың тура қырмасам,
Білгенімді қылмасам,
Сарыбай болмай өлейін.
Туылмай тұна шөгейін.
Батыр дүрмін, шер дүрмін
Сарбай балуан мен дүрмін,
Қағыстың қара көзімін,
Кезіккенді кемірген,
Қара тажал өзімін!» – деп, *Сарыбай аузынан от-жалын шығып, Күлшорамен соғысты бастап кетеді. Жолым үйдей шойын басын қолға алып, Күлшораны соғады. Бірақ оның ұрғанын елең де қылмай, Күлшора тұлпарының аузын бұрып, найза салады. Сонда сырнайза сынып кетпей иіледі. Сарыбай Желмаядан құлап кете жаздап, Күлшораға таңдана қарайды.*

«Мен Сарыбай болғалы,
Алшайып атқа қонғалы,
Мен баспаған шөл қалмай,
Мен көрмеген ел қалмай,
Қыдырып едім қаншаны.
Жеңіп алып мұншаны,
Шырқыратып жандарды
Батырсынған, дәусінген
Жер үстінде иемсінген,
Сойдым мұнша балуанды.
Бірақ та мұндай көрмедім

Қиын да екен, шер де екен!» – деп,
Күлшораның ерлігін сынап алады. Екеуі соғысып, найзамен сайысып, айбалтамен шабысып, аянбай айқасады. Күлшора сырнайзаны алтыс рет салғанда, Сарыбай елең қылмай, бір кезде орта белінен шабады. Сырнайза бөлініп ұшып кетеді.

Алтын сапты айбалта
Ал самдағай ер шора,
Қос қолдап қармап алады.
Ай дегенше Сарыбай
Болат жүзді айбалта
Шай қолдаған шер Шора
Қос қолдап тартып жіберді.
Қылкүрең аузын бұрады
Қыран қарап тұрады.
Жалмауыз ұлы кәпірдің
Өлерге ойы жоқ болды,
Басында болат қалқаны
Быркырап қирап, шоқ болды.
Анық тажал Сарыбай
Қаһарланды күркіреп
Қарап тұрған пенденің
Тұла бойы дүркіреп.
Берен екен Күлшора
Жан аямай тұрысты,
Қаһарланып ұрысты.

Найзаны ұрған сайын Сарыбай күшейіп, қаһарланып, шоқпармен бір төбені бір салғанда, төбеден от шығады. Жұрт жанынан түңіледі. Күлшораға алқынып, жебеден бұрын жетерде,

найзамен сайып өтерде Семетей ұлы ер Сейтек көріп қалып, абасына көмекке келеді.

«Күлшора көзі жұмылса,
Өрт өшкендей болармыз.
Ай батқандай болармыз.
Жал құйрықтан айрылсақ,
Топал болып қалармыз
Мүйіз сынып, бас қалса
Тоқал болып қалармыз.
Бірі сынса мүйіздің,
Күшсіз болып қалармыз.
Емшектің бірі кесілсе,
Сүтсіз болып қалармыз!»
Міне осылай ер Сейтек
Болат ұшты найзаны,
Бұрай қармап, қолға алып
Оң бүйректің беті деп
Омыртқа сүйектің тұсы деп
Шын өлер жері осы деп
Жалмауыз ұлы кәпірді
Жетіп мұштап өтеді.
Тас мұштаған немедей
Болат найза бүктелді.
Болымды жанға күш келді.
Сарыбайдың қапталдын
Жорыдай ұшып бұрқырап,
Қирап түсті найзасы
Сексен бөлек быркырап.
Оңалып Сейтек алғанша
Қаһарланған Сарыбай
Ер Сейтекке жұлынып,
Жетіп шоқпар соғарда,
Шай қолдаған Күлшора
Батшағар деп бақырып
Бәрінен епті көкжалың
Манастап ұран шақырып,
Қамшы басса Қылкүрең,
Тұлпарлық сыны білініп,
Тұяғы тисе қара жер,
Басқан жері быркырап.
Найза бойы тас, даңқан,
Алашықтай шораның

Төбесінде шырқырап.
Танауынан шыққан бу
Қолы ыстықтай бұрқырып.
Шай қолдаған шер шора
Сарыбайдай кәпірді
Жаққа мұштап өтеді.
Батырсынған Сарыбай
Басар жолы байланды,
Ет пісімге айналды.
Есін тегіс жия алмай,
Айқырып найза ұра алмай,
Естен танып әлсіреп,
Сарыбай тұрды қансырап!

*Сонда Күлшиора Сейтекке: «Ботам, бұл
Жалмауыз ұлы батыр, жер өртеген кәпір!
Әлемді жеке билеймін деп тұрған алыпқа*

*жеке барып, найза ұрып, балалық қылма!
Жиырмаға жасың жеткен жоқ, балалық
шағың кеткен жоқ әлі. Мен Күлшиора болғалы
ерен көрдім, ер көрдім. Дәл мынандай
тозақы бәлені жер үстінен көрмедім!» –
деп, Сейтектің атының тізгінін тартып,
өзімен бірге алып кетеді.*

*Сол кезде Сарыбайдың ұйықтайтын
уақыты келген екен. Жеті күн жатып
ұйықтайды. Жеті күн ұйықтап, күші толып
тұрғаннан кейін қаһарланап, қайтадан
соғысқа шығады. Сарыбайдың түрін
көргенде: «Шын имансыз екен. Жерімізді
өртеп кетер ме екен?!» – деп, жұрт қорғаны
Күлшиора Сарыбаймен соғысқалы майданға
беттеп, күтіп тұрады.*



Айшөрек пен Құялы

Мұны мұндай тастайық
Ахунның қызы Айшөрек
Содан хабар бастайық.
Білген адам мұны айтқан
Ахунның қызы Шөрек деп
Ай әлемді көп көрген
Ақылға диқан дүмек деп.
Перизаттан тіл білген,
Ұшқанын жұма күн білген.
Ат борайын сыдырған,
Төңіректің төрт бұрышын,
Медиянның бес бұрышын
Ұшып жүпір қыдырған.
Белестің орта бетінен
Ит-Жайлаудың сеңірден,
Дүңірейген ұршықтан,
Түзінде шынар тұмсықтан,
Өзі бала секелек,
Өрімге шашы жетелек.
Ғайыбынан қабылған,

Қақ даладан табылған.
Бойы толған ақылға,
Бала болған Ахунға,
Кебі ұғылып Таласқа,
Келін болған Манасқа.
Перизада Шөрегің,
Белгілі берен дүмегің.
Артық дуа оқыған,
Атағын ұққан шошыған,
Ұзын құлақ шайырдың
Ілгіштігі тағы бар.
Сұрап білген көп жерді,
Білгіштігі таға бар.
Осы қатын Айшөрек
Ұламадан ұғыпты,
Білгіштерден біліпті.
Керуендерден кеп ұғып,
Қайыпшал қызы Құялы
Батыр екен деп ұғып.
Кезіккенді кент қылған,

Алысқанды мерт қылған,
Беттесе жауды қоймаған,
Аталған даңқы тас жарған,
Ер қайраты бас жарған.
Тоғайда туып, сайда өскен,
Тауда жаңғақ жайда өскен.
Қыздан балуан шер болған.
Атасы қыран Қайыпшал
Әр дәуменен тең болған.
Қайыпшаның Қара-Қыр,
Қасиетті мына бұл.
Шыта - Терек, Шоқ – Терек,
Қарауыл мазар бойында,
Қоңыршаш қыздың тойында,
Әр тілегін бергенде,
Перизада Айшөрек,
Жиырма бірге келгенде,
Көктен жұлдыз қозғалып,
Қайыпшал қызы Құялы,
Қалған екен Айшөрек
Қияметтік дос болып:
«Мен перизат, сен адам,
Көшіп ауыл қонады,
Бірімізге біріміз
Керегіміз болады!» –
Деп осылай серт қылып,
Уағданы бек қылып.
Ақ бидай нанын шайнасып,
Аш болат жүзін жаласып,
Дүние мұндай көрейік.
Халық қуратқан дау шықса,
Ел бүлдірген жау шықса,
Айғайды артық салуға,
Әрбір мүшкіл қараңнан
Ажыратып алуға
Ант беріскен жайы бар!

*Міне, осы Құялы қызды іздеп, Сарыбай
жауызға бәле салмақ болып, кереметті
Айшөрек, қыз кезінде киген аққу кебін киініп,
ұшып шығады.*

Жергелей талды сыдырды,
Жердің үстін қыдырды.
Боз мұнарлы Күйгентас,

Күйіктің белін асады.
Күнкетпестің даласын
Қыдырып ұшып басады.
Ол далаға барғанда,
Жерге көзін салғанда,
Көңіл толқып, көз тойды.
Жан-жануар мақұлық,
Мекен қылған жер екен.
Кісі киік, түйе киік,
Құлан да бар, жарғыш бар.
Құлан үріксе даладан,
Қусырылып барбайып
Құланды іліп шалғыш бар.
Бұқа, киік жарғыш бар
Қоймас, тоймас алғыш бар.
Кез болғанды кетірмей
Талап – жұлып салғыш бар.
Алыс жерден оп тартқан
Қара айдаһар сорғыш бар.
Ел Бармастың далаға
Мекен қылған бұғылар.
Көз тайқыған борсыққа,
Көз жетпеген тұмсыққа,
Күдірдің төмен ойына
Белендінің бойына,
Балуан, батыр Құялы
Ит ағытып, құс салып
Аң аулауға келеді.
Таң сарғайып атқанда
Қайыпшал қызы Құялы
Ұрғашының шері екен.
Дариядан іші кең екен.

*Қырық жігіт қосшы алып, салбырынга
шыққан екен. Атқан аңын жеті пілге
жүктетіп, аңның қызығын көреді. Алып
қыздың бір иығына Айшөрек бастаған алты
қыз жайланып қонақ болып отырардай екен.
Өзі де бабына келіп, болып тұрған кезі екен.*

Айдай беті жарқылдап,
Екі емшегі балкылдап,
Шын ұрысар жау таппай,
Ұрынып, бұзар тау таппай,
Құрсақ күйіп құтырып,

Андасан осы Құялы
Арыстандай жұтынып.
Ұңғысы болат найза алып,
Астындағы тұлпарын
Арлы-берлі орғытып,
Өз балуанын оңбағыр
Ойнап, сайып, құлатып.
Талайдан кешіп қызықты
Ит ағытып, жақ тартып,
Аңға салған бұзықты.
Мұны көріп Айшөрек
Балуан қызға қызықты!

Айшөрек Құялы балуанның алдынан шығып, айдай беті жарқылдап, шекер сөз бастап балқылдап, екеуі жарқын жүзбен амандасады.

Батыр, балуан Құялы қыз Шөректің елінің, жерінің, үй-ішінің амандығын сұрап:

«Қарашаш себепкер болып, жәдігердің елінде туған Сейтек балаң аман ба? Артық балуан Қарадәу ер аман ба? Тірі болса, көрсем деп, өліп қалса, батырға құран оқып келсем!» – деп жүр едім. Айшөрек, өзіңді міне тірі көрдім. Аққудың кебін киіп, алыстан келген екенсіз. Ал, шын сырыңды айт!» – деп сөзіне құлақ салады.

Айшөрек Сарыбайдың елге шабуыл жасағанын, талай балуан, ердің қаза тапқанын, оның ішінде айтулы Қарадәудің де қаза тапқанын айтып: «Мынау бір сұмдық кәпір ер, бұндайды кім көрген!» – деп, келгендегі мақсатын айтады. Қайыпшал қызы Құялы қару-жарағын сайланып, қырық балуанның бәріне, ер Мұратай кәріге бұйрық беріп, Сарыбаймен соғысамыз деп, болат найзалары жарқылдап, жолға қамданып, аттанып шығады.



Сейтек пен Сарыбай

*Сол уақытта Семетей қалың елге:
«Мына жауыз Сарыбай қаптап келген
сел, күйген өрт екен. Ал, халқым, қайрат
қылайық!»*

Оо, жұртым, талай шашылдық
Алды болып Алтайда
Көп бөліндің Қаңғайға.
Қаншамыз кетіп еренге,
Қыстаған дұшпан көп болып,
Түсті талай осы жұрт,
Қайра тартпас тереңге.
Қаһарлы дұшпан айынан,
Көбіміз кеттік бөлініп,
Ел көрместің артына.
Біріміз кеттік бөлініп.
Үндістанның халқына.
Соғыстан қан төгіліп,
Әр уақыттан бір уақыт

Әрдайымнан бір дайым
Зорлық көріп еліміз,
Қамшыға шенеп бөліндік.
Қаһарланған дұшпаннан
Қайран жан тірі көріндік.
Қарсыласып салысып,
Қасарған дұшпан келгенде
Қан төгіліп, ер өліп,
Қызырлы қиын біздің жұрт,
Қиырын жаудан бағатын,
Намыс үшін, ел үшін
Ерен өліп қалатын.
Халқым белді буындар,
Қап тауындай тұрындар!

Батыр көкжал бұлай дегенде, батырдың сөзі рас деп қалың жұрт құптайды. «Ажал жетсе, маңдайға жазғанын көрейік. Батырдың ұлы Сейтекке тіреу болайық!» –

деп жұрт шұрқырап:

Сарыбайдан бәріміз
Аянып қалсақ зау ұрсын!
Арқайған Алатау ұрсын!
Ақ білтенің шоғы ұрсын!
Ақкелтенің оғы ұрсын!
Төсі түкті жер ұрсын!
Төбесі бүтін көк ұрсын!
Тұтқында құл боп жүргенше,
Сарыбайға бағынып,
Қалақай қара жамылып,
Күйіп жанып, шоқ болып
Ұйпаланып жоқ болып,
Бәлені басқа тартқанша,
Қорлық көріп жатқанша.
Шын қырғынды бастайық.
Шырқыратып қу жанды
Қылға байлап тастайық!
Сарыбайды дәу қылмай,
Бұл Таласқа ие қылмай,
Судай ақсын қанымыз,
Қырылайық бәріміз!
Қиялы жақтан шалдырып,
Қыран шердің барлығын,
Сарыбайға алдырып,
Жал құйрықтан айырылып,
Сопал болып жүргенше,
Мүйіз сынып, бас қалып
Тоқал болып жүргенше,
Сарыбай бізге ұлық деп
Өртеніп жанып, күйгенше,
Опал таудай дәуменен
Жеті жыл тынбай ұрысып,
Қағысты мықтап бастайық,
Ер Семетей, Күлшора
Пана қылған жас Сейтек,
Осы үшеуін қалың жұрт,
Белге таңу қылайық.
Ел толқыған дария
Дария қаптап, сел жүріп,
Ажал жетсе өлейік.

*Итпенен бір шапқыласып көрейік!—
деп, керней-сырнай тартылып, айбалта,*

найзаларын көтеріп, атқа қонады.

Ереннің бәрі елігіп,
Есер қайрат, су жүрек
Ел бастамай демігіп.
Балуан шеттеп таралып,
Есікке шықпас қорқақтар
Енді немене болар деп,
Ең ортада қамалып,
Опыр-топыр теңселіп,
Халық бүйтіп тұрғанда,
Семетей ұлы жас Сейтек
Қаршығадай қамынып,
Қайран шердің ұлына
Ғайыптан ақыл табылып,
Жау жарағын жайланып,
Жалаң қылыш байланып,
Болат ұңғы найза алып,
Оқ өтпес тонды киініп,
Жекелеп елден бөлініп
Атасына тартқан көкжал шер

*Көк асқардай болып көрініп, аттанып
шығады. Белеске шыға бергенде алдынан
Сарыбай қарсы келеді. Жер үстінде
жаралған текөзіммін деп жүрген, қылымның
бәрін қиратып, бір тесікке тығатындай,
адамзаттың баласы қаһарынан күйіп,
талқан болып кететіндей, ай- әлемді түгел
соратындай болып, күркіреп майданға
шығады.*

*Сейтек пен Сарыбай беттесіп,
найзаласуға тақап келгенде, екі берен
қайтер екен деп, қараған жұрт шыбын
жанынан түңіледі. Сарыбай Сейтекке:*

Ее, Семетей ұлы шұнағым,
Көздеген жауым сен болсаң
Қырып, жұтып тынамын.
Төбеден тірі басамын!
Төрт түлігің шашамын!
Шын есебің табамын!
Шындап жұртың шабамын!
Бар жыным келіп құтырсам,
Сындырып, бүктеп бөліңді
Шырқыратып еліңді

Қара жолдай таптаймын,
Кең Алатау жерінді.
Қырамын қырғыз елінді.
Қатыныңды тұл қылып,
Ерінді байлап, құл қылып,
Суытамын демінді.
Қызық болса малыңыз,
Қымбатты болса жаныңыз...
Деген сөзге көніңіз,
Қалағанды беріңіз.
Ұрғашыдан узды бер!
Тоқсан бес айым, Айшөрек
Өз енеңді бас қылып,
Тартуға жүзден қызды бер!
Алатау тарту жерді бер!
Жер жайлаған елді бер!
Бұл сөзіме көнбесең,
Бұл айтқанды бермесең,
Сындырамын белінді.
Қаһарым келіп қақайдым,
Қалдырмай қырам елінді! – деп,
*Желмаяңды санға бір салып, айбалтасын
қолға алып, Сейтекке қарай атылады.
Қанды болат айбалтамен өлшеулінің өзі деп,
өлетін қара көзі деп, Сейтекті айбалтамен*

*тартып жібереді. Сейтек Сарыбайдың
балтасын қағып тастайды.*

Тоны қалың Сейтекті
Тон көтеріп қалыпты,
Таудай Манас аруағы
Шоң көтеріп алыпты.

*Сарыбайдың айбалтасы ұңғысынан
үзіліп түскен екен. Сейтек сырнайзасын
қолға алғанша, сырттан найза салғанша,
аран ауыз сұр жебесін алып, онымен төрт
рет атады.*

Батыр көкжал, ер Сейтек
Сырнайзаны кезеніп,
Селдей толқып бақырды.
Манастап ұран шақырды.
Тайынбай найза салады,
Белден найза бүктелді,
Бегірек жанға күш келді.

*Бұл өртенген Сарыбай барған сайын
күшейіп, құтырына береді. Кәпірге не қол
өтпей, Ақкелтемен атса, оқ өтпей, айбалта,
найза жұтылып, оқ өтпеген Ақолпоқ, быт-
шыт болып жыртылып, Сейтек шер мен
елдің ерлері өлімнен жанды аямай, құтырған
тажал Сарыбаймен соғыса береді...*



Қайыпшал қызы Құялы

*Қайыпшал қызы Құялы Сарыбайдай
қаһарлы жаумен соғысуға асығып келеді.
Сұлулығы бір басқа, батырлығы бір басқа,
қыздан шыққан шер Семетейдің шатырына
келеді. Семетей батырдың түр-тұлғасына
қарап:*

*– Мен Құялы болғалы, алуан түрлі
халықты көрдім. Сайыста неше алыпты
көрдім. Маңдайы жарық, жүзі ашық
Манастың ұлындай ерді енді көрдім! – деп
сүйсінеді.*

«Шығып жортып келгенім,

*Желпініс таудың тұсы еді.
Жеткілең тілек қылғаным,
Дәп осындай кісі еді!»
Деп сынаған Құялы
Хан Семетей батырға,
Көзін тіккен шоң ғашық,
Әр қызметін білсем деп,
Айкөл шерге тисем деп,
Ойласа да, тие алмай,
Айшөрекпен анттасқан,
Достықты аттап кете алмай,
Опал таудай Құялы,*

Толқып өтсе, бейбаққа
Тау да төтеп бере алмас.
Уағдадан танып кетердей
Ұяты жоқ жан емес.
Қиын батыр атанған,
Қырық шілтеннен бата алған.
Жолын әзір оңдаған,
Жаралған қатын зайыптан
Мұндай балуан болмаған.
Құмардың кара көзі екен,
Семетейге кезігіп,
Қуанғаннан езіліп,
Құп жалынып, кеп бастап,
Қыз Құялы мұны айтты,
Көрсен дүмек сұмды айтты:

– *Менің асыл атам Қайыпшал, атаңыз
Манас ханмен алты рет анттасқан дос
екен.*

Тура шер атаң хан Манас
Ту түбіне тұрыпты.
Менің атам Қайыпшал
Айтқанына көніпті.
Араласып қол үзбей,
Сый, құрметін көріпті.
Мен туғанда атамыз,
Тойыма тоқсан сойыпты.

Алып ерге жолдас болсын деп,
*Атымды Құялы қойыпты! Енді
Айшөректен айкөл шердің тұқымына
Сарыбай қастық қылып, қамап жатыр деп
естіген соң, Қайыпшалдың елінен қол алып
дұшпаныңмен соғысайын деп келдім.*

Жан баспаған шөлдерден,
Азулы атып, жеп келдім.
Жалмауыз ұлы кәпірді,
Жексен қылам деп келдім.
Батыр, арғынды жиып, қол алып
Атойлап ұран салыпсыз.
Асып-сасып пышырап,
Әлек болып қалыпсыз.
Сары адырмақ бел бар ма?
Салысатын ел бар ма?
Ер көкжал айтам, сөзімді ұқ

Ұрынатын тау қайда?
Ұрысатын жау қайда?
Кешіп өтер шоқ бар ма?
Кежірлік қылған жұртыңа,
Кесірден шыққан оқ бар ма?
Ел шалынған тор қайда,
Ел бүлдірген зор қайда?
Халық түсетін ор қайда,
Ер Сарыбай зор қайда?
Батыр болса, шер болса
Бастасқан жау ер болса,
Шын ажал жетсе шығайық,
Тиіскенің қайсы жау?
Шын достықты қылайық! – *деп тұрғанда*

Айшөрек келіп:

– *Анттасқан досым едің, апалы-сіңлілі
болуға уағдаласып едік. Достықтың сертін
сақтап, Сарыбайдың қолына қырғын салып,
жау қамаған бұл елді ажыратып алыңыз! –
дейді. Сонда Құялы:*

– *Айшөрек, саған берген уағдамнан
танбаймын. Сарыбаймен аяусыз соғысамын!
– деп жауап береді.*

*Арада бір күн, бір түн өтіп, жерге
жарық түскенде, Таластың бетін өрт
қылып, Кең-Қолды күйген шоқ қылып, кез
келгенді жоқ қылып, тағы да доңыздар
қаптайды. Күлшора мен Сейтек бір тынбай,
жан аямай, күндіз-түні шайқасады. Сол
уақытта Құялы:*

«Желпініс пенен күн шығыс,
Өзім шапқан жол еді.
Сарыбайдай шоң дәуді
Жеті жыл сайған қол еді.
Өкпе жарып, бас кескен,
Шатақ қылып қан төккен,
Кегі бар дұшпан жау еді.
Керісті кенен салайын,
Қаһарлы дұшпан Сарыбай
Қарсылдасып қалайын.
О, қария атам, хан Бақай
Қартайған енем Қаныкей,
Жиылған осы қалың ел

Батаңызды алайын,
Мықтап жанжал салайын! *Маған
батырдан қалған Сырнайза мен Зұлпыхарды
беріңдер!» – дейді.*

Көпті көрген әулие,
Ұлық Бақай қария,
Алақан жайып бұрқырап:
«Қаһарлы дұшпан оғынан,
Кәпірдің мұздақ қолынан,
Қазылған шұңқыр орынан,
Азат қылшы жаратқан,
Осы Сарыбай иттің торынан!
Тұлпар күлік Желжетпес,
Ағашына байлатпа!
Арғын-қырғыз көп жұртым,
Дұшпан көзін қаратпа.
Аумин, балам Құялы!
Ақжолтай Бақай мен едім,
Байланып жатқан базардың
Бағасын ашқан құл едім.
Байлауға түскен мұңдының
Қолын шешкен ұл едім.
Маталып қалған мүшкілдің,
Жолын ашқан ер едім.
Бек шырмалған түйіннің,
Қырсығын шешкен мен едім.
Сарыбайды астын қыл
Баламды құдай үстем қыл!
Атаңның көрі, дұшпанға,
Артын берген заман қыл,
Қайыпшалдың қыз балуан,
Құялыны аман қыл!
Айбаты зор доңызға,
Алдырып қойса жаманат,
Зұлпыхар қылыш, Сырнайза
Балуанға бердік аманат.
Неше пірге қол берген,
Жеті әулие жол берген,
Пері сынды зор Манас
Өзің көзің сала гөр!
Қайыпшал қызы балуанға,
Қағысқа шыққан жандарға,
Аруағы зор шоң Манас

Жолдас болып қала гөр!
Түбі суық арамды,
Түп етектен ала гөр!
Ұзынынан сала гөр!
Елдің қолын қаптаған,
Жекеге өзі бастаған,
Машықтығы басқаша
Батырлығы бір қанша
Әзиз ханның артығы
Алекем көзің сала гөр!
Жобалы мүшкіл іс қылмай
Қайыпшал, жолдас болып қала гөр!»
Деп осылай зор Бақай
Бата беріп бақырды.
О дүние кеткен төренің
Аруақтарын шақырды.
Өңі ағарып сұйылды.
Екі беттен аққан жас
Сақалына құйылды.
Бабамыз Бақай қарының
Батасын алып Құялы,
Жалмауыз ұлы кәпірге,
Қазатқа шығар уағында,
Алуан түрлі бейбақты,
Қолдағаны бір тоғыз
Қолдап келіп тұрыпты.
Жандап тұрған сұр жолбарыс
Жағымды мұндай жан болмас.
Қолдағаны көрінді.
Қайыпшал қызы Құялы,
Тұлпар аузын бұрады:
«Хан, халайық, қалың ел,
Кең Желпініс, ұлы жұрт
Тыныш жатқан елімнен,
Кіндік кесіп, кір жуған,
Алыстағы жерімнен,
Мен Құялы балаңыз
Бекіп жатқан белімнен,
Сіздер үшін келгенмін.
Қыз падиша хан едім,
Төсі түкті жері үшін,
Самайы аппақ ана үшін,
Ана туған ел үшін,

Досым Айшөрек, сен үшін

Аманат жанды қиялық! *Арыстан туған Күлшора мен ер Сейтекке қанаттасып, аямай соғыс салайын!» – деп, Құялы от өтпеген тон киіп, оқ жетпеген, тоқсан күн шөлде жүрсе арымаған Желжетпес атын мініп, жау-жарағын сайланып, Манастан қалған Зұлтыхарды, ұңғысы болат найзаны алып, майданға беттеп шығады. «Намысы үшін, ары үшін, ерен жаудан өлмей ме?» – деп, тұлпарының аузын бұрып, жауға қарай жүреді.*

Сонда Семетей, бабаң Бақай, Қаныкей барлығы қатарласып тұрады. Шай қолдаған Күлшора нардай болған Буырыл атты мініп, оқ өтпес тон мен қандағайды

киіп, таудай болып келеді. Сейтек қолды бастап шығады.

Қаныкей мен Бақай мойнына кісе салып, о дүние кеткен айкөлдің аруағына жалынып, ортадағы ақ боз биені «А, құдай, сенің жолыңа!» – деп атап, Баабединге, аруақтарға шалады. «Аумин!» – деп жұрттың бәрі бата қылып: «Сарыбайды жеңсек, күніміз бейіш болар, ал Сарыбай жеңіп кетсе, қалың жұртымыз заріп болар. Айкөл шердің тұқымы – қалың елге медет! Шерлерді құдай, аман қыл!» – деп, барлығы алақан жайып, тілек тілейді. Ел тілегі – дария. Жаратқанға жалынып, жұрттан бата алып, берендер қаһарлы жау Сарыбайға қарай беттеп шығады.



Сарыбайдың өлімі

Үш Қосайдың сеңгіріне, Қақпа тастың аузына Сарыбайдың шебі құрылған екен. Ел бүлдіріп, жұртты қырып, қанішер аты шыққан Сарыбай Манастың тұқымын түгел құртамын деп айбаттанып ақырады.

Он сегіз мың ғаламды,
Қамырдай илеп басқандай.
Айбаттанып өкірсе
Қазылған терең көрге ұқсас.
Күркіреуі кәпірдің
Қапталдан аққан селге ұқсас.
Қиялы ұшқыр, пейілі тар,
Қан аңсаған Сарыбай
Алқымға салып, қол айдап,
Қолды бөлмей тез айдап,
Айдаған қолдың ішінде
Нелер бар да, нелер жоқ.
Түнде есікке шықпаған
Қорқақтары тағы бар.
Адам тілін білмеген

Басы ауған жаққа бұрылған,
Торпақтары тағы бар.
Бұл дүниеде көзі ашық,
Сөйлеп тұрса, сөзі ашық,
Іске мықтап кіретін,
Қашпай жауға тұратын,
Шайқасқанды сүретін,
Даңғылдары тағы бар.
Қалың мүшкіл шоқ келсе,
Тарсылдаған оқ келсе,
Қабак бүркеп, қас қақпай,
Тәуекел деп бас тартпай,
Ту түбінде тұрған бар.
Ала кеуде, шорт қиял,
Ала даңғыл дүрсілдек,
Көріктей өкпе күрсілдек,
Жуан қарын, жайық төс,
Бөрік ал десе, бас кескен,
Су іш десе, у ішкен,
Өлерін өзі түк білмей,

Жанын қолға қармаған,
Жанкештісі тағы бар.
Уағдаға бір қанша,
Тұрмағаны тағы бар.
Уайым тартып сарғайып,
Түн немене болар деп,
Ажал жетіп күн бітсе,
Жаман қатын, жас бала
Күн немене болар деп,
Қолды айнытып жылаған,
Жасықтары тағы бар.
Қол ішінде Сарыбай
Есерді құдай ұрыпты.
Қолға бұйрық қылыпты:
«Қызыл найза салыңдар,
Қылышты қыннан алыңдар!
Бәрің қалмай жабылып,
Қырғын болып қалыңдар!
Ой, қалың қол, ұғып ал,
Ажал менен өлімнен,
Азап пенен мүшкілден,
Қорлық пенен жанжалдан,
Қорыққан адам оңа ма?
Өлмей қалар дүниеде
Темір өзек бола ма?
Батырсынған бұл жұрттың,
Қашанғы жынын қағайық.
Тапқан екен шатақты,
Қаран қылды деп ұқтым,
Аты ұрғашы Құялы
Баяғы біз алатын қатынды.
Болысқанын қырайық,
Олжа қатын қылайық!
Алжақтаған доңызды,
Ат сауырына салайық.
Көрер күнін көр қылып,
Ойран -ботқан қылайық.
Бұйрығыма көнесің,
Бұйрығыма көнбесең,,
Жер жайнаған қалың қол,
Қырғын болып өлесің!» – деп, *Жалмауыз*
ұлы Сарыбай қалың қолдың алдында

*шабынып: «Ай әлемнің шоң тұтқасы бір
өзім боламын!» – деп қаһарланғанда, жұрт
шыбын жаннан түңіледі.*

*Сол кезде Қайыпшал қызы Құялы
майданға келеді. Сейтек: «Ежеке, бір кезекті
беріңіз!» – деп, кезегін алып, Құлансұр
аттың аузын бұрып, хан атасы Манастың
аруағын шақырып, Сырнаизасын қолға алып,
Сарыбайға жетеді. Жеткен бойда найзамен
сайып өтсе, Сарыбай оның найзасын елең
қылмайды. Неше соғысты көрген, піл мүшелі,
ең мықты, білегі жуан не бір батырларды
жеңген Сарыбай айбаттанып ақырып, аспан
көкті сапырып, Сейтекке қарсы ұмтылады.
Таудай болған Тауқызыл атын қамшымен
тартып жіберіп, бала Сейтек көкжалға
жебедей ұшып жетіп, өкпенің тұсынан
найзамен ұрады. Сонда: «А, құдай оңда,
бабам Манас қолда!» – деп, қақ жүректің
тұсынан Сейтек те салады найзаны.
Екі найза быт-шыт болып бырқырап,
сынып кеткенде, Құлансұр мен Тауқызыл
аттың аяғы жерге кіріп кетеді. Екі батыр
айбалтамен салысып, қылышпен шабысып,
көрген жанның барлығы шыбын жаннан
түңіліп, аямай соғысады. Найза, қылыш,
айбалта – барлығы қирап сынып, оқ өтпес
күрме тон дал-дұл жыртылып, Тауқызыл
мен Құлансұр қып-қызыл қанға боялып, екеуі
жеті күн шайқасады. Ақырында, Сарыбай:*

*«Мен Сарыбай болғалы,
Талай мықты жан көрдім.
Неше батыр, неше жау
Шайқасқанда өлмедім.
Қайратты сендей балуанды
Батыр, жер үстінен көрмедім!
Берендігің белгілі,
Көкжалдығың көрінді.
Бөрі екенсің ер Сейтек.
Қара тажал, ер балуан
Шер екенсің ер Сейтек.
Қағыс қылған, қан төккен,*

Сен екенсің ер Сейтек.
Берен кырғыз еліне
Бек бекіткен темірдей,
Шеп екенсің ер Сейтек.
Талықпас едім, талықтым.
Арыстан едім, налыдым
Шабысып жүріп шалықтым,
Бүгін жаннан түңілдім.
Айтқан сөзге көңіңіз,
Жеті күн мұрсат беріңіз.
Хан екенің шын болса,

Уағдада тұрыңыз!» – дейді. *Ер Сейтек жеті күн мұрсат береді. Сарыбай жеті күн ұйқыны соғып, демалады. Тауқызыл атын суытып, бабына келтіреді. Есін жиып, қайтадан майданға бет алғанда: «Қырғыздан шыққан шоқ екен, дүниеде Сейтектей батыр жоқ екен. Енді бауырына найза қағамын, тас-талқанын шығарамын. Күнім бітпесе, ауылын қырып, олжалап қайтамын! Төлге жаман, түс жаман, оңай тисе іс жаман. Көтеріп киген тон жаман!»* – деп, Тауқызыл атын орғытып, таң атқанда соғысқа шығады.

Сейтектің қарауылда тұрған жауырынышы қарауылы: «Сарыбай тынығып, майданға шықты. Бұл кәпірдің түрінен аққан дария, тілсіз судың өзі аға алмай тоқтап қалады!» – деп хабар береді.

Құлансұрды мініп ер Сейтек: «Жау келді!» – деп, аттан салады. Құялы болат найзасын қолға алып, жекпе-жекке шығады.

Сарыбай кесір сөйлеп: «Қаншық кел, – деп шақырып: – Ұрғашының жолы ұлық деген бұрынғыдан қалған жөн бар. Бар күшіңді сал, кезегіңді ал, бейбақ!» – деп қарап тұрады.

Құялы қыз қара көзі шоқ болып, іші от болып, Желжетпес атымен бұлттай ұшып, Сарыбайды найзамен саяды. Сарыбай Тауқызылдың үстінен құлап кете жаздайды. Найза қирап күл болады, Сарыбайдың көзі

түн болады. Екі аяғы салақтап, екі көзі алақтап, Сарыбай кезегін алады. Сонда Сейтек:

Ер мүшелі ежекем,
Ебегейсіз шер екен.
Телегейі тең екен,
Теңіз арыстан шер екен.
Тәңірсіген шошқаға
Теңдігі жетер кезі екен.
Найза берсем колына

Қаһарланған кәпірдің, бір есебін табар, – деп, көздің қарашығындай сақтаған, тиген жерін тіліп түсетін, иілетін, бірақ сынбайтын болат Сырнаизаны Құялының қолына ұстатып кетеді. Жанға медет, жауға қаһар болат найза қолына тиген қыз риза болып қалады.

Тілегені дәл келіп,
Арыстан қыздың өзіне
Алпыс ерлік күш келіп,
Төбедегі ай, шолпан,
Болжас болып қалады.
Сарыбай кезек аларда
Айкөл шердің аруағы
Жақындап қоршап арыстанға
Жолдас болып қалады.
Бел беттеген шай атам,
Беттеп жолын оңдады.
Аты Қызыр машайық,
Ауыздықтан алыпты:
«Балам соғыс қылғын» – деп,
Қостап қалған кезі екен.
Қолдағаны бір тоғыз
Қолдап алған кезі екен.

Осылай күш алған балуан қыз Сарыбайдың кезегін беріп, қасқайып қарап тұрады. Бүлдірсінмен Тауқызылды тобыққа бір тартып, жебедей ырғып түйіліп, қан сасыған көк найзамен қаһарлы Сарыбай күркіреп:

«Жүрегінің басы деп
Көкжалдың қара көзі деп,

Өлер жердің өзі деп.
Алма сынды ақ емшек
Жарып өтер беті деп.
Ажалдың анық тұсы деп,
Сексен жаны болса да,
Көк кенедей толса да,
Алшаңдаған қатынды
Аңтара саяр шағым бар.
Тоқсан жаны болса да
Тоңқитып жығып салам» – деп.
Тоқтала алмай Сарыбай:
«Бұл құтырған қаншықтың
Шын өлер жері осы деп
Шамырқанып найза ұрсам,
Шындап найзам тимей ме?
Қанша батыр болса да,
Батырсынған қаншықтың
Басы жерге кірмей ме?»
Деп Сарыбай күркіреп,
Гүп дегізіп ұрады.
Ұрған кезде көк найза,
Быт-шыт болып бөлінді.
Қайыпшалдың Құялы
Қиын найза тигенде
Қисаңдамай, қылт етпей,
Қылтылдамай, былқ етпей
Ал Сарыбай кәпірге
Қасқайып қарап тұрады!

*– Ал батыр болсаң, ер болсаң, Сарыбай,
екінші кезек бер маған, – дейді қыз. Сарыбай
кезегін бермей, сөзге келмей, шайқасты
бастап кетеді. Екеуі бірін-бірі аямай, бар
күшін салып айқасады.*

Сойылдасса солқ етпей,
Балталасса болқ етпей,
Қамшыласса қаңқ етпей,
Қылыштасса қыңқ етпей,
Қиын соғыс салысты.
Қызық өмір, тәтті жан
Қылға байлап тастапты,
Қызыл қырғын, қу сүргін,

Қырандарың бастапты.
Күні-түні екі күн,
Күпілдесіп тынбады,
Қиын дүмек шыр болды,
Аспан жарған шу болды.
*Екі батыр бірін-бірі ала алмайды.
Құялының қаны қайнап, қайраты толып,
күші тасып, Желжетпес атын қайрап
сөйлейді:*

«Айналайын Желжетпес,
Түрі жаман жау келді,
Терең қазған ор келді.
Таптап кетер шер келді,
Тегі жанға зор келді.
Айуан да болсаң анттасып,
Кенедейден кезіктім,
Керіске мінсе кейімес,
Шабысқа мінсе шаршамас,
Жануарым Желжетпес
Бұғыдай мойның бұралған,
Бута бойы ор келсе,
Бір талмастан шырқаған,
Будан едің жануар,
Басыңды жерге сала гөр!
Қағысарым Сарыбай
Құйындатып бара гөр!
Айқырып найза малмасам,
Айғай тартып салмасам,
Алла тағала мені ұрсын!
Қисалаңдап қылт етсең,
Бір жағына бұлт етсең,
Жаратқаным сені ұрсын!»
Деп анттасып Құялы,
Шер Манастың Сырнайза
Жарқылдатып сұнады,
Ала асқар таудай арамды,
Өкпеге дәлдеп ұрады.
Оқ өтпестің он топшы
Оң жағынан шешіпті,
Бетінен тиген Сырнайза
Сыртына шығып кетіпті!

Арынды тұлпар Желжетпес,
Тартып аузын бұрады.
Ер Сарыбай батырды
Құлатып жерге ұрады.
Қиқырып найза сайғанда
Арыстандығы білінді.
Найза ұшында Сарыбай
Жем қапшықтай ілінді.
Атаңның көрі қыз арыстан,
Телегейі тең екен,
Қаһарлы жауды құлатқан,
Қабылан көкжал шері екен.
Міне сонда Құялы,
Сарыбайға бүйдейді:
«Қаһарлансаң Сарыбай,
Батыр едің, шер едің!
Ай әлемнің барлығын,
Айдап жүріп, шулатып,
Биледің бе, Сарыбай?
Қылмысы жоқ, кегі жоқ
Талай момын адамды,
Иледің бе, Сарыбай?
Адам етін шикілей,
Жейтін бе едің, Сарыбай?
Жесір менен жетімді,
Пақыр менен міскінді,
Батыр менен балуанды,
Құтырма жының бек қайнап,
Шабатын ба едің Сарыбай?!
Табаныңа әлемді,
Салатын ба едің, Сарыбай?!
Қазір жалынсаң, ұқпаймын сөзіңді,
Бір бұздым ба шегінді?
Елімді еркін қондырмай,
Еркіменен болдырмай,
Неше жылы жауладың,
Қанша жанжал бастадың.
Хан атаң өші елде жоқ,
Алпыс қатын тұл қылып,
Ауылды қараң тастадың.
Алты атаңның кегі жоқ,

Мұнша жанжалды неге бастадың?
Кейітіп жанға күш қылдың,
Төбешені түз қылдың.
Құлжалаңдап қуарып,
Құтырып көр Сарыбай!
Халайықтың бәріне,
Жасы менен кәріге
Зарың өтті Сарыбай!
Ай әлемге тоймаған,
Араның кәне Сарыбай?
Найза ұшында тұрасың
Кімге тақат қыласың?
Амалың кәне Сарыбай?
*«Өз обалың өзіңе! Еңбегің қара
төбеңе?!» – деп, Құялы Сырнаизаны бұлқып
– сілкіп жібергенде, жауыз доңыздың
ажалы жеткен екен.*

*Сарыбай өлгеннен кейін, әскері тізе
бүгіп, мойнына шылбыр салып, тұлпар атын
тартып, елшілікке келеді. Елшілер:*

Жанталасқан Сарыбайды
Шалқасынан салдыңыз.
Кенедей қолда қылмыс жоқ,
Айкөл ұлы қабылан
Жүйелі сөзге көніңіз.
Сарыбайға теңеліп,
Қылмысы жоқ көп елге,
Жапалы жанжал қылмаңыз!
Сарыбайдың кәрінен
Ел жинала бергенбіз.
Қорлықпенен айдалып,
Қол жібі жоқ байланып,
Айла жоқтан келгенбіз!

*Астық айдап жан баққан, қыс қамын
жеп, шөп шапқан момын жандардың бәрін
соғысқа зорлап әкелді!» – дейді. Жұрт
шулап, шұрқырап тұрғанда, Сейтек:
«Сарыбай қанішер болса да, халықтың не
жазығы бар?» – деп соғысты тоқтатып,
тыныштық орнатады. Ер Сейтектің
кеңдігіне ел сүйінеді.*



Сөз соңы

Сарыбай жауызды жеңіп, сары аурудан құтылып, ел жүрегі орнына түсіп, өз жерін өзі еркін жайлап, рахаттанып қалады. Намысты шердің тұқымы ер Сейтек Баабединнен бата алып, арыстан ата жолына айтұяқ шалып, той жасайды. Нар түйе сойып, қазысы қарыс бие сойып, төрт түліктен тең сойып, жұрт қуанып, ел толып, нашар мен міскінге, қаріп-қасерге дүниені қамшыға шенеп бөлдіріп бергізеді. Аталары Бақай қария құбыланы бетке алып, «Алла!» – деп қолын көтеріп, бата береді:

Көлеңкелеп ел жатқан
Тақырға шыққан шынарым.
Қаралды болып отырған,
Қағылайын шырағым!
Құялы, Сейтек құлыным,
Құрқылдаған құзғынды
Құп келтіріп орнына
Айдап келген түйғыным!
Қыз арыстан, ер Сейтек
Екі бірдей шынарым,
Арманды жұртты азаптан,
Ажыратып алғаның,
Маңдайдағы бараным,
Медер қылған қараным!
Алтын болсын көмірің,
Ұзақ болсын өмірің!
Мінгенің алтын тақ болсын,
Маңдайыңа бақ қонсын!
Дұшпан жолы тар болсын,
Қойғылассаң дұшпанмен,
Атаң Манас аруағы
Сендерге жолдас, жар болсын!
Ынтымақ, ырыс, қасиет,
Балдарым саған дарысын!

Ой, әумиін жұрт, әумиін!
Алысқан дұшпан басылсын.
Қабағың гүлдеп ашылсын!
Сапар жүрсең алысқа,
Қиқулап кірсең қағысқа,
Оңынан қылып жолыңды,
Жол Баабедин шай атам,
Балам, сені қолдасын.
Жолығысып қастасқан
Жаудың жолы болмасын!
Дұшпаныңның жолына
Тау қаратас үйілсін,
Аттарың шығып әлемге
Балдарым, арыстандығың білінсін!
Басып суық бауыр келмесін,
Бастасып адам жеңбесін!
Қара қылды қақ жарған,
Әділ болғын халқыңа.
Халық түспесін артыңа!
Құялы, Сейтек құлындар
Жаман болса көңілің,
Жаман шығар өнімің.
Жұртқа мәуе болындар
Айтқан сөзді ұғындар,
Үзілгенді жалғай біл,
Шашылған жұртты жинай жүр.
Темір қорған талайың,
Балдарым, жұрт сендердің панайың!
Іргелес қонып қонысқа
Балдарым, жұрттың көңілін ауыртпа!»
Абаң Бақай қария бата беріп, көңілдері жай болғаннан кейін, Қайытшал қызы Құялы елден өтінеді:
«Ел сағынған пейлім бар,
Менің дағы елім бар,
Елім алтын табатын,

Елімді пері шабатын,
Қайран жұртым не болды?
Шалқып жатпай жер болмас,
Ел сағынбас ер болмас.
Елді кісі кем болмас!
Қайран жұртқа жетейін!

О, жиылған көпшілік, қымбатты досым Айшөрек, маған рұқсат етіңіз!» – деп, тілек қылады. Сөйтіп, қоштасып, жердің жүзін дүрілдетіп, Қайыпшал қызы Құялы батыр қолын бастап, Желініс көздей жолға түседі.

Сол уақытта Бақай, Қаныкей, Күлшора мен Семетей, айдай қатын Айшөрек бесеуі: «Енді біздің сапарымыз, кезіп жүретін кезіміз келді!» – деп, ғайып болып, алыс сапарға кетпек болады.

Құрып қойған аулы жоқ,
Сапарының дайны жоқ,
Бүгін көрген ертең жоқ,
Осындай екен дүние шоқ.
Сапардың жайын ұққанда
Ел жиылып, ду болды:
«Бақай менен Қаныкей
Толқып жатқан бел еді.
Семетей мен Күлшора
Дауыл келсе, жел тимес,
Даушы келсе, мал бермес,
Дажал келсе, жан бермес,
Бұзылмас Қап тау, бел еді,
Қалың кара шеп еді!» -
Деп халайық тұрғанда
Бес береннің ішінен
Семетей батыр сөйлейді:
«Үлкен-кіші, кәрі-жас,
Құрбы-құрдас, талаптас,
Әр түйінді шешіп қой,
Жаман-жақсы өткен іс,
Қайран жұртым кешіп қой!
Алатауды жер қылған,
Азаматын ер қылған,
Ақ қалпақты қалың жұрт,

Қиырың менен есен бол!
Біз кеткенмен сапарға
Арқа болар Сейтек бар.
Талай жұрттың ұлы бар.
Бәле болма, әрбір жан
Үзіліп кетсе жалғаушы,
Шашылып кетсе жинаушы,
Берен құтпан өзі бар.
Қыжылдаған жау болса,
Жолатып жауды кіргізбей,
Ғайып болған біздердің
Жоғымызды білгізбей,
Қанаттыға қақтырмай,
Қамшылыға соқтырмай
Жұртқа бәле тарттырмай,
Өріске дұшпан жолатпай,
Өкімді ішке кіргізбей,
Уайым-қапа білгізбей,
Бас-көз болар Сейтек бар!
Бел байлаған белің бар,
Бекіп жатқан шағың бар,
Бейілдеп құлақ салыңдар.
Ұғып тұрған кебімді,
Ұлы, кіші бәрің бар.
Осы қалған сендерге
Сейтек болсын шоң мұра!
Біздер кеттік сапарға.
Өлмес жұртым, қош болыңдар!»
Берен мұндай деген соң,
Ел арасы ду болды,
Аспан жарған шу болды.
Көбі жалған, көбі шын
Осы күннен осы күн,
Көпшіліктің көңілі үшін,
Айтарға жомоқ болыпты,
Бабалардың сапары
Әлемге жетіп атағы:
«Байырғы Манас сөзі» – деп,
Өшпес болып қалыпты!

17. 03. 2021ж. – 28. 04. 2021ж.



Түсіндірме

Аба, абаке – ата, үлкен аға.

Абайын – қыл қосып, жүннен тоқыған қалың кездеме; аттың жабуы.

Алты шер – эпос бойынша Дәуіт, Сүлеймен, Ескендір Зұлқарнайын, Рүстем Дастан, Әзірет Әлі және кенжесі Манас.

Ақолпоқ – Манастың жауынгерлік сырт киімі. Манастың барлық бұйымдары сияқты ақ түсті, ерекше қасиетті. Қаныкей оның арасына болат үгітіп салдырып, еш бір қару өтпейтіндей қылып жасатқан.

Ақтінте – қанжар, кездік.

Ата – әке.

Ашалбарыс – құрыш болат қылыш.

Баабедин – Бабедин. Кезінде Орта Азияда өмір сүрген қасиетті Бахауиддин \ Бағауиден\ әулиенің қырғызша айтылуы.

Бат – тез, жылдам.

Бейпай – бүлік, жанжал, пәле.

Белек – сыйлық, белгі.

Бүлдірсін- ұшына құйма қорғасын өрілген мықты қамшы.

Бұлым – бағалы кездеме.

Бұрқан – қалмақша: жаратқан, құдай.

Бұрқы – түрлі.

Бурут – қалмақтар қырғызды кемсітіп, осылай атаған.

Була – қымбат бағалы кездеме, жібек мата.

Бута – Мылтық, садақ атқандағы нысана. Балалардың алыстан таспен көздеп ұратын нысанасы. Аралық өлшемді де білдіреді.

Далы, айдалы – иін, иық, жауырын.

Даңғыт – дәу төбет.

Даңза, даңса – қытайша: тарих, шежіре, жылнама.

Дыңша, Дуңша – Манжу, қытай тарабындағы ежелгі аймақ, ел.

Дүмек – күш, азап, қорқыныш.

Дүмпілдек – ойын түрі.

Еже, ежеке – апа, апеке, әпке, әпеке.

Ене – 1. ана. 2. қайын ене.

Жазайыл – түйеге артып жүріп ататын жеңіл зеңбірек.

Жай тас – сиқырлы тас. **Жай тасты суга салу, күн жайлау** – сиқырмен табиғат құбылыстарына әсер етіп, ауа райын уақытша өзгерту.

Жаңжуң, Ай Жаңжуң, Күн Жаңжуң – қытайлардың ұлықтық дәрежесі, генерал-губернатор.

Жәдігер – сол заманда өз алдынша ел болып тұрған қырғыздың бір руы.

Жомоқ – жыр, аңыз.

Жомоқшы – жыршы.

Жоры – өлексе жейтін қанатты жыртқыш.

Жөлек, жөлегім – тірек, таяныш.

Жырғал, жырғалды, жырғау – бақыт, құт, береке. Жырғалды – бақытты, берекелі, ырысты. Жырғап тұру – рахаттанып, жасап тұру.

Зау – биік жар, зау биік.

Зайыппуруш \сайыппуруш – көне замандарда айрықша адамдарға ерекше жауынгерлік ерлігі және қызметі үшін берілген атақ, сипат.

Зубун – қалмақтың әскер бөлігі; елдің тобы\ ауыл, аймақ. \

Зинат \зыйнат\ – өлікке немесе өлім аузында жатқан адамға арналған құрмет-сый рәсімі.

Зымырык – мифтік құс, самұрық.

Кебез – мақтадан жасалған матаның бір түрі.

Кемеге – Ошақ.

Күлдір мамыл мылтық – өте үлкен мылтық; зеңбірек.

Күлшора – Қазақ тіліндегі бұрынғы аудармада Күлшора деп алынған. Бірақ, дұрысы Күлшора. Алмамбет батырдың ұлы. Қырғызша Күлчоро, Күл – шора «эпонимі байырғы түрк тілдерінде активті қолданылған күлиг және шор \ шора\ деген екі сөздің бірігуінен құралып, кейін, уақыт өте келе Куличор – Күличора – Күлчоро деген формаға ие болған. Мұндай формадағы «Күличор» деген есім байырғы түрк тілінде «даңқты», «атақты» деген мәнді білдіреді, ал енді антропонимнің екінші бөлігі чора – чора – чор сөзі – хан мен бектің ортасындағы дәрежені білдірген.» \ «МАНАС. Саяқбай энциклопедиясы». 434-бет. \ Сонымен, Күлшора – атақты жауынгер, даңқты батыр деген мәнге ие. Күл – Шораның көне түрк тас жазбаларындағы Кули – Чура, Күл – Тегін атауларымен үндестігі де аңғарылады.

Қағылайын – айналайын.

Қазат – жортуыл, жорық, соғыс. Ғазауат сөзінің қырғызша айтылуы. Дін үшін соғыс, әділеттік үшін соғыс деген мағына береді.

Қақаншы – қытай ханы Қақанның жақындары, елі деген мағынада.

Қалаба – шатақ, жанжал; қатты қырсық, пәле.

Қалдай – жетекші, басшы.

Қалша – ызғарлы келбетті, түрі суық.

Қандағай – мықты тері шалбар.

Қанжа – темекі тартатын түтік, трубка.

Қаралдым – қарағым.

Қармау – ұстау.

Қармасу, қармас қылу – ұстасу, айқасу.

Қарқыбар – мықты; қайран ер.

Қиқырып – ақырып, айқайлап.

Қойшағыр – үні ащы ілгергі мылтық.

Қылым –1. жалпы дүние, әлем. 2. ғасыр, дәуір.

Қымқап – алтын, күміс жіп қосып тоқылған кездеме.

Ошағар – үлкен, мықты мылтық.

Орда атысу – ойын түрі.

Оромпой– ойын түрі.

Өбек, өбегім – сүйенерім, тірегім.

Сайыс, саю, сайып, сайғанда – сайыс, найза салу, атпен ағызып келіп, найзамен ұрып, соғып өту.

Салбырын – тау, даланы кезіп, асықпай, бірнеше күн жүріп, аң аулау.

Себіл – оқ өтпес\ киім\ ; құрал-жарақ.

Себілді – толық қаруланған, жау-жарағы түгел, жасанған.

Селкіншек – ойын түрі.

Сүреу – \ сүрөді, ат сүрөп \ *бәйгеге шапқан атты қиқулап, дем беріп, көтермелеп, сүйемелеу*

Сырбараң – Алмамбеттің мылтығы.

Таан – Тән. Қара қарға сияқты, бірақ одан кішірек қанатты.

Тентіп – тентіреп, қаңғып.

Түпек – найзаның ұшындағы темір тілінің түбіне бекітілген топ қыл.

Төлге – *құмалақ, жорамал. \ бұл жерде жоралғы, ырым мағнасында\.*

Уз – Шебер, ісмер.

Шабият – Жас балалардың ойыны.

Шай, Шай ата – батырларды қолдап жүрген қасиетті әулие. Шай қолдаған – әулие қолдаған.

Шанту – қырғыздарды қытайлар осылай атаған.

Шын – Қытай.

Шыр – шатақ, жанжал.

Ыйық – киелі, қасиетті.



Пайдаланылған кітаптар:

1. **Манас.** Кыскартылып бириктирилген вариант. 1- китеп. «Кыргызмамбас», Фрунзе, 1958ж.
2. **Манас.** Кыскартылып бириктирилген вариант. 2- китеп. «Кыргызмамбас», Фрунзе, 1958ж.
3. **Манас.** Саякбай Каралаевдин варианты боюнча. «Турар», Бишкек, 2010ж.
4. **Манас.** Кыргыздардын баатырдык эпосу. «Кысылган» нускасы. Түзгөн профессор Бексултан Жакиев. «Бийиктик». Бишкек-2007 ж.
5. «**Манас**» эпосу. \Тыныбек, Тоғалақ Молда, Сағымбай Оразбаков, Саякбай Қаралаев сынды манасшылардан. \ Манасчы Медер Мергенбаев жазган кол жазма. Эл аралык Түрк академиясы. Астана – Бишкек. 2019ж.
6. **Манас. Саякбай энциклопедиясы.** Бишкек- 2016ж.
7. **Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы.** «Жазушы», 1985ж. Алматы. \ «Көкөтайдың ертегісі.» Аударған Әлкей Марғұлан. \
8. **Манас.** Манас эпосының бірінші бөлігі. I кітап. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. Алматы. 1961.
9. **Манас.** Манас эпосының бірінші бөлігі. II кітап. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. Алматы. 1961.
10. **Семетей.** Манас эпосунун экинчи бөлүгү. III китеп. Бишкек – 2014ж. \ Кыргызмамбас, Фрунзе, 1959. \
11. **Семетей.** Манас эпосының екінші бөлігі. III кітап. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. Алматы. 1962.
12. **Сейтек.** Манас эпосунун үчүнчү бөлүгү. IV китеп. Бишкек – 2014ж. \ Кыргызмамбас, Фрунзе, 1960. \
13. **Сейтек.** Манас эпосының үшінші бөлігі. IV кітап. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. Алматы. 1962.
14. **Манас.** Кыргыз элинин баатырлык эпосу. 4-китеп. Киргизский героический эпос. Книга 4. Изд. «Наследие», Москва. 1995г. \ Сағымбай Оразбақовтың нұсқасы. Ауд. А. С. Мирбадалева. Н. В. Кидайш – Покровская.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3	Несқараның шатағы	118
МАНАС		Манастың асқа келуі	121
Жыр басы	6	Ат шабыс	125
Манастың ата тегі	10	Жамбы атыс	126
Әлеуке ханның шапқыны	10	Қосай дәу мен Жолай дәудің күресі	127
Таңғажайып түс	13	Түкібай мен Ер Ағыстың күресі	133
Батырдың дүниеге келуі	15	Түйе мен жалаңаш қатын	135
Манастың балалық шағы	18	Манас пен Қоңырбайдың сайысы	138
Есен ханның алыптары	26	Бәйге. Қоңырбайдың қорлығы	140
Байдың Алтайға келгені	30	Үлкен қазат	143
Манасты хан көтеру	32	Алмамбетті хан көтеру	144
Манастың Қосай алыпқа барғаны	34	Алмамбет пен Шуақтың ерегесі	147
Манас пен Бақайдың табысқаны	37	Шолғында	151
Атамекенді жаудан тазарту	39	Ұрыстың басталғаны	153
Текес ханды жеңгені	40	Жалғыз көзді Мадықан	156
Қыз Сайқалмен жекпе-жек	41	Қақаншының айласы	158
Орға хан, Ақунбешім және Панус ханды жеңу	44	Батырлардың өлімі	163
Қырғыздардың Алатауға келуі	49	Манастың соңғы қайраты	171
Әлеуке ханның қашқаны	53	Манас батырдың қайтыс болғаны	173
Саурық ханмен соғыс	58		
Аққұла тұлпар	61	СЕМЕТЕЙ	
Алмамбет батыр	66	Шапқыншылық	179
Алмамбет пен Ер Көкше	71	Қашқындар	184
Манас пен Алмамбет	76	Бұқардың жолында	188
Қаныкей	79	Семетейдің балалық шағы	191
Жаудың айласы	87	Бәйге	196
Көзқаман	88	Тайторының шабысы	200
Көзқаманның қастығы	94	Семетей мен Сары таз	206
Көзқаманның қырғыны	99	Қаныкейдің жыры	209
Ер Көкше мен Несқара	103	Таласта	220
Көкетайдың асы	109	Таласқа көшіп келгенде	227
Асқа дайындық	112	Қырық шораның қырғыны	231
Хабар беру	112	Шынқожаның шатағы	235
		Айшөрек – аққу	237
		Ақсұңқар	242
		Айшөректің түсі	248

Күлшораның шолғыны	249
Үргеніштің толқыны	250
Шынқожа, Толтайдың бәлесі	256
Күлшораның барлауы	260
Шынқожаның жеңілгені	263
Семетейдің аттанысы	267
Сиқырлы қарауылдар	270
Қарағұлдың айласы	275
Батырдың жарасы	277
Қоңырбайдың Таласқа шабуылы	281
Қаншора мен Қияз	286
Қаншораның қастығы	288
Ғайып	291

СЕЙТЕК

Күлшора тұтқын	297
Қаншора хан	298
Айшөрек олжа	306
Айшөректің толғағы	312

Табысу	318
Сейтек пен Күлшора	323
Момынжан ата	328
Тауторы	332
Қияздың өлімі	339
Таласқа көшу	341
Сейтек пен Қаныкей	351
Ел қуанды	355
Қаншораның өлімі	357
Қарадәу мен Семетей	364
Күлшора мен Семетей	366
Қарадәудің қазасы	371
Күлшора мен Сарыбай	373
Айшөрек пен Құялы	376
Сейтек пен Сарыбай	378
Қайыпшал қызы Құялы	380
Сарыбайдың өлімі	383
Сөз соңы	388
Түсіндірме	390
Пайдаланылған кітаптар	392

МАНАС СЕМЕТЕЙ СЕЙТЕК

Қырғыз халқының эпосы

Қазақша жырлаған
Баянғали Әлімжанов

Редакторы Б.Әлімжанов.
Техникалық редакторы Л. Маашева.

Басып шығаруға 27.05.2021ж. қол қойылды.
Пішіні 84x108 1/16. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы 46. Тапсырыс №2178.
Таралымы келісім бойынша.

«Гласир» баспаханасында басылып шықты.
Қарағанды қ., Ермеков к., 112/5, тел. 8 (7212) 43-38-57,
e-mail: glasirkg@mail.ru,
Нұр-Сұлтан қ., Әуэзов к., 46/1, офис 104, тел.: 8 (7172) 45-65-61,
e-mail: glasir.astana@mail.ru,
www.glasir.kz

